АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

шығармалары

4



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ ҮЙІ
2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Н 86

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырған және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы,
профессор Серік Негимов

Нұрқатов А.
Н 86 **Шығармалары:** Айқын Нұркатов.– Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013.
Т. 4. – 384 бет.

ISBN 978–601–251–097–3

Ғалым-сыншы Айқын Нұркатов шығармаларының төртінші томына қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын жан-жақты терең талдаған әдеби зерттеулері мен мақалалары берілді. Сондай-ақ аударма саласындағы еңбектері де ұсынылды.

Кітап әдебиет зерттеуші ғалымдарға, ізденушілерге, студенттерге арналған.

47672

ISBN 978–601–251–097–3
ISBN 978–601–251– 084 – 3

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

© Нұрқатов А., 2013
© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013

Северо-Казахстанская
областная универсальная
им. С. МУКАНОВА

Әдеби зерттеулер мен мақалалар

ЖЕКСЕН

Жас жазушы өзінің тұңғыш шығармасында, сол кітапты жазғанға дейін өмірден алған әсерлерін, өзінің ойын толқытып, киялын қозғаған оқиғаларды көрсетіп беруге тырысады.

Жас автордың тұңғыш шығармасы жүрегіне жылы тиіп, көңілін толқытып, ой-сезіміне әсер ете алса, оқушы ондай шығарманы өзінің жан азығындай санап, жоғары бағалайды, шығармадағы кейбір болмашы кемшіліктерге кешірім де жасайды.

Ал жазушының тұңғыш шығармасы идеялық қателерге бой ұрып, көркемдік жағынан әлсіз боп шықса, оның авторына «жас еді, жаңа жаза бастап еді» деп жеңілдік жасауға тіпті де болмайды. Автор өз шығармасы туралы айтылған сынды адал көңілмен, шын жүрегімен ұғып, қабыл алса ғана, творчестволық келешегінде алғаш кездескен кемшіліктерден аулақ болады.

Сондай-ақ, біз де бұл мақаламызды жас жазушы Қ.Оразалин «Жексен» атты повесінің кейбір сәтті жақтары мен елеулі-елеулі кемшіліктерін батыл айтуға, сөйтіп авторға жолдастық жәрдем көрсетуге тырыспақпыз.

Күні кеше жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысы совет қоғамының мызғымас беріктігін, совет адамдарының саяси-моральдық бірлігін бүкіл әлемге әйгіледі.

Ұлы Отан соғысы тақырыбы жазушыларымыз бен ақындарымыздың назарын тек сол сұрапыл соққан жылдарда ғана емес, одан кейін де аударып отыр. Бұл пікірімізге Нұрпейсовтың «Курляндия» романы, С.Бақбергеновтың «Талғат» повесі, Ж.Саинның «Алтай» поэмасы дәлел бола алады.

Автордың өзі де Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Ол өзінің ок астында, от ішінде жүріп көрген жайларын, басынан кешірген оқиғаларын оқушыға образ аркылы жеткізуге тырысқан.

Повестің алғашқы екі тарауында («Аян», «Қиырда») негізгі кейіпкер аға сержант Жексен Бекмұхановтың және оның жауынгер жолдастарының майдандағы қимылдары, жау тылында, партизандар арасында болған кездері суреттеледі. Повестің алғашқы осы екі тарауында баяндалатын оқиғалар тартымды әрі қызықты.

Автор Жексенді ерлік іске ұрыс үстінде шыңдай түсу үшін, оны әман қатерлі, қауіпті жерлерге жіберіп, сынға салып отырады. Жауынгерлік тапсырмаларды Жексен айтарлықтай орындап, жеңіспен оралып жүреді. Бірақ сол жеңістерге Жексеннің қалай жеткені повесте кеңінен көрсетілмейді.

Автор кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, көңіл күйін терең суреттемек болған. Елде қалған шешесінің қайтыс болғандығы туралы хабарды есту Жексенге соншалықты ауыр тиеді. Бірақ ол үшін бәрінен де қымбат Отан мүддесі оны тағы да жаңа жеңістерге бастайды.

Ол алғы шептен қашып келген Бекмұханға әкем еді деп, кешірім жасамайды. Отанға опасыздық жасаған, жаудан жасқанған адамды ол әкеге санамайды, жазасын тарткызу үшін соғыс трибуналына жібереді.

Бекмұхан кейін өз кінәсін ерлікпен жуып, арына қадалған қара таңбаны окпен жұлдырады. Жексен оны сонда ғана әке деп таниды. Әкесімен алғашқы кездескен жердегі Жексеннің жан күйзелісін шебер суреттеу аркылы автор оның Отан мүддесін жоғары коятындығын аңғартады.

«Сағынып күткен әкесі тар қамауға алды. Жексенгге ауа жетпеген тәрізденді. Блиндаждың қабырғалары өкпесінен қысқандай, тынысы тарылып кетті. Көзінде жалын лапылдағандай, жүзінде ыза оты лаулайды. Қалпын өзгертпеуге тырысса да, ызасы еңсесін көтертпей біреу басқандай қысылып кетті» (43 бет).

Осындай ұтымды жақтарымен автор Жексен образын жасауда көптеген олкылықтар жіберген. Повестің алғашқы тарауларында оқушының көз алдында өзінің ерлік істерімен

образ есейіп қалған Жексеннің шығарманың соңғы бөлімдерінде өсуі байқалмайды. Ол бірде ауыр жараланып, тылға евакуацияға жіберіледі. Ал госпитальда жатқанда оның бар өніретіні Елена Чайковская деген сүйген қызымен хат жазысып беру.

Жексен кейін майданға қайта оралады. Енді ол бұрынғы жолдастарының арасында, Сталинград майданында болады. Фашистік қаракшыларды мықтап күйреткен, даңқы әлемге жайылған Сталинград майданында болған соғыс қимылдары повесте шынайы күйінде әсерлі етіліп суреттелмеген.

Бір кемшілік жәй – Жексеннің орынды-орынсыз жерге араласа беруі. Арпалысқан қызу ұрыстар жүріп жатқанда, ол өз взводын тастап, өзеннен өтетіндерге көмектеспек болып, алға шептен кетіп қалады. Еленаға жолығысу үшін кісі жіберіп, әуреге түседі, ақыры тағат таппай, шыдамы таусылып өзі іздеп барады.

Жексеннің кейбір әрекеттерінде орынсыз ұлтшылдық нышан байқалып отырады. Мысалы, жаралы партизандар жау қоршауында, оқ астында, от ішінде, өлім құшағында қалып, қауіп төнгенде, өмірлерінің ақтық минуттарында жігерге толы өр дауыспен «Интернационалды» шырқайды. Ал Жексен бұл партия гимнін қазақша айтады. Жексеннің не айтып тұрғанын өзінен басқа ешкім түсінбейді, ешкімге еткен әсері де жоқ.

Елена – Жексеннің сүйген қызы. Ол оқушыға повестің алғашқы беттерінде ағасы Чайковскийге келіп-кетіп жүрген кезінен таныс. Елена кейін шешесімен бірге тылдағы бір қалаға ауысады. Сондағы бір заводқа орналасып, жұмыс істейді. Бірақ мұның барлығы жай схемалық жайлар ғана. Сайып келгенде, Еленаның тындырып жүргені шамалы. Жалпы алғанда, Елена образы ойдағыдай жасалмаған. Ол көбінесе, өзі де анық білмейтін, өзгелер де ұғына алмайтын махаббаттың маңайында көрінеді.

Ел басына қатер төніп, совет адамдары өздерінің ардақты азаматтық борышын ақтау жолында жүргенде, ол ансай хат жазып, аласұрумен болады. Бір ғажап жері сол, Елена мен Жексен бір-бірінен алыста, бөлек жүрсе де, бірге жүрсе де хат жазыса береді. Ал осылайша кездесуді асыға күтіп жүрген жастар госпитальда бірін-бірі көргенде, ештеңе де-

мейді, іштерінен ойлайды да қояды. Бұл жай оқушыны иландыра алмайды.

Елена повестің соңғы бөлімінде Сталинград майданында көрінеді. Ол майданға тек Жексенмен кездесу үшін ғана келген сияқты. Оның Жексенге жолығысу жолындағы әрекеттерінен басқа ешбір ісі жоқ.

Автордың бір ұшқары пікірі сол, оның Еленасы қазақ халқы жөнінде тек сол халықтың ұлы Жексенді сүйгендіктен ғана сөз ете жүретін тәрізді.

Повесте Досполов Қадыр деген біреу бар. Автор оның бірнеше ордендері мен медальдары бар дегенді айтады. Ал оқушыға оның қандай ерлік етіп, не үшін наградталғаны мүлдем мәлімсіз болып қалады. Шындығында, повесте суреттелетін Қадыр мұндай құрметке лайықсыз адам. Жексен мен Елена сияқты, ол да әйеліне хат жазумен көбірек айналысады. Әрине, совет солдатында да сағыныш сезімі, қандай қысылшаң жағдайда жүрсе де, туған жерін, қызмет істеген мекемесін, семьясын еске алу болады ғой. Бірақ осы жайды суреттеуге көп беріле бермей, совет солдатының майдандағы ерлік қимылдарын баса көрсету керектігін автор ескермеген. Досполовтың аузына автор кәте пікір, жаңсақ сөз салады. Ол еліміздің тәуелсіздігін, бақытты өмірін сақтап қалу үшін болған Ұлы Отан соғысының маңызын өзіне «жағу» «жақпауына» байланысты қарайды. Осындай тоғышар ойда жүрген ол, Новиков деген жолдасы майданнан тылға әскери оқуға аттанғалы жатқанда былай дейді:

«Кәдімгі оқытушысы бар оқу, оған маңдайы жарылып тұрған бақытты адам барады. Не оқу екенін білгемін жоқ, ұрыстың көбін оқумен бітіреді» (72-бет).

Бұл сөзіне қарағанда ол ретін тауып, жалын лаулаған майдан даласынан алыс тылға, ақ даусы естілмейтін тыныш жаққа ауысуды теріс көре қоймайтын адам.

Досполовтың жағымпаздық мінезі де бар. Ол өзінің командирі Жексенді, ескі қазақ ауылындағы кейбір «пысық», «ку» жігіттерше «Жеке» деп көтермелей сөйлейді. Автор осындай дәрменсіз кейіпкерін оп-оңай партия қатарына өткізе қояды. Бұл – шындыққа мүлдем қайшы келетін жай, партия тәртібіне жала. Жалпы алғанда, Досполов – совет майдангері деген қасиетті атаққа лайық емес адам.

Повесте Никита Новиков, Нина Карповна сияқты аттары

ағалып қана, ешбір іс-әрекетсіз жүрген кейіпкерлер де бар.

Шығармада совет партизандарының қимыл-әрекеттері бірсыдырғы тәуір көрсетілген. Повестің үлкен бір кемшілігі сюжеттік желісінің, композициясының әлсіздігінде. Суреттелетін оқиғалар біріне-бірі тым ұқсас болып кеткен. Кейіпкерлерінің өспей қалғаны тәрізді соңғы бөлімде оқиға желісі де өрбімейді.

Повесте Борман, Рейхнау сияқты фашист қарақшыларының бейнелерін көруге болады. Бұл жендеттердің оккупацияда қалған совет адамдарына көрсеткен адам төзгісіз азабы мен жан шошырлық әрекеттерін автор оқушыға әсер етерлік дәрежеде суреттейді.

Бірақ автор жаудың зұлымдығын көрсетумен тынады, ал оның айла-сұмдығы, соғыс тактикасы жөнінде ештеме айтпайды. Осының салдарынан совет майдангерлерінің ұрыс қимылдары суреттелетін эпизодтардың өзі толық емес, жасандылау болып шыққан.

Сөз болып отырған повестің тағы бір үлкен олқылығы тілінің нашарлығында. Автордың көркем шығарманың тіліне мүлдем жауапсыз, сүлесоқ қарайтындығы байқалады. Көркем шығармада тіл үлкен қызмет атқарады. Өйткені жазушы өзінің айтпақ болған ойын, көңіл күйін оқушыға тек көркем сөз арқылы кейіпкерлерінің кескін-келбетін, жан дүниесін аңғартады, характер жасайды. «Металл мен ағаш тоқарі сияқты, әдебиетші де өз материалын – сөз тілін білуге тиіс, әйтпесе ол өзінің көрген-білгенін, сезімін, ойын суреттей алмайды, шынайы сурет, характер жасай алмайды», – дейді Горький.

Автор әр кейіпкерді өзіне тән сөздермен сөйлетуге әлі де болса олақ. Соның салдарынан повестің кейіпкерлерінің характері тереңдеп ашылмаған.

Автордың кейбір сөз қолданыстары өмір шындығына сәйкес келе бермейді. Мысалы, «Ефрейтор аққан қанын жерге тамызбады. Бәрін де етегіне тосып алып тұр (112-бет). «Жосыған қан тақтай үстіне ұйып-ұйып қалды... Қараңғы үйде тырсылдаған қан тамшылары естіліп тұрды» (24-бет), «Қан саулап қар үстіне ұйып-ұйып қалды» (87-бет).

Мұндай оқушыны иландыра алмайтын, нанымсыз суреттер повесте көп қайталана береді.

Автор қазақтың әдеби тілінде баламасы бар орыс сөздерін

аудармай, бұзып қолданады. Онысы орысша сауатсыз, қазақша келіссіз болып шығады. Мысалы жазушы «полк штабы» дегенді «штаб полка» (74-бет), «Красная звезда» дегенді «Красный звезда» (33-бет), «полк командирі» дегенді «командир полка» (28-бет) деп бұрмалап алады. Мұндай мысалдар тіпті көп. Бұл сауатсыздыққа автормен бірге баспа орындары да ұятты әрі жауапты.

К.Оразалиннің «Жексен» атты повесі – совет майдангерлерінің ерлік қимылдары, совет адамдарының тамаша моральдық қасиеттерін шынайы күйінде көрсете алмаған, көркемдік жағынан әлсіз болып шыққан жасық шығарма.

Жас жазушы тұңғыш шығармасының сәтсіз жақтарынан сабақ алып, оны творчестволық келешегінде қатты ескеруі керек.

1951 жыл

ЖОРЖИ АМАДУ

«Менің қымбатты ұлдарым мен қыздарым!

Сендер бақыттысыңдар. Бейбітшілікті жақтаушылар соғысқа қарсы күресе отырып, сендердің бақыттарыңды қорғауда.

Шалғай жатқан оңтүстік Америкадағы Бразилия елінің– менің Отанымның балалары сендер сияқты бақытты болғысы келеді, достарым!

Біз бейбітшілік үшін күресте ұтамыз, сөйтіп тек бразилиялық балаларды ғана емес, әзірше соғыс өртін тұтандырушылар өктемдік жүргізіп отырған елдердің барлығындағы балаларды бақытты етеміз.

Ал, бұл күресте біздің жететіндігімізге – күмән жоқ». Бразилияның белгілі жазушысы, бейбітшілік жолындағы жалынды күрескер Жоржи Амаду бақытты совет балаларына осылай деп жазған еді.

Жоржи Амадудың есімі дүниежүзіндегі бейбітшілікті аңсаған және сол үшін күресіп жатқан миллиондаған қарапайым адамдарға белгілі әрі қымбатты.

Жоржи Амаду Бразилияда, Байя штатында 1912 жылы, август айында туды. Ол мектепті бітіргеннен кейін күн көріс үшін әртүрлі жұмыстар атқарады: баспаханада әріп теруші, газеттерде репортер болып істейді. Біраз қаржы жинап алған

соң Жоржи Амаду 1930 жылы Рио-де-Жанейро қаласына барады. Ол сол қаладағы университетке оқуға түседі. Бірақ қаражаты таусылып қалып, көп қиындық көрген Жоржи Амаду университетте ұзақ оқи алмайды. Ол университеттің 2 курсын бітіргеннен кейін оқуды тастап кетіп қалады.

Жоржи Амаду сол кездің өзінде-ақ әдебиетпен шұғылдана бастайды. Ол он тоғыз жасында «Карнавал елі» атты өзінің алғашқы романын жазды. Бұл роман жас автордың үлкен жазушылық жолға шығар алдындағы күш сынауы еді. Ол енді сол кездегі буржуазиялық әдебиеттің дәрменсіздігін, өмір шындығын бұрмалап көрсететіндігін, идеясыздығын жақсы түсінді. Жоржи Амаду Рио-де-Жанейродан өзінің туған жеріне қайтып оралады, еңбекші халықпен араласып, оның азапқа толы азалы өмірі мен ауыр жағдайларын өз көзімен көреді. Ол Бразилия шаруаларының қайғылы, қайғышылық өмірінен алып, «Какао», «Тер», «Жубикаба», тағы басқа көптеген романдар жазды. Жазушы өзінің бұл шығармаларында Бразилия шаруаларының бейнеті көп, рахаты жоқ азапты еңбегін, олардың адам айтқысыз қанауға, тағылық тонауға душар болып отырғанын көрсетіп берді. Полиция орындары жас жазушыны қуғындай бастады, ал, оның шығармаларын оқуға тыйым салды.

Жендет А. Варгас өкімет басында тұрған кезде Жоржи Амаду тұтқынға алынды, ал 1938 жылы ол шетелге жер аударылды.

Қырқыншы жылдардан бастап Жоржи Амаду көптеген жаңа шығармалар жазды. Ол өзінің «Луис Карлос Престес» атты шығармасын Бразилия халқының көсемі, бразилия коммунистерінің басшысы Луис Карлос Престестің өмірі мен ісіне арнады. Жоржи Амаду бұл шығармасында Луис Карлос Престестің офицер кезінен бастап, Латын Америкасының миллиондаған халқын американ жырткыштарына қарсы ерлік күрестерге бастаған коммунист партиясының көсемі дәрежесіне көтерілгенге дейінгі революциялық жолын шебер көрсетті. Жазушы Престестің өмірін Бразилиядағы азаттық жолында жүргізілген революцияшыл күрестердің тарихымен тығыз байланысты етіп суреттейді. Мұнда жазушы халық бақыты үшін күрескен жауынгер коммунистің ұмытылмас образын жасап берді. Бұдан кейін Жоржи Амаду «Шексіз елке», «Алтынды алап», «Қызыл шапақ» деген романдарын

жазды. Бұл шығармаларында жазушы Латын Америкасының әдебиетінде бұрын кездеспеген, жаңа кейіпкерді – күрескер коммунисті суреттеді.

Жоржи Амаду 1942 жылы Бразилияға қайтып оралды. Ол ұлттық конгрестің депутаты болын сайланды. Бірақ патриот жазушы өз Отанында, америка империалистерінің талауына түскен, азаттықты аңсаған өз халқының арасында ұзақ уақыт тұра алмайды. Америка Құрама Штаттарының қысымымен жергілікті билеп-төстеушілер жазушыны тағы да қуғынға ұшыратты. Ол 1949 жылы өз елінен амалсыз кетіп, Парижге келді. Империалист жырткыштар жауынгер жазушыны Парижге де тұрақтатпады. Жоржи Амаду Парижді де тастап кетті. Ол кәзір халықтық демократия елдерінде тұрады.

Жоржи Амаду бейбітшілікті жақтаушылардың Врацлаз-тағы конгресіне делегат болып қатынасты. 1949 жылдың аяк кезінде ол Совет Одағына келді. Жоржи Амаду осы сапарында «Совет Одағы туралы жыр» деген поэмасын жазды. Ол өзінің бұл поэмасында бақытты совет адамдарының Отаны, дүниежүзі еңбекшілерінің сәулелі үміті, бейбітшіліктің берік тірегі – Совет Одағын ерекше сүйіспеншілік, достық сезімімен жырлады.

Бұл поэмада автор совет халқына ерекше туыскандық сезіммен қарайтын миллиондаған қарапайым бразилиялық-тардың атынан сөйлейді.

Жоржи Амаду 1951 жылы жазда Совет Одағына екінші рет келді. Ол бұл жолы «Луис Карлос Престеске Москвадан хат» деген поэма жазды. Ол Бразилия еңбекшілерінің көсемі, қуғынға ұшырап жүрген Престеске арналған хат ретінде жазылған бұл шығармада Совет Одағынан алған әсерін айтады. Автор бұл поэмасында өзінің Москвада, Сталин-градта және Өзбекстанда болғанын, сонда көрген тамаша тұрмысты, совет адамдарымен әңгімелескенін баяндайды.

Жазушының Отаны – Бразилия елінің территориясы жағынан дүниежүзінде төртінші орын алады. Бұл ұлан-байтақ кең жерде табиғат байлығы орасан мол. Онда мақта, кант қызылшасы, кофе өсіріледі және алтын, мыс, темір, уран кендері шығарылады. Азап шеккен, қайыршылыққа ұшыраған, жоқшылықтың тәкәбіретін тартқан еңбекші халық та осы жерді мекендейді. Олар өз жерінің табиғат байлық-

тарын пайдалана алмайды, оның игілігін американ плантаторлары ғана көреді. Бразилия үкіметі өз еліне опасыздық жасап, американ империалистерінің айтқанын орындап жанталасуда. Олар бразилиялықтарды Кореядағы басқыншылық соғысқа тартуды ойлайды. Бірақ Бразилия халқы олардың бұл әрекеттеріне бейбітшілік үшін, демократия үшін күреспен жауап беруде.

Бразилиядан әлдеқайда алыста болғанмен, Жоржи Амаду да осы жалынды күрестің ішінде. Сондықтан да ол: «Мен – осы елдің ұлымын, осы ержүрек әрі мейірбанды халықтың жазушысымын, осы елде туып-өскен, оның қайғысына да, күресі мен үмітіне де ортақтас жазушымын» – деп мақтана айтады.

Бразилия халқының бейбітшілік үшін күресі өте қиын жағдайларда жүріп жатыр. Үкімет орындары ереуіл жасаған жұмысшыларды танкімен таптап, аштыққа ұшыраған шаруаларды пулемет оғының астына алуда және халық мүддесі үшін күрескен адамдарды өлтіруде. Олар прогрессивтік идеяларды тараткан газет, журналдарды, баспа орындарын жауып тастайды.

Таяуда Жоржи Амаду «Бейбітшілік елдерінде» деген мақалалар жинағын бастырып шығарды. Жазушы бұл кітабында өзінің Совет Одағында және халықтық демократия елдерінде көрген-білгендерін айтады, өз елінің еңбекшілерін еркіндік алған елдердегі халықтардың бақытты өмірімен таныстырады. Бразилия үкіметі Жоржи Амадудың бұл кітабын шығарған баспаның директорын тұтқынға алды, ал кітаптарды жойып жіберді. Алайда бұл кітап астыртын орындарда тез басылып шықты.

«Неліктен полицейлер менің кітабымның халыққа жетуін бөгей алмады? – дейді Жоржи Амаду. – Өйткені Бразилия халқы Совет Одағы бастап отырған дүниежүзілік бейбітшілік лагерь жағында... Менің халқымның ССРО, Қытай және халықтық демократия елдері туралы шындықты білгісі келеді. Бұл күрестерде жеңіп шығуға, олардың даңқты жолымен бақытты, ұлы болашаққа қарай адымдауға үйретеді».

Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік екінші конгресінде Жоржи Амаду бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі болып сайланды.

Жоржи Амаду дүниежүзіндегі баска халықтар сияқты өз халқына да бейбітшілік керек екендігін талай рет айтты. «Бейбітшілік жолындағы күресте,– деп жазды ол. – Бразилия халқы совет халқымен бірге келеді... Бізге бейбітшілік Отанымыздың алға басуы үшін керек, бейбітшілік мектептер ашу үшін, ауруханалар салу үшін керек, бейбітшілік біздің еркін тыныс алуымыз үшін керек. Өз Отанын, өз үйін жақсы көретін адал ниетті бразилиялықтардың ішінде бейбітшілікті тілемейтіні жоқ».

Бразилияның прогресшіл күштерін топтастыруда, олардың қатарын нығайтуда патриот күрескер Жоржи Амадудың еңбегі орасан зор.

Жоржи Амадудың өмірлік және творчестволық жолы – өз халқының жалынды патриотының, бейбітшілік жолындағы табанды күрескердің жауынгерлік жолы. «Жазушы әрқашан да бейбітшілік үшін күресіп жатқан өз халқымен бірге болуға тиіс», – деп жазды Жоржи Амаду. Осы сөздер Бразилия халқының адал ұлының өзіне арналып айтылғандай.

Тамаша жазушы, бейбітшілік үшін күрестің халықаралық көрнекті қайраткері, Бразилия халқының адал ұлы Жоржи Амадуға бейбітшілік ісін нығайтудағы орасан зор еңбектері үшін халықаралық Сталиндік сыйлық берілді. Бейбітшіліктің ұлы ту ұстаушысы Сталиннің атындағы сыйлық берілгенде Жоржи Амаду былай деді: «Барлық күшіммен маған көрсетілген құрметке және содан келіп шығатын жауаптылыққа лайықты болуға тырысамын». Бұл сөздер бейбітшіліктің жалынды күрескері Жоржи Амадудың келешекте де көп пайдалы іс атқаратындығын айқын аңғартады.

1952 жыл

«МЕНІҢ ДОСТАРЫМ»

Жас жазушы Н.Ғабдуллиннің «Менің достарым» атты алғашқы кітабына оның балаларға арнап жазған бірнеше әңгімелері енген. Бұл әңгімелерде мектеп жасына жетпеген балалардың және мектеп оқушыларының бақытты балалық өмірі суреттеледі. Жинақтағы әңгімелер тақырыбы жағынан

әртүрлі. Мысалға «Кездесуден кейін» атты әңгімені алайық:

... Мұқаш деген бала сабақтан қайтқан соң, ауыл маңындағы орманды аралап жүреді. Орманда ол таныс емес бір кісіге жолығады. Бұл сол маңдағы курортта тынығып қайтып бара жатқан адам болып шығады. Оның ұлты неміс, аты Ваом екен. Біраз сөйлескеннен кейін, Ваом Мұқаштан станцияға баратын жолды сұрады да, Мұқаштың көрсеткен бағытымен кетіп қалады. Станцияға жетпей жол екі айырылатыны және бұл жөнінде Ваомға айтпағаны Мұқаштың есіне түседі. Мұқаш не істерін білмей сасады, өзінің дұрыс жасамағанына қатты қынжылады. Ол ақыры Ваомды қуып жетіп, оны шығарып салады. Мұқаш Ваомның Лек деген баласына «Тимур және оның командасы» деген кітаптың қазақша аудармасын сыйлыққа беріп жібереді. Көп кешікпей ол Лектен хат алады. Лек хатында әкесінің жақсы тынығып қайтқандығы және өзінің қалай оқып жүргендігі туралы жазады. Сөйтіп Лек пен Мұқаш бірін-бірі көрмей-ақ достасып кетеді.

Совет балалары мектепте тек білім алып қана қоймайды, кішкентайынан-ақ өнерге талпынады, үйренеді. Н.Ғабдуллин «Уәде» атты әңгімесінде сабақты өте жақсы оқитын, мектеп өміріне белсене араласатын әрі суретшілік өнері бар Бақыт деген бала туралы жазады. Бақыт тек өнерші ғана емес. Ол әдепті әрі уәдесіне берік. Бұл қасиеттері – оның мектебінен алған тәрбиесінің жемісі.

Жазғы демалыс кезінде оқушылар өлке тану жорығына шығады. Бұл жорық олардың туған өлкенің әсем табиғатымен танысуына, жақсы тынығуына әрі мектепте алған білімдерін тиянақты өте түсуіне көмектеседі. Жас жазушының «Жұмбақ тас» атты әңгімесі осы тақырыпқа арналған. Бұл әңгімеде жорыққа шыққан балалардың өздеріне таныс емес тас тауып алғандығы айтылады. Кейін бұл тастың «асбест» екендігі анықталады. Сөйтіп балалар «асбестің» көп қоры бар жерді ашады.

Жас жазушы балаларды Ұлы Отан соғысының кейбір көріністерімен де таныстырады. Бұл ретте жинаққа енген «Барлаушы профессор» деген әңгімені айтуға болады.

Бұл әңгімеде барлаушы Мәжит Аманғалиевтің майдандағы ерлік қимылдары және оның үйінде қалған Алмас деген кішкентай баласын сағынғаны нанымды суреттеледі.

Ал «Әбілдің кателігі» атты әңгімеде Әбіл деген сотқар баланың жолдастарының көмегі арқасында тәртіпті, үлгілі оқушы болғандығы айтылады.

Жас жазушы совет балаларының бақытты, көңілді өмірін жан-жағынан алып, толық суреттеуге тырысады. Сонымен бірге ол аштық, қайыршылық билеген капиталистік елдердегі балалардың қайғылы халін көрсетуге де көңіл бөлген.

«...Ыстықтан қорынып, көйлегін шешіп, басына орап алған Биббой катты сусады. Шаң топырақ басып, қап-қара болған кескінінен жылтыраған тісі ғана көрінеді. Жаланаш жауырынын күн қақтап, күйдіріп барады. Бұл жолғы үлкен жүк машинасын көптен қалмай, уақытында жөнелтер халі жок. Өзегі талып, бойынан әл кете бастады. Ол бір күрек құмды машина кузовына зорға көтеріп салды. «Неге толмайды бұл?» («Биббой»). Міне, жалған демократиялы Америкадағы негр балаларының көрген күні осындай.. Қожасы Ли Уольтер Биббойды талай рет өлімші етіп сабайды. Ақыры оны жұмыстан шығарып жібереді. Биббойдың ауру анасы аштан өледі, қарындасы Айсатаны Ли Уольтер тартып алып кетеді.

Қорлық көрген, азап шеккен жас Биббой қолдарына қызыл тулар ұстаған жұмысшыларға қосылады, күреске ұмтылады.

Жинақтағы басқа әңгімелер де қызықты, тартымды.

Жинақты звенода оқып, бірге талқылауларыңа болады.

1953 жыл

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

(Алпыс жасқа толуына)

Қазақ совет әдебиетінің ең карт өкілдерінің бірі, жұртшылыққа кеңінен таныс көптеген шығармалардың авторы жазушы Сапарғали Бегалин алпыс жасқа толды.

Жазушының өмірлік жолы осындай ұзақ болса да, оның творчестволық жұмыстармен шын мәнісінде шұғылданғаны соңғы жиырма жылдың шамасы. С.Бегалин әдебиетке өмірдің көп белестерін бастан өткізіп барып, әртүрлі кызметтерде болып, мол тәжірибемен келді.

Сапарғали 1895 жылы ноябрь айында бұрынғы Семей губерниясы, Қаркаралы уезі, Детерең болысындағы көшпелі қазақ ауылында туған.

Сапарғалидың балалық шағы туған ауылында өтеді. Жас кезінде ескіше оқиды. Содан кейін ол орысша оқу мақсатымен 1911 жылы Семей қаласына келеді. Әуелде жеке мұғалімнен орысша сабақ алып жүрген ол бір жылдан кейін Семейдегі орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Сапарғали бұл мектепті 1915 жылы бітіріп шығады.

Социалистік Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, Қазақстанға Совет өкіметі орнағаннан кейін Сапарғали әртүрлі қызметтерде болады. 1920 жылдан бастап ол Семей қаласында ревкомда (революциялық комитет) хатшы болып істейді. Ал 1923-1928 жылдарда ол заң орындарында қызмет атқарады.

Кейіннен Сапарғали журналистік қызметке ауысады. 1943 жылдан бастап 1946 жылға дейін ол «Турксиб» газетінің редакциясында қызмет істейді. Бұдан кейін ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл-әдебиет институтында ғылыми қызметкер болады. Бұл кезде Сапарғали халықтың ел аузындағы әдеби мұраларын жинау ісінде көп еңбек сіңіреді.

1952 жылдан бастап Сапарғали Қазақстан Совет Жазушылары одағының балалар әдебиеті секциясын басқарып келеді.

Сапарғалидың өмірлік жолының осындай бай болуы, көргендері мен түйгендерінің көп болуы оның творчестволық қызметіне де игі әсерін тигізуде. Ол өз халқының өмірін, әдет-ғұрыптарын, оның өткені мен бүгінгісін жақсы біледі. Сондықтан да Сапарғалидың көптеген шығармалары қызғылықты әрі өмір шындығын дұрыс бейнелеген шынайы, көркем болып келеді.

С.Бегалиннің творчестволық қызметі, шын мәнісінде, отызыншы жылдардың орта шенінен басталады. Оның 1937 жылы жазылған «Тау сыры» атты поэмасы 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналында басылып шығады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сапарғали көптеген шағын лирикалық өлеңдермен қатар «Қыран кегі», «Қанатты қазақ» атты поэмалар жазды. Бұлардың алғашқысы халық арасына кең таралған қызғылықты бір аңызға арналған. Ал

Северо-Казахстанская областная библиотека

41672

«Қанатты қазақ» поэмасында ақын Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтың тамаша ерлік кимылдарын суреттейді.

Соғыстан кейінгі жылдарда Сапарғали балалар әдебиетіне біржола ауысты. Ол өлеңдермен қатар прозалық шығармалар да жазады. Оның «Жылқышы қыз», «Төлбасылар», «Шопан даңқы», «Алданған жолбарыс», «Бес батыр» сиякты әңгімелері балалар қызыға оқитын шығармаларға айналды. Ал жазушының «Сәтжан» повесі – қазақ совет балалар әдебиетінің ең көрнекті, елеулі шығармаларының бірі болып табылады. Совет балаларының өмірі мен істерін шынайы бейнелейтін бұл повесть 1950 жылы одақтық конкурста бәйгі алды. Соңғы жылдарда Сапарғалидың балаларға арналған «Ермектің алмасы», «Жас бұтақ» «Жеткіншектер» атты әңгімелер жинақтары шықты. Ол қазір балалар өмірінен алып, «Бала мерген», «Қант – бұршақ» атты әңгімелер және басқа да шығармалар жазып жүр.

Жасы алпыска толған қадірлі жазушысына жас оқушылары өздерінің алғысын айтады және оның әлі де ұзақ өмір сүріп, жақсы шығармалар жазуына тілектестік білдіреді.

1953 жыл

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР ТУРАЛЫ

Біздің советтік балалар әдебиетінің алдына аса жауапты, әрі ирі міндеттер қойылған: ол коммунизмнің болашақ құрылысшыларын сергек, батыл, өз күштеріне сенетін, киыншылықтардан қорықпайтын күрескерлер етіп тәрбиелеуге тиіс. Партия мен үкімет, совет халқы балалар әдебиетінің бұл тәрбиелеушілік маңызын аса жоғары бағалайды. М.И.Калининнің сөзімен айтқанда, совет балалар әдебиетінің алдында әркашан тұратын ең басты міндет – «жаңа адамды өсіру». Бүкіл совет балалар әдебиетінің алдындағы бұл ирі міндетті атқару ісіне үлес қосу – оның бөлінбес бір бөлегі қазақ совет балалар әдебиетінің де қасиетті борышы. Балаларға арналып жазылған әрбір шығарма оның авторының осы міндетті қаншалықты дәрежеде орындап шыққанына байланысты бағаланады.

Балалар әдебиеті – қазақ совет әдебиетінің ең жас, кенже саласы. Абайдың өнер-білімге, мәдениетке шақырған кейбір насихаттық өлеңдерін, Ыбырайдың шағын әңгімелері мен повестерін, орыс жазушыларының шығармаларынан кейбір аударғандарын былай қойғанда, революцияға дейін қазақтың шын мәнісіндегі балалар әдебиеті болды деп үйді-кесілді айту қиын. Қазақ совет балалар әдебиеті– социалистік жаңа дәуірдің перзенті. Оның ең таңдаулы шығармалары әркашанда совет шындығының жаршысы, коммунистік қоғамның жас құрылысшыларының рухани азығы болып келеді. Советтік дәуірдің алып жыршысы Жамбылдың заман ұлылығын, адамдарымыздың патриоттық қимылдарын, совет балаларының қуанышқа, шаттыққа толы бақытты өмірін бейнелейтін, социалистік Отанды шексіз сүюге үндейтін тамаша жырлары, С.Мұқановтың, Ж.Саинның, Х.Ерғалиевтің балаларға арнап әр кезде жазған өлеңдерінің таңдаулылары осындай шығармалардың қатарына жатады.

Дегенмен, кейбір жекелеген табыстарына қарамастан, қазақ совет балалар әдебиеті соңғы жылдарға дейін уақыт талабынан, оқушы талабынан кейін қалып келді. Бұған ең басты себептердің бірі балалар әдебиетінің тұрақты кадрларының болмауы еді. Көптеген ақын, жазушыларымыз балалар әдебиетін көркем әдебиеттің әншейін бір қосалқы түрі деп санап, балаларға арнап шығармалар жазуға жете мән бермеді. Кейбіреулер анда-санда, ара-тұра бірді-екілі өлең, әңгіме жазумен ғана тынды.

Соңғы кезде қазақ совет балалар әдебиеті бұл мүшкіл күйден шықты. Балалар әдебиетіне творчестволық жаңа күштер қосылды. Аттары әдебиет майданында соңғы жылдарда белгілі бола бастаған Б.Сокпақбаев, Н.Ғабдуллин, С.Сарғасқаев сияқты жастар балалар әдебиетінің тұрақты кадрларына айналды. Балаларға арналған кітаптар көптеп шығарыла бастады. Республикалық газеттер мен журналдарда жарияланған көптеген әңгіме, өлеңдерді былай қойғанда, қазір балалар үшін бірнеше повестер, әңгімелер, өлеңдер жыйнақтары басылып шықты. Тіпті өткен 1953 жылдың ішінде С.Мұқановтың «Бақташының баласы», Н.Ғабдуллиннің «Алғашқы сапар»,

Б.Сокпақбаевтың «Алыстағы ауылда», С.Сарғасқаевтың «Бір отрядта» повестері, С.Бегалиннің «Жас бұтақ», О.Шипиннің «Жеткіншек», Б.Сокпақбаевтың «Бақыт жолы», С.Сарғасқаевтың «Достар» атты жинақтары шықты. Қозғайтын тақырыбының идеялық құндылығының, көркемдік сапасының әралуан болуына қарамастан, бұл шығармалар, тұтастай алғанда, қазақ совет балалар әдебиеті өсу жолында екенін көрсетеді.

Қазақ совет балалар әдебиеті соңғы кезде тематика жағынан едәуір молықты және тақырыптың ішіне арала-са бастады, яғни оның өмір танытушылық және әсер етушілік маңызы арта түсті. Балаларға арналып жазылған шығармалардың ең тәуірлерінде шыққан кезді суреттегенде, автор геройларын суреттеудің, олардың жан сарайына теренірек үңілудің орнына, технологияны, өндіріс процесін көбірек сөз етіп кетеді. Ондай жерлер қызғылықты болмай, көңілсіз оқылады.

Повестің тілі көркем. Автор геройларының портреттерін, олардың жан толқындарын, әсіресе табиғат көріністерін әсерлі суреттейді. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, негізінен алғанда қызғылықты, тартымды жазылған бұл повесть оның авторының сюжетті, көлемді шығарма жазуға икемі барлығын аңғартады.

Балаларға арнап шығарма жазумен шұғылданып жүрген авторлардың бірі – С.Сарғасқаев. Өткен жылы оның «Достар» деген әңгімелер жинағы мен «Бір отрядта» атты повесі басылып шыққанын жоғарыда айтқан болатынбыз.

Балалар үшін жазып жүрген басқа кейбір жазушылар мектеп өмірін көрсетуден бой тартып, сырғақситын болса, С.Сарғаскаев өз шығармаларының барлығын дерлік осы тақырыпқа арнайды. Жас жазушының жоғарыда аталған жинағында қызғылықты жазылған бірқатар жақсы әңгімелер бар. Мысалы, «Спорт» деген әңгімеде автор жақсы идея козғайды. Бұл әңгіменің қысқаша мазмұны мынадай. Мектепте шаңғы жарысы болады. Бұрын алдына жан салмай жүрген Досанды бұл жолы Сәмет қуып жетеді. Досан әбден шаршаған, Сәмет әлі тың. Бірақ қырға жүгіріп шығамын дегенде ол бір таяғын сындырып алады. Амалы таусылып сасып қалған Сәметке Досан өзінің таяғын береді. Өйткені Сәметтің дружина бойынша жаңа рекорд жасауына, жақсы

көрсеткішін кемітпеуіне ол да тілектес. Досан қызғанышсыз шын тілектестіктің үлгісін көрсетеді. Сөз жоқ, бұл – оның бойына совет мектебі еккен қасиет.

Ал «Үлес» деген шағын әңгімеде бейбітшілікке әркім өз ісімен үлес қосатыны айтылады. Композициясы шебер құрылған бұл әңгімеде автор бейбітшілік ісін солдат майданда жасаған ерлігімен, колхозшы еңбектегі табысымен шығайтса, оқушы өз үлесін озат оқу арқылы қосатынын көрсетеді.

Жинақтағы «Емтихан алдында», «Жиыннан соң», «Достық» сияқты әңгімелер, негізінен алғанда, оқушы тілегін қанағаттандыра алмайды. Өйткені олар схематизмге, жасанды оқиғаларға құрылған және барлығының да мазмұны бір сарындас. Жобамен айтқанда бұл әңгімелердің мазмұны мынадай болып келеді. Бұрын тату болып жүрген екі бала ойда жоқта араздасып қалады. Басқалардан бөлініп, оқшау қалған бала не сабақты нашар оқи бастайды, не жалғызсырап, жапа шегеді. Одан кейін олардың арасына пионер вожатыйы, болмаса басқа біреу келіп килігеді. Сөйтіп, араздасып қалған екі бала қайтадан татуласып, достық қарым-қатынастарға келе қалады. Барлығы да үстірт, шапымсыз жеңіл-желпі ғана баяндалады. Ал мұғалімдерді автор сырттан бақылаушы, оқиғаға тікелей араласпайтын, әрекетсіз адамдар етіп суреттейді. Жалпы алғанда, автордың достық тақырыбына арналған бұл әңгімелері жинаққа қайта қаралып, жөнделіп, түзетіліп барып енгізілуі керек еді.

Достық тақырыбы С.Сарғасқаевтың әңгімелерінен гөрі повесінде дұрыс және нанымды әңгімеленеді. Повестегі («Бір отрядта») басты кейіпкерлердің бірі Қайрат. Шығарманың негізгі оқиға желісі осы Қайрат төңірегіне құрылған. Қайраттың Саят деген досы бар. Саят сабақты жақсы оқиды, тәртіпті, кішіпейіл. Ал Қайрат сабаққа онша емес. Ол жалпы зерек, алғыр. Бірақ сол қабілетін ол орнына жұмсамайды. Қайрат футбол ойнағанды, кешкісін қыдырғанды ұнатады. Ол класта сабақ үстінде де тыныш отыра алмайды, әйтеуір бір бұзақылық жасайды. Саят жолдасының бұл қылығын түзетпек болады. Бірақ Қайрат бұған көнбейді, ол Саяттың мұнысын достық емес деп ойлайды. Қайраттың достық, жолдастық туралы ұғымы

теріс. Тәртіпсіздігінді сынаған жолдас канша шын дос болады деп ойлайды ол. Қайрат тентектігін коймайды. Енді ол Саятпен араздасып калады. Басқа балалардан бөлініп, окшау калған Қайрат сабакты бұрынғыдан да нашар үлгіреді. Ол жалғызсырап, жапа шегеді, іштей күйзеліске ұшырайды. Бірак бұл жағдайдан бұлкынып шығып кету оның колынан келмейді. Қайраттың мұндай күйге түскеніне бүкіл класс кынжылады. Бірге окитын жолдастары, мұғалім Ғайша Жүнісова, отряд председателі Сәуле – барлығы да Қайратты катарға косудың камын жейді. Бұл іске тіпті мектеп директорының өзі де араласады. Қайрат акыры өз кателігін түсінеді, жолдастарымен кайта табысады. Ол сабакты да бірте-бірте жаксы үлгіре бастайды. Сөйтіп, автор Қайрат образын ішкі кайшылыктарымен терең алып, заңды суреттей отырып, жеке адамға коллективтің жағымды әсер ететінін көрсетеді. Коллективпен табысып, өз жолдастарымен ұғынысқан Қайрат бойындағы суретшілік өнерін де дамыта бастайды. Жалпы алғанда, Қайрат образы – өмір шындығынан алынған, нанымды образ. Саят, Балнұр сиякты пионерлердің образдары да нанымды, тартымды. Автор мұғалімдер образын толык етіп жасауға да көп көңіл бөлген. Директор, Ғайша Жүнісовалар бала тәрбиелеу ісіне творчестволык тұрғыдан карайды.

Повестегі басты кемшілік – мектеп колхозды ауылдың жаңалыктарға, еңбек дабылына толы үлкен өмірімен терең байланыста алынып суреттелмейді.

Кейбір жекелеген кемшіліктерін былай койғанда, повесті жас жазушының творчестволык табысы деп санауға болады. Бұл шығармасын жазуда С.Сарғаскаев Носовтың «Витя Малеев мектепте және үйде» деген повесінен көп үйренген және бұл үйрену өзінің жемісті нәтижесін де берген.

Соңғы кезде тек жас калам кайраткерлері ғана емес, сонымен бірге аға жазушылар да балалар үшін көркем шығармалар жаза бастады. Бұл ретте жазушы Сәбит Мұкановтың «Бакташының баласы» атты повесін айтуға болады. Сөз болғалы отырған повесть аңшылык такырыбына арналған. Повесте колхоздасудың алғашкы жылдарында болған окиғалар баяндалады. Жазушы Жандос, Қалкаман деген балалардың каскыр аулағанын, сөйтіп колхоздың социалистік мал шаруашылығының өркендеуіне септіктерін

ның кызғылықты суреттейді. Бұл шығарманың өмір танытушылық маңызы бар. Балалар аңшылыққа байланысты көп жайларды білетін болады. Екіншіден, повесть қоғамдық мүлікке жанашырлықпен, қамқорлықпен қарауға үндейді.

Осы айтылған пайдалы жақтарымен қатар бұл повестің елеулі кемшілігі де бар. Жазушы өзінің бала геройларын көбіне аң аулау, қасқыр қуу үстінде көрсетеді. Мұның өзі олардың өмірінің біржақты суреттелуіне, образдардың толық ашылмауына әкеліп соқтырған. Жазушы Жандос пен Қалқаманның мектептегі өмірін мүлдем көрсетпейді. Тіпті, повестің бас жағында оқиғаны шиеленістіру үшін автор мұғалімді ауыртып, сабақты болғызбайды және мұның мотивировкасы да ашылмайды. Повестің эпилогінде Жаңқостың бейбітшілік конференциясына бара жатып, жолда машинамен қасқыр қууы да орынсыз сияқты. Бұл айтылған кемшіліктер жазушының повесте суреттелетін оқиғаларды өзі тегіден өзгеше, мейлінше қызықты етемін деген ойынан келіп туған тәрізді.

Балаларға арнап повесть, әңгіме, өлеңдер жазумен бірге олар үшін жаңа ертектер де жасау керектігін әрқашан ұмытпау керек. Алайда, ертек – қазақ балалар әдебиетінде ең өскерусіз қалып келе жатқан жанр. Біздің ақын, жазушыларымыздың көпшілігі бұл жанрға жете мән бермей жүр. Ертектің тәрбиелік маңызы зор екенін естен шығармау керек. «Баланы тәрбиелеу оның ең бірінші тыңдаған ертегісі мен өлеңінен, ең бірінші көрген суретінен басталады» – деп жазады совет балалар әдебиетінің көрнекті шеберлерінің бірі ақын Сергей Михалков. Балалар үшін бұрыннан бар, халық ертегілерінің тәуірлерін басып шығару, олардың мазмұнымен байланысты қызық суреттер салу керек. Сонымен бірге советтік дәуіріміз, жаңа адамдарымыз, олардың істері туралы жаңа ертегілер де жасау қажет. Совет тақырыбына жаңа ертектер жазуға бола ма? Бұл әбден мүмкін нәрсе. Бұл ретте жазушы С.Бегалиннің «Жас бұтақ» атты жинағына енген «Бес батыр» деген ертегіні мысалға алуға болады. Рас, советтік ертегі ауыз әдебиетіндегі ертегілерден өзгеше болатыны даусыз. Ол өз өміріміздің ұлы істеріне, дәуіріміздің шындығына негізделуі керек. Жазушы жаңа ертектің осы ерекшелігін ескерген. Халықтың ғасырлар бойғы арманы совет заманында жүзеге асқанын, ұлан-байтақ жерімізде

алып құрылыстар салының жатқанын, біздің қоғамымызда адам еңбегі құрметтелетіндігін автор бала киялына лайық етіп баяндайды. Жазушы халық киялы бір кезде арман еткен тілектер қазір советтік өміріміздің шындығымен ұласып жатқанын айтады. Өрістете түсуді керек ететін жақсы бастама ретіндегі бұл ертектің бір кемшілігі де бар. Жазушы ертекте алдағы күндерде жасалатын істердің романтикасын да сездіртуге тиіс. Сонда ғана ол баланы болашақ туралы ойлауға, болжауға үйрете алады. Жаңа ертегінің осы ерекшелігі туралы Горький былай деп жазады: «Қазір еңбекпен, ғылыммен ақталмаған фантастикалық ертегілер жоқ екенін, сондықтан балаларға бүгінгі заманның ғылыми ақыл-ойының талаптары мен гипотезаларына негізделген ертегілер ұсынылуға тиіс екенін есте сақтауға тиіспіз. Балалар тек санауды, өлшеуді ғана емес, сонымен қатар киялдай және алды болжай білуге үйренуге тиіс».

Балаларға арналған шығармалар қызықты, әсерлі болуға, яғни оларға ғажайып өміріміздің сұлулығын, тамаша романтикасын ашып беруге тиіс. Бірақ жазушы өмір романтикасын бейнелеймін деп отырып, шындықтан тыс, жасанды оқиғаларға ұрынбауы керек. Амал не, біздің кейбір жазушыларымыздың балаларға арнап жазған шығармаларында мұндай жағдайлар орын алып жүр. Мысалы, А.Хангелдиннің «Ерлік» деген әңгімесінде Ермек деген баланың теңізде адасқаны сөз болады. Теңіздің тулаған толқынына бір батып, бір шығып, қалт-құлт етіп жүрген қайықтың діңгегіне жармасқан күйінде Ермек бірнеше сағат бойы жанталасады. Ақыры осы қатерден құтылып шығады. Сондай-ақ, жазушының «Балықшы баласы» деген әңгімесіндегі Сабардың атасы Сангулиамен бірге теңіздің ортасындағы аралға баруы, оларға күтпеген жерден фашистердің кемесі жолығуы сияқты жасанды оқиғалар да, оқушы да осындай әсер қалдырады. Жоғарыда аталған әңгімелердегі бұл кемшілік – автордың адамның ерекше қасиеті тек әдеттегіден тыс, ғажайып оқиғаларға тап болғанда ғана көрінеді деген қате түсінігінен келіп туған.

Социалистік реализм әдісі біздің жазушыларымыз бен ақындарымыздан, ең алдымен, совет адамын, оның творчестволық еңбегін, жасампаздығын, тамаша жан дүниесін көрсетуді талап етеді. Ал жазушы А.Хангелдин өзінің

балаларға арналған әңгімелерінде бұл талапты, яғни көркем шығармада жаңа тұрпатты совет адамын көрсету талабын орындамайды.

Балаларға арналған шығармаларда олардың жас ерекшелігі қатты ескерілуі керек. Өйткені мектеп жасындағы балалар үшін жазылған шығармаларды, мәселен, мектеп жасына дейінгі бөбектерге ұсына салуға тіпті де болмайды. Соңғы кезде бізде бөбектер үшін сурет-кітапшалар шығарыла бастады. Бұлардың ішінен ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншығым» атты кітапшасын ерекше атауға болады. Автор кішкентай баланың ойыншықтарын суреттей отырып, тәрбиелік, өмір танытушылық маңызы бар көп жайларды шығартады. Оның өлеңдері жеңіл, түсінікті әрі терең мағыналы. С.Бегалиннің «Цимлян теңізі» деген кітапшасында да оңтегелі, қызықты жайлар сөз болады. Бірақ өлеңдерінің тілі ауыр, бөбек ұғымына онша түсінікті емес. Суреттерінен бөлініп алса, ол өлеңдердің бөбектердің зердесінде сақталуы қиын.

«Өмір шындығын кәдімгі жай қалыпта қабылдау бөбектерге өте тән нәрсе. Ол барлық затты өзі шомылатын су сияқты көріп, мынау суық, мынау ыстық – күйдіреді деген сезіммен қабылдайды. Егер көркем шығарма бөбектің ұғымына ұнамсыз болып келсе, ол бұдан теріс айналады», – дейді Лев Толстой.

Балаларға арналған шығармалар ұғынуға жеңіл, қарапайым болса ғана, өзінің кішкентай оқушыларына әсер ете алмақ. Бірақ қарапайымдылықты сылтау етіп, балалар үшін қарадүрсін шығармалар жазуға болмайды.

Бізде балаларға арналып жазылған шығармалардағы екінші бір басты кемшілік – үлгі алуға, еліктеуге татырлық типтік образдардың әлі де болса жоқтығы.

Қазақ совет балалар әдебиетінде тақырып кеңдігі әлі де байқалмайды. Балалар барлығын да білуге, үйренуге ынтық. Олар ұлан-байтақ Отанымыз туралы, еліміздегі ғажайып өзгерістер туралы, Отан топырағында туған тамаша адамдар туралы жазылған, өздерінің ой-өрісін кеңітетін, өмірдің өздері үшін жұмбақ болып көрінетін керемет сырларымен тапқыстыратын шығармаларды оқығысы келеді. Бізде ғылыми-фантастикалық шығармалар атымен жоқ. Тіпті халықаралық

тақырыпқа арналған, бейбітшілік туралы жазылған шығармалар да тым аз. Ал осы тақырыпқа балалар үшін тамаша шығармалар жазуға болады. Бұған С.Маршактың «Мистер Твистер», «Бейбітшілік күзетінде» сияқты әйгілі шығармалары айқын дәлел. Балалар үшін сатиралық шығармалар да керек. Ал мұндай шығармалар жазу – кезек күттірмейтін міндет. Ақындарымыз балалар үшін сюжетті, оқиғалы шығармалар жазу жұмысын қолға алуға тиіс.

Балаларға арналған шығармаларға шолу жасағанда әдебиетіміздің бұл саласында біраз ілгерілеу, алға басу барын, ауыз толтырып айтуға тұрарлық шығармалар туғанын атап көрсетумен бірге әлі де көптеген кемшіліктер, сәтсіз, сүрең сіз шығармалар барын жасыруға болмайды. Біздіңше, бұл кемшілік жазушыларымыз бен ақындарымыздың бала өмірін терең зерттемеуінен, әсіресе бүгінгі мектепті, совет педагогикасының принциптерін білмеуінен келіп туады. Мектеп өмірін, совет педагогикасының заңдарын, оның тәрбиелік принциптерін жете білмейінше балалар туралы шынайы шығарма жазу мүмкін емес.

Балалар әдебиетінің шығармалары коммунистік қоғамның болашақ құрылысшыларын тәрбиелеу сияқты қасиетті және жауапты ігі міндеттің дәрежесінде болуға тиіс.

1954 жыл

ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ

(А.П.Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына)

1900 жылы Чехов туралы бір мақаласында Горький былай деп жазды: «Чехов өлген уақытта Россия таңдаулы достарының бірінен, өзін сүйген әрі оған әрқашан жаны ашыған, ақылды, әділетті, ойлы досынан айырылады және бүкіл Россия егіле қайғырады, оны ұзақ уақыт бойы ұмытпайтын болады...». Өз Отаны, өз халқы үшін Чехов қандай қадірлі болғанын және оның творчествосының құндылығын аңғартатын аскан көрегендікпен айтылған бұл сөздердің растығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Чехов есімі қазір тек Совет Одағында емес, бүкіл дүниежүзінде қадірлі.

Ұлы жазушы, данышпан драматург Чеховтың қайтыс болғанына елу жыл толуын совет халқымен бірге бүкіл

прогрессшіл адам баласы зор құрметпен атап өтті. Оның ұлкан шеберлікпен жазылған тамаша көркем шығармалары адам баласы мәдениетінің алтын қорына қосылды. Чеховтың есімі орыс халқының ұлттық мактанышы болған, орыс ойының тереңдігін, орыс сөзінің құдіреттілігін бүкіл әлемге мойындаған кемеңгерлердің алдыңғы катарында аталады.

Антон Павлович Чехов 1860 жылы Таганрог қаласында туған. Болашақ жазушының балалық шағы да сол қалада өтеді. Чехов он алты жасқа келгенде оның үй іші Москваға көшеді. Ал Антон Павлович гимназияны бітіргенше сол Таганрогта қалып қояды.

Мещандық орта, гимназиядағы тәртіптің каталдығы, тұрмыстың тапшылығы туған-туыскандарынан бөлініп жалғыз калған жас Чехов үшін оңайға сокпайды. Бірақ ол барлығына да төзеді. Анғарымпаз, зейінді бала айналасындағы өмірге, өзін қоршаған ортаға сын көзімен қарап өседі.

Таганрог гимназиясын бітіргеннен кейін Антон Павлович Москваға келеді. Мұнда ол университеттің дәрігерлік факультетіне оқуға түседі. Жас шағынан бастап-ақ көркем әдебиетпен, театрмен көп қызықсынған, орыс және батыс жазушыларының шығармаларын көп оқыған Чехов енді өзі де шығарма жазуды ойлайды. Көркем әдебиетке деген бұрынғы құштарлық, әуестенушілік енді творчестволық талаптануға ауысады. Сөйтіп студент Чехов бір жағынан көркем әдебиетпен шұғылданады, сол кезде Москвада шығып тұрған юморлық журналдар үшін сатиралық, юморлық шағын әңгімелер жазып тұрады.

Чеховтың алғашқы кезде жазған әңгімелерінің өзі-ақ оның үлкен талантының ұшқынын, творчестволық куатын аңгартады. Басқалардан гөрі Чехов Петербургта шығып тұрған «Осколки» журналымен көбірек әрі тығызырақ байланысты болады. «Осколки» журналында Чехов бес жылдай істейді. Ол әңгіме, очерктерден басқа фельетондар, юморлық календарьлар да жазады. Чехов Москва мен Петербургтің басқа да біраз журналдарымен байланыс жасап тұрады. Чеховтың кейбір юморлық әңгімелері сырттай сол кездегі журналдарда жиі ұшырасатын жеңіл күлкіге құрылған шығармаларға ұқсас болғанмен, іштей мүлдем басқа сыпатта еді. Чехов катысқан журналдардың кейбір тайыз ойлы редакторлары Чехов әңгімелерінің мұндай астарын, терең-

де жаткан сырын байқай алмады. Чеховтың сондай әңгімелерінің бірі – «Аңғалдық».

Бұл әңгімеде «өткен жылы калоштарын ұрлатып алған Петр Петрович» Стрижиннің басынан кешкен бір жәйі баяндалады. Әйелі ертерек өліп қалған, оның шаруасын бір кәрі балдызы жайғастырады.

Бірде Стрижин конакка барған жерінен өте кеш қайтады. Түнде үйіне келген соң, ол тағы да арақ ішпекші болады. Әбден қызып алған Стрижин шкафтың ішіндегі керосинді арақ деп ойлап, бір рюмкасын ішіп алады. Артынан керосин ішкенін біліп, енді өлемін деп үрейі ұшқан ол балдызының бөлмесіне жүгіріп барады да, оны оятып алып, болған жайды баян етеді.

Істің мәнісіне түсінгеннен кейін Дашаның Стрижинді аямауы былай тұрсын, қайта рұқсатсыз арақ ішкені үшін оны ұрсып сөге бастайды. Зәресі ұшқан Стрижин дәрігер іздеп жанталасады. Бірақ дәрігерлердің кейбірі үйінде жоқ болады, ал қайсыбірлері үйіне кіргізбейді. Ақыры еш қайран жасай алмаған Стрижин енді өмірден күдер үзіп, өлім алдындағы бақылдасу сөздерін қағазға жазып, таң атқанша ажалын күтумен болады. Бірақ ол өлмейді, ертеңгісін сауығып кетеді. Стрижин енді балдызына өзінің өлмей қалғандығын, мықтылығын айтып мақтанады. Ал Даша болса: «Жоқ, тегі керосин жаман болған ғой... дүкенші маған керосиннің тәуірін емес, қадағы бір жарым тиын тұратын жаманын берген екен ғой. Әй, бақытсыз сорлы басым-ай! О қарғыс атқандар, ол дүниеде бастарыңа келгірлер-ай!..» деп лепіре жөнеледі. Даша жездесінің тірі қалғанына қуанудың орнына өзін дүкеншінің алдағанын айтып налиды. Ол адам тағдыры жөнінде ойламайды, тиын-тебеннің орынсыз шығын болғанына қайғырады. Дашаның мұндай халге жетуіне себепкер болған тұрмыстың тапшылығы, қолқыскалық.

Сөйтіп бұл әңгімесінде Чехов өмірдің тапшылығы мен азабы жаныштаған қарапайым «кішкене» адамның басындағы трагедияны көрсетеді, оған аяушылық білдіреді. Бұл әңгімеде жазушының жылы юморы гуманистік сарынмен астасып жатады, оның құндылығы да осында.

Чеховтың «Унтер Пришибеев» сияқты атақты әңгімесі де осы тұста жазылды. Осы шап-шағын әңгімесінде жазушы

тұтас бір дәуірдің шындығын аскан шеберлікпен бейнеледі. «Пришибеевтік» – ақымақтық пен дөрекіліктің символына айналды. Унтер Пришибеевтің образы – елдің алға басқан, ілгерілеген өмірін тоқтатып, тынысын тарылтпақ болған сол кездегі кертартпа күштердің жанды бейнесі.

Чехов өзінің шағын әңгімелерінде тұтас бір романда не повесте суреттеуге тұрарлық үлкен идеяларды мейлінше шебер әрі ұтымды бере алды. Сол кездегі алдыңғы қатарлы жазушылар Чехов әңгімелерінің осы ерекшелігін түсінді және жоғары бағалады. Солардың бірі жазушы Григорович еді. Чехов одан күтпеген жерден хат алады. Белинскиймен, Достоевскиймен және орыстың басқа да атақты жазушыларымен дос болған кезінде жұртшылық арасында кенінен таралған «Антон Горемыка» атты шығармаңың авторы Григоровичтен хат алуы жас Чеховтың өміріндегі бір елеулі оқиға есепті. Григорович Чеховтың талантын аса жоғары бағалап, оны ұсақ-түйек, арзан нәрсеге ұрынудан сақтандырады, «нағыз көркем шығармалар» жазу үшін күш жина, өз талантыңды құрметте дегенді айтады. Григорович Чеховқа хатпен бірге өзінің фотосуретін жібереді. Фотосуреттің төменгі жағына: «Қарт жазушыдан жас талантқа ескерткіш» деп жазады.

Григоровичтің хаты Чеховқа ерекше әсер етеді, оны қатты толғандырады.

Осы жылдардан кейін Чеховтың творчествосында елеулі өзгерістер, ілгерілеу басталады. Жазушы өзінің творчестволық күштеріне еркіндік береді. Осыдан кейін Чехов шығармаларының мазмұны тереңдеп, бояуы жай ғана құлпыра түсіп қойған жоқ, олар нағыз классиканың үлгілеріне айналды.

Чеховтық творчествосын сол кездегі орыс өмірінен, орыс қоғамының даму дәрежесі мен ерекшеліктерінен ажыратып алып қарауға болмайды. Антон Павлович Чеховтың жазушы ретінде қалыптасқан жылдары Россияның тарихындағы аса бір елеулі кезең еді. 1881 жылы 1 мартта II Александр патшаның өлтірілуіне байланысты реакция бүкіл елге қанды шеңгелін жаяды, революциялық болмашы серпілулерді басып, тұншықтырып тастап отырады. Бірақ мұның бәріне қарамастан, осы кезеңде орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ойы, ғылымы және искусствосы молыға түседі.

1883 жылы орыстың «Еңбекті азат ету» атты маркстік тұңғыш тобы ұйымдастырылды. Орыстың ғылымы мен искусствосы Менделеевтің, Тимирязевтің еңбектері, Суриков, Репин, Чайковский, Римский-Корсаковтың тамаша шығармалары арқылы жаңа бір биікке көтерілді. Міне, Чеховты тәрбиелеген, оның талантын нәрлендірген дәуірдің ішкі сипаты осындай еді. Чехов әңгіме жанрының бойынан үлкен мүмкіндік таба алды және осы шағын әңгімелерінде орыстың классикалық әдебиеті жасаған типтік образдардың санын толықтырды. Бүкіл әлем әдебиетінде Чеховпен бәсекелесе алатын шебер әңгімеші жоқ. Ол әңгіме жазу шеберлігіне ерте кемелденді. Қалам ұстағаннан кейінгі үш-төрт жылдың ішінде Чехов нағыз қалыптасқан шебер жазушы болып алды. «Қаскүнем», «Альбионның қызы» сияқты әңгімелерді жазу тек әбден кемелденген, қаламы төселген, ойлы жазушының ғана қолынан келетін еді.

Чехов творчествосының демократиялық сипаты оның алғашқы әңгімелерінен бастап-ақ сезіледі. Ол өзінің шағын әңгімелерінде «кішкентай» адамдардың өмірін, тұрмысын, іс-әрекеттерін шынайы суреттеп қана қоймай, олардың мүдделерін қорғаушысы, қамқоршысы ретінде де көрінеді. Чеховтың әңгімелерінде юморлық және сатиралық сарындар өзектесе келіп отырады және кейде драмамен, тіпті трагедиямен астасып жатады.

«Құрметті жұртшылық «Альбионның қызын» оқып отырып күледі, – деп жазды Горький, – бірақ бұл әңгімеде семіз барин жұрттың бәрінен аулақтанып, жалғызсыраған адамды масқаралап қорлағанын аңдай алар ма екен? Антон Павловичтің юморлық әңгімелерінің қай-қайсысынан болсын мен таза, нағыз адамгершіл жүректің терең де тынық күрсінісін естимін... Өмірдің ұсақ-түйегінің қайғы-қасіретін ешкім де дәл Антон Чеховтай айқын да нәзік түсінген жоқ...»

Чеховтың юморында ұлттық терең сипат бар. Оның кейде биязы, кейде катал күйде келетін терең мол юморында орыс адамының жаны, орыс жүрегінің үні ашылып жатады. «Қайғы», «Сағыныш» сияқты әңгімелерді «кішкентай адамды» шексіз сүйген, нағыз демократияшыл жазушы ғана жаза алғандығы шүбәсыз.

1886 жылы Чехов өзінің «Анюта», «Агафья», «Таныс еркек», «Мұғалім», «Сотта», ал 1887 жылы «Дұшпандар»,

«Полинька», «Қараңғылық», «Верочка», «Володя», «Бақыт» сияқты тамаша әңгімелерін жазады.

1884 жылы университетті бітіргеннен кейін Антон Павлович Москва түбіндегі Воскресенск қаласына келеді. Ол мұнда 1887 жылға дейін тұрады. Бұл жерде ол емханада дәрігер болып істейді. Воскресенскіде болған шағында Чеховтың орыс табиғатына, орыс жеріне деген құштарлығы бұрынғыдан да күшейе түседі. Ол өзі кездескен жаңа түпкені – шаруалардың, дәрігерлердің, помещиктер мен чиновниктердің, мұғалімдердің өмірін үлкен байыптылықпен зерттейді. Сөйтіп Чеховтың әңгімелері енді тақырып жағынан молая түседі. «Хирургия», «Қашқын» сияқты тамаша әңгімелерін Чехов өзінің дәрігерлік тәжірибесінсіз жаза алмаған да болар еді. Сол жылдары Чехов орыстың атақты суретшісі Левитанмен танысып, онымен дос болады.

Өзінің әңгімесінде қарапайым адамдардың өмірін бейнелеп, олардың мүддесін қорғаған Чеховтың творчествосы идеялық жағынан тереңдей, көркемдік жағынан биіктей түседі. Бірақ ол пролетарлық революцияға, социализмге апаратын жолды таба алмады. Сексенінші жылдардың аяқ кезінде Чеховтың өмірінде, көзқарасында біраз өзгерістер болады. Жазушы саяси өмірге, әлеуметтік күреске белсене қатыса бастайды. Чехов та орыстың классикалық әдебиетінің алдында әркашан қойылып келген «не істеу керек» деген сұраққа жауап іздейді. 1890 жылы апрель айында Чеховтың Москвадан қиырдағы Сахалинге сапарға шығуы да оның сол ізгей толқулары мен ізденулерінің нәтижесі еді.

Сапарының алыстығына, қиындығына қарамастан, Чехов Сібірьді, Қиыр Шығысты аралайды. Ол көптеген адамдармен танысады, өзіне таныс емес өлкенің өмірін зерттейді. Бұл сапар жазушыға көп ой салады, оны жаңа, соны әсерлермен молықтырады. Ол өзінің осы сезімін қарындасына жазған бір хатында былай береді: «Тәңірім-ай, Россия жақсы адамдарға қандай бай еді!»

Чеховтың «Алтыншы палата» атты атақты шығармасы да осы сапардың әсерімен жазылған. Бұл шығармасында жазушы темір жолдан алыс, шалғайдағы провинциялық бір қаланың емханасын суреттейді. Бұл емхананы лас, кір, тәртіпсіздік атаулы жайлаған. Емхананың меңгерушісі

дәрігер Рагиннің қолынан мұны түзеу келмейді. Осы емханада жиырма жыл бойы қызмет істеген ол әбден қалжырап, титықтап қалған. Ақыры Рагиннің өзі де емханаға түседі. Кейін ол өледі. Чехов ауру адамды сауықтырмауы былай тұрсын, тіпті сау адамды есінен адастыратын, ауру ететін бұл емхананы халықтардың түрмесі ретінде алып суреттейді. Жазушы қаламының өткір жүзі әлеуметтік ауруларға, әлеуметтік кеселдерге қарсы бағытталған. «Алтыншы палата» Чехов творчествосындағы жаңа белес, соны сөз болды. Бұл шығарманы кезінде В.И.Ленин де аса жоғары бағалады.

«Алтыншы палатада» және сол тұста жазған басқа да шығармаларында Чехов сол кездегі қоғам өмірін аяусыз әшкереледі, интеллигенцияның дәрменсіздігін сынады. Бірақ өзі жалаңаштап көрсетіп беріп отырған әлеуметтік түрмені кім бұзатынын, оның іргесін кім шайқалтатынын Чехов көре білмеді.

Орыс елінің азаттыққа, бақытқа қарай қадам басқан жолдары мен күрестерін айқын түсіне, біле алмағанмен, Чехов тоқсаныншы жылдарда Россия өмірінде кең өріс алған әлеуметтік өрлеуді өз шығармаларында барған сайын тереңдеп суреттейді. Чеховтың сол кезеңде жазған шығармаларынан соны, терең сарындарды кездестіреміз. Бұл – елдің бүкіл өмірінде зор өзгерістер болатынын және бақыт таңы кешікпей ататынын сезіну, соны аңсау сарыны еді. Чеховтың 1898 жылы жазған «Тәжірибеден алынған жәйт» атты әңгімесі бұған айқын мысал бола алады. Бұл әңгімеде Москва түбіндегі бір фабриканың иесі Ляликованың қызы ауырғаны, Королев деген дәрігердің оны емдеуге келгені туралы айтылады. Жазушы өзінің негізгі идеясын осы Королевтің сөздері мен ойлары арқылы береді. Ляликованың қызы дене ауруынан гөрі әлеуметтік аурумен көбірек жапа шегетінін дұрыс түсінген Королев оның «ауруын емес, сол ауруды туғызған себептерді» емдеу керек деген тоқтамға келеді. Ляликованың ауру қызы өмірдің мағынасыздығына, әділетсіздігіне катты қынжылады, өзінің ата-бабаларының, туысқандарының жұмысшыларды аяусыз қанап езгендігі үшін қысылады. Бұл – жан күйзелісінің, ар азабының көрінісі еді.

Жазушы осы әңгімесінде капитализм адамды жаныштап мүгедек қылатынын аяусыз әшкереледі. Жазушы шығармашың негізгі идеялық түйінін Королевтің ауру қызға айткан мына бір сөздері арқылы айқын аңғартады: «Ұйқыңыздың қашқаны жақсы, қайткен күнде де ол тәуір нышан: біз, біздің буын калғып ұйықтай береміз, көп сөйлейміз, бірақ оң не теріс екенімізді шеше алмаймыз. Ал біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін бұл сұрақ – яғни олардың оң не теріс екендігі – өз шешімін табады. Олар бізден гөрі көреген болады. Бұдан елу жылдан кейін өмір қандай жақсарады десеңізші, бірақ не керек, біз ол кезге тірі жете алмаймыз ғой». Королев туған орыс табиғатын мейірлене сүйеді, оның әсем, сұлу көрінісінен болашақ қуанышты, бақытты күннің жарқын реңін сезгендей болады. Ертеңгісін станцияға қайтып бара жатып, таңғы самалға көкірегін тоса, төңірегіне құмарлана қараған ол «өмір жексембі күнгі осы бір маужыраған таңдай нұрлы да қуанышты күйге енетін шақ туралы ойлайды».

Чехов творчествосындағы бұл жарқын оптимистік сарындар патриархалдық идиллияны арман етуден емес, оның тамаша өмірді аңсауынан, сол өмірдің орнайтындығына шүбәсыз сенгендіктен келіп туған еді.

Токсаныншы жылдардың орта шенінен бастап Чехов драматургия саласында да кесек шығармалар жазды. Оның «Шағала» атты пьесасы 1896 жылы күзде театрда қойылады. Чеховтың бұдан бұрын да жазған пьесалары болғанмен, олардың барлығы да жазушының әңгімелерінің дәрежесінен төмен еді. Чеховтың драматургтік таланты өзінің данышпандық көрінісін тұңғыш рет осы пьесада тапты.

Бұл пьесада Чехов искусство мәселесін көтереді, өзінің искусство туралы көзқарасын көркем образ арқылы бейнелейді. Бұл пьеса жазушының эстетикалық принциптерін де айқын танытады. Пьесаның басты кейіпкері актриса Нина Заречная өзінің творчестволық ізденулері мен толғануларында талай қиыншылықтарға ұшырайды, гіпті сәтсіздіктерге де ұрынады. Бірақ ол мойымайды, өз творчествосының қайнар көзін де, тірегін де өмірден, шындықтан іздейді. Сондықтан да ол өз өнерінің биігіне көтеріледі. Искусстволың қуаттылығы да, құндылығы да

өмірден, шындықтан нәр алуда, соны шынайы бейнелеуде, міне, Чехов пьесасының идеялық түйіні осы.

Өзінің бойындағы бар қуатын, ойы мен жігерін искусствоға, театрға қайтарусыз берген Нина Заречнаяның образы – творчестволық шарықтаудың, творчестволық ұмтылудың символы сияқты. Шағаладай самғап, биікке көтерілген ол түнекті, кедергіні жеңген искусствоның жаны есепті.

Чеховтың «Шағаласы» театр сахнасында еркін қанат қаға алмады. Өйткені жазушының мейлінше новаторлық пьесасының сахналық лайықты көрінісін жасау ол кездегі театрдың қолынан келмеді. «Шағаланың» сахнада сәтсіздікке ұшырауы Чеховқа ауыр соққы болып тиеді. Бірақ жазушы түңіліп кетпейді, бұл екі арада ол өзінің екінші бір данышпандық шығармасы – «Ваня ағай» пьесасын жазады. Бұл пьесасында Чехов өзінің әңгімелерінде бұрын талай рет жазған тақырыпқа оралады – «кішкентай адамдардың» өмірін, тұрмысын суреттейді, олардың тағдырларын жанжақты, мол қамтып көрсетеді. Жазушы бұл шығармасында әлеуметтік қайшылықтарды да тереңірек ашады. «Кішкентай адамдар» бар жандарын сала, қолдарынан келгенше еңбек етеді, ал ол еңбектің игілігін, жемісін басқа біреу көреді. Пьесаның негізгі тақырыбы – «кішкентай адамның» зая кеткен еңбегі, трагедиялық халі. Ваня ағай мен онын жиені Соня профессор Серебряков (Сонянын әкесі) үшін қызмет етеді. Серебряковты талантты, білімді, үлкен ғалым, қоғамға пайда келтіретін патриот деп ойлаған Ваня ағай мен Соня өздерінің бар қуат-жігерін Серебряковтың игілігіне жұмсайды. Бірақ олар алданады. Серебряков – ғалым, патриот емес, кабілетсіз, дарынсыз, эгоист біреу болып шығады. Ол искусство туралы жиырма бес жыл бойына лекция окиды, бірақ оның искусство жайындағы түсінігінің өзі мүлдем мардымсыз. Өз тарапынан ештене шығара алмай, басқалардың ой-пікірін малданып жүрген Серебряков ақыры қызметті тастайды. Ол енді Ваня ағай мен Соня тұрған имениені сатпақ болады. Ваня ағайдың трагедиясы осыған байланысты. Ваняның өмірі де, еңбегі де зая кетті, қажетсіз нәрсеге құрбан болды. Өткенде талай «Ваня ағайлар» осылай өмір кешті, адасты, өздерінің қайрат-жігерін жемісіз, өнімсіз іске жұмсады. Ваня ағайдың образы арқы-

ұл драматург осыны көрсетеді. Орыс қоғамының озық ойлы адамдары Чеховтың бұл пьесасын аса жоғары бағалады.

Бүкіл әлем әдебиетінде Горькийден бұрын адамның жасаушылық қуаты мен еңбегін дәл Чеховтай шабыттана көрсеткен жазушы болған емес. Оның бүкіл творчествосы адам еңбегі жайындағы қасиетті, азалы жыр мен арманға толы. Чехов нағыз әдемілік адамның осы жасаушылық еңбегінде деп түсінді. Ваня ағай мен Сонядың адал еңбегінің қасиетті күрсінісі бір жағынан осы әдеміліктің бұзылуының салдарынан келіп туған. Чехов өзінің әдемілік туралы ойын пьесаның негізгі кейіпкерлерінің бірі Астровтың сөздері арқылы береді. Профессор Серебряковтың сұлу әйелі Елена Андреевна туралы ол былай дейді: «Адамның бойындағының бәрі де – оның дидары мен киімі де, жаны мен ойы да әдемі болуға тиіс. Ол (Елена Андреева – А. Н.) сұлу, бірақ... ол тамақ ішіп, ұйықтап, қыдырып, өзінің сұлулығымен біздің барлығымызды таңырқатқаннан басқа ештеңе де бітірмейді. Ол ешқандай қам жемейді, оған басқалар қызмет етеді... Ал бейпіл өмір таза болмақ емес».

Сөйтіп, Чехов сұлулық, әдемілік туралы ұғымды азат, жасаушы еңбек туралы арманмен, шындықпен байланыстырады. Астровтың жоғарыда келтірілген сөзінің алғашқы фрагментін Зоя Космодемьянская өзі үшін ең бағалы ойлардың бірі ретінде қойын дәптеріне жазып қойғаны белгілі.

Чехов 1901 жылы жазған «Апалы-сіңлілі үш қыз» атты пьесасында өмірдің өзгеретінін, революция дауылы соғатынын алдын ала сезіну тереңдей түседі. «Уақыт туды, бізді үлкен істер күтіп тұр, таза, күшті дауыл соғады, дауыл соққалы тұр, тіпті жақын қалды.

Бұл дауыл біздің қоғамымыздан жалқаулық, енжарлық, еңбекті бағаламаушылық, асқынған зерігушілікті көп кешікпей-ақ ұшырып әкетеді... небәрі жиырма бес-отыз жылдан кейін әрбір адам жұмыс істейтін болады», – дейді пьеса геройларының бірі. Осы бір сөздер бүкіл пьесаның тынысын, пафосын бейнелейтіндей.

Өмірінің соңғы кезінде жазған «Шие бағын» пьесасы Чеховтың өз творчествосының ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзілік искусствоның үздік үлгілерінің бірі болып

табылады. Драматургияның нағыз новаторлық шығармасы саналатын бұл лирикалық комедияда дәурені өткен қоғамның іргесі шайқалып, қаусай бастағандығы және жаңа өмірдің қайткен күнде де туатындығы суреттеледі. Пьесаның финалында оның басты кейіпкерлерінің бірі Аня: «Қош бол, ескі өмір» – деп жар салады. Міне, бұл – Россияның болашағына, онда жаңа өмір жасалатынына кәміл сенген драматургтың өз сөзі, өз үні еді.

А.П.Чехов өзінің тамаша творчествосымен дүниежүзі мәдениетінің асыл қазынасын молықтырып, орыс ойының даңқын тереңдете түсті. Оның әділетсіз дүниені сынаған, адамгершілікті, ізгілікті мадақтаған тамаша шығармалары ескірмей, әлсіремей, ғасырлар бойы жасай бермек.

1954 жыл

ЖАСТАРДЫҢ АҚЫЛШЫСЫ

Абай өлеңдерінің ішінде балаларға тікелей арналып жазылғандары тым сирек. Бірақ оның басқа тақырыпқа жазылған шығармаларынан да сол ескі ауылдағы қазақ балаларының өмірін, тұрмысын айқын аңдататын көптеген тамаша суреттерді көреміз. «Күз», «Қараша, желтоқсанмен–сол бір екі ай» сияқты атақты өлеңдерінде ақын сол кездегі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен таптық қайшылықтарды мейлінше шынайы суреттеді. Байлардың қараулығы мен сараңдығын, қатыгездігін және олардың кедейлерді аяусыз қанайтындығын өткір сынай келіп, Абай осы өлеңдерінде бай баласы мен жарлы баласының да өмірін, әрекетін шебер бейнелейді:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы –
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалыныпты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Осы бір шумақ қана өлеңде тұтас бір дәуірдің, әділетсіз қоғамның шындығы бар. Бай баласы қар жауса да тоңбайды, үсікке шалынбайды. Өйткені оның үйі жылы, киімі де жайлы.

Үш жалшы ұлының көрген күні мүлдем басқаша. Ол – байдың ортасына жалынышты, оны ойнатып, көңілін аулаушы. Бірақ ол мұны амалсыздан, көзінен жасы ағып жүріп жасайды. Бұған ешкім етпеске оның лажы да жоқ. Оны осыған ділгір еткен – тіршілік, күнкөрістің қамы. Бұл өлеңнен басқа да бір жайды аңғартуға болады. Ешнәрсеге мұқтаждықсыз, қамсыз өмір сүрген баласын жалқау, тоғышар, арамтамақ еткен. Ал кедей ортасының өмірге араласуға, әрекет жасауға аздап болса да мүмкіні бар. Сондай-ақ бұл өлеңдерінде ақын байдың жарлығын сүліктей сорып қанайтынын, жарлы азапқа толы қиыршылық өмір кешетінін ашықтан-ашық, батыл айтумен бірге үлкендер арасындағы осы теңсіздік, біреуді-біреу қанап, езушілік балалардың да өмірінде бар екендігін көрсетеді. Және ақынның жылы ықыласы мен аяушылық сезімі жарлылардың жағында. Жоқшылық өмір, мұқтаждық ересек адамды ғана емес, баланы да бұзатынын, аздыратынын Абай дәлме-дәл түсінді. «Жаз» деген өлеңінде көкорай шалғынды жайлауға көшіп қонған ауылдың көрінісін, табиғат суретін, адамдардың тіршілік әрекетін жырлай келіп Абай мынадай бір жайды аңғартады:

Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін:
«Ет әпер» деп қынқылдап.

Міне, ересек адамның жас балаға берген өнегесінің түрі осы. Ол жас баланы өнер-білімге емес, емінуге, көз алдап телміруге үйретеді. Бұл жәйт – сол дәуірдің шындығы ғана емес, ең бір жексұрын кеселі де еді. Заманның осындай кертартпалығын, яғни ол үлкендерді ғана емес, жас балаларды да аздыратынын, бұзатынын өз көзімен көрген және соған жаны қатты ауырған ақын ондай жексұрындық атаулының барлығына қарсы аяусыз күресті, өткір ызалы сөзімен түйреді. Өз тұстастарының қулық-сұмдығын, екіжүзділігін, алдамшылығын өткір шенегенмен. Абай өмірден торыққан жоқ. Ол болашаққа сенді, өз үмітін жастарға, келер ұрпаққа артты. Жастарды білімге шақыру, өнерге үндеу арқылы тәрбиелемек болды. Абай творчествосындағы негізгі, басты тақырыптардың бірі – өнер-білімге, оқуға шақыру болуының бір себебі де осын-

да еді. Ол кейін жасының ұлғайып кеткендігіне қарамастан оқуға беріледі. Семей қаласына талай рет барып, айлап жатып оқиды. Орыс достарының кеңесі әрі көмегі арқылы Абай орыс халқының ұлы ақын, жазушылары мен атақты ойшылдарының еңбектерімен танысады. Өзі ғана оқып қоймайды, басқалардың, әсіресе жастардың оқып, білім алуына да көп назар аударады. Ол өзінің Әбдрахман, Мағауия, Күлбадан деген балаларын және кейбір кедейлердің балаларын орысша оқуға береді. Орысша оқып білім ала бастаған жастарды Абай жаңа адамдар, халықтың болашақ қамқоршылары деп санады. Өзінің жастай өлген баласы Әбдрахманға арнаған бір өлеңінде ақын: «Жаңа жылдың басы ол» деп жазады. Бұл өлеңінде Абай Әбдрахман өліміне өз баласының қазасы ретінде қайғырып қана қоймайды, сонымен бірге орысша оқып, көп білім алған баласы халық алдындағы өзінің парызын өтей алмағанына, өз білімінің жемісін елге тарата алмағанына да үлкен өкініш білдіреді. Ел өміріндегі жаңалықты, прогрестік құбылыстарды көре де, оған қуана да білген ақын орыс мектептерінде қазақ балаларының оқи бастағанына мейлінше сүйсінді, олардан үлкен үміт күтті.

Жастардың осылайша оқуға, білімге ұмтылуына, олардың білімге құмарлығына шын жүректен қуанумен бірге Абай басқа да бір жайдан, яғни алған білімді халық игілігіне жұмсамай, ел мүддесін шен-шекпенге сатып кетуден қатты сақтандырады. «Оқалы киім кию үшін әскери қызмет іздеп, көкірек керме, оязға қызмет етпе, онда жанбай жатып сөнесің», – дейді ол. Кейбіреулер баласын білім алу үшін емес, заң білетін, арыз жаза алатын, пәле қуған сұм болуы үшін оқытатынын Абай қатты мысқылдайды:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.
«Я тілмаш, я адвокат
Болсам» деген бәрінде ой.

Сөйтіп, Абай білім ансаған талаптыларға орыс халқының ұлттық мақтанышы болған кемеңгер ұлдары Салтыков-Щедрин мен Лев Толстойды үлгі етеді, солардай болуға үндейді. Мұнда үлкен озық идея бар. Абай білімді жастар

ойларындағы сол өнерін халық игілігіне жұмсауын, халық мүддесі үшін қызмет етуін, әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы болуын талап етті. «Әкесінің баласы – адамның тұшпаны, адамның баласы – бауырың», – деп жазды ол. Осы пікірін Абай өз өмірінің де биік нысанасы етіп ұстады. Өзінің творчествосымен де, іс-әрекетімен де Абай әкенің ұлы емес, халықтың ұлы болды, яғни ол үлкен жүрегі мен ойлы жырын да, қайрат-жігерін де өз халқына қызмет етуге арнады. Патриот ақын Абай өзінің туған халқының прогресс жолымен алға баруын, орыс халқымен достықта болуын, мәдениетті елге айналуын тіледі, соны көкседі. Кемеңгер ақынның бұл қасиетті арманы тек біздің советтік дәуірімізде ғана шындап жүзеге асты. Қазақ халқы қазір шын мәнісіндегі мәдениетті, бақытты елге айналды. Абайдың басқа да көптеген шығармалары сияқты, оның жастарды оқуға, өнер-білімге шақырған өлеңдері де өздерінің тәрбиелік маңызы мен құндылығын әлі де болса жоғалтқан жоқ. Ұлы ақынның бұл өлеңдері мен тағлым сөздері оның қазіргі ұрпақтарын да білім биігіне шығуға, халық мүддесіне қызмет етуге үндейді, еңбек сүйгіштікке, достыққа шақырады.

1954 жыл

«БОЛАШАҚҚА ЖОЛ»

Жас жазушы Сафуан Шаймерденовтың қаламалды шығармасы «Болашаққа жол» романы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды аз көтерілген тың тақырыпқа, студенттер өмірін көрсетуге арналған. Жас авторлардың әдебиетке келу жолдары әртүрлі. Қайсыбіреулер творчестволық жолын шағын жанрдан, әңгіме, өлең жазудан бастайды. Ал кейбір авторлар бірден-ақ кесек, күрделі шығарма береді. Бұл әрине, олардың талантына, қай жанрға икемділігіне және білім дәрежесіне, өмірден алған әсерлеріне байланысты. Бірақ қайткен күнде де оларға қойылатын талап ортақ. Бұл талап – өмір туралы, адамдарымыз туралы шындықты жазу. Сонымен бірге оқушы әрбір жаңа автордан оның өзіне ғана тән соны сөз, тың ой күтеді. Ал бұл талапқа жауап бере алмайтын, сонылығы жоқ шығарма оқушының ойына ештеңе қоспайды, оның рухани дүниесін байытпайды. Қайта мұндай шығарманы

окушы қабылдамайды, одан сырт айналады. Рас, жас автор өзінен бұрынғы әдебиет үлгілерінен, үлкен жазушылардың творчестволық тәжірибесінен үйренбей кете алмайды. Бірақ ол еліктеуші, бар нәрсені қайталаушы дәрежесінде қалып қоймай, оны творчестволық жолмен игере отырып, өз сөзін айтуға тиіс.

Міне, осы ерекшелік, яғни сонылық талданғалы отырған романның тек козғайтын тақырыбынан, суреттеген материалынан ғана емес, оның рухынан, жазылған тәсілінен де айқын байқалады. Романның атап айтуды қажет ететін бір құндылығы міне осында болса керек.

Автор студенттер өмірін шырайлы картиналар, есте қаларлық образдар арқылы шынайы суреттеуге тырысады. Романда көптеген мәселелер көтеріледі. Семьялық тәрбие және тәрбие ісіндегі коллективтің рөлі, халықтар достығы, этика, эстетика, мәдениет мәселелері, ғылымдағы айтыс-тартыстар – міне жас жазушы өзінің шығармасында осындай маңызды мәселелерді қамтуға тырысқан. Бірақ тұтастай алғанда бұл мәселелердің барлығының да келіп саяр жері бір. Ол – жаңа адамның өсу, қалыптасу жолы. Автор осы негізгі идеясын романда бірнеше сюжеттік желілерді қатар өрбіте отырып, жан-жақты ашуға тырысады.

Романдағы геройлар өзара қарама-қарсы екі топқа бөлінген. Шығарманың негізгі конфликтісі де солардың арасындағы тартысқа құрылған. Университет партия ұйымының секретары Добров, ғалым-биолог Кәрім Бозжанов және біраз студенттер менделист, вейеманист Белгіғұлов пен оның ықпалына түскендерге карсы күреседі. Бұл күресте мичуриндік биологияны жақтаушылар (Бозжанов, Добров, Женя т.б.) жеңіп шығады. Ал морганшыл, космополит «ғалым» Белгіғұлов құлдырап барып құлайды.

Автор нағыз совет ғалымдарын халық мүддесіне, Отан игілігіне қызмет ететін патриоттар, келелі әрекеттің, үлкен сезімнің адамдары етіп бейнелесе, Белгіғұловты теріс бағыттағы, жат пікірдегі әрі рухани жағынан да құлдыраған, ұсақ адам ретінде көрсетеді.

Университет жастарға білім ғана беріп қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Автор осы жәйтті баса көрсетеді. Автор – ол мейлі студенттердің университет қабыр-

осындағы өмірін не жатақханадағы тұрмысын суреттесін, болмаса ғылымдағы айтыс-таласты көрсетсін – осы негізгі идеясын ашуды қашанда басты нысана етіп ұстайды. Шығарманың бүкіл өн бойынан жадау, жұпыны, бірақ қуанышымен қызығы мол, жастық шақтың өзіндей көңілді студенттік өмірдің рухы, тынысы айқын сезіліп отырады. Романның тартымдылығы, ықыласпен оқылатындығы да осыдан.

Көркем шығармада жазушы өзінің идеясын адам образы арқылы бейнелейтіндігі, яғни авторлық идея кейіпкерге ұйқасатындығы белгілі. Жазушы идеясының қаншалықты терең, шынайы суреттелетіндігі шығарма геройлары образдарының жасалу дәрежесіне байланысты.

«Болашаққа жол» романында көптеген геройлар бар. Олардың көпшілігі-ақ өздерінің іс-әрекетімен, характерімен қаралanып берілген. Сондықтан да олар ұмытылмай, оқушы көңілінде сақталып қалады.

Романның басты геройларының бірі – Мәулен. Ол – Ұлы Отан соғысының жауынгер солдаты. Романның Мәуленнің туған өлкесіне жеңіспен оралып келе жатқанын суреттеуден басталуы да тегін емес. Талай жылды майданда өткізген ол бейбіт өмір кешуді, білім асқарына өрлеуді арман етіп, жарқын болашағына асығып келеді. Кешегі солдаттың енді студенттік өмірі басталды. Майдан жалыны Мәуленнің ойын да, мінезін де шыңдай түскен. Бұл қасиет студент-Мәуленнің іс бойынан айқын танылады. Өз білімінің тайыздығын сезінген Мәулен ғылым қайнарынан еркін сусындау үшін одан жігерін жұмсайды, қажырлылық көрсетеді. Университет табалдырығын кешеуілдеп аттаған ол ізденуді, еңбек етуді қандай ұнатса, уақытты да соншалықты қымбат тұтады. «Уақыт деген – көзге көрінбеген терең мазмұн, әлуетті күш, шешегін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашылмаған ғылыми жаңалық. Келер уақыттың әр секундында ұлы істердің ұрығы бар. Секунд қашан да өмірге жүкті болып келеді. Босандыру, бойындағы мүмкіншілікті шындыққа айналдыру саналы адамның міндеті» (65-бет). Уақыт туралы осындай тоқтамға келген, өмірді күрес деп түсінген Мәулен мақсатына жету жолындағы қиындықтардан да тайсалмайды. Осылайша әрекет ете, тынымсыз іздене

жүрген оның ой-өрісі де кенейе түседі, өмірге көзқарасы да тереңдейді. Университет студенттерінің әдебиет үйірмесін басқаруы, сайлау қарсаңында үгітші болуы Мәуленді коллективпен жақындастыра, туыстыра түседі. Ол өз тіршілігінің мағынасын осы коллективте, қайнаған өмірде, әрекет етуде деп біледі. Алғашқы кезде білімінің тайыздығынан тая соғып, студенттер арасындағы қызу айтыстарға, талас-тартыстарға емін-еркін араласа алмайтын Мәулен енді сол пікір таласының белсенді қатысушысына, ұйымдастырушысына айналады. Ол адам жүрегіне үңіле де, таный да алатын дәрежеге жетеді. Оның Женя мен Еренді, жұмысшы қыз Айшәнді жоғары бағалауы, Инешпен келісе алмауы да осыны анғартады. Автор Мәулен бойындағы осы өзгерістерді, оның өсу жолын нанымды суреттейді.

Мәуленнің Женямен, Еренмен татаусыз түсінісіп, жақындасып кетуі де тегін емес. Өйткені бұлардың, біреуінде бар қасиетті басқаларына да кездестіреміз. Ол – өмірді қызықтаушы емес, жасаушы болуға тырысу.

Орыс қызы Женяның образы да толық, тартымды жасалған. Өз халқының достық сезімі мен мол мейірімін танытатын Женя бойында жалын аткан жігер де, өжеттік те бар. Әр нәрсені терең пайымдайтын бұл парасатты қыздың іс-әрекеті өз қара басының ғана мүддесін өтеуден әлдекайда биік. Женя тамаша өмірімізді сүйетін ыстық сезімімен ғана емес, патриоттық әрекетімен де көрінеді. Практикада болған кезінде шайыр өсімдігін тауып алып, оның өндіріске аса қажет екендігін анықтаған да – сол. Женя қашан да өмірге тереңдей араласып, оның киындығына құлашты қарсы сілтейді. Жай жүрмей, өмірді қайната жүру – Женяның ерекше қасиеті. Студенттер тұратын жатақхананың мәдени-тазалық жұмысын басқару, демалыс күндері кино, концерт қойғызу, тауға серуенге алып шығу да Женя назарынан тыс қалмайды. Ол өз мақсатын, өмірінің мағынасын Отан деген үлкен ұғымның аясынан іздейді. Өзін халық алдында, Отан алдында қарыздар санайтын Женя бойындағы бар қабілеті мен қуатын сол Отан игілігіне жұмсауға дайын. Бірде өзінің құрбысы Инешпен сөйлескенде: «Қай жер маған зәру – сол жер менің қызмет орным болады»,–дейді ол. Міне, бұл – өзінің азаматтық борышын да, болашағын да дұрыс анғарған, ойлы,

саналы жастың сөзі. Автор Женяны үнемі мейірлене, сүйсіне суреттеуге тырысады. Бірақ ол кей реттерде бояуды орынсыз қоюлатып жіберетінін де айтпай кетуге болмайды. Автор Женяны батыл, алған бетінен қайтпайтын етіп суреттеймін деп отырып кейде оны өлермен адамға ұқсатынқырап алады. Мысалы, Алмалы шыңына шыққанда Женянын кия таста жалғыз түнеп калуы–тым әсіре, жасанды. Адам киындыкка да, құрбандыкка да үлкен бір максат үшін әрі саналы түрде гана баруға керек. Ал Женяның катерлі жағдайда калып коюының ешкандай жөні де, мотивировкасы да жок. Сондай-ак, автор Женяға әркашан жағымды әрекеттер жасатуға, келелі іс тындыртуға тырысады және онын үстіне өз тарапынан да оны үлемі дерлік дәріптеп, мадактап отырады. Осының өзі, бір жағынан, Женя образының біраз жасандылау болып шығуына, оның характерінің даму үстінде көрінбей калуына салкынын тигізбей калмаған.

Романның Мәулен, Женя алуандас геройларының бірі – Ерен. Автор Ерен образы аркылы университетгің комсомол ұйымының жұмысын көрсетпек болған. Ерен әрбір студенттің өмірін, тағдырын білуге және ол үшін кам жасауға тырысады. Ерен образының тартымдылығы да, жылылығы да осында. Ереннің байсалдылығы, ұйымдастырушылық іскерлігі оны Добровка ұксатынкырайды.

Романда жан-жакты терең ашылған образ – Инеш. Шығарманың ең негізгі идеялык түйіндерінің бірін автор осы Инеш образы аркылы шешеді. Инеш – кабілетті, зейінді, алғыр жас. Осы касиеттері аркасында ол сабакты жаксы окиды, тіпті ғылыми жұмыспен де шұғылданады. Бірак осы жаксы кыздың бойында көп акау да бар. Бұл – онын семьяда көрген тәрбиесінің салдарынан және коллективтен аулактап, өзімен-өзі болуынан келіп туған акау. Жас өмірінде ешкандай киындык көрмей, балажан ананың мейірбан кушағында бұла болып ескен Инештің өмір туралы түсінігі, козкарасы кате. Ұлы максат жолында көптеген тоскауылдар, кедергілер болады, бірак совет адамдары олардың барлығын да женіп алады деген Мәулен сөзіне Инеш мынаны айтады: «Онда тыныштыктың болмағаны ғой бізге. Күнде іс... күнде кедергі... күнде әлек... ой койшы, мен келешекті бұлай түсінбеймін. Келешек бұдан да тыныш, бұдан да бакытты

болуға тиісті. Әйтпесе, оның жақсылығы неде болмақ?» (137-бет). Инеш рахаты мол, көңілді өмір кешуді жаратады, бірақ ол мұндай өмір қиындықсыз болмайтынын түсінбейді. «Біздің күніміз қиындығымен жақсы», – дейді Маяковский. Инеш мұны түсінуден, яғни өмір – күрес екенін түсінуден аулақ. Женяның университет өміріне белсене араласуын, қоғам жұмыстарын атқаруын Инеш азапқорлық деп біледі. Ол қайнаған өмірден шеттеп жүреді. Инеш студенттермен бірге тауға да шықпайды, колхозшылармен кездесуге де бармайды, тіпті өндірістік практикаға да жөнді қатынаспайды. Оның өмір туралы теріс түсінігінің бір тамыры оның сол өмірді білмеуінде жатыр. Университетті бітіргеннен кейін ауылға барып жұмыс істеуден жалтаруы, қайткен күнде де қалада қалуға әрекеттенуі Инештің «қалашыл», «ақсаусақтығынан» ғана емес, оның қиындыққа, күреске, қуанышқа толы үлкен өміріміздің кең тынысын сезе, біле алмағанында.

Инеш еңбек етуді онша ұнатпайды. Ғылыми жұмыспен шұғылданып, реферат жазуы – оның еңбек сүйгіштігінен емес, атаққұмарлығынан келіп туған.

Ешнәрсеге зәрусіз, қамсыз өмір Инешті меңмен, өзімшіл етіп жіберген. Ол басқалардан ерек болуға, көзге түсуге тырысады. Университетте неміс тілін оқып жүрсе де, оны игерместен жатып Инеш француз тілін үйрене бастайды, мұғалім жалдайды. Ол Москвадан шетел әдебиеті баспасы шығарған француз жазушыларының кітаптарын алдырып тұрады. Бірақ мұның бәрін де Инеш бірнеше тілді біліп алайын деген мақсатпен емес, қатар құрбыларынан озу үшін, жақсы атаққа ие болу үшін істейді. Ол өзін басқалардан жоғары ұстауды мәдениеттілік деп біледі. Ал Мәуленнің кішіпейіл мінезін, қарапайымдылығын Инеш мәдениетсіздік, талғаусыздық деп санайды. Мәулен мен Инештің мінез-құлықтары да, өмірге көзқарастары, түсініктері де әртүрлі. Олардың арасындағы сүйіспеншілік сезімінің суынып, бір-бірінен айырылысып кетулерінің басты себебі де осында. Еренмен сөйлескенде Мәуленнің аузына Инеш турал автор мынадай сөз салады: «Ол өзінің адам екенін түсінбейді... Ол өзін біз сиякты ересек «балалар» ойнайтын қуыршақ, кеудеге тағылар гүл деп түсінеді... Ал қуыршақ деп қолыңа алмасаң, гүл деп кеудеңе тақпасаң, адам деп, келсек үшін күрес

жолындағы жанашыр жақының, көмектесер жолдасым деп танысаң – мәдениетсізсің» (306-307- беттер).

Неге болсын зер салмай, үстірт қарайтын Инеш өз өмірінің мағынасын, мақсатын да жете аңдамайды, айнасында болып жатқан құбылыстарға да мән бермейді. Бұл– оның парықсыздығынан, даракылығынан емес, жеңілтектігінен, өмір тәжірибесінің, көргенінің аздығынан, өз тіршілігінің мақсатын саналы түрде түсінбегендігінен. Інештің бұлай болып өскеніне, ең алдымен, оның анасы Мәдине мен әкесі Дәулеткерей кінәлі. Дәулеткерей өз қызметіне шын көңілімен берілген адал, ақ көңіл адам. Бірақ ол семьялық тіршілік туралы, баласын тәрбиелеу туралы ешқашан ойламайды. Ал Мәдине болса, Инешті мәпелеуді, еркелетуді ғана біледі. Семьялық тәрбие дұрыс берілмесе, жаратылысынан жақсы баланың бүлінуі әбден ықтимал. Аналық қамқорлық, аналық мейірім баланы жақсы көрумен шектелмеуге тиіс. Сонымен бірге ана тәрбиеші болуға керек. Міне, Инеш пен Мәдине образдары, олардың қарым-қатынастары арқылы автор осындай идеялық түйін тастайды.

Жазған рефераты қате болып шығып, сүйген жігіті Мәуленнен айырылып әрі канша әлекке түссе де қалада қалудың ретін келтіре алмай біраз сәтсіздікке ұшыраған Інеш енді ойға қалады. Ол өзі өткен өмір жолына ой көзімен қайта қарағанда жаңылыс басып келгенін, қателескенін сезінгендей болады, ширай түседі. Өзі аттағалы жатқанда ұйым шегіп, жылап-сықтаған шешесіне Инеш былай дейді: «Неге жылайсың?.. Өзің тоқыған көйлектің осал жерін көріп жылаймысың? Жылама. Адам әлсіз болса да, шүберек емес. Соңғы екі айда қызың өз басынан канша ауырлықты кешіргенін білмейсің сен. Бірақ жыртылған жоқ. Қайта ширап келеді. Өмір мына біздің бакша емес екенін де, оның көркі мен қызығы бұдан да артық, ал қиындылығы мен күрделілігі басым екенін де түсіне бастады қызың» (315-бет). Інештің бұл сөздерінде үлкен мән бар. Инеш енді ауылда қызмет істеу үшін саналы мақсатпен аттанады. Оның алдағы өмірінің мағыналы, болашақ іс-әрекетінің жемісті болатынына оқушы шүбәсіз сенеді.

Романда Инеш образын толықтыра түсу үшін, тереңірек ашу үшін алынған Жолтай бейнесі де біркелкі нанымды суреттелген. Білім алудан гөрі кербездікті көбірек ұнататын,

парыксыз, жалқау Жолтай ақыры студенттер қатарынан шығып қалады.

Жас жазушы романның басты геройларымен бірге жекелеген эпизодтарда ғана көрінетін, екінші қатарда ғана алынған кейіпкерлердің де образдарын нанымды, шынайы бейнелейді. Кітапты мейлінше көп оқитын, биязы, бұйығы мінезді, жадау өңді Ғалым Сарыбеков, әрнәрсені аңғаруға, көбірек білуге тырысатын Айшән Саттарова бір-екі жерде ғана көрінгенімен, оқушы зердесінде қалып қояды.

Қандай шығарманың болсын көркемдік ерекшелігін, тілін оның мазмұнынан ажыратып алып, бөлек қарауға болмайды. Тіл – жазушының ең басты құралы. Шығарма шын мәнісінде көркем, шынайы болып шығуы үшін оның оқиға желісі табиғи түрде дамуы, композициясы шебер құрылуы әбден қажет. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бұл айтылғандарға қоса жазушы халықтың тіл байлығын жете меңгеруге, сөз бояуын орнымен, келісті пайдалана білуге тиіс. Сонда ғана ол шын мәнісінде көркем шығарма жаза алмақ.

Бір қуанарлық нәрсе, авторының жастығына, творчестволық тәжірибесінің аздығына қарамастан, «Болашаққа жол» романының тілі көркем, ажарлы.

Жас жазушы табиғат суреттерін беруге әсіресе шебер. Романның көп жерлерінен табиғаттың өзара бір-біріне ұқсамайтын сан алуан көріністерін табамыз. Автор табиғат суретін оның әдемілігін, романтикасын беру үшін ғана емес, сол арқылы адамның жан сарайын, сезім дүниесін тереңірек ашу үшін де алады. Бір мысал келтіріп көрелік:

«Мәулен көп тұрды. Аздап ыскаяқ жел біліне бастады. Ауа тоназытып қарауытты. Бірте-бірте төмендеп барып, ай тау басына ілінді. Сол бір құбылыс Мәуленге тамаша әсер етті. Тау жүлгелерінің нобайы енді айқын көрінеді. Бергі беткей қалың қараңғылыққа батып жатыр. Жанағы бір ай сәулесінің қоңырқай құшағына қауышқан тау ұштары бірінебірі жалғаса алыстап, аспанның бір белдеуі сияқтанады. Аздан соң өзінің ағаран сәулесін қала үстіне ақырғы рет сеуіп, ай таудан асып жоқ болды. Жанағы жасанды белдеу бірте-бірте өшіріле іри бастады. Тек сонау таудан жоғары тұрған қыс бұлтына қоңыр мұнар сәуле барып ілініп, аспан әлемінен айқын жыра көрсетеді. Енді бірде ол да күңгірттене

семіп, ала көлеңке аспан кеңістігіне батып, көзден таса болды» (213-214-беттер).

Осы үзіндіде табиғат көрінісінің әсем картинасы ғана емес, жаңа ғана сүйіктісімен кездесіп, енді оңаша қалған Мәулен көңілінің толқыны, Мәулен жанының суреті де бар.

Автордың шеберлігі, тілінің оралымдылығы оның геройларының жан толқындарын, өң құбылыстарын суреттеуінен айқалады. Көркем шығармада портрет жанды, әсерлі болуға тиіс. Яғни адамның портреті оның психологиясын да танытады. Шаймерденов та өз геройларының кескін-кимылын, өң құбылыстарын олардың рухани дүниесімен ұштастыра, қабыстыра суреттеуге тырысады. Бір думан кешке қақын жігіт Сымбатқа Инеш гүл ұсынады, осыны өленге қосуын сұрайды. Осы бір сәтте Сымбат жанында соғып өткен елесінді автор былай суреттейді: «...Сымбат соншалықты шапшаңдықпен ұшып тұрды. Кеудесін ілгері шығарып, басын кейін алып, үлкен қара көздерін үй бұрышының жапсары арқылы әлдебір киыр алысқа қадады. Жүзіндегі жаңағы бір ұялыш, еркіндік жоғалып үлгерді. Енді түсінгенді сүйсінбіп, түсінбегенді түршіктірер әрі салқын, әрі сұсты керемет бір ызбарға мінді. Сол салқындықтан, сол ызбардан от ұшқындағандай. Әр секундта лап етіп тұтанып кетердей ой мен от араласады. Ол тіпті аузын бағып, үнсіз қалған осы топты көзіне де ілер емес. Аздан соң ойын жиып алды да, өңгере күліп Инешке қарады. Кеудесіндегі гүлді қолына алып көтере ұстады. Осы Инеш гүліндей мұның кеудесінен өлең гүлі шешек атып кетті» (216-217-беттер).

Автор халқымыздың тіл байлығын мол әрі орынды пайдаланған. Сонымен бірге ол бұл ретте қазақ прозасының шеберлері М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтың әсеріне түспей кете алмаған. Авторлық баяндауда да, табиғат көрінісін суреттегенде де жас жазушының олардан үйренгені анық аңғарылып қалады. Бірақ ол еліктеуші дәрежесінде қалып қойма-ған. Оның өзіне тән үні, өз жүрегінің соғысы, өз қаламының сара ізі бар. Халық тілінің сөздік қорын, байлығын жақсы игерген жазушы көп реттерде қолданудан бекер ұмыт болып, ескерусіз қалып бара жатқан сөздерді аршып, ескіпе пайдаланады немесе жайшылықта айтылып жүрген сөздерге тың мағына, жаңа бітім беріп, жаңғыртыра,

жайната колданады. «Кенет оның білегінен келіп ұстай алды. Инеш сескеніңкіреп қалып, жадау тарткан қызыл өңіндегі таңыркаулық пен шошыну көленкесін жасырмайақ сол жаққа бұрылып еді, өз қасында қуанышты күлкінің адам көзіне көрінген рухындай болып, хатта, адам пердесін жамылған қуаныштың өзі секілденіп, езу тартып Женя тұр екен» (316-бет). «Кескіні өзгеріссіз, әлгі бір таңыркау мен шошынуды мол байқатып тұрса да, Инештің ішкі дүниесінде сел жүгіріп кетті». «Өткен жазда практикаға барып, ауырып қалғаны оның көз алдына келді. Женяға деген сондағы бір сезімі енді жүрегін күйдіріп қайта оянды, күшейе оянды» (Сонда). Міне, мұнда жас жазушының өзіне ғана тән сөз байлаулары, көркемдік бояу, бейнелеулер бар.

Автор қандай құбылысты суреттесе де, оның іші-тысын бірдей ақтарып көрсетеді. Бірақ саркылып қалмайды, қысылмай, қымтырылмай жазады, тынысы кең, еркін сезіледі. Бұл айтылғандардың барлығы да жас жазушы көркем сөз шеберлерінен, әсіресе, орыс жазушыларының жазу мәнерінен мол үйренумен бірге өз тарапынан да көп еңбек етіп, қармана ізденгеніне және бұл іздену мен талпыну боска кетпей, өз жемісін бергенін паш етеді.

Бірақ «Болашаққа жол» романы туралы пікір мұнымен бітіп қалмайды. Жас жазушының алғашқы шығармасының жоғарыда аталған сәтті жақтары оның кемшіліктерін де бүкпеуді, атап көрсетуді талап етеді.

Романның негізгі бір сюжеттік желісі биология ғылымындағы тартысты, мичуриншілер мен менделистердің арасындағы өткір күресті көрсету төңірегінде өрбитіндігі жоғарыда айтылды. Автор мичуриндік биологияның өкілі етіп Кәрім Бозжановты алады. Бірақ осы Бозжановтың образын терең жасалған, соншалықты сәтті шыққан деп айту киын. Автордың суреттеуінде ол алғаш ғылым кандидаты, кейіннен доктор болады. Кейбір лирикалық шегінулер арқылы жазушы геройының соғыстан бұрынғы өмірі туралы да оқушыға аздап мәлімет береді. Бозжанов бидайдың жаңа сортын, шашақты тары өсірудің жолын тапты, сөйтіп ғылымға үлкен үлес қосты деген ойды білдіреді жазушы. Оның докторлық диссертациясы университеттің және басқа да жоғары оқу орындарының студенттері үшін арнаулы

күрета лекция ретінде өткізіледі. Алайда осындай іс тыныштық жүргенімен, Бозжановка оқушының көңілі толмайды. Бозжанов көп реттерде Добровтың көлеңкесінде қалып қойған. Рас, Добровтың да, Бозжановтың да ұмтылар арманы бір, күрес мүдделері ортақ.

Олардың бірлесе, тізе қоса әрекет жасауы орынды. Сөйтсе де, олардың әркайсысының өз тағдыры, өз тіршілігі бар ғой. Добров образы партияның басқарушылық, ұйымдастырушылық рөлін, оның қамқорлығын бейнелеуге арналса, Бозжанов бейнесін автор совет ғылымының қуаттылығын, өмірге жанасымдылығын және онымен тығыз байланыстылығын көрсету үшін алған. Бірақ Бозжановтың романда жасалған бейнесі оның өмірдегі, шындықтағы бейнесінен төмен жатыр. Автор Бозжанов образын жеткілікті қаралай алмаған, оның характерін тереңдеп ашпаған. Бұл оны Белгіғұловпен салыстырғанда әсіресе айқын сезіледі. Белгіғұлов романда іші-тысымен тұтас көрінеді. Оқушы оның қандай адам екенін, не істегенін көз алдына елестетіп отырады. Ал сонымен алысып жүрген және оны жеңіп жүрген Бозжанов бейнесі бұдан әлдеқайда солғын.

Көркем шығармада автор геройының бейнесін айқын етіп жасау үшін және сол арқылы өзінің идеясын терең ашып көрсету үшін оның өмірінен, әрекетінен тек өзіне ең керекті жайларды ғана таңдап алады. Бірақ қайткен күнде де жазушы геройының образын жан-жақты, толыққанды етіп шығаруға тиіс. «Болашаққа жол» романының бірсыпыра геройларында осы жағы жетіспей жатады. Тіпті бірінші планда алынған Женя, Ерен, Мәулен сияқты кейіпкерлердің өткен өмірі туралы оқушы жөнді ештеңе біле алмай қалады. Өйткені, арнайы суреттелмегенмен, бұл жайларды ретін тауып ұлғартып кетуге болатын еді. Бірақ автор мұны ескермеген.

Осы адам образын жасауда жас жазушының тағы да бір кемшілігі бар. Жазушы, егер ол шын художник болса, өзінің ұнамды геройларын бар мейірін төге, тебірене отырып суреттейді. Оның тағдырына ортақтаспай да қала алмайды. Бұдан жазушы ұнамды кейіпкерді дәріптей беруге тиіс деген түсінік, әрине, тумаска керек. Гончаров айтқандай, жазушы ұнамды кейіпкер арқылы өзінің идеалын білдіреді. Бірақ бұл шығарма геройын, яғни ұнамды кейіпкердің өзін идеалға айналдыру, дәріптеу деген сөз емес. С.Шаймерденов осы

мәселеге жете көңіл бөлмеген. Ол ұнамды геройларының көпшілігін-ақ мінсіз, қайткенде де жақсы етіп көрсетуге тырысады. Мұны, әсіресе Добров, Бозжанов, Женя образдары жайында айтуға болады. Бұларға берілетін авторлық сипаттамадан да, олардың іс-әрекеттері туралы авторлық баяндаудан да осы кемшілікті байқау қиын емес. Осы кінәні ішінара Ерен образына да тағуға болады. Бұл айтылғандар ұнамды герой образын жасау мәселесінде автордың сыңаржақтылыққа салынғанын көрсетеді. Бұл кемшілік тіпті ірі, көрнекті жазушыларымыздың шығармаларында да жиі ұшырасады. Ұнамды геройдың бейнесін жасаудағы бұл кемшілік, біздіңше, мынадай екі мәселенің төңірегінде сияқты. Ең алдымен, бізде ұнамды геройдың бейнесін мінсіз, ешқандай кем-кетіксіз етіп шығаруға, оны көрінеу дәріптеуге тырысушылық бар. Екіншіден, біздің көптеген жазушыларымыз шығармадағы негізгі тартысты, келіспеушілікті батыл, шынайы суреттеуге тиіс. Шынында да, өмірде ұнамды, тәуір адамдардың барлығы бірдей өзара кірбіңсіз, тату-тәтті қарым-қатынастарда бола бермейді. Олардың арасында да өткір конфликт, шиеленіскен күрес болады. Әрине, мұның себебі де, салдары да алуан түрлі болуы мүмкін. Бірақ жазушы осыны, яғни ұнамды геройлардың арасында да болатын тартысты көрсетуден жалтармау керек. Өмір шындығының өзі, реалистік искусствоның принциптері жазушыдан осыны талап етеді. Осы талаптың жеткілікті орындалмауы салдарынан біздің көптеген жазушыларымыз ұнамды герой образын жасау проблемасын шешуде схематизмге, бірсарындылыққа ұрынып жүр. Міне, осы кемшілікке С.Шаймерденов та бой алдырған. Оның ұнамды геройлары көбінесе бір-біріне комплимент айтуға, орынды-орынсыз ізет көрсетуге бейім тұрады.

Автор биология ғылымындағы күресті біркелкі тәуір суреттейді. Бірақ ол көп реттерде осы мәселені тым көбірек казбалап кетеді. Романның осы жайларды суреттеуге арналған кейбір тарауларының ықылассыз, құштарлықсыз оқылатындығы да осыдан. Биологиядағы тартысты – мичуриншілдер мен менделистер арасындағы күресті көрсету үшін жазушы көбінесе жиналыстарды пайдаланады (Студенттердің ғылыми конференциясы, Бозжановтың диссертация қорғауы т.б.).

Рас, жиналысты, ондағы пікір таласуларын да суреттеуге әбден болады. Бірақ автор мұны мақат етіп алмауы керек, оны геройдың характерін ашу үшін құрал ретінде пайдалануы керек. Міне, С.Шаймерденов осы шектен шығыңқырап кеткен.

Махаббат – адам бойындағы сезімдердің ең аяулысы. Ұлы, айнымас жүректерден туған татаусыз махаббат үлкен күшке айналады, адамның өміріне шырай береді, қуаныш әкеледі. Сондықтан да махаббат тақырыбы – ескірмейтін, таусылмайтын, қайта уақыт озған сайын жасара түсіп, молая өсетін тақырып. Сөз болып отырған романда осы тақырып екі қиынияда алынып шешіледі. Бұлардың біріншісі – Мәулен мен Инеш, екіншісі – Ерен мен Зада. Мәулен мен Инеш арасындағы сүйіспеншілік романда кенінен суреттелген. Өуелінде албырттықпен тез табысып қалған бұл екеуі жүре келе бір-біріне салқын тартады. Аралары алыстай түсіп барып, ақыры олар айырылысып кетеді. Мұның мотивировкасы да біркелкі дұрыс, нанымды берілген.

Зада мен Ерен арасындағы сүйіспеншіліктің тағдыры бұған басқаша. Бұл екеуі қосылады. Жас жүректердің ұшқынысып, жас жандардың табысқаны, әрине, кандай жақсы, қарастықты! Бірақ бұл ретте да авторға тағы бір кінә бар. Ол Ерен мен Заданың сүйіспеншілігін тым сараң, тым жеңіл суреттейді.

Көркем шығарма жастарды күресуге, жасауға, өмір сүруге үйретеді ғой. Ендеше олар Ерен мен Зада арасындағы сияқты алғы, шынайы сүйіспеншілікке байланысты жайларды романдағы күйінен әлдекайда тереңірек, жақсырақ білгісі келеді. Автор Ерен мен Зада арасындағы махаббатты бұдан гөрі тереңірек те, молырақ та ашып көрсетуге тиіс еді.

Романда жалаң ақыл айтудың, дидактиканың да салқыны жоқ емес. Біркатар жайларда геройлар да, тіпті автордың өзі де тікелей ғибрат айтуға салынады. Жазушының негізгі ұстанысы образ арқылы бейнеленетіндіктен, көркем шығармада жалаң дидактиканың, құрғақ ғибраттың ешқандай қажеті жоқ.

Автордың жазу стилінде тағы да бір кемшілік бар. Ол өзінің образ, картина арқылы, тіпті оқиға өрбуі арқылы көргенін, суреттегенін кей реттерде өз тарапынан тағы да түсіндіріп, комментарий береді. Бір ғана мысал келтірелік.

Романның соңғы жағында қаладан кеткелі жатқан Инештің көңіл-күйлерін суреттей келіп, автор былай деп жазады: «Өзінде бар жақсы таланты арқылы Инеш бәрін де жақсы игерді, жеңіл қабылдады. Сол жеңілдікті үйдегі Мәдине де, университеттегі Белгіғұлов та қоздыра түсті. Мәдине «бақыттылық» деген сөзді еңбексіздік деп түсінді. Ендігі жалғыз баласының барынша «бақытты» еңбексіз өсуіне зер салды» (314-бет).

Осы үзіндідс айтылған ойлар романның бүкіл өн бойына оқиғалар барысы арқылы суреттелінген. Ал бұған ешқандай түсінік берудің, қосымшаның керегі жоқ.

Автор суреттеп отырған құбылысын геройының алған әсері, қабылдауы, түйсінуі арқылы суреттеуге әлі де болса саран. Романның кейбір тарауларында көркемдік сурет кейіпкердің психологиясымен, жан толқынымен тұтаса қабыспайды, соның түйсінуі арқылы берілмейді. Ал мұндай жағдайда суреттеу қимылсыз, жансыз, әсерсіз болып шығады. Мысалы, Мәуленнің майданнан оралып Алматыға келген сәтін және Бозжановтың бастауымен студенттердің колхозға барған сапарын баяндайтын эпизодтардағы суреттеу дәл осындай. Бұл суреттеулерде геройлардың ішкі дүниесінің, олардың көңіл-күйлерінің ізі айқын емес, көмескі, әлсіз. Міне, осы мәселелердің төңірегінде автор алдағы уақытта көбірек ойлануға, тереңірек толғануға тиіс.

Бұл аталған кемшіліктер тұтастай алғанда сәтті шыққан романның құндылығын бекерге шығара алмайды. «Болашаққа жол» романы әдебиетімізге бір елеулі шығарма болып қосылатындығы даусыз. Сонымен бірге бұл роман ізденгіш, талантты жас жазушының өз болашағынан – творчестволық болашағынан да үлкен үміт күттіреді.

1954 жыл

ӘДЕБИЕТ СЫНЫ ЖАЙЫНДА

Коммунизм орнатып жатқан совет халқының – жасаушы халықтың рухани нәрі және оны тәрбиелеу ісінде коммунистік партияға қуатты идеологиялық құрал болып отырған біздің советтік әдебиетіміздің алдындағы міндеттер

...ша жауапты әрі ауқымды. Үлкен әдебиетіміздің алдында тұрған ...ұрделі міндеттер әдебиет сынына да қатысты. Әдебиет сыны әдебиет процесіне тереңдеп араласып, оның кемшіліктерден сау болуына, өсіп-дамый беруіне жағдай жасауға, септігін тигізуге тиіс. Совет әдебиет сынының алдында тұрған міндеттерді белгілей кеп, «Правда» газеті былай деп жазды: «Біздің әдебиет сынының жауынгерлік міндеті – партияның қарарларын жүзеге асыру, совет әдебиетінің бұдан да әрі өсуі мен гүлденуіне белсенді ықпал жасау. Әдебиет сыны мен библиография – коммунистік тәрбие мен насихаттың күрделі құралы».

Осы үлкен міндеттер қазақ әдебиет сынының алдында да әрқашан болып келді. Бірақ осы биік міндетті орындау тәрежесінде ол әлі күнге дейін бола алған емес. Жалпы совет әдебиетіндегі сияқты біздің қазақ әдебиетінде де қол жеткен елеулі табыстармен қатар көптеген кемшіліктер бар. Бірақ қазақ әдебиет сыны, әдебиетіміздің жетістік жақтарын, тәжірибесін жинақтап қорытындылай алған жоқ. Және кейбір жазушылардың творчествосындағы кемшіліктерді, қателіктерді батыл сынап, оның себебін, түзелу жолын да ашып көрсете алмай отыр.

Әдебиет сыны әдебиеттің бүкіл даму барысына белсенді ықпал жасай алмай келді. Сондықтан да әдебиет сынын жандандыру, оны әсер етуші белсенді күшке айналдыру туралы мәселені батыл көтеру және оны тыңғылықты шешу ...ға кезек күттірмейтін міндет ретінде тартылуы әбден ...нды.

Рас, бізде сын мақалалар онша аз жазылмайды. Газет, журнал беттерінен сын мақалаларды жиі көруге болады. Бірақ әңгіме солардың сапасында болып отыр. Біздегі сын мақалалар, рецензиялар көбінесе поэзия туралы, поэзиялық шығармалар туралы жазылады. Ал драматургия, проза жайында жазылған мақалалар мүлдем аз. Бір ғана мысал келтірелік. Өткен жылы «Әдебиет және искусство» журналында қырық шамалы әдеби сын мақалалар, рецензиялар басылды. Соның бесеу-алтауы ғана прозалық шығармаларды талдауға арналған. Ал көркем проза қазір қазақ әдебиетінің ең өскен, жетекші жанры екендігіне дау жоқ. Сөйте тұра, проза сынының мүлдем артта қалуы тіпті таңыркарлық жайт.

Қазақ әдебиет сынының теориялық, проблемалық мәселелерді көтеруде жалтақтық, дәрменсіздік келе жатқаны үнемі дерлік сөз болып келеді. Бірақ сыншылар бұл айтылғандардан әлі күнге дейін тиісті қорытынды шығара алған жоқ. Теориялық, проблемалық мәселелерді қозғайтын мақалалар әлі жазылмаған-ақ болсын, бірақ қазіргі бар әдеби-сын мақалалардың, рецензиялардың теориялық, тереңдік жағы да қуанта алмайды. Біздің сыншыларымыз әдебиетімізде туған шығармалармен оқушы жұртшылықты уақытында таныстырып та отырмайды. Жылма-жыл басылып шығып жатқан кітаптардың, жинақтардың, жекелеген шығармалардың көпшілігі туралы пікір айтылмай да қалады. Мұның себебін тек сыншыларымыздың белсенсіздігінен, өмірден артта қалып қойғандығынан ғана іздеуге болады.

Қазақ әдебиет сынында осы күнге дейін орын алып келген басты кемшіліктердің бірі – сыншыларымыздың схематизмге, стандарттылыққа, шаблондыққа ұрына беруінде болып отыр. Газет, журнал беттерінде жарияланып жүрген әдеби-сын мақалалар мен рецензияларды бір-бірінен тек олардың авторлары әр басқа екендігінен және онда талданатын шығармалардың әртүрлілігінен ғана ажыратуға болады. Әрбір ақын, жазушының өзіндік үні, өз қаламының ізі болсын деген, талап сыншыға да қойылуы қажет. Бізде әрбір жаңа шығарманы бағалауда батылдық, принциптілік жетіспейді. Жақсы шығарманың құндылығын, нашарлығын жеріне жеткізе айта алмаймыз. Соның салдарынан көбіне тәуір шығарма мен жасық, арзан шығармалар бір өлшеммен ғана бағаланып жүр.

Қазақ әдебиет сынындағы схематизмнің шаблондықтың бір тамыры көркем шығарманы бағалаудағы осы батылсыздықта, жасқаншақтықта болса керек. Біздегі әдеби сын мақалаларда, рецензияларда, көбіне, талданып отырған шығарманың тақырыбы, сюжеттік желісі, яғни оның мазмұны біраз сөз болады, содан кейін шығарманың саяси, идеялық бетіне баға беріледі. Осымен сын мақала да аяқталады. Ал жазушының творчествосына іштей бойлай отырып, терең талдау жасауға, теориялық қорытындылаулар, байлаулар айтуға біздің сыншыларымыз бара қоймайды. Жазушылық шеберлікті, шығарманың көркемдік ерекшелігін біз мүлдем

сарап сөз етеміз. Жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Қараған-ды» романы әдебиетімізге бір елеулі шығарма ретінде қосылды. Осы роман туралы әдебиетші Скак Дүйсенбаев «Жаңа өмір жасаушылар туралы роман» деген мақала жазды. Сыншы бұл мақаласында романның қозғаған тақырыбын, идеялық бағытын, ондағы басты геройлардың образдары қай дәрежеде жасалғанын біраз сөз етеді, шығарманың құндылығына, кейбір кемшіліктеріне тоқталады. Содан кейін ол мынадай қорытынды жасайды: «Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы жоғарыда айтылған кемшіліктеріне қарамастан, әдебиетіміздің қазынасына қосылған елеулі табыстың бірі екенінде сөз жоқ. Жазушы бұл еңбегінде зор полотно жасауды мақсат етіп қойып, бірсыпыра мәселені дұрыс шешкен. Адам образдарын жасауда, әсіресе, қазақ жұмысшы табының қалыптасу процесін көрсетуде елеулі табыстарға жеткен». Әрине, мұның бәрі де дұрыс. Бірақ сыншы романның тілі, көркемдік ерекшеліктері туралы жазушы көркем бейнелеудің, суреттеу құралдарының өз творчествосы үшін қандай жаңа түрлерін тапқандығы және бұл жолдағы оның жетістік, кемшіліктері жайында бір ауыз сөз айтпайды. Ал мұндай кемшіліктерді көптеген сыншыларымыздың мақалаларынан, рецензияларынан жиі ұшыратуға болады. Шығарманың ішіне тереңдеп ене отырып, оның көркемдік ерекшеліктерін жете талдап көрсетпейтін сын творчестволық еңбектен гөрі орта мектеп оқушысының жазған мазмұндамасына көбірек ұқсайтынын және мұндай сынның жазушыға көрсетер жәрдемі аз екендігін сыншыларымыздың түсінетін уақыты жетті.

Қазақ әдебиет сынының елеулі бір кемшілігі сол – әлі де болса оның мәдениеті төмен жатыр. Әдеби сын мақалалардың теориялық тайыздығын, көтеретін мәселелерінің құлашы тар, қарымы аздығын былай қойғанда, біздің кейбір сыншыларымыз принципиалдық сынның өнін айналдырып, шығармадағы нақтылы кемшіліктерді дұрыс сынап, авторға көмектесудің орнына оны мұқатуға, оған ат қойып, айдар тағуға жақын тұрады. Мысалы, М. Сәрсекеев журналдағы сын мақалалар туралы жазған бір шолуында дәл осындай мінез көрсетті. Ол сын мақалалар мен рецензияларды онда жазушының творчествосы не жеке

шығарма қаншалықты сыналғанына қарап қана бағалады, ал белгілі бір шығармалар туралы айтылған ұнамды ой, пікірлердің бәрін де бекерге шығаруға, тұншықтыруға тырысты. Сондай-ақ, осы мақаласында сыншы жазушы Ғ.Мұстафин мен жас ақын А.Шамкеновты «ұлтшылдар» қатарына қосып, оларға саяси әрі рухани ауыр кінә тағады. Бірақ мұндай пікірін растай алатын ешқандай да дәлел келтірмейді. Бұл, әрине, ең бері салғанда, коммунистік сынның принципіне, совет сыншысының этикасына қайшы нәрсе. Рас, әдебиеттегі кемшіліктерге, қателіктерге, тоқыраушылыққа қарсы мейлінше батыл күрес жүргізу керек. Бірақ қашанда объективті болуды, шығарманы әділ бағалау қажеттігін естен шығармауымыз керек.

Әдебиетке қойылатын талаптар әдебиет сынына да ортақ. Сондықтан да әдебиет сынына да көркем творчество ретінде қарауға керек. Көркем әдебиеттегі идеясыздыққа, сүренсіздікке қарсы күресіп, оның терең идеялылығын, шынайы көркемдігін сақтап қалатын әдебиет сыны да мейлінше көркем болуға, шебер жазылуға керек емес пе. Көркем шығарма сияқты әдебиет сыны да оқушының эстетикалық талғауын, ой-сезімін ұштауға тиіс. Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Горькийдің, сондай-ақ қазіргі таңдаулы совет сыншыларының сын мақалалары оқушының ақыл-ойын толықтырып қана қоймай, оны рухани жағынан да байыта, молықтыра түспей ме!

«Біздің сынымыз, – деп жазды орыстың ұлы сыншысы Белинский, – қоғамның тәрбиешісі болуға және қарапайым тілде асқақ ақиқаттарды айтуға тиіс». Ұлы сыншы айтып отырған әдебиет сынына қажетті бұл қарапайымдықты нағыз көркем шығармада болатын қарапайымдылық дәрежесінде түсіну керек, қарапайымдықты қарадүрсіндікпен, талғаусыздықпен ауыстырмауымыз керек. Біз әдебиет сынына нағыз көркем творчество ретінде қарай алмай жүрміз. Газет, журнал беттерінде жарияланып жүрген мақалалардың бірсыпырасы автордың толғануынсыз, әсерсіз, жалынсыз жазылады.

Ақын, жазушыларымыздың Пушкин мен Толстойдан, Горький мен Маяковскийден творчестволық үйренуі әлі де болса жеткілікті еместігін дұрыс және әруақыт айта жүрсек

ге, осының сыншыларға да қатысты екенін ескере бермейміз. Белинский, Чернышевский, Добролюбовтан біздің сыншыларымыз сыншылық шеберліктің басқа жақтарымен қатар публицистикалық өткірлік пен шынайы көркемдікті де үйренуге тиісті. Қазақ әдебиет сынында теориялық, проблемалық мәселелер шешілмегені былай тұрсын, тіпті әлі күнге дейін күн тәртібіне шындап қойылған да емес. Партияның XIX съезі идеология саласындағы, соның ішінде әдебиеттегі кемшіліктердің бетін батыл ашты және оларды жоюдың шараларын белгіледі, көптеген проблемалық мәселелерді алға тартты. Содан бергі бір жарым жылдай уақыттың ішінде біз әдебиеттегі типтілік, конфликт пен характер және сатира туралы мәселе көтере алмадық.

XIX съезде жасаған баяндамасында Маленков жолдас классикалық анықтамасын берген типтік проблемасы бүкіл әдебиет жұртшылығының назарын заңды түрде аударды. Өйткені әдебиетіміз бен искусствомызды дамыта беру үшін бұл проблеманың өмірлік үлкен маңызы бар.

Типтілік туралы, образды саналы түрде әсірелеу туралы мәселені әдебиетіміздің даму тәжірибесінің өзі алға тартты. Көркем сөздің нағыз шеберлері әрқашан кесек тұлғалар, типтік образдар жасауды әдебиеттің ең келелі міндеті етіп қойып отырды.

Ұлы художник Горький «Жастармен әңгіме» деген мақаласында былай деді: «Мен натуралист емеспін, мен әдебиет шындықтан жоғары көтерілсе, ол шындыққа аздап биіктен қараса екен деймін, өйткені әдебиеттің міндеті шындықты жай суреттеп қоюда ғана емес. Бар нәрсені суреттеп қою аз, болуға мүмкін және солай болса екен деп тілейтін нәрсені соған ұстау керек. Құбылыстарды типтендіру қажет. Ұсақ, өрақ тән нәрсені алып, содан үлкен типтік нәрсе жасау керек, міне, әдебиеттің міндеті осы».

Өмір құбылыстарын типтендірудің жолдары сан алуан. Солардың бірі – образды әдейі, саналы түрде әсірелеу. Бірақ образды әсірелеуді өмір шындығын әсірелеу, бұрмалау деп түсінбеу керек. Қайта әдеби образды әсірелеу арқылы жазушы өмірді типтік жағдайда шынайы түрде бейнелей алады. Горький өзінің «Әдеби ермектер» деген мақаласында шын мәнісіндегі нағыз искусство әсірелеуге ықтиярлы

екенін түсінбейтін әдебиетшілерді сынай келіп, Геркулес, Прометей, Дон-Кихот, Фаустар – «қиялдың жемісі» емес, әсірелеу арқылы жасалған әрі өмір шындығын соншалықты терең бейнелейтін типтік образдар екенін айтады. Өмір шындығын, ондағы өткір тартыстарды шынайы бейнелей алмаған жазушы типтік образдар, терең характерлер жасай алмайды. Қайта, өмір құбылыстарының ішкі мәнін айқынырақ, теренірек ашудың орнына оны сырттай, ажарсыз, жансыз көрсетеді, көркем суреттеуді плакатқа айналдырады. Осы ретте жазушы Жәрдем Тілековтың «Қайнар» повестіне аздап тоқталып көрелік.

Жазушы бұл шығармасында совет адамдарының Отан соғысы жылдарында тылда еткен жанкиярлық еңбегін, патриоттық істерін көрсетпек болған. Бірақ ол бұл игі мақсатын тіпті аздап болса да орындай алмаған. Повесте есте қалатын, айқын жасалған бірде-бір образ, бірде-бір характер жоқ. Автор колхозшылардың еңбегін, патриоттық істерін, колхоз малын асылдандыруды, ішінара майдан эпизодтарын суреттемек болғанмен осы мәселелердің ешқайсысын да нанымды түрде, көркем шеше алмаған. Жазушы совет адамдарының жақсы адамгершілік сезімдерін, жан дүниесін шынайы суреттеп, олардың характерлерін терецірек ашудан гөрі қой, сиыр, жылқының жайын суреттеуге үйір және өзінің жазушылық «шеберлігін» де осы тұста анығырақ байқатып қалады. Адам характерін жасауға олақ автор малдың «характерін» бір ауыз сөзбен, бір фразамен ғана ашып тастайды. Мысалы: «...ферма қонақтары бұдан шыққаннан кейін сиыр бұзаулайтын бөлмеге еніп еді, бұл да жаңағы бұзау қора сиякты екен. Тек одан айырмашылығы мұндағы температура нөлден 3-ақ градус төмен. Мұнда жаңағы бұзаулардан анағұрлым ірі, әукесі салбыраған, ақ басының түгі бұйра, шүйдесі шығыңқы бір семіз бұзауды Шарипа сүтпен суарып тұр екен. «Тойтарыс» осы бұзау еді. Ол сау етіп кіріп келген бір топ бейтаныс адамдарға қарап өкіріп, басын бір бұлғап қойды.

– Құлмұқанов жолдастың үстінен арыз айтып тұр,– деп күлді Таутан.

Келгендердің көзінше жуан бір шелек сүтті сіміріп алған «Тойтарыстың» енді ешкімге алаңы болған жоқ, жемге тұмсығын көмс бастады» (124-бет).

Міне, осы бір шағын үзіндінің өзінен-ақ «Тойтарыс» жапуардың «кескін-келбеті», «портреті» де, сүтке тойып алғанда «ешкімді менсінбейтін маңғаз мінезі» де бірден көзге түсе кетеді.

Бір ғажабы, сол автор малды суреттегенде оны адамның әрекетімен салыстырады да, ал адам сезімін тағы да м а л - дың «әрекетіне» балайды. «Жайылып жатқан жылқыдан дүркін-дүркін бөліне шығып, құйрықтарын тіге құлдырай жарысқан құлын-тайлар кең алаңда доп қуалаған спортшылар сияқты», – деп суреттейді автор жылқыны. «Доп қуалаған спортшылар сияқты» шапқылап жүрген осы құлын-тайдың арасында екі жас – Таутан мен Ұлжан кәдімгідей құшақтасып, сүйісіп тұрады. Олар, әрине, құлыншақтардан көп ұяла қоймайды. Бірақ бұлар күтпеген жерден келіп қалған Мариядан қысылады. Мұны автор былай береді:

– «Ма-а-ша! – деп дауыстағанға жалт қараса, Ұлжан Таутанды жетелей жүгіріп келе жатыр екен.

– Ульяна, поздравля-ю! – деп оларға қарсы жүгірді Мария.

Осының өзі, ана құлындардың ерсілі-қарсылы шұрқырай шапқаны сияқтанды» (157-бет). Бұл-бұл ма. Таутан мен Ұлжанның тапа-тал түсте, жылқы ішінде жүріп, сүйісіп жатқанын көріп қалған Мария енді оңайлықпен қояр ма. Ол қоймайды. «Бұларың қара төбел тайдың құлыннан озғаны үшін бе?.. Әлде дәстүрге айналған әрекет пе?» – деп сұрайды ол. Бірақ сөз аралап кетіп, Таутан мен Ұлжан бұған жауап бермейді. Бірақ Мария сұрағын аяқсыз тастамайды, «Білгім келеді, егер шын мағынасындағы махаббат болса, құттықтағым келеді» – деп қадалады ол тағы да. Осыдан кейін олардың арасындағы диалогты автор былай береді:

– «Ендеше бұл да қара төбел құлынның ертерек желгені сияқты.

– Құлынында басталған желіс құнанында қалыптаса дамуы сөзсіз.

– Біз де соның құнан шығуын күтеміз, – деп Таутан екеуінің атынан жауап берді де әңгімені кесіп тастады Ұлжан».

Міне, совет жастарының асыл махаббат сезімдерін автор осылайша суреттейді, жан толқынының ең бір жарқын, ғажап сәттерінде оларға осындай сөздер айтқызады. Сөйтіп, ол совет жастарының сүйіспеншілік туралы биік сезімдерін,

асыл ойларын өзінің мал туралы жабайы түсініктерімен араластыра, «толықтыра» отырып суреттейді. Автор, жалпы, біздің адамдарымыздың рухани дүниесін шынайы суреттей алмайды, олардың игі сезімдерін аяқ асты етеді. Ж.Тілековтың суреттеуінде біздің совет адамдары ретті жерінде қуана да, қайғыра да алмайтын, ойсыз, жалынсыз жандар болып шыққан. Автор сезім шындығын, геройларының сезім күйлерін, жан толқындарын шынайы суреттеуден мүлдем аулақ. Отан соғысының сұрапыл шайқастарында Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін талай патриоттар құрбан болды, ерлікпен қаза тапты. Біреудің баласы, біреудің әкесі, біреудің сүйген жары майдан даласынан қайтып оралмады. Бұл олардың туған-туыскандарына, бүкіл халыққа үлкен қайғы, ауыр жағдай болды. Бірақ олар жасып, егіліп кеткен жоқ. Ренжи, қайғыра жүріп, шыңдала түсті. Бұл – өміріміздің шындығы еді. Ал енді осы жағдайларды жазушы қалай көрсетеді – енді соған келейік. Повесте Қадиша дейтін бір кейіпкер бар. Оның жолдасы Сейтек майданда қаза табады. Өзінің жолдасы қаза тапқанын естігендегі Қадишаның жан күйін жазушы былай береді: «Қаза тапты деген жаманат Қадишаны қанша қайырткенмен, батырдың жары деген жақсы атақ, қайраған қанжардай қылпытып жіберді. Қуарған өң қызара нұрланып, күрмеле қалған тіл сайрап кетті». Мінекей, Ж.Тілеков біздің адамдарымыздың ауыр қайғыға тап болғандағы сезім-күйлерін осылайша бұрмалап, жеңіл-желпі суреттейді. Біздің адамдарымыздың рухани дүниесі бай, жоғары. Бірақ бұл – олар тек қуанып, күліп жүреді, қайғырмайды деген сөз емес қой. Совет адамының қайғысын, ренішін суреттеу арқылы да оның биік адамгершілік қасиетін, аяулы сезімін көрсетуге болатындығын автор ескермеген.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден, «Қайнар» повестінде суреттелген геройлардың кескін, келбеті, бейнесі және шығарманың көркемдік сапасы қай дәрежеде екені анық байқалады. Бұл повесть көркем шығармаға қойылатын талаптарға зәредей де жауап бере алмайды. Повесте бірде-бір жанды картина, шебер жасалған сурет жоқ. Шығарманың тілі мейлінше нашар. Кітаптың сыртында повесть деген ат тұрмаса және оны көркем әдебиет баспасы шығарған

болмаса, «Қайнарды» көркем шығарма емес, бір колхоздың шаруашылығы туралы, шөп шабу, мал бағу туралы атүсті, жүрдім-бардым жазыла салынған ақпар, мәлімет деп ойлауға болар еді. Пікіріміз дәлелді болу үшін сөзді автордың өзіне берелік: «Бұлардың өзара терминдері «гектардан он немесе он бес центнер астық емес», «қойдан екі кило жүн». Сондықтан Саркыт өзін ауыр артиллеристің орнына қойып, Құрманбайды «кол гранатшы» деп келемеждей бастап еді, оны Мария тоқтатып тастады. Өйткені оның көз алдындағы жүні қыркылып болған Еділбай тұқымдас құнан қой құйрығын зорға көтеріп, орнынан әзер тұрды: салмағын өлшетіп көріп еді, сексен бес килограмм тартты. Оның күзге шейін тағы да он кило қосатыны, кем дегенде бір кило күзем жүн беретіні даусыз. Оның өзі көп қойдың ішіндегі ең семізі, ең жүндесі болсын-ақ, бірақ ол өзге бәсеңдерінің бәрі жыл аяғына дейін өзіндей болып семіру мүмкіншілігіне айғақ сияқтанады» (151 -бет).

Міне, повестің бүкіл өн бойына автордың жазу стилі, шығарманың «көркемдік ерекшелігі» дәл осы сарында болып келеді.

Мұндай әдебиеттік жаттығудың оқушыға көркем шығарма ретінде ұсынылуы – Жазушылар одағындағы, оның проза секциясындағы, сондай-ақ көркем әдебиет баспасындағы кейбір жолдастардың жауапкершілік сезімін жоғалтып, тамыр-таныстықтың, көңіл қимастықтың маңынан ұзай алмағандығын анық дәлелдейді. «Қайнардың» шыққанына талай айлар өтті. Бірақ ол әдебиет жұртшылығының кең, өткір талқысына салынған жоқ. Осының өзі-ақ қазақ әдебиеті сынында әдебиеттің идеялығы, көркемдігі үшін күрес әлі де болса тиісті дәрежесіне көтерілмей отырғанын анықтай түседі.

Қазақ әдебиеті сыны әдебиетіміздің жалпы даму дәрежесінен артта қалып отыр. Бұл жағдай қашаннан-ақ сөз болып келеді. Міндет әдебиет сынымыздың артта қалуының негізгі себептерін батыл ашу және бұдан былай оны жандандыру, әдебиетімізді дамытуға септігін тигізетін белсенді күшке айналдыру.

Біздіңше, қазақ әдебиет сынының осыншалықты кенже қалып қоюына мынадай негізгі екі себеп бар сияқты. Ең

алдымен бізде әдебиет сынын пәрменді идеологиялық құрал ретінде пайдалану, оны құрметтеу, сыйлау, оны өрістетуге жағдай туғызу ісіне жете көңіл бөлінбей келеді. Бізде кейбір жолдастар сыннан сабақ алу, оны творчестволық жұмысында пайдаланудың орнына сыншыны қайткен күнде де есебін тауып мұқатуға, есесін қайтаруға бейімірек тұрады. Бұл осылай-ақ болсын. Ал тіпті бір автордың жақсы шығармасына татымды баға берсе де, сыншы бір сөзге душар болмай қалмайды. Бұл ретте шығармасы жақсы бағаланып отырған жазушымен, не ақынмен араз, қырғи-қабақ адамдар тағы да жаңағы сыншы жазғанның қыр соңынан қалмайды. Сөйтіп екі жағдайда да сыншы сөзге ілігеді, әйтеуір біреу оған тісін қайрап жүреді.

Біздің сынымыздың артта қалуының екінші, біздіңше ең басты себебі – әдебиет сынының кадрлары туралы мәселенің жеткілікті, дұрыс шешілмей отырғанында. Сайып келгенде, бізде әдебиет сынымен оншақты автор ғана айналысып жүр. Және олардың да басым көпшілігі профессионал әдебиетшілер емес, әдебиет туралы әйтеуір пікір айтқысы келіп жүргендер. Бір ғана Москваның өзінде екі жүз елуге тарта әдебиет сыншысы бар екен. Ал басқа қалалардағы жазушылар ұйымдарында да жүздеген сыншы бары даусыз. Осыншалықты көп әрі тәжірибелі авторлары бар орыс әдебиет сынының әдебиетіміздің жалпы даму дәрежесінен кешеуілдеп қалып отырғанын ескс алсақ, жекелеген ғана авторлары бар қазақ әдебиет сынының мұндай мүшкіл халде қалуының себебі анық көрінетін сияқты.

Бізде аға жазушылар әдебиет сынына мүлдем дерлік араласпайды. Өйткені олар өздерінің дос-жарандығын, «татулығын» бұзғысы келмейді. Сондықтан да көзге көп түсе бермейді. Ал бұдан бірнеше жыл бұрын әдебиет сынымен шұғылданған М.Иманжанов, Т.Ахтанов, Қ.Жармағамбетов, С.Сеитов, Ж.Әмірбеков сияқты жазушылар қазір бұл жанрдан қол үзіп кетті. Рас, бұлардың ішінде Т.Ахтанов қана ара-тұра жазып тұрады. Бұл ретте оның әдебиетіміздің ең бір күрделі, тұлғалы шығармалары – «Абай» және «Оянған өлке» романдары туралы ойлы, байсалды мақалалар жазғанын айтпай кетуге болмайды. Бірақ бір жыл бойына екі мақала ғана жазу – творчестволық қабілеті бар, мүмкіндігі мол автордың белсенділігін көрсетпесе керек.

Бізде кейбір жолдастар сынды жете бағаламайды, тіпті оны менсінбейді. Олар басқа жанрда шығарма жаза бастаса, сыннан ұшты-күйлі қол үзіп кетеді. Мысалы, өзінің творчестволық жолын сыннан бастаған және жұртшылыққа алғаш сол арқылы танылған С.Шаймерденов жолдас қазір проза жанрында жазғаннан бері сынмен айналысуды мүлдем қойды. Сөйтіп ол өзінің творчестволық төркінін ұмытып кетті.

Әдебиет сынының кадрлары туралы мәселені сөз еткенде өзіңіз ғалымдарымыз жөнінде де айтпай кетуге болмайды. Бізде Ғылым академиясында, ҚазГУ, ҚазПИ, ЖенПИде ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын, лекция оқитын көптеген ғалымдар, білгір адамдар бар. Бірақ өкініштісі сол – бұл жолдастар өздерінің сол білімін жұрттан қызғанады, аяйды, әдебиетімізге қимайды. Сондықтан да олар әдебиет сынына араласпайды. Біздіңше, шындығында да бұл жолдастардың бірсыпырасы сыр алдырып алармыз деп жасқанады, қорғалайды, ал енді біреулері «ештеңеге мұқтаж емеспіз, осы тыныш жүргенге, ешкімге тиіспегенге не жетсін!» деп ойлайтын сияқты. Қазақ әдебиетінің түрлі мәселелері жөнінде ондаған диссертациялар қорғалды. Бірақ ғылыми атақ алған жолдастар сол еңбектерін кітап етіп бастырып шығару былай тұрсын, тіпті сол жүргізулерін мақала етіп те жариялamайды. Сонда мұндай диссертациялардың ғылымға, әдебиетке, сондай-ақ жұртшылыққа қандай пайдасы болғаны?! Біздіңше, ғалымдардың әдебиетке, әдебиет сынына араласуын, атсалысуын талап ететін, сөйтіп олардың білімдерінің игілігін көретін уақыт жеткен сияқты.

Әдебиет сынының мешеулеп қалуының себебі оның кадрларының аздығында, жастығында екенін дәлелдеу үшін мынадай бір салыстыру жасауға болар еді. Егер қазіргі қазақ прозасын Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Мұстафиннің, сондай-ақ олардың ізін баса шыққан жазушылардың творчествосы емес, әдебиет майданына соңғы жылдарда араласқан Сокпақбаев, Сарғасқаев және сол сияқтылардың жазғандарын ғана сипаттайтын болса, онда прозамыздың көрген күні не болар еді? Міне, қазақ әдебиеті сынының бүгінгі халі дәл осындай. Өйткені қазір сынмен араласып

жүрген Сәрсекеев, Кирабаев, Сахариев, Дербісалин, Сыдыков, тағы басқалар, шынында да, әдебиет сынындағы Сокпақбаев, Сарғаскаевтар емес пе! Ендеше, әдебиет сынымызды дамыту, өркендету үшін ең алдымен оның кадрлары туралы мәселені шешіп алу қажет. Бұл ретте қазір сын жанрында бар творчестволық күштерді біріктіру, оларға көмек көрсету керек. Бұл да аз. Әдебиет сынына ең алдымен: жазушы, ақын, драматургтеріміздің өздері белсене араласуы керек. Мұнсыз әдебиет сынын дамыта алмаймыз. Ал кенже қалған сын әдебиетті өсірмейтіні, қайта оған оралғы болатыны даусыз. Бірақ әдебиетті өсірмей коюға, оны тоқыратуға ешкімнің де правосы жоқ.

1954 жыл

«СЕНІҢ ӨЗЕНІҢ»

«Сенің өзенің» – ақын Хамит Ерғалиевтің жаңа поэмасы. Бұл шығарма ақынның бұдан бұрынғы «Біздің ауылдың қызы» деген поэмасының жалғасы есепті. Алғашқы поэмадағы өзіне таныс кейіпкерлерді оқушы мұнда тағы да кездестіреді. Сонымен қатар, бұл екі шығармада өзара тұтастық, жалғастық болғанымен, олардың айырмашылықтары, іштей ерекшеліктері де бар. «Біздің ауылдың қызында» автор оқиға желісін көбіне шығарманың басты кейіпкері Гүлжанның төңірегінде құрып дамытса, соңғы поэмасында басқа кейіпкерлерінің де өмірін, іс-әрекетін, жан дүниесін теренірек ашуға, молырақ қамтуға тырысқан.

«Біздің ауылдың қызы» поэмасында адамдар арасындағы тартыс өткір, шиеленіскен дәрежеге көтерілмеген болатын. Онда автор адамдар арасындағы қайшылықты, тартысты терең суреттеуден гөрі сол адамдардың табиғатты меңгеру жолындағы кездестірген қиыншылықтарын көрсетуге көбірек бой ұратын. Ал «Сенің өзенің» – адамдар арасындағы тартысқа құрылған шығарма. Осы тартыс поэмадағы басты кейіпкерлер образдарының толығырақ ашылуына, автордың өмір құбылыстарын молырақ суреттеуіне мүмкіндік береді.

Шығарманың негізгі кейіпкері Гүлжанның өмірі, тағдыры бұл поэмада да оқушыны едәуір тартып отырады. Гүлжан алғашқы шығармадағы күйінен көп өзгерген. Бір кездегі сол

ұяң, нәзік жанды, жас қыз енді есейген, тіпті ана болған. Оның жасы ғана емес, ой сарайы, жан дүниесі де толыскан. Бірақ үлкен қызмет аткарып жүрген, семьялық өмір құрған, кексе тарткан Гүлжан әлі де болса сол бір аяулы, назды, тартымды күйінде.

Аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы бола жүріп, Гүлжан ғылыми жұмыстармен де шұғылданады. Ол диссертация қорғайды. Бірақ Гүлжанның көңілінде каяу да бар. Бұған кінәлі – оның жұбайы Шапай. Бұрынғы тракторшы Шапай енді ММШС-тің директоры болған. Бірақ жақсы жар құшқан, қызмет бабында жоғарылаған Шапай рухани жағынан құлдырап кеткен адам ретінде көрінеді. Коруге де онша ажарлы, сүйкімді емес Шапайдың жайы да айтылады. Сынды көтере алмай, әрі күдікті қызғанышка бұлыккан ол аудандық партия комитетінің секретары Айболовтың үстінен шағым береді, домалак хаттар жазады. Шапай Гүлжан жүрегін ұғынудан да, оның таза махаббатын кадірлеуден де тым аулак, төмен жатыр. Шапайдың рухани құлдырағандығы сонша, ол тіпті Гүлжанның «көзіне шөп салуға» дейін барады. Шапай жанының ұсақтығы, әсіресе, оны адамгершілігі мол Ахметпен салыстырғанда, тіпті анық көрінеді. Оның ұсақтығы ашылған сайын Гүлжан көбірек толғанады. Міне, Гүлжан басындағы өкініш те осыдан туады. Автор Гүлжан басындағы осы жайдың ауырлығын тереңірек аша түсуге тиіс еді. Рас, ол оңашада көз жасына булығып та алады. Бірақ поэмада Гүлжан бойындағы осы алай-дүлей толқындар жеріне жете ашылмай калған. Сондыктан да ол оқушыны онша толқытпайды. Яғни оқушы Гүлжанмен бірге ренжіп, бірге қайғырмайды, көбіне оны аяп қана отырады.

Поэмадағы басты, негізгі образдардың бірі – Айболов. Автор оны шығармадағы оқиғаға үнемі араластырып отырады. Айболов белсенді әрекеттің, кең толғамның адамы ретінде көрінеді. Айболов образын жасауда акынның тенденция ұстағаны да анық байкалады. Соңғы кезге дейін біздің әдебиеттеріміздің көптеген шығармаларында партия кызметкерлері қуана да білмейтін, қайғыра да алмайтын, тек жұртка акыл айту үшін жаралғандай әрі өзі үшін ештеңе ойламайтын бір такуа адамдар болып суреттеліп келді. Ал Айболов мұндай кейіпкері емес, ол қуана да, ойлай да

біледі, ренжи де салады. Айболов кателік те жасайды, ол үшін сыналады, талқыға түседі. Оның образы нанымды, өмір шындығына жанасымды. Айболов басқаларға өзінің ісімен, әрекетімен әсер етеді. Оның образының құндылығы да осында.

Долгин, Көшек, Тәйтік сияқты екінші қатардағы кейіпкерлер де оқушының есінде қалып қояды. Автор оларды аз көрсеткенмен, мінез-құлықтарын, психологиясын ашып, даралап суреттей алған.

Автордың тақырыпты меңгерудегі және адам образын жасаудағы жетістіктерін атап көрсетумен қатар, поэманың көркемдік ерекшелігі туралы да бірер сөз айту қажет.

«Біздің ауылдың қызы» поэмасындағы кейбір көркемдік ерекшеліктер – шығарманың баяндай басталуы, образ бен мінез-құлықтың реалистік тұрғыдан ашылуы бұл шығармаға да тән. Автор жаңадан суреттеу құралдарын табуға, ақындық ойды берудің жаңа тәсілін іздеуге тырысады.

«Сенің өзенің» поэмасында жоғарыда аталған басты тұлғалардан басқа тағы да бір кейіпкер бар. Ол – ақынның лирикалық кейіпкері. Шығармада қозғалған негізгі тақырыпқа және онда суреттелетін жеке кейіпкерлерге автордың айқын аңғарылып отыратын ақындық қатынасы бар. Біз оның өз даусын естіп отырамыз. Ол біздің тамаша өмірімізді, совет шындығын сүйеді.

Шапағында осы бір таң сәрінің
Үлесі бар келер адам жарының.
Бұл сағатта мен бесікте, ұйқыда,
Махаббаты болар ма едім бәрінің! –

дейді ақын.

Осы сүйіспеншілік, ыстық құштарлық поэмаға ерекше бір шырай, өң беріп отырады. Ақынның лирикалық шалқулары шығармада суреттелетін оқиғалармен қабыса байланысқан.

Поэмада эпикалық баяндау мен ақынның лирикалық толғанулары араласып келіп отырады.

Драмалық кезеңдер Х.Ерғалиевтің сөз болып отырған осы поэмасында да жиі ұшырасады. Ақын кейіпкерлерінің диалогтерінде драматургиялық қызмет атқаруға тырысады. Поэманың екінші тарауының соңғы жағындағы Гүлжан мен

Шапайдың диалогі, сондай-ақ Айболов пен Долгиннің өзара сөйлесуі бұған дәлел.

Автор кейіпкерлерінің мінез-құлқын айқындап, образын тереңірек аша түсу үшін оның репликасын да орынды пайдаланады. Мысалы, Тәйтіктің сөздері оның қолапай кимылына, тура айтатын анғал ашық мінезіне, сәл дөкірлеу, бір бет әрі долаң қылығына сайма-сай.

Көркем шығарманың құндылығы, әсер етушілік күші ондағы образдардың нақтылығына байланысты. Бұл нақтылық шығарманың негізі болып саналатын авторлық ойдың айқындылығынан, шынайылығынан басталады. Ақын өмір құбылыстарын, шығармасының негізгі материалдарын ойлыптылықпен зерттейді. Болашақ шығарманың идеясы оның ойында осылайша келіп туады. Ал бұл абстрактілі идея көркем шығармада жанды кейіпкерге айналады, нақтылы күйге түседі.

Х.Ерғалиевтің бұрынғы шығармалары нақтылығымен, суреттілігімен ерекшеленетін. Ақын соңғы поэмасында да образдылыққа, поэтикалық нақтылыққа ұмтылады. «Біздің ауылдың қызы» поэмасында детальдар тым көп ұшырасатын. Орнне көркем шығармаға ол керек те. Бірақ өне бойы детальға жүгіре беру тұтас картина жасауға қиындық келтіреді. Осының салқыны «Біздің ауылдың қызы» поэмасының көп жерлерінде байқалып қалып отыратын. Соңғы шығармада да деталь бар, бірақ тым көп емес. «Сенің өзенің» поэмасында автор көбінесе тұтас, шынайы картиналар жасауға тырысады.

«Ырғақ өлеңнің негіздерінің негізі» – деп жазады Владимир Маяковский. Ақынның бұрынғы шығармаларында, әсіпе «Біздің ауылдың қызы» поэмасында да өлеңнің ырғағы үнемі дерлік бір сарындас болып келетін. Ал соңғы поэмасында ақын айтайын деген ойына, суреттейтін құбылыстың ішкі мәніне, сипатына қарай өлеңнің ырғағын өзгертіп, құбылтып отырады.

Бұл айтылғандардың барлығы да Х.Ерғалиевтің творчестволық батыл іздену жолында екенін көрсетеді.

Дегенмен, поэма елеулі кемшіліктерден де құр емес. Онда канал қазу, колдан өзен жасау туралы көп сөз болады. Сондай-ақ поэманың эпилогінде де ақын осы тақырыбына байланысты бір түйінді ой тастайды. Бірақ бұл тақырып жеткілікті ашылмай, күңгірт қалып қояды. Канал

құрылысына байланысты оқиғалар шығарманың сюжеттік арқауына заңды түрде тұтаса еніп тұрған жоқ және оның адамдарды көрсетуге де септігі шамалы. Ал ақын алғашқы поэмасында жеріне жеткізіле жырланған, терең ашылған осы тақырыпты тағы да үстірт орынсыз көлденеңдетеді, кейіпкерлеріне олардың бұрын атқарып тастаған, ада қылған істерін қайта жасатады. Соның салдарынан автор кейіпкерлерінің өрісін тарылтып алған. Сондай-ақ «Біздің ауылдың қызы» поэмасындағы шөл даланың жаңарған кейпін елестететін тамаша пейзаждық суреттер соңғы поэмада тым аз, бояулары да кұкыл.

Поэмадағы тағы бір кемшілік – ондағы кейбір кейіпкерлердің образын бейнелеуде автор асығыстық, үстірттік жасайды, кейіпкердің іс-әрекетін нанымды етіп суреттей алмайды. Бұл кінәні ең алдымен Шапай образына тағуға болады. «Біздің ауылдың қызы» поэмасында еңбек сүйгіш, ашық-жарқын мінезді адам болып суреттелген Шапай соңғы шығармада мүлде өзгеріп кеткен. Ол тым ұсақтап, жалақор, арызшыл адамға айналған. Расында да, осылай-ақ болсын. Бірақ ақын Шапайдың неліктен мұндай халге жеткенін терең ашып көрсетуге, яғни оның ұнамсыз іс-әрекеттерінің себебін толық етіп көрсетуге тиіс еді. Бірақ бұл жағдай поэмада мүлде күңгірт қалып қойған.

Хамит Ерғалиев – өлең ұйқасына ерекше көңіл бөлетін, қатты қадағалайтын ақын. Оның өленderінен шебер қиыскан, тыңнан туған небір жаңа ұйқастарды мол кездестіруге болады. Бірақ ұйқас құруда үнемі жаңалыкка ұмтыламын деудің салдарынан ақын бұл шығармасында кейде жасандылыкка ұрынады.

Өленде ұйқас әр жолдың соңында тұрған сөздердің үндес, үйлес келуімен ғана шектелмеуге тиіс. Бұлай болмаған күнде ұйқаскан сөздер өлең ұйқасы үшін ғана алынған болар еді. Өленнің әр шумағындағы ұйқаскан сөздер өзара жай үйлесіп кана коймай, ондағы ішкі мағынаны айқындап, тұжырымдап тұруы керек. Сонымен бірге ұйқас ақынның сол ойын дәл танытатын бірден-бір сөз болуға әрі заңды түрде, еркін тууға тиіс. Ал жоғарыда келтірілген мысалда ұйқас дәл мұндай қызмет атқарып тұрған жоқ, қайта ақынның ойын көлегейлеп, көмескілендіріп тұр. Яғни автордың не айтпақ болғанына оқушының түсіне коюы киын. Х.Ерғалиевтің

соңғы поэмасының бірсыпыра жерлерінің оқуға ауыр, түсінуге қиын болатыны, тіпті кейде жаңылтпаш сияқтанып та естілетіні осыдан. Ал көркем шығарманың түсініксіз болатын ешқандай жөні жоқ. Ақын келешекте мұндай ақаудан сақтануға, нағыз поэтикалық жаңалықтың шынайы көркемдік пен мазмұн айқындығы тұтаса қабысқанда ғана туатынын қатты ескертуге тиіс.

Кейбір жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, «Сенің өзенің» поэмасы Х.Ерғалиевтің творчестволық табысы болып саналады. Бұл шығармада автор көркем суреттеудің өз творчествосы үшін жаңа тәсілдерін тапқан.

1954 жыл

ЖОЛДАС ОЙЫ

Соңғы кезде әдебиетшілер арасында да, баспасөз беттерінде жарияланған оқушылар пікірлерінде де поэзияның кенжелеп қалуы жайында жиі айтылып жүр. Бұл пікірдің негізінде бір жағынан, шындық та бар. Сонымен бірге бұл поэзиямыздың елеулі, құнды жақтарын түгелдей жоққа саю да емес. Өзінің рухани нәрі саналатын – көркем әдебиетті, оның ішінде поэзияны әсіресе сүйетін совет оқушысы сол рухани серігінің тағдырына немқұрайлы, сүлесоқ қарай алмайды. Оның поэзиямызды бұдан да өскен, кемеліне келіп толыскан күйінде көргісі келеді және сондықтан да оған үлкен талаптар қояды. Ендеше, поэзиямыздың сәл, баяу дамуы жайында, оның кемшіліктері жайында айтылған пікірлерді тек сын ретінде ғана емес, камкорлық сөз ретінде де қабылдау керек.

Расында да, адамдарымыздың жасампаздық еңбегі мен бай рухани дүниесін шынайы бейнелейтін, жеңіс пен күреске толы үлкен өміріміздің тынысын аңдатып, оқушының ойын билеп, жүрегіне ұялап қалатын шығармалар поэзияда, әсіресе оның шағын жанрларында мүлдем аз жазылып жүр. Газет, журнал беттерінде, жекелеген жинақтарда кездесетін көптеген өлеңдер оқушыны толғандырмайды, толқытпайды, оның жүрегін тербеп, ойына козғау салмайды. Мұндай өлеңдерінде поэзия үшін ең алдымен қажет қасиеттер – шыншылдық, авторлық терең толғанушылық, суреттілік

жетісе бермейді. Олар көбіне авторлық тебіренусіз, жалынсыз, тым салқын жазылады. Ал нағыз өмірлік поэзия мен салқындық, салғырттық бір жерге сыйыспақ емес. Шыншылдықты, сезім жылылығын тілейтін жүрекке поэзиядағы салқындық әсіресе суық тиеді, оқушының көңілі толмай, қынжылатыны да осыдан.

Бірақ бұл айтылғандардан – поэзия жұтаң күйден шыға алмай келеді, ол оқушы талабынан мүлдем кейін қалып қойды деген қорытынды жасаудан біз аулақпыз. Жұртшылыққа мәлім және талай айтылып жүрген кемшіліктеріне қарамастан поэзиямыз өмірді барған сайын кеңірек қамтып, тақырып жағынан кемелденіп келеді. Поэзиямызда бүгінгі өміріміздің шындығын, адамдарымыздың тамаша бейнесін жанды образдар, айқын характерлер арқылы суреттейтін реалистік поэмалармен қатар, әртүрлі тақырыпқа арналған әралуан өлеңдер циклдары, жекелеген өлеңдер де аз емес.

Поэзиямыздың өсу, молығу жолында екенін оны тұтастай алғанда да және жекелеген ақындардың творчествосынан да анық көруге болады. Ақын Сырбай Мәуленовтің «Жолдас» атты өлеңдер жинағы да біздің бұл пікірімізді растай түседі. Есімі оқушы жұртшылыққа ең алғаш Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған жалынды, кекті өлеңдерімен белгілі болған ақын сол тұңғыш творчестволық бетінен – советтік дәуіріміздің шындығын, адамдарымыздың ерлік, патриоттық істерін жырлаудан танған да, талған да емес. С.Мәуленовтің өлеңдері көздеген мақсатына кейде жетіп, кейде жетпей жатады, бірақ ол үнемі іздену, үйрену үстінде барған сайын өсіп, кемелденіп келеді. Елімізде болып жаткан елеулі оқиғаларға дер кезінде ақындық үн қосып отыру, өмірге белсене араласу – С.Мәуленов творчествосының ерекше сипаты. Сөз болып отырған жинаққа енген «Келе жатыр январь» атты өлеңінде ақын «өлең – борыш міндетім» деп жазады. Бұл – әшейін айтыла салынған сөз емес. Расында да, ақын өлең жазуды өзінің азаматтық борышы, халық алдындағы міндеті ретінде түсінеді.

Ақын ұлы дәуірімізді, советтік өміріміздің шындығын қашанда ақындық үлкен леппен, отты сезіммен асқақтата жырлауға тырысады. Оның өлеңдерінің, әсіресе, саяси-әлеуметтік тақырыпқа арналған шығармалары мен азаматтық лирикасының кең тынысты, асқақ пафосты болып келе-

ініі де осыдан. Рас, бұл ретте оның жазғандарының бәрі де осындай дәрежеде деп карауға болмайды. С.Мәуленовтің алғашқы кезде жазған өлеңдерінің бірсыпырасында жасанды көтеріңкілік, әсірекызылдық басым болатын. Тамаша өміріміздің бейнесін шынайы суреттеудің орнына ол мағынасы жұтаң, жалтылдық сөздерді тізбектей беруге көбірек жүгіретін. Әрине, мұнымен поэтикалық образ, әсерлі сурет жасауға болмайтыны, кайта бұлайша сөз жаркылдақтығын қуалай беру формализмге соктыратыны белгілі. Шынайы картина, әсем сурет сөздің бояулы, әжарлы ғана емес, үлкен ойды аңдытатын терең мағыналы болуын да талап етеді. С.Мәуленовтің соңғы жылдардағы шығармаларының көпшілігі осы талапка жауап берерлік дәрежеде жазылған.Акын алға карай алып адыммен келе жатқан өмірімізді шын жүректен қуана, аскақтата жырлайды. Оның өлеңдерінен үлкен өміріміздің тынысын, совет адамдарының жасампаздық қуатының пафосын сезесің. Бұл ретте акын өзінің ең асыл сезімі мен алғыс сөзін жаңа өмірдің жасаушысы – Коммунистік партияға ең алдымен арнайды. «Сенің даңқың» атты өлеңінде Коммунистік партияның ұлылығын, бастаушылық рөлін үлкен пафоспен шабыттана жырлай келіп, автор мынадай түйін жасайды:

Халкымыздың қолына алып тағдырын
Сен бастайсың Ұлы өмірдің әр күнін.
Сен аркылы еңбек етіп күндіз-түні
Сен аркылы карсы аламыз таң нұрын.

Сырттай карағанда жалпылама жазылған тәрізді болып көрінгенмен, бұл өлеңде терең мағына, ыстық сезім, акындық от бар. Жоғарыда келтірілген үзіндіде акын күн сайын Отан үстіне ататын таңды ғана емес, сол таңдай жас советтік жаркын өмірімізді де айтып отыр.

Акын көңіл күйі, табиғат лирикасында болсын, азаматтық саяси лирикада болсын өзінің ойын бейнелі сурет аркылы беруге тырысады. Мысалы: «Ленин броневикте» деген өлең былай басталады:

Желбірейді дүниені
Нарттай қызыл ту орап,

Броневиктен Ленин
Қолын созып тұр карап.

Осы шумақты оқығанда халықты революцияшыл күреске шақырып, ұран тастап тұрған ұлы Лениннің бейнесі, ол тіккен нарттай қызыл ту көз алдында елестегендей болады. Жоғарыда келтірілген шумақпен басталған бұл өлең былай аяқталады:

Желбірейді дүниені
Нарттай қызыл ту орап.
Броневиктен Ленин
Бүгін де елге тұр карап.

Бұл – өленнің басқы шумағын әншейін қайталай салу емес. Осы тәсілді шебер қолдану арқылы ақын өленінің негізгі идеясын оқушыға терең де айқын танытып отыр. Ақын осы идеяны, яғни Ленин ісінің өлмес-өшпестігі туралы ойлы жалпылама түрде емес, көркем образ арқылы шебер бейнелейді. Ленин туы қазір де бүкіл әлемді орап, биік желбірейді.

Жинакка енген өлендердің бірсыпырасында ақын совет адамдарының творчестволық еңбегі мен жасампаздық қуатын суреттеуді мақсат еткен. Бұл ретте ақын өзіндік даусын сақтауға, жырлауға тырысады. Мысалы, «Орман арасындағы егін» атты өленде күн шұғыласына малынған ну орман, оның ортасындағы «егін аралы» шебер суреттеледі де, аяғында мынадай түйін беріледі:

Күн шарықтап көгінде,
Қарады байтақ өңірге.
Қарады күндей Күнсұлу
Өзі өсірген егінге.

Міне, бұл өленде автор Күнсұлудың егінді қалай егіп, өсіргенін айтып жатпайды, қайта бітік шыққан егінді ғана суреттейді. Күнсұлуды, оның еңбегін көрсету үшін осының өзі жеткілікті. Бітік егінді де, оның аңызақ пен боранынан қорғайтын көк белдеу орманды да өсірген – Күнсұлу. Оның еңбегі зая кетпеген. Осылайша еңбегі жанғанына тек Күнсұлу ғана емес, оқушы да бірге қуанатындай. «Тұр екен ғой теректер...» атты өленінде де ақын осы тәсіл-

и қолданады... Сары ала күз. «Жарық айдың көзіндей жарқыраған көлді» жағалап бір машина келеді. Машинада отырған жолаушылардың арасында бір жыл оқу оқып қайта оралған жас келіншек бар. Жолаушылардың алдынан жасыл орман кездеседі. Жаңағы келіншектің сол сәттегі жан сезімін, көңіл күйін ақын былай суреттейді:

– Тұр екен ғой теректер,
Тұр екен ғой жамырап,–
Деді де жас келіншек
Күлді жүзі жарқырап.

– Өткен шығар теректе
Талай жастық жазың – деп,
Қойды біздің жігіттер
Келіншекті әзілдеп.

Жас келіншек кідірді,
Ой жіберіп өткенге.
– Бұл теректер егілді
Сонау жылы көктемде.

Жас келіншек жымиды
Деп келер жас сайрандар.
Қоштағандай иілді
Жапырағын жайған тал.

Осы келтірілген үзіндідегі келіншек атынан айтылған сөздерде үлкен мән бар. «Бұл теректер егілді, сонау жылы көктемде» деп ол тегін айтып отырған жоқ. Сол теректерді егіскендердің бірі – осы келіншек. Алыс жақтан оралған оған теректер жақын көрініп, көзіне оттай басылуы да осыдан. Рас, «теректерді еккен осы жас келіншек» деп автор өз тарапынан ештеңе де айтпайды, бірақ оқушы бәрін де сезіп, түсініп отырады.

С.Мәуленовтің өлеңдерінде адамды сергітіп отыратын, көңілді езу тартқызатын жылы юмор да ұшырасады. Акынның қолдануында юмор оқушыда көңілділік сезімін туғызып қана қоймай, сонымен бірге ол кейіпкердің характерін ашуға немесе айқындай түсуге де септігін тигізеді. Мысалы,

Совет Армиясы күніне арналған кеште тост көтеру жолы тигенде майор былай дейді:

– Еске түсті солдаттық
Мен болдым ғой жолбастар.
Ал кәнекей бір тарттық
Лейтенанттар, жолдастар.

Отыздарда жасымыз
Жасықпыз да осы біз,
Келіншектер күлгендей
Ағарыпты шашымыз. («23-февраль»)

«Жол бастап» тартып жіберу – солдаттық шағын еске алған, майдан жолын өткен майордың қуанышты көңіл күйіне жарасып тұр. Сондай-ақ екінші шумақта сол майордың қуақы, жайдары мінезі бір анғарылса, сонымен қатар олар өткен жолдың – майдан жолының сұрапыл қиындығы да жеткілікті суреттелген.

Егер жоғарыда аталған өлеңде юмор шығарманың өн-бойында жылы лебіз, нұрлы рең беріп отырса, «Қара көз» атты өлеңде ақын юморды негізгі суреттеу құралы ретінде пайдаланады. Соңғы өлеңде газет тілшісі – жас жігіт шахтаға түскенде бет-аузын күйелеп алғаны жайында айтылады. «Көзі шегір болса да, кетті аттанып «Қара көз», – дейді автор жаңағы жігіт туралы. Сөйтіп, мұнда ақын газетке мақалалар жазып, белсене араласып жүрген тілші досының өмірімен тығыз байланысы жоқтығын, оның ықемсіздігін зілсіз әзілдейді, жеңіл қағытады. Осындай жылы юмор, жеңіл, шебер әзілді С.Мәуленовтің жоғарыда сөз болған «Тұр екен ғой теректер...» атты өлеңінен де, басқа көптеген шығармаларынан да кездестіреміз. Ақынның бұрынғы шығармаларында мұндай ерекшелік байқала бермей-тін. Ал соңғы өлеңдерінде юморды жиі әрі орынды қолдануы– оның суреттеу құралдарының әртүрлілігіне, молдығына ұмтылатындығын көрсетеді.

Жинаққа енген өлеңдердің көркемдік жағын, ондағы суреттеу құралдарының ерекшелігін сөз еткенде С.Мәуле-новтің ауыз әдебиетіндегі дәстүрлік тәсілдердің кейбірін

әдебиеттің оған қатынасы жайында айтпай кетуге болмайды. Ауыз әдебиеті, оның дәстүрлері және жазба әдебиетінің оған қатынасы жайында біздің жазушылар, сыншылар арасында күні бүгінге дейін әртүрлі пікір орын алып келеді. Республика жазушыларының III-съезінде де бұл мәселе жайында әралуан пікір айтылды.

Кейбір жолдастар қазіргі поэзиямыздың бойында бар кемшілік атаулының бәрінің себебін оның фольклормен қақтығысынан, соның шеңберінен шыға алмағандығынан көреді және фольклорлық дәстүрлерден мүлдем қол үзуге үгітейді. Ал енді бір топ әдебиетшілер ауыз әдебиеті – халықтың рухани мұрасы, бай қазынасы, сондықтан да оның, жазушылар өздерінің творчестволық жұмысында сол фольклорлық дәстүрлерге сүйенгені жөн деген пікір айтады. Біздіңше, осы пікірдің екеуінде де ұшқарылық, қателер жақтылық бар сияқты. Ауыз әдебиетімен байланыс және оның дәстүрлерін пайдалану проблемасы қазақ совет әдебиетінің басқа жанрларынан гөрі поэзия үшін әсіресе күрделі әрі қиын. Өйткені өзінің туып, қалыптасуы, жетілуі жағынан қазақ поэзиясы ауыз әдебиетімен басқа жанрлардан гөрі көбірек және оған жақынырақ.

Ал әдебиетіміздің революциядан кейін жасалған басқа күрделі жанрлары қазақтың ауыз әдебиеті негізінде емес, ең алдымен орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерін, советтің алдыңғы қатарлы жазушыларының творчестволық тәжірибелерін қорыту, үйрену арқылы, солардың реалистік дәстүрлерін игеру арқылы ғана қалыптасты және негізінен алғанда тек осы бағытта дамып келеді. Прозаиктер мен драматургтер ауыз әдебиетінің тіл байлығынан және басқа да бағалы қасиеттерінен үйренбеуге тиіс деген пікір бұдан, әрине, тумаска керек. Ал қазақ ақындарының ауыз әдебиеті үлгілерінен үйренуге, оның кейбір суреттеу тәсілдерін алмыта пайдалануына әбден болады және оларға бұл үшін мүмкіндік те мол. Бірақ жазба поэзия ауыз әдебиетінің дәстүрлік тәсілдерін сол қалпында қолдана салмайтындығы, қабылдамайтындығы белгілі. Жазба поэзияның өкілі фольклорлық суреттеу құралдары мен тәсілдерді творчестволық түрде дамыта, өзгерте қолдануға тиіс. Ауыз әдебиетіне оның дәстүрлік тәсілдеріне осындай қатынас С. Мәуленовте

айқын сезіледі. Жоғарыда мысалға алынған «Ленин броневикте» деген өлеңде мынадай бір шумақ бар:

Жылы шуақ нәр алып,
Қарағандай жер күнге.
Қалың көздер қадалап,
Қарады ұлы Ленинге.

Бұл ретте ақын ауыз әдебиетінде жиі ұшырасатын салыстыруды (параллелизм) қолданған. Мұндағы теңеулер де – ауыз поэзиясында аса мол таралған теңеулер. Бірақ бұдан өлеңнің поэзиялық қасиеті, құндылығы кеміп тұрған жоқ. Қайта ауыз әдебиетінің дәстүрлік тәсілдерін орынды да шебер пайдалану арқылы ақын халық жүрегіне жақын, әсерлі ойды мейлінше қарапайым әрі көркем түрде жеткізе алған. Фольклорлық суреттеу құралдарын осылайша шебер қолданушылықты С. Мәуленовтің жоғарыда біз талдаған «Орман арасындағы егін» атты өлеңінен де және басқаларынан да кездестіруге болады.

Көркем әдебиет адамның өмірін, тағдырын суреттейді, оның характерін жасайды.Терең, айқын характерлері бар шығарма ғана оқушыға күшті әсер етіп толғандыра алмақ. Ондай шығарманы оқушы ұмытпайды. Күрделі, кесек шығармада характер сюжет өрбуі, кейіпкердің іс-әрекеті, авторлық сипаттау, тағы басқа суреттеу құралдарының жәрдемімен жасалады. Ал шағын шығармада, әсіресе лирикалық шығармада характер жасау үшін мұндай мол мүмкіндік жоқ. Сондықтан да бұл ретте – автордан үлкен шеберлік, суреттеушілік талап етіледі. С.Мәуленовте осы талапқа жауап беруге тырысушылық бар. Ол өзінің біраз өлеңдерінде ондағы кейіпкерлердің характерін оқушы есінде қаларлықтай етіп жасауға ұмтылады. Оның «Солдат» деген өлеңін мысалға алып қаралық. Өз тарапынан білетін шебер сипаттау арқылы автор солдаттың мінезін, характерін тәп-тәуір бейнелей алған. Өлеңді зер сала оқып шыққанда қамығуды білмейтін, сауықшыл, жайдары мінезді солдат көз алдымызға келеді. Оның гармоньда шебер ойнайтындығы, қолы босаса-ақ, қыздарға құшақ-құшақ хат жазатыны, сөзге тапқырлығы да оқушының жадында сақталып қалады. Осы

солдат бір ұрыста жараланып, жолдастарынан айырылып қалады. Кейін одан хат келеді. Ол жолдастарына былай деп жазады:

Болса кім солдат
Соғыста өлер ме?!
Барамын сым жалғап
Волгадан Одерге.

Өте тапқырлықпен айтылған бұл сөздер солдаттың характерін айқындай түседі.

Кейіпкердің өз сөзі арқылы оның характерін ашудағы мұндай шеберлікті «Суы осы Нұранын» деген өлеңнен де көруге болады. Қасына еріп барған жолдасы шөлдеп, сусын сұрағанда, шахтер оған үйіндегі краннан салқын су ұсынады да, былай дейді:

Орнынан ол тұрып
Дед: – «Шырақ, бұл ағаң
Өз үйінде отырып
Су ішеді Нұрадан»

Сырттай қарағанда мұнда қызғылықты ештеңе жоқ сияқты. Үйде су қранының болуы да жаңалық емес және мақтан етуге де онша жарай бермейтіндей. Бұл – біздің адамдарымыздың, оның ішінде кеншілердің де тұрмысына әлдекашан енген нәрсе. Бірақ гәп мұнда емес. Ақынның айтпағы да бұдан басқа. Бұл өлеңде, әсіресе осы бір соңғы шумақта өз тағдырына өзі ие, еңбегінің рахатын көріп отырған әрі өміріне, тұрмысына дән разы қарапайым еңбек адамының қуанышты көңіл күйі, орынды мақтаны өте орынды берілген.

Жинақта сүйіспеншілік тақырыбына да арналған бірнеше өлеңдер бар. Бұлардың ішінде «Көрінсейші күн болып», «Сөйлеп еді жүрегім», «Біз табамыз жаңа сөздер», «Ай қарады, ай қарады» сияқтыларды ерекше атауға болады. Бұл өлеңдерге талдау жасау қиын, олардың мазмұнын жай сөзбен баяндау да мүмкін емес. Мұндай өлеңдерді тек өзің оқып шығып, түйсініп, сезінуің ғана керек. Осы өлеңдердің бірін тұтас келтірейік:

Ай карады, ай карады,
Терезеден телміріп.
Сүюші ең ғой таңғы ауаны
Біразырақ кел жүріп.

Айдың нұры, таңның нұры
Жас жаныңа тарасын.
Табиғат та ләззат алып,
Өзіңе бір карасын.

Кейбір сыңаржақ сыншылардың қолына тисе, бұл өленді жерден алып, жерден салар еді. «Өленде уақыттың айқын белгісі жоқ, мұны совет ақыны жазды деу қиын» деп сөгер еді олар. Бұл, әрине, жанды аялайтын нағыз лириканы, оның ерекшеліктерін түсінбей, барлық шығарма атаулыға катып қалған бір ғана өлшем ұсынатын тоғышарлардың ғана айтатын сөзі. Үстірт, жеңіл-желпі қарағанда ғана бұл өлең уақыттан тыс алынып жазылған сиякты көрінеді. Әйтпесе, бұл – нағыз совет ақыны жазған және сол ғана жаза алатын өлең. Осы өленгегі нұрлы, рауанды реңк, куанышты сезім осыны аңдатады.

Ақын табиғат көріністерін суреттеуге де шебер. Жинақтағы өленгердің бірсыпырасынан мұны анық байқауға болады. «Бұлтты үйіріп» деп басталатын өленді ақын сұлу көктем мен сол көктемдей жас әрі көркем өміріміздің куанышты көріністерін өзара астастыра, тұтастыра жырлайды. Өленнен жаңа жайлы көктемнің жылы лебі, жастық лебі есетіндей:

Бақытты елдің
Аспанында
Бақытты күн жүзеді.
Шыркап таудың
Аскарына
Қуаныш – жел кезеді.
Кейде көкте
Көкшіл-жасыл
Лента ойнайды тізіліп.
Менің қызым

Қол созады
Ленталарға қызығып.

Міне, өлең осылайша бірде асқақ пафоска көтерілсе, бірде киялыңды шыркау биікке ынтықтыра тартатын әдемі романтикаға ауысады. Ақын туған өлкесін беріле, тебірене сүйеді, оның поэзиясын терең де нәзік сезінеді. Ол табиғат көріністерін суреттегенде соны да көркем тенеулерді мол қолданады. Мысалы:

Талай қыс, жаз, күзді өткеріп,
Ешбір затқа елеңдемей,
Таулар тұрды тізбектеліп,
Шумақ-шумақ өлеңдердей.

С.Мәуленов өлеңдерінен мұндай соны, әдемі картиналардың талайын табуға болады.

Поэзия – бейнелеп ойлау, образды түрде суреттеу өнері. Поэтикалық образ арқылы бейнелегенде ғана, ақынның ойы оқушыға әсерлі түрде жетеді.

Сөз болып отырған жинақта осы талапқа жауап беретін өлеңдермен қатар көркемдігі аз, жалпылама жазылған жадау өлеңдер де кездеседі. Жинаққа аты қойылған «Жолдас»деген өлеңді мысалға алып қарлық. Бұл өлеңде ең алдымен соны ой, тың пікір жоқ. Талай ақындар айтып кеткен ойды автор сәл ғана өзгертіп қайталай салған. Сондай-ақ өлең тым жалпылама жазылған. Онда ақындық толғану, тебірену атымен сезілмейді. Рас, өлеңде ешқандай әбес ой, қате пікір жоқ. Қайта оның идеясы жақсы, маңызды. Бірақ лайықты көркемдік түрге бөлінбегендіктен, сол жақсы идея жүдеу тартып, солғындап кеткен. «Киров музейінде» атты өлең де осындай. Бұл өлеңде де ақындық от, жалын жоқ. Автор Кировтың музейінде көргендерін құр тізбектей берген, оны ақындық жүрегінің елегінен өткізбеген. Сондықтан да өлең тым әсерсіз, енжар оқылады. Бұл өлеңде де өмірлік материал поэзияға айналмаған.

Осы өлеңдерге тән кемшіліктер – сырттай енжар бақылаушылық, құбылысты жалаң, салғырт баяндау «Волга-Дон» атты өлеңде де бар. Бұл шағын өлеңді түгел келтірелік:

Жатып еді су тілеп,
Осы бір жон тап-тақыр
Төсінде теңіз күркіреп
Ойнады толқын қақпақыл.

Ұлы Волга елжіреп,
Кең құшағын Донға ашты,
Кездесер күн келді деп
Екі өзен қолдасты.

Көп замандар тарығып
Көңілдері кірлепті.
Бірін-бірі жаны ұғып
Билеп-ойнап бір кетті.

Бұл өлең еліміздің өмірінде болған үлкен оқиғаға әйтеуір үн қосу үшін жазыла салынған. Мұнда ешқандай ой жаңалығы да, сурет сонылығы да жоқ. Автор негізгі идеясын образды түрде бейнелеудің орнына тағы да өз тарапынан жалаң баяндауға салынады. Өлең ақындық толғанусыз, әсерсіз жазылғаны көрініп-ақ тұр. Бұл өлеңдер ақынның жазу мәнеріне, ақындық темпераментіне, стиліне қайшы. Бір жақсысы сол – мұндай өлеңдер жинақта некен-саяқ. Бірақ соларды кітапқа енгізбеу керек еді.

Жинақта лирикалық шағын өлеңдерден басқа «Секретарь», «Бір күн, бір түн», «Өлмес өмір» атты үш поэма бар. С.Мәуленов бұрын көбіне поэзияның шағын жанрларында жазып келген ақын. Сондықтан да оқушы оның поэмаларын оқуға ынтыға, қызыға кіріседі. Бірақ әрең деп оқып шығады да, сол сәтте бәрін ұмытып та үлгіреді. Бұл сол поэмалардың сәтсіз болып шыққанын, оқушының оларды қабыл алмағанын көрсетеді. Пікіріміз дәлелді болуы үшін жоғарыда аталған поэмаларды талдап қаралық.

«Секретарь» атты алғашқы поэмасында автор партия қызметкерінің бейнесін жасамақ болған. Ол поэманың негізгі геройы Әлімовтің іс-әрекеті, ой-толғанулары арқылы партия қызметкерінің халыққа ететін еңбегі мен қамқорлығын, оның тамаша рухани дүниесін көрсетуге тырысады. Бұл, әрине, жақсы ниет. Бірақ өкініштісі сол – автордың бұл игі ойы

шығармада ақталмаған, поэманың негізгі идеясы лайықты көркемдік түрге бөлінбеген. Поэмада Мақпал көлдің суын канал арқылы егіндік далаға бұру жайы баяндалады.

Партияның аудандық комитетінің секретары Әлімов машинасымен ауылға келе жатып Мақпал көлдің суын пайдалану жайында ойлайды. Бұл ойын ол колхоз басқармасының мүшелері Пак пен Иванға айтады. Канал қазу туралы секретарьдың бұл ұсынысын басқарма мәжілісі де бекітеді. Көктем туа колхозшылар канал қазуға кіріседі. Әлімов та оларға келіп-кетіп, лекциялар оқып жүреді. Ақыры канал құрлысы аяқталады. Мақпал көлдің суы шөліркеген даланың сусынын қандырады... Міне, поэмада суреттелетін оқиға желісі осындай. Поэманың сюжеттік желісін құрайтын оқиғалар өрбуі, ондағы адамдардың іс-әрекеттері – бәрі де жасанды, бәрі де схемаға құрылған. Поэмада адамдар арасындағы тартыс, өткір конфликт атымен жоқ, тек канал қазудағы болмашы қиыншылықтар ғана бар. Оның өзін де автор тым үстірт, асығыс, жеңіл- желпі суреттейді. Поэманың басты геройы Әлімов образында нағыз партия қызметкерлеріне тән қасиеттер шынайы көрсетілмеген. Оқушы оны танып, ұнатып үлгермейді – поэма бітіп те қалады. Әлімов та біржола ұмыт болады.

Өзінің геройын іс-әрекет үстінде, шынайы өсу жолында көрсете алмаған автор дәрменсіздік жасап, ақыр аяғында мейлінше жасандылыққа ұрынады, арзан нәтижеге жүгіреді. Ол өзінің геройын қызмет бабында әншейін жоғарылата салады. Шығарманың соңында ақын Әлімов туындылары мынандай хабар береді:

Секретарь обкомда
Сен білетін Әлімов
Келсе де одан хат күнде
Жүрміз өзін сағынып.

Ең алдымен, поэмада суреттелген, біз білетін Әлімовтің мұндай биік дәрежеге көтеріле қоярлық қасиеті де, қаукары да жоқ. Бұл ретте автор көріне-көзге схематизмге ұрынады, геройын әйтеуір өсіруге тырысады. Екіншіден, «одан күнде хат келсе де өзін сағынып жүрміз» деген жолдар жалпы жақсы естілгенмен, дәл осы орнында тым жасанды,

әсірекызыл сезіледі. Бұл автордың өзі әдейі айтып отырған сөз, әйтпесе оқушы Әлімовты дәл мұндай дәрежеде қабылдамайды, өйткені ол бұған лайық емес (автор лайықты етіп шығара алмаған). Геройын ретін тауып, өз тарапынан бұлай дәріптегенше ақын оның өміріндегі үлкен тұлғасын шынайы суреттеуге, оның бейнесін толыққанды етіп суреттеуге тиіс еді. Бірақ автор бұған бармай, оңай жолмен кеткен. Поэманың екінші бір кейіпкері Балғабай (Әлімовтің шоферы) жайында да автор осылай етеді. Көлденең біреудің сөзі арқылы оқушы Балғабайдың Москваға курска кеткенін біледі. Міне бұл – Балғабайдың өсу жолы?!

Иван, Пак сияқты кейіпкерлердің поэмада тек аттары аталады, болғаны сол ғана. Оларды автордың поэмаға не мақсатпен енгізгені де белгісіз. Сөйтіп, толық жасалған деуге тұрарлық бірде-бір образ, характер жоқ.

Поэманың аяқталуы да оқушыға күдік туғызады. Мақпал көлдің суын сімірген соң, шөл дала жасарғанын, онда бұлақ ағып, орман жайқалғанын айта келіп, автор поэманы былайша түйіндейді:

Дала жайып дәулетін,
Толықсиды түрленіп.

Коммунизм сәулетін
Тұрды Иван бір көріп.

Мұнда ақын өз даусын жоғалтып, басқа бір ақындардың әуеніне түсіп кеткен. Мысалы, поэманы түйіндейтін осы шумақтағыдай сурет Тайыр Жароковтың жұртшылыққа мәлім «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасының да соңғы бөлімінде бар (Орман күзетшісі – Сарман шалдың киялмен болашақты шолуын және сол тұстағы авторлық шалқуларды еске түсіріп көріңіз). Ал Т.Жароковта бұл сурет әлдекайда әсерлі, тартымды берілген. Сөйтіп, шығарманың аяғында ақынның өз даусын, өзіндік сонылығын жоғалтып, басқа ізге түсіп кетуі онсыз да схемаға, жасанды оқиғаларға құрылған бұл поэманы одан сайын жүдете, арзандата түскен.

Жинақтағы «Бір күн, бір түн» поэмасы жайында да «Секретарь» туралы айтылған пікірді қайталауға болар еді. Бұл поэма да әбден шыйыр болған оқиғаға, схемаға

құрылған. Мұнда да оқушының жадында сақталатын, оның мейіріміне бөленетін кеңінен пікір айтып жатпауды орынды көрдік.

«Өлмес өмір» атты үшінші поэма Юлиус Фучикке арналған. Мұнда Фучиктің жауға бас имейтін қайсарлығын, қайрат-жігерін, оның болашакка, өзі мақсат етіп, күресіп жүрген идеяның жеңетіндігіне жаркын сенімін әсерлі суреттейтін біраз эпизодтар бар. Бірақ «Өлмес өмір» бұл күйінде поэма емес, ұзақ өлеңге немесе балладаға көбірек ұқсас. Сондықтан оны поэма деп атаудың кажеті жоқ еді.

Жинақтағы өлеңдер мен сюжеттік шығармаларға шолу жасап, талдай келгенде мынаны айқын байқауға болады: С. Мәуленов лирикалық шағын өлеңдер жазуда өзінің шеберлігін жетілдіре, кемелдендіре түскен. Бұл тұста оның ақындық даусы да айқын, өзгеше естіледі. Ол бұл жанрдың мүмкіндіктерін де мол пайдалануға тырысады. Ал сюжетті, кесек шығарма жазу саласында С.Мәуленов әлі ізденіу, талаптану, бұл жанрда өзінің ақындық күшін байқау үрежесінде ғана жүр.

1954 жыл

ӘДЕБИЕТ СЫНЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адам баласының көркемдік дамуы тарихында жаңа дәуір ашкан, бүкіл дүниежүзіне адамгершілік пен бейбітшіліктің жаркын идеяларын мол таратып отырған өзінің советтік үлкен әдебиетін біздің халқымыз шын жүректен сүйеді және оны лайықты мактан етеді. Сонымен катар совет халқы өзінің әдебиетін бұдан да биік өскен, кемеліне келіп толысқан күйде көргісі келеді. Халықтың осы талабы дәрежесіне көтерілу үшін кажет творчестволық күштер мен мүмкіндіктер біздің әдебиетімізде зор да мол. Бұл істе, яғни советтік әдебиетімізді жемісті де жедел дамыта беру ісінде әдебиет сыны ерекше рөл аткарады. Үлкен әдебиетіміздің алдында тұрған творчестволық күрделі міндеттер әдебиет сынына да тікелей катысты. Әдебиет сыны әдебиет процесіне тереңдеп араласып, оның даму бағыты мен жолдарын

айқындап отыруға, әдебиеттің кәте-кемшіліктерден сау болуына, өсіп-өркендей беруіне жағдай жасауға септігін тигізуге тиіс.

Тұтастай алғанда, совет әдебиет сыны бұл міндеттерді орындау жолында елеулі жұмыстар атқарғаны мәлім. Соңғы жылдарда советтік әдебиетіміздің басты-басты проблемалық мәселелерін қамтуға, жекелеген ақын-жазушылардың творчествосын талдауға арналған көптеген ғылыми зерттеулердің, монографиялық еңбектердің жарыққа шыққандығы бұған айқын дәлел. Бірақ осындай қол жеткен көрнекті табыстары барлығына қарамастан, әдебиет сыны әдебиетіміздің жалпы даму дәрежесінен кенжелеп қалып отыр. Сондықтан да Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің совет жазушыларының Бүкілодақтық II съезіне құттықтауында: «Классиканың аса бай мұраларын талдап зерттеуге және совет әдебиетінің тәжірибесін қорытуға, әдебиетіміздің идеялық-көркемдік жағынан өсуіне көмектесіп отыруға міндетті әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу ісі әлі күнге дейін мықтап артта қалып отыр»,– деп атап көрсетілді.

Әдебиет сынының кенже қалып қойып отырғандығы қазақ совет әдебиет сынының мысалында әсіресе анық көрінеді. Жалпы қазақ совет әдебиет сыны – ұлттық әдебиетіміздің жас жанры емес. Октябрьдің дауылды күндерінде туып, совет өкіметі жылдарында қалыптасып жетілген әдебиетіміз өткен творчестволық жолды қазақ әдебиет сыны да бастан кешірді. Міне, сол өткен жолға ой көзімен оралсақ, бізде сындық ойдың қаншалықты аласа жатқанын айқын танимыз. Өйткені бұл жылдарда біздің ұлттық әдебиетіміз өзінің барлық негізгі жанрларында, яғни, проза, поэзия, драматургия саласында оқушы жұртшылық мол мейірмен қабылдаған, бүкіл халық таныған көптеген күрделі де кесек шығармалар тудыра алған болса, ал қазақ совет әдебиет сынында осы күнге дейін бірде-бір байсалды, көлемді зерттеу, ғылыми сындық еңбек жоқ. Рас, сыншылар қаламынан әр кезде туған жекелеген кейбір кітаптар, ғылыми зерттеулер болды. Бірақ олар сол жазылған шақтарынан алыска ұзамай-ақ ұмытылды, әдебиетіміздің қорына тұрақтап ене алмады. Сондықтан да олар жайында

сөз қозғаудың ешқандай қажеті жоқ. Әдебиет сынының ұзақ уақыт бойы осындай творчестволық тоқыраудан шыға алмай келе жатқаны үшін әдебиетімізбен бірге жасасып келе жатқан ата сыншылар ең алдымен жауапты екендігі, әрине, әркімге-ақ аян болса керек. Бірақ біз олардың сындық еңбектеріне тоқталып жатпаймыз, тек жас сыншылардың творчествосы жайында ғана өз пікірлерімізді ортаға салуды мақсат етеміз.

Бұл жас сыншылардың қатарына Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, Қ.Нұрмаханов, Қ.Құттыбаев, С.Қирабаев, Б.Сахариев, Е.Букетов, М.Сәрсекеев және басқалар жатады. Негізінен алғанда, әдебиетке соғыстан кейінгі дәуірде келіп қосылған бұл жас авторлар әдебиет сыны майданында өздерінің творчестволық күштері мен мүмкіндіктеріне қарай белсене, жемісті еңбек етіп келеді. Аталған сыншылардың қатары соңғы бірер жылда Р.Бердібаев, М.Машақов, М.Дүйсенов, Г.Сыдықов, С.Тоғысбаев және басқа да бірсыпыра жас авторлармен молыға түсті.

Жоғарыда аталған жолдастардың әдебиетіміздің құбылыстары мен жекелеген шығармалары туралы өзіндік пікірлерін баспасөз беттерінен жиі-жиі оқимыз. Сондықтан да жас сыншылардың творчествосы жөнінде сөз ету – бір жағынан, белгілі дәрежеде жалпы қазақ совет әдебиет сыны жайында сөз ету болып табылады. Біз бұл арада М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Исмаилов сияқты сыншылардың алғашқы буын өкілдерінің еңбегін жоққа саймақ емеспіз. Бірақ сонымен қатар бұл жолдастар көбінесе әдебиет тарихын зерттеу мәселелерімен баса шұғылданып, ал бүгінгі әдебиетіміз жайында пікірді тым сарап айтып немесе мүлдем айтпай жүргенін де жасырмай айтуға керек.

Жалпы алғанда, бізде әдебиет сыны әдебиеттің бүкіл даму барысына белсенді ықпал жасай алмай келеді. Сондықтан да әдебиет сынын жандандыру, оны әсер етуші белсенді күшке айналдыру туралы мәселені батыл көтеретін және оны тыңғылықты шешуді алға кезек күттірмейтін міндет ретінде тартатын уақыт алдақашан жетті. Рас, қазақ әдебиет сынының кенжелеп қалғаны жайында әрдайым сөз болып келеді. Бірақ «ауызды ку шөппен сүртіп», «қол қусырып» отыра бергеннен ешқандай жемісті нәтиже шықпақ емес. Әдебиет сынымыздағы елеулі кемшіліктерді

ашып көрсетуге баса назар аударумен бірге ондағы кейбір қуантарлық сәтті құбылыстарды да тани білуіміз керек. Өйткені сол сынымызды дамыта, жетілдіре түсу үшін мұның ерекше маңызы бар. Не нәрседен бойды аулақ салу, арылу керектігін білудің мәні қаншалықты зор болса, сол сияқты не нәрсені өсіріп, тереңдете түсу қажет екендігін тани алудың да мәні соншалықты үлкен. Осы тұрғыдан қарап, біз жас сыншыларымыз бен әдебиет зерттеушілеріміздің творчествосындағы ұнамды құбылыстарға ең алдымен тоқталып өтуді мақұл көрдік.

Жас сыншылар көбінесе мақалалар, рецензиялар жазумен ғана шектеліп жүр. Соңғы жылдарда тек екі-ақ жас сыншының кітаптары шықты. Олар – Тәкен Әлімқұловтың «Абай» атты өмірбаяндық творчестволық очеркі мен Зәки Ахметовтың «Лермонтов және Абай» атты ғылыми-зерттеу еңбегі.

Өткендегі классиктердің творчестволық мұраларын жан-жақты, толық зерттеу – совет әдебиетшілерінің ең игі борыштарының бірінен саналады. Өйткені әр дәуір, әр буын сол мұралардың бойлатпас тереңіне үнілген сайын олардың небір соны қасиеттерін тани, аша түседі және соларды өз қажеті үшін пайдаланып отырады. Бұл ретте орыс халқының теңдесі жоқ ұлы ақыны Пушкин творчествосының тағдырын мысалға алу жеткілікті. Орыстың өткен ғасырдағы Пушкинмен тұстас болған және одан кейін жасаған сыншылары мен ойшылдарының, ақын-жазушыларының ішінде ұлы ақынның творчествосы жайында пікір айтпағаны кемде-кем, бірақ олар бірін-бірі қосарлана қайталаған жоқ, қайта Пушкин мұрасының сарқылмас қуаты мен творчестволық тереңін барған сайын мол аша түсті. Сол Пушкиннің творчествосы жайында қазіргі совет әдебиетшілері де көптеген ойлы да салмақты зерттеулер жасады және мұндай еңбектер болашақта да туа бермек.

Сондай-ақ, тек совет дәуірінде ғана шығармалары шын мәнісінде халық игілігіне айналған жалғыз ұлттық классигіміз Абайдың творчествосы басқа ақын-жазушылардың творчествосынан әлдекайда мол әрі белгілі дәрежеде терең зерттелуінің себебі де өзінен-өзі түсінікті. Бұл игі іске

кәнігі, тәжірибелі әдебиетшілерімізбен бірге жас сыншы-қарымыздың да атсалысуы әбден орынды. Өйткені жасамыс әдебиетшілер мен жас сыншылар тізе қоса, бірлесе еңбек еткенде ғана Абайдың творчестволық мол мұрасын игере аламақпыз.

Т.Әлімқұловтың жоғарыда аталған кітабы терең ғылыми зерттеу емес, оқушылардың қалың көпшілігіне арналған очерк. Автор өзінің алдына қойған мақсаттарын, негізінен, орындап шыға алған. Оқушылар бұл кітапшадан Абайдың өмірі мен творчествосы жайында бірсыпыра қызғылықты мәліметтер табады. Біздіңше, кітапшаның ең басты құндылығы – автордың бұрыннан белгілі жәйттерді қайталауға көп ұрынбай, өз тарапынан тың пікірлер айтуға ұмтылғандығы. Кітабында көтерілген мәселелердің қайсысының болсын шешімінен автордың өзіндік ойын, соны сөзін мол ұшыратамыз.

Абай – ең алдымен өзі өмір кешкен дәуірдің үні, сол кездегі қазақ қоғамындағы тарихи ілгерілеулер мен алдыңғы қатарлы идеялардың жемісі. Ол – қазақ топырағында туған және туа алған ұлы тұлға. Автор осы ақиқатты дұрыс түсінеді. Ол Абай творчествосын нәрлендірген факторларды сол кездегі өмір шындығынан іздейді. Абай творчествосының бастауы, қайнар көзі өз халқының өмірінде және оның ежелден келе жатқан сөз өнерінде. «Сөз күшінің орасан зор екенін жақсы білген Абай өмір күресінде қалың бұқараның қамын жеп, мұңын жоқтайтын ақындардың жырына бой ұрып, ерекше екшеп үйрене білді. Әрине, көбісінің есімі бізге жетпеген білімі тар бұл ақындар кейінгі озық білімді Абаймен салыстырғанда кеме жанындағы қайықтай болып қана қалады. Бірақ соған қарамастан олар Абайға үлкен әсер етті. Абай сөз жұмсау тәсілдерін үйренді. Тілге молықты». Автор осы пікірлерін жинақтай келіп, «Асылы, ұлттық дәстүрден тыскары туатын гений болмаска керек», – деген дұрыс та тұжырымды қорытынды жасайды.

Ақындық өнердің асқар биігіне көтеріле алғаны үшін Абай орыстың озғын ойы мен классикалық әдебиетіне әсіресе мол қарыздар. Автор мәселенің осы жағына да мол назар аударуға тырысқан. Бірақ бұл мәселе толық қамтылмай, сыңаржақ шешілгенін де атап айтуға керек. Яғни, автор

Абайдың орыс ақындарының шығармаларынан жасаған аудармаларына көбірек тоқталған және бұл ретте көптеген қызғылықты да соны пікірлер айтқан. Ал Абайдың орыс ақындарынан қалай үйренгені, олардың творчестволық дәстүрлерін қаншалықты дәрежеде қабылдап, дамыта игергендігі туралы мәселе кітапта терең ашылмай, көмескі қалып қойған.

Абайға дейін қазақ әдебиетінде аудармашылық тәжірибе болған жоқ. Сондықтан да ол көптеген творчестволық қиындықтарға кездесті. Бірақ талант ізденсе, таппай тынбайтыны мәлім. «Қыранша қырымға қарап», қиядағыны болжаған, шарқ ұрып ізденген Абай да өз іздегенін тапты және молынан тапты.

Т.Әлімқұлов Абайдың орыс ақындарынан жасаған аудармаларының барлығына бірдей тоқтала бермейді және бұл оның кітабының негізгі мақсаты да емес. Автор Абайдың бірнеше аудармасын ғана мысалға ала отырып, қозғап отырған мәселесі жайында тиянақты, жинақты пікірлер айтады. Ол бұл ретте де өзінің нәзік байқағыштығын танытады. Абайдың ұлылығы тек оның өзінің төл шығармаларынан ғана емес, сонымен қатар аудармаларынан да мол, айқын аңғарылады. Абай түпнұсқаның негізгі ерекшеліктерін, мазмұнын сақтап, барынша дәл аударғанда да творчестволық түрде, жарыса отырып аударады.

Автор көптеген мысалдар келтіре отырып, Абайдың аудармашылық өнерінің ерекшеліктерін ашуға тырысады.

Автор Абайдың реализмі, оның шығармаларындағы лирикалық, сатиралық сарындар жайында, оның ақындық жаңашылдығы жайында да бірсыпыра сөз еткен. Кейде жалаң баяндауға, кейде бұрыннан белгілі, шиыр болған жайларға ұрынғанмен, бұл ретте де автор негізінен өз даусын жоғалтпаған.

Сонымен қатар сыншының кейбір пікірлерімен келісуге де болмайды. «Абайдың жұртшылыққа түгел тараған «Айттым сәлем, Қаламқасы» орыстың «Карие глазки» деп аталатын ежелгі халық әні болып шықты»,– деп жазады автор және сол әннің тексін келтіреді. Бірақ оның сол келтірген мысалы жоғарыдағы пікірін қуаттап тұрған жоқ.

Сондай-ақ, сыншының: «Асылы, Абай әндерін көбінесе

өлеңнің уағыздаушысы ретінде шығарып отырған сияқты».– деген пікірі де сыңаржақтылықпен айтылған. Рас, бұрынғы қазақ сахарасының бұйығы жағдайында Абай шығармаларының халық арасына соншалықты мол таралуында оның көптеген өлеңдерінің әнге салынып айтылуының ерекше маңызы болғаны даусыз. Бірақ Абай шығармаларының бүкіл сахараға кең танылуының себебі тек мұнда ғана болмаска керек және Абай өзінің «құлақтан кіріп, бойды алатын», адамның жанын толқытып, көңілін сергітетін сазды, әсерлі әндерін шығарғанда алдына, сөз жоқ, біздің сыншымыз айтып отырған себептен әлдекайда зор мақсат қойған.

Т.Әлімқұловтың бұл кітапшасы – терең де күрделі ғылыми еңбек емес, тек үлкен зерттеудің барлаушысы тәрізді. Сыншы қазақ совет әдебиеттану ғылымының қашан да ескірмейтін осы тақырыбына, яғни ұлы Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеу жайына қайта оралып, байсалды да көлемді еңбек жасауға тиіс.

Әдебиет зерттеушісі, жас ғалым З.Ахметовтың жоғарыда аталған «Лермонтов және Абай» деген кітабы нақтылы бір мәселеге ғана, яғни Абайдың Лермонтов шығармаларынан жасаған аудармаларын талдап зерттеуге арналған.

Абайдың орыс классиктерімен творчестволық байланысы және оның орыс ақындарының шығармаларынан жасаған аудармалары туралы мәселе әдебиет зерттеушілерінің назарын көп уақыттан бері және әрдайым аударып келеді; сөйтсе де, аса маңызды бұл мәселе әлі күнге дейін толық та дәйекті шешілген жоқ. З.Ахметовтың бұл кітабын осы мәселені ғылыми тұрғыдан шешу жолындағы алғашқы, сәтті бастама деп карау керек.

Абайды Лермонтовпен жақындастырған, оның творчествосының тереңіне үңілдірген не? Абай Лермонтовқа қандай жолдармен және қалай келді? Кітаптың бірінші бөлімінен біз осындай келелі сұрақтардың жауабын табамыз. Бұл бөлімде автор Абай мен Лермонтовтың творчествосына қысқа, бірақ айқын сипаттама береді және олардың творчествосындағы ортақтас, өзектес сарындардың бетін ашады. Сөйтіп, қазақ топырағында, өз дәуірі, қоршаған ортасы үшін Абай Лермонтов типті ақын болғанын көрсетеді.

З.Ахметовтың бұл кітабының ерекше құндылығы сол – автор Абайдың Лермонтовтан жасаған, бірақ соңғы кезге дейін белгісіз болып келген бірнеше аудармаларын тыңнан анықтайды. Мысалы, Абайдың «Ал сенейін, сенейін» деген өлеңі – Лермонтовтың «Исповедь» атты шығармасының, «Адамның кейбір кездері» деген өлеңі – Лермонтовтың «Журналист, оқушы және жазушы» атты шығармасының бір бөлімінің, «Күнді уақыт итеріп» деген өлеңі – Лермонтовтың «Кеш» деген өлеңінің, ал «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?» деген өлеңі – Лермонтовтың «Измаил-Бей» атты поэмасының екінші бөлімінің бір үзіндісінің аудармалары екенін зерттеуші нақтылы мысалдар келтіріп, салыстыра отырып дәлелдеген. Әрине, Абай Лермонтовтың жоғарыда аталған шығармаларын сол күйінде, тұтас әрі үнемі бірдей дәлме-дәл аудара бермеген. Олардың соңғы уақытқа дейін анықталмай келуінің сыры да осы кинындыкка байланысты еді.

Әдебиетшілеріміздің арасында жас зерттеуші тапқан бұл жаңалықтарды мойындамаушылық, қайта бұл – Абайдың творчестволық мол мұрасын жоққа шығару, оның өзіндік тұлғасын кеміту деп қараушылық болды. Біздіңше, бұл әділдік те, дұрыстық та емес. Өйткені ең алдымен, автор келтірген анық, бұлтартпас мысалдар мен дәлелдерді көріп отырғанда оның пікірлеріне сенбеске ешқандай әддің жоқ. Екіншіден, тағы да бес-алты шығармасының аударма болып шығуынан Абайдың бай творчестволық мұрасы кеміп, таусылып қалмақ емес, қайта бұл Абайдың орыс ақындарымен творчестволық байланысы, жақындығы бұрын біз білетін дәрежеден әлдекайда кең де терең екенін айқынырақ танытады.

З.Ахметов зерттеуінің екінші бір құндылығы – оның бұрын Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары ретінде қаралып келген бірнеше өлеңдердің авторы Лермонтов емес, басқа ақындар екенін анықтауы. Мысалы, Абайдың «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» деген аудармасы – ақын Я.П.Полонскийдің «Жүрек» деген өлеңі екенін, ал «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» – ақын В.А.Крыловтың «Жараланған жүрек» («Разбитое сердце») атты өлеңінің аудармасы екенін автор нақтылы фактілермен дәлелдеп

шыққан. Бұл айтылғандардың барлығын жас ғалымның Абай шығармаларын текстологиялық жағынан зерттеу ісіне қосқан өзіндік үлесі деп қарау керек.

Абай Лермонтовтың қай шығармасын аударғанын, қай жерінде түпнұсқаға мейлінше жуық келіп, қай жерінде одан алыстап, өз жанынан қосатынын және бұлай еткендегі оның мақсатын байыптылықпен зерттей отырып, автор Абайдың аудармашылық тәсілдері мен принциптерін ашуға ұмтылады. Бұл пікірлердің қазіргі ақындарымыз үшін де зор маңызы бары даусыз.

З.Ахметов Абайдың аудармаларын – ақындық іздену, Лермонтов мұрасын творчестволық жолмен қабылдау ретінде алып қарайды. Ол Лермонтовтан жасаған аудармалары Абайдың өз творчествосын да тақырыптық жағынан молайтқанын, оның ақындық шеберлігін жетілдіре, түрлендіре түскенін көрсетеді. «Жекелеген аудармалар Абай творчествосында жаңа тақырыптар қосады. Мысалы, «Вадим» мен «Теректің сыйының» аудармасы осындай. Тұтастай алғанда Лермонтовтан жасаған аудармалары идеялық-тақырыптық жағынан Абайдың өзіндік төл шығармаларына соншалықты жақын болып келеді. Қазақ ақыны орыс ақынының оның творчествосында маңызды орын алатын проблемаларды көтерген шығармаларын алады. Абайдың Лермонтов творчествосына бет бұруы оның өзінің идеялық-көркемдік дамуы арқылы дайындалды және қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы, демократияшыл тобының ілгері ұмтылуын білдірді» – деген дұрыс қорытындыға келеді автор.

Осындай бағалы жақтарымен қатар З.Ахметов кітабының мынадай негізгі екі кемшілігі бар. Кітаптың негізгі мақсаты– Лермонтов пен Абайдың творчестволық байланысын ашу болғандықтан автор тек Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармаларына ғана талдау жасаумен шектеліп қалмауға, сонымен қатар Абайдың Лермонтовтан не қабылдағаны, яғни оның ақындық дәстүрін қалай пайдаланып, дамытқаны туралы мәселені де қамтуға тиіс еді. Бірақ, өкінішке қарай, бұл мәселе кітапта терең қозғалмай, көмескі қалып қойған.

Абай тек Лермонтовтың ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген орыс ақындарының шығармаларын аударды. Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармаларын оның осы

басқа аудармаларымен белгілі дәрежеде салыстыра отырып талдау керек еді. Бұл автордың зерттеу өрісін кенейтіп, қозғаған мәселесін жан-жақты әрі терең қамтуына мүмкіндік беретін еді. Бірақ ол мұны ескермеген.

Абайдың творчестволық мұрасы, оның орыстың классикалық поэзиясымен байланысы туралы мәселе зерттеушілеріміздің назарын болашақта да аудара бермек. Біздіңше, Абай творчествосына орыс әдебиетінің әсерін сөз еткенде мынадай шешуші негізгі екі жағдайды естен шығармау керек. Ең алдымен орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу Абай творчествосының ерекшелігін, оның өзіндік тұлғасын, соны бітімін жоққа шығармайды, әлсіретпейді. Қайта, орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрін қабылдау Абай творчествосын идеялық және көркемдік жағынан кеңейтіп, молықтырды, оның шығармаларының ұлттық сипатын тереңдете түсті.

Сондай-ақ, орыс әдебиетінің Абайға тигізген әсерін оның кейбір жекелеген өлеңдерінің орыстың классикалық ақындарының шығармаларымен сырттай ұқсастығынан ғана іздеуге болмайды. Абайдың орыс әдебиетімен жақындығы, үндестігі оның бүкіл творчествосының рухынан, көркемдік-эстетикалық көзқарасынан терең сезіледі. Абай орыстың жекелеген ақындарының ғана творчествосынан үйренген жоқ, ол орыстың бүкіл классикалық әдебиетінен тұтастай үйренді.

Абай орыстың классикалық поэзиясын аса жоғары бағалаумен бірге оның сипаттарын, ерекшеліктерін жете білген де. Өйткені егер Абай орыс поэзиясын соншалықты жетік танымаса және оны соншалықты сүймесе, онда ол орыс ақындарының шығармаларын дәл біз білетін дәрежеде аудара алмаған да болар еді. Орыс ақындарының шығармаларын аудару арқылы Абай классикалық орыс поэзиясының тереңіне үңілді және өзін ойға қалдырған, толғандырған жайларға содан жауап тапты. Абайдың орыс поэзиясынан әр кезеңде жасаған аудармалары әртүрлі. Абай орыс ақындарының кейбір шығармаларын тұтас аударса, кейбіреулерін қысқартып, ықшамдап болмаса өзінің жанынан қоса отырып аударады. Әрине, мұның алуан түрлі себептері болуы керек. Бірақ бұл ретте Абай сол кездегі қазақ оқушысының мүмкіншілігімен, тілегімен санасқанын,

сондай-ақ, кейде Абай кезегі келгенде өз жүрегінің сырын шертіп кететінін ескермей коюға болмайды. Қорыта айтқанда, орыс ақындарының тәжірибесін творчестволық жолмен игеруде де, орыс поэзиясының шығармаларын шеберлікпен аудару ісінде де Абай – қазіргі ақындарымыз үшін үздік үлгі. Абайдың творчестволық мұрасын мейлінше терең әрі жан-жақты зерттеу – қазақ совет әдебиет сынының алдында тұрған аса маңызды, игі міндеттердің бірі болып табылатындығының бір себебі де осында.

Қазақ әдебиет сынының творчестволық проблемалық мәселелерді көтеруде жалтақтық, белсенсіздік жасап келгені, сыншыларымыздың көбінесе жекелеген шығармалар жайында рецензия жазумен ғана шектелгені мәлім. Соңғы кезде сыншыларымыз, әсіресе жас сыншылар осындай шектелушілік шеңберінен шығып, проблемалық мәселелерді қозғауға ұмтыла бастады және осы жолда көптеген күрделі де қызғылықты мақалалар жазды. Т.Әлімқұловтың Пушкин, Маяковский шығармаларын аудару мәселелері туралы және поэзия мен поэзия сыны туралы мақалалары, Т.Ахтановтың М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы, «Анна Каренина қазақ тілінде», «Ұнамды герой образы туралы кейбір ойлар», «Творчестволық даралық» деген мақалалары, С.Қирабаевтың балалар әдебиеті жайындағы және «Қалың мал» романы туралы мақалалары, К.Құттыбаевтың «Әдебиет сыны және өмір», «Тип және характер» атты мақалалары, сондай-ақ Қ.Нұрмахановтың әдебиетіміздің күрделі, өзекті мәселелерін қамтуға және жекелеген шығармаларды талдауға арналған мақалалары бұған айқын айғақ болып табылады. Жекелеген кейбір кемшіліктеріне қарамастан, бұл мақалалар олардың авторларының қазіргі әдебиетіміздің құбылыстары мен мәселелері жайында өздерінің соны да қызғылықты пікірлерін айтуға тырысатындығын танытады.

Мысалы, Т.Әлімқұлов Пушкиннің поэтикалық шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларын талдауға арналған «Жемісті жолда» атты мақаласында көтерген тақырыбымен ғана шектеліп қалмай, жалпы көркем аударманың проблемалық мәселелері жайында батыл да тың пікірлер айтады. Орыстың ұлы ақынының шығармаларын аударуды

өткен ғасырда Абай бастаған болса, бұл игі дәстүр одан кейін де, әсіресе совет өкіметі жылдарында молыға, тереңдей түсті. Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудара жүріп, ақындарымыз аударма өнері жайында мол тәжірибеге ие болды. Осы тәжірибенің игісі не, кемі неде? Міне, сыншы Пушкин поэзиясының соңғы жылдарда қазақ тілінде шыққан екі томдығына енген аудармаларды талдай отырып, осы сұраққа жауап береді.

Пушкин шығармаларын ұлттық тілімізге аудару – ақындарымыз үшін шеберліктің үлкен мектебінен, творчестволық зор сыннан өту болып табылады. Пушкин шығармаларын аудару арқылы біздің ақындарымыз қазақ оқушысын ұлы ақынның творчестволық мұрасымен таныстырып қана қоймай, сонымен қатар өзіміздің ұлттық төл мәдениетімізді де молықтыра түспекші. Сыншы мәселені осындай кең көлемде қозғайды. Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аударудағы жетістіктер мен кемшіліктер мақалада кеңінен талданған. Мұндай мақалалар аудармашы-ақындарымызға олардың творчестволық ісінде көп ой салып, жәрдем беретіндігі даусыз.

Т.Әлімқұловтың жоғарыда аталған басқа мақалалары да осындай ойлы, байсалды еңбектердің қатарына қосылады. Т.Әлімқұлов жалпы, жас автор емес. Бірақ оның сыншылық творчествосы жас. Яғни оның сыншылық қызметке ден қойғаны – соңғы үш-төрт жылдың ғана шамасы. Сөйтсе де, осы аз уақыттың ішінде ол жемісті еңбек етті, көптеген жақсы мақалалар жазды.

Т.Әлімқұловтың сыншылық қызметіндегі осындай бағалы жақтарын атап көрсетумен қатар кейбір мақалаларында ол нағыз сынға тән принциптіліктен, объективтіліктен айырылып қалғандығы жайында да айтпасқа болмайды. Мысалы, оның жас ақын М.Әлімбаевтың «Құрбыма» атты өлеңдер жинағы туралы жазған мақаласында осындай кемшілік бар. Сыншы ақынның жақсы өлеңдері туралы тым сараң айтады да, өзі нашар деп санаған өлеңдерді талдауға баса назар аударады. Сыншылықтың жоғарғы критерийі – шығарманы даттау емес, талдау, пікір айту екенін, оның нәрін таба білу екендігін біздің сыншыларымыз әрдайым есте ұстауға тиіс.

Осындай біржақтылық Т.Ахтановтың жоғарыда аталған

«Ұнамды герой образы туралы кейбір ойлар» деген мақаласынан да байқалады. Жалпы алғанда, бұл – автордың өзіндік ойлы пікірлеріне бай, қызғылықты мақала. Өткен жылы жазушылардың Бүкілодақтық съезі алдында мол та қызу талқыланған мәселелердің бірі – ұнамды герой образын жасау туралы мәселе. Бұл мәселе жайында біздің қазақ әдебиетшілері мен сыншылары да бірсыпыра мақалалар жазды. Біздіңше, солардың ішіндегі ең тәуірі Т.Ахтановтың осы мақаласы. Ұнамды герой образының табиғаты мен ерекшеліктері және оны жасаудың тәсілдері жайында сыншы теориялық көптеген дұрыс мәселелер қозғады. Кейін осы мәселенің съезде талқылануы да Т.Ахтановтың негізгі идеясы дұрыс екенін байқатты. Бірақ Т.Ахтановтың осы мақаласында бір кемшілік бар. Яғни ол әдебиетіміздің жекелеген шығармаларына, мысалы, жас жазушы С.Шаймерденовтың «Болашаққа жол» романына баға бергенде, сынаржақтық жасады. Сыншы аталған романның кейбір геройларының образдарына өзінше мін тақты да, соған қарап бүкіл шығарманың тағдырына үкім айтуға дейін барды. Біздіңше, бұл дұрыс емес. «Болашаққа жол» – С.Шаймерденовтың тұңғыш көлемді шығармасы. Жалпы алғанда, бұл – әдебиетіміздің соңғы кездегі елеулі шығармаларының бірі. Кейбір жекелеген қорқемдік кемшіліктеріне қарамастан, бұл роман авторының жазушылық қаламының ізін танытты, оның творчестволық мүмкіншіліктерін байқатты. Сондықтан да сыншы романға лайықты бағасын беруге тиіс еді.

Т.Ахтановтың осы мақаласындағы бір қағидаға арнайы тоқталып өтуді қажет деп санаймыз. Өйткені осы мәселе кейін әдебиетшілеріміз бен сыншыларымыздың арасында көптеген ала-құла пікірлер туғызды. Бұл мәселе ұнамды геройдың – қазіргі алдыңғы қатарлы совет адамының образын жасау жайына байланысты.

Социалистік реализм әдебиетінің ең негізгі, басты геройы – озық идеялы, жаңа тұрпатты совет адамы. Қарапайым совет адамының ұнамды геройдың образын мол да терең өсіпелеу арқылы ғана жазушы үлкен өмірімізді шынайы суреттей алмақ. Ұнамды геройдың типтік образын жасай отырып, біздің суреткерлеріміз дәуіріміздің сипатын,

оның даму тенденциясын терең ашады және социалистік қоғамымыздың алға басуына септігін тигізеді. Сондықтан да бұл аса маңызды мәселенің, ұнамды геройдың типтік образын жасау мәселесінің бүкіл әдебиет жұртшылығының, оның ішінде сыншылардың да назарын ерекше аударуы мейлінше заңды еді.

Ал жазушы ұнамды геройдың образын қалай жасамақ және бұл ретте оған сыншы қандай жәрдем бере алмақ. Т.Ахтанов жоғарыда аталған мақаласында сынның жазушыға ұнамды герой образының сипаттарын, үлгілерін алдын-ала көрсетіп беруіне қарсы шыға келіп, «Сондықтан да қиялдағы образдың үлгісін ұсынғаннан гөрі жазушыны бүгінгі өмірдегі ең жақсы қасиеттерді аша білуге, утопияға ұрынбай, алдыңғы қатарлы совет адамының көзқарасы тұрғысынан болашаққа көз жіберуге шақырған дұрыс»,– деп жазды. Сыншы ұнамды герой проблемасын әдебиеттің ең басты мәселелерімен, жазушылық шеберлік және өмірді терең білу мәселесімен тығыз байланыстыра отырып талдауды қуаттайды.

Жас сыншы Қ.Құттыбаев та өзінің «Әдебиет сыны және өмір» деген мақаласында осы мәселе жайында бірсыпыра қызғылықты пікірлер айтты. Жазушының ұнамды геройдың типтік образын жасап, оның терең характерін ашудағы тәсілдері, суреттеу құралдары жайында біраз құнды ойлар айтқанымен, автордың негізгі бір қағидасымен келісуге болмайды. Ұнамды геройдың қалыптасқан образының схемасын ұсынуға қарсы шыға отырып кейін автор бұл пікіріне қайшы келеді. «Бірақ образ жасаудың жалпы принциптерін, образдың келешектегі даму жолдарын, болашақ геройлардың сипаттарын әдебиеттің бүгінгі жанды фактілері мен өмірдің барысына негіздей отырып, көрсетіп беруге әбден болатын сияқты»,– деп жазады автор. Бұл ретте автор совет адамының ұнамды типтік образы мен оның эстетикалық, көркемдік идеалы туралы мәселелерді бір-бірінен ажырата алмаған. Соның салдарынан ол, мұны өзі де байқамай, ұнамды герой образының схемалық үлгісін ұсынуды уағыздайды. Жазушыға ешқандай дайын үлгі, схема ұсынуға болмайды. Бірақ қоғамды, оның даму заңдылықтарын жете таңи білетін көреген сыншы

жазушының белгілі бір шығармасын не жасаған образы туралы шынайы пікірлер айта отырып, оған ой салады, оның творчествосына дұрыс бағыт меңзей алады. Мысалы, Белинский Гончаровтың «Обыкновенная история» атты романын оқып шыққаннан кейін оның кейіпкері Адуевтің іс-әрекеті сол кездегі астана жағдайлары үшін типтік емес екенін айта келіп былай деп жазады: «Бұдан да гөрі автор өзінің геройын деревнялық меңіреулікке, енжарлық пен жалқаулыққа душар етуге ықтиярлы еді». Бұл сөздер «Обломов» романы жазылмастан он екі жыл бұрын айтылған. Бірақ осы сөздерде сол Обломовтың бүкіл бейнесі, оның характерінің бар шындығы жаткан жоқ па!

Ұнамды герой проблемасы – өте күрделі әрі аса маңызды проблема. Бұл мәселе әдебиетшілеріміз бен оқушыларымыздың назарын әрдайым аударып отырмақ. Бірақ қашан да ұнамды герой образын идеалдық образ деп қарауға және оның жазушының ұнамды идеалымен ауыстыруға болмайды. Бұл ретте ұлы сатирик Салтыков-Щедриннің: «Алайда, оқушы бізді жазушыдан барлық мүмкіндігі бар ізгілікті бойына жинаған идеалдық адамдарды бейнелеуді талап етеді деп ойлап жүрмесін, жоқ біз одан тіпті де идеалдық адамдарды талап етпейміз, идеалды талап етеміз», – деген сөздерін еске түсіре кету орынды.

Біздің дәуіріміз – күрес пен творчествоның, биік максат пен үлкен идеалдардың дәуірі. Сол үлкен максатқа жету жолында совет адамы орасан зор қиыншылықтарға кездеседі және оларды оп-оңай, ешбір бөгетсіз жеңе салмайды. Тіпті кейде қателікке, сәтсіздікке де ұшырайды, бірақ түптеп келгенде өз ойын орындайды, өз дегеніне жетеді. Ал жазушының шығармасындағы ұнамды герой объективтік түрлі себептермен бақытсыздыққа тап болуы, арманына жете алмауы да мүмкін, бірақ ол арман етіп күрескен идеал орындалуға, ол бастаған іс қайтсе де жеңіп шығуға керек. Міне, жазушы оқушыға, осыны сездіруге, оның оптимистік талабын ұнатуға тиіс. Бізге заман сипатын танытатын, совет адамдарына тән жақсы мінездер мен белгілерді өз бойына мол сіңірген типтік образдар керек. Бірақ ақындарымыз бен жазушыларымыз олардың сол биікте тұрған шағын, дайын күйін ғана алмай, олардың сол биікке қалай көтерілгенін

де терең суреттеуге тиіс. Ұнамды герой образының тәрбиелеушілік, танытушылық маңызы сонда әсіресе молая түспек.

Сыншыларымыздың соңғы кезде көбірек назар аударған мәселелерінің бірі – әдебиеттегі типтік проблемасы. К.Құттыбаевтың «Тип және характер», К.Нұрмахановтың «Әдебиеттегі типтік проблемасы жайында», И.Ғабдировтың «Қазақ прозасындағы типтілік туралы» деген мақалалары осы мәселеге арналған.

К.Құттыбаев өзінің мақаласында жазушы Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романын кеңінен талдай отырып, әдебиеттегі типтік проблемасы және жазушының образды типтендіру тәсілдері мен жолдары жайында нақтылы пікірлер айтады. Типтік проблемасы және типтендіру мәселесі жайындағы осындай қызғылықты, соны пікірлер К.Нұрмахановтың мақаласында да бар. Бірақ ол сол пікірлерін көп реттерде әдебиетіміздің жанды өмірінен көптеген фактілер келтіре отырып, нақтылы дәлелдемей, жалпылама қағидалар мен қисындар ретінде ұсынады. Сонымен бірге оның белгілі бір шығармаларды алып, нақтылы айтпақ болған пікірлерінің кейбіреулеріне де қосылу қиын. Бұл ретте оның жазушы Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» романындағы Ахметтің образы жайында айтқан пікірін мысалға алайық. Сыншы бұл образды типтік образ ретінде алып талдайды. «Ахмет образы арқылы,– деп жазады ол, – жазушы колхоздың бүгінгі өмірінде туа бастаған жаңалықты бейнелеуді, карапайым еңбек адамының коммунистік қоғамның саналы құрылысшысына айналу процесін суреттеуді максат еткен». Біздіңше, сыншының бұл пікірімен келісуге болмайды. Расында да, Ахмет образы– күрделі де, қызғылықты да образ. Жазушы Ахмет образы арқылы аса маңызды мәселені қозғауды, бүгінгі күннің шындығы мен болашақтың романтикасын ұштастыруды максат еткен. Бірақ негізгі мәселе осы идеяның қаншалықты дәрежеде көркемдік шешімін тапқандығында болса керек.

Жазушының суреттеуінде Ахмет – мейлінше бай, аукатты тұратын адам. Өзінің адал, қажырлы еңбегінің аркасында ол шоласыз, ештенеге мұктаж емес дәрежеге жеткен. Тіпті оның байлығы, мол дәулеті енді аякка оралғы бола

ойлаған. Сондықтан да ол жеке меншігіндегі малдары мен ақшасын колхоздың қоғамдық дәулетіне қосып жіберуді, сөйтіп қажет кезінде керегіне қарай содан алып жұмсап отыруды тілейді. Ақыры оның осы тілегі орындалады да. Бұл ретте жазушы мынадай бір жағдайды ескермеген сияқты. Колхоздың қоғамдық дәулеті әбден кемеліне жетіп қалыпқанда, ол колхозшылардың барлық қажеттері мен мұқтаждығын толық өтей алатын дәрежеге жеткен кезде ғана колхозшылардың жеке меншігіндегі байлығының, малдарының қажеттілігі болмай қалады. Ал Ахмет жоғарыда айтылған әрекеттерін жасап жүрген кезде ол сіңбек етіп жүрген «Аманкелді» колхозында мұндай қажетті жағдайлар жоқ болатын. Сондықтан да өмір шындығымен терең байланыста алынбағандықтан Ахмет образы типтік дәрежеге көтерілмеген.

Біздіңше, «Миллионер» романының құндылығы Ахмет образында емес, ондағы басқа образдардың типтік дәрежеге көтерілгендігінде.

Бұл ретте шығарманың негізгі идеясын бейнелейтін Жомарт образын мысалға алу жеткілікті. Жазушының шеберлігі де, суреткерлік көркемдігі де осы образдан айқын танылады. Яғни, Жомарт образы арқылы жазушы колхоз председателінің жаңа типін ұсынды, әрі теориялық мол білімі бар, әрі сол білімін тәжірибемен ұштастыра алатын, шаруашылыққа басшылық етуге творчестволық түрде қарайтын басқарушының бейнесін жасады. Уақыт жазушының батыл көтерген бұл идеясының дұрыстығын көрсетті. Міне, сыншы образдың типтілігін осы тұрғыдан алып талдауға тиіс еді.

Ал әдебиет зерттеушісі И.Ғабдировтың мақаласында автордың өзіндік пікірлері тым аз. Ол классиктердің типтілік жайында айтқан пікірлерінен үзінділер келтірумен және қазақ жазушыларының шығармаларындағы басты-басты образдарды тізбектеумен ғана тынған, көтерген мәселесінің бойына тереңдеп бара алмаған. Ал сыншы кейде тіпті кісі күлерлік жайларды айтады. «Сырбайдың образында, – деп жазады ол, «Сырдария» романына тоқтала келіп,– өмірдің өзінен алынған көптеген шынайы сипаттар бар. Бірақ біздіңше, автор геройдың характерін терең талдай алмаған,

оның бойындағы жақсы қасиеттерді жаман қасиеттерінен айыра алмаған. Сырбайдың артта қалушылығын көрсететін және сондықтан да сыналуға тиіс қасиеттерді ол кейде ұнамды қасиеттер ретінде ұсынады». Жазушы өзінің геройын арзан, жасанды түрде әсірелемей, реалистікпен суреттесе, сыншы оны оған мін етіп тағады. Мұндай сындар оқушыға да, жазушыға да ешқандай пайда келтірмейтіндігі, қайта оларды теріс бағытқа сілтейтіндігі әркімге-ақ аян болса керек.

Қазақ әдебиет сынында осы күнге дейін орын алып келген басты кемшіліктердің бірі – сыншыларымыздың схематизмге, стандарттылыққа, шаблондыққа ұрына беруінде болып отыр. Газет, журнал беттерінде жарияланып жүрген әдеби-сын мақалалар мен рецензиялардың көпшілігі бір-бірінен тек олардың авторлары әр басқа екендігінен және онда талданатын шығармалардың әртүрлілігінен ғана ажыратуға болады. Әрбір ақын-жазушының өзіндік үні, өз қаламының ізі болсын деген талап сыншыға да қойылуы қажет. Бізде әрбір жаңа шығарманы бағалауда батылдық, принциптілік жетісе бермейді. Сыншының негізгі мақсаты шығарманың кемшіліктерін табуда ғана емес, оған баға беруде, жазушыға не ақынға ой салуда. Кейбір сыншылар осы ақиқат жағдайды жете түсінбейді немесе соны басшылыққа алмайды.

Бізде поэзия туралы жазылып жүрген көптеген мақалаларға тән бір жағдай – олардың авторларының ақындарымыздың шығармаларындағы кемшілік атаулының бәрін фольклорлық әсердің нәтижесі деп қараушылық. Біздіңше, бұл мәселенің бетін айқындап, ашып алу керек сияқты. Өйткені ауыз әдебиеті, оның дәстүрлері және жазба әдебиеттің оған қатынасы жайында біздің әдебиетшілеріміз бен сыншыларымыздың арасында күні бүгінге дейін әртүрлі пікір орын алып келеді. Республика жазушыларының өткен үшінші съезінде де бұл мәселе жайында әралуан пікір айтылды.

Кейбір жолдастар қазіргі поэзиямыздың бойында бар кемшілік атаулының бәрінің себебін оның фольклормен жақындығынан, соның шеңберінен шыға алмағандығынан іздейді және фольклорлық дәстүрлерден мүлдем қол үзуге үндейді. Ал енді бірсыпыра әдебиетшілер ауыз әдебиеті –

халықтың рухани мұрасы, бай қазынасы, сондықтан да ақын, жазушылар өздерінің творчестволық жұмысында сол фольклорлық дәстүрлерге сүйенгені жөн деген пікір айтады. Біздіңше, осы пікірдің екеуінде де ұшқарылық бар сияқты. Ауыз әдебиетімен байланыс және оның дәстүрлерін пайдалану проблемасы қазақ совет әдебиетінің басқа жанрларынан гөрі поэзия үшін әсіресе күрделі әрі қиын. Өйткені өзінің туып қалыптасуы, жетілуі жағынан қазақ совет поэзиясы ауыз әдебиетімен басқа жанрлардан гөрі көбірек байланысты және оған жақынырақ.

Ал әдебиетіміздің революциядан кейін жасалған басқа күрделі жанрлары қазақтың ауыз әдебиеті негізінде емес, ең алдымен орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерін, советтің алдыңғы қатарлы жазушыларының творчестволық тәжірибелерін қорыту, үйрену арқылы, солардың реалистік дәстүрлерін игеру арқылы ғана қалыптасты және негізінен алғанда тек осы бағытта дамып келеді. Прозаиктер мен драматургтер ауыз әдебиетінің тіл байлығынан және басқа да бағалы қасиеттерінен үйренбеуге тиіс деген пікір бұдан, әрине, тумаска керек. Ал қазақ ақындарының ауыз әдебиеті үлгілерінен үйренуге, оның кейбір суреттеу әдістерін қазіргі кезде пайдалануына әбден болады және оларға бұл үшін мүмкіндік те мол. Бірақ жазба поэзия ауыз әдебиетінің дәстүрлік тәсілдерін сол қалпында қолдана салмайтындығы, қабылдамайтындығы белгілі. Жазба поэзияның өкілі фольклорлық суреттеу құралдары мен тәсілдерді творчестволық түрде дамыта, өзгерте қолдануға тиіс.

Біздегі әдеби-сын мақалаларда, рецензияларда, көбіне талданып отырған шығарманың тақырыбы, сюжеттік желісі, яғни оның мазмұны біраз сөз болады, содан кейін шығарманың саяси, идеялық бетіне баға беріледі. Осымен сын мақала да аяқталады. Ал жазушының творчествосына иінтей бойлай отырып, терең талдау жасауға, теориялық қорытындылаулар, байлаулар айтуға біздің сыншыларымыз әдетте қоймайды. Олар жазушылық шеберлікті, шығарманың көркемдік ерекшелігін мүлдем сараң сөз етеді. Мысалы, тарихшы әрі жартыкеш әдебиетші Виктор Шахматовтың әдеби-сын мақалалары осындай ойсыз да нәрсіз, тұрпайы да жадағай болып келетіндігін таяуда «Коммунист» журналы

мейлінше әділ сынады. Міне, осындай кемшілік басқа да көптеген сыншылардың сын мақалаларында ұшырасады. Мұндай мақалалар нағыз шынайы сынға мүлдем ұқсамайды. Қайта оның алыс та самарқау жаңғырығындай, құр сүлдеріндей ғана сезіледі.

«Қазақ әдебиеті» газетінің шығуы әдебиетіміздің шағын жанрларын және әдебиет сынын жедел де жемісті дамытуға көп мүмкіндік бермекші. Газет әсіресе әдебиетіміздің жас кадрларын оқушы жұртшылықпен таныстыруда біраз жұмыс істеді. Сондай-ақ, газет әдебиетіміздің тарихын зерттеуге және қазіргі әдебиетіміздің алуан түрлі мәселелерін талдауға байланысты көптеген мақалалар жариялады. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ газет бұл ретте аяғына дейін дәйектілік көрсете алмады және оның өзіндік айқын беті жоқ.

Мысалы, газет қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселелеріне арнап көптеген мақалалар берді. Олардың ішінде жекелеген байсалды, ойлы мақалалар да болды. Бірақ негізінен алғанда, олардың көпшілігі не бұрыннан белгілі жайларды қайталады немесе көтеріп отырған мәселелерінің өрісі мен маңызын тарылтып, тым ұсақтап кетті. Ал газет редакциясы осы мәселені талқылауға араласқан авторлардың назарын бір арнаға, негізгі нысанаға бағыттай алмады және сол азды-көпті айтылған пікірлерге қорытынды жасамады.

Газет ақындық шеберлік жайында да бірнеше мақала берді де, кейін қойып кетті. Жазушылық немесе ақындық шеберлік мәселесі – әдебиетіміздің ең маңызды, иғі мәселелерінің бірі. Сондықтан да бұл мәселені талқылауды науқанға, белгілі бір кезеңнің ғана жұмысына айналдырмай, оған үнемі бірдей оралып отыру қажет. Сонымен қатар ақындарды формализмге, жасандылыққа көрінеу сілтейтін мынадай пікірлер бұл маңызды мәселені шешу ісінде ешқандай пайда бермейтінін де ескеру керек. Мысалы: «Құрыш құюшының еңбегін бейнелейтін өлең жазса, шебер ақын алдымен сол «құрыш» деген сөзге дыбыстық жағынан сай келетін сөздерді іздейді (?). Демек, кейде мазмұнға сай дыбыс ассоциациясын да сақтау керек болады. Өлеңнің түрі дегенде осы сияқтыларды да ескерген жөн» (Б.Аманшин. Өлең сезімге құрылсын).

Сыншы – авторға шығарманың қандай кемшілігі барын көрсетіп және оны қалай түзету керектігі жайында өз пікірін айтып қана отыратын редактор емес. Сыншы – ең алдымен, оқушылардың мүддесін, ой-тілегін білдіруші, қалың көпшілік пікірінің өкілі. Ол әрбір шығарманы осы тұрғыдан қарап бағалауға тиіс. Біздің кейбір сыншыларымыз осыны ескере бермейді, соның салдарынан талдап отырған шығармасына тек өз ойының тұрғысынан қарап қана пікір айтады. Бұл ретте біз С.Шаймерденовтың «Шеберлік ізденуден туады» деген мақаласын атар едік. Мақала жас жазушылардың бірнеше шығармаларын талдауға арналған. Көптеген дұрыс та даусыз әрі қызғылықты пікірлер қозғағанына қарамастан, мақаланың авторы кейбір реттерде сыңаржақтыққа салынады. Ол көрнеу нашар кейбір шығармаларды (мысалы, С.Баязитовтың «Тастан ағай» деген әңгімесі) жер-көкке сыйғызбай мақтайды, ал кейбір тәп-тәуір шығармаларды (мысалы, Қ.Исабаевтың «Қыз құпиясы» атты әңгімесі) орынсыз сынайды. Осыған қоса мақалада ақыл айту сарыны басым. Рас ақыл айту, бір жағынан білгіштіктен де туатын болуға керек және әсіресе жас жазушылардың творчествосы жайында пікір айтқанда осылай ету қажет те шығар. Ал автордың жазушы А.Толстойдың көркем шығарманың тілі жайындағы бір пікірін мысалға келтіре отырып, соңынан «өте дұрыс айтқан» – деп Толстойға баға бергенін оқығанда еріксіз езу тартасың. Біз бұл ретте жалпы сынның үйретуге, пікір айтуға ықтиярлы екенін жоққа шығаруға тырыспақшы емеспіз. Бірақ біз сол үйрету тікелей түрде емес, сыншының жасаған талдаулары мен пайымдаулары арқылы берілсін демекпіз.

Біздің сынымыздың бір кемшілігі оның енжарлығында, әдеби процестерге белсене араласпайтындығында сияқты. Сыншыларымыз әдебиетімізде туған жаңа шығармалармен оқушы жұртшылықты дер уақытында таныстырып та отырмайды. Жылма-жыл басылып шығып жатқан кітаптардың, жинақтардың, жекелеген шығармалардың көпшілігі туралы пікір айтылмай да қалады. Сыншыларымыз ұлттық әдебиетіміздің көрнекті, тұлғалы шығармалары жайында бүкілодақтық оқушы алдында пікір айтуда белсенділік көрсете алмай келеді. Осының салдарынан әдебиетіміздің

кейбір кесек те құнарлы шығармалары жайында сыңаржақ сындар жазылып, бүкілодақтық оқушыға олар туралы теріс түсінік беріліп жүр. Бұған Л.Климовичтің «Дружба народов» журналында басылған «Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы туралы» деген мақаласы айқын дәлел болып табылады.

Совет Одағы халықтарының әдебиетін зерттеп жүрген ғалымдардың бірінен саналатын құрметті Л.Климовичтің жалпы әдебиетті жақсы білетіндігіне, түсінетіндігіне шүбәланудан біз аулақпыз. Бірақ жоғарыда аталған мақаласын оқып шыққанда онын көп нәрселерді байыптап түсінбегенін, соның нәтижесінде ұшқалақ, тіпті ерсі пікірлер айтқанын байқау қиын емес. Сыншы романда суреттелген дәуір шындығын, халықтың өмірі мен ұлттық ерекшеліктерін мүлдем білмейді. Әйтпесе ол былай деп жазбаған болар еді. Сыншының пікірін дәл беру үшін оны сол жазылған күйінде, орыс тілінде келтірелік: «Снижают художественность романа отдельные натуралистические зарисовки и выражения. Непонятна, например, неуместная грубость в обращении Буланбая к сыну Алишеру, когда он говорит: «... Собачий сын, иди к своему отцу». Подобным образом обращается и Байжан к своему сыну Апаку... Мало уместна и «шутка» Буланбая, предлагающего Алшагыру, если он боится оставить жену в ауле, взять ее с собой в Караганду – «пусть будет у нас одна на двоих».

Міне, жазушы Ғ.Мүсрепов шағын, бірақ шынайы штрихтар мен детальдар арқылы, кейіпкерлерінің репликалары арқылы дәуір шындығын аңдатса, халықтың ұлттық характерін, оның өткір әзіл-қалжыңын шеберлікпен танытса, сыншы мұны натуралистік суреттеу деп санайды. Мүмкін, мұның ішінара бір себебі романның орысша аудармасының сапасы төмендігінде шығар. Бірақ бір ғажабы сол – сыншы бір жағынан, «Оянған өлке» романының аудармасы нашар екендігін мойындайды және екінші жағынан, сол нашар аудармаға сүйеніп, осы шығарма жайында кәдімгідей пікір айтпақ болады. Сөйтіп, ол балалық аңқаулыққа ұрынады.

Ақыр аяғында біз тағы да бір мақалаға тоқталмақпыз. Ол – ақын Қ.Бекхожиннің әдебиет газетінде жарияланған «Сыншылармен сырласу» атты мақаласы. Жалпы, біздің

ға ақын, жазушыларымыз сынға өте сараң араласады. Сондықтан да болар, олардың кейбіреулерінің оқта-текте әдеби сын мақалалар жазып, творчестволық айтыстарға қатысқанын көргенде біз, жастар, кәдімгідей қуанып қаламыз.

Қ.Бекхожиннің жоғарыда аталған мақаласы – әдебиетіміз бен әдебиет сынын сүюден, олардың өсіп-өркендеуін қалаған ойдан, шын жүректен туған мақала. Автор өзінің мақаласында өзінің ой-пікірлерін бүкпесіз, батыл айта отырып, қазіргі әдебиет сынымыздың көптеген келелі мәселелерін қозғайды. Өкінішке қарай, біздің сыншыларымыз осы мақалада көтерілген мәселелердің төңірегінде кеңінен пікір алысып, оны дамытып, жалғастырып әкетпеді.

Мақаланың осындай бағалы жақтарымен бірге анда автордың ұнамсыз бір тенденция ұстағанын да атап айтуға керек. Ол қазір әдебиет сынымыздың айта қаларлықтай өрежеде өркендемей отырғанын дұрыс айтады да, осы оспеудің себебін іздейді. Сонда автордың көз алдына, оның өз сөзімен айтқанда, бұдан екі-үш жыл бұрынғы «баспасөз бетіндегі етек-етек шулы сындар, жиналыстарда гулесе сөйлеп тұрған көптеген сыншылар елестейді». Мақаланың осы тұсын оқығанда зәбір көрген, жапа шеккен адамның қиналған, налыған сезімдерін байқағандай боласың. Бұл, әрине, түсінікті де. Кейбір әпербақан, ұрда-жық сыншылар көптеген ақындарымыздың, оның ішінде Қ.Бекхожиннің де творчествосындағы идеялық кемшіліктерді батыл, принципті сынаудың орнына, оларды құстаналауға дейін барды. Бірақ сол кездегі сындардың барлығы да осындай ма еді. Жоқ, бәрі бірдей мұндай емес еді. Сондай-ақ, сол кездегі әдебиет сынында, жалпы республиканың идеология майданында болған асыра сілтеушілікке тек Қ.Бекхожин айтып отырған бес-алты жас сыншы ғана кінәлі ме еді? Сонымен қатар ол кездегі сынның көптеген пайдасы болғанын да жасырмау керек. Тіпті өзгесін былай қойғанда, Қ.Бекхожиннің өзі «Мәриям Жагор қызы» поэмасын сол кездегі сындардан кейін және сол сынның жәрдемімен ойдеп, қайта жазған жоқ па?! Әдебиет сынының өткеніне деген осындай сыңаржақ қатынас Қ.Бекхожиннің қазіргі сынға баға беруде кейбір нигилистік пікірлер айтуына әсер етпей қоймаған. Міне, осындай жекелеген кемшіліктеріне

карамастан, Қ.Бекхожиннің бұл мақаласы сыншыларымызға көп ой салатыны күмәнсіз.

Әдебиет сыны – творчестволық категория. Сондықтан да әдебиетке қойылатын талаптар әдебиет сынына да ортақ болып табылады. Жазушылық шеберлік мәселелеріне қандай зор көңіл бөлінсе, сыншылық шеберлікті де сондай биікке көтеру қажет. Шынында да, көркем әдебиеттегі идеясыздыққа, сүреңсіздікке қарсы күресіп, оның терең мазмұндылығын, шынайы көркемдігін сақтап қалатын әдебиет сыны да мейлінше көркем болуға, шебер жазылуға керек емес пе!? Көркем шығарма сияқты әдебиет сыны да оқушының эстетикалық талғауын, ой-сезімін ұштауға тиіс. Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Горькийдің, сондай-ақ қазіргі таңдаулы совет сыншыларының еңбектері, сын мақалалары оқушының ақыл-ойын толықтырып қана қоймай, оны рухани жағынан да байыта, молықтыра түспей ме?

«Біздің сынымыз,– дейді кемеңгер Белинский, – қоғамның тәрбиешісі болуға және қарапайым тілде асқақ ақиқаттарды айтуға тиіс». Ұлы сыншы айтып отырған, әдебиет сынына қажетті бұл қарапайымдылықты нағыз көркем шығармада болатын қарапайымдылық дәрежесінде түсіну керек. Біз әдебиет сынына нағыз көркем творчество ретінде қарай алмай жүрміз. Газет, журнал беттерінде жарияланып жүрген мақалалардың бірсыпырасы авторлық толғанусыз, әсерсіз, жалынсыз жазылады.

Ақын, жазушыларымыздың Пушкин мен Толстойдан, Горький мен Маяковскийден творчестволық үйренуі әлі де болса жеткілікті еместігін дұрыс және әруақыт айта жүрсек те, осының сыншыларға да қатысты екенін ескере бермейміз. Белинский, Чернышевский, Добролюбовтан біздің сыншыларымыз сыншылық шеберліктің баска жақтарымен қатар публицистикалық өткірлік пен шынайы көркемдікті де үйренуге тиіс. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды – бізде сыншылық шеберлік жайында, жалпы сыншылық типі жайында мәселе көтерілуі қажет. Әдебиетіміздің мүддесі, уақыт осыны талап етеді.

Әдебиет сынын жандандырып, өсіру үшін сыншыларымызға үлкен де күрделі талаптар қою керек. Бұл да жеткіліксіз.

Сонымен қатар сол сыншыларға қамқорлық жасау қажет. Мұнсыз ештеңе де шықпайды. Ал әдебиет сыны және оның қайрлары туралы мәселеге бізде әлі күнге дейін жеткілікті көңіл бөлінбей келгенін атап айту керек. Сыншылардың қай кітаптары, зерттеу еңбектері жарық көруге, басылып шығуға тиіс. Рас, бұл салада алғашқы бастамалар бар. С.Қирабаевтың Ғ.Мұстафиннің творчествосы туралы очеркі, Х.Сүйіншалиевтің Абайдың қара сөздері жайындағы еңбегі басылып жатыр. Сондай-ақ М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтың творчествосын зерттеуге арналған монографиялық очерктер жазылып болды. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Жекелеген сыншылардың мақалаларын кітап етіп шығару қажет. Мысалы, Т.Әлімқұлов, С.Қирабаев, Қ.Нұрмаханов, Қ.Құттыбаев, Б.Сахариев сияқты сыншылардың мақалалар жинақтарын шығаруға әбден болар еді.

Қазақ совет әдебиет сынының алдында тұрған міндеттер ұшан-теңіз. Солардың басты-бастыларын топтап жинақтағанда оларды мынадай екі салаға бөлуге болар еді. Сыншыларымыз, ең алдымен, әдебиетіміздің қазіргі жағдайын кеңінен әрі терең зерттеуге және әдебиеттің теориялық мәселелерін, күрделі проблемаларын үнемі әрі дәйекті түрде көтеріп отыруға, сөйтіп әдебиетіміздің бұдан былай да жемісті дами беруіне септігін тигізуге жағдай жасауға тиіс.

Творчестволық сапарының онша ұзақ еместігіне қарамастан біздің ұлттық әдебиетіміз өзінің барлық кесек жанрларында мол да алуан түрлі шығармалар берді, көптеген тәжірибе жинады. Сыншылар әдебиетіміздің сол тәжірибесін қорытындылауға, оның тұлғалы шығармаларына лайықты зерттеулер жазуға тиіс. Өйткені Белинскийдің сөзімен айтқанда, «Ұлы шығарма жайында не айтылатындығы туралы мәселенің маңызы сол ұлы шығарманың өзінен кем емес».

Әдебиет сыны творчестволық қуанышы мен азабы, реніші мен киындығы мол жанр. «... Сыншы таланты өте сирек ұшырасады, оның жолы тайғақ та катерлі» дегенде Белинский сия өнерінің осы киындығын айтса керек. Сол киындықтардан қаймықпаған және әдебиетті шын жүректен сүйген сыншы ғана әдебиеттің қамқоршысы, ойлы төрешісі бола алмақ.

Әдетте, үлкен сынды үлкен әдебиет туғызады деседі. Ал бізде қазір жасалған және жасалып жатқан осындай үлкен әдебиет бар. Ендеше, ендігі сөз сыншылардікі.

1956 жыл

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ЖАЙЫНДА[1]

Қазақ совет әдебиеті – ұлы Октябрьдің перзенті. Азаттық жолдағы айқастардың ай-күндерінде тұңғыш рет канат каккан бұл жас әдебиет әрқашан халқымызбен бірге болды, оның жаңа дүние орнату жолындағы күресіне өзінің сыбағалы үлесін косты. Әдебиетіміздің шарк ұрып ізденуімен, идеялық-көркемдік биіктерді игеруге ұмтылуымен өткен қырық жылдың творчетволық сапарына ой көзімен оралсак та, бұл шындықтың шұбасыздығын айкын көреміз. Қазір де қазак совет әдебиеті қайта туған қазак халқының ұлттық мактанышына айналды. Бұл – Коммунистік партияның ұлттық мәдениетті өркендетуге жасап отырған әкелік қамкорлығының, оның лениндік ұлт саясатының салтанат құрғандығының тамаша көрінісі.

Егер социалистік ұлы Октябрь ревалюциясына дейін қазақтың жазба әдебиеті негізінен тек поэзия саласында ғана дамыса, көркем проза өзінің туып-калыптасуының тек алғашқы белгілерін ғана байқатса, ал совет өкіметі жылдарында қазақ әдебиеті өзінің алуан түрлі саласымен бірегей өсті. Әдебиетімізде бұрын-соңды болмаған көптеген жанрлар пайда болды. Сөйтіп, қазақ совет әдебиеті профессионалдық әдебиет дәрежесіне көтерілді. Ол өзінің әр жанрда туған ең үздік, таңдаулы шығармалары аркылы бүкіл дүниежүзіне әйгілі болды.

Осындай өскелең әдебиетіміздің ең жас, бірак келелі бұтактарының бірі – әдеби сын мен әдебиет тану ғылымы. Бұл – әдебиетіміздегі ең бір соны жанр. Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Уәлихановтың және шығысты зерттеуші бірсыпыра окымыстылардың қазақ фольклорының

[1] Құдыкен Ибраимов – Шұқыркөл орта мектебінде қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі болған.

кейбір үлгілерін жинап алу және баспа бетіне жариялау саласында сіңірген еңбектері мол. Бірақ бұл белгілі бір жүйеге түскен және дәйектілікпен жүргізілетін нағыз ғылымдық зерттеу бола алмады және бұл мүмкін де емес еді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасап келген мәдени мол мұрасының тәуір үлгілерін кең көлемде жинау және оларға марксшіл-лениндік тұрғыдан ғылыми байсалды талдау жасау ісі тек совет өкіметі жылдарында ғана шындап қолға алынды. Қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері – батырлық жырлар, тұрмыс-салт жырлары, айтыстар, ертегі-аңыздар, тағы басқалар оқушылардың қалың жұртшылығына кеңінен мәлім болды. Қазақтың өткендегі әдебиетінің алыптары Абай мен Сұлтанмахмұттың, Шоқан мен Ыбырайдың және басқа да тарихта аттары мәлім ақындардың шығармалары талай рет басылып шықты, әдеби хрестоматиялардан орын алған.

Халқымыздың өткеннен қалған осындай мол әдеби мұрасын игеру, зерттеу саласында әдебиетші-ғалымдарымыз бірсыпыра еңбек етті. Ауыз әдебиетінің алуан түрлі нұсқалары жайында, Абай мен Сұлтанмахмұттың әдеби мұралары және қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдері творчествосы жайында әр кезеңде туған көптеген мақалалар мен зерттеулер осыны байқатады. Бірақ бұған қарап қазақ совет әдебиет тану ғылымы өзінің алдына қойылған ұлан-асыр міндетті орындау дәрежесіне көтерілді деген тұжырым жасауға тіпті де болмайды. Қайта, жалпыға мәлім кейбір жекелеген табыстарына қарамастан, қазақ әдебиет тану ғылымы бүгінгі күннің өскелең талабынан қара үзіп, қош бойы кейін қалып отыр. Өткеннен қалған мол әдеби мұрамызды ғылыми тұрғыдан саралап игеру және қазіргі әдебиеттің көкейкесті, түбегейлі мәселелерін қозғау, әдебиетіміздің жүйелі тарихын зерттеп жазу саласында зерттеуші-ғалымдарымыз творчестволық алғырлық пен батылдық, тапқыр ізденгіштік көрсете алмай келеді.

Рас, қай халықтың болмасын әдебиетін зерттеу үшін, оның әдебиетінің тарихын жазу үшін еңалдымен сол халықтың азаматтық тарихы жазылуға тиіс. Мұны өз кезінде орыстың ұлы сыншысы Белинский де атап көрсеткен болатын. Ал қазақ халқының арғы-бергі тарихы марксшіл-лениндік тұрғыдан әлі күнге дейін терең де мол зерттелген емес.

Осылайша, халқымыздың азаматтық тарихының жазылмауы оның рухани мәдениетінің тарихын зерттеуге де көп бөгесін жасап отырғаны күмәнсыз. Бірақ әдебиетіміздің тарихын зерттеудегі творчестволық салғырттық пен енжарлықты, мыймырт өнімсіздікті тек мұнымен ғана ақтап алуға болмайды. Гәп ең алдымен әдебиетші ғалымдарымыздың өздерінің жемісті еңбек ете алмай келе жатқандығында болса керек.

Әдебиет тану ғылымымыздың мұндай халі жұртшылықты толғандырмауы мүмкін емес еді. Әдебиет тарихын зерттеу мәселесі жайында соңғы кезде көптеген мақалалар жазылғандығы, оларда әралуан ой-пікірлер айтылғандығы да осыны байқатады.

Әдебиет тарихын зерттеу мәселесі «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Әдебиет және искусство» журналының беттерінде әсіресе мол қозғалды. Бұл, әрине, заңды еді. Өйткені әдебиет тарихын зерттеуде және оның бүгінгі халжағдайларына байланысты проблемалық мәселелер көтеруде жұртшылықтың назарын кенінен аудару және жүйелі пікірлер ұйымдастыру – осы органдардың ең басты, келелі міндеттерінің бірі.

Газет пен журнал бұл салада бірсыпыра жұмыс істегенін атап көрсетпеу, әрине, әділетсіздік болар еді. Бірақ сонымен бірге, газет пен журнал әдебиет тарихын зерттеуге байланысты мәселені үнемі бірдей дәйектілікпен, ғылыми тұрғыдан көтерді және оны тиянақты түрде шешті деп айтуға болмайды. «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінде әдебиет тарихын зерттеу жайында көптеген мақалалар жарияланды. Олардың ішінде мәселені кейбір дұрыс көтергендері де бар және жаңсақ басып, бұрыс кеткендері де көп. Ең алдымен, газет әдебиет тарихын зерттеу мәселесін көтеруге қажетті творчестволық дайындықпен келмеді. Ол қолына түскен материалдардың барлығын талғаусыз жариялай берді. Сондықтан да газет бетінде нигилистік сарындағы немесе объективті түрде «бірыңғай ағым» теориясын уағыздауға ұрынған бірсыпыра мақалалар орын алды. Сонымен бірге газет әдебиет тарихына байланысты жарияланған мақалаларды жинақтап қорытындыламады, тұрлаулы да байлаулы пікірлер айтпады. Яғни, сөз болып

отырған мәселеде газеттің өзіндік принциптік беті, тұрақты позициясы болмады.

«Әдебиет және искусство» журналы қазақ совет әдебиетінің тәжірибесін жинақтап қорытындылауда, оның жекелеген өкілдерінің творчествосын қайта қарап, оларға лайықты баға беруде, жазушылық шеберлік мәселесін көтеруде бірсыпыра жұмыс істейді. Бірақ өткендегі әдебиет мұраларын зерттеу мәселесін журнал тым тапшы, қанағаттанарлықсыз дәрежеде көтерді. Әрине, журнал бетінде де әдебиет тарихын баяндауға арналған біраз мақалалар басылды. Бірақ олар да жағдайды өзгертіп жібере алмады, ойсыраған олқылықтың есесін толтырмады.

Сөйтіп, әдебиетіміздің қазіргі дамуына байланысты проблемалық, теориялық мәселелерді кеңінен көтерумен бірге әдебиетіміздің тарихын зерттеу, оны терең әрі жан-жақты талдау саласында да өлшеусіз көп, жемісті еңбек ету– әдебиетші ғалымдарымыздың, сыншылдардың алдында тұрған күрделі де келелі міндеттердің бірі болып табылады. Әрине, бұл міндетті ада қылу үшін қажетті творчестволық күштер бізде әбден бар. Гәп тек сол күштерді орнымен дұрыс пайдалана білуде, ұйымдастыра алуда. Сонымен бірге мұндай үлкен іс творчестволық күш-қуатпен бірге мол уақыт талап ететінін де ескеру қажет.

Біз бұл мақаламызда әдебиет тарихын зерттеудің барлық келелі мәселелерін жан-жақты қозғап, үзілді-кесілді тұжырымдарды мақсат етпейміз және бұлай ету бір мақалада мүмкін де емес. Әдебиет тарихын зерттеуге байланысты өзіміздің азды-көпті пікірлерімізді біз орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқулықтарын талдай отырып нақтылы айтып өтпекпіз. Оның үстіне қазақ әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтарды әдебиет тану ғылымымыздың қазіргі халін, жалпы дәрежесін де белгілі дәрежеде байқайтындығы даусыз.

Сондай-ақ, әдебиет тарихына байланысты білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге оларды эстетикалық-көркемдік жағынан тәрбиелейді, олардың ойындағы әсемдік сезімін, қабілет-дарынды оятады.

Орыстың атақты педагогы Ушинский өзінің оқулықтарында көркем әдебиет шығармаларына көп орын бергендігі және көркем әдебиеттегі жас ұрпаққа тәлім-тәрбие етудің

пәрменді құралы ретінде пайдаланғаны мәлім. Осындай принципті қазақтың өткен ғасырдағы көрнекті ағартушысы әрі жазушысы Ы.Алтынсариннің оқулықтарынан да анық көреміз. Өйткені ол тек жас ұрпақты ғана емес, сонымен бірге сол кезде ой-санасы балаң болған бүкіл халқын ағартуды, жарыққа ұмтылдыруды арман етті. Орыс ойшылдары сияқты Ыбырай Алтынсарин де оқулықтарды әдеби білім берудің, туған халықтың тілі мен мәдениетіне деген оқушылардың ықылас-ынтасын ұштаудың, азаматтық, патриоттық рухта тәрбиелеудің тиімді құралы деп санады.

Ы.Алтынсарин қасиетті де игі бұл істің бастаушысы болды. Ал оның асыл арманы тек біздің советтік дәуірде ғана шын мәнісінде жүзеге асты. Қазір Қазақстанда ана тілінде мыңдаған мектептер бар. Оларда қазақтың сан мыңдаған балалары оқып, тәрбиеленіп, білім қайнарынан сусындап жүр.

Қазақтың өткендегі және советтік дәуірдегі әдебиетімен танысуда, оның дамуындағы ерекшеліктер мен өсу жолын танып білуде орта мектепте өтілетін қазақ әдебиеті пәнінің маңызы ерекше. Оқушылар мектепте әдебиет пәнін оқи отырып, қазақ халқының өткендегі әдеби мұраларымен, сол сияқты қазақтың советтік әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен танысады, олардан өздеріне рухани нәр алады. Коммунистік партия оқушыларға білім және тәрбие беруде, олардың дүниеге дұрыс көзқарасын және мінезін қалыптастыруда көркем әдебиеттің маңызы зор екенін әрдайым ескеріп отырады.

Қазір мектебімізде қазақ әдебиетінен оқушыларға жүйелі білім беретін тұрақты оқулықтар бар. Олардың бірсыпырасы уақыттың сыны мен талабына шыдап, талай рет басылып шықты. Мұның өзі сол оқулықтарда көптеген материал барлығын, өткендегі және қазіргі әдебиетіміздің қалыптасу, даму жолдары біркелкі дұрыс баяндалғанын, әдебиеттің жекелеген шығармалары мен құбылыстарына кәжетті талдау жасалғанын танытса керек.

Әдебиет оқулықтарының материалдары толық та терең қамтуы белгілі дәрежеде оқу программаларына, олардың құрылу жүйесіне байланысты екендігі мәлім. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеті оқулықтарының табыстары мен

кемшіліктерінің бір тамырын сол программалардан іздеуге керек. Соңғы кезде программалар жайында азды-көпті пікірлер айтылып жүргендігінің сыры да осында жаткан тәрізді. Мұндай пікір айтушылардың кейбіреулері 8-10 кластардағы программалық материалдардың бірсыпырасының орнын ауыстыруды мақұл көреді. Атап айтқанда, олар Махамбет Өтемісұлының творчествосын тоғызыншы класта, халық поэзиясының көрнекті өкілі Жамбыл Жабаев творчествосын сегізінші класта, Сәбит Дөнентаевтың творчествосын оныншы класта өтуді қуаттайды. Біздінше, осы пікірлердің дұрысы да, бұрысы да бар сияқты.

Сегізінші класта қазақтың сан ғасырлар бойына жасалған фольклоры мен советтік дәуірдегі халық поэзиясының үлгілері талданып оқылады. Ал солардың ішінде Махамбеттің «көзге шыққан сүйелдей» жеке-дара тұруы онша орынды емес. Рас, Махамбет творчествосына ауыз әдебиетінің ықпалы күшті болды. Бұл ақынның фольклорлық сөз айшықтарын, суреттеу құралдарын мол пайдаланғандығынан және бірсыпыра өлеңдерін шұбыртпалы жыр үлгісіндегі жазғандығынан анық байқалады. Сонымен бірге Махамбет шығармаларында жазба поэзияның сипат-белгілері де жиі ұшырасады.

Махамбет поэзияны қосалқы, көлденең кәсіп санамаған. Халықтың қамын ойлап, азаттығын аңсап, хан-сұлтандарға қарсы қылыш сермеген батырдың жалынды жырлары да жауынгерлік қызмет атқарады. Халықтың мұңын тербеп, көкейкесті арманын айту – Махамбет поэзиясының өрісті өзегі, идеялық тынысы. Оның шығармалары күрес рухына, өршілдік пафоска толы. Осы айтылғандардың барлығы Махамбет творчествосында белгілі идеялық нысана ұстағандығын және бұл оның шағрмаларына өзіндік сыр-сипат бергендігін байқатады.

Махамбеттің алдында творчестволық мақсат қойғандығы, толғанып ізденгендігі оның шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінен де анық көрінеді. Ол өзіне дейінгі поэзияда кездеспеген тың ырғақтың жаңа түрлерін тапты. Сондықтан да Махамбет сол кездегі және өзінен кейінгі көптеген ақындарға идеялық-көркемдік зор әсер етті. Оның әсерін тіпті қазіргі кейбір ақындарымыздың творчествосынан да

табамыз. Мұның бәрі – Махамбеттің өзіндік оқшау қасиеттері бар, ірі ақын екендігінің анық айғағы. Ал мұндай ақын жазба поэзияның өкілі ретінде қаралуға, оның творчествосы терең де мол талдануға тиіс. Махамбеттің және өткен ғасырдың алғашқы жарымында өмір сүрген тарихта мәлім кейбір басқа да көрнекті ақындардың шығармаларын арнайы зерттеп талдау жазба әдебиетіміздің алғашқы қалыптасу, туу процесі әріректе басталғанын анықтауға және Абайдың алыпты туғызған шешуші факторлардың негізгі бір тамырын дұрыс та мол тануға көп септігін тигізген болар еді.

Жамбыл творчествосына арналған талдауды сегізінші кластың оқулығына енгізу керек деген пікірге, біздінше, қосылуға болмайтын сияқты. Өйткені Жамбыл – қазақ совет поэзиясындағы аса ірі, көрнекті тұлға. Оның творчествосының құлашты кең жазып, көсіле дамыған кезеңі– совет дәуірі. Ақын шығармаларының дені де советтік тақырыпқа арналған. Советтік жазба әдебиетіміздің және елімізде туған жаңа шындықтың игі де шешуші әсерімен Жамбыл творчестволық биік белеске көтерілді. Оның бай мазмұнға толы жырлары бүкіл дүниежүзіне таралды.

Сондай-ақ, Жамбылдың совет дәуіріндегі творчествосын бүкіл қазақ совет поэзиясының даму жолынан бөліп алуға болмайды. Мұның бәрі Жамбыл творчествосының оныншы класта қазақ совет әдебиетінің курсында оқылуы орынды екендігін сипаттайды. Ал қазір қолданылып жүрген оқулықта Жамбыл творчествосы қаншалықты дәрежеде талданылатындығы өз алдына басқа мәселе.

Қазақтың советтік халық поэзиясының басқа кейбір өкілдерінің творчествосын фольклорға арналған оқулықта, яғни сегізінші класта өту орынды. Сол сияқты, онда қазақ совет фольклорының даму жолдары, оның жаңа жанрларының қалыптасып жетілуі жайында баяндайтын байсалды шолулар берген дұрыс сияқты.

Қазіргі программалар бойынша 1916 жылғы ұлт-азаттық козғалысына байланысты туған шығармалардың азын-аулақ үлгілері ғана тоғызыншы класта оқылады. 1916 жыл – халықтың дариядай тасыған ақындық қуатының сыртқа лап етіп бұрқырап шыға келген бір шағы еді. Ел басына төнген ауыртпалықты аза тұтқан, азаттық жолындағы күреске

шақырған небір тамаша өлеңдер, қоштасу жырлары әсіресе мол шығарылды. 1916 жыл оқиғасының көрінісі болып табылатын сол халықтық поэзияда көлемді дастандар, ұзақ поэмалар да болды. Біздінше, осы айтылғандарға байланысты 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының жаңғырығы болып туған өлең-жырларды, дастан-толғауларды халық поэзиясының бір мол саласы ретінде сегізінші класта өту қажет.

Ал Сәбит Дөнентаевтың творчествосын совет әдебиеті оқулығына енгізу қажет деген пікірде дәйекті негіз жоқ көрінеді. Рас, өзімен тұтас Сұлтанмахмұт Торайғыровпен салыстырғанда Сәбит Дөнентаевтың совет өкіметі жылдарындағы творчестволық тағдыры сәтті болды. Ұлы Октябрьдің жеңісінен кейін бірнеше жыл өмір сүрген, ел өмірінде болған өзгерістер мен жаңалықтарды өз көзімен көрген С. Дөнентаев совет тақырыбына да бірсыпыра өлеңдер жазды. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ қазақ совет әдебиетінің туып қалыптасуының басы-қасында болғанымен, С.Дөнентаев сол жас әдебиетімізді жетілдіруде, оның іргетасын қалауда өнімді еңбек ете алмады. Мұны, әрине, ақынға кінә етіп тағуға да болмайды. Шындығында да, ақын творчествосының салмағы оның революцияға дейінгі шығармаларында жатыр. С.Торайғыров, С.Көбеев сияқты, Сәбит Дөнентаев та Октябрьге дейінгі қазақтың демократтық, реалистік бағыттағы әдебиетінің дамуына өз үлесін қосты. Сондықтан да С.Дөнентаевтың творчествосын талдап зерттегенде бұл жайларды ескермей кетуге болмайды.

Поэзия әдебиетіміздің ең ежелгі жанры екендігі мәлім. Советтік ұлттық әдебиетімізде де көп уақытқа дейін поэзия жетекші жанрдың рөлін атқарып келді. Ал оның реалистік кесек прозамыздың шындап қалыптасқан кезеңі соңғы он бес-жиырма жылдың шамасы ғана. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, поэзия қазір де әдебиетіміздің дамыған жанрларының бірі болып табылады. Халқымыздың алдында тұрған міндеттерді орындауға атсалысу, уақыт талабына жауап беру жолындағы поэзиямыздың ізденулері мен қол жеткен табыстары аз емес. Біздің көркем де мол осы поэзиямыз совет әдебиетінің оқулығында кеңінен қамтылмай келеді. Бұл әсіресе монографиялық тараулардан анық байқалады. Ғ.Орманов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев,

Ж.Саин, Х.Ерғалиев және Т.Жароков сияқты ақындардың творчествосын арнайы талдауды программаға енгізу әбден болар еді. Бұл оқушылардың творчествосын арнайы талдауды программаға енгізуге әбден болар еді. Бұл оқушылардың советтік ұлттық поэзиямыздың жайында терең де бай түсінік алуына мүмкіндік берер еді.

Әдеби-тарихи фактілер мен материалдардың қамтылуындағы тапшылық сегізінші және тоғызыншы кластарға арналған оқулықтардан әсіресе анық байқалады. Қазақ халқының ғасырлар бойына жасаған бай ауыз әдебиетінің алуан түрлі үлгілері сегізінші кластың оқулығында тым жадау күйде берілген. Бұл тапшылық оқулықтың қай тарауынан болса да анық көрінеді.

Әдеби фактілер мен материалдарды баяндауда, оның жекелеген құбылыстарын талдауда ұшырасатын кемшіліктерді жөндеу, оқулықтың жалпы сапасын жақсарта, тереңдете түсу – автордың міндеті. Сонымен бірге оның оқулықта материалды мейлінше мол қамтуына мүмкіндік, творчестволық өріс берілуге тиіс.

Қазақ әдебиетінің сегізінші класқа арналған қазіргі оқулықтың басқа оқулықтардан өзгешелігі, дұрысырақ айтқанда, артықшылығы бар. Яғни онда нақтылы әдеби құбылыстар талдануымен бірге әдебиет теориясынан да мағлұматтар келтірілген. Әдебиет тарихымен енді-енді ғана таныса бастаған оқушылар үшін бұл өте пайдалы. Бірақ оқулықта беріліп жүрген теориялық осы мағлұматтар алакұла. Мысалы, көркем әдебиет деген ұғымның не екенін автор былай түсіндіреді: «Ақын, жазушылардың жазба түрінде шығарған шығармаларын көркем әдебиет деп атағанда, оның өзіне тән ерекшелігі барлығын еске аламыз. Ол ерекшелік жазушының өмір шындығын көркемсөз және образ арқылы суреттеп көрсете білуінде» (М.Ғабдуллин. Қазақ әдебиеті. 1956 жыл, 3-бет). Көркем әдебиеттің табиғаты, ерекшеліктері туралы оқулықта айтылғаны осы ғана. Бұдан әрі автор осы теориялық қағидасын түсіндіру үшін мынадай мысал келтіреді: «Мақалаларда Абайдың өмірі, қызметі тарихи деректердің негізінде баяндалады. Ал Абай туралы жазылған көркем шығармалар Абайдың өмірін, қызметін суреттеу арқылы, образ арқылы береді». Мұның

әрі де тым келте айтылған, сондықтан да оқушыға көркем әдебиет жайында толық та терең түсінік бермейді.

Ал тоғызыншы класқа арналған оқулықта оқушыға әдебиет теориясынан мағлұмат беретін мұндай материалдар мүлдем жоқ десе де болғандай. Қазір орта мектептерге арналған әдебиет теориясының оқулығы жоқ жағдайда әдебиет тарихын баяндайтын оқулықтарда теориялық жәйіттер молынан араласа жүруге тиіс. Өйткені мұнсыз орта мектепті бітіргендер әдебиет теориясынан мүлдем бейхабар болып шығады.

Жоғарыда айтылған сегізінші класс оқулығынан байқалатын кемшілік, яғни материалдың тапшылығы тоғызыншы класқа арналған оқулыққа да тән. Бұл шолу тараулардан әсіресе анық көрінеді. Мысалы, өткен ғасырдың 50–60-жылдарындағы және 70–90-жылдарындағы әдебиетке берілген шолулар тым тайыз әрі жүдеу. Оларда сол кездегі әдеби қозғалыстар мен ағымдарға жан-жақты сипаттама берілмеген, көрнекті ақын-жазушылардың творчествосына тән негізгі ерекшеліктер ашылмаған. Бұл күйінде шолу тараулар программадағы материалдың дәрежесінен болмашы ғана артық. Ал жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі әдебиетке арналған шолу тарау оқулықта мүлдем жоқ. Бұл кездегі әдебиетте қиян-кили, алуан түрлі ағымдар болады. Оның жекелеген өкілдерінің творчествосында да шымшытырық қайшылықтар көп. Сондықтан да бұл әдебиетке арналған шолудың оқулықта болмауы қынжыларлық-ақ іс. Бұл жағдай әдебиет пәнінің мұғалімдерін қиындыққа ұшыратып жүргені даусыз.

Сол сияқты оқулықтың Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыровқа арналған тарауларың, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты әдебиетке арналған бөлімін де тереңдету, толықтыра түсу қажет.

Айта кететін бір жай, қазақ әдебиетінің сегізінші және тоғызыншы кластарға арналған оқулықтары алты жылдан бері жыл сайын үздіксіз басылып келеді. Бірақ оқулықтарда әлі күнге дейін елеулі өзгерістер, толықтырулар енбей, сол ең алғашқы күйінде басылып жүр. Алты жыл аз уақыт емес. Бұл уақыттың ішінде әдебиет ғылымымызда да бірсыпыра жұмыстар істелді, көптеген мәселелер қайта қаралды.

Осылардың барлығы да оқулықтарда өздерінің көрінісін табуға тиіс.

Біздіңше, орта мектепке арналған әдебиет оқулықтарының ішіндегі көлемдісі де, күрделісі де – совет әдебиетінің оқулығы. Сондықтан да бұл оқулыққа кеңірек тоқталу қажет.

Әдебиеттің орта мектепке арналған оқулығы әдебиеттің бүкіл тарихын, тіпті оның белгілі бір кезеңін де барынша толық әрі егжей-тегжейіне дейін қамти алмайды және ол мұны алдына максат етіп қоймайды да. Ол оқушыларды әдебиеттің белгілі бір кезеңдегі даму жолымен, қалыптасу, өсу ерекшеліктерімен және оның басты, көрнекті өкілдерінің творчествосымен таныстыруға тиіс. Оқулықтың авторлары бұл салада өздерінің тәжірибелері аздығына қарамастан, алдарына қойылған міндеттерді біркелкі табысты шешу жолында едәуір еңбек сінірген. Оқулықтың бірсыпыра тарауларының қажетті дәрежеде, тәп-тәуір жазылғандығы бұған айқын дәлел болып табылады.

Оқулық ең алдымен макет ретінде шықты. Ол әдебиетшілердің және оқушылардың көптеген талқысына түсті. Осының бәрі авторларға пайдасын, септігін тигізгені сөзсіз. Кейін оқулық сол макеттің негізінде жазылды. Оқулыққа енген тараулардың кейбіреулері қайтадан жазылған, ал бірсыпырасының орналасу тәртібі өзгертілген, аттары ауыстырылған, кейбір тараулар толықтырылып, жөнделе түскен. Бірақ, сайып келгенде, авторлар сол макеттен онша көп алыстамаған.

Оқулық, негізінен, екі бөлімнен құралады. Олар – әдебиеттің әрбір даму кезеңін қамтуға арналған шолулар және бірнеше көрнекті жазушылардың творчествосын арнайы талдайтын монографиялық сипаттағы талдаулар.

Оқулық көлемі едәуір кіріспе аркылы ашылады. Мұнда көптеген мәселелер, атап айтқанда, социалистік мәдениеттің даму жолдары, совет әдебиетінің партиялылығы, совет әдебиетінің көпұлттық сипаты, совет әдебиетінің творчестволық әдісі, қазақ совет әдебиетінің өткендегі мұраға қатынасы және оның даму кезеңдері жайында сөз болады. Автор осы көптеген мәселелерін оқушылардың ой-өрісіне сай дәрежеде, тұжырымды да ұтымды түрде шешуге тырысады. Оқулықтың бұл мәселелер жайында оқушыларға

орта білім беретіндігі де даусыз. Сонымен қатар осы кіріспе тарауда бірсыпыра кемшіліктер де бар. Мысалы, «Совет әдебиетінің партиялылығы» деген бөлімшеде баяндалған пікірлер «Коммунистік партия – совет әдебиетін ұйымдастырушы және оған басшылық етуші» деген бөлімшеде қайталанады. Сондықтан да бұл екі бөлімшені не оқара саралай түсу керек еді. Сондай-ақ, Октябрь алдындағы әдебиет өкілдерінің творчествосына сипаттама бергенде де автор оқушылар IX класта танысқан, оқыған жәйіттерді қайталайды. Әрине, бұл орынсыз да қажетсіз. Мұның орнына автор сол кездегі әдебиетке дәл де тұжырымды сипаттама беруге, әдеби процестер мен ағымдарды тереңірек ұға түсуге тиіс еді. Қазақ совет әдебиетінің даму кезеңдері жайындағы бөлімше туралы да осыны айту керек. Көбінесе, әр кезеңде жекелеген авторлар жазған шығармалардың аттары ғана аталатындықтан, ал олар жайында жинақты пікір айтылмайтындықтан, бұл бөлімше де көзге жадағай, сырдан көрінеді.

Азамат соғысы және халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуіріндегі, алғашқы бесжылдықтар кезеңіндегі әдебиет жайындағы тарауларда авторлар, негізінен, алға қойған мақсаттарына жеткен. Бұл тараулар сол кездердегі әдебиет туралы оқушыларға кең түсінік береді. Сонымен қатар, бұл тарауларда авторлар кейде ғылыми талдаудың, қорытындылаудың орнына жалаң да жадағай талдауларға ауысатындығын атап айту қажет.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғыстан кейінгі құрылыс дәуіріндегі әдебиет жайындағы тарауларда сол кездердегі әдебиеттің келелі, көрнекті шығармалары талданған, әдебиеттің өсу жолы баяндалған. Бірақ осы екі тарауда ала-құлалық бар. Мысалы, соғыс жылдарындағы әдебиет оқулықта жанр-жанрға бөлініп, саралаңып талданған, поэзия, проза, драматургия сияқты жанрлардың өсу жолдары мен ерекшеліктері сипатталған. Ал соғыстан кейінгі кездегі әдебиет жанрға бөлінбей, тұтас алынған. Мұнда әдебиеттің көтерген тақырыптары ғана сөз болады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Әдебиетіміздің көтеретін тақырыптары сан алуан, ұшан-теңіз. Ал оқулық көлемінде әдебиетті онда көтерілген тақырыптарға қарап зерттеу

онша қолайлы, ұтымды әдіс емес. Жанр бойынша саралап талдау бұдан әлдеқайда пайдалы. Бұл әрбір жанрдың өзіне тән ерекшеліктерін ашуға, олардың даму процестерін жете көрсетуге көбірек мүмкіндік береді.

Оқулықтағы тараулардың ішіндегі тәуірлерінің бірі – СССР халықтарының әдебиеті туралы тарау. Бұл тарау бұрын орыс әдебиеті оқулығының тура көшірмесінің дәрежесінде еді. Автор енді өз тарапынан да біраз еңбектенген. Тараудан біраз материалдар түсіп қалған да, олардың орнына бізбен көршілес әрі тілі жақын халықтардың әдебиеттерімен таныстыратын материалдар берілген. Осының нәтижесінде тарау жақсара әрі ықшамдала түскен.

Көрнекті жазушыларымыз М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің творчествосына арналған тараулар жалпы алғанда тәуір жазылған. Автор аталған жазушылардың творчествосының ерекшеліктерін дұрыс түсіне отырып, олардың басты-басты шығармаларына терең талдау жасауға, байыпты да салмақты пікірлер айтуға ұмтылады. Бірақ бұл жазушылардың шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, олардың жазу манерасының өзгешеліктері оқулықта жеткілікті ашылмаған. Бұл ретте оқулық авторларының жалпы көркемдік талдау жасауға сараңдығын және әлі төселіп жетпегендігін атап айту қажет.

Максим Горький туралы тарау, негізінен, макеттегі күйінде берілген. Пролетариаттың ұлы жазушысының өмірлік және творчестволық жолы жайында оқушылар бұл тараудан біраз мәлімет алады. Осы тараудағы «М.Горький және қазақ совет әдебиеті» деген бөлімше оқулыққа тыңнан қосылған. Социалистік реализм әдебиетінің негізін қалаған ұлы Горький бүкіл совет әдебиетіне, сондай-ақ қазақ совет әдебиетіне де өзінің идеялық және көркемдік әсерін мол тигізіп келді және тигізе де бермек. Бірақ осы мәселе, яғни Горькийдің қазақ әдебиетіне әсері осы арнаулы бөлімде тіпті аздап та болса ашылмайды. Бір ғана мысал келтірелік: «Қазақ совет жазушыларының еңбек адамын көрсетуде Горькийдің жазушылық дәстүрінен үлгі алғандығы белгілі... С.Мұқановтың «Сырдария» романы, негізінен, еңбек тақырыбына арналған, ал ондағы Сырбай, Айбарша сияқты тағы баска жағымды геройлар еңбек арқылы ғана қоғамдық

белсенділікке көтеріледі». Әдеби әсер мен дәстүр туралы аса маңызды, проблемалық мәселені мұндай жадағай, жалпылама салыстыру арқылы жеңіл-желпі, үстірт шеше салуға болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың творчествосын талдауға оқулықта көрнекті орын берілген. Әсіресе Жамбылдың совет дәуіріндегі шығармалары басты-басты тақырыптардың төңірегінде алынып әрі орта мектеп оқушыларының түсініктері мен ой-орісіне лайықты, жетімді дәрежеде талданған, ақын шығармаларының тілі мен көркемдік ерекшеліктері де біраз сөз болған. Бірақ бұл ретте, яғни Жамбыл шығармаларының көркемдік ерекшеліктеріне тоқталғанда автор көбінесе ақынның өлең, жырларының көзге оңай шалынатын сыртқы белгілерін ғана негізге алған. Жамбыл – қазақтың советтік халық творчествосының асқар шыңы. Ол халық поэзиясын жазба поэзияның дәрежесіне дейін көтерді, сонымен ұштастырып жіберді. Сөйтіп, ол халық поэзиясына мейлінше жаңа өң, соны сипат берді. Жамбылдың советтік дәуірдегі шығармаларының айрықша белгілері мен ерекшеліктері оның творчествосының тек жаңа мазмұнында ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі көркемдік үлгілерінде де. Оқулықта осы мәселеге көңілді баса аудару қажет еді.

Жамбыл – тек саяси лириканың, толғаудың ғана ақыны емес, сонымен қатар ол көлемді дастандардың, эпикалық жырдың да шебері. Ал оқулықта Жамбыл творчествосының бұл саласы, яғни оның дастандары жайында мүлдем сөз болмайды. Тек «Ворошилов туралы поэма» ғана бір жерде аталады, бірақ талданбайды. Әрине, орта мектепке арналған оқулықта Жамбылдың барлық дастандары мен поэмаларын толық қамту қиын және бұлай ету қажетсіз де. Бірақ оның дастандары мен сюжетті эпикалық шығармаларының басты-бастыларына талдау беру қажет еді.

Заманымыздың асқан шабытты жыршысы болған Жамбыл өзімен тұстас және кейінгі ақындарға, әсіресе халық поэзиясының өкілдеріне зор әсер етті. Көптеген қарт ақындардың өлең-жырларынан, толғауларынан олардың Жамбылға көп еліктеп, одан мол үйренгенін анық байқаймыз. Сондықтан да бұл мәселеге, яғни Жамбылдың

баска ақындарға идеялық және көркемдік әсері жөніндегі мәселеге аздап та болса тоқталу керек еді. Өйткені мұнсыз Жамбыл творчествосы жайында айтылған пікір толық болмақ емес және бұлай ету арқылы, яғни Жамбылдың халық поэзиясының баска өкілдеріне әсерін сөз ете отырып, оқушыларға сол ақындардың (бұларға оқулықта арнаулы орын берілмейді) творчествосы жайында да аздап мәлімет беруге автор едәуір мүмкіндік алатын еді.

Көрнекті ақынымыз әрі жазушымыз С.Мұқановтың творчествосына арналған тарау тым үстірт, арзан жазылған. «Ботакөз» романына берілген талдауда ғана азды-көпті ой, пікір барлығын былай қойғанда, бұл тараудың калған бөлімшелері тіпті ешқандай сын көтере алмайды.

Ең алдымен, С.Мұқановтың өлеңдеріне берілген талдау әрі тым қысқа, әрі тым тайыз екенін атап айтуға керек. Авторлар С.Мұқановтың әр кезеңде жазған өлеңдерінің кейбіреулерінің аттарын атап, солардың мазмұнын баяндап берумен ғана шектелген. Ал мұндай талдауды орта мектепке арналған оқулық түгіл, сол орта мектептің жоғарғы кластарының оқушысынан да күтуге болмайтындығы түсінікті. Ақынның поэмаларына берілген талдау жөнінде де осыны айтуға болады.

С.Мұқановтың ақындық шеберлігі жайында айтылған пікірлер де тым қанағаттанарлықсыз дәрежеде. Советтік дәуірде ұлттық поэзиямызды мол дамытқан, оны тек мазмұн жағынан ғана емес, сонымен қатар түр жағынан да көп байытқан ақындарымыздың бірі – С.Мұқанов. Сондықтан да оның ақындық шеберлігі, поэзияға енгізген жаңалықтары жайында терең де байсалды пікір айту керек еді.

Жазушы Ғ.Мұстафиннің творчествосы да оқулықта лайықты бағасын ала алмаған. Өзінің творчествосында замандастарымыз – совет адамдарының образдарын жасау жолында еңбектеніп жүрген жазушының шығармаларын ғылыми тұрғыдан терең талдаудың орнына авторлар сол шығармалардың мазмұнын баяндаумен, қайталап айтумен ғана шектелген.

Оқулықта творчествосын арнайы талдау – жазушыға не ақынға сыбаға, тарту болмаса оны әдейі мадақтау емес. Бұл әрбір ақын, жазушылардың әдебиетке сіңірген еңбегіне

және оның шығармаларының әдебиетте алатын жалпы орнына байланысты анықталатын мәселе. Бірақ әдебиеттік әрбір жанр оқулықтан өзіне лайықты орын алуға тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда поэзия жанры оқулықта өзіне тиісті орнын толық алмаған сияқты көрінеді, онда көрнекті ақындарымыздың кейбіреулерінің творчествосын арнайы талдау керек еді.

Қазақ әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтары туралы кейбір ойлар осындай. Болашақта бұл оқулықтарды тереңдете, жетілдіре түсу, оларды әдебиет тану ғылымымыздың қазіргі жеткен жерін танытарлық дәрежеге көтеру қажет. Сонда ғана біз оқушыларды өткендегі және бүгіндік ерекшеліктерімен молынан таныстыруға мүмкіндік аламыз. Сонымен бірге мұның оқушыларға әдеби тәрбие берудегі, эстетикалық әсер етудегі маңызы ерекше зор екенін де естен шығармау қажет.

1957 жыл

«САҒАТ»

Оқушы жұртшылық жас ақын Аманжол Шамкеновты студенттер туралы, жастарымыздың рухани келбеті мен арман-тілегі, өмірі мен өнері туралы лирикалық өлеңдердің, жақсы-жақсы жырлардың авторы ретінде біледі. Өйткені оның әдебиет әлеміне келгеннен бергі он шақты жыл ішінде берген үш-төрт жинағына енген шығармалардың дені осы тақырыптарға арналған болатын. Ал жас ақынның соңғы кітабы оның қабілет-дарынының жаңа бір қырын, яғни балаларға арналған шығармалар жазуға да икемі барлығын байқатты.

Қазіргі уақытта еліміз коммунистік дамудың жаңа бет-белестеріне өрлеп келе жатқан шақта жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызы бұрынғыдан да тереңдеп, арта түспек. Бұл ретте жас буынды өміршең де өнерпаз, ойлы да сергек етіп тәрбиелеуге тиіс балаларға арналған көркем әдебиет әсіресе белсенді рөл атқармақ. Сондықтан да бұл салада туған әрбір жаңа құбылысқа жеткілікті назар аударылып

отырмағы ләзім. А.Шамкеновтың жинағын да біз осы орайда сөз етпекпіз.

Жинакка акынның балаларға арнап әр кезеңде жазған өлеңдері мен «Майжан» атты поэмасы енген.

Балаларға арналған шығармалар әйтеуір қызғылықты болуы үшін, яғни ермекке бола жазылмайды. Олар әркашанда белгілі бір педагогикалық нысана көздейді. Ал сол идеяны, тәрбие мен тағылымға жанасты өзіндік ойларын оқушысының ұғымына, жас ерекшеліктеріне орай каншалықты дәрежеде суреттей алмағы әр автордың шеберлігіне, калам сілтесіне байланысты. А.Шамкеновтың өлеңдерінде ұқыптылыкка, еңбек сүйгіштікке баулу тақырыбы мол орын алады. Осы тақырыпты шешуде автор әртүрлі көркемдік тәсілдер колданады. Бір мысал келтіріп каралык:

«Кезекші» деген өленінде акын Ернар деген баланың мектептегі кезекшілік салтын колданып үй ішін де тап-тұйнактай таза ғып койғанын және сол үшін шешесінен сыйлық алғанын баяндайды. Мұнда автор жақсы, әдепті бала үйде де, түзде де, мектепте де бірдей әрдайым жақсы болады деген ой түйініне мензейді. Мұнысы, әрине, ұғымды. Сонымен бірге осында оның бір мүлт кеткен жері де бар. Ол Ернардың кезекші болғаны үшін шешесінен сыйлық алуына байланысты. Тіпті өленнің аяғында автор оқушыға: «Сен де үйіңді таза ғып, кезекші боп сыйлық ал» деп тікелей ғибрат айтады.

Ал «Мен де кесте тігемін» деген өлең де еңбек, өнер тақырыбына арналған. Өлең кішкентай қыздың атынан баяндалады. Бұл өнерді оңайлықпен үйренбегенін айта келіп, былай дейді:

Енді өйтпеймін, сен енді,
Үйрендім мен акыры,
Әдемі боп келеді,
Мамамның «Үш батыры».
Бітіруге жақынмын
Мен де ала мысықты.
Үйде күнді батырдым,
Қараңғылық түсіпті.

Шақырса да Ернар кеп,
Шықпадым мен далаға.
Ойнап кетсем елбеңдеп,
Кесте тігіп бола ма?!

Міне, мұнда өз өнеріне беріліп, еңбекке дағдылана бастаған жас баланың қуанышы, мақтанышы, тіпті балалық аңқаулықпен өзін өрескел сезіне бастауы әсерлі баяндалған. Жинақтағы «Ақылды бала», «Көмектесем мамама» атты өлеңдер жайында да осыны айтуға болады.

Асылы, жас балаларға арналған шығармаларда ғибрат, тағылым беру уағызға айналмай, оқиға өрбуі арқылы, кейде баланың ойынын суреттеу арқылы жеткізілуге тиіс.

Жас ақын өзінің ең тәуір өлеңдерінде жас баланы өзін қоршаған өмірдің, дүниенің кеңдігін, әсемдігін сезіне білуге баулуға, оның көркемдік талғамын, үміті мен жігерін ұштауға және оның бойына жаңа дүние азаматына лайық қасиеттерді дарытуға талпынады. Бірсыпыра өлеңдерінде осы талпынысын тапқырлықпен тұжырымдаған автор кайсыбір мезеттерде тая соғып, жаза басып та кетеді. Бұл ретте «Лагерьге сапар», «Шофер қуанышы» тәрізді өлеңдерді атауға болар еді. Алғашқы өлең тым шұбалаңқы. Онда суреттеуден тізбектеу басым. Көп шығармаларында баланы өз тілімен сөйлетуге оңтайлы ақын бұл өлеңінде олақтық сездіреді. Ал екінші өлеңінің кейіпкері Серәлі деген шофер жігіт өзінен-өзі масайрап, болып-бітіп жүреді.

Жинақтағы «Ернардың кәсібі», «Фуражка», «Сағат» және басқа да бірқатар өлеңдер бала ұғымына жеңіл, қызықтылығымен, оның жасаң ой өрісіне орай ойнақылығымен ерекшеленеді. Бұл өлеңдердің ең жақсы қасиеті оларда бала мінезінсн туатын татаусыз күлкілі халдер мен тағылым берерлік байсалды жәйттердің өзара ұласып, ұштасып отыратындығы. «Сағат» деген өлеңді мысалға алып қаралық. Ернар деген балаға шешесі: «Сағат үште киноға апарам» – деп уәде береді. Сағат үш болуын асыға күткен баланың тынышы кетіп, шыдамы таусылады. Ақыры ол тағат қылмай сағаттың тілін бұрап қояды. Соған, яғни уақыттың өткеніне, сағаттың үш болғанына шұбаланбайды. Мұндағы Ернардың қылығына бала да, ересек адам да еріксіз езу тартып жымияды.

«Болды уақыт, әне, шын,–
Дейді, – өзің қарашы».
Түсіне алмай мәнісін
Қайран қалды мамасы, –

деп аяқтайды автор өлеңін. Ол өз тарапынан байлау айтқан, тек ишара ғана жасайды. Ой түюді оқушының өз үлесіне қалдырады. Бұл да – балаларға арналған шығармаларға аса қажет ұтымды қасиет.

Жинаққа енген «Самал қалай ауырды», «Сондай бала бола ма», «Көбелек», «Вовка деген досы бар» тәрізді өлеңдер көркемдік ерекшеліктері, әсерлілігі жағынан біркелкі емес. Алғашқы екі өлең қызғылықты оқиғаға құрылып жазылғандығымен, суреттілігімен, бала ұғымына жеңілдігімен тартымды да өтімді. Ал «Көбелекте» автор нысанасына жете алмаған. Жалпылама, жадағай жазылғандықтан өлеңнің әсер етушілік қуаты әлсіреп кеткен. Өлеңді оқып шыққанда есінде Қикар деген баланың есімінен басқа ештеңе де қалмайды.

А.Шамкенов «Еркінге хат» деген ұзақ өлеңі үшін кезінде республикалық конкурста бәйге алған болатын. Жинаққа сол өлең де кірген. Мұнда бір партизан баланың ерлігі хат түрінде баяндалады. Ақын осы тақырыпқа кейін тағы да қайталап оралып «Майдан» деген поэма жазған. Бұл поэмада Саша, Яша сияқты жас партизандардың ерлік істері суреттеледі. Ақын кейіпкерлердің отаншылдық ой-сезімдерін сылдыр баяндамай, оқиғалар тізбегінде көрсетуді көздеген. Көп ретте ол бұл мақсатына жете алған да. Поэма А.Шамкеновтың сюжет желісін қызғылықты етіп тартуға, шығарма композициясын орайлы түрде құруға біраз төселіп қалғанын байқатады.

Поэманың кемшілігі, ең алдымен, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің көркемдік тиянақ таппай, ішінара жасандылық сездіретіндігіне байланысты. Поэманың оқиғалары, негізінен, Саша деген баланың атынан баяндалады. Бірақ оның сөздері жас баланың ой аңғарына сыя бермейді.

Біздің советтік балалар әдебиетінің тақырыптық аясы кең де үлкен. Бірақ қандай үлкен тақырыпқа жазса да, ақындарымыз балалар әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерін

ескеруге, оның ішкі заңдылықтарынан ауытқымауға тиіс. Балаларға арналған поэзияда әсірелеу, жаңылтпаш, жұмбақ, сөз ойнақылығы сияқты ауыз әдебиетіне тән сипаттар да, бояу айқындығы, оқиға өрбуінің динамикалылығы мен өткірлігі, лептілік тәрізді белгілер де ұласа, ұштаса түседі. Белинскийдің сөздерімен айтқанда, балаларға арналған кітаптар «жеңіл, еркін, ойнақы, қарапайым тілмен» жазылуға тиіс. А. Шамкеновтың өлеңдерінде осындай түр байлығы, бояу алуандығы мол сезіле бермейді.

Жинақтың көңіл ұялатар жақсы жақтары мен кейбір кемшіл мезеттері осындай. Қорыта айтқанда, «Сағат» А.Шамкеновтың балаларға арнап қызғылықты, әсерлі шығармалар жазуға қабілеті барлығын танытты. Ақын бұл салада болашақта да беріле еңбектенуге тиіс.

1959 жыл

ОРЫСТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ

Орыстың классикалық әдебиеті өткен ғасырда өзінің шыркау биігіне жеткен болса, соның ең асқар шыңы – ұлы жазушы, көркем сөздің теңдесі жоқ шебері Л.Н.Толстойдың творчествосы еді. Ол өте ұзақ өмір кешті және артына мейлінше мол мұра қалдырды.

Л.Н.Толстой 1828 жылы, яғни декабристер көтерілісі қаталдық пен тағылық жайлаған патшалық Россияны дүр сілкіндірген соң үш жылдан кейін дүниеге келді. Ол бірінші орыс революциясын өз көзімен көріп, халықтың азаттық жолындағы арпалысының куәгері болды және біздің елімізде социалистік Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, жаңа өмір орнауынан жеті-ақ жыл бұрын дүние салды.

Ғасырға тарта жасап, Россиядағы қоғамдық өрлеудің қиян-килы кезеңдерін бастан кешірген жазушының өмірі азапты да толассыз ізденістерге, творчестволық ерлікке толы. Жазушы өзімен тұстас орыс өмірінің шындығын, ондағы ұлан-асыр өзгерістерді соншалықты терең бейнелеп қана қойған жоқ, сонымен бірге орыс қоғамындағы, үздіксіз ілгерілеу-тілеулер, жаңғырып, жаңарулар жазушының өзінің

де дүние тану шеңберінің, ой өрісінің кеңейе түсуіне шешуші ықпал етті. Оның творчествосын Горькийдің «...бүкіл XIX ғасыр бойына орыс қоғамы бастан кешірген оқиғалардың жиынтығы...» деп бағалауы да осыдан.

Лев Николаевич Толстойдың әдеби қызметі алпыс жылға тарта уақытқа созылды. Оның тұңғыш көркем шығармасы «Балалық шақ» повесі 1852 жылы «Современник» журналында басылды. Ол повестің соңында өзінің атыжөнін толық көрсетпейді. Бірақ «Балалық шақ» әдеби жұртшылықтың назарын бірден аударды. Бейтаныс жас авторға атақты ақын Некрасов былай деп жазды: «Мен сіздің қолжазбаңызды («Балалық шақ») оқып шықтым. Ол соншалықты мәнді – мен оны басып шығарамын... меніңше, оның авторында талант бар. Қайткен күнде де, автордың бағыт-бағдары, мазмұнының шынайылығы мен қарапайымдылығы бұл шығарманың бірегей қасиеті болып табылады». Бұл повесті кезінде Чернышевский де аса жоғары бағалап, оның авторының зор талантын, болашағын үлкен үмітпен атап көрсетті. Жазушы кейін «Балалық шақтың» жалғасын жазып, оны өмірбаяндық трилогияға айналдырды. Бұл тамаша трилогиясында автор сол кездегі орыс тіршілігінің қат-қабат қырларын соншалықты шынайы әрі терең ашып берді.

Халықтың өмірі мен арманы, қарапайым жандардың талайы мен тағдыры жазушыны өзінің бүкіл творчестволық жолы бойына толғандырып отырды. Ол халықтың ауыр тұрмысын, қасірет-мұңын бейнелеумен бірге оның абзал рухани қасиетін де реалистік түрде көрсетті. Толстой халықтың мұқтаждығын, адамгершілік кейпін суреттеумен тынып қалмай, аса ірі тарихи оқиғалар мен әлеуметтік ілгерілеулердегі халықтың шешуші маңызы терең ұғынарлық дәрежеге көтерілді. «Шығарма жақсы болу үшін, – деп көрсетті Толстой, – ондағы басты, негізгі ойды ұнату қажет... Мен «Соғыс пен бейбітшілікте» халықтық ойды қаладым...».

Толстой творчествосының бұл сыр-сипаты оның «Севастополь әңгімелерінен» бастап-ақ айқын белгі бере бастап еді.

«Севастополь әңгімелерінде» жазушы орыс халқының тұлғалы образын жасады. Автордың Кавказ әңгімелерінің негізгі желісін құраған ерлік тақырыбы «Севастополь

әңгімелерінде» асқақ отаншылдық тақырыбына ұласты. Батырлықтың бұлақ-бастауы халыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікте, терең патриотизмде екенін жазушы шынайы образдар арқылы көрсетті. Мұнда ол Россияның тарихи және әлеуметтік тағдыры проблемасын ең алғы лекте көтереді.

Сонымен бірге бұл әңгімелерде әшкерелеушілік қуат та мол. Жазушы орыс солдаттарының көзсіз ерлігін, отаншылдық сезімдерін патшалық армия офицерлерінің сатқындығына, опасыздығына қарама-қарсы қояды. Әшкерелеушілік, уыттылық жазушының қатал реализмінің ең бір айрықша сипаты болатын. Сондықтан да Толстойға жазған бір хатында оның творчествосының осы қасиетін Некрасов та арнайы атап көрсеткен еді. Жазушының жоғарыда аталған әңгімесі жайында ол былай дейді: «Бұл – орыс қоғамына әлі қазір қажет нәрсе, яғни бұл – шындық. Ал Гоголь кайтыс болғаннан бері орыс әдебиетінде сол шындық тым сарқылып қалып еді. Өз бойыңыздағы дарынның осынау бір қырын қадір тұтқаныңыз әбден-ақ абзал. Біздің әдебиетімізге сіз енгізіп отырған күйінде алғанда бұл шындық – біздегі мүлдем соны нәрсе».

«Севастополь әңгімелерінде» Толстой қоршаудағы қаланың ерлік жай-күйін, майдан көріністерін, өмір мен өлім арпалысқан сәттегі адамдардың психологиясын соншалықты нәзік те шыншыл көрсетумен бірге өзінің соғысқа қаны қас күрескер екендігін де қоса танытты, соғыстың адам өміріне, адамгершілікке жат сырын аяусыз әшкереледі. Арада он бес жылға тарта уақыт өткен соң, «Соғыс пен бейбітшілік» атты ұлан-ғайыр эпопеясын жазғанда да жазушы осынау авторлық позициясының терең гуманизмінен зәредей де танған жоқ, қайта оны бекіте, айқындай түсті.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының ақырында Толстой әдеби қызметке де қоя беріледі, көптеген повестер мен әңгімелер жазады. Осы тұста ол шетелдерге әдейі саяхат жасап қайтады. Лондонда болып, Герценмен танысады, Диккенстің тәрбие жайындағы лекцияларын тыңдайды. Осы сапардан оралған соң Толстой педагогтық қызметпен шұғылданады. Ясная Полянада өзі ашқан мектепке қызмет істесумен бірге жаңадан тағы да бірнеше мектеп ашады.

1862 жылы ол «Ясная Поляна» атты педагогикалық журнал шығарып, онда өзінің мақалаларын жариялайды, балаларға арнап көптеген кітаптар құрастырады. Толстой өзінің педагогтық қызметімен халыққа пайдалы болып, септігін тигізуді, оған ұстаздық етуді көздеді өйткені ол халықтың творчестволық және интеллектуалдық күшіне шексіз сенді.

1863 жылы Толстой «Казактар» атты повесін бастырды. Он жылға тарта уақыт бойына жазған бұл шығармасында ол терістік Кавказдың сұлу да сұсты табиғатын, алуан тағдырды адамдарын зор көркемдік қуатпен бейнеледі. Сол жылы Толстой «Соғыс пен бейбітшілік» атты эпопеясын жазуға кіріседі. Осынау толассыз творчестволық жұмыска ол аттай алты жылын арнайды. Соның нәтижесінде ол көркемдік қуаты, тарихи дәуірді қамтыған зор құлашы жағынан дүниежүзілік әдебиетте теңдесі жоқ ғажайып туынды жасады. Орыстың және Батыс Европаның атақты жазушылары Толстойдың эпопеясын таңдана, таңырқай қарсы алды. Француздың данқты жазушысы Флобер «Соғыс пен бейбітшілік» эпопеясының аудармасын оқып шыққан соң, оның авторын Шекспирмен қатар қойса, ал ағылшынның аса ірі романшысы Голсуорси бұл романды «бұрын-соңды жазылған шығармалардың ең ұлысы», – деп бағалады.

Эпопея тұтас бір халықтың тарихындағы аса маңызды оқиғаларды қамтиды, адам образдарын, өмірдің қиян-кілы құбылыстарын мейлінше кең әрі соншалықты терең бейнелейді. Бұл шығарманың ең негізгі пафосы орыс адамының Отанға деген ұлы махаббаты мен өмірге деген таза әрі саркылмас құштарлығын бейнелейтіндігінде. «Мен халықтың тарихын жазуға ұмтылдым», – деп жазушының өзі айтқандай, эпопеяның шын мәнісіндегі, ең тұлғалы кейіпкері – туған жерді қасақы жаудан қорғап қалған орыс халқы.

Россияның шетелдік баскыншыларға қарсы соғысын халықтың ерлігі мен елдігінің куәсі санаған Толстой оның жеңіспен аяқталуының сыры қалың бұқараның патриоттық қимылында деп білді. Өмір ілгері баса бермек. Шығарма осындай өршіл рухқа толы. Соғыс халыққа адам айтқысыз таксірет, аласапыран болып тиді, оның қанды шеңгелі құрсауын бүкіл ел тағдырына салды. Бірақ орыс халқы

соның бәріне қайыспай, қасарыса шыдады. Толстойдың эпопеясы орыс халқының осындай ұлы қасиетіне арналып айтылған мәңгі өшпес, толастамас гимн тәрізді.

Бұл тұста эпопеяның бүкіл идеялық мазмұнына, әлеуметтік кең тынысына, ғажайып мол образдар жүйесіне тоқталып жатудың орайы да, мүмкіндігі де жоқ. Тек бір ғана жәйітті, яғни өз шығармасында жазушының жүздеген кейіпкерлердің тағдыры мен талайын бүкіл халық өмірімен, ауыр тынысымен табыстыра, ұластыра суреттегенін әрі соғардың бас-басына өзіндік келбет, қайталанбас сыр-сипат тауып бере алғанын таңдана айтпасқа болмайды.

Толстой әдебиетке нағыз жаңашыл – суреткер ретінде келді. Майдан шындығын, соғыста арпалысқан жандардың жай-күйін терең білетіндігін ол «Севастополь әңгімелерінде» де қапысыз таныткан болатын. Ал «Соғыс пен бейбітшілікте» Толстойдың баталист-суреткер ретіндегі өнері бүкіл әлем әдебиетінде бұрын-соңды болмаған биікке көтерілді. Сонымен бірге Толстойдың эпопеясын жанрлық жағынан да өзінен бұрынғы әдебиеттің ешбір туындысымен теңдестіруге, шектеуге еш болмайды. Онда эпопея тарихи роман, хроника және авторлық философия тоғыса келіп, жаңа бір бітім тапқан. Мұны өз кезінде Тургенев те сүйсіне атап көрсеткен болатын. Толстой эпопеясының бүкіл әлем әдебиетіндегі үздік көркемдік құбылыс болып шығуының және оны ілгері дамытуының сыры да, ең алдымен, оның осы жаңашылдығында еді.

«Соғыс пен бейбітшілік» эпопеясы өзінің терең патриотизмімен халықтың тағдырын, ерлік күресін ұмытылмас образдарға бөлеп берген ғажайып көркемдік қуатымен, ізгілікте, шынайы адамгершілікті уағыздайтын гуманизмімен біздерге – совет адамдарына да етене жақын әрі соншалықты қымбат.

Бұл эпопеядан кейін жазушы Бірінші Петр дәуірінің оқиғаларынан алып роман жазбақ болады. Мұндағы оның ойы – Россияның тағдыры тірелген тығырықтан шығар жолды іздеу еді. Россия өзінің қолтума мәдениетін дамытуға тиіс. Осы ойды жазушы романының ең басты идеялық өзегі етуге тырысты. «Петр, яғни Петрдің заманы қажетті де ұлы іс тындырды. Ал Европа мәдениетінің құралына жол

ашқанда сол мәдениетті алудың керегі жоқ, өз мәдениетіңді дамыту үшін оның тек құралын ғана алу керек. Мұны халық жасайды», – деп атап көрсетті Толстой. Бірақ ол бұл романын толық аяқтап шыға алмады.

1871-1872 жылдарда Толстой өзінің атақты «Әліппесін» құрастырумен шұғылданды. Жазушының өзінің айтуынша, бұл тұста ол әдебиеттен гөрі педагогикаға көбірек ден қояды. Балаларды оқытып тәрбиелеу және оларға арнап көркем шығармалар жазуға Толстойдың қаншалықты зор мән бергені оның осы кітабынан да, хаттарынан да айқын көрінеді.

1877 жылы жазушы «Анна Каренина» атты романын жазып бітірді. Бұл роман өзінің көркемдік келісімі жағынан орыстың және бүкіл дүниежүзінің әдебиетіндегі аса үздік шығармалардың бірі. Анна Каренинаның тағдыры, оның өмірі мен арманы, азабы мен қазасы оқушыны талай уақыт бойына толғандырып келеді. Анна Каренинаның жан қуатына, ізгілікке толы, бірақ қасіретті махаббатынан біз асқақ адамгершіл идеал табамыз. Бұл идеал әділетсіздікке негізделген қоғамды жайлаған қаталдыққа, жалғаншылыққа мейлінше карама-қарсы еді.

Шекспир, Гете, Бальзак сияқты теңдесі жоқ суреткерлердің туындылары тәрізді, «Анна Каренина» романы да махаббаттың ұлы күшін мадақтайтын мәңгі өшпес жыр болып табылады. Сонымен бірге «Анна Каренина» – Россия өміріндегі тұтас бір дәуірді, орыс қоғамының тұтас бейнесін асқан көркемдікпен суреттеген нағыз әлеуметтік роман.

Россияда ескі, басыбайлылық тәртіп қаусай кирап, жаңа, буржуазиялық экономикалық құрылыс қалай орнағанын жазушы бұл шығармасында тамаша реалистік қуатпен көрсетті.

Толстой өз кезіндегі шындыққа енжар қарап, ізгілік пен зұлымдыққа салғырт қатынаста болған жан емес. Ұлы гуманист халықтың қайғы-қасіретіне қабырғасы қайысса, жаны ауыра киналды, оған емірене іш тартты, оның өмірі мен тұрмысына өзгеше зер салды. Соның нәтижесінде ол өзінің бұл романында өткен ғасырдың 60-70-жылдарындағы Россия өмірінің санкилы проблемаларын, неке мен семья, адамгершілік пен тәрбие, дін мен философия мәселелерін терең әрі жан-жақты қозғады.

Толстойдың реалист-суреткерлік құлашы оның философиялық тенденциясынан әлдеқайда кең екенін, оның творчествосы «бізді бәлкім, оның өзіне тұпа-тура жат нәрсемен таныстыратындығын» Горький атап көрсеткен болатын. Бұл пікірдің «Анна Каренина» романына да тікелей қатысы бар. Өйткені шын мәніндегі суреткер кейіпкерлеріне өзінің қара басының ой-киялын телімеуге, қайта оларды өз характерлерінің шындығына, өмір мен болмысқа орайлас суреттеуге тиіс деген пікірді осы романын жазған кезде Толстойдың өзі де талай рет айтқан болатын.

Жазушы кейіпкерлерінің қуат-күші олардың образдарының шынайылығында. Романның басты кейіпкері Анна Каренинаның образы да осындай.

Классикалық орыс әдебиеті орыс әйелдері образдарының тұтас галереясын жасағаны аян. Солардың ішінен Анна Каренина өзінің жан қуатымен, рухани дегдарлығының күшімен көзге оқшау көрінеді. Адамгершілік парызға адалдық және өз басының бостандығына ұмтылушылық сияқты сипаттар Толстой кейіпкерінің бойында әсіресе мол. Жазушы осынау бір қасіретті кейіпкерінің өмірі мен қазасын терең әлеуметтік тартыстың көрінісі ретінде суреттейді. Романның ең бағалы қасиеттерінің бірі де осында.

«Анна Каренина» романында қозғалған негізгі тақырып бұрынғы әдебиетте де талай рет көрініс тапқан болатын. Бірақ ондай шығармаларда сюжеттік желі, әйел-кейіпкердің тағдыры тым тапшы қамтылып, келте қайырылатын. Ал Толстой классикалық семьялық романның осындай дәстүрлі шеңберінде қалып қоймады. Ол Анна Каренинаның тағдырын, оның өмірлік жолының бар бұралаңын, аянышты халқүйін нағыз көреген суреткерге тән шындықпен, шеберлікпен суреттеді.

«Анна Каренина» Толстойдың жазушылық ізденістерімен бірге оның ойшылдық толғаныстарын да анық байқатты. Бұл оның шіркеулік ресми діннен тайғақсып, патриархалдық тұрғыдан идеялық позицияға бет бұрған кезі еді. Рас, билеуші тап өзінің өктемдік қалпын сақтап қалған күнде де, зұлматтықтан арылуға болады деген ойдан ол бұл кезде әлі де қол үзбеген болатын. Сөйтсе де, «Анна Каренина» өмірді осындай жолмен түзеуге Толстойдың шұбалана

қарап, секем ала бастағанын көрсетті. Ондағы пессимистік, үрейленушілік сарыны осыған байланысты болатын. Толстой творчествосының бұл сипаты да сол кездегі тарихи дәуірдің шындығы мен ерекшелігімен келіп туды.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бас кезінде Россия өміріндегі әлеуметтік және қоғамдық қайшылықтар бұрынғыдан да бетер асқына, өрши түсті. Рас, азаттық жолындағы толқулар нағыз революцияға айналып кете алмады. Бірақ тұтастай алғанда елде демократиялық қозғалыс құлашын кең жайып, шын мәнісінде белең алды. Осының бәрі Толстойдың өзі туып-өскен, бауырынан шыққан табынан қол үзуіне, өмірге өзгеше, жаңа көзқарас ұстануына әкеліп соқтырды. Мұның сырын, тарихи себептерін ұлы жазушы жайындағы данышпандық мақалаларында кемеңгер Ленин аскан көрегендікпен мейлінше терең ашып берген болатын.

Толстой нағыз халық жазушысы екенін, адам баласының көркемдік дамуына оның өлшеусіз үлес қосқанын көрсете келіп, Ленин дүниежүзінде теңдесі жоқ бұл ұлы жазушының творчествосына жан-жақты талдау жасады, оның шығармаларының күшті және әлсіз жақтарын саралап ашты. Лениннің бағалауынша: «Ол, бір жағынан, орыс тұрмысын аса тамаша суреттеп берген, оның үстіне дүние жүзілік әдебиеттің де маңдайалды шығармаларын жазып берген данышпан суретker. Екінші жағынан, құдайға жалбарынып диуаналық еткен помещик... бір жағынан, капиталистік қанауды аяусыз сынау, үкімет зорлықтарын, сот пен мемлекеттік басқарманың күлкі істерін әшкерелеу, байлықтың өсуі, цивилизацияның табыстары мен жұмысшылар бұқарасының қайыршылануының, жабайылануының, азап шегуінің өсуі арасындағы қайшылықтардың бүкіл терең сырын ашу, екінші жағынан – «Жамандыққа» күш жұмсап, «қарсыласпау» жайындағы диуаналық уағыз...» (*Ленин шығ.* 15-том, 201-201 беттер).

Ұлы жазушы өзінің шығармаларында буржуазиялық революция қарсаңындағы орыс шаруаларының көзқарасын, ой-тілегін білдірді, тұтас бір дәуірдің шындығын көркем образдар арқылы ашып берді. Бүкіл адам баласының алдыңғы қатарлы ақыл-ойының жемісін жоғары бағалайтын революцияшыл пролетариат қана Толстойдай ұлы жазушы-

ның ғажайып шығармаларына бірден-бір мұрагер болмақ. Толстойдың «мұрасында келмеске кетпеген, болашакка тән нәрселер бар. Бұл мұраға Россия пролетариаты ие болады» (16-том, 342-бет), – деп көрсетті Ленин.

Горький өзінің естеліктерінде кеменгер көсем Лениннің Толстойды суреткер ретінде аса жоғары бағалағанын, бүкіл Европада онымен қатар түсетін ешкім жок деген тұжырым жасағанын атап айтады. Бұл да Лениннің суреткер-Толстойға деген қатынасын әсіресе айқындай түседі.

Өткен ғасырдың соңғы он жылы бойына дерлік Толстой өзінің ең атақты шығармаларының бірі – «Арылу» романын жазады. Жазушының әдеби мұрасында бұл романның алатын орны ерекше. Сол кездегі орыс қоғамының өмірін жан-жақты, барынша мол қамтыған бұл роман өз дәуірінің ең бір келелі, ірі-ірі мәселелерін қозғайды. Сонымен бірге одан үлы суреткердің әлеуметтік бағыттағы түбегейлі ізденістері де анық байқалады.

Сексенінші және токсаныншы жылдарда жазған көркем шығармалары мен хаттарында, публицистикасында Толстой қоғамның билеуші таптарының құр масыл екендігін, помещиктік-буржуазиялық мемлекеттің қаусағалы тұрғанын, халықтың ыза-кегі тұтана өршігенін ашықтан-ашық айтады. 1891-1893 жылдарда елді жайлаған ашаршылыққа қарсы Толстой өзінің ашынған, тебіренген мақалаларын жазды. Солардың бірінде ол тұпа-тура былай деп көрсетті: «Біз оте-мөте ток болғандықтан да – халық аш. Қайыршылыққа ұшыраған, жерінен айырылған, шеткакпай болып, құруға айналған, аса ауыр жұмыс істесе де игілігін тек астаналар мен қалалар, деревняда топталған аукаттылар көріп отырған, осындай жағдайда халық ашықпай қайтпек?».

Жазушының соңғы кезеңдегі шығармаларының, әсіресе «Арылу» романының әшкерелеушілік қуаты неліктен соншалықты тереңдей түскенін ұғынып тануда оның мұндай пікірлерінің маңызы ерекше, өйткені романда жазушы өзінің осындай өткір, уытқа, әшкерелеушілік қуатқа толы ойларын көркемдік кестесіне бөлеп, жанды образдар аркылы береді. Автор ресми Россияның әкімшілік органдарының барлығын да тас-талқан, тып-типыл етіп сынайды, олардың адамгершілікке жат шын сикын жалаңаштап ашады.

Халықтың азаттық жолындағы тұтаса толқуы қарсаңында жазылған бұл шығарма осындай қасиеттері арқылы объективті түрде революциялық маңызға ие болады. Сонымен бірге ол жазушының реализміндегі, көркемдік тәсілдеріндегі ерекшеліктерді де коса аңғартады.

Романның негізгі идеялық пафосы ондағы басты кейіпкерлер – Катюша Маслова мен Нехлюдовтың образдары арқылы берілген. Өзара карама-қарсы осы екі образды диалектикалық тұтастықта ала отырып, жазушы екі таптың арасындағы қайшылықты барынша терең ашады. Ол Катюшаның бейнесін оған іш тарта отыра, аяушылық мейірімен берсе, ал оның трагедиялы тағдырының себепкері болған Нехлюдовты бірде зілсіз ирониямен, бірде уытты мысқылмен суреттейді.

Жазушы осы екі кейіпкерінің де өмірін, тіршілік күйлерін нағыз типтік дәрежеге жеткізіп көрсеткен. Олардың өмірлік жолдарының бұлтарыс-бұралаңдары, рухани жағынан жаңарып «тірілуі» өздері өкілдері болып табылатын екі таптың бейнесін береді, солардың әрқайсысының болашағын аңдатады. Нехлюдовтың трагедиясы оның халық жағына үзілді-кесілді шыға алмағандығында. Ол өзінің дворяндар табынан сырылып шығады, бірақ халықпен және соның жоғын жоқтап жүрген күштермен етене табысып кете алмайды. Сөйтіп, Нехлюдов образы билеуші таптың болашағы қараң екенін және шындықты іздеген жандар одан қол үзіп шығатындығын символикалық түрде бейнелейді.

Тарихи-әдеби тұрғыдан алып қарағанда Нехлюдов Толстой творчествосында әрдайым бой көрсетіп отыратын – әділетті аңсаған Пьер Безухов, Левин сияқты кейіпкерлердің бейнелерімен де алуандас тәрізді көрінеді.

Катюша – халықтың қызы. Әділетсіздік пен өктемдік дүниесінің құрбаны болған ол көрмегенді көреді: арына таңба түсіреді, еркіндіктен айырылады, жер ауады. Бірақ ол ақыры халыққа қайта кеп қосылады. Сондықтан да оның дүниаһи күнә біткеннен арылуы, яғни «тірілуі» халықтың сарқылмас адамгершілік күшін, жан тазалығын, рухани артықшылығын танытады.

Жалпы алғанда, халық пен оның тағдыры – романның ең негізгі тақырыбы, үзілмес арқауы. Күрес пен

қарсылықтың ұйымдаскан, революциялық түрлерін тікелей суреттемегенмен, роман халық ызасының, ашу-кегінің рухына толы. Бұл оған зор оптимистік қасиет бітіреді. Әлеуметтік кеселдерге жаны қас әрі оны тып-типыл етіп сылып тастайтын күш – халық. Әлеуметтік әділет салтанат құруын аңсаған арманға толы бұл шығарманың негізгі идеясы осындай.

Толстойдың өз басы революциялық күресті, революциялық идеяны құптамаған. Бірақ ол революционерлерді адал, халықты сүйетін, соның азат болуын аңсайтын жандар деп бағалаған. Сондықтан да ол романға бірнеше революционерлердің образдарын енгізген. Бұл да шығарманың тарихи шындықты, дәуір көрінісін қамту шеңберін, оның идеялық тынысын кеңіте, тереңдете түседі. Авторының көзқарасындағы қайшылықты мезеттерге қарамастан, бұл романның орыс революциясының айнасы болуы да осыдан.

Жазушы осы романмен қатар «Тірі өлік», «Қажы-Мұрат» атты шығармаларын да сол тұста жазды. Бұлардың да негізгі кейіпкерлері – өз маңындағылардан басқаша өмір сүргісі келетін, жаңа жолға түсуге ұмтылатын жандар. Олардың осындай іс-әрекеттерінің әлеуметтік сипаты тоқсаныншы жылдардағы жазушының өзінің де дүниеге көзқарасына, философиялық ойларына орайлас келеді.

Толстой творчествосының соңғы кезеңінде туған ең үздік шығармалардың бірі – «Той таркар». Бұл шығарманың жазылу тарихы да ерекше. Еврейдің атакты жазушысы Шолом-Алейхем Толстойдан Кишеневте қуғын-сүргінге, қырғынға ұшыраған еврейлерге жәрдем ретінде шығатын әдеби жинакка арнап шығарма беруді өтінеді. Толстой «Той таркарды» соған байланысты жазған. Осындай гуманистік мақсаттан туған шығарма терең идеялық пафосымен де құнды. Қоғамдық өмірдің шын сиқы, билеуші және езілуші таптардың арасындағы ымыраға келмес қайшылықтар онда зор әшкерелеушілік қуатпен ашылған.

Толстой өзінен бұрынғы Пушкин, Гоголь, Лермонтов сияқты алыптардың реалистік ұлы дәстүрлерінің лайықты мұрагері әрі ілгері дамытушысы болды. Оның эстетикалық көзқарасы, идеялық ізденістері, көркемдік әдісі осылайша келіп қалыптасты. Сонымен бірге ол бүкіл адам баласының

көркемдік дамуында жаңа қадам жасады. Орыстың ұлы жазушысының терең гуманизмі, көркемдік тәжірибесі қазақ әдебиетіне де нәрлі әсерін тигізіп отырды.

Қазақтың көрнекті жазушысы әрі ұлы педагогы Ыбырай Алтынсариннің Толстой шығармаларының ішінен кейбіреулерін аударғаны, оның өнегелі ұстаздық ойларынан тағлым алғаны аян. Бұл ретте Абай творчествосында да арнап айтарлық жәй іттер баршылық.

Абайдың классикалық орыс әдебиетінен тұтастай жемісті үйренгені, оның реалистік дәстүрлерін суреткерлік зор шабытпен бауырағаны мәлім. Оның творчествосы – бұған ең алдымен айғақ. Ал қазақ ақыны өзінің орыс классиктеріне деген қатынасын, олар жайындағы ойларын кең таратып айта бермеген. Оның мұндай пікірлері некен-саяқ. Солардың ішінен Абайдың Толстойды анық қадір тұтып, әсіресе жоғары бағалағаны байқалады. Ақын «Интернатта оқып жүр» деген атақты өлеңінде екі түрлі Россияның жігін саралап айыра келіп, талапты қазақ жастарына деген тағлымын, шын сырын айтады. Оларға Салтыков пен Толстойды әдейі атап өтеді. Мұндағы ұстаз-ақынның үлкен сыншылық толғаулы ойы айрықша түсінік беруді талап етеді. Абай сол жастарға: «Сен арман еткен чиновник пен адвокаттарды Толстой, Салтыков-Щедриндер қандайлық маскаралап, әшкерелеп, соракы кескіндерін әйгілеп бергенін ойлаңдар! Ойлана түсіп жиреніңдер, қашыңдар дейді» (М.Әуезов). Абайдың өз басының Толстойдан әсер алғаны оның қара сөздерінен, әсіресе ақынның мораль жайындағы философиясынан, гуманистік ойларынан анық байқалады.

Орыстың ұлы жазушысының теңдесі жоқ творчестволық тәжірибесінен, аскан шеберлігінен қазіргі суреткерлеріміз де мол үйренеді. Бұл ретте атақты жазушымыз М.Әуезовтің суреткерлік өнерін ерекше атап айтуға керек. Расында да, орыс классиктерінің ішінен М.Әуезовтің ең жемісті, әрі нәрлі үйренгені – Л.Толстой. Осы орайда жазушы өз геройларын психологиялық жағынан терең сипаттаудағы, типтік характерлер жасаудағы шеберлігін, шындықты және өмірдің тарихи дамуының заңдарын жете білуге ұмтылатынын атап айту керек.

Толстой шығармаларының қазақ оқушысына нағыз кең таралған, көп танылған шағы да – совет дәуірі. Қазір

оның «Анна Каренина», «Арылу», «Қажы-Мұрат», «Той таркар», «Кавказ тұтқыны» және басқа да көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылды. Бұл жағынан алғанда да – ұлы жазушының шығармалары суреткерлік өнерді кемелдендірудің баға жетпес творчестволық мектебі болып табылады.

Гуманист-жазушы өзінің ғасырға тарта созылған ұзақ өмірі бойына зорлық-зомбылыққа, зұлматтыққа қарсы күресті, адамгершілік пен ізгілікті бар жанымен қорғады. Оның халық қамын жеген құдіретті даусы ел тағдыры, оның болашағы сынға түскен қысталаң шақтарда зор қуатпен естіліп отырды.

Ұлы жазушының көзі тірі кезінде-ақ Чеховка жазған бір хатында Горький былай деген еді: «Данышпан деген не деудің өзі мүлдем түсініксіз. Одан да бұл – Лев Толстой деу – әлдекайда айқынырақ та қарапайымдырақ. Бұлай деу тұжырымды әрі мейлінше орынды, яғни ештеңеге ұқсамайтын өзгеше. Оның үстіне біртүрлі күшті, тіпті күшті естіледі... Оған қарап отырып өзіңді де адам ретінде сезіну, адамның Лев Толстой бола алатындығын сезіну соншалықты бір ғанибет». Расында да, теңдесі жоқ ұлы жазушының ұлы мұрасы өзінің ғажайып көркемдік қуатын мәңгі-баки жоймай, бәсең тарткызбай, болашақ буындарды да таңырқата, сүйсіндіре бермек.

1960 жыл

ЖАСТАР ТВОРЧЕСТВОСЫ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Соңғы кезде әдебиет жұртшылығы жастар творчествосы жайынан жиі-жиі әрі қызу сөз қозғап жүр. Бұл заңды да. Өйткені туған әдебиетінің тағдырына шын жүректен тебіренетін әрбір көркемсөз шебері сол әдебиеттің болашағы туралы, яғни жас кадрлары туралы толғанбай, ойланбай қалмақ емес. Міне, кейінгі уақытта жастар мүддесі үшін жасалып жатқан шаралардан осындай қамқорлық, тілек айқын сезіледі. Жас жазушылардың Бүкілодақтық кезекті кеңесі де осы мәселеге, яғни жас әдебиетшілер творчествосын жанжақты талқылауға арналып отыр.

Жас жазушылардың Бүкілодақтық кеңестерін өткізіп тұру–әдеби өміріміздің жақсы дәстүрлерінің бірі. Кеңес жастар үшін творчестволық сыннан өту әрі үйрену мектебі іспетті. Ол жас жазушылар мен ақындардың, драматургтер мен сыншылардың алғашқы шығармаларына, қаламалдыларына баға береді және олардың болашақ жолын бағдарлап, бағыт сілтейді. Жас жазушылардың Бүкілодақтық алғашқы кеңестеріне қатынасқан О.Гончар, С.Антонов, Д.Гранин, Р.Ғамзатов, П.Воронько, С.Орлов сияқты ақын-прозаиктер талай-талай жақсы шығармалар жазды. Сондай-ақ жас жазушылардың алғашқы кеңестеріне біздің республикадан қатынасқан М.Иманжанов, Х.Ерғалиев, тағы басқаларының әңгіме, повестері мен өлең, поэмалары жұртшылыққа мәлім. Біз бұл ретте аталған ақын-жазушылар осындай дәрежеге көтерілгені үшін жоғарыда айтылған кеңестерге түгелдей борышты деген пікір айтудан аулақпыз. Бірақ бұл авторлардың өнерпаздық қызметіне кеңестің игі әсерін тигізгені күмәнсіз.

Жас жазушылардың биылғы Бүкілодақтық кеңесіне Қазақстаннан да бірнеше ақын-прозаик, сыншы бармақ. Олардың шығармалары баспасөз бетінде нақты талданып та жүр. Біз бұл мақалада жастар творчествосы және жас әдеби күштерді топтастыру, баулу жайындағы азды-көпті пікірлерді ғана ортаға салмақпыз.

Әдетте, «жас ақын» немесе «жас жазушы» деген ұғымның өзі белгілі дәрежеде шартты түрде айтылады. Өйткені бірнеше кітап шығара жүріп, жасы егде тартып қалса да, творчествосы марқаймайтын авторлар болады. Сондай-ақ, керісінше, аз жазса да, саз жазатын қаламгерлер бар. Сондықтан бұл ретте кімнің жас екенін немесе кімнің жасамыс екенін саралап айырудың да, олардың шығармаларын толық қамтуға ұмтылудың да орайы жоқ.

Қазіргі уақытта әдебиетіміздің қатары жас күштермен үрдіс толығып келеді. Тіпті, жыл сайын дерлік жаңа лек, жаңа толқын бой көрсетеді. Осыдан аз уақыт қана бұрын балғын дауыстары естілген Е.Ибраһим, Т.Молдағалиев, З.Шүкіров, С.Жиенбаев, Ш.Мұхамеджанов орнын енді жаңа толқын басты.

Соңғы бірер жылда жас ақындардың тұңғыш өлеңдері

ріктеліп «Жырға сапар», «Жас дәурен» атты екі жинақ болып шықты. Осы дәуірімізде оқымысты ақындардың өмірге келгендігінің бір белгісі – қазақ әдебиетінің өзіндегі дәстүрлер ғана емес, айналасын көріп, шарлап қалғандығы байқалады. Твардовский, Исаковский, Вургун, Гамзатов сияқты ақындар қалай жырлайды? Айналаны, есікті түртіне жүргендігі байқалады. Жалғыз қазақ әдебиеті көлемінде өзімен-өзі болып, жалғыз шапқан аттың көдеден, бұтадан озғаны сияқты болу жарамайды. Ұлы орыс әдебиетін, туысқан тілдес елдердің әдебиетін, тілі бөлек әдебиет ақындарының аудармаларын оқып, үлгілерін көре отырып, ойлана отырып іздену деген – оқыған жастардың поэзияға келіп жеткендігін көрсетеді».

С.Асанов, Ж.Қыдыров, Ғ.Мүсірепов, Қ.Мұқашев, Ж.Нәжімеденов, Ә.Кекілбаев тәрізді жастардың ең тәуір өлең-жырлары бұған айғақ. Жас ақындардың өлеңдік түр, өлшем жағынан ізденістері де жоқ емес. Мұның тәуір үлгілерін С.Асанов, Қ.Дәрібаев, Ә.Кекілбаев тәрізді авторлардан молырақ байқаймыз.

Соңғы кездегі жастар поэзиясындағы бір ерекшелік – ақын қыздар қатарының молайып келе жатқаны. Қазір М.Айтхожина, Қ.Шілдебаева, Р.Қунақова, Ы.Бекбергенова, М.Сейітова өлеңдерін жиі оқимыз. Ал өлең-жырларын қазақ тілінде жазатын Надежда Лушниковананың балғын поэзиясының орны тіпті өзгеше. «Елім менің» атты тұңғыш жинағына кірген өлеңдерінен Н.Лушниковананың қазақ тілі байлығын өте жетік білетіндігі, оның бояу, өрнегін жақсы бауырағандығы байқалады. Жас ақын өз сырын былайша тербейді:

Жүрегіңді тербеген
Әнің болғым келеді.
Өміріңді гүл еткен
Сәнің болғым келеді.
Өзің баптап жайқалтқан
Құрағың болғым келеді.
Тынық түннің көгінде
Шырағың болғым келеді.
Арманының түбінде
Сырың болғым келеді,

Жарып шыққан жүректі
Жырын болғым келеді...

Шындығында, Н.Лушникованың жинағында ел-мекенге, туған жерге арналған, жүректі жарып шыққан мөлдір жырлар көп. Егер О.Сүлейменов, Ә.Әлімжанов, М.Жұмағұлов, А.Алтаев сияқты қазақ жастары өз шығармаларын орыс халқының тілінде жазса, орыс қызы Н.Лушникова, чечен қызы Р.Қалиматова, ингуш жігіті З.Мусаев өз жүрегін кернеген ойларын қазақ тілінде шертеді. Бұл да – халықтар достығының, әдебиеттер туысқандығының айқын бір көрінісі.

Жас ақындардың ішінде О.Әубәкіров, О.Иманалиев тәрізді сатиралық сарында жазатындары бар. Бұлардың ең тәуір өлеңдерінен батылдық пен тапқырлық та, дөп тиетін уыттылық пен өткірлік те байқалып жүр. Бірақ жастардың сықақшыл болуға ұмтылған талабы өне бойы сәтті шыға бермейді. Мәселен, жас талап Қ.Сыдықов «Сауатты қарға» деген мысал өлеңінде белгілі ақын С.Михалковтың бір өлеңін қайталаған да қойған.

Тұтастай алғанда жастар поэзиясында болашағынан үміт күттірерлік қабілетті, ойлы жас талаптар мол екені, олардың іздену, өсу жолында екені даусыз. Сонымен бірге онда ойласарлық, көңіл қобалжытарлық жәйттер де баршылық.

Жастар поэзиясындағы етек алып кеткен ең негізгі олқылықтардың бірі – тақырыптың ұсақтығы мен таңдығы. Олар бұрынды-соңды қаламгерлерді де, өзді-өздерін де жиі қайталайды. Барлығының да дерлік өлеңдерінде тау, гүл, нажағай, жаңбыр, терек, оның түбінде сырласқан екі ғашық – міне көбінесе осылар ғана көлеңдеп жүреді. Жас ақындардың соларды жырлауында да айырмашылық, өзгешелік шамалы. Олардың ішінде махаббат тақырыбына жазбайтыны жоқ. Бұл заңды да. Жастық пен махаббатты бір-бірінен ажыратуға болмайды. Махаббаттың жарқын қуанышы да, реніш қасіреті де абзал күйінде жырлануға тиіс. Ал сезімді улайтын, көмескі күйлерге бастайтын, арзан тұраксыздық пен мещандықты уағыздайтын жырлар бізге, біздің қоғамның моральдық, эстетикалық принциптеріне мүлдем жат.

Біздің көптеген жас ақындар осы талаптың деңгейінен шыға бермейді. Мәселен, Қ.Дәрібаевтың:

Сенің қара бұрымың
Шылбыр болса, сырласым,
Сағынышты жанымды
Шынжыр болып шырмасын.
Күміс күлкің сыңғыры
Кісен болып кинасын,
Гүл – кірпігің кеудемді
Тікен болып тырнасын.
Қос білегің мойныма
Дұзақ болсын – шыдайым.
Ұзақ болсын сол өмір,
Ұзақ болсын ләйім, –

деген өлеңінен жас жандар қандай тағылым, эстетикалық қандай ләззат алмақ, не үйренбек?

Лирика, оның ішінде әсіресе махаббат лирикасы кімді болсын қызықтырады. Бірақ оны альбомдық дәрежеде қалдырып, камералық күймен ғана шектеуге болмайды. Оны Маяковскийше жырлау, оның әлеуметтік, азаматтық сарынын асқақтата көтере жырлау қажет.

Жастар поэзиясындағы тағы бір кемшілік – олардың уақыт талабын, уақыт рухын терең сезініп, жете аңғара бермейтіндігі. «Жырға сапар», әсіресе «Жас дәурен» жинағына енген талай-талай өлеңді оқи отырып, солардың қай дәуірде жазылғанын, қай заман ақынының қадамынан туғанын сезіну қиын.

Жастар біздің бүгінгі өміріміздің тіптен аз жазатын сияқты. Өлеңдерде белгілі бір бағыт, нысана, мазмұн жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды – жастар өз дәуіріміздің бел баласы болуға, яғни өз уақытымыздың ұлылығын, өз замандастарымыздың ғажайып бейнесін жырлауға, шынайы суреттеуге тиіс. Асқақ ойдан, терең парасаттан, уақыттың ең түбегейлі моральдық-этикалық талабынан тайқақсып, сырт қалған шығарманың күні қараң. Біздің жас поэзиямыз уақыт үніне құлақ асып, саяси өткірлік пен дәуір лебін, азаматтық сарынды барынша мол бауырауға тиіс. Сонда

ғана оның қоғамдық мән-маңызы күшеймек, сонда ғана ол психологиялық, интеллектуалдық, көркемдік жағынан есейіп толыспақ.

Соңғы жылдары жас авторлар проза мен сын жанрында да көзге түсе бастады. Ж.Молдағалиевтің, Б.Тоғысбаевтың, Қ.Ыскаковтың повестері, М.Сүндетов пен Ш.Құмарованың әңгімелер жинақтары, Р.Тоқтаров пен С.Мұратбековтың үлкенді-кішілі прозалық шығармалары олардың өз үні, өз қаламының ізі бар екенін танытады. Сондай-ақ, З.Серікқалиевтің, А.Сүлейменовтың, Ә.Кекілбаевтың сын мақалалары назар аударарлық. Олар әдебиет пен көркем өнер туралы өз ойларын айтуға, әрі соны шыншылдықпен, шеберлікпен айтуға ұмтылады.

Бірақ осыларға қарап жас ақын-жазушылар бәрін тындырып тастады деп қорытуға болмайды. Оларда талант пен білім бар, өмірге, өнерге құштарлық бар. Сол талантты мәпелеу, сол білімді тереңдете түсу, жас қаламды мұқалтпай ұштай беру, халықпен, оның еңбегімен байланысты күшейту парыз. Осы орайда М.Шолоховтың жас әдебиетшілердің өткен бүкілодақтық кеңесінде айтқан мына бір сөздері еске түседі: «Сіздердің көпшілігіңіз облыстардан келгенсіздер. Бұл жақсы. Өйткені сіздер өмірге жақынырақ тұрсыздар. Мен сіздердің әдебиетте шау тартып қалмауларыңызды тілер едім. Ал сіздер творчестволық жағынан тез есейіңіздер. Сөйтіп, сіздердің творчестволық есеюлеріңіз тек бізді, жазушыларды ғана емес, оқушыны – зор да талапты оқушыны, дүниеде теңдесі жоқ оқушыны қуантсын».

Әдебиетіміздің жас күштерін топтастыру, оларға творчестволық бағыт сілтеу жағынан бізде бірталай жұмыс істелді. Бірақ мұнымен де іс тынып қалмақ емес. Ал осы мәселе, яғни жас жазушыларға қамқорлық жасау, оларды тәрбиелеу мәселесі бізде қандай дәрежеде? Осыған байланысты бірер сөз айта кеткен жөн.

Қазақ совет әдебиетінің жас күштері мол екені және олардың қаулап өсіп келе жатқаны әркімге-ақ аян. Әдебиетіміздің поэзия, сын жанрларында және балалар әдебиеті саласында жастар жемісті әрі белсенді еңбек етіп жүр. Тіпті, ұлттық әдебиетіміздің нағыз кемел, жетекші жанры – көркем прозада да жастар өз талантын танытып

тастады. Бірақ бұл айтылғандардан жас әдебиетшілердің еңбектерінде және оларды тәрбиелеу ісінде ешқандай кемшілік жоқ деген ұғым тумаска керек. Керісінше, бізде әдебиеттің жас күштерін топтастыруда, оларды баулуда әлі де болса көптеген олқылық бар.

Біздіңше, көркемсөз өнеріне қабілеті бар жас талаптарды әр кезінде байқап, оларға творчестволық, жәрдем көрсету ісінде республика Жазушылар одағы белсенді, дәйекті қызмет аткара алмай келеді. Одақ өздерін белгілі дәрежеде көрсеткен жастарды ғана таниды және көбінесе сол Одақтың мүшелері болып саналатын авторлармен ғана жұмыс істеседі. Қазақстанда жас жазушылардың творчествосына көңіл аз бөлінетінін, республика Жазушылар одағының мұны жете ескермейтінін «Литературная газеті» биылғы бір бас мақаласында әділ сынады.

Жазушылық тәжірибесі аз, көргені мен білгені тапшы болып келетіндіктен жас авторлардың кай-кайсысы да қаламгерлік көмекке ділгер. Сондықтан оның алғашқы шығармалары жайында пікірді кімнің айтқандығының және калай айтқандығының маңызы ерекше. Осынау ақиқат бізде көбінесе ескеріле бермейді.

Сондай-ақ, жас жазушылардың тұңғыш шығармаларын редакциялауға да айрықша мән берілуі қажет. Тәжірибесі мол, іскер редактор жас авторға көп жәрдем, демеу көрсете алады. «Жырға сапар», «Жас дәурен» атты жинақтардағы кайсыбір кемшіліктердің сыры осында. Сондықтан жас талаптардың шығармаларына пікір айтуға, оларды редакциялауға кәнігі, тәжірибелі әдебиетшілердің өздері атсалысуға тиіс.

Соңғы жылдары көптеген жас ақын, жазушылардың өлеңдер және әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Тұңғыш кітап – жас автордың творчестволық өмірбаянындағы елеулі оқиға. Сондықтан да жас талаптардың шығармалары жеке кітап болып шығуын тек құптау ғана керек.

Жастардың өнерпаздық жолында тез есеюі олардың алған әдеби тәрбиесіне де байланысты. Нашар шығарма жазудың түп тамыры тек қана дарынсыздықта деп қарау сынаржақтылық болар еді. Біздіңше, мұның бір төркіні талғаусыздықта жатыр.

Ал жас әдебиетшілерде көркемдік талғаудың, әдемілік сезімінің ұшталмауына мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы әдебиеттен сабақ беретін оқытушылар да ортақ. Олардың кейбіреуі өздерінің айтқандарын шәкірттерінің айна-қатесіз, бұлжытпастан қайталап шыққанын көңілге медеу, құр жұбаныш етеді. Ал болашақ әдебиетшілерді даярлау, қалыптастыру мәселесі оларды көп толғандыра бермейді. Соның салдарынан әдебиеттің жанды өміріне терең араласып, белсенді еңбек етуге жеткілікті творчестволық әзірлігі де, білімі мен дағдысы да жоқ, әрі-сәрі әдебиетшілер келіп шығады. Жоғары оқу орындарын бітірген, тіпті ғылыми дәрежесі бар көптеген жас әдебиетшілердің өз ойларын жатық, айқын да ашық жеткізіп бере алмайтыны, яғни дұрыстап жаза алмайтыны бұған дәлел. Жас әдебиетшілерді даярлаудың аса маңызды саласының бірі – оларға әдеби тәрбие беру жайында келелі мәселе қозғайтын уақыт жетті.

Біздің тәжірибелі ақын, жазушыларымыз жастарға қамқорлық жасау, оларды баулып үйрету ісімен өздері тікелей әрі өне бойы шұғылданып отыруға тиіс. Бұл тек жастардың ғана тілегі емес. Халқымыз коммунистік қоғам орнатып жатқан ұлы дәуір де, әдебиетіміздің болашағын ойлаудан туатын ұлан-ғайыр мүдде де осыны талап етеді.

1962 жыл

ШЫНДЫҚ ҮШІН, ШЕБЕРЛІК ҮШІН

Біздің дәуіріміз – ұлы оқиғалар мен өзгерістердің дәуірі, жаңғырып жанарулардың дәуірі. Сонымен бірге ол – қанатты қиял мен асқақ арманның, шарқ ұрған шабыт пен толассыз ізденістердің дәуірі, нағыз творчество көктемі. Туысқан Коммунистік партия ұлы заманымызға лайық ұлы әдебиет, ұлы өнер жасауға шақырумен бірге осы үшін қажет жағдайдың бәрін жасап, дана ұстаздай үйретіп келеді. Партияның таяуда болып өткен Пленумы – осыған анық айғақ.

Л.Ф.Ильичев жолдас осы Пленумда жасаған баяндамасында совет әдебиеті мен өнерінің онан әрі даму

жолдарын бағдарлай келіп, социалистік реализмнің ең түбегейлі мәселелеріне тоқталды. Солардың бірі – қазіргі ұлы шындығымызды терең де көркем бейнелеу проблемасы. «Социалистік реализмнің ең жоғарғы белгісі, күретамыры,– деп көрсетті Л. Ф. Ильичев жолдас, – коммунистік дүние тану тұрғысынан көркемдік образ түрінде бейнеленген өмір шындығы болып табылады». Бұл мәселе – социалистік реализм әдебиетінің іргетасы. Сондықтан ол әрбір совет суреткерін де, әрбір совет оқушысын да қатты толғандырады, оған зор жауапкершілік жүктейді.

Шындық және шеберлік. Ешуақытта да ескірмейтін, көнеріп көмескі тартпайтын ұғымдар. Көркемөнердің, әдебиеттің қай саласын, қай жанрын алсаңыз да, бірегей де ерекше осынау мәселеге соқпай, орағытып өтуге еш болмайды. Өйткені өмір шындығын, оның ілгерішіл тенденцияларын терең қамтыған және соны шеберлікпен бейнелеген өнер ғана өрелі болмақ, жетер жеріне жетпек.

Мұның бәрі де – ақиқат жәйі. Бұл сөздер біздің әдебиетшілеріміздің тіліне әрдайым-ақ жиі-жиі оралады. Ақиқаттың аты – ақиқат. Қанша қайталап айтсаң да, ол сол қасиетін жоғалтпақ емес. Бірақ ақиқат жайды тілмен айту аз, тілмен ұғыну, оны бекем ұстану әрі қадір тұту шарт.

Әдебиеттің оңай жанры жоқ болуы мүмкін де емес. Гәп сол жанрлардың табиғаты мен сырын, өзіндік ерекшеліктерін игере алуда, баурай білуде. Әйтпесе қойылар талап ортақ та бірегей. Сол талаптың саяр жері де – шындық пен шеберлік проблемасы. Әдебиетіміздің бар жанрының алдында тұрған осы проблема, біздіңше әдеби сынның алдына, әсіресе, қатты қойылып отыр. Біз бұл мақалада осы мәселе жайында бірер сөз айтуды ғана мақсат еттік.

Бізде әдеби сын бар ма, жоқ па? Мәселені бұлай қоюдың жөнсіз, жосықсыз екендігі даусыз. Сөйтсе де, кейде біріміз сынның бар екендігін, енді кейбіріміз сынның «жоқ» екендігін дәлелдеп, арам тер болып жатамыз. Осының өзінде де түсініспеушілік бар. Әйтпесе, «сын жоқ» деушілер (мұндай пікірді көбіне ақын-жазушылар айтады) де шынтуайттап келгенде, сынды жоққа шығармайды, оның теориялық, эстетикалық дәрежесінің төмендігін ғана айтады. Рас, кейде жеке бастың өкпе-назын қоса айтатындар да ұшырасып қалады.

Партия мен еліміздің өмірінде соңғы он жылда болған ұлан-ғайыр өзгерістер мен ілгерілеулер творчестволық атмосфера туғызды, шабыттың сарқылмас жаңа қайнарларын ашты. Бүкіл совет әдебиеті сияқты, қазақ совет әдебиеті де бұл кезеңде жаңа бел-белестерге көтерілді, реалистік кесек шығармалармен молықты. Бұл жылдарда әдебиетіміз өзінің барлық негізгі жанрларында тұтас өрбіп дамыды. Мұны қазіргі әдеби қозғалысымызға хас ең басты сипаттардың бірі деп қарау керек. Осы пікірдің шындығын растайтын мысалдарды проза мен поэзиядан да, драматургия мен балалар әдебиетінен де, көркем аударма саласы мен әдеби сыннан да молынан табуға болады... Ия, әдеби сыннан да табуға болады. Бәлкім, қазіргі қазақ әдебиет сыны жайында нигилистік пікір ұстанып жүрген кейбір авторларға біздің жоғарыдағы сөздерге мән бере, қайталап айтуымыз біраз ерсі де көрінер. Бірақ бұл – шындық. Оны мойындамаска ешкімнің лажы жоқ. Әдебиетіміздің түбегейлі мәселелерін талдап шешуде, оның өсу барысын, даму тенденциясын белгілеп бағдарлауда әлі де болса біраз салғырттық жасап, творчестволық олқылықтарға бой алдырып келе жатканымен, жалпы тұтастай алғанда қазақ әдебиет сыны өсу жолында, толысу үстінде.

Біздіңше, әдеби зерттеу мен сын қазіргі уақыттағыдай ешқашан да бой жазып өркендей алған жоқ. Бұл орайда Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың, М.Ғабдуллин мен Б.Кенжебаевтың, Т.Нұртазин мен М.Қаратаевтың, М.Базарбаев пен М.Дүйсеновтың, С.Қирабаев пен Т.Кәкішевтің байсалды зерттеулерін, жекелеген сыншылардың талантты жазылған, ойлы, өткір мақалаларын айтсақ та болады. Осының бәр-бәрі – соңғы жылдардың жемісі. Бұл тұста біз сыншыларымыз бен зерттеушілеріміздің осы еңбектеріне шолу жасап, талдау беріп жатпаймыз, мұның қажеті де жоқ. Сондай-ақ олар әдеби жұртшылықтан өздерінің лайықты бағасын алып та келеді.

Соңғы кезеңде сын әдебиетіміздің өсу, толысу үстіндегі ізденістерін, тірнектеп терген тәжірибесін жинақтап қорытындылаумен, оның жекелеген ірі-ірі өкілдерінің творчествосына тереңдеп үңілумен молырақ шұғылданды. Бұл ретте сын өзінің негізгі бір міндетін, яғни көркем әдебиетті оқушы қауым арасында насихаттау, жұртшылыққа

тапыту міндетін жаксы атқара алды деп айтуымызға әбден болады.

Егер бұдан бірталай уақыт бұрын кейбір нигилистер мен түрпайы социологтардың өткендегі әдеби мұрамызды, бүгінгі әдебиетіміздің ұлан-асыр табыстарын жоққа шығаруға тырысканын, тіпті қайсыбір ұрдажықтардың «Абай», «Өмір мектебі» романдарына қалам көтеруге жүзі жанбағанын еске алсақ, онда сынның әдебиетіміздегі ұнамды құбылыстарды қастерлеп бағалауға, оның идеялық-көркемдік бағдарларын қорғап қалуға беріле ден қоюы сонша лықты дұрыс та қажет болғанын көреміз. Мұның өзі Ғ.Мүсірепов айтқандай, «ескі ауылша өлгеннен кейін жоқтамай, тіршілікте, еңбек үстінде сыйласуға», әрбір суреткерді оның өз қалам сілтесіне орай танып білуге мүмкіндік бермек.

Сонымен бірге әдеби қозғалыстың көңіл ұялатарлық жақсы жақтарын мүмкін қадарынша тереңдеп ашып, мол көрсетумен беріле шұғылданып жүріп сыншыларымыз екінші бір шекке қарай ойысып кетті, яғни біздің әдеби сынымыз өзінің принциптілік беріктігін, өткірлігін мұқалтып, майрылдырып алды. Соның салдарынан сында жалтақтық, тіпті кейбір мәселелерде жағымпаздыққа ұрынушылық қайтадан қаулап етек ала бастады. Әрине, сынның мәні – әйтеуір сынай беру емес, барды барша, жоқты жоқша бағалау. Бірақ ол өзінің жауынгерлік айбынын әрқашан да әлсіретпеуге, босаңсытпауға тиіс. Бұл қасиетінен айырылған сын кесепатын ең алдымен әдебиетке тигізеді, әдеби процесте болып жатқан әралуан құбылыстарды ақтара ашып, айыра тануға, жекелеген шығармаларды тура да әділ бағалауға бөгесін жасайды. Мұның мысалын қазіргі әдеби сынымыз бен әдебиетіміздің хал-қадырынан анық байқауға болады. Соңғы жылдарда шыққан көптеген сын мақалаларды, зерттеулерді оқып өткен адам қазақ совет әдебиетінің өсіп-дамуында мін-мүлтік жоққа тән екен, ақын-жазушыларымыздың қаламынан туған шығармалардың барлығы дерлік классиканың дәрежесіне көтеріліп қалған екен деген әсерде болатыны күмәнсіз. Бұл, әрине, жансақ ұғым. Бұған ең алдымен, әрине, сын кінәлі.

Сындағы осы кемшілік жайында М.Қаратаев, Е.Ысмайылов сияқты аға сыншылар өздерінің сын туралы жұрт-

шылыққа мағлұм мақалаларында әділ де катты айтты. Бірақ... көп реттерде тағы да жалпылама, дерексіз айтты. Шынтуайттап келгенде, олардың мақалаларында сын нысанасына іліккен кейбір мақалалар мен тақ-тұқ рецензиялар қазіргі әдеби сынымыздың өресі мен өрісін, бастауы мен бағдарын белгілей де, таныта да алмақ емес. Мәселені принципті тұрғыда қозғамақ болған соң, оған тереңдеп үңілу, сын еңбектер мен зерттеулерді қарбыта қамтып, жан-жақты әрі нақтылы талдау жасау қажет еді. Мұндай таланты дер шағына жеткен үлкен сыншылардың алдына тартуға жұртшылық әсіресе ықтиярлы. Өйткені жас сыншылар да солардан үйрене, тағылым ала жүріп өспек.

Осы орайда өткен жылдың әдеби қорытындысына арналған мәжілісте әдеби сын жайында Б.Сахариев жасаған ойнақы, уытты баяндама да жоғарыда аталғандай халге душар болғанын айта кету қажет. Баяндамада аты бар, атағы бар әдебиетшілерге азды-көпті «жылы» сөз айтылған да, ал сыншының буырқанған ашу-ызасы, зілі мен кәрі үш-төрт жас автордың мақалалары мен рецензияларына «түскен». Бұл да керек. Бірақ тым аздық, тапшылық етеді. Өйткені қазіргі қазақ әдебиет сынындағы ең басты мәселе де, ойсыраған ол қылық та мұнымен тынып, шектеліп қалмақ емес.

Біздің сынымыз көп реттерде шындықты бұлтақсыз тура айтпай, жалтақтыққа салынатындығын, «атақтыларды» бірыңғай мадақтаумен шұғылданатындығын дәлелдейтін мысалдарды әр сыншыдан-ақ үйіп-төгіп келтіруге болар еді. Бірақ оған орын тар. Сондықтан бірді-екілі мысал келтіріп қаралық. Өзгесін былай қойғанда жасы да үлкен, жолы да үлкен әрі білімді, талантты сыншыларымыздың бірі деп жүрген М.Қаратаевтың творчествосын мысалға алып көрелікші.

М.Қаратаевтың әдебиетімізге, әсіресе әдеби сынға сіңірген еңбегі ерекше мол. Оның жазбайтын тақырыбы жоқ және бұркыратып тез жазып тастайды. Соларының бәрі-бәрі газет-журнал беттерінде үздіксіз жарияланады да, ізі суымай жатып, іле-шала кітап болып басылып та шығады.

Сыншының көп мақалаларын оқып отырғанда оның білімдарлығы мен сезімталдығына, тілінің уыттылығына, орнымен келетін юморына, публицистикалық өткірлігіне

анық ден қоясың, дән разы боласың. Рас, разы болмайтын мәселелер де аз емес. Біз мұнда жеке бастың өкпе-назынан емес, үлкен әдебиеттің мақсаты мен міндетінен туындап жататын жәйтті айтып отырмыз.

Биыл көктемде Қазақстан творчестволық интеллигенциясы активінің кеңесінде жасаған баяндамасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Ш.Жәнділдин жолдас былай деп көрсетті: «Январьдің бас кезінде «Казахстанская правда» М.Қаратаевтың қазақтың жас әдебиетшілері туралы «Есейген үндер» деген мақаласын басты. Онда 40-қа жуық адамның есімі аталды және мақтаулар да соншалықты көп, сын-ескертпелерді жүгіртіп айта салған». Бұл кездейсоқ емес, сыншының творчестволық тәжірибесінде әруақыт бой көрсетіп жүрген кемшілік. Көп алыска бармай-ақ, сыншының биылғы жылы шыққан «Шеберлік шыңына» деген жинағын алып қаралық.

Жинақта «Ленинның әдеби мұрасы», «Ленин образы қазақ поэзиясында», «Қазақ прозасы социалистік реализм жолында», «Ұлы міндет, кең тыныспен» сияқты ойлы, байсалды мақалалар бар. Жинақты тұтас алып, жалпы талдауды мақсат етпегендіктен, біз оларға толық тоқталып жатпаймыз.

Жинақтағы бірнеше мақала үлкен-үлкен ақын-жазушыларымыздың творчестволық жолын шолуға, жекелеген шығармаларын талдауға арналған. Сыншының Ахиллестің өкшесіндей осал жері де осы тұста анық байқалады.

Сол мақалалардың бірі – «Сыршыл ақын». Онда Ә. Тәжібаев тәрізді ірі, ізденгіш, жаңашыл ақынымыздың поэзиясы жайында ой қозғаған.

Ә.Тәжібаев – қазақ совет әдебиетіндегі ерекше тұлғалардың бірі. Бірақ ол қазіргі жеткен биігіне өне бойы өрлеп шыққан жері басумен, бір қалыпты жүріспен келген жоқ. Оның шырқап шыққан да, құлдырап құлаған да кездері болды. Бұл –үлкен өнер иелерінің талай-талайында-ақ болатын хал. Тұтастай алғанда, Ә.Тәжібаевтың творчествосында жемісті кезеңдер, жаза басушылық пен қайшылықты сарындар да болды. М.Қаратаевтың очеркінде ақын өткен сол қиын, күрделі жолдың бар қыры тұтас көрінбей, тек даңғыл жағы, жып-жылмағай жылтыр жағы ғана көрінген. Аралұра ақынның бірді-екілі өлеңін, жекелеген шумақтарын,

оқшау тұрған тармақтарын атап өтіп, тілінің ұшымен ғана жасқаншақтап сынап өткені болмаса, автор оның творчествосының көлеңкелі жағына әсте аяқ баспайды. Ол жайында болған бұрынғы ресми пікірлерді де, жекелеген авторлардың ойларын да жылы жауып қойған. Ақын творчествосының ойы-қырын толық түсіну үшін оқушыны бар жағынан хабардар етіп өткені дұрыс еді, мәселен, ақын Әбділдаға айтылып жүрген сындардың кейбірін еске түсіре кетелік:

«Әдебиет майданына революциялық қаркынмен кіріп, алғашқы он шақты жылда реалистік бағытта бірталай құнды шығарма берген Әбділданың соңғы он шақты жылда Отан тілегіне сай шығарма бере алмай жүргені, бірнеше шығармаларында өрескел кателіктер жасағаны, ол кателіктері – буржуазиялық символизмге сын көзімен қарамауына байланысты екені бізге мәлім. Бұл кателіктері үшін Әбділдаға кезінде қатал сындар айтылды...

Ондай пікірге мені Әбділданың «Тоқ-тоқ» атты өлеңі келтірді. Отызыншы жылдардың алғашқы кезінде жазылған бұл өлеңде «құрылыстың балғалары тоқылдап мазамды алды» деп Әбділданың құлағын басып қашатыны бізге мәлім. Бұл өлеңнің арты жаманға соққанын да көрдік: өмір шындығынан, яғни социалистік құрылыстан қашқан ақынның барған жері «Тараспен әңгіме», «Аққу көлі», «Көтерілген күмбез», «Біз де қазақпыз» сияқты бізге жат символизмнің дүниесі боп шықты» (Сәбит Мұқанов. Өсу жолдарымыз. 1960, 356-357-беттер).

Туған әдебиетіміз жайында әрдайым қатты толғанып, толғаулы ой-пікірлерін ірікпей айтатын үлкен жазушымыз бұл орайда кателік, жаңсақтық ақынның әдісінде, көркемдік тәсілінде екенін атап көрсеткен-ді:

«Қайталап айтқанда, Әбділданың жазғысы келсе жаза алатын ақын екені рас. Бірақ кейде жазғысы кеп-ақ тұрғанмен ақын шығармасына дұрыс әдіс қолдана алмаса, дұрыс ойы бұрыска шығуы да мүмкін. Мүмкін ғана емес, ол расында да солай.

Ә. Тәжібаевтың көркемдік тәсіліндегі жаңсақ ұғымдар оның «таза сатира» жасамақ болған, соны «теория» жүзінде дәлелдеуге ұмтылған талабынан да белгі берген-ді.

Драматургия жайындағы бір баяндамасында оның былай дегені бар: «Менің айтпағым таза сатира туралы. Гипер-болаға көтерілген, гротескіге жеткен жағымсыз образдар жасау үшін олардың өздеріндік қана, оңаша ортасын алуға да, сойтіп ұялас жағымсыздарды жағымды образдарсыз бөлек көрсету де күнә емес. Өңшең оңбағандардың кор өмірлерін, сасық орталарын, бұзық психологияларын, мазаққа ғана лайық қарым-қатынастарын көріп, оқушыларыңыз бен зрительдеріміз күлсе, жиіркенсе, сатиралық шығарманың өз мұддесіне жеткені, халкымызға болысқаны деп білуіміз керек» (Ә. Тәжібаев. Өмір және поэзия. 457-458- беттер).

Сырттай қызғылықты болғанымен, бұл – жаңсақ пікір. Егер бұған баксақ, кезінде әдеби жұртшылық әділ де қатал сынаған аты шулы «Дубай Шубаевич» пьесасын қайта жаңғыртуға, үлгі ретінде ұсынуға тура келер еді. Осы іспетті пікірді драматург біраздан бері айтып келеді. Кезінде, яғни 1954 жылы Қазақстан жазушыларының үшінші съезінде сойлеген сөзінде Николай Грибачев та оның осы пікірін сынаған болатын. Ол былай деген еді:

«Біз Тәжібаев жолдасқа: сіз тұнық дүние дегенді жалпы қалай түсінесіз және оны біздің шындығымызға қалай байланыстырасыз деп заңды сұрақ бере аламыз. Дәстүрді пікелей жалғастыру деген не, ол қайда және қашан болмақ?

Тәжібаевтан тағы да: егер бұл геройларының барлығы да ұнамсыз болып келетін шығармалар жазуға негіз беретін болса, онда мұндай шығармалардың драма немесе эпос жанрында жазылмай, тек сатира жанрында жазылатын болуы қалай деп сұрауға болады. Әлде ол біздің заманымыздың геройларын өзара бөліп, ұнамсыздарын сатираның, ал ұнамдылары мен жартылай ұнамдыларын барлық басқа жанрлардың үлесіне беруді ойлады ма екен.

Мұнда бәрі де түсініксіз, бәрі де өз орнында емес. Мұның себебі сол – Тәжібаев жолдас біздің әдебиетімізге тарихи тұрғыдан қарай алмайды, оның спецификалық ерекшеліктерін ескерместен заң туғызбақ болады. Ол әдебиеттің дамуын шындықтың дамуынан бөліп алады, сөйтіп құбылыстарды өзара байланысты қарау керек деп үйрететін марксшк-лениндік теорияны өрескел бұрмалайды» («Әдебиет және искусство» журналы, № 10. 1954. 107-бет).

Ә.Тәжібаев жайындағы очеркінің басында сыншы қазақ поэзиясын үлкен бақа, ал ақынды соның бір мәуелі ағашына балайды. Әдемі-ақ. Бірақ сыншының өзі бағбандық мінез көрсетпеген. Шын бағбан өз бағын өзі сарапқа салмай, мәпелеп күтер, әр нәрседен таза сақтар болар...

Сыншының осы жинағындағы «Уақыт, еңбек, адам» деген мақаласы да жайдақ, жадағай мақтау сарынына толы. Автор оған «Теміртаудан туған толғау» деп қосымша ат беріпті. Тегі, шығарманы оқығанда қатты тебіреніп, терең толғанысқа түскендей, шабыт алғандай. Бірақ «Теміртау» романы сияқты, ол жайында жазылған мақала да оқушыны онша толқыта қоймайды. Сыншы романды «өн бойындағы барлық олқылық, кемшіліктеріне қарамастан-ақ, қазақ совет әдебиеті тарихында жаңа тақырып шыңына (?) барлап барған» шығарма ретінде бағалап түйеді. Осы сөйлемнің өзі іштей қайшылыққа толылығын былай қойғанда, ондағы ойға да онша көңіл ұялай қоймайды.

«Теміртау» романы да, соған байланысты жазылған М.Қаратаевтың мақаласы да көп дау-дамай туғызды. «Теміртауда» басқа шығармаларда бой көрсеткен ситуациялар мен образдарға, характерлер мен тағдырларға тым ұқсас мезеттер көп екендігі де айтылды. Біздіңше, «Теміртаудағы» кемшілік атаулының бәрі тек оның әдеби реминисценциялар көптігінде ғана емес еді. Соған тереңдеп үңілген, авторға ой салардық саликалы сын аз болды. Ал сондай-ақ, бірыңғай мадақтауды мақсат еткен сын жазушыға еш пайда бермейтіні осы жолы тағы да анық көрінді. «Теміртау» романы жайында ең көрнекті сыншыларымыздан қолпашқа қарық болған жазушының өз творчествосы туралы, іздену бағыты туралы терең ойланып-толғануына мүмкіндік болмай қалды. Сондықтан жазушының «Доктор Дарханов» атты соңғы романының ыңғайсыз халге душар болғанына біздің сынымыз да аз кінәлі емес сияқты.

Ғ.Мұстафин таяуда «Литературная газетада» жарияланған мақаласында біздің сынымызда жалтақтық, тіпті екіжүзділік барын соншалықты әділ айтты:

«Сынның өресіздігі кей кездері осынау әдеби «цехтың» жекелеген мүшелерінің екіжүзділігімен, ождансыздығымен барып ұштасатынын да бүркей алмаймыз. Бұл біздің идео-

тотиялық күресімізге қаншалықты үлкен зиян тигізетінін ойландаршы! Екіжүзді сыншы қоғамдық мүддеге қарамастан, шындық дегеннің бәріне қарама-қайшы келіп, қоқыс біткенді әдебиет деп ұсына береді. Біздің кейбір сыншыларымыздың өз білімін, өз сөзін совет адамдарын рухани, эстетикалық тәрбиелеу жұмысына арнауға міндетті екенін ойланатын уақыты жеткен жоқ па? Өйткені жазушының бүгінгісі мен келешегіне, оқушының эстетикалық талғамы мен идеялық қалыптасуына сынның зор әсерлік күші бар... Мен бұл жерде әдейі ешкімнің де атын атамай отырмын. Кінә қойылған жолдастар менің сөзімді дұрыс түсініп, келешек жұмыстарында ескерер деп ойлаймын».

Лайым солай болсын да! Бірақ көбіне-көп дәл осылай болып шыға бермейді. Әдетте мұндай «ишара» сын кім жайында екенін әдеби жұртшылық та, сол сыналып отырғандардың өздері де сезеді. Ал қалың қауым, халық біле бермейді. Аты-жөні аталмағандар іштей біраз түйтқілденгенмен, тайға таңба басқандай жария болмағанына «шүкірлік» етеді де, бәз-баяғы қалпына түсіп жүре береді. Бұл Белинский айтқандай, «есепқор сынның, сарапшы сынның, саудагерлік сынның тууына жағдай жасайды». Ол мұны аяр, жалған сын деп атаған: «По отношению же критики к лицам, занимающимся ею, прежде всего должно разделить ее на критику искреннюю, добросовестную критику по убеждению, по началу, и на критику по расчету, критику торговую. Последняя всегда ложна...»

Әдеби сынның айбарлы рухынан айырылуы, принциптік өткірлігін мұқалтуы оның беделінің түсуіне әкеліп соқтырады. Ондай сыннан ешкім айбынбайды, ондай сыншыны ешкім сыйламайды. Сыншы өзінің еңбегіне саналы, жауапты түрде қарауымен бірге творчество адамы ретіндегі өзінің қадір, қасиетін терең сезінуге, өзін жақсы мағынада тәкаббар ұстауға тиіс. Бұл оның ой-пікірлерінің беделді, дарымалы болуына әсер етпек.

Біздің сынымызда нақтылы проблемалар нақтылы шешіліп, нақтылы шығармалар нақтылы талдануының орнына әдебиетке тұтастай ортақ жалпылама қағидалар, жалпылама бағалау, көш құлаш кісі аттары қабаттаса жүреді. Мұның мысалын тағы да сол М.Қаратаев пен Е. Ыс-

майыловтың соңғы жинақтарына енген мақалалардан анық көруге болады. Әдеби сын – әр жазушыға сыбаға үлестіруші, әркімнің бір шашбауын көтеруші емес. Ол әрбір шығарманы әр жазушыны бағалағанда қоғам мен дәуірдің, халықтың талабын негізгі критерий етіп ұстануға тиіс. Ал біздің сынымыздың иерархиялық проблемалармен көбірек шұғылдануы, сыбаға тартуға, біреуді дана, біреуді ұлы деп жариялауға ынғайпаздығы оның сол талап дәрежесінен шыға бермейтіндігін байқатса керек.

Ал біздің шын мәнісіндегі үлкен, кесек шығармаларымыз сыннан өздерінің лайықты көркемдік, эстетикалық бағасын әлі күнге дейін алып болған жоқ. Мәселен, біздің сынымыз «Оянған өлке», «Дауылдан кейін», «Ботакөз», тағы да солар тәрізді сокталы шығармалардың бар тереңіне алғыр нәзіктікпен үңіліп болды деу қиын. Ал «Абай жолы» эпопеясының алдында ол әсіресе, көп қарыздар. Бұл эпопея жайында талай зерттеу, талай мақала жазылды, талай баяндама жасалды. Бірақ соның бәрі романның тіпті бірінші кітабы жайында Ғ.Мүсірепов айтқан аталы ой-пікірлердің дәрежесіне әлі де көтерілген жоқ. «Енді ұлы шығарма жайында не айтылатындығы туралы мәселенің маңызы сол ұлы шығарманың өзінен кем емес», – деген Белинский пікірі біздің әдебиетіміз бен әдеби сынымызға әсіресе орайлас тәрізді. Бұл – жалпылама, жадағай мақтау, талғаусыз таңданумен терең біліп, нәзік ұғынып әрі жеткізе бағалаудың арасы жер мен көктей деген сөз.

Сөйтіп, қазіргі қазақ әдебиеті сынындағы ең негізгі әрі кезек күттірмей айықтырылуға тиіс кемшіліктердің бірі – жасқаншақтық, шындықтың бетіне тура қарап, ақиқат жәйттерді ашық та батыл айта алмаушылық. Бұл біздің сынымызда, ең алдымен, партиялық принциптілік, творчестволық табандылық пен сергектік жетісе бермейтіндігін аңғартса керек. Мұны әркім-ақ, оның ішінде сыншылардың өздері де іштей жақсы сезінеді. Гәп сол ішкі ой-сезімдерді бұлтаққа, бұраланға салмай, ашық айта алуда және басқаны да айта білуге үйретуде.

Біздің сынымыздың тағы да бір кемшілігі оның жинақтап қорытушылық қасиетінің, яғни синтездік сипатының тым саяздығында. Бізде эмпирик сыншылар көп. Соңғы жылдар-

да басылып шыққан монографиялық зерттеулер мен сын-биографиялық очерктерден, журналдарда жарияланған көлемді мақалалардан олардың авторларының белгілі ақын-жазушыларымыздың творчествосына, жекелеген іргелі шығармалардың идеялық тынысына, көркемдік кестесіне, образдар жүйесіне жіті де терең үңіле бастағаны байқалады. Бұл – сыншыларымыздың зерттеуші үшін аса қажет талдау өнерін мол баурай бастағандығының белгісі. М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Г.Нұртазин, Қ.Нұрмаханов, С.Қирабаев, сияқты сыншылардың қай-қайсысының да кітаптары мен мақалаларынан осы қасиетті мол сеземіз.

Сонымен бірге сынымыздың осы жақсы қасиеті, бір жағынан, оның әлсіздігін де аңғартады. Өйткені әдеби талдауға, яғни анализге тым үйірлік, тек әрдайым соған ғана бой ұра берушілік – сынның әлі де болса баланғандығының, кемеліне келмегендігінің айғағы. Шын мәнісіндегі өскен, мәдениеті жоғары сын жекелеген әдеби құбылыстарға, нақтылы шығармаларға талдау жасай отырып, бүкіл әдебиетке, ондағы әралуан процестерге тұтастай хас ортақ жәйттерді қоса сөз етеді, сөйтіп әдебиеттің табиғатын, оның сөз өнері ретіндегі қат-қат қырларын, сан-сан сырларын ақтара ашады.

Өкінішке қарай, біздің әдебиет сыны бұл деңгейден әлі де тым төмен жатыр. Тіпті ең тәуір деген зерттеулердің өздерінен де осы синтездік сипат, жинақтап қорытушылық қасиет терең сезіле бермейді. Бұл – сыншыларымыздың алдында болашақта өз өнерін ұштап жетілдіру, эстетикалық және көркемдік тұрғыда жаңа белестерге көтерілу міндеті тұр деген сөз. Ал мұндай биікке шыға алмаған сын әдеби қозғалыстың алдағы уақыттағы даму аңғарын, барар бағдарын белгілеп болжай алмақ емес.

Әрине, әдеби сынның бұл кемшілігінің себебін біздегі теориялық ойдың ояндығынан ғана іздеу сынаржақтылық болар еді. Біздіңше, мұның негізгі бір тамыры сыншылық шеберліктің жетіле бермеуіне байланысты.

Ақын мен жазушының немесе драматургтың шеберлігі туралы бізде біраз уақыттан бері азды-көпті сөз болып келеді. Бұл ретте творчестволық тәжірибе де жиналды. Ал сыншылық шеберлік, сыншы өнерінің әралуан қыры мен сыры жайында әлі күнге дейін салиқалы, салмақты пікір

болған емес. Сөз жоқ, бұл мәселені нағыз көкейтесті талап ретінде көтерудің де, шешудің де мезгілі әлдеқашан жеткен еді.

Творчествоның көркемдік бағытына мейлінше жат карадүрсінділік пен схемалық біздің әдебиетіміздің қай саласына, қай жанрына болса да салқынын аз тигізген жоқ. Бірақ солардың ішінде бұл олқылыққа, әсіресе, ала-бөтен ойсырап бой алдырған – тағы да әдебиет сыны.

Газет, журнал беттерінде жарияланып жүрген әдеби-сын мақалалар мен рецензиялардың көпшілігінде талданып отырған шығарманың тақырыбы, сюжеттік желісі, яғни оның мазмұны біраз сөз болады, содан кейін шығарманың саяси, идеялық бетіне баға беріледі. Осымен сын мақала да аяқталады. Ал қаламгердің творчествосына іштей бойлай отырып, терең талдау жасауға, теориялық қорытындылаулар, байлаулар айтуға біздің сыншыларымыз көп бара қоймайды. Әрбір ақын, жазушының өз қаламының сара ізі болсын деген талап сыншыға да қойылуы қажет. Біздегі көптеген сын мақалаларды бір-бірінен тек олардың авторлары әр басқа екендігінен және онда талданатын шығармалардың әртүрлілігінен ғана ажыратуға болады. Әрине, мұның бәрі, сайып келгенде, сыншының олақтығына байланысты.

Осындай кемшілікті жекелеген мақалаларды былай қойғанда, тіпті арнайы зерттеулерден де ұшыратуға болады. Мысалы, М.Қаратаевтың «Шеберлік шыңына» атты арнаулы кітабында (сң болмаса атына қарап) шеберлік мәселесі толғаулы сөз болар деп ойлап едік. Бірақ Ғ.Мүсіреповке және әдеби жылдың қорытындысына арналған мақалаларында ғана болмаса, сыншы басқа зерттеулерінде шеберлік мәселесіне не сырғақсып жоламайды, не жоласа да схемалық жәйттерден көп аса алмайды.

Кейде көркем әдебиеттегі примитивизмнің сынға да әсер ететін мезеттері болады. Бірақ шын мәнісіндегі сауатты, маман сыншы мұндай кемшілікке бой алдырмақ емес.

Көркемдікті, шындықты жан-жүрегімен ұққан, майталман сыншы суретшіге көп ұқсайды, әрдайым өз қатынасын білдіріп отырады. Ең ұлы жазушы Л.Толстойдай-ақ болар. Сол Толстойдың Репин, Ярошенко, Ге, Крамской тәрізді аса ірі суретшілер салған портреттері бар. Зерттеушілердің

айтуынша, сол портреттер Толстойдың ұлы тұлғасын, рухани бітімін ерекше күшпен бейнелеген. Бірақ олардың авторлары Толстойды әркайсысы әр қырынан көрген, өзінше көрген. Сондықтан сол портреттерде әр суретшінің өз жүрегінің соғысы, өз келбеті, өзіндік философиясы мен ой-толғанысы бар. Шын сыншының еңбегі осындай болуға тиіс. Белинский, Добролюбов, Плеханов, Луначарский тәжірибесі осыны көрсетеді. Олар тамаша «орындаушылар» ғана емес, аскан ойшылдар, тамаша суреткерлер болатын.

Шынтуайттап келгенде, сыншылық шеберлікті игеру проблемасы бізде жас сыншылардың да, аға сыншылардың да алдында бірдей тұр. Мәселен, кейбір ысылған сақа сыншылардың да еңбектерінен пікірді айқындап айтпай, бос сөзге салынып лепіре берушілік немесе ойды емін-еркін жеткізіп бере алмай, тақ-тұқ еткізіп берекесін кетірушілік сияқты доғалдықты, олақтықты жиі ұшыратуға болады.

Реті келгенде айта кетелік – сыншылық шеберліктің ұшталмағандығынан туатын әралуан шалағайлықтар басқаларда да, оның ішінде осы мақала авторының өзінде де баршылық. Сондықтан да біз басқаға ақыл айтудан аулақпыз, тек ортақ істің ортақ мүддесі талап ететін жәйттерді арнайы атап өттік.

Көркем әдебиеттің жаны, өзегі болып саналатын реалистік әдіс, оның принциптері сынға да қатысты. Өйткені әдебиет сыны да – творчестволық категория. Сондықтан да көркем әдебиетке қойылатын талаптар әдебиет сынына да ортақ болып табылады. Жазушылық шеберлік мәселесіне қандай зор көңіл бөлінсе, сыншылық шеберліктері де сондай биікке көтеру қажет. Шынында да, көркем әдебиеттегі идеясыздыққа, сүреңсіздікке қарсы күресіп, оның терең мазмұндылығын, шынайы көркемдігін сақтап қалатын әдебиет сыны да мейлінше көркем болуға, шебер жазылуға керек емес пе?! Көркем шығарма сияқты әдебиет сыны да оқушының эстетикалық толғауын, ой-сезімін ұштауға тиіс. Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Горькийдің, сондай-ақ қазіргі таңдаулы совет сыншыларының еңбектері, сын мақалалары оқушының ақыл-ойын толықтырып қана қоймай, оны рухани жағынан да байыта, молықтыра түспей ме?

«Біздің сынымыз, – дейді кемеңгер Белинский, – қоғамның тәрбиешісі болуға және қарапайым тілде аскақ ақиқаттарды айтуға тиіс».

Ұлы сыншы айтып отырған, әдебиет сынына қажет бұл қарапайымдылықты нағыз көркем шығармада болатын қарапайымдылық дәрежесінде түсіну керек. Біз әдебиет сынына әлі де болса нағыз көркем творчество ретінде қарай алмай жүрміз.

Ақын, жазушыларымыздың Пушкин мен Толстойдан, Горький мен Маяковскийден творчестволық үйренуі әлі де болса жеткілікті еместігін дұрыс және әруақыт айта жүрсек те, осының сыншыларға да қатысты екенін ескере бермейміз. Орыс сынының классиктерінен сыншылық шеберліктің басқа жақтарымен қатар публицистік жалын өткірлікті, уақыт философиясын айтуға ұмтылушылықты, өмірдің де, әдебиеттің де барлық процесі күрделі күйінде тұтас қамтуға икемділікті, көркемдік көрегендікті де үйренуге болар еді.

Бұл ретте өзіміздің аға жазушыларымыз бен сыншыларымыздың да берері аз емес. Мәселен, М.Әуезовтен кең тұрғыдағы әдеби салыстыруларға икемділікті, С.Мұқановтан әдеби фактілерді мол қамтушылықты, Ғ.Мүсіреповтен логикалық тұтастық пен пікір айқындығын, М.Қаратаевтан стиль сындарлығын үйрене алар едік. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды – бізде сыншылдық шеберлік жайында, жалпы сыншының типі жайында мәселе көтерілуі қажет. Әдебиетіміздің мүддесі осыны талап етеді.

Сыншы – әдеби туындының төрешісі ғана емес, сонымен бірге оның авторының жанашыр тілеулесі, ақылшысы да. Рас, жазушыға немесе ақынға ешқандай дайын үлгі, схема ұсынуға болмайды. Бірақ қоғамды, оның даму заңдылығын жете тани білетін көреген сыншы жазушының белгілі бір шығармасы не жасаған нақтылы образы туралы шынайы пікірлер айта отырып, оған ой салады, оның творчествосына дұрыс бағыт меңзей алады. Мәселен, Белинский Гончаровтың «Белгілі әңгіме» атты романын оқып шыққаннан кейін оның кейіпкері Адуевтің іс-әрекеті сол кездегі астана жағдайлары үшін хас, типтік емес екенін айта келіп, былай деп жазады: «Бұдан да гөрі өзінің геройын деревнялық меңіреулікке, енжарлық пен жалқаулыққа

түшар етуге ықтиярлы еді». Бұл сөздер «Обломов» романы жазылмастан он екі жыл бұрын айтылған. Бірақ осы сөздерде сол Обломовтың бүкіл бейнесі, оның характерінің бар шындығы жатқан жоқ па?!

Ал біздің ақын, жазушыларымыздың қайсыбіреулері өздерінің шығармаларын сынаған сыншылар жайында: «Мықты болса өздері сондай шығарма жазып көрсін!» деген тәрізді кінәні көп тағады, сыншыға қолдан келмес жүк артпақ болады. Мұндай пікірді тіпті үлкен жазушыларымыздың аузынан да жиі естуге болады. С.Мұқанов мұны әсіресе көп айтады. Сырттай қызғылықты, әсерлі болғанымен, бұл пікірдің дұрыстығынан бұрыстығы басым. А. В. Луначарский тауып айтқандай: «Кейде мұндай сыншы жақсы немесе тәуір сонет жаза алуы мүмкін. Кейде оның қолынан бұл мүлдем келмес те.

Сәл дөрекілеу, бірақ жақсы түсінік берерлік мысал келтірейін. Ән сабағының ғажайып мұғалімі, бәлкім, енді қайтып концертте қандай болмасын арияны нақышына келтіріп шыркап айта алмас немесе тіпті жалпы айта алмайтын да болар. Бірақ оның кемеліне келмеген шала әншіні тамаша шеберге айналдыру қолынан келеді.

Сыншы да осылай ете алмақ және солай етуге тиіс те».

Әрине, зерттеуші мен сыншы да – творчествоның адамы. Бірақ оның өнерінің де өзіне хас қырлары, ішкі ерекшеліктері бар. Сондықтан оған қойылатын талап та соған орайлас болуға тиіс.

Әдебиеттегі жақсы құбылыстарды, жарқын нәрселерді лайықты бағалау, олар жайында қуана, серпіле жазу қажет. Ал жақсы, ортақол немесе нашар шығармаларды бағалағанда өне бойы бір өлшем ұстау, оларды саралап талдамау жалғандыққа ұрындырады. Сайып келгенде, бұл сынның немесе сыншының өз қадірінің кетуіне әкеліп соғады. Сонымен бірге қайсыбір ақын, жазушылардың сынға екінші сортты жанр ретінде онша менсінбей қарайтындығын, оны әдебиеттің басқа салаларына қызмет етуші ғана деп санайтындығын жасыруға болмайды. Олар:

«Сын – өне бойы таланттың шығармасы бола бермейді. Ол әдетте кәсіпқорлыққа саяды. Онда ақыл-ойдан гөрі саламаттық, қабілеттен гөрі еңбек, дарыннан гөрі машық

көбірек керек», – деген Лабрюйер ойынан онша ұзап кете коймаған. Олар өздерінің ақындық немесе прозашылық талантын сыншының талантына қарама-қарсы қоюға тырысады. Сынға деген қатынасты, көзқарасты нағыз творчестволық дәрежеге көтермейінше сын өрлеп, өрістеп кете алмақ емес қой.

Бұл ретте негізгі міндет Жазушылар одағы басқармасына түспек. Бізде прозалық, поэзиялық немесе драматургиялық шығармалар әрдайым талқыланып отырады. Ал сын еңбектер мұндай талқы көрмейді. Мәселен, кезінде М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев сияқты сыншылардың көлемді зерттеулерін, сондай-ақ жекелеген ақын-жазушылардың творчествосына арналған очерктерді талқылауға және сол арқылы әдебиеттану мен сынның сан-сан мәселелерін қоса қозғауға әбден болатын еді. Бірақ Одақтың басқармасы, оның секциялары осы мүмкіндікті пайдаланбады.

Әдебиет сынымен айналысып жүрген қазіргі жастардың көпшілігінің қолға қалам ала бастағанына он жылға тарта уақыт болып қалды. Ал сыншылар қатарына содан кейін қосылған лек, соңғы толқын қанша? Бұл жөнінде де ешкім ойланған емес. Біздіңше, сын майданында соңғы кезде көрінген А.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, З.Серіккалиев, Қ.Ысқақов, Р.Тоқтаров, О.Сәрсенбаев және басқа да жастардан көп үміт күтуге болады. Оларда кең тұрғыдағы әдеби салыстыруға ұмтылу, бұрынғы сында сартап болған схемалық қалыптан, қарадүрсінділіктен, енжарлықтан бойды аулақ салу, сөз өнерінің нәзік астарларын байқағыштықпен ұғыну, әдеби құбылыстар мен шеберлік жайында молырақ ой тербеу талабы бар. Бірақ олардың қайсыбірінде тәжірибе жетісе бермейді, бірді айтып-бірге кету, түсініксіздеу жазу тәрізді кемшіліктер ұшырасады. «Сөздің мән-мағынасын анықтап алыңыздар. Сонда дүниені адасып, жаза басудан жарым-жартылай құтқарасыздар» – деген Декарт сөзінің ақиқаттығына ешкім шүбаланбаса керек.

Сол сияқты жастардың кейде дұрыс әуен, дұрыс тон таба алмайтыны да бар. Мәселен, О.Сәрсенбаевтың «Жұлдызда» (№ 4) басылған «Сын түзелмей, мін түзелмес» деген мақаласында Е.Ысмайыловтың соңғы кітабы жайында сөз болған. Сында ашына жазуға, ащы жазуға болады. Бірақ

оның да реті, шегі, жөн-жосығы бар. Жап-жас автордың сөншалықты таусылып, қазымырлана сөйлеуі онша жарасып тұрған жоқ. Көрінеу ерсі сезіледі. Біздіңше, алдағы съезд әдебиет сыны мен оның кадрлары туралы мәселені принципті, жауапты түрде көтеруге тиіс.

Осы орайда сыншы еңбегінің бағалануы, жарық көруі жайында да айта кетудің оңтайы бар сияқты. Соңғы бес-алты жылда бірқатар сындық еңбектер, зерттеулер басылып шықты. Бірақ сол бірді-екілі кітап шығарған сыншылардың алдының әдебиетке келгеніне қырық жыл, соңғыларының қалам ұстағанына он жыл болғанын ескерсек, бұл саладағы істелген іс тым мардымсыз екенін көреміз. Таңғаларлық бір жәйт – көркем әдебиет баспасының жоспары өзгерсе, қысқарса, қаламға ең алдымен сыншылардың, әсіресе жас сыншылардың кітаптары, жинақтары ілінеді. Болашақта әдеби сынды бұлайша өгейсіте беруге төзуге болмайды.

Бізде кезінде аз-маз пікір айтылған шығармалар көбінесе қайтып талқыға түспейді. Белгілі бір жазушының творчествосы жайында басқа бір автор тағы да жазса, онда оның сол еңбегін баспа бетінде жариялауы оңайға соқпайды. Біздіңше, бұл да – теріс ғадет. Совет жазушыларының бірінші және екінші съездерінің арасындағы жиырма жыл уақыттың ішінде Горький мен Маяковскийдің әркайсысының творчествосы жайында жүздеген зерттеулер жарыққа шыққан. Орнне, бұл салыстырудың онша оңтайы да болмас. Бірақ біз осы дәстүрді үлгі етіп ұстануға тиіспіз. Тек жан-жақты, терең талдаудан өткен шығарма ғана лайықты, шынайы бағасын алмақ.

Әдеби сынды көтерудің бір жолы – оған ақын-жазушылардың өздерін араластыру. Бұл ретте үлкен суреткерлеріміздің ішінен Ә.Тәжібаевтың әсіресе жемісті, игілікті еңбек етіп жүргенін айту қажет. Оның «Жастық («жастар» деген дәлірек пе еді қалай? – А. Н.) – біздің болашағымыз» деп аталған соңғы мақаласында жас қаламгерлеріміздің творчествосы, болашағы жайында байсалды, лұғатты ойлар бар. Бірақ басқа көп суреткерлеріміз жайында мұны айту керек. Сынға тек сыншылар ғана емес, сонымен бірге ақын-жазушыларымыздың өздері де белсене әрі батыл араласуға тиіс. Әдебиетіміздің даму бағдарын айқындап, жөн сілтеп

отыруға тиісті әдебиет сыны сонда ғана енсесін көтеріп, өрістеп кете алады.

Көркемөнер мен әдебиет те, сын да заманның ортақ рухынан туады. Мұны Белинскийдің атап айтқаны да жақсы аян. Сонымен бірге ұлы сыншы әдеби сын өзі пікір козғап, ой тарататын әдеби құбылыстарға орайлас отыратындығын да ескертеді. Сондықтан да ол Буало, Батте, Лагарптың ой-пікірлерін Корнель, Расин, Мольер, Лафонтен шығармаларында бейнеленген өмір шындығының айқын көрінісі деп білді. Расында да, үлкен сын дүниеге үлкен әдебиет арқылы ғана келетінін тарих әлдекашанақ дәлелдеген. Бізде қазір жасалған және жасалып жатқан осындай үлкен әдебиет бар. Сын соның деңгейіне көтерілуге, хатте онан озып отыруға тиіс. Әйтпесе, ол әдебиетке бағыт берушілік, әсер етушілік міндетін атқара алмайды.

Әдебиет сыны – творчестволық қуанышы мен азабы, реніші мен қиындығы мол жанр. «... Сыншы таланты өте сирек ұшырасады, оның жолы тайғақ та қатерлі», – дегенде Белинский сын өнерінің осы қиындығын айтса керек. Сол қиындықтардан қаймықпаған және әдебиетті шын жүректен сүйген, дәуір талабын, партиялық принциптілікті берік нысана еткен сыншы ғана әдебиеттің қамқоршысы, ойлы төрешісі бола алмақ.

Біздіңше, қазіргі қазақ совет әдебиет сынының, жекелеген сыншыларымыздың алдында тұрған түбегейлі міндет – сөз өнері, көркем творчество туралы әрқашан тек шындықты айту, көркемдік шеберлік жайын айту және соны нағыз суреткерге хас ізденгіштікпен, шеберлікпен айта білу.

1963 жыл

Бейімбет Майлин

(1894 – 1938)

Өмірі мен жазушылық қызметі

Қазақ совет әдебиетінің аса ірі өкілдерінің бірі – Бейімбет Майлин өзінің алғашқы шығармаларын 1913 жылдан бастап жазады. Бірақ оның творчествосының әбден кемеліне келіп, мейлінше шарықтаған шағы – совет дәуірі. Бұл кезеңде ол әдебиеттің негізгі жанрларында кесек те көркем көптеген шығармалар берді. Оның «Азамат Азаматыч», «Раушан – коммунист», «Шұғаның белгісі» атты роман-повестері, «Майдан» атты драмасы, өлеңдері мен поэмалары – қазақ совет әдебиетінің алтын қорына қосылған шығармалар.

Б.Майлин – мейлінше жемісті еңбек еткен жазушы. Сонымен де оның әдеби мұрасы өте бай. Сол мұраның ішінде уақыт сынына шыдамай, көне тартқан туындылар да бар. Бірақ Б.Майлин творчествосының дені оның тамаша көркем шығармаларында. Бейімбет Майлин – өзгеге ұқсамайтын, өзіне тән творчестволық ерекшелігі, айқын стилі бар жазушы. Сонымен бірге ол өзімен тұстас және өзінен кейінгі бірқатар ақын-жазушыларға идеялық-көркемдік әсер етті. Бұл да оның творчествосының құндылығын, әсерлілігін анықтай түседі.

Бейімбет (Бимағамбет) Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туған. Әкесі Жармағамбет кедей адам болған. Бейімбет екі жасқа келгенде әкесі қайтыс болады. Болашақ жазушы байдың сауыншысы болып, күндік өмір кешкен шешесінің қолында тәрбиеленіп өседі. Жалшылық өмірдің тақсіретін Бейімбет те ерте тартады. Ол жеті жасқа толысымен байдың қозысын бағады. Есейе

келе ауыл молдасынан оқып, кара таниды. Өздігінен оқып, білімін біраз көтереді. 1913 жылы ол ағайынның көмегімен Уфа қаласындағы медресе Ғалияға оқуға түседі.

Медреседе оқып жүрген кезінде Бейімбет әдебиетке ден қойып, талапкер шәкірттермен бірлесіп «Садақ» атты қолжазба журнал шығарып тұрады. «Шұғаның белгісі» атты тамаша әңгімесін Бейімбет ең алғаш осы «Садақ» журналында «Шаңқан» деген жасырын әдеби атпен (псевдоним) жариялайды. Бұл новелла медресе шәкірттерінің арасына лезде таралып кетеді. Сол кезде медресе Ғалияда татар халқының классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимов әдебиеттен сабақ беретін. Осы жылдары Бейімбет татар, башқұрт әдебиеттерімен жақын танысады. «Садақ» журналын шығарушылар (Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов және тағы да басқалар) онда өз шығармаларымен бірге халық әдебиеті үлгілерін де жиі-жиі жариялап тұрады.

Медреседе болған жылдарында Бейімбет орыс тілі мен орыс әдебиетіне де ерекше көңіл бөледі. Ол Л.Толстой, Н.Гоголь, А.Чехов, М.Горький шығармаларын құмарта оқиды.

1914 жылы ауру болғандықтан оқуды тастап, Бейімбет аулына қайтады. Ол Троицк қаласында болып, «Айқап» журналының редакциясында Мұхаметжан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаевтармен танысады. «Айқап» журналында оның өлеңдері және басқа да бірқатар шығармалары жарияланады.

Бейімбет өлең жазуды ерте бастайды. Оның ертеректе жазған «Мұсылмандықтың белгісі», «Мұқтаждық», «Ауыл», «Байлыққа» тәрізді өлеңдері «Садақ» журналында басылады. Ауылда мұғалім болып жүрген кезінде де Бейімбет өлеңнен қол үзбейді. Ол 1916 жылғы июнь оқиғасына арнап «Қанды тұман» атты өлең жазады. Жас ақын бұл өлеңінде ел басына түскен ауыртпалықты, халықтың құрсанған ыза-кегін, оның үстем тап өкілдерінен кек қайтарып, өш алуын суреттейді. Ақынның халықтық-демократтық бағытта болғаны өлеңнен анық байқалады.

Ел іші қалың тұман – жылау, сықтау.
«Балам!» деп я «байым!» – деп зарлап, жоқтау.
Ел басты, жүрер жолдан адасты ғой,
Қол ұшын беретін жан, сірә жоқ па-ау?!

«Қанды тұман» атты өлең осылай аяқталады. Ел екіталай күйге кез болып, жүрер жолдан адасқанына жаны ауыра, қабырғасы қайыса отырып қайғырған жас ақын халқына қол ұшын беретін жанды аңсайды, соны арман етіп күтеді.

1917 жылғы февраль революциясынан кейін Бейімбет «Қырда», «Қазаққа», «Қарынға», «Съезд» және басқа да бірсыпыра өлеңдер жазады. Ол халыққа шын бостандық туды деп ойлап, өлеңдерінде сол сарынды баса жырлайды. Әрине, февраль революциясының шын сырын, әлеуметтік сипатын терең түсініп, дұрыс барлауға жас ақынның саяси білімі, өресі жетпеді. Бірақ оның халық жағында болғаны, соның ойарманын көздегені күмәнсыз. Мысалы, үстем тап өкілдеріне, байларға қарсы бағытталған «Қарынға» деген өлеңінде жас ақын оларды жинақты түрде осылайша мысқылдап атайды да, зілді ашуын аяусыз әрі ашықтан-ашық білдіреді. Мұнда ақын жаңа заманның ұранына қосылған, жігерлі жастардың атынан сөйлейді. Өйткені болашақ солардікі деп біледі.

Творчестволық жолын революцияға дейінгі кезеңде бастап, тарихи мәні зор әлеуметтік сілкінулер кезінде демократтық-халықтық бағыттан аз уақыт болса да ауытқыған С.Торайғыров, С.Дөнентаевтың халін Б.Майлин де бастан кешіреді. Ол бір ауық алашордашыл-ұлтшылдардың жалған ұранына елігіп, жансақ бағыттағы, жат сарынды өлеңдер жазады. Бірақ Бейімбет бұл жолдан тез қайтады, алашордашыл-ұлтшылдардан бойын аулақ салып, олардың арам ниетін, жат пиғылын әшкерелеп, сатиралық уыты күшті өлеңдер жазады.

1919–1920 жылдарда Бейімбет ауылда болып, совет жұмысымен шұғылданады, еңбекші халықтың мүддесін қорғайды. Бұдан кейін ол Әліби Жанкелдиннің отрядында болып, қызыл әскерлердің сауық-кеш үйірмелерін басқарады, солардың айтуына ыңғайлап әртүрлі тақырыпқа өлең-тақпақтар, шағын пьесалар жазып береді. Қазақ ССР халық артисі Елубай Өмірзақов Б.Майлин өмірінің осы кезеңін еске ала келіп: «Сол жылдары Бейімбет ай сайын бір пьеса жазып, спектакльдің режиссерлік жұмысын өзі басқарушы еді. Мен сол үйірмеде әйел рөлін ойнайтынмын. Бейімбет маған Қожанасырдың күлкілі әңгімелерін өлеңмен жазып беріп, сахнада айттыратын. Өзі шығарған әндерін үйретететін», – дейді.

Бейімбет Майлин 1921–1922 жылдарда Орынбор қаласында болып, Қазақстанның сол кездегі астанасының әдеби өміріне белсене араласады, өлеңдерін жеке кітап етіп жариялайды. 1923 жылы ол Қостанайдағы «Жаңа ауыл» газетінің редакциясында істейді. Сол жылы Бейімбет Майлин партияның өлкелік комитетінің шақыруымен Қызылорда қаласына келіп газет редакциясында, әдебиет баспасында әртүрлі қызметте болады. 1936–1937 жылдары ол «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығына тағайындалады.

1926 жылы Б.Майлин Коммунистік партия қатарына мүше болып кіреді.

Жазушы совет дәуірінде творчестволық жұмыспен мейлінше жемісті шұғылданды. Бұл тұста оның шығармалары 50-ге тарта жеке кітап болып басылып шығады. Ол республиканың әдеби өміріне, жас жазушыларды тәрбиелеп өсіру ісіне де белсене араласады.

1932 жылы Б.Майлиннің творчестволық қызметінің жиырма жылдығы мерекеленеді. Оның көптеген туындылары жас қазақ совет әдебиетін байытып, оны дамудың жаңа сатысына көтеру ісіне баға жетпес үлес болып қосылды.

Б. Майлиннің поэзиясы

Б.Майлиннің творчествосында поэзия елеулі орын алады. Драматургия мен прозаға біржола ден қойып кеткенге дейін ол өлеңдерін жиі-жиі жариялап тұрады. Бейімбет өз кезіндегі алуан түрлі оқиғаларға дер кезінде үн қосатын сезімтал, сергек ақын болған. Сондықтан да оның өлеңдері мен поэмалары – халықтың күресі мен өмірінің, ол бастан кешірген оқиғалардың шыншыл шежіресі іспетті.

Бейімбет Майлин поэзиясының халықтық сипаты мол. Онда артық аскақтау, орынсыз лепіру, ғайыптан арман-мұрат іздеу жоқ. Ол – өлеңнің ішкі мәніне, мазмұн тереңдігіне көп көңіл бөлген ақын. Бейімбет халық өмірін жырлады және халық үшін жырлады. Сондықтан оның поэзиялық шығармалары тек мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге көркемдік сырларымен де халық ұғымына етене жақын әрі түсінікті.

Б.Майлиннің поэзиялық шығармалары қарапайымдылығымен, халықтығымен, реализмімен құнды.

Алғашқы кезеңдегі өлеңдері. Б.Майлин өлеңді 1912 жылдан бастап жазады. Алғашқы өлеңдерінен-ақ оның поэзиясының халықтық сипаты, әшкерелеушілік бағыты анық белгі береді. Бұл да оның творчествосының сол кездегі өмір шындығымен, әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болғанын, соның ақиқат көрінісі ретінде туғанын көрсетеді. «Мұсылмандық белгісі» атты тұңғыш өлеңдерінің бірінде ақын дін иелерін, молдалар мен сопыларды, жұмаққа деулеттің арқасында бармақ болған топас байларды аяусыз сынайды. Дүмше молдалар қарапайым халықтың да ой-санасын улап, діни уағыздармен шырмап ұстамақ, оны өмір жолындағы әрекеттен, күрестен аулақтатпақ. Сондықтан да ақын өлеңнің аяғында мынадай астары бар зілді, кекесінді түйін жасайды:

Ізгілікке өсек сөздер ермесін,
Көп жауыздар жұмақты былғап кірмесін!
Барлық қазақ иемденіп жұмақты,
Басқаларға орын қалмай жүрмесін...

Осы өлеңде анық байқатқан юмористік талантын Бейімбет кейінгі шығармаларында да шебер пайдаланып отырды.

Ақын өз халқының басқа жұрттардан кенже қалып қойғандығына жаны ауыра налыды, оның өнер-білім іздемей, қау-шар қуғанына ызалы сезіммен ренжіді. Бұл ретте ол басқа халықтарды өз халқына қарама-қарсы қоймайды. Қайта ілгері ұмтылған, талап қылған басқа халықтардан өз елінің үлгі алып, үйренбегендігіне қапа болады. Өнер іздеп, білім қуған халықтарды көріп, ақынның көңілі тояды. Сол кезде оның көз алдына сахараның сорлы тіршілігі де бар керенаулығымен, кесапатымен елестейді:

Сол кезде сахараға салсаң назар,
Таппайды оңды нәрсе қалам жазар.
Жер дауы, жесір дауы – кесір дауы
Тіркеліп бүлінді ыскот, болған базар.
Аксақал, қарасақал – қалмай бірі,
Арылмай дау-жанжалдан көңіл кірі.
Шұбырып бәрі соны қолға алып жүр,
Еш кәсіп табылмас деп бұдан ірі.

Халық қамын ойлаған, оның қоғамдық дамудан кенжелеп қалуына таусыла күйзелген ақынның халыққа жалған қамқор болғандарды әшкерелеуі, өткір мысқылдауы да заңды еді. Ол «Съезд», «Сайлау» атты өлеңдерінде осы сарынды анық аңғартты. Ақын алашордашыл-ұлтшылдардың бағыты халық тілегіне жат екендігін «Әкесінен хат», «Садақбай» атты өлеңдерінде әсіресе айқын суреттеді. Алғашқы өлең әкесінің адасып жүрген баласына жазған хаты, сыры түрінде берілген:

Қарағым-ау, қарағым,
Қарағым-ау, қарағым,
«Орда» сенің не тенің?!
«Ордаңды» қой, үйге қайт.
Істегені – кәсібі,
Адаскан сендей бар болса,
Жинап жатыр жұрт егін...
Олар да қайтсын – сәлем айт!..

Мұндағы әке бүкіл еңбекші халық бейнесіндей сезіледі. Ол баласының адасқанын біледі. Баласын сол жаза басқан жолдан құтқармақ, өмір үшін күреске, тіршілік қамына араластырмақ. Ақын адасқандар мен адастырғандарды әшкерелеу үшін ұтымды тәсіл қолданған. Өлеңнің әсер күші, өткірлігі де осында.

Бейімбеттің көп жырлаған тақырыптарының бірі – кедейлер өмірі. Қазақ совет ақындарының ішінде кедей шаруаның өмірімен өте-мөте таныс әрі етене жақын болған, оның тағдырына, тіршілік күйіне қалтқысыз ортақтасқан, кедейді поэзиясының негізгі қаһарманы еткен ақын – Б.Майлин. Ол «Кедей» (1921) деген өлеңінде кедейге жан ашырлық ақыл айтады, байдан іргесін аулақ салуға шақырады:

Кедей, түсін!
Нең бар байда,
Бөтеннен көрме.
Жаныңды сатып.
Не бар күшің
Еңбек қыл, әйда,
Кеткен желге.
Бұркыратып!

Байсыз өлмейсің,
Өзің үшін тырбансаң,
Кәсіп қыл, тырыс.
Бәрі-дағы табылар.
Құлдықты көрмейсің –
Күл боп байға жалдансаң,
Істе жұмыс.
Қатын-балаң зар жылар...

Ақын кедейдің ауыр халін, мүшкіл тұрмысын «Қысқы түнде» атты өлеңінде де іш тарта отырып суреттейді. Кедейлердің сорлы тағдырын тебірене жырлаған ақын олардың қуанышына да шексіз сүйсіне білді. Бейімбет қарапайым халық, еңбек адамы – дүниенің кожасы екендігін бар дауыспен айтты. «Құтты болсын мейрамың!» атты өлеңінде ол есеге колы жеткен қалың кедейге арнап былайша жар салды:

Бүгін сенің бақыт нұрын тасқан күн,
Саясатың жердің жүзін басқан күн.
Мал да, құс та, жер де, су да – сен үшін,
Түрленгендей, нұр бергендей Аспан, Күн!
Сен еркесі, бұл ғаламның кожасы!
Сеніменен ешкімнің жок таласы.
Өмір бойы құлдыкпенен езілген,
Бір сілкінші, сорлы кедей баласы!
Көп жыладың, көзден жасты тыймадың,
Көп езілдің – көндің, жанды қинадың.
Ақырында колың жетті теңдікке,
Құтты болсын, құтты болсын, мейрамың!

Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін теңдік алған, өз тағдырына ие болған, әлеуметтік өмірге саналы түрде әрі белсене араласа бастаған еңбек адамдары – Б.Майлин поэзиясының ең басты қаһармандары. Ақын өз тағдырын солардың тағдырымен ажырамастай етіп қабыстырды, өзін солардың жокшысы, жаршысы деп білді. «Кедейге» атты өлеңінде ол былай деп жазды:

Сенің зарың – зарлайтыным өмірге,
Сенің арың – арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін,

Белді буғам – ауырға да, жеңілге.
Сен жыласаң – көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң – қайғы, шерім аршылар.
Айт өлеңді ен даланы жаңғыртып,
Қойшы-қолаң, кеше жүрген малшылар!

Еңбекші халықты қалтқысыз сүйген, оған жан-тәнімен берілген, творчествосын соған қайтарусыз арнаған ақын ғана, нағыз халық ақыны ғана осылай жырлай алмақ.

Қазақ совет ақындарының ішінде кеменгер көсем Ленин туралы алғаш жырлағандардың бірі де – Бейімбет Майлин. Ленин қайтыс болған кезде жазған «Құр жылама» атты өлеңінде халық басына түскен ауыр қазаны, халықтың азасы мен қайғы-қасіретін тебірене жырлай келіп, ақын Ленин жолымен мәңгі-баки тура жүруге, оның өсиетін орындауға шақырады:

Жыла! Қайғыр!.. Өсиетін орында!
Ол кетсе де, қалдың сендер соңында.
Ант ішіңдер жас қабірін құшақтап,
Жүреміз деп сенің салған жолында!
Жыла, еңбекші, күрегіне сүйеніп!
Булығып жас, алқымына тіреліп.
Құр жылама!.. Салып кеткен жолымен,
Мәңгі жылдар ту көтеріп жүрелік!

Осы тақырыпқа арналған басқа да бірқатар өлеңдерінде ақын халықтың көсемі – Коммунистік партия екенін, ол елді Ленин жолымен алға бастайтынын шын жүректен жырлады.

Әйел теңдігі тақырыбы. Б.Майлин поэзиясының ең басты тақырыптарының бірі – әйел теңдігі. Бұл тақырып оның поэмаларында да, лирикалық өлеңдерінде де мол қамтылған. Ақын әйел теңдігі тақырыбын әрдайым әлеуметтік сарындармен ұластыра отырып жырлады.

Ғасырлар бойы күндік өмірдің ауыр азабын тарткан қазақ әйелінің аянышты тағдыры гуманист ақынды қатты толғандырған. Бейімбет қазақ қызының теңдікке қолы жеткенін қуана жырлаумен бірге оны өмірден өз үлесін алуға, өз тағдырына кожа бола білуге шақырды, соған үйретті. Сондай мақсатпен жазған өлеңдерінің бірін ақын

«Ау-жар» деп атайды. Халықтың ауыз әдебиетінде бар үлгіні әлеуі қолданады. Өйткені дәстүрлі «Жар-жарда» айтылатын жұбату сарыны тек жас қызды алдау екенін жеткізе айту үшін ақын осылай еткен:

Қарындасым, алданба, алдап отыр, жар-жар
Алдап-сулап сені онда бар деп отыр.
Мен есіттім біреуден сұрастырып,
Баратұғын күйеуін шал деп отыр, жар-жар
Майда тілге алданып күнің өтті,
Күңелы кып жылаушы ең құдіретті.
Ен бостандық басына туып отыр,
Қарындасым, көзіңді аш, күнің жетті...

Ақын «Қыздың сәлемі», «Жәке» сияқты өлеңдерін де осы сарында шығарған. Ол бұл өлеңдерінде де қазақ қызының аянышты тағдырын суреттейді.

Жаңа заман қазақ қызының тағдырына, өміріне азаттық берумен бірге оның ой-санасын да оята бастаған. «Мақтым–Күлпаш», «Шал мен қыз», «Шоңмұрынның қыздары» атты өлеңдерінде ақын осылайша ояну, серпілуді әсерлі суреттейді. Осылардың ішінде «Шал мен қызда» ирония, ажуа әсіресе күшті. Сақалы сапсиған шалдың ұятсыздығы мен жас қыздың өткірлігін, тапқырлығын ақын солардың диалогтары арқылы мейлінше шебер көрсете алған.

Бейімбет «Ұлжан», «Құдықтың басында» деген өлеңдерінде қазақ әйелінің бойындағы, мінезіндегі ескілік қалдықтары мен надандықты да сынайды. Бірақ бұл ретте де ақын оны жерлеуден, табалаудан аулақ. Реалист ақын өмір шындығын еш боямасыз, бүкпесіз суреттеу арқылы да қазақ қыздарын үйретуге, оларға үлгі-өнеге беруге ұмтылған.

Б.Майлин нағыз совет азаматы дәрежесіне көтерілген қазақ қызының да тамаша бейнесін жасады. Бұған оның «Сәлемдеме» атты өлеңі анық айғақ. Бұл өлеңнен рухани келбеті жарқын, ой көзі ояу, мінезге бай, айнымас, адал сезімді, таза жүректі қазақ қызының кейпін көреміз. Ақын ауыз әдебиеті үлгілерінде ұшырасатын дәстүрлі суреттеу тәсілдерін әдейі қолданбайды. Оның кейіпкері «ай десе, аузы бар, күн десе, көзі бар» кияли сұлу емес. Ол – қарапайым халықтың қызы. Оның арман-тілегі де, ой-парасаты да жаңа

заман талабына жақын да орайлас. Ол сүйе де, сағына да, адамдық қасиетін, адалдығын ардақтай да біледі. Ол «ел үшін еңбек қылып» алыста жүрген жарын қатты құрмет тұтады, оны сабырмен күтеді.

Сөйтіп, Бейімбет бұл өлеңінде жаңа заман тудырған қазақ қызының – жаңа адамның шынайы да әсерлі бейнесін жасады. Бұл тақырыпты ол өзінің прозалық шығармаларында әсіресе мол әрі терең қамтып суреттеді. Бірнеше поэмаларын да сол тақырыпқа арнады.

Мыркымбай образы. Бейімбет Майлиннің жырмасыншы жылдардағы поэзиясында қарапайым еңбек адамының бір қызғылықты образы – Мыркымбай. Бұл – бойында жинақтаушылық қасиеті мол, типтік дәрежеге көтерілген образ. Ақын Мыркымбай образына көптеген өлеңдерінде қайталап оралып отырады. Оқушы оны ең алдымен «Мыркымбай» атты өлеңде көреді. «Ауылнай сұрағанда сары атты бермепсің, оған тіл тигізіпсің,– деп әкесі Мыркымбайға бақырып-шақырады.– Енді өшікті, бізді шауып алудан да тайынбас. Одан да ауылнайды барып шақырып кел, аяғына жығыл, сары атты бер», – дейді.

Мыркымбай бұған көнбейді:

– Бара алмаймын.
Оған пенде бола алмаймын!
Тентіретіп жіберсең де,
Бұл тіліңді ала алмаймын!..

Өлеңде Мыркымбайдың да, оның әкесінің де мінез-құлқын ақын шеберлікпен ашып көрсеткен. Мыркымбай әлі жас, алған бетінен қайтпайды, жағынып жарамсақтануды білмейді. Ол Совет өкіметіне сенеді, соның қолдауына сүйенеді. Ал әкесі өмірден өгейлікті де, әлеуметтік әділетсіздікті де көп көрген. Көре жүріп көндіккен, сондықтан үндемей құтылғанды жақсы көреді. Бұл ретте де реалист ақын шындықтан тая сокпайды. Өйткені мұның бәрі Мыркымбайдың әкесінің мінезіне, ой-түсінігіне сыйымды, орайлас.

Сонымен бірге Мыркымбайдың әкесі – адал жанды кісі, нағыз еңбек иесі. Ақын мұны «Кедейдің кейістігі» атты өлеңінде шынайы суреттей алған. Ол шаруа жайын жетік біледі, еңбек еткенді жақсы көреді. Баласы Мыркымбайдай

ашық қарсылық білдірмесе де, ауылнайға ол да наразы. Мырқымбайдың әкесі ауылнайдың мұны қорлап жүргенін біледі және соған бір тосу күтеді:

Әй, құдай-ай, ауылнай-ақ қорлады-ау!
Соған тыю, соған жаза болмады-ау!..

Мырқымбайдың әкесі бай-болыстар, молдалар қосылып алып, кедейлердің сыбағасын жеп жүргенін де байқайды:

Ырысбай жүр қайыр тілеп дорбамен,
Кеше көріп сөйлесіп ем жолда мен.
Тұқымды да, малды да апты деседі,
Бай-болыстар қосылып ап молдамен.

Оның көкірек көзі ашыла бастаған. Жаңа заман жастарды ілгері ұмтылдырумен бірге карттарды да оята, ойландыра бастаған. Бұл карттың бейнесі де Мырқымбай образын толықтыра, өсіре түседі.

Мырқымбайдың бар ықыласы, ой-арманы кедейлер жағында. Өйткені Мырқымбай – солардың өкілі. Ол мұны сапалы түрде түсінеді:

Маған серік кедей қазақ – күл қазақ,
Бай, кедей боп жігін бөлсін бұл қазақ.
Ілігейік мәдениет шаңына,
Тарт көшіңді, кедей атты жүр қазақ!

Бұл – ауылдағы тап жігін, тап тартысын көре білген және сол тартысқа белсене араласып кеткен адамның ғана айта алатын сөздері.

«Қуаныш» атты өлеңде құс келіп, бұркырап көк шығып, көктем келгенде Мырқымбайдың көктем егісіне кіріскелі жатқаны баяндалса, ал «Бүгін» деген өлеңде ол кедейлердің съезіне делегат болып келеді. Ақын сүйікті кейіпкерінің жүзінен қайрат сезеді, өз тағдырына, дүниеге тұтқа болған адамның кейпін көреді:

Қуаныштың белгісі бар жүзінде,
Қайрат, жігер, нық екпін бар сөзінде.

«Дүниенің тұткасымын!» деген сөз –
Ап-анық боп жазулы тұр көзінде.

Ақын Мырқымбай мен оның әкесі Қараның образына «Қара сор» деген окиғалы ұзақ өленде тағы да оралады. Жерге таласып жүріп Қара байлардың қолынан қаза табады. Әкесінің кегін енді баласы Мырқымбай қуады. Ол әкесінің каны төгілген жерді кедейлерге бөліп бермек:

Әкем өлді, моласы – анау,
Тарт қолыңды!.. Жер менікі!
Алған құны – Қара сор.
Бөліп берем кедейге...
Сүйіндік те, Жиендік те –
Ақсақалға жүгінсек те.
Шыны бізге қанды қол!
Менікін жөн демей ме?!

«Бер, Мырқымбай, қолыңды» атты өленінде ақын кейіпкері бастан кешірген өмір өткелдеріне үңіледі. Бұл өленде Мырқымбайдың байға жалданған, бір үзім нанға зар болған, зорлық көріп, кор болған шағын нақтылы суреттеп келеді де, ақын оның совет дәуірінде есеге қолы жеткенін, байларды жеңгенін, еңбегі өнгенін жырлайды. Мырқымбайдың тұрмысы әбден түзелген. Жалғыз баласы мектепте окып жүр, пионер болған. Мырқымбай қуанышты, мәз-мейрам. Ақын оны ілгері ұмтыла беруге, жаңа өмір жасауға шақырады, қол ұшын береді:

Жидың білем қоңыңды,
Көрдің бе енді жолыңды.
Ілгері көшке жетейік,
Бер, Мырқымбай, қолыңды!

Бейімбет Мырқымбай бейнесіне әрдайым қайталап оралған сайын, оның образын толықтыра, жандандыра түседі. 1930 жылы жазған «Коллективтің жырын айт!» деген өленінде ақын Мырқымбайдың техниканы меңгеріп алғанын, тракторшы болғанын жырлайды:

Миллион көздер қараған,
Миллион милар санаған.
Ұлы өзгеріс түрін айт!
Тұрмыстың кілтін бұраған,
Миллионның басын құраған
Сол түрдің терең сырын айт!
Бәрін айт та – бірін айт:
Коллективтің жырын айт!..

Бейімбет Мыркымбайға жиырмадан астам өлең, бірдіекілі кесек шығармалар арнады. Мыркымбайдың бай есігінде жүрген жалшыдан жаңа дүние орнатушы күрескер дәрежесіне дейін көтерілгенін жан-жақты, мол суреттеді. Оның ой өрісіндегі, рухани дүниесіндегі жаңаруларды да шынайы көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда Мыркымбай – қарапайым халықтың, еңбек адамының жинақты тұлғасы. Оның бойында халық мінезінің жарқын сипаттары мол. Мыркымбай – шын мәнісіндегі халықтық образ.

Б.Майлиннің лирикалық поэзиясы өте бай, тақырыптық қамтуы да өте мол. Ақын өлеңдерінің негізгі ой-түйінін де, кейіпкерлерін де сол кездің шындығынан, өмірдің қалың ортасынан алды. Оның өлеңдерінде ауыл тұрмысы, ондағы алуан-алуан жаңалықтар, халықтың жаңа дүние жасау жолындағы күресі мен ой-сезімі барынша толық әрі қарапайым да шыншыл түрде жырланды.

Б.Майлиннің поэмалары

Бейімбет Майлин лирикалық өлеңдермен бірге бірнеше поэма да жазған. Оның поэмалары әйел теңдігі тақырыбына, азамат соғысының оқиғаларына, өткен өмір көріністеріне арналған.

Алғашқы тақырыпқа, яғни әйел теңдігі тақырыбына, арналған поэмалары – «Маржан», «Қашқан келіншек», «Рәзия қыз».

Ақынның «Маржан», «Қашқан келіншек» поэмаларында қазақ әйелінің өткен замандағы аянышты халі, трагедиялы тағдыры суреттеледі. Құрсау дәурен, құрсау әдет-ғұрып қазақ қызын зар илетіп еніреткенін, оған өгейлік көрсетіп,

айықпас мұң-налаға батырғанын ақын ызалана, шиыршық атып толғана отырып жырлайды.

Ал «Рәзия қыз» поэмасында ақын әйел теңдігі тақырыбын азамат соғысының оқиғаларымен байланыстыра отырып суреттейді. Поэманың негізгі кейіпкерлері – Рәзия мен Әлім.

Баттал деген байдың қызы Рәзия Әлім деген кедей жігітті сүйеді. Әлім – оқыған, көзі ашық жігіт. Баттал бай Әлімді кедейсінеді. Сондықтан да Рәзия мен Әлімнің жас тілегіне қарсы болады. Ол қызын егде тарткан бір саудагерге беруді ойлайды. Содан кейін Әлім Рәзияны жасырын қалаға алып барады. Большевиктер Әлімдерге қамқорлық жасайды.

Бірақ көп кешікпей қызылдар уақытша кейін шегінеді де, қалаға ақтар келеді. Батталдар ақтарға Әлімді – большевиктердің досы деп шағым жасайды. Ақтар Әлімді атып өлтіреді. Онымен бірге Рәзия да оққа ұшады. Большевиктер, Совет өкіметі – еркіндікке ұмтылған жастардың қамқоршысы, панасы, ал байлар мен ақтар – махаббаттың да жауы екендігін ақын бұл поэмасында бейнелі түрде суреттей алған. Өз табынан қол үзіп, махаббат еркіндігіне ұмтылған, азаттық аңсаған Рәзия қыздың образы әсіресе тартымды жасалған.

«Кемпірдің ертегісі» поэмасында 1916 жылдың оқиғасы суреттеледі. «Октябрьдің ұлы» – он жасар Асылбекке әжесі сол 16 жылдың оқиғасын ертегідей жыр етіп шертеді. Әжесінің әңгімесінен Асылбек әкесі Қайранбайдың қайратты, намысты, ер жігіт болғанын, елді азаттық жолындағы айқастарға бастағанын, патшаның жазалаушы әскерлері оны атып өлтіргенін біледі. Сол күйіктен Асылбектің анасы да қайтыс болған. Әжесі Асылбекке өткен күннің оқиғаларын әншейін әңгіме үшін, ермек үшін айтпайды. Ол жас немересінің ой-санасын оятпақ, оның жүрегіне тап кегін, халық жауларына деген өшпенділік сезімін екпек. Әжесі әңгімесін былайша тамам қылады:

...Қайғы үстіне қайғы жуа тудың сен,
Сорлы жүрек сені қылды дертке дем.
Асылымнан қалған жалғыз тұяқ деп,
Асылбек деп атыңды өзім қойып ем...
Оған он жыл. Сен де келдің он жаска,
Ондағыдан жыл да баска, күн баска.

Өссең, жаудан бір аларсың кегіңді,
Өс, қарағым!.. Тіпә, тіпә, тіл тасқа!

Бұл – ақынның да ойы. Поэманың негізгі идеялық нысанасы да осында.

Тақырып жағынан «Қанай» поэмасы да осы «Кемпірдің ертегісімен» орайлас. Алғашқы поэма кек сарынына, жауларға деген өшпенділік рухына толы болса, ал «Қанай» – қайтқан кек туралы, тап жауынан өш алған ер туралы дастан. Поэманың бас жағында ақын:

Ел өмірі ұзақ сонар, бітпес жыр,
Бітпес жырдан табылады талай сыр.
Ұзақ өмір тарихында таңба боп,
Қанды жылау, қанды күндер қайнап тұр, –

деп жырлап, өзінің ел өмірінде болған қанды күндер оқиғасын суреттейтіндігін аңғартады.

Поэманың негізгі оқиғасы Шапай, Қанай деген ағайынды екі жігіттің тағдырына байланысты. Шапай азаттық жолындағы айқаска араласады, байларға қарсы шығады, большевиктер партиясының қатарына өтеді. Оспан байдың айтуымен ақтар Шапайды атып өлтіреді. Бұл жас Қанайдың жүрегіне шемен болып байланады, кек болып қатады. Көп кешікпей Қанай да қолына қару алады. Ол қызылдарға қосылып, ата жауы – Оспан байды өз қолымен атып өлтіреді, кегін қайтарады. Сондықтанда Қанай аты, оның ерлігі халық арасында аңыз болып кетеді:

Жас бала да біледі атын Қанайдың,
Көксейіне қонған ісі талайдың.
Қанай жыры көкірегінде сақтаулы,
Қойшы, малшы, елде жүрген малайдың...

Ақынның азамат соғысы тақырыбына арналған поэмалары әрдайым осылайша халық ұлдарының ерлік істерін дәріптеп жырлаумен аяқталады.

Б.Майлиннің «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» атты поэмалары өткен өмір көріністеріне арналған, ертегіге, аңыз болып кеткен оқиғаларға құрылған.

Алғашқы поэма ауыз әдебиетіндегі «Қырық өтірік» атты әйгілі шығарманы еске түсіреді. Еріккен, асып-тасқан хан өтірікті киыстырып айтып жеңген адамға көп алтын берем деп жар шашады. Талай ділмарлар іздеп келіп, тауы шағылып қайтады. Ақыры бір тазша бала ханды сөзден тоқтатып, жеңілгенін, тосылғанын мойындатады. Сөйтіп, ақын даналық, тапқырлық халықта деген өрелі ой түйеді.

«Хан күйеуі» поэмасының оқиғасы бұдан да қою, бұдан да қызғылықты. Мұнда да үстем тап өкілдері ақыл-ойға кенде, парасатсыз, парықсыз жандар болып суреттеледі. Адамның қасиеті оның бағында, дәулетінде емес, оның ақылында. Поэманың негізгі идеялық түйіні осындай. Ақын ертегілік сюжеттен, аңыздан алынған оқиғаларды да өзінің өрелі, терең ойларын бейнелеу үшін шебер пайдалана білген, нағыз халықтық мақсат, халықтық бағыт ұстаған.

Ақын поэзиясының кейбір көркемдік ерекшеліктері. Б.Майлиннің поэзиясына тұтастай тән қасиеттердің бірі– қарапайымдылық, шыншылдық. Ақын қай тақырыпты жырласа да, қандай қаһармандарды суреттесе де айқындық пен қарапайымдылықты ең қажетті көркемдік өлшем етіп ұстайды. Ол адам характерін жасауға, оның жан сырын, мінез-құлқын ашуға, сөйлеу ерекшеліктерін жеткізіп беруге әсіресе шебер. Ақын өлеңдерін оқып отырғанда алуан түрлі адамдардың кескін-кейпін көзімізбен көргендей, олардың дауыстарын, сөздерін бір сәт құлақ қойып тыңдап қалғандай боламыз.

Бейімбет – баяндауға, әңгімелеп айтуға шебер ақын. Сонымен бірге ол сурет жасауға, өмір көріністерін бояулы күйінде елестетуге де шебер. «Қысқы түнде» деген өлеңде жоқшылық жүдеткен, ауру меңдеген кедейдің аянышты халін ақын мынадай сырткы көріністер арқылы да анық елестетеді:

Ел шетінде жалғыз үй,
Жақын келіп қарасаң,
Лапас та жоқ қорада.
Жатыр біреу әй... жүдеп...
Байлардай жоқ онда күй,
Ашулы, бұрк-бұрк долданып,
Қамасын несін қораға?

Ысқырып жел үреді...
Терезеде білте шам,
Терезе сынық, жел тауып,
Қалт-құлт етіп әлсіреп.
Құшақ-құшақ енеді...

Сырттай қарап, бақылаушы ретінде жырлағанымен, ақын өзінің тенденциясын да байқатпай қоймайды. Оның бар ықыласы, аяушылық сезімі сол кедей жағында.

«Ақшам кезінде» деген өлең былай басталады:

Бай намазда:
Үй іші жым-жырт...
Алдында молдасы,
Бәйбіше сыбырлап,
Басында сәлдесі,
Аузы жыбырлап,
Аузында алласы.
Малайын сөгіп жүр...
Тасбиғы сырт-сырт,

Үй іші жым-жырт. Тасбиғтың сыртылы ғана естіледі. Бай да, молда да хаққа мүлгіп қалған. Бәйбішенің де даусы баяу. Неге бұлай? Өйткені оларда бұрынғы дәурен жоқ, бұрынғы өктем жуандық жоқ. Ақын осыны, дәуір тынысын жаңағыдай шағын ғана көріністер арқылы тамаша жеткізіп бере алған.

Бейімбет өленде диалогты өте шебер қолданады. Ақынның көптеген өлеңдерінде кейіпкерлердің өзара сөйлесуі, тіл қатысуы жиі ұшырайтындығын былай қойғанда, оның бірнеше өлені бастан-аяқ тек қана диалогқа құрылып жазылған. Мысалы, «Мақтым – Күлпаш», «Жәке», «Жігіт пен қыз» «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» сиякты өленлер осындай. Бір кезде ел билеп күпінген, кейін одан жұрдай болып, күні бітуге таянған Ыбырайдың жайы соңғы өленде өте шебер берілген:

Кеше:
– Уа, кімсіз?
– Ыбыраймыз.
– Жаймысыз?
– Жаймыз.

– Уа, қайдан келесіз?
– Сайлаудан келеміз.
Елге ойран сап,
Ойнаудан келеміз...

Бүгін:

– Уа, кімсің?
– Ыбыраймын.
– Жаймысың?
– Жаймын.
– Қайдан келесің?
– Соттан келемін.
Соттан емес-ау,
Оттан келемін...
– Шенің қайда?
– Тозған.
– Елің қайда?
– Күні озған.
– Енді не етпексің?
– Бітем!
– Бітсең, біт!–
Мен де соныңды күтем!..

Бұл өлеңде диалог арқылы ақын оқиғаны да дамытады, кейіпкерлерінің әр кездегі хал-жағдайын, тіпті бүкіл тағдырын, әр сәттегі көңіл күйлерін оқушының көз алдында жайып салады. Бұл, әрине, ақынның тамаша шеберлігін танытады. Драматург – Майлин қаламының ізі де анық байқалатындай.

Б.Майлин поэзиясының халықтық сипаты басым. Оның халық поэзиясымен байланысы да терең. Сонымен бірге ол қазақтың классик ақыны Абайдан да көп үйренген. Бейімбет «Жігіт пен қыз» өлеңін Абайдың «Алты аяғының», ал «Жанартты қазір жырды ауыл» деген өлеңін «Сегіз аяқтың» өлшемімен, үлгісімен жазған. Абай әсері Бейімбет поэзиясының халықтығынан, бүкіл рухынан, ондағы юмор мен сатиралық сарыннан әсіресе анық сезіледі. Бейімбет Майлин – қазақ совет поэзиясына көптеген көркем де кесек шығармалар, тың тұлғалар, соны бейнелер қосқан ақын. Сонымен бірге ол өзімен тұстас және өзінен кейінгі ақындардың бірқатарына белгілі дәрежеде идеялық-көркемдік әсер етті.

Б.Майлиннің пьесалары

Бейімбет Майлин – драматургия саласында да жемісті еңбек еткен жазушы. Оның қаламынан шағын актілі пьесалар да, опера либреттосы да, комедия мен трагедия да, батырлық драма да туды. Б.Майлиннің «Майдан», «Біздің жігіттер», «Шұға», «Жалбыр» тәрізді пьесалары республика театрларының сахнасында қойылды. Оның «Талтаңбайдың тәртібі», «Қос қақпан», «Ауыл мектебі», «Көзілдірік», «Неке кияр», «Шаншар молда» тәрізді пьесалары да оқушы жұртшылыққа мәлім. Бейімбеттің «Қаламқас», «Жасырын жиналыс», «Келін мен шешей» сияқты бір актілі пьесалары да халық арасына кең таралады.

Б.Майлиннің драмалық шығармаларын тақырыптық қамтуы жағынан бірнеше топқа бөлуге болады. Оның бірсыпыра пьесалары 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының оқиғаларын бейнелеуге арналған. Бұл ретте оның «Жалбыр», «Аманкелді» (Ғ.Мүсіреповпен бірігіп жазған) пьесаларын атауға болады.

Ал «Біздің жігіттер» драмасы азамат соғысының оқиғаларын, қызыл партизандардың азаттық жолындағы күресін бейнелейді. Пьесадағы Мұқыш, Ефим, Таңсық тәрізді кейіпкерлер революция ісіне қалтқысыз берілген, халық бақыты жолында жан аямай күресетін патриоттар ретінде көрінеді. Автор халықтың азаттық жолындағы айқасына қастандық жасап, жат бағыт ұстаған Кересв, Жантасв тәрізді алашордашыл-ұлтшылдардың іс-әрекеттерінің әлеуметтік сырын әшкерелейді.

Пьесада азамат соғысы кезеңінің қатал шындығы, әлеуметтік екі тап өкілдерінің өзара ымыраға келмейтін тайталастартысы нанымды бейнеленген.

Бейімбет Майлин әйел теңдігі тақырыбына да бірнеше пьеса арнады. Солардың ең үздігі – «Шұға» трагедиясы. Бұл трагедияны драматург творчестволық жолының алғашқы кезеңіндегі шығармасы – «Шұғаның белгісі» атты ұзақ әңгімесінің оқиғасы негізінде жазған. Ескі әдет-ғұрыптар жолына, қырсау салтқа көндікпей, махаббат еркіндігіне ұмтылған және сол жолда құрбан болған Шұға бейнесін драматург әсіресе тартымды, әсерлі етіп жасаған.

«Майдан» пьесасы

Б.Майлиннің драматургиясында «Майдан» пьесасы ерекше орын алады. Сонымен бірге ол отызыншы жылдардағы бүкіл қазақ совет драматургиясының елеулі шығармаларының бірі болып табылады. Қазақ совет жазушыларының республикалық бірінші съезінде «Майдан» социалистік реализм әдісі негізінде жазылған көрнекті, ірі шығарма ретінде бағаланды. Осы съезде жасаған драматургия жайындағы баяндамасында М.Әуезов «Майдан» драмалық ірі серпіннің басы екендігін, ондағы кейіпкерлердің таптық сипаттары мейлінше мол, айқын ашылғандығын атап көрсетті.

«Майдан» пьесасында коллективизация кезеңіндегі қазақ аулының өмірі, ондағы шиеленіскен тап тартысы суреттеледі. Жазушы бұл тақырыпқа поэзия, проза саласында да үлкенді-кішілі бірнеше шығарма арнаған болатын. Бірақ «Майдан» драмасы солардың көшірмесі немесе әншейін жиынтығы емес.

Өзі жақсы білетін өмір шындығын, тағдыры таныс адамдардың тіршілік күйлерін, олардың дүниеге көзқарасы мен ой-армандарын терең зерттеп, терең топшылай келіп, драматург дәуір тынысын, уақыт рухын шынайы сездіретін, драмалық тартысы мейлінше өткір, кесек шығарма жасады.

Пьесада өзара қарама-қарсы тұрған екі топ бар. Бұрынғы батрак Досан, ауылдағы бастауыш партия ұйымының секретары Орынбай, ауылдық советтің председателі Зәуре, партияның аудандық комитетінің секретары Махмудов сияқты кейіпкерлер – халықты жаңа дүние жасау жолындағы күреске бастайтын, өздері сол күрестің ең алғы легінде болған жандар.

Ал Бекболат, Демесін, Мамық, Көдебай, Ебді – дәурені өткен, үміті кесілген таптың өкілдері, күні кешегі өктемдік дүниесінің жоқшылары. Күн санап еңсесін жоғары көтеріп, нығайып келе жатқан жаңа дүниеге қарсы арпалысқан тайталас-тартыста олар қандай сұмдықтардан болсын бас тартпайды.

Пьесаның басты кейіпкерлерінің бірі – Досан. Революциядан бұрын жалшылық өмір кешкен Досан совет дәуірінде сауатын ашып, білім алады, еңбекші халықты коллективтік шаруашылыққа ұйымдастыруға белсене араласады. Досан

көп қиындықтарды бастан кешіріп барып өседі. Ол колхоз председателі болғаннан кейін де талай тоскауылдарға ұшырайды. Драматург Досан образын өмірден алды және шынайы түрде бейнеледі.

«Майдан» пьесасындағы ең бір қызғылықты образ – Зәуре бейнесі. Ол сол кездегі бүкіл қазақ совет әдебиетіндегі тың образдардың бірі болып табылады. Драматург Зәуренің карапайымдылығын, сабырлылығын, парасаттылығын айқын көрсеткен. Зәуренің семьялық өмірі, аналық мейірімі де әсерлі бейнеленген. Бұл айтылғандарға қоса Зәуре – партия мүшесі, ауылдық советтің председателі. Пьесада оның іс-әрекеттері де, сезім дүниесі де психологиялық жағынан танымды, шынайы көрсетілген.

Пьесада Бекболат, Көдебай, Мамық, Демесін сияқты унамсыз кейіпкерлердің – жат мүдделі адамдардың – образдары да шынайы түрде, зор әшкерелеушілік қуатпен бейнеленген. Драматург олардың жеке бастарының жайкүйін, мінез-құлқын даралап көрсетумен бірге таптық сипатын, әлеуметтік сырын да терең ашады.

Пьеса көркемдік қасиеттерімен де назар аударады. Онда драмалық зор түйіндерге жетіп барып, заңды түрде шешілетін өткір тартыс бар. Кейіпкерлердің тағдыры, таптық беті сол тартыс үстінде тереңдеп ашылады. Пьеса кейіпкерлерінің тілінде, диалогтарында да реалистік қасиет, тапқырлық мол.

«Майдан» пьесасы – советтік құрылыстың беріктігін, өмірге икемділігін суреттейтін, совет адамдарының күрес үстінде шыныгып өскенін бейнелейтін, драмалық серпіні күшті, тартыс арқауы мейлінше ширақ шығарма. Онда сол кезеңнің мол шындығы жаңа дүние жасау жолындағы жігерлі күрестің тамаша пафосы бар. Сондықтан да ол сол жылдардағы қазақ совет драматургиясының елеулі туындысы болып табылады.

Б.Майлиннің прозасы

Бейімбет Майлин творчествосының дені, салмағы оның прозалық шығармаларында. Ол проза саласында мейлінше көп жазды. Жазушының алуан түрлі тақырыпқа арналған

тамаша әңгімелерін былай қойғанда «Азамат Азаматыч» романы мен «Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист» повестері – қазақ совет прозасының қорына өшпес үлес болып қосылған шығармалар. Бейімбет прозада өзінің жазушылық шеберлігін, суреткерлік стилін де анық танытты.

Б.Майлиннің әңгімелері қазақ совет прозасын әсіресе көп молықтырды. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды боп шығады және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ аулында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады».

Жазушының әңгімелері идеялық бағыты жағынан айқын, мазмұны терең, көркемдік қырлары алуан түрлі болып келеді. Оларды негізгі тақырыптарына қарап, бірнеше топқа жіктеуге болады.

Өткен өмірді, дінді сынау тақырыбы. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиетінде, оның ішінде проза саласында өткен өмір өгейлігін, халықтың ой-санасын улаған діннің зардаптарын сынау, әшкерелеп мінеу сарындары басым болды. Б.Майлин де осы тақырыпқа бірнеше әңгіме арнады.

Жазушы «Күлпаш» атты әңгімесінде революциядан бұрынғы қазақ аулын жайлаған жоқшылық өмірдің жан түршігерлік көріністерін елестетеді.

«Айт күндері» де осы «Күлпаш» әңгімесімен тақырыптас. Алғашқы әңгімеге қарағанда «Айт күндерінде» ауыл өміріндегі әлеуметтік теңсіздіктер тереңірек ашылған. Айт күні қызық көріп, думандатып жүргендер – байлар мен молдалар. Ал Бәкен мен Зейнеп сияқты жарлыларды ауру меңдеп, аштан өледі. Сөйтіп, жазушы еңбекші халықтың еңбегін қанайтын дәулеттілер дүниесі мен өз еңбегінің игілігін көре алмай, жоқшылық тақсіретін тартқан жарлылар дүниесін өзара қарама-қарсы қоя отырып суреттейді.

Әшкерелеу сарыны «Сексен сом», «Құла жорға» атты әңгімелерде де күшті. Алғашқы әңгімеде алашордашылардың қарапайым халыққа масыл болғаны, лаң болып тигені

жер әшкерелеушілік қуатпен ашылған. Алашордашылар Егеубай тәрізді кедейдің жалғыз атына дейін тартып алады. Әңгіменің бас жағында Егеубайдың жұтаң тіршілігі мынадай жанама суреттер арқылы қапысыз аңғарылады: «Егеубай ертеңгі шайын ішіп, қора-қопсысын оңдайын деп тыска шықты... Күзгі қара дауылға қыстың ызғары қосылып, аспандағы сұр бұлтты құйқылжытып, ызғырықтау болып тұрған. Үйден шыққан ыңғайда тесік-тесік лапастан соққан жел Егеубайдың маңдайындағы шайдың шығарған терін жойып жіберді. Қабағын жиырыңқырап, лапастың алдында тұрып, ақ тымақтың үзік бауын байлады. Тыска шығып бір-екі аттап жүре берем дегенде, жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзге шалынды». Міне, осындай мүшкіл халде өмір кешкен Егеубайдың жалғыз атын тартып алған алашордашылар қарапайым халықтың қас жауы екенін аңдау қиын емес.

Әңгіменің аяғында Егеубайдың әйелі зарлап мынадай сұрақ қояды: «Жалғыз атты «алашорда» қақшыды. Құдай-ау, енді қайда барып күн көреміз?!» Бұл – бір жағынан жазушының өзінің де қойған сұрағы еді. «Сексен сом» әңгімесін Б.Майлин 1918 жылы жазған. Ал кейінірек жазған (1926) «Құла жорға» деген әңгімесінде жазушы жоғарғы сұраққа бейнелі түрде жауап қайтарады. Құла жорға атын алашордашыл қаракшылар тартып әкеткенде Жамантік: «Осы ызаға қарай, большевик келетін күн болса, алдымен өзім жазылармын. Сендердің де іздеріңе түсетін күн болар»,– дейді. Бұл сөздерде көп мән бар. Тек большевиктер ғана халық қамқоры екендігін, большевиктер ғана халықты зорлық-зомбылық дүниесінен азат ететіндігін жазушы кейіпкерінің сөздері арқылы бейнелейді.

Б.Майлин дінді, оның уағыздаушыларын әшкерелеп, өзінің «Сахарда», «Зәкіржан молда», «Қадір түнгі керемет» және басқа да көптеген әңгімелерін жазды.

«Сахарда» деген әңгімеде бұрын дінге иланып, жылма-жыл ораза ұстап келген Нағиманың ауыз бекітуден бас тартқаны, өзін-өзі азаптаудан құтылғаны нанымды баяндалады. Нағима бес уақыт намаз оқып, оразасын ұстайды. Сөйте жүріп тәңірден тілек тілеп жалбарынады. Бірақ тілеуі бір келмей-ақ қояды. Ол жалығады, үміті үзіледі. Оның үстіне

байлар дін шарттарын орындамаса да, жұмаққа барады деген сөздер де Нағиманы қатты қобалжытады. Осыдан барып Нағима діни парыздарды өтеуден бас тартады. Оның осы күйін жазушы былай суреттейді: «Үстінен ауыр жүкті алып тастағандай боп, Нағима еркін тыным алып, күндегі үйреншікті жұмысына кірісті».

Діни нанымдардың бекерлігін өмірдің өзі де дәлелдейді. Әңгіменің негізгі идеялық түйіні – осы.

«Зәкіржан молда» атты әңгімесінде жазушы Зәкіржан молда мен оның мүриті Қалдыбай дегеннің қарапайым халықты алдап-сулап мал жинаумен тынбай, жазықсыз жандарға рухани зорлық жасайтындығын, олардың арұяттан жұрдай боп азғындағанын көрсетеді.

Б.Майлиннің дінге қарсы сарында жазылған әңгімелерінің ең тәуірлерінің бірі – «Қадір түнгі керемет». Мұнда Байқан молданың Қадір түнінде көрген түсін суреттеу арқылы жазушы оның ой- өрісінің тарлығын, дәрменсіздігін, дәурені өткендігін шебер ажуалайды.

Азаттық айқасының суреттері. Б.Майлин 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен азамат соғысының оқиғаларына да бірнеше әңгіме арнады. Мысалы, «Қанды кек» әңгімесі халықтың 1916 жылы билеп-төстеушілерге қарсы дүр сілкінген кекті қарсылығының қуатты рухына толы. Сонымен бірге онда дараланған адам бейнелері де бар. Қарапайым халықты аяусыз езіп, жегідей жеп келген Ыбыраш болыс ел басына ауыр күн туғанда бұрынғыдан бетер асқындап кетеді. Әңгімедегі Жарықбастың сөзімен айтқанда: «Болыс жалмауыздығын бұрынғыдан да асырып, «Топалаң кезінде тойдың» кебін келтіріп отыр. Азамат жаннан, ел малдан түңілетін күн туғанда, болыс абыройды, арды, ел қамы дегенді былай қойып, құлқынын тойдырудың қамына кірісіп отыр».

Әңгімеде Ыбырашқа қарама-қарсы бір кейіпкер бар. Ол– Қайрақбай. Бес жасында Қайрақбай әкесінен айырылып, жетім қалады. Оның анасы Айғанымды Ыбыраш басқа біреуге он қараға сатып жібереді. Қайрақбай жиырма жыл бойына Ыбыраштың қолында құлдықта болады. Халық дүр сілкініп көтерілгенде Қайрақбай да атқа мінеді. Ол ата жауы Ыбырашты өз қолымен өлтіреді. Сөйтіп, ұзыннан жүрген өші мен кешпес кегін қанмен қайтарады.

«Өлім тырнағында» әңгімесі азамат соғысы кезінің оқиғаларын суреттейді. Әңгімеде Андрей, Петро сияқты орыс большевиктерінің бейнелері бар. Қойшығара, Мінайдар тәрізді еті тірі, есті жігіттер де соларға қосылады. Орыс және қазақ халықтарының арман-мүдделері бір. Тізе қоса, бірлесе қимылдағанда ғана олар азаттық таңына жете алмақ. Осы идея әңгімеде адам бейнелері, оқиғалар тізбегі арқылы нақтылы бейнеленген.

Кедейлер бейнесі, колхозды ауыл өмірі. Б.Майлин творчествосындағы ең басты, ең өзекті тақырып – кедейлер өмірі, колхозды ауыл тұрмысы. Бұл тақырыпқа жазушы әдебиеттің бар жанрында да шығармалар жазды. Оның әңгімелерінің де дені осы тақырыпқа арналған. Солардың ішінде «Кедей теңдігі», «Айранбай», «Бір адым», «Алғашқы сабақ», «Сары ала тон», «Көк теректің бауырында», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Қызыл әскердің үйі», «Әміржанның әңгімесі», «Колхоз қорасында», «Қырманда» сияқты әңгімелері мен повестері де бар.

«Кедей теңдігі» атты шағын әңгімеде Бұқабай деген кедей өмірінің өткелдері суреттеледі. Алғаш рет оқушы Бұқабайдың Қаукынбай байдың есігінде малайлықта жүргенін көреді. Екінші эпизодта Бұқабайдың сока айдап, тары еккені айтылады. Ал ең соңғы эпизодта Бұқабай кедейлердің жиынында жалынды сөз сөйлеп, байларға сес айтады, жарлыларға жар салады. Кедейлер Бұқабайды ауылдық кеңестің бастығы етіп сайлайды. Кешегі кедей теңдік алады, есеге қолы жетеді.

Кедей адамның ой-санасының оянуы – «Айранбай» әңгімесінің де өзекті идеясы. Дәулетті ағайынынан түңілген Айранбай бар үмітін коммунистерге артады. Осы үміт оның көкірегінен ән болып төгіледі.

«Бір адым» атты әңгімеде коллективтік еңбекке жұмылған ауыл өмірінде мектеп ағартушылық зор рөл атқаратындығы бейнеленген. Әңгіменің негізгі кейіпкері Нұрғали жаза басу, қателесуді бастан кешіріп барып, түзу жолға түседі.

Бұған көзі ашық, жаңашыл жас Ділданың көп септігі тиеді.

Жаңа заман жаңа адамдарды баулып өсіреді. Сол жаңа адамдар колхозды ауыл өмірін көркейте, көгерте бермек. Бұл

жаңалық тек жастардың ғана емес, ересек адамдардың да ой-санасында айқын белгі бере бастаған. «Алғашқы сабақ» әңгімесіндегі сауатын ашып, білім алуға бекем бел буған Мінайдар мен Маржанкүл – осындай жандар. Олардың семьялық тұрмысында да жаңалық нышаны көп.

«Сары ала тон» әңгімесі конфискеге ілінген байдың мүсәпірлік халі мен теңдікке, есеге қолы жеткен кедейлердің мәз-мейрам болған қуанышын суреттеуге арналған. Баласынан құпия хат алып, одан байлардың конфискеге ілінетіндігі жайлы хабар естігендегі Сейпен байдың халі әңгімеде былай бейнеленген: «Үй іші қара көленке. Абажадай үлкен үйдің есігінен төріне дейін сірескен жүк: оюланып тастаған сандық, тең-тең қылып тастаған асыл кілем, бұйымдар. Үйдің қақ ортасында, сары ала кілемнің үстінде екі аяғын көсіліп, екі қолымен жер тіреп, басы бүгіліп, көз жасы сақалының арасынан сорғалап Сейпен отыр. Не болғанын, не қылып отырғанын нақ сол сағатында өзі де білген жоқ. Іші-бауыры өртеніп, от болып жанып бара жатқан сияқтанды.

– Жаным-ай, не болды?– деді Жамал бәйбіше кіріп келіп...

– Қайтесің, қатын, біттік!–деп, Сейпен солқылдап жылап жіберді». Бұл – тек Сейпен байдың ғана емес, сонымен бірге күні біткен, дәурені өткен өктемдік дүниесінің тарих сахнасынан ысырылғандығын еріксіз мойындауы.

Әңгіменің негізгі кейіпкерлері – Арыстан, Қуандық, Тұтқыш сияқты кедейлер. Олар өздерін езіп-жаншыған Сейпен байды конфискелеуге, одан өш алып, есесін қайтаруға белсене кіріседі. Әңгімеде мынадай бір эпизод бар. Сейпен байдың сандығынан шыққан сары ала тонды үстіне киіп, Тұтқыш ауылды аралап шығады. Бұл сары ала тон мен оның өңіріне қадалған медаль – патшаның бір кезде Сейпенге тартқан сыйы. Соны енді кедейлер қолжаулық етіп, тәлкек қылып жүр. Осы орайда сары ала тон – бүкіл байлық, зорлық-зомбылық, алдау-арбау дүниесінің символындай сезіледі.

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Әміржанның әңгімесі» көркемдік ерекшелігі жағынан өзара ұқсас. Екеуінде де оқиға көбінесе негізгі кейіпкерлердің атынан баяндалады. Дайрабай да, Әміржан да – халық ортасынан шыққан, жаңа заман ұранына жан сала ілескен, кесек қимылдар жасайтын, мінез-құлқы айқын дараланып суреттелген кейіпкерлер.

«Көк теректің бауырында» – ұзақ әңгіме. Суреттейтін оқиғасының қалыңдығына, бейнелейтін кейіпкерлерінің молдығына, олардың тағдырлары мен іс-әрекеттерінің сан алуандығына қарап, оны повесть деп те атауға болар лықтай.

Шығарманың негізгі кейіпкері – Жақып. Ол – партия мүшесі, жауапты қызметкер. Бұрын бай болып, енді бой тасалап, сырын бүгіп жүрген Омар жас коммунист Жақыпты алдап-арбап, өз дегенін істетпек болады. Бұл жолда ол талай-талай қулық-сұмдық жасайды. Бірақ Жақып жаулардың торын бұзып шығады, ақыр аяғында нағыз коммуниске тән мінез көрсетеді. Ол ауыл мұғалімі Рабиғамен қосылып, ауыл өміріндегі жаңалық атаулының бәріне ұйытқы болады.

Колхоздасудың алғашқы кезеңі, шаруалардың мінез-құлқындағы, психологиясындағы өзгерістер мен жаңарулар, олардың арасындағы жаңа қарым-қатынастар, өмір өріне құлаш ұрған жастар бейнесі «Қызыл әскердің үйі» атты әңгімеде әсерлі, тартымды суреттелген. Әңгімедегі Аңдамас, Шекер бейнелері сол кездегі әдебиеттің тың тұлғалары, жаңа образдары еді.

Әйел теңдігі тақырыбы. Өткен өмір тақырыбына арналған шығармаларында қазақ қызының аянышты тағдырын бейнелеген Б.Майлин совет дәуірінде еркіндік алған, әлеуметтік өмірге белсене араласа бастаған қазақ әйелінің образын жасауға да көп еңбек сіңірді. Жазушы бұл тақырыпқа бірнеше әңгіме, повесть арнады. Солардың ішінен «Құлтай болыс», «Ұлбосын», «Берен» сияқты шығармаларды ерекше атауға болады.

«Құлтай болыс» атты әңгімеде қарапайым қазақ әйелінің жаңа дәуірде ескі әдет-ғұрыптар шырмауынан бірте-бірте шығып, ел басқару ісіне, совет жұмысын атқаруға дейін көтерілуі нанымды суреттелген.

Әңгімеде Құлтай өмірі толық, жан-жақты бейнеленген. Алғашқы ері қайтыс болып, жесір қалған Құлтай ескі салтқа, дәулеттілердің айтқанына көнбей, өз тағдырына өзі ие болады. Сауатын ашып, көзі қарақты адамдардың қатарына қосылады. Кейін, бір жолы, Құлтай болыс сайланады.

Құлтай алғашқыда тая соғып, емін-еркін әрекет жасай қоймайды. Ел ішінің қулары мен пысықтарынан жасқанады. Бірақ ол ысыла келе, нағыз басқарушы, қалың көпшіліктің

қамқоршысы, жоқшысы болып шығады. Оны мына бір диалогтардан анық көреміз:

– Тоқалыңызды малайыңыз әкеткен ғой.

– Сөйтіп, арыз беріп отырғаны... Басынып... Сізден бір жәрдем болмаса... Тентектің өзін тыйып ұстамасаңыз...

– Неше жыл тұрған малай еді?

– Ойбай, сұрамаңыз, бала күннен қолымда өскен. Өзім өсіріп, адам қатарына қосып ем. «Жаман адамды асырасаң, аузы-мұрныңды қан қылар» деп... Көрмейсің бе...– деп арызшы шал шын мүсәпір түрге кіріп сөйледі.

– Жақсы, үйіңізге барыңыз. Тоқалың кетсе, әйелге бостандық. Малайың алса, бірін-бірі ұнатқан шығар. Бұйым әкетсе, атыңды мініп кетсе, саған сіңген еңбегі бар... Бірақ қате істеген екен, сот арқылы еншілерін түгел алу керек еді,– деді Күлтай.

Арызшы шал етіне біз сұғып алғандай боп шіміркеніп кейін шегіне берді».

Жазушы Күлтайдың қоғамдық қызметімен бірге семьялық өмірін, оның бойына жаңа заман еккен қасиеттерді де жарқын суреттеп, нанымды ашып көрсеткен.

Б.Майлин «Аштық құрбаны» әңгімесінде Дәмештің тағдыры арқылы екі өмірді – жоқшылық жайлаған ескі өмір мен жарқын болашаққа меңзеген жаңа өмірді қарама-қарсы қоя отырып суреттейді.

Ашаршылық, жоқшылық өмір қысқанда ата-анасын, бауырларын ажал шеңгелінен құтқару үшін жас Дәмеш өзін, өзінің жас ғұмырын құрбан етеді. Тілеумағанбет деген алпыс жастағы шал оны үшінші әйел етіп алады. Сөйтіп, Дәмеш ашаршылықтың құрбаны болады. Бұл тұста ашаршылық, жоқшылық тұрмыстың, өгей өмірдің символы тәрізді. Дәмеш соның құрбаны.

Көп кешікпей Совет өкіметі Дәмешті азат етеді. Ол сүйген жігіті Қасенмен қосылады, сауатын ашып, білім алады. «Берен», «Ұлбосын» әңгімелеріндегі Берен мен Ұлбосынның тағдыры да көп реттерде осы Дәмеш тағдырына ұқсас. Оларды да адам қатарына қосып, азаттық таңына жеткізген – Совет өкіметі, жаңа заман.

Б.Майлин әңгімелеріндегі әйелдер образдары сан қилы. Олардың мінез-құлқы, психологиясы, ой-өрісі, жан дүниесі

алуан түрлі. Сонымен бірге олардың тағдырында ортақ күйлер бар. Олар – жаңа дәуір баулап өсірген, әлеуметтік өмірдің кең өрісіне шыққан жаңа адамдар.

Бейімбет Майлин басқа тақырыптарға да көптеген әңгімелер жазды. Солардың басым көпшілігінде ол совет адамдарының образдарын жасауға, өз заманының жыршысы болуға ұмтылды және сол абзал мақсатына жете алды.

«Азамат Азаматыч» романы

Б.Майлиннің прозалық шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі – «Азамат Азаматыч» романы. Жазушы бұл романын кең тыныстық, көп жоспарлы шығарма етіп жазуды ойлаған. Бірақ роман толық аяқталмаған. Сөйтсе де романда дәуір сипаты айқын елес береді, онда образдары терең ашылып жасалған көптеген кейіпкерлер бар.

«Азамат Азаматыч» романында жиырмасыншы жылдардың орта тұсындағы оқиғалар баяндалады. Бұл – Қазақстанда Совет өкіметі берік орнаған, бірақ ауылда тап тартысы әлі қызу жүріп жатқан кез. Революцияның, Совет өкіметінің бір кездегі қасарысқан ашық жаулары енді өңдеріп айналдырып, жасырын қастандыққа ауысқан. Олардың романда бейнеленген өкілдері – Рахым Шегіров, Әлішер Кәдірбаев, Сағит Борсықбаев, Ақпай Бұқабаев, Жүніс, Қайдар. Бұлар Совет өкіметіне, революцияның жеңістеріне қарсы күресу үшін, жаулық әрекеттер жасау үшін «Сарыарқа» деген жасырын ұйым құрады. Бірсыпырасы партия қатарына ұрланып кіріп, жауапты қызметтерге орналасып алған. Бірін-бірі сүйемелдеп, қалада да, ауылда да іріткі салып, кесірін тигізеді.

Ал бұларға қарсы алысып, советтік құрылыстың жеңуі жолында жан аямай, белсене күресетіндер – Алексеев, Азамат Азаматыч, Шәймерден, Медеу, Сағындық, Таңатар және басқалар.

Осы екі топтың арасында аяусыз күрес жүргізіледі. Күрес кейде ашық түрде асқынса, кейде іштей, жасырын түрде өрбіп жатады. Бірақ айла-шарғыға салып, қанша қасарысқанмен Рахым, Әлішерлердің тобы тоз-тоз болады, олардың жат мақсаты, ұлтшылдық ой-пікірлері әшкереленеді. Жазушы

бұлардың әлеуметтік негізі қақырап, үміті кесілгенін, дәурені өткенін шынайы бейнелеумен бірге, олардың рухани жағынан құлдырап, азғындағанын да аяусыз әшкерелейді. Тап жаулары ар-ұяттан, адамгершілік сезімдерден жұрдай, құралақан қалған. Романдағы Рахым, Қайдарлардың байдың қызы Мәрияммен қарым-қатынасынан, олардың семьялық өмірінің сұркынан, рухани қасиеттен айырылып ұсақтануынан бұл әсіресе анық көрінеді.

Ал нағыз халық өкілдері болып табылатын, ұнамды қалыпта бейнеленген Алексеев, Азамат, Шәймерден, Медеу және басқа да солар сияқты кейіпкерлер рухани жағынан таза, адамгершілік қасиеті мол, бойларында тасыған күш, жасымас жігер бар. Коммунистік партияның саясатын жүзеге асырып, еңбекші халықты жаңа дүние жасау жолындағы күреске жұмылдыруда, оларды тәрбиелеп, ой-санасын оятуда бұлар көп еңбек сіңіреді.

Бұл кейіпкерлер жолдастықты, достықты жаңаша түсінеді, шындықтың бетіне тура қарай біледі, әрдайым ілгері басып, алға көз тігеді.

Егер Алексеев, Азамат, Шәймерден, Қайшалар жаңа интеллигенцияның түлектері болса, ал Медеу, Жақып, Арыстан, Маһиралар – нағыз еңбекші халықтың өкілдері. Бұлардың ой-санасын оятып, әлеуметтік өмірдің кең өрісіне шығарған – Ұлы Октябрь. Заман лебі оятқан, өсіріп түлеткен бұл адамдар дүниені өз қалауынша қайта құруда. Романда сол жаңа дүниенің еңсесін күн санап, жоғары көтеріп келе жатқаны, уақыттың өршіл рухы айқын сезіледі.

Романда оқиға көп, тартыс талқысы күшті. Оқиға желісі бірде Қарасай қаласында, бірде ауылда қабындап өрбиді. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқы, рухани келбеті де сол оқиғалар барысында айқындалып отырады. Жалпы алғанда, жазушы жиырмасыншы жылдарда Қазақстанда болған әлеуметтік өзгерістер мен жаңаруларды шынайы көріністер, жанды бейнелер арқылы көрсете алған.

Романда ең басты, тұлғалы образ – Азамат Азаматыч.

Шығарма да соның атымен аталған. Жазушы лирикалық шегіністер арқылы Азаматтың балалық шағынан да елес береді. Ол – кедей адамның баласы. Өзінің шын аты Қожалақ, әкесінің аты – Күркілдек. «Қожалақ оқуға аттанарда әкесі

Күркілдектің ашамай белді шолақ торысы, бір мүйізі сынық қара сиыры, торғай қамасаң тұрмайтын қырық жамау үйі бар еді... Көрінгеннің кірін жуып жүретін қатпар бетті қара кемпір – Өлімсек дейтін шешесі бар еді». Қожалақтың ата-анасының жадау өмірін жазушы осылай суреттейді. Қожалақ совет мектебінде тәрбиеленіп, білім алады. Кейін ол жолдастарының арасында Азамат атанып кетеді.

Роман Азаматтың Қарасай қаласына келуін суреттеуден басталады. Шығарманың соңғы тарауы да Азамат жайын баяндаумен аяқталады. Ол романның бүкіл өн бойынан көрініп отырады.

Азаматты суреттеуде жазушы алуан түрлі көркемдік тәсілдер қолданады. Ол Азаматтың портретін көлденең көзбен, яғни жұрт аузындағы сөзбен былай береді:

«...Орта бойлы, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, қырқа күзелген мұртты жас жігіт, мінезі ұяңдау, аз сөйлейді, көп тыңдайды, біреу сөйлесе, төмен қарап күлімсірейді де отырады...»

Жазушы Азаматтың өмірін, іс-әрекеттерін жан-жақты көрсетеді, оның бойындағы кейбір мін мен қайшылықты жуып-шаймай, табиғи қалпында суреттейді. Оның қателесіп, жаза басқан мезеттері де болады. Рахым сияқты әккі жау қулықпен Азаматты қолға түсіруге, оған өз айтқанын орындатуға тырысады. Бұл үшін Азаматтың Мәриямға үйленуіне себепкер болады. Ал Мәриям – байдың қызы, Рахымның балдызы. Сөйтіп, Азаматтың семьялық өміріндегі сәтсіздік оның қоғамдық қызметіне де салқынын тигізе бастайды.

Бірақ Азамат жаулардың жетегіне ермей, олардан жігін бөліп алады. Алексеев, Шәймерден, Қайша, әсіресе Медеу сияқты жолдастары Азаматқа қол ұшын ұсынады, оның партия жолынан ауытқымай, халыққа қызмет етуіне жәрдем береді. Осының арқасында Азамат ауылды коллективтендіру, жер бөлу сияқты саяси мәні зор оқиғаларға белсене араласады.

Жазушы Азаматтың жай-күйлерін, оның жеке басының өткір драмасын, толқынған ой-сырларын да мол әрі әсерлі суреттейді. Халықтан шыққан, халық өкілі Азамат талай қиыншылықтарды жеңе келіп, өз тағдырын халық

тағдырымен табыстырады, халық бақыты жолындағы күреске бар қайрат-жігерін жұмсайды. Азамат Азаматыч образының ерекше мәні, құндылығы да осында.

Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч» романы – толық аяқталмай қалған шығарма. Сөйтсе де, дәуір сипатын, уақыт рухын шынайы бейнелеген, алуан тағдырлы адамдар образдарының тұтас галереясын жасаған, жазушының талантын танытқан «Азамат Азаматыч» романы – отызыншы жылдардағы қазақ совет прозасының ірі, елеулі шығармасы болып табылады. Бұл роман кезінде (1936 жылы) орыс тіліне де аударылды.

«Шұғаның белгісі» повесі

«Шұғаның белгісі» повесі – Бейімбет Майлиннің проза саласындағы тұңғыш көлемді, құнарлы шығармасы; творчестволық сапарының ең алғашқы кезеңінде осындай шыншыл да көркем шығарма жаза алғандығы, сөз жоқ, Б.Майлиннің жазушылық шеберлігін айқын танытады.

«Шұғаның белгісі» повесінде Б.Майлин әйел теңдігі тақырыбын қозғайды, қазақ қызының өгей өмірдегі аянышты тағдырын суреттейді. Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінде бұл тақырыпқа арналып талай-талай шығармалар жазылды. «Шұғаның белгісі» – сол шығармалардың ішінде көркемдік қасиеті, өмір құбылыстарын шынайы бейнелеуі жағынан ең тәуірлерінің бірі.

Шығарманың көлемі онша ұзақ болмағанымен, онда революциядан бұрынғы қазақ аулы өмірінің мол шындығы бар. Жазушы әйел теңдігі, махаббат еркіндігі тақырыбын жалаң суреттемей, халықтың өмірі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын да реалистік қалыпта бейнелейді.

Повестің негізгі кейіпкерлері Шұға мен Әбдірахманның арман-тілектеріне жетуіне кедергі болған кесел – ескі әдет-ғұрып, ата-бабалар салты. Шұғаның әкесі Есімбек пен Айнабай бай – сол қатал әдет-ғұрыпты жақтаушылардың қатыгез өкілдері ретінде суреттелген.

Әбдірахман мен Шұға қанша талпынғанымен, қырсау заманның қытымыр салтына, әділетсіздікке қарсы шыққанымен, дегендеріне жете алмайды. Жаулары жала жауып, Әбдірахманның басын дауға салады, басқа жаққа айдатады.

Шұға бұған төзе алмайды. Айықпас мұңға батқан Шұға дертке шалдығады. Көп кешікпей Әбдірахман қайтып оралады. Бірақ ол Шұғаны көре алмайды. Шұға сол дертінен қайтыс болған. Аңсап келген Әбдірахман Шұғаның өлімінің үстінен шығады.

Повесть осылайша трагедиялық халді баяндаумен аяқталады. Жазушы бейуақыттың, сұм өмірдің сұр көрінісін, көңілсіз оқиғаларын енжар күйде, салғырт баяндамайды. Кейіпкерлерінің аянышты тағдырын, трагедиялық күйлерін бар ауыртпалығымен, ашы қалпында, ашып көрсету арқылы жазушы оларды сондай халге душар еткен қатыгез ортаға, қатал заманға өткір сын айтады, қарсылық білдіреді. Кезінде «Шұғаның белгісі» повесінің халық арасына кең таралуының басты сыры да осында. Шұға мен Әбдірахманның бейнелері арқылы жазушы қазақ жастарын оянып, серпілуге, махаббат еркіндігі, жеке бастың бостандығы жолында майданға шығып, белсене күресуге шақырды.

Шұға образы. Повестің ең негізгі кейіпкері – Шұға. Шығармадағы өзекті оқиғалар Қасым деген кісінің атынан баяндалады. Ол – Шұға мен Әбдірахман драмасын көзімен көрген, соларға тілеулес болған адам. Оқушы Шұға есімін осы Қасымның аузынан есітеді. Қасымның сөздері арқылы жазушы Шұғаның портретін былай суреттейді... «Шұға десе – шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ау... Ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара... Осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау, шіркін!..»

Осындай ақыл-көркіне қоса Шұға өнерлі де. Ол әнші, өлең шығара да біледі. Шұғаның:

...Не мұңдық бұл дүниеде – қыздар мұңдық,
Атадан мұңдық болып неге тудық.
Атадан болып мұңдық тумас едік –
Бұрынғы ата-баба жолын кудық, –

деп келетін зарлы өленінен оның ақылдылығы, парасаттылығы анық байқалады. Шұға өз мұңы, қасіреті барын сезеді және мұндай күйге душар еткен – бұрынғы ата-бабалар жолы, кертартпа ғұрып екендігін де жақсы біледі.

Шұға – байдың қызы. Сырт көзге ештеңеден шоласыз, армансыз сиякты. Шындығында, онда ең абзал нәрсе – жеке бастың бостандығы жоқ. Әбдірахманды сүйетінін білген соң әкесі Есімбек те, ағалары да Шұғаға қатыгездік мінез көрсетеді. Сол қаталдық, Әбдірахманнан тірі айырылу Шұғаны құса ғып, айықпас ауруға шалдықтырады. Көңілін сергітіп, үміттендірмек болғандарға ол: «Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын»,– деп шын сырын, зар сырын айтады. Ол бақытсыз өмірден өлімді артық санайды. Ақыры ажал құшағына енеді, арманда кетеді. Өлер алдында ол Әбдірахманға арнап, зарлы мұңын қосып өлең шығарады:

...Әуре боп неге біткен ажар-көрік,
Ішіне от түсірдің, қалқам, көріп,
Гүлдету жас өмірді мақсұт боп ед,
Серттесіп, қол алысып, уәде беріп.
Жолына құрбан қып ем жан мен тәнді,
Дариға, айтылған серт болмай калды.
Көре алмай ақтық минут дидарыңды,
Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..

Шұға бас бостандығына, махаббат еркіндігіне ұмтылады. Бірақ ол дегеніне жете алмай, арманда кетеді. Оның ашы өлімінде сол заманға, сол кездегі қырсау әдет-ғұрыпқа деген наразылық, қарсылық лебі бар.

Шұға тағдыры – бейуақыттағы бүкіл қазақ қызының тағдыры. Сондықтан да реалист жазушы кейіпкерінің ой-сырларын, өмірі мен тағдырын шыншылдықпен бейнелейді және сол арқылы заман сипатын да шынайы түрде ашады.

Әбдірахман образы. Повестегі басты кейіпкерлердің бірі– Әбдірахман. Әбдірахман жастайынан тұрмыс тақсіретін көріп өседі, бала күнінде байдың бұзауын бағып күнін көреді. Есі кіре ауылға келген мұғалімнен оқып, сауатын ашады, кейін байдан қашып кетіп, қалаға барып оқиды. Ол тілмаш не писарь болуды қаламай, мұғалім болады. Повесте Әбдірахманның кедейлердің мүддесін қорғап, байларға қарсы күресетіндігін көрсететін көріністер мол.

Әбдірахман әділетті жақтаумен бірге өнерімен де жақсы көрінеді. Ол Шұғаға деген таза махаббатын, айнымас та абзал сезімдерін өлең етіп, жырға да қосады. Әбдірахманның

халыққа тілектестігін, жаңалыққа ұмтылуын. Шұғаға деген махаббатын көре алмаған байлар оның үстінен «Түріктерге жасырын ақша жиып жүр» деп жала жауып, өтірік шағым береді. Әбдірахман жауапқа тартылып, басқа жаққа айдалады. Бірақ көп кешікпей қайтып келеді. Шұғаның көзі тірісінде қайтып көре алмай, бұл да арманда қалады.

Әбдірахман әлеуметтік күрестің адамы емес. Бірақ оның бойында халыққа қалтқысыз қызмет ету, соның көгергенін көру тілегі бар. Өзінің сүйгеніне қосылуға, махаббат еркіндігіне ұмтылғанда Әбдірахман табандылық, тұрақтылық көрсетеді.

Повесте Әбдірахман мен Шұғадан басқа да бірнеше кейіпкер бар. Олар – Қасым, Зәйкүл, Есімбек, Айнабай, Күлзипа, Маржанбике, Базарбай, Кәрім және басқалар. Жазушы солардың әрқайсысын да айқын әрі даралап көрсете алған. Бұл оның адам образын жасаудағы шеберлігін танытады. Осы орайда жазушы алуан түрлі суреттеу тәсілдерін қолданады. Мысалы ол Шұғаның портреттік сипаттамасын бірнеше жерде береді. Жоғарыда келтірілген үзіндіден кейін автор Шұғаның портретін толықтыра аша түсіп, мынадай сурет жасайды: «Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым: апырым-ай, адамзатта да ондай сұлу болады екен-ау... Аққудың көгілдіріндей, осы аппақ... Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын неше түрлі ілгектермен безеп тастаған, қызыл пүліш камзол, басында үкі тақкан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде онан жаман жандырып құбылдырып тұрды». Бұдан оқушы көп жайды аңғарады. Шұға мен Әбдірахман арасында жүрген қойшы бала Базарбайдың сөздері арқылы да жазушы Шұға бейнесінің әр алуан қырын, оның мінезін толығырақ аша түскен. Бұл ретте ол жанама мінездеу тәсілін шебер қолданған.

Шұға да, Әбдірахман да өлең шығара алатын ақын жанды адамдар. Шығарған өлеңдерінен олардың ой-армандары, әр нәрсеге көзқарасы, жан дүниесі жақсы аңғарылады. Шұғаға жолдаған бір өлеңінде Әбдірахман былай дейді:

Минут, сағат, күндік, айлық жол емес,
Тілейтінім, жүдейтінім – ол емес,

Көрсеқызар, антын бұзар қылжақбас,
Тұрлауы жоқ, әсіреқызыл мен емес.

Бұдан оның жан дүниесі, рухани келбеті анық байқалады.

Шығарманың лирикалық шегіністері, психологиялық сипаттаулары көп. Жазушы басты кейіпкерлері Шұға мен Әбдірахманның рухани дүниесін, жан сырларын, мөлдір сезімдерін нәзік байқағыштықпен әрі әсерлі етіп суреттейді. Бұл орайда «Шұғаның белгісін» шын мәнісіндегі психологиялық повесть деп атауға болады.

Повестегі оқиғалар көбінесе Қасым деген кейіпкердің атынан баяндалады. Сөйтсе де жазушы ескі қазақ аулы өмірінің шындығын жанды көріністер арқылы нанымды бейнелей алған.

Сонымен бірге жазушы жасандылыққа әсте аяқ баспайды. Повесть оқиғаларының баяндалуы мен әр алуан құбылыстардың суреті әңгімелеуші кейіпкердің ой-өрісіне, дүние тануына мейлінше сәйкес келіп отырады. Бұл да Б.Майлиннің реалист суреткер екендігіне анық айғақ.

Шығарманың оқиға желісіне ара-тұра автордың өзі де араласып отырады. Ондай тұстарда сурет айқындығы, бояу молдығы барынша терең сезіледі. Мысалы, повестің басындағы табиғат суреттері, күзгі даланың көріністері осы пікірді растай түседі. Шап-шағын, бірақ жанды суреттер, реалистік көріністер арқылы жазушы уақыт пен мекенді, халық тіршілігінің ерекшеліктерін шынайы елестетеді. Ол оқиғалар мен адамдарды соншалықты дәл, жіті көре де біледі, айнытпай суреттей де алады.

Шығарманың композициялық құрылысында да ерекшелік бар. Жазушы негізгі авторлық нысанасына сәйкес оқиғалардың орнын, мерзімін ауыстырып, құбылтып та отырады. Бұл повесть оқиғаларының қызғылықты, тартымды болуына әсер еткен.

Қорыта айтқанда, «Шұғаның белгісі» – қазақ прозасының тұңғыш, реалистік көркем шығармаларының бірі. Ол Бейімбет Майлиннің творчествосы халықтық, реалистік бағытта өрістеп, жаңа әрі жемісті арнада дамуға бет алғандығын көрсетті, оның тіл байлығын, шеберлігін де анық танытты.

«Раушан – коммунист» повесі

Жазушының әйел тендігі тақырыбына арналған прозалық шығармаларының ең күрделісі әрі көркемі «Раушан – коммунист» повесі.

Повесте жиырмасыншы жылдардың, яғни қазақ аулында әлеуметтік өзгерістер жасалып, советтік құрылыс нығая бастаған кезеңнің оқиғалары суреттеледі. Ғасырлар бойы күндік өмірдің адам айтқысыз ауыртпалығын бастан кешіріп, рухани трагедияға душар болып келген қазақ әйелінің азаттық алуы, есеге қолы жетуі – Ұлы Октябрь социалистік революциясының қазақ халқына берген ерекше жеңістерінің бірі.

Советтік дәуір қазақ әйеліне бас бостандығын берумен бірге оны әлеуметтік өмірдің кең өрісіне де шығарды. Қазақ әйелдері социалистік құрылысқа, халық игілігіне бағытталған еңбек майданына белсене араласты. «Раушан – коммунист» повесі қазақ әйелінің өміріндегі, тағдырындағы осындай зор өзгерістер мен жаңаруларды шынайы елестетеді.

Повесте шағын-шағын он үш тарау бар. Повестің бірінші тарауында, яғни экспозициясында, шығарманың негізгі кейіпкерлері бой көрсетпейді. Олар жайындағы мағлұмат тек басқа адамдардың сөздері арқылы ғана беріледі.

Екінші тарау керуеннің қара жолымен келе жатқан екі жолаушының жайын баяндаудан басталады. Бұлар – Бәкен деген шаруа мен оның әйелі Раушан. Бәкен Раушанды болыстық әйелдер конференциясына әкеле жатыр. Сол конференцияда Раушан сөз сөйлейді, уездік әйелдер бөлімінің бастығы Мәриямжан танысады. Бұдан соң Раушан әйелдердің уездік жиналысына делегат болып сайланады. Уездік қалада болған шағында Раушан көп нәрсе көріп, көп нәрсені үйренеді, ой-көзі оянғандай болады. Кейін Раушан ауылдық советтің бастығы болып сайланады.

Раушан ауылды советтендіру, байларды әшкерелеу, халық мүддесін қорғау ісінде табандылық, тиянақтылық көрсетеді. Совет өкіметі жауларының арам пейіліне, зиянкестік әрекеттеріне жол бермейді. Демесін, Ермақ сияқты байлар мен сұмдар Бәкенді Раушанға қарсы қояды. Бәкен Раушанды жазықсыз жазғырып ренжітеді. Олардың арасына салқындық

түседі. Раушан республика астанасына үш жылдық оқуға кетеді.

Бәкен Раушанның орнына ауылнай болады. Бірақ байлардың қулық-сұмдығын түсінбей, солардың ыркында кетеді. Ақыры сотталып, үш жыл түрмеде отырып шығады. Осыдан кейін барып Бәкен кімнің дос, кімнің кас екенін айырады. Оқудан қайтқан Раушанды Мәрияммен бірге қарсы алады. Раушан Бәкеннің кінәсын кешеді.

Раушанның: «Енді түсіндің бе?.. Дос пен қасты айырарлық болдың ба?»– деген сұрағына Бәкен былай деп жауап береді: «Түсіндім, қалқам, түсіндім, кеңес үкіметінің алдында мен күнәмды жуа аламын! Ендігі қалған жасымды тап жауының жолындағы күреске саламын! Жауымның кім екенін кейін біліп қалдым!»

Повесть осылайша, саяси санасы оянып, білім алып, әлеуметтік өмірдің кең өрісіне шыққан Раушанның семьялық бақытын қайта табуын баяндаумен аяқталады. Бұл да революция жеңісінің нәтижесі, жаңа дәуірдің жемісі. Повесть осындай идеялық түйінге меңзейді.

Раушан образы. Повестің басты кейіпкері – Раушан. Теңдік алып, есеге қолы жеткен, білімге ұмтылған қазақ әйелдерінің бейнелері Б.Майлин шығармаларында мол ұшырасады. Бірақ Раушан образы солардың бәрінен де оқшау тұрады.

Раушан – қатардағы қарапайым көптің бірі. Совет өкіметі сол қарапайым жандардың алдынан жарқын жол ашты. Раушан да сол жолмен ілгері басады. Бірақ бұл – бұлтарысы, кедергілері көп, қиын жол. Яғни талай ғасыр бойына енсені езіп келген ескілік, халықтың ой-санасын улаған әдет-ғұрыптар оңайлықпен ысырылып жол бермейді. Раушан сол қиындықтардың бәрін бастан кешіріп, біртіндеп жеңе отырып өседі.

Раушанда мол ақыл, парасат бар. Ол өмірге, өз жайына, өзіндей әйелдердің тағдырына ойлана, толғана көз салады. Әйелдердің болыстық конференциясында сөйлеген сөзінде де Раушан мұны анық байқатады. Осы тұста, Мәриямның сөздері арқылы жазушы Раушанға мынадай сипаттама береді: «Ел арасында осы Раушан секілді әйелдер аз емес. Раушандар–жұмысқа еркекпен тең түсетін әйелдер.

Раушандарды кеңес жұмысына баулыса, жұмыска үйретсе, ешкімнен де кем істемейді. Раушан – ел ішіндегі күң әйелдердің арасынан шыққан көсем».

Осы сипаттама повесте Раушанның іс-әрекеттері арқылы дәлелденеді. Раушанның бойындағы жарқын қасиеттердің бірі – жаңалыққа жан сала ұмтылушылық. Әйелдердің уездік съезіне барғанда ол қала өмірінен көп жаңалық көріп, көп ой түйіп қайтады.

Раушанның ауылдық совет бастығы болған кезі повесте қызғылықты, шынайы суреттелген. Ол халық сенімін ақтау, үкімет пен партияның сара нұсқауын орындау жолынан айнымайды. Раушан ел ішіндегі байлар мен сұмдардың ағайындықты желеу еткен қулық ниеттеріне де көнбейді. Бірақ олар Раушанға ері Бәкенді карама-қарсы қояды. Бәкен кетіп қалады. Раушанды қатты ренжітеді. Жеке басының өмірінде осындай қым-қуыт жайларға кездессе де, Раушан алған мақсатынан таймайды, қызмет бабында да табандылық көрсетеді.

Повестің аяғында Раушан астанада үш жыл оқып қайтқан қалпында көрінеді. Бұл баяғы Раушан емес. Жазушының сипаттауынша: «Ондағы Раушан мен қазіргі Раушанның арасы жер мен көктей. Қазіргі Раушан – мектеп бітірген, білім алған, саясатқа ұстарман; Маркс, Ленин қисынымен құралданып, социалистік өмірдің тұтқасын қолыма ұстаймын деп белсеніп шыққан Раушан!..»

Раушанның өсу жолы осындай. Раушанның өсу жолы, өмірлік жолы повесте шынайы әрі нанымды суреттелген. Ұлы Октябрь азат еткен, әлеуметтік өмірдің кең өрісіне шығарған қазақ әйелінің рухани түлеп өсуін, оның жарқын тағдырын жазушы Раушан образы арқылы бейнелейді.

Бәкен образы. Повесте Раушаннан соңғы көп көрінетін кейіпкер – Бәкен. Ол – ниеті түзу болса да, ой-өрісі тар, ескі әдет-ғұрыптардың шырмауынан шыға алмаған адам. Жазушы Бәкенді былайша суреттейді: «Тыныш тұрмыс – үй тұрмысы Бәкенге қымбат. Таңертең тұрып шомын үйсе, шаруашылығын істесе, шаршап келіп, Раушанның оң тізесін баса отырып, терлеп шай ішсе, қызыл іңірден жатып ұйқысын қандырса, одан артық тұрмыс бар, одан қызық нәрсе бар деп Бәкен ойлады ма екен? Бәкен, шынында, үйқүшік

болып өскен кісі». Осы Бәкеннің бойында жақсы бір қасиет бар. Ол Раушанды сүйеді. Сырт көзден, жұрттан қысыла жүрсе де, әйелін болыстық конференцияға, қаладағы уездік съезге алып баруы да Бәкеннің Раушанды қадірлейтіндігін көрсетеді.

Бірақ Бәкен Раушанның әлеуметтік қызметінің мәнмағынасын түсіне алмайды. Байлардың қулық әрекеттеріне, көлгірсіген аярлығына байқамай көндігіп қалған Бәкен Раушанды қылмысқа итермелеуге дейін барады. Раушан бұған көнбейді. Бәкен Раушаннан безіп, жалғыз қалады. Аз уақыт ауылнай болған кезде Бәкен байлардың жетегіне еріп, қылмыс жасайды да, жауапқа тартылады. Ақыры ол айыбын өтеп, қатесін түсінеді. Раушанмен қайта табысып, өмірді жаңадан бастауға белді буып кіріседі.

Халықпен бірге болған, жаңа өмірдің ағынына ілесіп алға көз тіккен, ілгері басқан адам ғана өз бақытын таба алмақ. Халықтың қалың ортасынан шыққан адам қайткенде де осы жолға түспей қоймақ емес. Бәкен образы арқылы жазушы осындай идеялық түйін жасайды.

Повесте Раушан мен Бәкеннен басқа да бірнеше кейіпкерлер бар. Жаңашыл Мәриям мен Әбілдің, болыстық конференцияға қызын апармай, қулықпен кемпірін апарып жүрген Ермақтың, аты оқыған болса да, ой-өрісі тар, мақсаты күңгірт Әбдіштің, қулық-сұмдық қуған Қайырбай мен Демесіннің, сөз қуып, өсек тасыған кемпірлердің бейнелерін жазушы өмір шындығына, әркайсысының өз болмысына лайықты түрде, даралап жасаған. Бұл – оның шеберлігінің айғағы.

«Раушан – коммунист» повесі – көркемдік жағынан да елеулі шығарма. Повесте басы артық оқиғалар жоқ. Шығарманың негізгі сюжеттік желісі мен композициясы өмір шындығын реалистік қалыпта қамтып көрсетуге әрі кейіпкерлердің мінез-құлқын, образдарын ашып суреттеуге лайықтанып, шеберлікпен құрылған. Жазушы кейіпкерлерінің рухани келбетін, ой-өрісін, бастан кешірген оқиғаларын, олардың өсу жолдарын жалаң баяндамай, дәйекті түрде әрі нанымды бейнелейді.

Бұл повесть – Б.Майлиннің әйел теңдігі тақырыбына арнаған шығармаларының ең елеулісі, ең көркемі. Сонымен

бірге ол кезінде осы тақырыпқа арнап шығарма жазған басқа авторларға да игі әсерін тигізді.

Б.Майлин прозасының кейбір көркемдік ерекшеліктері, жазушы творчествосының маңызы. Бейімбет Майлин–үлкен ақын екендігі жайында және поэзиялық шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жайында оның өлеңдері мен поэмаларын талдауға арналған тарауда айтылды. Енді Б.Майлиннің прозалық шығармаларының творчествосының кейбір көркемдік қыры мен сыры, оның творчествосының маңызы туралы мәселеге қысқаша тоқталып өтелік.

Бейімбет Майлин – қазақ совет прозасында реалистік дәстүр тудырушылардың бірі. Өз талантының «Шұғаның белгісі» повесінде алғаш рет айқын белгі берген қырын ол кейінгі шығармаларында әрдайым ұштап, жетілдіріп отырды. Б.Майлин прозасының реалистік сипаты жазушының өмір құбылыстарын іріктеп алуынан, уақыт пен жағдайды нақтылы суреттеуінен, авторлық баяндаудың айқындығынан, кейіпкерлердің портреттік және психологиялық мінездемесінен, сөйлеу ерекшеліктерінен және оның авторлық тенденциясынан әрдайым анық танылады.

Реалист жазушының прозасында юморлық қасиет те мол. Оның авторлық баяндауларында да, кейіпкерлердің тілі мен мінезінен де жайма-шуақ юмор лебі сезіліп отырады. Бұл жазушының шығармаларына жарқын реңк береді.

Б.Майлин юморының сатираға ұласып кететін кездері де мол. Бұл оның авторлық позициясына, қай тақырыпқа жазғандығына және кімді, нені суреттегендігіне байланысты.

Мысалы, «Зәкіржан молда» әңгімесінде халықты алдап, жазықсыз жандарды жәбірлеп, маскаралап жүретін молда мен оның жолдасының ар-ұяттан жұрдай болғанын, маскүнемдікке салынып, адамдық қалыптан шыққандығын жазушы былай суреттейді: «Сол күні күн батар кезде, әдеттегі қалпымен қаланың малдары, шошқалары өрістен қайтты. Қаланың орта шеніндегі қызыл төбелі үйдің тұсынан өткенде қой, ешкі, сиырлар бір нәрседен одырайысып, үріккендей боп па, жиренгендей боп па бұрылысып кетіп жатты. Өйткені сол үйдің алдында жер сүзе құлап «молда» мен «мүрит» жатыр еді. Мал сиякты оскырып қашпай, шошқалар Зәкіржан молданы жағалап, әлденеге тұмсықтарымен түртқілесіп кетіп

жатты. Тамақтан торыққан қызыл төбет сұғанақтық істеп, молданың құсығын жалаймын деп сүйреңдеген қызыл тілін абайсызда молданың аузына да тигізіп алды». Молданың масқара болған сиқы, айуандық қалыпқа түскендігі бұл үзіндіден капысыз аңғарылады. Авторлық суреттеуде зіл де, ащы ажуа да, мейірімсіз мыскыл да мол.

Б.Майлин диалог арқылы, кейіпкерлердің сөздері арқылы олардың ой-өрісін, рухани келбетін, ой-сезім дәрежесін анғартуға мейлінше шебер. «Раушан – коммунист» повесінде мынадай бір эпизод бар. Әйелдердің болыстық конференциясы басталмақ. Мәриям шеткерірек тұрған Раушанды жиылыстың төрағасына ұсынбақ болады. Раушан тағы да бір жаққа сайланып кетіп қалар деп абыржыған Бәкен көзін жаутаңдатып былай дейді: «Тақсыр, біз кедей адамбыз. Жүріп-тұруға көлік те жоқ. Осы келгеннің өзінде де Тымақбайдың атын сұрап жегіп келіп отырмыз». Бәкеннің бұл сөздерінен оның бар болмысы, үйқүшік болып өскен тоғышарлығы әрі аңғалдығы мен ақ көңілдігі айтпай-ақ байқалады. Аткан оқтай дөп тиетін, кейіпкердің ішкі дүниесін ақтарып ашатын диалогтар жазушының қай шығармасынан да мол табылады.

Бейімбет Майлин прозасының реализмі оның тілінен де тамаша көрінеді. Жазушының тілі таза, айқын да мөлдір, оның үстіне бояулы, суретті. «Құрымбайдың жігітшілігі» деген әңгімеде жазушы күзгі дала суретін былай береді:

«Күн ұзакка екпіндетіп соққан долы жел кешке қарай тынып басылып, әлем жүзі құлаққа ұрған танадай мүлгуде. Күн батып бара жатыр. Батар күннің сәулесі қызарып шашырап, дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр. Күншығыс жақ құшағын жайып келе жаткан кою қараңғылық жапан даланы ұзатпай бүркейін деп тұрған сиякты.

Дала бос. Дала көңілсіз. Сарғайған шөп, мал тұяғымен қыркылып тақырланған жер жүректі тартпайды».

Жазушының тілі тапшы да сокпайды, ағыл-тегіл түйдектеп, асып төгіліп те жатпайды. Ол нақтылы жағдайды, нақтылы мезеттегі ой-сезімдерді сол сәттегі қалпына орай, лайықты бояу-нақыштар тауып суреттейді. Оның тілінің ең негізгі реалистік қасиеті де осында.

Б.Майлин поэзия саласында Абайдан көп үйренсе, ал

прозалық шығармаларында ол үлгіні орыс әдебиетінен алды. Орыс классиктерінің ішінен Чеховтың жазушылық мәнері, жылы, жарқын юморы мен гуманизмі Б.Майлинге ерекше күшті әсерін тигізгендігі күмәнсыз.

Бейімбет Майлин поэзия, драматургия және проза жанрында бірдей еңбек етіп, жас қазақ совет әдебиетінің туып қалыптасуына, көркейіп өсуіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның ең таңдаулы шығармалары халық арасына мейлінше кең тарап, халықтың рухани қазынасына айналып кетті. Әдебиетімізді молықтырған, ілгері дамытқан алуан түрлі туындылар берумен бірге Б. Майлин өзімен тұстас және өзінен кейінгі бірқатар ақын-жазушыларға көркемдік ықпал да жасады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов творчествосынан, әсіресе оның алғашқы кезеңдегі әңгімелерінен, Б.Майлин прозасына тән жайма-шуақ юмор, тұрмыс көріністерін андатудағы, адамдардың арақатынастары мен характерлерін ашудағы көрегендік пен шеберлік және басқа да көркемдік тәсілдер жақсы аңғарылады. Олардың кей шығармаларын бірлесе отырып жазған кездері де болды. Бейімбет Майлин творчествосынан жас жазушылар да көп үйренеді, оның реалистік шеберлігінен үлгі алады.

Халықтың өмірін, тағдырын, күресін танып білуде Б.Майлин шығармаларының мәні ерекше зор. Ол халықтың өмірі жайында жазды, халық үшін жазды. Бейімбет Майлин–шын мәнісіндегі халық жазушысы.

1965 жыл

Ілияс Жансүгіров

(1894-1938)

Өмірі мен жазушылық қызметі

Қазақ совет әдебиетінің аса ірі қайраткерлерінің бірі– Ілияс Жансүгіров. Ол әдебиеттің барлық негізгі жанрларында қалам тартты. Соның ішінде оның поэзия саласын дамытуға қосқан үлесі әсіресе зор, ересен мол. Қазақ совет поэзиясының алтын қорына қосылған талай-талай лирикалық өлеңдеріне қоса Ілияс Жансүгіровтің «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты тамаша поэмалары бар. Оның көркем аударма саласындағы еңбегі де мейлінше жемісті. Ілияс Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңді романын, «Гаврилиада» поэмасын, көптеген лирикалық өлеңдерін, Лермонтов пен Некрасовтың, Горький мен Маяковскийдің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Өзінің зор ақындық талантымен, құнарлы да көркем шығармаларымен Ілияс Жансүгіров қазақ совет поэзиясына өшпес үлес қосты және оның кемелденіп өсуіне зор көркемдік ықпалын тигізді.

Ілияс Жансүгіров 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданы) шағын ғана дәулеті бар шаруаның семьясында туған. Әкесі ескіше аздап оқыған, көзі қарақты адам болған. Шешесінен жастай айырылып, жетім қалған Ілияс тек әкесінің тәрбиесінде өседі. Оның әдебиетке, сөз өнеріне деген құштарлығы жас кезінен-ақ басталады. Ілияс каршадайынан халықтың ұлан-асыр бай ауыз әдебиетінің нұсқаларын, өткендегі атышулы ақындардың, әсіресе Жетісу жеріндегі ақындардың, жыртолғауларын көп тыңдап жадына тоқи береді.

Алғаш әкесінен оқып жүрген болашақ ақын жеті жаска толған соң, Қарағаш деген жердегі мектепке түседі. Сол мектепті бітіргеннен кейін, біраз жыл өз аулында болады.

Осы кезде ол жастық жайына арнап лирикалық бірнеше өлең шығарады, ақындық өнерге шындап ден қоюға бет алады. Әлеуметтік тақырыпқа, халық тағдыры жайына да бірді-екілі өлең шығарады. Солардың бірі – «Не күйде». Бұл өлеңде жас ақын азамат соғысы жылдарында ақ бандылар шапқыншылыққа ұшыраткан елдің жайына, халықтың тағдырына іш тартып, мұңаяды, сағынышты сырын шертеді.

1920 жылы Ілияс Ташкент қаласына барып, сондағы екі жылдық қазақ-қырғыз мұғалімдер курсына оқуға түседі. Оқып жүрген кезінде Ташкентте шығатын қазақ газеттеріне бірталай өлеңдерін бастырады. Алматыдағы «Тілші», «Кедей еркі» газеттеріне де араласады.

Мұғалімдер даярлайтын курсты бітіргеннен кейін, Ілияс Жетісуға қайтып оралып, ауылдық мектепте мұғалім болып істейді. Сол кезді өз кезімен көріп, куәсы болған оқиғаларға арнап, «Жастар ұраны», «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Күзде», «Жазғытұрым» атты өлеңдерін шығарады.

1922 жылдың аяғында Ілияс Алматы қаласына келіп, «Тілші» газетіне қызметке орналасады. Осы жылдардан бастап ол өлеңді көп жазады, орыс ақындарының кейбір өлеңдерін аударады.

1924 жылы Ілияс қазақ ағарту институтының директоры болып тағайындалады. Сол жылы Коммунистік партияның қатарына мүше болып енеді.

Бұдан былай оның өлеңдері мазмұн жағынан тереңдеп, әлеуметтік тынысы кеңи түседі.

Кемеңгер Лениннің қазасы тұсында қазақ совет ақындары бүкіл халықтың қайғы-қасіретін тебірене жырлады. Осы тақырыпқа арнап Ілияс та «Ленин өлді» деген өлеңін шығарады. Мұнда ол кемеңгер көсемді, оның данышпандығын жырлай келіп, Ленинді халықты тарих дариясының тулаған тасқындарынан алып шыққан көреген капитан бейнесінде суреттейді.

Ақындық таланты шарықтай түскен Ілияс әдеби білімін молайтып тереңдетуді көздейді. Осы мақсатпен 1925 жылы Москвадағы Коммунистік журналистика институтына оқуға түседі. Білімін көтеруге көп күш салып, тынымсыз ізденген ақын творчестволық қызметін де толастатпайды. Оның өлеңдеріне жаңа сарындар, өскелең сипаттар қосылады.

Астана өмірі ақын шабытына қозғау салып, тың жырлар туғызады. Ілиястың сондай өлеңдерінің ең тәуірлерінің бірі – «Заводта». Ақын бұл өлеңде Москвадағы «Орақ-балға» заводында болған кезде алған әсерін баяндайды. Завод ішін кернеген еңбек күйі ақын жүрегін тербейді. Ол еңбек көріністерін әдемі суреттермен реалистік қалыпта, нақтылы елестетеді. Сонымен бірге ақын болашаққа да көз салады. Оның ойында аяулы арман бар. Сол арманның орындалатынына ол қапысыз сенеді. «Орақ-балға» өлеңі Ілиястың өмірге көзқарасы, ақындық ойы тереңдеп өсумен бірге, өнері де ұштalып, суреткерлік шеберлігі жаңа арнаға бет алғанын байқатты.

1928 жылы Ілияс Журналистика институтын бітіріп шығады. Осыдан кейін ол «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында қызмет істей жүріп өнімді еңбек етеді, өлеңге коса алуан түрлі тақырыпта фельетон жазады. 1927 жылы Ілиястың «Беташар» атты тұңғыш жинағы жарық көреді. Ал 1928 жылы Қызылорда қаласында ақынның «Сағанақ» атты жинағы басылып шығады. Бұл жинаққа ақынның сол кезге дейінгі таңдаулы өлеңдерінің дені кіреді. «Сағанақтан» кейін ақын жиырма шақты кітап шығарды.

Жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың бас кезінде Ілияс Жансүгіров творчестволық жаңа биікке шығады. Бұл кезде ол «Ұлы Октябрь», «Октябрь екпіні», «Жаңа қала», «Москва – Қазақстан», «Алтын қазан» тәрізді атақты өлеңдерін жазды. Соңғы өлең ақынның Москвада болған кезінде шығарған «Заводта» атты жоғарыда аталған өлеңдегі арман қазақ даласында да жүзеге асқанын көрсетеді. Өлең зор қарқынмен алға басқан заманның ырғақ күйін танытатын ойнақы, отты тілмен жазылған.

Бұл жылдары Ілияс лирикалық шағын өлеңдермен бірге поэма жанрына да бет бұрып «Конфиске», «Мәйек», «Күй» (1929), «Дала» (1930) атты поэмаларын жазады.

Отызыншы жылдар – Ілияс Жансүгіров творчествосының нағыз кемеліне келіп, кең өріске шыққан, ең жемісті шағы. Бұл кезеңде ол мейлінше көп жазумен бірге, ақындық шеберліктің де зор биігіне көтеріледі. Сонымен қатар әдебиеттің проза, драматургия, сын тәрізді салаларына да белсене араласады, сатиралық бағыттағы шығармаларды да көп жазады.

1934–1936 жылдары Ілияс Жансүгіров Қазақстан совет Жазушылары одағының председателі болып тағайындалып, республикадағы әдеби майданға басшылық етіп, елеулі еңбек сіңіреді.

1935 жылы Ілиястың «Күй» атты жинағы мен атақты челюскиншілердің Солтүстік мұхитқа жасаған данқты ерлігіне арналған «Жорық» деген поэмасы басылып шығады. Совет адамдарының ғажайып ерлігін, патриоттық кимылдарын зор эпикалық сарында жырлайтын кең тынысты әрі көлемді бұл поэмада схемаға құрылған жаландық, оқиғаларды құр тізбектеп берушілік сияқты көркемдік олқылықтар да болды.

Отызыншы жылдарда Ілияс лирикалық өлеңдерді де мол жазды. Ол өзіне таныс тақырыптарды тереңдете жырлаумен бірге, соны тақырыптарға да шығармалар арнады. Ақынның «Жаңа туған», «Кеңес», «Күйші», «Құлагер» атты поэмалары сол кездің жемісі. 1936 жылы жазылған «Құлагер» атты поэмасы – Ілияс Жансүгіровтің ақындық творчествосының ең аскар шыңы болған, әрі бүкіл қазақ совет поэзиясын жаңа белеске шығарған аса ірі, әрі үздік, көркем шығарма.

І.Жансүгіровтің драматургия жанрына ден қойғаны да осы кезең. Бұл жылдарда ол «Түрксиб», «Кек», «Исатай–Махамбет» пьесаларын жазады. Алғашқы екі пьеса автордың драматургия саласындағы алғашқы тәжірибесі, өз қаламының күшін байқап сынауының ғана нәтижесі болса, ал «Исатай – Махамбет» драмасы оның драматургтық талантын едәуір танытты. Тарихи тақырыпқа барған драматург дәуір сипатын да, қатысушы кейіпкерлердің образын да жап-жақсы ашып бере алды, әсіресе пьесаның тілі көркем, бояулы да келті.

Сатиралық сарында жазған шығармалары мен сықақ-фельетондарын Ілияс «Құқ» деген атпен жеке кітап етіп шығарады. Ал әңгімелері мен очерктері 1935 жылы басылған «Жол аузында» деген жинакка кіреді.

І.Жансүгіровтің проза саласындағы көрнекті әрі күрделі шығармасы – «Жолдастар» романы. Шығарманың басты кейіпкері Саданның образы арқылы автор қазақ кедейінің жалшылық өмірге, әлеуметтік әділетсіздікке көнбей күреске шыққанын, кейін большевиктер партиясының катарына

кіріп, көзі ашық, саналы революционер болғанын бейнелейді. Романда революция алдындағы және оған жалғас кезеңдегі қазақ аулы өмірінің шынайы көріністері бар. Романнан айқын бейнеленген адам образдары да, тіл көркемдігі де табылады. «Жолдастар» романы І.Жансүгіровтің проза саласында да күрделі, ірі шығармалар беруге творчестволық дарыны барлығын көрсетеді.

І.Жансүгіров әдебиеттің барлық негізгі жанрларында да еңбек етті. Солардың ішінде оның әсіресе жемісті әрі көркемдікпен дамытқаны, айтулы үлес қосқаны – поэзия.

І. Жансүгіровтің лирикасы

Ақындық сапарын лирикалық өлеңдер жазудан бастаған Ілияс Жансүгіров бұл жанрдан әрдайым қол үзген жоқ. Ол ел өміріндегі іргелі оқиғалардың барлығына да дер кезінде үн қосып отырды. Бұл оның лирикасының тақырыптық камтуының мейлінше мол, жан-жақты болуына әсер етпей қоймады. Сонымен бірге лирикалық өлеңдерінен І.Жансүгіровтің ақындық эволюциясы, шын шебер суреткер ретіндегі өсіп қалыптасуы да анық байқалады. Ақынның лирикасы оның өз творчествосының кең бір арнасын құрауымен бірге, жалпы поэзиямыздың ерекше бағалы құбылысы болып табылады. Сондықтан да ақынның лирикасы арнайы талдауды қажет етеді. Бірақ оны тұтас камту қиын. Сол себепті ақынның лирикалық өлеңдерін шартты түрде болса да, бірнеше тақырыптың төңірегінде топтап талдау керек. Бұл ретте де ең алдымен ақынның творчестволық сапарының тұңғыш қадамдарынан бастаймыз.

Жастарды өнер білімге шақыру. Бұл тақырып І.Жансүгіровтің алғашқы кезеңдегі, яғни жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі өлеңдерінде ерекше орын алады. Мұның өзі, бір жағынан, сол кездегі заман талабына, уақыт ұранына байланысты да еді. Саяси бостандыққа қолы жеткен, ғасырлар бойғы билеп-төстеушілерге қарсы күресте шыныққан еңбекші халықты рухани жағынан түлетіп өсіру, оны өнер-білімге ұмтылдыру міндеті қалам қайраткерлеріне де көп міндет жүктеді. Ақындар осы тақырыптас өлеңдерін

жас буынға әсіресе көп арнады. І.Жансүгіровтің «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Жас жалпыға», «Саналы жастарға» сияқты өлеңдері де осы сарындас болып келеді. Бұларда жастарға жар салу, ұран тастау сарыны басым:

Әйел, еркек, жалпы жас,
Баршаларың бауыр жас,
Көтеріл, көрін, көзіңді аш.
Бастас бәрің бауырлас.
Жаңбырлы жазғы
Иықтасып теңеліп, жапырақтай,
Қамдан, жатпа, қауымдас.
Көркей, көгер, гүлін шаш!
Оян, ойлан, ұрандас.
Қатарлас, теңел, құрал жас.
Құлқыны жаман құзғындар,
Құралсаңдар – тұра алмас.

(«Жалпы жасқа»)

Ақын ойы өлеңде соншалықты айқын жырланған. Өлеңнің әр жолы, әр сөзі жастардың жүрегіне жігер құйып, оларды күреске, оянуға, ойлануға, көзді ашып көрінуге шақырып, жар салып тұрғандай. Сол жастарды ақын «Жастар ұраны» атты өлеңде заманның қожасы, жаңа адам ретінде көрсетеді, олардың аузына мынадай сөздер салады:

Біз – жастар заманның
Ұйымшыл, ұраншыл,
Иесі, қожасы,
Мейірімшіл, қоғамшыл.
Жаралған адамның
Кіршіксіз, ақ жүрек,
Жалынды, жаңасы.
Біздер шын тазасы...
Жаңадан жасалған,
Гүлденіп жасарған
Тұрмыстың тұтқасы –
Көмекшіл көбіміз.

Бұл өлеңде ақын совет жастарының рухани келбетін, яғни олардың ұйымшыл, мейірімшіл, нағыз адал жанды, ақ жүрек екендігін көрсетеді. Сонымен бірге олар – жаңа өркен жайып келе жатқан тұрмыстың тұтқасы, тірегі де. Сондықтан да ақын осы тақырыбына, жастар жайына, қайталап оралып, өзінің «Жастар», «Оқимын», «Баласынан анасына хат» атты өлеңдерін жазады. Соңғы өлең әсіресе назар аударарлық. Бұрынғы өлеңдерінде жастарды өнер-білімге шақырғанда жалпылама үгіт айтатын ақын «Баласынан анасына хатта» нақтылы бейне жасайды. Өлең оқу оқып, білім алып жүрген, ой көзі ашылған жастың сағынған анасына жолдаған хаты ретінде жазылған. Өлеңде баласының абзал анасына деген кіршіксіз, пәк сезімдері соншалықты әсерлі берілген. Көзі ашылып, көкірегі оянған жас бала енді анасының да, сол анасындай аяулы елінің де ой-санасын жетілдірмек, солардың керегіне жарап, қолқанаты болмақ:

Канатың Ленин жолында,
Қош, анам, сүйдім қолыңнан.
Қарғаңды десең қайда жүр,
Қуансын деп жаздым хат.
Апатай, басшымды ұмытпа,
Қуансаң, қуан, анашым,
Апатай, Ленинді айта жүр,
Болатын болдым қолқанат.

Ақын өлеңде осындай үлкен түйін жасайды, жас ұрпақтың болашаққа ұмтылған талабын, ой-арманын нақтылы суреттейді.

Ұлы Октябрь тақырыбы. Халыққа азаттық таңын атырған, еркіндік берген Ұлы Октябрьді шабыттана жырлаған ақындардың бірі – Ілияс Жансүгіров. Ол бұл тақырыпқа «Жанар тау», «Ұлы күн», «Октябрь күні», «Ұштасқан үш тілек», «Ұлы Октябрь», «Октябрь екпіні» сияқты өлеңдерін арнады.

Ақын «Жанар тау» атты алғашқы өлеңдердің бірінде ескі дүниені күйретіп, жаңа өмірге жол салған Ұлы Октябрьді жалын аткан жанар тау бейнесінде суреттейді:

Қызыл жалын тазалап,
Жанардың жанған жалыны,
Қуарған корданы өртеді.
Жердің жүзін жарық етер
Жас балдырған жаңалап,
Жарылқар жалшы-жарлыны,
Жайқала шықты өртені
Жаңа жұрт жасар, карк етер.

Мұнда ақынның тозығы жеткен көне дүниені – қуарған кордаға, ал жаңа өмірді жас балдырғанға, жайқала шыққан өртеңге балауы бейнелі әрі халық ұғымына жақын, түсінікті. Сонымен бірге ақын Ұлы Октябрьдің сәулесі – жанардың жанған жалыны жердің жүзін жарық етер деген үлкен ой түйеді. Революция тақырыбын осылайша кең тұрғыда, зор шеңберде алып жырлауға ақын «Коммуна» атты өлеңінде де талап жасайды:

Баяғы батқан бір күн батыстағы,
Жарқ етіп біздің жақтан шықты тағы.
Масайрап еркін, бостан жолға тартты,
Езілген еңбекшінің барлық табы.

Ақын Париж Коммунасын бір кезде батыста батқан күн деп, ал Ұлы Октябрьді соның жарқ етіп қайта шыққан жалғасы ретінде жырлайды. Коммунарларды – «Дүниеге төте жұлдыз кезеп кеткендерді» ақын үлкен сүйіспеншілік сезімімен еске алады, олардың кабірінің басында құрметпен бас иеміз дейді.

І.Жансүгіров Октябрь туралы тақырыпқа оралған сайын жаңа көркемдік шешімдер табуға, тың ойлар айтуға ұмтылып отырды. Ұлы Октябрьдің он жылдық мерекесіне арналған «Үштасқан үш тілек» атты өлеңінде ақын қазақ елінің өткен өміріне, талайсыз тағдырына көз салып, сол бір ашы күйді ашына жырлап келеді де, қазақ халқы шын бақытын тек Октябрьден кейін ғана тапқанын айтады. Қарапайым қазақ халқы орыстың жұмысшыларымен және шаруаларымен құшақ жая табысқанын, өз тілегін солардың жарқын ой-тілектерімен ұштастырғанын қуана, шабыттана жырлаған ақын үлкен тапқырлық танытады.

«Ұштасқан үш тілектен» соң бір жылдан кейін (1928) жазған «Ұлы Октябрь» атты өлеңінде ақын «Әлемнің әділ таңы боп» атқан, алдағыны айқын танытқан, талай ғасыр бойына зар илеп келген ұсақ ұлттарды жұбаткан, қуат берген кім деген сұраққа мынадай жауап береді:

Ол кім? Қашан Октябрь!
Октябрь ұлы – СССР.
Ол ұлға дәл он бір жыл,
Туысы тұңғыш тарихтан!

І.Жансүгіровтің Октябрь тақырыбына арнаған өлеңдерінің бірі – «Октябрь екпіні». Ақын бұл өлеңін «Ленин поезы» деп те атаған. Өлеңнің негізгі идеясы, ондағы автордың өзекті ойы осыдан да анық аңғарылады. Ақын Октябрьден кейін ілгері қарай заулаған совет елінің өрлеп дамуын екпінді поездың жүрісіне балайды және оны Ленин поезы деп атайды. Уақыттың алға қарай самғаған жеделдігін экспреске, жүйрік тұлпарға ұқсату сол кездегі қазақ әдебиетінде, әсіресе поэзияда, жиі ұшырасатын. Сол көркемдік тәсілді Ілияс та қолданған. Ол Ленин поезы сыртқы және ішкі кедергілердің барлығын жапырып, баса-көктеп ілгері қарай заулай беретінін, өйткені оны алға бастаушы – Коммунистік партия екенін айтады.

Лениннің жүрдек поезы
Ұшады даңғыл жолменен;
Трактор,
Балға,
Пулемет
Қарулы қалың қолменен.
Паровозшы – партия
Алысып «Оңмен», «Солменен»
Айнала – жау,
Жол – қиын,
Тарихтың алды өргелең!
Ленин туын тік ұстап,
Дөңгелен,
Тарих,
Дөңгелен!

Бұл өленнің құрылысы өзгеше, ырғағы лып-лып етіп тұрған жылдам да ойнақы. Автор өзінің негізгі ойын соғұрлым әсерлі, тартымды әрі көркем етіп жеткізіп беруге жарарлық ырғақ, ұйқас та, түр де таба алған.

Ақын Қазақстан туралы өлең-жырларында да Октябрь тақырыбына соқпай өтпейді. Бұл заңды да. Өйткені қазақ халқы тек Октябрьден кейін ғана іргелі ел қатарына қосылды, өз тағдырына ие болды. Ақынның «Тоғызда», «Қазақстан», «Шаттық жыры» сияқты өленderінен осы ерекшелік анық байқалады. Мысалы, «Қазақстан» атты өленінде ақын салыстыру әдісін қолдана келіп, былайша қорытады:

Бұрын патша отары,
Бұрын байдың Отаны,
Жері қуаң,
Елі құл,
Бүгін еркін, жері нұр,
Нұрландырған – Октябрь –
Қазақстан елі бұл!

Сөйтіп, ақын Октябрь тақырыбын жырлағанда оны әрдайым әлеуметтік кең аяда алып суреттеді, социалистік құрылыстың сан алуан табыстарымен ұластыра, байланыстыра отырып жырлады.

Халықтар достығын жырлауы. Советтік дәуір, социалистік шындық ұсынған тақырыптарды ақын жеке-жеке алып, даралап жырлаған жоқ. Ол негізгі идеялық нысана етіп алған тақырыпты қамтитын өленderдің ішінде басқа тақырыптар да жүреді. Олар өзара қайшы келмей, бірін-бірі толықтырып отырады. Мысалы, жоғарыда аталған, Октябрьдің он жылдық мерекесіне арналған «Ұштасқан үш тілек» деген өленін ақын қазақ және орыс халықтарының достығын мадақтап жырлаумен тұжырымдайды:

Ұстадым қолын бұлардың,
Айқасып қалды үш білек.
Таяғым таптым, таяндым,
Өзімді сездім күштірек,
Үшеуіміз бірге аттандық,
Ұштасқан соң үш тілек.

«Ұлт отауын тіккенде» атты өлеңінде ақын Орта Азия халықтарының совет дәуірінде өз алдарына отау тігіп, іргелі ел болғанын, советтік республика құрғанын шын жүректен құттықтап, қуана жырға қосады.

Ақын орыс және қазақ халықтарының достығын әсіресе беріле, шабыттана жырлады. «Ресей жері» атты өлеңінде ақын ұлан-байтақ Ресейді, орыс жерін аралап, қарап өткенде алған әсерлерін, көрген-білгендерін баяндайды. Белгілі бір сюжетке, оқиға желісіне құрылмай, сырттай карап баяндау сарынында жазылса да, өлең зор ықыласпен оқылады. Өйткені онда көз тартарлық тамаша көріністер, шынайы елестер бар. Солардың барлығы да орыс жерінің ғажайып көркін, орыс адамының еңбек сүйгіштігін аңдатады. Өйткені туған жерін сондай түрге бөлеген, жайнатып жаңғыртқан – орыс адамы, соның қуатты тегеуріні, жасампаз жігері.

Осы өленде ақынның өзіндік бір тенденциясы да бар. Орыс жерінің небір сұлу көріністерін, ондағы еңбек дүниесін жырлап келіп, ақын былай түйеді:

Жаралыс әсем, жалпы еңбек
Жадыратпас па жаныңды,
Қоя ма шерің таркамай.
Осының бәрін көргенде,
Ұшсыз, шетсіз сар жапан,
Отсыз, сусыз қызыл құм,
Жок па дедім сорлы жер
Мактайтын Сарыаркадай...

Мұнда ақын казак халкының еңбексіз, еш өткен бұрынғы өміріне сын айтады. Адамның қолы тиіп жасармаған, жайнап өзгермеген жер – нағыз сорлы жер дейді.

Бірақ казактың осынау жапан түзі мұндай мүшкіл халде кала бермек емес. Совет дәуірінде ол жаңғырып, өзгерді. Оған өң беріп, жан бітірген – жаңа адам, халықтар достығы. Ілияс Жансүгіровтің «Мәскеу – Қазақстан» атты өлені осы шындықты жырлауға арналған. Өлең аздап поэмаға да ұксайды. Бірақ онда белгілі оқиғалар тізбегі, өзекті сюжет желісі жок. Өлең шағын-шағын он екі бөлімнен тұрады. Өленде Мәскеуден Қазакстанға көмекке келген адамдардың

жайы айтылады. Рас, онда нақтылы адам образдары жоқ, қалың көпшіліктің тұтас бейнесі бар. Оның үстіне Мәскеу қаласы – орыс халқының жиынтық, түйінді образы ретінде алынса, одан жәрдем күткен қазақ халқының тағдыры ен даланың бейнесінде берілген. Сол далаға енді жан бітпек, өмір гүлі өспек, яғни қазақ халқының өмірі жаңаша құрылмақ. Бұл істе оған қол ұшын беретін ұлы орыс халқы, соның айнымас достығы.

Астанадан аттанған поезд, дала көріністері, жол суреттері, қазақ халқының орыс достарын құшақ жая, еміреніп қарсы алуы өлеңде шыншыл да әсерлі көрсетілген. Сөйтіп, ақын достық тақырыбын нақтылы әрі бейнелі, көркем түрде шешеді.

Халық өнері. Халықтың әні мен күйін, өнер иелерін ардақтап жырлау – ақын поэзиясындағы ең күшті сарындардың бірі. Оның ең тұңғыш өлеңдерінің өзі осы тақырыпқа арналған десе де болғандай. «Бұлбұлға», «Әншіге» атты өлеңдер – бұған анық мысал. Ақын жақсы ән менен тәтті күйдің қасиетін Абай талабына меңзес түсінеді. Ақынның барлап түйгеніндей, жақсы ән:

Тамырды солқылдатып, ойды қозғап,
Жүректі тебірентіп, ішті жылытар.
Қайғылы, мұңды, өнерлі, шерлі жанға,
Ой салар, ойын түртер, жыбыршытар.
Еліртер, екілентер, елбіретер,
Толғантар, толғақ салар, толықсытар.
Аспанға ащы даусың шыркап, қалқып,
Қоңырлап, көмей қайта ыңырсытар.

Ілияс ән мен әнші туралы тақырыпқа кейін де бірнеше өлең арнайды. Сол өлеңдерінде ол жаңа заманда өнер иесінің міндеті, рөлі бұрынғыдан да тереңдеп, жаңа сипатқа ие болғанын айтады («Жас бұлбұлдарға»). Ақын әсем әнді әйтеуір ән құмарлықтан мадақтай бермейді. Ән қараңғыда қамалып келген халыққа жаңа таңның атқанын жырлап, соның мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға тиіс. Ақын әншілерге, яғни жас бұлбұлдарға осындай талап қояды.

«Домбыра» атты өлеңдегі авторлық негізгі нысана да осы

іспетті. Еңбек елінің жыршысына ақынның қояр шарты – жаңа өмірді жырлау:

Еңбек елдің жыршысы-ау,
Жанымды бір жадырат.
Көкейіме қондыра,
Тәтті-тәтті әңгіме айт,
Жаңа өмірді жыр қыла,
Шежіре, шешен сұңғыла,–
Құлшына тарт, домбыра!

Ән мен күй тақырыбына арналған өлеңдерден ақынның өзі де халық өнерінің ғажайып сырларын, әр алуан қыры мен табиғатын қапысыз түсінгенін де, тамаша шеберлігін де көреміз. Оған қоса бұл өлеңдер ақынның ән-күй мен өнер несі жайындағы болашақ атақты поэмаларына барып құятын өзекті арна болып табылады.

Еңбекті жырлауы. Еркін әрі жасампаз еңбек жайындағы жырлар Ілияс Жансүгіровтің лирикалық поэзиясының мол да құнарлы бір саласын құрайды. Ақын алғашқыда өзіне жастайынан таныс дүниені, малшылар мен егіншілердің еңбегін жырлайды. Осы орайда ол «Егінші», «Ақ сабан», «Қойшының ойы», «Қырман» тәрізді өлеңдерін жазады. Бұл өлеңдерде еңбек адамына, оның ісіне сүйсіну, соларды ардақтау сарындары басым.

Ақын «Егінші» деген өлеңінде егіншінің еңбегі жанғанын былайша суреттейді:

Еңбегің жанып, мінеки,
Жайқалып тұр егінің.
Еңбегі ғой көгерген
Егіншідей еріннің.

Өленнен ақынның еңбек адамына деген шын ықыласы жақсы аңғарылады. Ол егіншіні ерге балайды. Сөйтіп, ақын еңбекке, еңбек адамына жаңа көзқарас туғанын көрсетеді.

Ілияс бірсыпыра өлеңдерінде еңбек адамының нақтылы бейнелерін жасайды. Бұған оның «Сабын», «Ұршық» сияқты тамаша өлеңдері мысал бола алады. Бұл өлеңдерде қазақ аулының тіршілік жайларын, кәсібін қазақ әйелінің атынан

баяндай отырып, ақын әлеуметтік зор түйіндер жасайды. «Сабын» атты өлеңдегі:

Сақырла, қазан, былғауыш,
Сағыздай сабын оралсын.
Сабыннан ырым етуші ек,
Оралсаң, ісім оңалсын,–

деп келетін жолдардан ептеп ырымға да сенетін, бірақ өз еңбегінің қызығына көнілі құлай берілген, үмітті адамның бейнесін көреміз. Сонымен бірге осынау қарапайым қазақ әйелінің ойсанасында да бұрқ-сарқ қайнау, жаңару бар. Ақын соны да поэзия тіліне асқан тапқырлықпен түсіре алған:

Ауру, лас, кір-қолаң
Ауыртып еді мазаны ап.
Арылта жуып, сабындап,
Алайын бәрін тазалап.

Мұнда жинақты ойлар бар. Ақын бүкіл ескіліктің, көне дүниенің кір-қолаңын айтып отыр. Соны арылта жуып, тазалауға бел буған қазақ әйелі өзін де, өмірді де рухани жағынан тазартпақ, жасарта түспек. Бұл – нағыз еңбек адамының, совет адамының ғана қолынан келмек.

Егер «Сабын» – нағыз үміт жыры, қайта жаңғырып, көгеріп көктеудің жыры десек, «Ұршықтан» еңбекке, еңбек адамына арнап айтылған қуатты гимнді естігендей боламыз. Ақын реалистік көріністер арқылы қазақ әйелінің жаңа дәуірде азат еңбекке емін-еркін бас қойған, соның қызығын көріп, рақатына бөленген бүкіл қазақ халқының жиынтық тұлғасын, жаңарған кейпін елестете алған.

Ілияс еңбек тақырыбын жырлауда да әрдайым биіктеп, өсе түсіп отырды. Ауылдағы еңбек адамдарының жанды да жарқын портреттерін жасаған ақын өндіріс тақырыбын шабыттана жырлауға дейін көтерілді.

Москвада болған кезінде ақынның «Заводта» деген тамаша өлең жазғаны жоғарыда айтылған болатын. Кейін қазақ өмірінен, Қазақстан шындығынан алып, ақын осы тақырыпқа «Баспаханада қыр қазағы», «Жаңа дала», «Алтын қазан» атты өлеңдерін жазды. Соңғы өлеңді әсіресе ерекше

бөліп атау қажет. Өйткені онда айқын суреттер, айшықты орамдар, күшті, әсерлі бейнелер мол. Ақын жер байлығын, ел дәулетін, жаңарған өмірді, халық тұлғасын зор көркемдік дәрежеге көтеріп жырлайды. І.Жансүгіровтің еңбек тақырыбына арналған өлеңдері мен толғауларында уақыт рухы, дәуір екпіні, жасампаз еңбектің тегеурінді пафосы бар.

Халықаралық тақырыпқа арналған өлеңдері. Ақынның халықаралық тақырыпқа арналған өлеңдерінің ішінен «Коммуна», «Саясат қошқарлары», «Гималай» сияқтыларды атауға болады. Француздың атақты ақыны В. Гюгоның «Қырғында» деген революциялық өлеңін аударуы да ақынның шетел халықтарының тағдырына енжар, салғырт қарай алмайтындығын аңғарткан еді.

«Коммуна» өлеңінде революциялық идея, француз коммунарларының арманы Россияда жүзеге асқаны жырланатындығы жоғарыда айтылған болатын. Ал «Саясат қошқарларында» ақын империалистік мемлекеттердің бірін-бірі алдап, бірін-бірі жалмап жанталасуын, басқаға көз алартып есіруін ащы мысқылмен ажуалайды.

Ілиястың бұл тақырыптас өлеңдерінің ең күрделісі әрі мейлінше көркемі – «Гималай». Ақын бұл өлеңін 1929 жылы Үндістанда болған оқиғаға арнап жазған. Бірақ өлең жеке бір оқиғаға үн қосу ғана емес, онда жинақтаушылық сипат бар. Ақын Гималай бейнесінде отаршылдық тұрмыстың таксіретін тарткан Шығыстың, яғни өз сөзімен айтқанда, «Жиһангер жайлаған Шығыстың» сипатын, сондағы халықтардың тағдырын суреттейді:

Ақ шалып басын, қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Анасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Өз жерінің байлығын, өз елінің ырыс-дәулетін игілігіне жарата алмай, жатқа жем болған халықтың тағдырын ақын осылайша суреттейді, сол жайында ойлана тебіреніп, сұрақ қояды. Ол шығыс халықтарының сол отаршылық бұғауды тас-талқан етіп бұзып, азат болатындығына күмәнсіз сенеді. Өйткені:

Гималайда қуат бар,
Қозғалды оны құрауға.
Гималайда ұлы от бар,
Таянып тұр, тұтауға.
Гималайда улы оқ бар,
Құл атады құдайға.
Болса болар, болғандай...
Көксеп күн мен көкорай,
Дейтіндерге неге олай?–
Айтар сонда Гималай!

Ақын көрегендігі тұпа-тура келді. Гималай айтарын айтты. Шығыс халықтары бірінен соң бірі отаршылық бұғауынан босап, тәуелсіздік алуда. Өлең осындай терең мазмұндылығымен бірге айрықша көркем де. Ақынның Гималай тауын көктің кіндігі, жердің түндігі деп суреттеп алып, халықтың ұлылығын соған ұқсатуы зор шеберлікті танытады. Өленнің өзгеше, тегеурінді ырғағынан да халықтың қаһар-күші, қайрат-қажыры сезіліп тұрғандай.

Сықақ өлеңдері. І.Жансүгіровтің сатирашылық таланты оның прозалық шығармаларынан, әңгіме-очерктері мен фельетондарынан әсіресе анық танылады. Сондай-ақ сықақ пен сатиралық сарындар оның поэзиясында да бар. Ақын мұндай өлеңдерін көбінесе творчестволық сапарының алғашқы кезеңінде шығарған. Бұл бір жағынан сол кездегі өмір шындығына, дәуір сипатына да байланысты еді. Ескі дүние қаусап кирағанымен, оның қалдықтары онайлықпен жойыла қойған жоқ. Ақын өзінің уытты мысқылын соларға қарсы жұмсады.

Ілияс «Бейсембек болыс», «Елге шыққанда ...ов не айтады», «Белсенділерге», «Қазақы қорытынды», «Ықшылбай» сиякты өленлерінде өңін айналдырған қуларды, даурықпа айғайшыларды, паракорларды ажуа етеді.

Ақын өзінің ең уытты, ең өткір өлеңдерін дін иелеріне арнайды. «Некешілдер», «Өк, көк өгіз», «Өлген молданың өсиеті» сияқты өлеңдер – бұған анық айғақ. «Өк, көк өгіз» өлеңінде ақын жерді көк өгіз көтеріп тұрады дейтін діни аңызға иланушыларды соншалықты шебер мысқылдайды, ерекше тапқырлық көрсетеді. «Өлген молданың өсиетіндегі» ажуа бұдан да ащы, бұдан да өткір. Мұнда ақын ерекше суреттеу тәсілін қолданады. Молда ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде қиямет-қайым болып қалған екен. Молда пейішке бара алмайды. Шариғат жолын желеу етіп, әркімді алдап-арбап алып, құрбанға шалған қошқарлар мен бұқалар оны сүзгілеп, дозаққа құлатады... Дін иелерінің елді жегідей жеген аярлығы өлеңде соншалықты өткір күшпен аяусыз әшкереленеді.

Ілиястың сатиралық өлеңдерінің құрылысы, көркемдік ерекшеліктері де әр алуан. Оның «Некешілдер», «Ала бие», «Тапанша», «Ит-ай!», «Шошқа» сияқты өлеңдері диалог түрінде, екі адамның сөйлесуі ретінде жазылған. Осындай тәсіл арқылы ақын алуан түрлі адамдардың мінез-құлқын, ой-өрісін, көзқарасын жарқыратып ашып береді.

Ақынның нағыз шеберлікпен жазылған сатиралық өлеңдерінде ескілік атаулыға айтылған қатал үкім, оқпен атқандай, тіліп түскендей өткірлік, ашу мен ыза аралас ащы ажуа бар. Бұл ретте ол Абай сатирасынан үлгі алып, үйренгенін анық танытады.

Ілияс Жансүгіровтің поэмалары

Ілияс Жансүгіровтің асқан ақындық таланты поэма жанрында әсіресе айқын көрінді. Ол – қазақ совет поэзиясының классикасына қосылатын «Құлагер», «Дала», «Күйші» поэмаларының авторы. Сонымен бірге ол «Күй», «Конфиске», «Мәйек», «Жаңа туған», «Кеңес» поэмаларын да жазды. Бұлардың ішінде «Конфиске» атты дастанда Мұқан сияқты байлардың тап ретінде жойылуы, малмүлкінен ада болып, айдалуы баяндалса, ал «Мәйек», «Жаңа туған», «Кеңес» поэмалары колхозды ауыл өмірін, бірлескен еңбектің жемісі мен қуанышын көрсетуге арналған.

Ақынның «Күй» және «Күйші» поэмалары тақырып жағынан бір-біріне жақын тұрады. Бұл – халықтың дариядан тасыған өнері, ғажайып таланты туралы, күй өнері туралы тақырып. Осы тақырып кейінірек ақынның ең үздік туындысы – «Құлагер» поэмасының да негізгі бір желісін құрайды.

«Күй» поэмасы ақынның талантын да, ақындық қуатын да жақсы аңғартты. Ақын салған жерден-ақ жыр дауылын соқтырып, тамаша суреттер жасайды. Ол қобызшы Молқыбай шалдың портретін былайша береді:

Қобызшы – Молқыбай шал Матайдағы,
Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.
Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,
Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал.
Іріңдеп екі көзі, қол дірілдеп,
Аузынан азу тісін аршыған шал.
Еңкейіп екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.
Қобызшы ол – «Ақ көбікті» аңыратқан,
Боздатып «Боз інгенді» күңіренткен.

Ақын Молқыбай шалдың күйшілік өнерін, ол тартатын күйлердің сарынын, мазмұнын поэзия тілі арқылы баяндайды да, «Боз інген» күйіне арнайы түрде тоқталады. Ескі өмір елестерін, бағы заманның сұркай суреттерін ақын жанды көріністер арқылы бейнелейді. Бірақ Ілияс көне дәуірдің көлеңкелі кейпін, күңгірт күйлерін шертумен тынбайды. Коммунист ақын өзінің негізгі тенденциясынан бұл жолы да танбайды. Поэманың соңғы тарауларында ол қазіргі заман, советтік шындық жайын толғайды. Бұрынғы күй, бағы заман күйі мұң-зарға, шерге толы болса, қазіргі шат-шадыман, бақытты өмір күйі қуанышқа, жарқын, жайдары сазға толы. Өгей өмір жүрекке шемен етіп байлаған уды жуып тазарткан да – сол жаңа күй:

Көргенде күйелі төс, күсті білек,
Тапқандай жаңа бауыр, жаңа тілек.

Жылы қан улы бойда шым-шым қайнап,
Сауығып сала берген дертті жүрек.
Мыңдаған оркестрді көргем топты,
Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.
Жуылған жүректен у сол күйменен
Аршығам көңілімді басқан тотты.

Ақын жаңа күйдің құдіретті сарынын жаңа өмірден, «күйелі төс, күсті білектердің» – жаңа өмір орнатып жаткан карапайым жандардың еңбегінен, еңбек жырынан есітеді. Бұл поэмада ақын екі дәуірдің екі түрлі сипатын, ескі өмірдің қасірет-шері мен жаңа өмірдің өктем тынысын, күй сарынын суреттеу арқылы шебер бейнелей алған.

Ілияс Жансүгіров күй туралы тақырыпқа «Күйші» поэмасында да оралады. Егер алғашқы поэмада негізгі кейіпкер шартты түрде алынған күй, соның сарыны болса, ал соңғы поэманың басты қаһарманы – күйші, соның тағдыры мен өнері. Бұл ерекшелік поэмалардың аттарынан да анғарылып тұрғандай.

«Күйші» дастаны тарихи оқиғалар негізінде жазылған. Бірақ ақын тарих тереңіне үңілгенде жалаң баяндауға салынбай, зор көркемдік түйін жасай алған. Сонымен бірге оның халықтық сипаты да мейлінше күшті.

Поэмада Кенесары ханның Аркадан ауа көшіп, Жетісуға келгенде карапайым халыққа, Үйсін еліне жасаған қиянаты мен зорлығы аяусыз әшкереленеді. Ол жай жаткан елді дүрліктіріп, адамын құл етеді. Солардың бірі – Сары Үйсін руынан шыққан аскан күйші жігіт. Оны Кенесары өзінің катыгез карындасы Қарашашқа тарту етеді. Азат басы құлға айналған күйші жігіттің күйінішті тағдырын ақын былай суреттейді:

Ілініп ханның байлау-матауына,
Азат бас айналды оңай ата-құлға –
Күйшіні ертіп келіп, есік ашты,
Мақпал бау, манат ойған отауына.
«Алдияр!»– аузына әзер түсті,
Алақтап алды-артына назар түсті.
Кіргендей болып кетті бір сарайға,
Алтын мен жібек жайған базар түсті.

Ханша мынау аппақ сазан түсті,
Көрінді әзірейіл, ажал түсті,
Жыланнан сырға салған жолбарыс қыз,
Сықылды жын патшасы, тажал түсті.

Сұлу ханшаның осылайша суреттелуі оның рухани жағынан сорлылығын, қаталдығы мен содырлы сойқандығын паш ете түседі. Оны осылай желіктіріп отырған Кенесары бейнесі де жырткыш аңға ұқсас:

Бөрі отыр бөлтірікке беріп ырық,
Алар деп өз абыройын өзі-ақ жығып...
Жанжалды үй арасы ұсақсынып
Арыстан отыр барлап тісі аксиып.

Поэмада суреттелген бұлардан басқа үстем тап өкілдері– Әлімқұл датқа мен оның баласы Сапақ та дәрменсіз, жексұрын адамдар ретінде бейнеленген. Бұлардың да еріккен ермегі қалың елге лаң болып тиеді.

Ақын осылардың барлығына күйші жігіттің бейнесін қарама-қарсы қояды. Нағыз халықтық сипат танытатын осы кейіпкерінің бойындағы екі түрлі қасиетті ақын барынша терең ашып көрсетеді. Оның бірі – азаттықты аңсап, еркіндікке ұмтылу. Адуын, шайпау мінезді ханшаның тұтқынынан босауды ойлап, күйші жігіт былай тебіренеді:

Апырым-ай, бұдан қалай кетсем екен?
Еліме қалай аман жетсем екен?
Бір көріп шешем жүзін көріскен соң,
Жетсе өлім, өкінбестен өтсем екен!
Адамның азат басы дәулет екен,
Өзінде ердің еркі – сәулет екен...
Баласы Абылайдың Кене ме екен,
Сорыма құдай айдап келген екен.
Нашардың қанын сорып, жанын жеген,
Хан емес, қара қабан деген екен!

Жігіттің бойындағы екінші қасиет – оның ғажайып өнері, асқан күйшілігі. Күй сарыны поэманың бүкіл өн бойына жүріп отырады. Ақын кейіпкерлерінің сезім-сырларын, ой-

армандарын осы күй сарыны арқылы береді, окиға желісін де сол арқылы өрбітіп отырады. Ақын күйші жігіттің өнерін аскан шеберлікпен, небір сиқырлы суреттермен береді:

Тартқанда батыр күйін «Қорамсақтай»,
Ақ түтек тұра ала ма боран сокпай.
Ару боп ат артында қалмақ қызы
Безектеп перне басты шынашақтай.
Күй алды Бақанастың қара өзегін,
Дауылдай бұрқыратып ебелегін.
Қара жер қалқып барып қата қалды
Саймақтың суырғанда «Сары өзенін».

Мұндай ғажайып суреттерді, айшықты орамдарды дастанның кез келген жерінен ойып алуға болады. Күйшіні бұғаудан құтқарған да – осы өнері. Бұл сипаттары арқылы күйші жігіт азаттыққа ұмтылған, сол жолда өнерін қару еткен халқымыздың бейнесін танытады.

«Дала» поэмасы

І. Жансүгіров поэмаларының ішіндегі әлеуметтік тынысы кең, терең мазмұнды, аса көркемдерінің бірі – «Дала» поэмасы. Ақын бұл поэмасын Қазақстанның он жылдық мерекесіне арнаған. Поэманы жазғандағы негізгі авторлық ойын ақын «Шаттық жыры» деген өлеңінде өз тарапынан былайша түсіндіреді:

Уа, халқым, он жылында «Даланды» айттым –
Ой, қырың, орман, тауың, саланды айттым;
Ертіс, Сыр, Есіл, Жайық – ел қонысым.
Алатау, Алтай, Балқаш, Аралды айттым.
Ақ табан – шұбырынды, шулаған жұрт,
Қаратау қансыраткан заманды айттым.
Би, болыс, ояз, ұлық билегенде
Қара күн, қараңғылық, қамауды айттым.
Ақ жорық – «Алаш» жалау көтергенде
Халқыма қанша тиген залалды айттым.

Жауды айдап, жаксы олкемді жасамакка
Лениннен қазақ мандат алғанды айттым.
Шат көңіл, тарих атты шежіре шал,
Құшақтап, құттықтаған баланды айттым.
Өлкем шат, өмірім қызық екендігін
Сол кезде-ақ айналаға абайлаттым.

Шынында да, ақын поэмада өз халқының бұлыңғыр өткеніне, күрес жолдарына, тарих соқпақтарына үңіле келіп, Ұлы Октябрьді, совет дәуірінде іргелі ел болған Қазақстанды шабыттана жырлайды.

Поэма «Арнау», «Таңда», «Ақ табан», «Құл көгені» «Құрбандық», «Сандал», «Толқын», «Бостандық», «Октябрь дабысы», «Аласапыран», «Әлсіз дауыс», «Октябрь», «Қызыл жұлдыз», «Теңдік», «Білек біздікі», «Баяндама», «Той бастау» және басқа бірнеше тараулардан тұрады. Поэманың әр тарауында ақын қазақ халқы тарихының әр кезеңін суреттейді. Сонда оқушы халықтың әр замандағы тағдырын, өмірін өз көзімен көргендей, оның арманы мен мұратын өз жанымен сезінгендей болады. Мысалы, XVIII ғасырдың бас кезінде сырткы жаулардың шабуылынан боса қашқан, «Ақ табан шұбырындыға» ұшыраған қазақ елінің аянышты халі поэманың «Ак табан» атты тарауында былайша беріледі:

Азан-қазан кыр үркіп,
Кімдер калмай далада,
Талай көшті Сыр жұтып,
Ауғын болды ак табан.
Жылап, шулап ұлардай
Шұбырынды болды күн.
Қайың сауа, ши шайнай,
Бака, жылан қактаған.

Бұдан әрі ақын «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын зарлы, мұңды ән халық осындай трагедиялы халге душар болған күнде туғанын айтады.

«Құл көгені» атты тарауда бастары бәйгіге тігілген, «құлаккесті» құл болған жас бала мен жас қыздың, өлмелі кемпір мен шалдың талайсыз тағдыры суреттеледі. Солар

арқылы бүкіл халықтың тағдыры бейнеленіп тұрғандай. «Құрбандық» атты тарау хан мен князьдің масқара мазағы мен қорлығына шыдамай, Еділге суға кетіп өлген жас қыздың шерлі зарына толы. «Сандал» деген тарауда отаршылар мен қазақ байлары халықты аяусыз қанағаны, қиянат-зорлық жасағаны баяндалады. Әділетті заман, тыныштық мекен ансаған халықтың қайғысы мен мұңы шертіледі:

Қалғанша деп сен жауға,
Құдықтарға ит көмілді.
От қойылды қыстауға,
Қара түтін бықсыды.
Құтсыз, құнсыз қалсын да
Асан қайғы шалған жер
Кетсек пе екен Байсынға?! –
Осы болды сыпсыны.

Ақын халық басына келген бейуақыттың шындығын осындай көріністер арқылы береді.

Қазақтың бүкіл ен даласын дүбірлеткен 1916 жыл оқиғасы «Толқын» атты тарауда, ал февраль революциясы мен Ұлы Октябрь оқиғалары «Бостандық», «Октябрь дабысы», «Октябрь» деген тарауларда жырланады. Ақын Әліби Жанкелдиннің отрядын суреттеу арқылы қазақ халқы революцияға, азамат соғысына қалай қатынасқанын бейнелі түрде танытады:

Башқұрт, қазақ солдаты,
Отряды жанында.
Ленин берген мандаты,
Қолда қызыл жалауы.
Жібек мінез, қырмызы
Октябрьдің бір ұлы,
Жаңа дүние жұлдызы
Бұл – Әліби аяулы.

Бұл тақырыпқа поэманың «Қызыл жұлдыз» деген тарауы арналған. Ақын азамат соғысының көріністерін, атамандар мен ақ әскерлерінің халыққа салған лаңын, адам айтқысыз күйзелісін, тап жауларының ұлт араздығын

қоздырған арандатушылық әрекеттерін, еңбекші жұрттың ой-санасының оянғанын шағын-шағын тараулар, реалистік штрихтар арқылы жанды түрде елестетеді.

Поэманың өткен өмірді, өгей уақытты бейнелейтін тарауларында мұңды сарын басым болса, ал советтік дәуірде жаңарған, қайта жасарған қазақ даласын ақын көмейінен көңілді күй төге, шабыттана отырып жырлайды. Ол ірі байларды конфискациялап, мал-мүлкін халық игілігіне айналдырған зор оқиғаны «Айдау» деген тарауда былай суреттейді:

Қазақ – қазақ болғалы,
Алатауға, Арқаға
Қырға, Сырға конғалы
Болып па еді мұндай іс?!
Дүние таңы аткалы
Болып па еді далада
Құл кожаға шапканы –
Бұл кайнаған күшті күш!
Қопарғандай тау-тасты,
Қотарғандай көлдерді,
Жуандарды кім басты?
Кім жылатты бай, бекті?!
Айтыңдаршы, қанеки?! –
Мұны тыныш кім тыңдар!
Бұдан шыққан күшті күй
Жармасын ба жүректі?!

Поэманың негізгі тарауларының бірі – «Баяндама». Советтік Қазақстанның он жыл ішіндегі ғажайып табыстары, өзгерген өлкенің көз баурайтын көріністері, өз тағдырына өзі ие болған, өз жерінің байлығы мен ырысын өзі көрген халықтың азат өмірі мен қуанышты сезімдері, мәңгі-баки мүлгіп келген далада жар салған өндіріс орындары, сахарадағы социалистік жаңарулар осы тарауда баяндалады. Бірақ ақын жалаң баяндауға салынып, сыдырта бермейді, оқушының көз алдына жарқын суреттерді жайып салады. Солардың бәрі ұласа, тұтаса келіп, Советтік Қазақстанның бейнесін жасайды.

«Дала» поэмасындағы ең күшті көркемдік тәсілдердің бірі – салыстыру. Бұл ретте де ақын небір тапқырлық,

шеберлік үлгілерін көрсетеді. Халықтың ғасырлар бойғы трагедиялы тағдырын, тұл өмірі мен рухани азабын көрсететін эпизодтар мен оның теңдікке колы жеткен, шын мәнісіндегі адам атына ие болған, өзін де, өлкесін де танығысыз етіп өзгерткен шағын, жаңа дүние сипатын бейнелейтін бояуы қалың, жарқын көріністердің ұласа келуі, карама-қарсы күйде алынуы оқушыға ерекше күшті әсер етеді. Соның бәрін ақын жалаң салыстыру емес, бейнелі салыстыру, жанды суреттер арқылы береді. Сондықтан да «Дала» поэмасы советтік дәуірде Коммунистік партияның дана басшылығымен Қазақстанда жүзеге асқан әлеуметтік өзгерістерге, мәдени және рухани өрлеуге, онда туған жаңа адамға арналып айтылған құдіретті гимн тәрізді естіледі.

Эпикалық кең толғам мен лирикалық саз араласып келген кең тынысты поэмада ақынның өз бейнесі де жарқын көрінеді. Поэманың «Арнауында»:

Жүрегім, жырым сенікі,
Кеңесті далам, кең далам.
Тудым, өстім, есейдім,
Ен далам – анам, мен – балаң.
Туған, өскен, есейген
Еңбек тулы ел – балаң.
Бұрынғы өткен күніңді
Берейін жырлап, елге анам.
Көргеніңді бүгінгі
Жаз, жаз, қалам, тер қалам, –

деп толғайтын ақын дастанның «Той бастау» деген тарауында өзін той бастайтын жаршы ретінде көрсетеді. Ол осы тұста өзінің халқына деген таза сүйіспеншілік сезімдерін, тасып төгілген қуанышты көңіл күйін, шадыман-шаттығын ірікпей, емірене, беріле жырлайды:

Қимылда, тіл, қимылда!
Ежелгі жау қуғында!
Қимылдайтын күн бүгін,
Қимылда, тіл, қимылда!
Есе тиген күң-құлға!

Бүгін дабыр далада!
Қимылда, тіл, қимылда!
Бүгін дүбір қыр, сырда!
Қимылдайтын күн бүгін,
Қимылда, тіл, қимылда!
Қазақстан он жылда!
Ленин берген ту колда
Бүгін көтер даусыңды,
Қимылда, тіл, қимылда!
Масайраған мың-мыңға!
Енбекшінің дұшпаны
Қимылда, тіл, қимылда!

Бұл – нағыз қуаныш жыры, жүректен жарып шыққан жыр. Өз өнерін, тағдырын халық өмірімен ажырамастай етіп туыстырған, нағыз патриот ақын ғана осылай жырлай алмақ, халық атынан сөйлеп, оның ой-сезімін білдіре алмақ. І.Жансүгіров осылай жырлауға ықтиярлы да, лайықты да еді.

«Дала» поэмасында көпті көрген кәрі шал бейнесі де бар. Ақын «Көп жасаған көне», талайдан шежіре болып келе жатқан тарихты осы шал бейнесінде алған. Шал бейнесінің енуі поэмада суреттелген оқиғаларға шыншылдық, реалистік сипат бітірген. Оның үстіне шал бейнесі поэманың бөлек-бөлек тарауларын, ондағы оқиғалар өрбуін, шығарманың сюжеттік желісін өзара байланыстырып, көркемдік тұтастыққа келтіруде де көп қызмет атқарып тұр.

Поэмадағы ең негізгі тұлға – халық. Ақын талай-талай оқиғаны бастан кешіріп, соған куә болған кең даланы күреспен, бақыт іздеумен өткен және ақыры сол бақытын тапқан, тағдыры қиян-килы халықтың образы ретінде алған. Ақынның ен даланы – ана деп еміренуі, жалынды, шыншыл жырын соған арнауы да осыдан.

Жалпы алғанда, І.Жансүгіровтің халық тағдыры, уақыт рухы жайында толғанып-тебіренуінен туған, эпикалық серпіні күшті, лирикалық сазға толы, философиялық ой-топшылаулары терең «Дала» поэмасы – қазақ совет поэзиясының айтулы шығармаларының бірі болып табылады.

«Құлагер» поэмасы

І.Жансүгіровтің ең келелі, желілі поэмасы – «Құлагер». Бұл – Ілиястың ақындық таланты әбден толысып, кемеліне келген кезде жазған шығармасы. Сондықтан да поэмадан дәуір шындығының реалистік көріністерімен бірге Ілиястың сөз өнерін құбылта, құлпырта отырып қолданған аскан шеберлігін де байқаймыз.

Жоғарыда айтылғандай, «Құлагер» поэмасында Ілияс өзі бұрыннан оралып, қайталап соғып жүрген тақырыбын қозғайды. Бұл – халықтың ән-күйі, аскан өнер иесі – ардагерлер туралы тақырып. Осы тақырыптың көркемдік шешімін Ілияс «Құлагер» поэмасында барынша мол қамтып береді. Ол тарихи тақырыпқа өзекті дастан арнауды әйтеуір ермек етпеген, алдына зор мақсат қойған. Тарих сокпағы, өткен өмір Ілиясқа ескілігімен қымбат та, қажет те емес. Ол тарихи тақырыпқа өзінің суреткерлік тенденциясымен барады. Поэманың «Толғану» атты кіріспе тарауында мынадай шумақтар бар:

Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап.
Ескі күн елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде корлық, кейде мазақ.
Соларды әдетім ед айту аздап,
Ескіге ендігі елдің кегін қозғап.
Ескі күн – елдің жылап өткен күні,
Ескі ән, күй сондықтан калған боздап...
Сапырған сырлы сөзді сар қымыздай,
Заманның отырғам жок салтын бұзбай.
Асылын арамынан аршып алдым,
Қашаннан қазынаға халкымыз бай.

Ілияс корлық боп, мазақ боп өткен сұм өмірге бүгінгі ұрпақтың кегін қозғап, елдің сол жылап өткен күніне ызалы жиреніш тудырмақ. Сол өгей өмірде өксік көре жүріп, халық зарлы да мұңды ән-күй шығарды, бай қазына жасады. Соның асылын аршып алып, бүгінгі заманның кәдесіне асырып, керегіне жарату керек. Ілиястың көркемдік мұраты, суреткерлік бағыты, нысанасы осындай.

«Құлагер» поэмасы – шын мәнісіндегі патриоттық шығарма. Бұл дастанның бүкіл идеялық тынысынан да, ақынның лирикалық шалқуларынан да анық байқалады. Ол халықты, туған жерді, советтік дәуірді шын жүрекпен емірене сүйе де және сол сезімін кіршіксіз, мөлдір жыр жолдарына құя да білген. Поэмада туған жердің құдіретті ақындық шабытқа бөленіп суреттелген таңғажайып көріністері бар. Ақын «жер шоқтығы» – Көкшетауды, оның әсем табиғатын былай суреттейді:

Көк орман, көркем тоғай маужыраған,
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.
Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас
Төгіліп көл жиекке саудыраған.
Көк кілем, балаусасы балбыраған,
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ кант аспандағы сонда жауып,
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған...
Оқжетпес оқшырайып өрлеп кеткен,
Кеудесін керіп көкке сермеп кеткен.
Қия құз, жақпар сарай, бура тастар,
Тәртіппен келді айнала сәндеп шеккен...
Көкшетау жер жаннаты жеке біткен.
Бұл – сұлу кең далада бойын күткен,
Жомарт тау дастарқанды, момақан тау,
Шипа тау тазартатын барлық дерттен.

Мұндай жолдарды жазу үшін шабыты бұркырап төгілген ақын болу аз. Сондай ақындыққа қоса туған жерді, халқын калтқысыз сүйген ардагер – азамат, үлкен жүректі адам болу қажет. Ақын бойынан осы қасиеттер табылған да. Тарихи тақырыпқа арналған бұл шығарманың бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде ерекше маңызы болуының бір сыры осында.

Поэманың негізгі кейіпкері – қазақтың өткенде өмір сүрген атақты ақыны, үздік шыққан композиторы, асқан әншісі Ақан сері. Ол жайында кейін де бірталай шығармалар жазылды. Ілияс Жансүгіров Ақан өмірінің оқиғаларын тұтас қамтымай, соның аса бір трагедиялы кезеңін алады.

Тарихта болған Ақан ақындығына, ғажайып әнші-

композиторлығына қоса, дін иелеріне, үстем тап өкілдеріне қарсы шыққан. Сол күресінде ол өзінің теңдесі жоқ өнерін қару еткен. Жеке өмірінде де трагедиялық халдерге көп душар болған, әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын да мол шеккен Ақанның жалғыздыққа ұшырап, дарашылдыққа бой ұрған кездері де болған. Сол кездегі үстем тап өкілдері, өнерді, өнер иесін түсіне де, бағалай да білмейтін тоң мойын топастар Ақан жайында небір лақаптар таратады. Тіпті Ақан перімен жақын болыпты-мыс дегенді шығарады. Совет ақыны Ақанды сол жаңсақ, жалған аңыздың буалдыр мұнарынан аршып алады. Өйткені Ақан өмірімен де, өнерімен де халыққа жақын болды. Сондықтан да Ілияс поэмасында:

Қырдағы қара сойыл бақандаған,
Қалада қара жүрек қаһарланған.
Тұсында сері болсын, пері болсын –
Ұнайды өмірімен Ақан маған, –

деп өзінің бағыты мен қатынасын айқын, анық танытады. Ақан образын жасауға, оның трагедиялы тағдырын бейнелеуге неліктен ден қойғандығын Ілияс мына бір шумақтар арқылы әсіресе қапысыз аңғартады:

Лермонтов болмағанмен, біздің Ақан
Кісі ме ед ақындықтан құралақан?
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас сері, даркан.
Еріксіз ерте туған ел еркесі,
Жетпестен қиылатын ер желкесі.
Лермонтов, Пушкин көктен атылған құс,
Түскен бе Көкшетауға көленкесі?

Ілиястың Ақан тағдырын Пушкин мен Лермонтов тағдырына ұқсатуы тегін емес. Бұл арқылы ол Ақан образы жинақты бейне екендігін танытпақ болған. Қытымыр заман халық арасынан шыққан асқан өнер иелерінің талантын тұмшалап, оларға өгейлік көрсететіндігі, әділетсіздікке негізделген қоғам шын көркемөнерге кереғар, қайшы екендігі, яғни сол кездегі өмір мен өнердің өзара сәйкес

келмейтіндігі, бұл өнер иелерін тығырыққа тірейтіндігі поэмада зор көркемдік қуатпен бейнеленген.

Поэманың композициялық құрылысы да шығармадағы негізгі оқиға желісіне, авторлық ойға орайлас қалыптанған. Шығарманың «Туған жер» деген тарауында мынадай жұмбақ бір халді суреттейді:

Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,
Дүниеден аулақтанған дабыр-дүбір.
Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп,
Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр.

Ілияс ел арасына таралған осынау аңыз суретті келтіреді де, соған жауап іздейді. Дүниеден безіп, дабыр-дүбірден бойын аулақ салып, қайыңның көлеңкесінде отырған шал кім? Ілулі тұрған қу бас не? Поэмада бұдан әрі баяндалатын оқиғалар осы тылсым сұрақтың сырын ашады.

Поэмада Ақан өмірі толық қамтылмайды. Ілияс мұны мақсат етпеген де. Сондықтан ол ақынның ел мұңын, жер қайғысын көп шерткенін, Ақмарка сиякты сүйгеніне қосыла алмай зарлағанын баяндап келеді де, шығарманың негізгі тақырыбына ауысады. Бұл – Құлагердей жүйрік аттың жайы және ең бастысы – соған байланысты туған Ақанның айықпас трагедиясы.

Жатталып Ақмарқаның аузында аты,
Телміріп таста отырып жазған хаты.
Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ,
Онысы – астындағы жалғыз аты,–

деп түйеді ақын. Ол Құлагерді ер қанаты болған ат ретінде ғана емес, соған қоса Ақанның рухани медеу тапқан серігі ретінде алып жырлайды. Кейін Құлагер мерт болғанда, Ақанның айықпас мұңға бататындығы да осыдан. Яғни Құлагердің мерт болуымен бірге Ақанның өзі де рухани қазаға ұшыраған тәрізді.

Поэманың негізгі оқиғалары ас көріністері, балуан күресі, ат жарысы, Құлагердің мерт болуы, Ақанның оны жоқтап, зарлы ән шығаруы суреттелетін тарауларда баяндалады.

Ілияс асқа жиналған көптің кейпін, халықтың әдет-

ғұрпын, салт-жоралғыларын, думан құмар сауықшылдығын, яғни оның рухани келбетін мейлінше мол әрі реалистік қалыпта суреттеген. Керей Сағынайдың асын суреттеу Ілияс үшін мұрат емес. Ол Сағынайды да, ескілікті де дәріптеуден аулақ. Сондықтан да ол өз бағытын танытып, мынадай орынды ескертпе жасайды:

Білмеймін кім екенін Сағынайдың,
Кім білсін – қай жыл өтті, елді қай күн?
Малы мол, малайы көп, қатымы көп,
Әйтеуір болуы анық бірі байдың...
Оларша – жердің белі, таудың құзы,
Ата ұлы, арыстандай кер ауызды.
Біздерше – хат білмейтін бір қатты шал,
Жуан ит сүйек бермес, жалмауызы.

Ілияс ас эпизодын негізгі оқиғалардың мекені, аясы ретінде және халықтың әдет-ғұрпын, өнерін көрсету үшін пайдаланған. Дәуір бейнесі, дәулеттілер мен жарлылардың сипаты, адамдардың ой-өрісі, мінез-құлқы да осы ас үстінде мол ашылады. Аска келгендердің ішінде атақ қуып, дақпырт іздеп жүргендері де бар:

Әр елдің бұқалары, өгіздері,
Қызыл көз, саба құрсақ – семіздері,
Жерлерден жарты ай жүріп келгендер бар,
Келіпті пәленше де дегізгелі...
Жиылған көп күшіген әрбір тұстан,
Қалмастан қарға, құзғын түгел ұшқан.
Тояттап қазы, карта, түйе кекірік,
Қып-қызыл билер жатыр қымыз құскан.

Аска жиналған жуандардың, байлар мен билердің сатиралық портреттерін Ілияс осылайша береді. Астың қызығын көріп жүргендер де – солар. Бар тауқымет кедей халықта. Ақын мұны да анғарта кетеді:

Мырзалар күміс тұрман шалқалап жүр,
Кедейлер отын шауып, арқалап жүр.

Бүкіл Арқаны дүбірлеткен астың ауыртпалығын көтеріп, оған сойылған малды беріп жатқан да – халық:

Сан сойыс Сағынайдың бұл асына
Мал қайдан жетіп жатыр расында?
Жан-жақтан топ-тобымен төгілген мал,
Көтерген малын керей үй басына.
Мал айдап жан-жақтан жұрт оннан, бестен,
Көп саба келіп жатыр елдей көшкен.
«Жоғалған тоқтым бар» деп бай жүгінсе,
Қойшыға билер отыр кесік кескен.

Сөйтіп, ақын сырттай қарағанда бүкіл елдің, дүйім жұрттың қызығы, даркан думаны тәрізді көрінетін ас суретін әлеуметтік тенсіздікті, тап қайшылықтарын ашуға да шебер пайдаланады.

Поэмадағы ат жарысы мен балуандар күресі суреттелетін эпизодтар да керемет көркемдік куатпен берілген. Бәйгеге қосылған бір мың үш жүз аттың ішінде Ақанның жел жетпес жүйрігі Құлагер де бар. Атым озып келеді деп әркім-ақ дәмелі. «Бота тірсек, қыл сағақ сандал керінің» озып келетініне Ақан да шүбәсыз. Шынында да, Құлагер басқа жүйріктерді буып тастағандай, алдына қара салмай озады. Сөйтіп, жұлдызша ағып келе жатқан жүйрікті жолда тосып тұрған бір жендет айбалтамен шауып өлтіреді. Ол – Батыраш деген байдың адамы болып шығады.

Шығарманың шиеленіскен оқиғасы осы шекке жетіп барып үзіледі. Бұдан әрі Ақанның атын жоқтап, зарлы ән шығарғаны, Құлагердің басын кесіп алып, жетім баланы атына мінгестіріп еліне қайтқаны айтылады.

Ақан образы. Бұл поэма «Құлагер» деп аталғанымен, оның негізгі кейіпкері – Ақан. Шығармада Ақан өмірінің сол Құлагер оқиғасына байланысты трагедиялы халі баяндалатын болғандықтан, Ілияс поэмасын осылай деп атаған. Ақан образы оқушы назарын поэманың бүкіл өн бойына аударып отырады. Ілиястың суреттеуінше Ақан билік айтқан, дін куған жан емес, дүние-мал да жимаған. Ол– астына жүйрік ат мініп, қолына қыран ұстап, серілік құрған, өнер куған адам. Ақан өмірінің осы кезеңі поэмада шағын көріністер аркылы жарқын суреттелген. Бірақ ол өмірде

бір қайғыдан бір қайғыға душар бола береді. Ал Құлагер оқиғасына байланысты ол тағдырдан ең ауыр соққы көреді. Бұл – серінің рухани қазасы еді. Поэмада Ақан жан-жақты көрінеді. Ілияс Ақанның ақындық өнерін де, аскан әншілігін де, адамдық қасиетін де толық суреттейді. Шығарманың бас жағында Ілияс мынадай бір сұрақ қояды:

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел, тегі, алсын қайдан кеменгерді?

Расында да, тарихта болған Ақан – өз өнерімен халыққа қызмет еткен, халықтың рухани қазынасын байытқан адам, айтулы кеменгерлердің бірі. Сондықтан да Ақанның әншілігі мен ақындығы туралы тақырып поэманың бүкіл өн бойына жүріп отырады десе де болғандай. Бұл ретте поэмаға бірнеше жерде Ақанның өз өлеңдерінің тексі енгізілуі де орынды. Ақан өлеңдері шығарманың сюжеттік желісіне сіңісіп, басты кейіпкердің образын аша түсіп тұр.

Ақанның әншілік өмірін ақын әсіресе шабыттана жырлайды:

Бақырмай домбыраны көкке бұлғап,
Аққудай әсем дауыс – үн сыңғырлап.
Қышуын жаныңыздың майда қасып,
Тербетер жан көңілін биязы ырғақ.
Көкшеден құйылғандай бір бал бұлақ,
Тәтті әнге халық қанды, ел сусындап.
Соққандай жаздың желі Арка жақта,
Елжіреп жүрек әнге, жусап құлақ.

Мұндай әсем суреттер поэмада мейлінше көп. Онда атақты «Құлагер» әнінің қалай туғанын суреттеуге ерекше орын берілген. Бұл тұста Ақан тек әнші емес, аскан композитор, үлкен жүректі адам ретінде де көрінеді. Автор Ақанның ішкі толғаныстарын, жан күйзелісін, оның аяулы тағдырын, ащы трагедиясының сырын мейлінше терең ашады. Адал жанды Ақан әрдайым адалдықты, туралықты сүйеді, әділдікті жақтайды. Ол әрдайым халқымен бірге. Бұл оған рухани

қуат береді. Ақан үстем тап өкілдерінен именбейді, олардың содырлығы мен сорлылығын бетке айтып, тіліп тастап отырады. Ақан мінезінің осы бір қырын Ілияс оның Батыраш баймен егесуін суреттеу арқылы анық танытады. Кеудесін қағып, өкіректеген, өрекпіген Батырашқа Ақан былай дейді:

Ат біткен Құлагердей Ақанына,
Ол дайын көкті жерге тақауына.
Бәйгеден басы-көзін су қып озбай,
Ат сенің қарай ма екен сақалына?!
Би болсаң би шығарсың Алтайына,
Тілімді – терезем тең тартайын ба?!
Көгіңді бөктермесем, атым сенікі,
Шапса да әкең мініп байталына!..
Жайраңдап жайсаң Ақан қаймыққан жоқ,
Жүрегін жолбарыстан айнытқан жоқ.
«Жат елде жалғыз жүрмін» деп именіп,
Болар деп түбін қалай қайғырткан жоқ.

Үстем тап өкілдеріне, өктемдік иелеріне қарсы шығып, өктем сөйлейтін Ақан қарапайым халыққа өте сүйкімді. Ол – жарлыларға, жетім-жесірлерге әсіресе мейірімді. Ақан қасына бір жетім бала ертіп жүреді. Бәйгеге қосылған Құлагердің басына мінетін – осы бала. Ақын сөзімен айтқанда:

Бұл өзі – елдегі бір жетім бала,
Ақанға бауыр басқан өкіл бала.
Көзіндей Құлагердің күтеді Ақан,
Бейбаққа Ақан сері секілді ана.
Ол кезде жетімдер көп қақтығатын,
Мынаны Ақан сүйіп жақтыратын.
Асырап аш-жалаңаш қалдырмастан,
Біреуге еліндегі бақтыратын.

Поэма Ақанның сұм өмірдің соққыларына ұшырап, жәбір көріп жалғызсыраған, аса аянышты тағдырын суреттеумен аяқталады. Бұл – Ақанды сондай халге түсірген сол бір бейуақыттың трагедиясы болатын. Поэманың ақырында Ақанның «Құлагер» әнін бүкіл дала, жалпақ жұрт шыркатып

жүргені айтылады. Осы аркылы автор Ақан өмірінің жалғасы оның сол әнінде, өлмес өнерінде деген ишара жасайды. Ілияс поэмада Құлагерді суреттеуге де көп орын берген. Ақандай жігіт ағасы серіге қанат болған жүйрік аттың сипаты поэманың әр тұсында беріліп отырады. Солардың бірі атқа Күренбай сыншының берген бағасы. Сол сипаттың кейбір суреттері мынадай:

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұткыншақ.
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, кос шынтағы қалқыңқырақ.

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік,
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?!.

Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса – жел, мінсе – жайсаң, тұрса – селсоқ.

Бұл тамаша шумақтарды тек Абайдың атақты «Аттың сынындағы» ат суретімен ғана салыстыруға, қатар қоюға болардықтай. Ер қанаты, батырдың серігі – тұлпар ат көп бейнеленетін эпостық жырлардан да бұған пара-пар келетін сурет табу қиын. Поэманың соңғы тарауларында Ақанның зарлы әні мен жоқтауында Құлагердің сипаты жанданып, толыға түседі. Ілияс Құлагердің бәйгіге қосылғандағы шабысын әсіресе құлпыртып, мейлінше ойнақы түрде суреттейді. «Құлагер» поэмасы Ақан өмірінің бір ғана кезеңін көрсеткенімен, онда тамаша өнер иесінің трагедиялық образы жасалған, дәуір шындығы, халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпы кең қамтылып, айқын бейнеленген. Поэма Ақан сияқты аскан талант иесін мадақтайды, оның өнерін тұмшалап, өзін қуғынға ұшыраткан бейуақытқа, қаралы заманға қарғыс айтып, аяусыз әшкерелейді.

Осындай терең мазмұндылығына, шыншылдығына қоса, «Құлагер» поэмасы мейлінше көркем шығарма. Ондағы ақынның лирикалық толғаныстарынан, туған жер

суреттерінен, кейіпкерлердің портреттік, психологиялық сипаттары мен авторлық баяндаудан көркемдіктің, шеберліктің үздік үлгілерін көруге болады.

Халықтың тіл байлығын қапысыз игергенін, өзінің де шеберлігін әбден кемеліне келтіріп шыңдағанын ақын әннің жайы, ат жарысы, әсіресе балуандар күресі суреттелетін эпизодтарда өте-мөте жарқын, мейлінше мол танытады. Поэма негізінен он бір буынды қара өлең үлгісімен жазылса да, ақын суреттелетін оқиғаның сипатына қарай өлеңнің үлгісін де, ырғағын да, ұйқасын да құбылтып, құлпыртып отырады. Мысалы, жаршының жыры мен балуандар сипаты солай болып келеді. Бұл да поэманың көркемдік қырларын молайта түсіп тұр. Бәйгеге қосылатын санлақтарды жыршы былай таныстырады:

...Жиылды осы көмбеге,
Шапқалы тұр бәйгеге
Бөкен санды бурылдар,
Шапса мыңнан суырылар.
Жылқы малдың жүйрігі,
Серке санды Құла бар,
Қозыбайдың дүлділі
Келген атты біліңдер
Серпінді Көк бұ да бар,
Қайсыбірін айтайын,
Шапса желдей зулатқан,
Шудың бойын шулатқан
Меруерт жалды Ақ сұр бар...

Осындай суреттеу тәсілін ақын балуандарды сипаттағанда да қолданған. Ол да жыр үлгісінде берілген, оқыс теңеулерге, бояуы айқын көріністерге толы. Ауыз әдебиетіндегідей асырып айту, өсіре суреттеу күшті. Одан гиперболаның небір тамаша түрлерін табуға болады. Бірақ бұл поэманың реалистік қасиетін әлсіретіп тұрған жоқ. Өйткені бұл Ілиястың авторлық баяндауы арқылы емес, жыршының аска жиналған жарандарға арнап айтқан жыры ретінде берілген. Сонымен бірге ақынның ауыз әдебиетінің суреттеу тәсілдері мен көркемдік кестесінің аукымында қалып қоймай, шынайы көріністер жасай алғанын атап айтуға болады.

«Құлагер» поэмасында реалистік, халықтық сипат күшті, көркемдік келісім мол. Үлкен өнер иесін, оның аянышты тағдырын суреттейтін шығармада адам жанын баурап алатын шыншылдық, саф таза мөлдірлік бар. Ақандай ардагер ақынның әр кезеңдегі жан толқындары, нәзік сыршылдығы мен терең тебіреністері психологиялық жағынан аса нанымды әрі әсерлі бейнеленген. Ілияс бас кейіпкерінің жеке өмірін, дара тіршілігін суреттеуден аулақ. Өз поэмасында ол сол кездегі дәуір шындығын аңғаруға да, әлеуметтік құбылыстарды қоса жырлауға да көп ден қойған.

Поэмадағы ең терең, күшті тақырыптардың бірі – ән туралы, үздік өнер туралы тақырып. Осы орайда Ілияс өзінің тамаша шеберлігін көрсетеді.

Әнімен шығаруға ішкі дертті,
Шыркатып ашы үнімен шерін шертті.
Болады салған әні су сепкендей
Сөндіре алмаса да жанған өртті.
Ашы зар, ауыр шері айғайлатты,
«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты.
Үйкышыл, керең қырға маза бермей
Күрсінтіп соқыр түнді бай-байлатты.

Ілиястың жырлауында Ақан әні – душар болған ашы қайғының, айықпас мұңның жүрек тербетер жыры ғана емес, адамның сана-сезімін оятушы да. Ақан әні, Ақан өнері халықты серпілуге үндейді, өзінің адамдық қасиетін ұғынуға, сол жолда күресе білуге шақырады. Трагедиялы жайды баяндаған шығармаға оптимистік, өршілдік қасиет бітіретін де – осы. Ілиястың тамаша таланты мен шеберлігін танытатын шумақтарды поэманың кез-келген тарауынан, әр тұсынан да табуға болады. Тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелілігі жағынан «Құлагер» – қазақ совет поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі. Ақынның өз творчествосының асқар шыңы, кемеліне келген туындысы болған бұл шыншыл да көркем поэма басқа көптеген ақындарымыздың шығармаларына зор әсер етті. Мысалы, Ә.Тәжібаевтың «Абыл», «Оркестр», Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы», М.Әлімбаевтың «Менің Қазақстаным» атты

поэмаларына Ілиястың «Құлагер», «Күйші», «Дала» дастандарының әсері тигені даусыз. Халқымыздың тарихи тағдырын, оның кеменгер өнерпазын, дәуір шындығын эпикалық кең серпінмен, лирикалық терең тебіреніспен реалистік қалыпта бейнелеген «Құлагер» поэмасы тек І.Жансүгіров творчествосы емес, бүкіл қазақ совет поэзиясында ерекше орын алады.

І.Жансүгіров поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. Ілияс Жансүгіров – тілге өте бай, көркемдік бояуларға мейлінше жомарт, шебер ақындардың бірі. Бірақ ол сондай кемел көркемдік дәрежесіне бірден көтеріліп, оп-оңай қалыптаса салған жоқ. Ілияс Жансүгіров әрдайым ізденумен, шеберлігін ұштаумен өткен ақын. Оның сол ізденістері босқа кетпеген. Тұтастай алғанда ақынның жыл санап, бір шығармадан екінші шығармаға ауысқанда өсе түсіп отырғанын байқау қиын емес.

І.Жансүгіровтің ақындық өнерін нәрлендірген творчестволық қайнарлардың ең бір тереңі – халықтың ауыз әдебиеті, өткенде өмір сүрген ақындардың шығармалары. Ақынның өзінен бұрынғы сол әдеби мұраға қатынасы да уақыт озған сайын тереңдеп, толысып отырған. Алғашқы кездегі бірсыпыра шығармаларынан Ілиястың ауыз әдебиеті үлгілеріне, фольклорлық өрнек-накыштарға жалаң да жадағай еліктегені анғарылып қалып отырады. Әдеби білімі молайып, дүние жүзінің, әсіресе орыстың классикалық поэзиясымен тереңдеп танысқан сайын, Ілиястың қуатты ақындық таланты өз арнасын айқынырақ табады. Бұл кезде ол фольклорға да, басқа әдеби үлгілерге де жалаң еліктеуші емес, солардың ең жақсы дәстүрлерін өз бойына табиғи түрде дарытқан, өзінің анық творчестволық келбеті бар ақын ретінде көрінеді. Қазақ ақындарының ішінде Ілияс Жансүгіровке ең мол әсер еткені – Абай. Ілияс ұлы классигіміз Абайдан өленнің өлшемі, түрі, ұйқас түрлері жағынан көп үйренді. Оның поэзиясында Абайдың «Сегіз аяқ», «Алты аяқ» сиякты өлең үлгілері жиі ұшырасады. Сондай-ақ, Абай поэзиясының рухы Ілиястың ең алғашқы өленderінен де анық анғарылады. Ақынның «Арман» атты өленінің соңы мынадай:

Желк-желк еткен жас шалғын
Суық желмен майысып,
Селк-селк еткен болды күн
Көтермей белді қайысып.
Ажарлы, нұрлы ақ балғын.
Заманмен тозды сайысып,
Көңіл құрғыр соп-солғын,
Жылдам суып, жай ысып.

Мұндағы саф мөлдірлік, айқындық, сезім шыншылдығы, айшықты ақындық орамдар, сөз образдылығы Абай әсерін анық байқатады. Немесе «Бұлт» деген өленді алып қаралық:

Түнгі жаймен жуынып,
Көк мұнарлы белбеуін
Көгілдір көк күлімдер.
Алып тау бел буына,
Шөгіп шоқ-шоқ тұман, бұлт,
Сәлем беріп бұлт-керуен
Шоқы сүйіп, дірілдер,
Таңда тауға жығыла.

Бұл шумақтардан, ондағы ашық бояулы суреттерден Абайдың «Адамның кейбір кездері» деген атақты өленінің рухын, тынысын сезбей қалмаймыз. Жалпы алғанда, Ілияс өзінен бұрынғы классиктің поэзиясындағы халықтық, реалистік сарындарды мол баураумен бірге, оның жаңашылдығынан, ақындық шеберлігінен де көп үйренген. Бұл Ілияс поэзиясының көркемдік жағынан тез толысып кетуіне ерекше ықпал жасады. Ілияс қазақ поэзиясында бар өлең үлгілерін құлпырта жаңғырықтыра отырып мол қолданды. Оның поэзиясында төрт буынды, алты буынды, жеті буынды, сегіз буынды өлең үлгілері, кейде солардың аралас келген түрлері де ұшырасады. Мысал келтіріп қаралық. Төрт буынды өлең:

Орақ – балға,
Жұлдыз таңба
Мықты күзет,
Қос босаға.

(«Мавзолей»)

Алты буынды өлең:

Біз – жастар, заманның
Иесі, қожасы.
Жаралған адамның
Жалынды, жаңасы.

(«Жастар ұраны»)

Жеті буынды өлең:

Қалың колхоз – еңбекші!
Жоспарыңды тез аткар,
Сонда колхоз жеңбекші.

(«Көтерме»)

Сегіз буынды өлең:

Ойлану кейде наркескен,
Жүректі сара тіледі.
Ойланбасаң, жаның жай,
Қысыла қында жүреді.

(«Ойлану»)

Бұдан басқа Ілияс үш буын мен бес буын, жеті буын мен сегіз буын араласып келетін өлшемдермен де көп жазған. Ақын өзінің поэмаларының бірталайын («Күй», «Күйші», «Құлагер») қазақтың байырғы он бір буынды өлең өлшемімен жазды. Бұл ретте де ол осы өлшемнің мүмкіндігін жеріне жеткізе, мейлінше мол пайдаланды. Бұған дәлел ретінде ақынның аталған поэмаларының, сол өлшеммен жазылған өлеңдерінің қай-қайсысынан да мысалды көптеп табуға болады. Ілияс Жансүгіров – өлеңнің ұйқасы жөнінде де көп ізденген ақын. Ол қазақ поэзиясында бұрыннан бар және Абай ашқан кезекті ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқасты және он бір буынды қара өлең ұйқасын жиі қолданумен бірге өз тарапынан да ізденумен болды. Ілиястың ұйқасты жаңғыртып, жаңаша құруға ұмтылған талабын танытатын шығармалары аз емес. Мысалы, «Не күйде?» атты алғашқы өлеңдерінің бірін ақын мынадай өлшем, мынадай ұйқаспен жазған:

Ылғал тұман шағында
Құздардан жауын сырылдап,
Қиядан сорғалауында...
Самалшыл, саукым, сауықшыл,

Саятшы Сартай не күйде?
Теңіз кешкен дауылда,
Асты терең, үсті жел,
Толқын соқты бауырында...
Балтыры ақ жем балықшы
Қайықшы Қалтай не күйде?

Мұнда бірінші, үшінші, алтыншы, сегізінші жолдар бірыңғай, бесінші жол мен оныншы жол бірыңғай ұйқасады, ал екінші және жетінші жолдар ұйқаспай бос қалады.

«Гималай» атты белгілі өлеңінде де ақын өлең шумағына кіретін тармақтардың сайын (тоғыз, он немесе он бір жол), өленнің ұйқасын өзгеше құрады, жаңа түр таппақ болады.

Ілияс «Дала» поэмасын негізінен сегіз жолдан тұратын шумақпен жазған. Бірақ мұның ұйқасы Абайдың «Сегіз аяғының» ұйқасынан басқарақ. Мысалы:

Елеңдей ел құлағы,
Құлағына тиген-ді
Сол дабыстың ұраны,
Біздің құрыш алмастар.
Сол ұранға аттана,
Жау-жарақты асына
Шықты жауға баптана
Біздің ерлер – жолдастар.

Мұнда бірінші жол мен үшінші жол бірыңғай, бесінші жол мен жетінші жол бірыңғай, төртінші жол мен сегізінші жол бірыңғай ұйқасады, ал екінші және алтыншы жолдар ұйқаспай, бос қалып отырады. Ақынның үлкен поэманы тұтас дерлік осындай қиын өлшеммен жазып шығуы оның тіл байлығын, шеберлігін көрсетеді.

Тілге өте бай, сөз образын түйдектетіп, төгіп-төгіп, еміне-еркін пайдаланатын ақын аз сөзге көп мағына сыйғызуға, шағын көріністер арқылы көп жайды елестетуге де шебер. Ол «Бүгінгі дала» деген өлеңінде өткен өмір суретін былай береді:

Хан қаһарлы еді,
Төре сұлтан еді,

Қара матаулы еді...
Төленгіт ұлтан еді...
Батыр балпаң еді,
Күн күңгірт еді,
Байғұс жалтаң еді,
Дала жым-жырт еді.

Осы бір шағын өлеңде бүкіл дәуір сипаты бар. Ақын аз сөзбен алуан түрлі шындықтың бетін ашып тастайды, көз алдына адам бейнелерін, небір суреттерді елестетеді.

І.Жансүгіров өленнің дыбыс жағынан үндес, үйлес болуына, оның күйлі, әуезділігіне де көп көңіл бөлген. Оның өлеңдерінен ассонанс пен аллитерацияның тамаша үлгілерін табуға болады. Мысалы:

Ауылдың алды – айдын көл,
Ауылдың алдын абайла,
Айдын көлде шағала.
Ауылдың алды – ұлы көш.
Айдын көлді жағала,
Алдында өткел – оны кеш,
Айнала қонған қалың ел.
Аяңда, ауыл, аяңда!

Немесе:

Талайғы тарих тұркында
Тапты тап жеп қанаумен,
Тапты тап жеп талаумен
Тапталған тап тарыққан.
Табына талай құрбан боп,
Талай қызыл қырман боп,
Талайдың орны зындан боп,
Талайлар қажып қамыққан.

(«Ұлы Октябрь»)

Мұнда ұйқас пен дыбыстардың сырттай үндестігін былай қойғанда ішкі ұйқас, ішкі үйлесімдердің өзі соншалықты табиғи түрде құйылып отырады. Ақын небір ірі-ірі, кесек ойларды жарқын суреттер аркылы оқуға оңай, жеңіл әрі ойнакы етіп жеткізе алады. Яғни оның өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», айналасы жұп-жұмыр болып келеді.

І.Жансүгіров творчествосының дені – терең идеялы, кең тынысты, шын мәнісіндегі көркем шығармалар. Ол мұндай шығармаларды әдебиеттің барлық негізгі жанрларында жазып қалдырды.

Ілияс Жансүгіровтің философиялық топшылауларға, терең ой мен сырлы сезімге, тамаша көркемдік қуатқа толы, кең тынысты, сан-салалы поэзиясы – бүкіл қазақ совет әдебиетін ілгері дамытып, байыта түскен асыл қазына, мол мұра болып табылады.

1965 жыл

Сәбит Дөнентаев

(1894-1933)

Өмірі мен жазушылық қызметі

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – белгілі ақын Сәбит Дөнентаев. Ұлы Абай творчествосының реалистік дәстүрлерін, халықтық сипатын бекем ұстаған Сәбит Дөнентаев өз дәуірінің талабына жауап беруге тырысқан, сол кездегі әдеби дамуға елеулі үлес қосқан ақын болып табылады. Творчестволық жолын сыншыл реализм бағытында бастаған ақын кейін совет дәуірінде социалистік реализм әдісі негізінде өсіп дамыған қазақ совет әдебиетін өркендетуге де атсалысты. Оның творчествосының ең бір бағалы қасиеті де осында.

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы, қазіргі Тың өлкесі, Павлодар облысы, Ермак ауданында (бұрынғы Семей губерниясы, Ақсу болысы) туған. Болашақ ақынның әкесі – Дөнентай кедей шаруа болған. Ол баласының сауатын ашып, қара тануына қолынан келгенше тырысады. Кейін Сәбит Павлодар қаласындағы Қасым қажының медресесінде татарша оқиды. Ол медреседе 49 діни сабақтармен бірге тарих, география, есеп пәндерінен де бірталай мағлұмат алады, әртүрлі газет, журналдар оқиды, орыстың классик жазушыларының шығармаларымен танысады. Оның татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқай мен кемеңгер Абайдың творчествосына ден қойғаны да – осы кезең. Сол ақындардың әсерімен жас Сәбиттің өзі де алғашқы өлеңдерін шығара бастайды.

Медресені бітіргеннен кейін Сәбит ауылдық мектепте мұғалім болып бала оқытады, Семей мен Омбы қалаларына барып қайтады, ел жайымен, халық өмірімен танысып, өзінің ой өрісін едәуір кеңейтеді.

Сәбит Дөнентаевтың тұңғыш қалам алдыларының

бірі–«Қиялым». Ақынның бұл өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналында басылады. Өмірге деген көзқарасы әлі де болса тұрақтап бекімеген жас автор бұл өлеңде аласұрған көңіл күйлерін шертеді.

Осы уақыттан бастап оның әр алуан тақырыпқа арнаған өлеңдері мен публицистикалық мақалалары «Айқап» журналында үздіксіз жарияланып тұрады. Сәбит Дөнентаев өлеңдерінің тұңғыш жинағы 1915 жылы Уфа қаласында «Уақ-түйек» деген атпен басылып шығады.

1916 жылы июньде майданның қара жұмысына қазақтан жігіт алу туралы патша жарлығы болған кезде, Сәбит Екібастұз кен өндірісіне барып, теміржолда қара жұмыс істейді. 1917 жылғы февраль революциясына дейін ол сонда болады. Сол кездегі уақыт шындығын ақын «Екібаста» деген өлеңінде жырлайды.

Сөйтіп, Сәбит қара жұмыс істеп жүрген кезде де творчестводан қол үзбейді, өлең жазуын қоймайды. Февраль революциясының шын сырын ұқпай, құр дақпыртқа еліккен ақын нағыз азаттық таңы атты деп біледі және осы тақырыпқа арнап өзінің «Бостандық» деген өлеңін жазады. Бұл өлеңнің негізгі сарыны былайша болып келеді:

Тілекті бүгін хақтың берген күні,
Көл-дария көздің жасын көрген күні.
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні.
Жаз шығып, бір сағатта күркіреп күн,
Тырбандап тайша-торпақ өрген күні.
Күл болған екі аяқты айуандардың
Қатарға адам болып енген күні...
Бостандық өмір сүріп, өшсін құлдық, –
Деп жұрттың мойын созып, төнген күні.

Бұл өлеңнен ақынның бұқарашыл бағыт ұстанып, халық мүддесін жоқтағанымен, оның тарихи дамудың барысын терең байыптап ұқпағандығы, февраль революциясының негізгі сипаты мен мақсатын жаңсақ түсінгендігі де байқалады. Осындай жаңсақ қадамнан кейін алашордашыл-ұлтшылдардың теріс ықпалына түсіп, жат сарынды өлеңдер шығарады, өз творчествосының

демократтық, халықтық сипатынан аз уақытқа болса да қол үзеді. Бұл Сәбит Дөнентаев творчествосының құлдыраған кезеңі болып табылады. Бірақ ақынның бақытына қарай Ұлы Октябрь социалистік революциясы, оның жеңісі мен жемісі дер кезінде Сәбитті адасушылықтан алып шығады, кәлеңіктерден арылтып, айықтырады. Өзімен тұстас шыққан әрі демократтық бағыт ұстаған қалам қайраткерлерінің ішінде жаңа өмірдің ілгерішіл сипатын, тамаша болашағын танып, совет тақырыбына ден қойып, оған өзінің өлең-жырларын арнағандардың бірі де – Сәбит Дөнентаев.

1920 жылдан бастап Сәбит Дөнентаев ауылдағы совет жұмысына араласады. Кейін Павлодар қаласына барып 1922 жылға дейін аудандық сот болып істейді, етектен тарткан ескілікке, жас Совет өкіметінің жауларына қарсы күреске араласады.

С.Дөнентаев 1924 жылы Семейге келіп, «Қазақ тілі» газетінің редакциясына қызметке тұрады. Ақынның сол тұста жазған өлеңдері мен мақалалары, фельетондары сол газетте үзбей жарияланады. 1929 жылы ол Қазақстан пролетариат жазушылары ұйымына мүше болып кіреді.

Денсаулығы көтермегендіктен С.Дөнентаев газет жұмысын қояды да, 1930 жылы Павлодарға келіп мұғалім болады, ал 1931 жылы Бескарағайда оқу-ағарту жұмысын басқарады.

Баспа орындары Сәбитті қызметке қайтадан шақыртады. Ол 1932 жылы Семей қаласына келіп, «Социалистік Шығыс» газетінің редакциясында әдебиет бөлімін басқарады.

Қайтыс боларының алдында Сәбит Алматыға келеді. Астананың әдеби өмірімен жақын танысқан ақын бойына тың шабыт қосылып, ол алдына творчестволық жаңа мақсаттар қояды: «Енді ширайтын кез келді. Денсаулықты біраз түзеп алып, өндіріске жуық, сонымен қатысы бар жерде тұрып, белсене жұмыс істесем деген ойым бар. Жазушылар съезіне қатынасып, баяғы қатемді түзеп, жаңа, күрделі шығармалар берсек дейім».

Бұл арманын жүзеге асыруға ақынның таланты, қабілет күші жететін де еді. Бірақ творчестволық дер шағына жеткен ақын меңдеген аурудың салдарынан 1933 жылы 23 майда Семей қаласында қайтыс болады.

Ақын совет дәуірінде онша көп өмір сүрмегенімен,

әр алуан тақырыпқа көптеген лирикалық шағын өлеңдер жазды. Өз қаламының күшін әдебиеттің басқа жанрларында да байқап көрді. Оның кеменгер көсеміміз Ленинді, Совет өкіметінің жеңісін, Ұлы Октябрьдің жемістерін жырлауы, сол уақыттың талабына сергек түрде, белсене үн қатуы – айрықша бағалы үлес.

Сәбит Дөнентаевтың шығармалары 1935 және 1957 жылдары жеке жинақ түрінде басылып шықты. Ақынның таңдамалы өлеңдері орыс тіліне де аударылды.

Сәбит Дөнентаевтың революциядан бұрынғы творчествосы

Сәбит Дөнентаевтың революцияға дейінгі творчествосы негізінен халықтық, демократтық бағытта өрістеп өрбіді. Оның шығармалары идеялық мазмұны жағынан да, қозғайтын тақырыптары жағынан да сол кездегі басқа да демократ ақын-жазушылардың творчествосымен сабақтас, солармен тікелей байланысты. Ақынның көптеген өлеңдері сол кездегі қазақ халқы өмірінің әр алуан күйлерін, заман шындығын, әлеуметтік теңсіздікті, революция алдындағы оянып серпілуді реалистік қалыпта елестетеді. Оның 1915 жылы Уфада басылып шыққан «Уақ-түйек» атты тұңғыш жинағына кірген өлеңдерден және басқа да тәуір шығармаларынан мұны анық байқаймыз.

Ақынның революцияға дейінгі өлеңдерін тақырыптық қамтуы жағынан саралап жіктеп, бірнеше топқа бөлуге болады. Солардың басты-бастылары мынадай.

Оқуға, өнер-білімге үндеу.

Қазақтың революцияға дейінгі бұқарашыл, прогрессіл әдебиетінде қараңғылық торына шырмалған халықты білім алуға, өнер үйренуге үндеу тақырыбы ерекше орын алды. Осы тақырыпқа Сәбит Дөнентаев та өзінің көптеген өлеңдерін арнады. Ақын «Балалық» атты өлеңінде балалық шақтың таза көңіл адалдығын, аққөңіл аңғырттығын әсерлі суреттей келіп, ақыр аяғында сол баладай еш нәрсенің паркын сезбеген, қоғамдық даму барысында кенжелеп қалған халқының жайына ауысады:

Заман өтіп бара жатыр желдетіп,
Өзге халық өсіп жатыр ержетіп,
Текке отырған көздің жасын көлдетіп,
Қашан кетер біздің елден балалық.

Мұнда ақын өз халқының ілгері басқан, «желдетіп өтіп бара жатқан» заман талабына ілесуін, өзге халықтар тәрізді өркендеп өсуін арман етеді. Еліміз кенжеліктен, тоқыраудан кашан шығар екен деп сұрақ қояды. Бұл сұрағына ақын «Талап» деген өлеңінде өзінше жауап та береді:

Әр дәулет саған даяр, етсең талап,
Бақ келмес іздеп сені жатсаң қарап,
«Нұр жауар талаптыға» деген карттар,
«Жүргенге жөргем...» бар ғой бұрыннан-ақ!
«Жалғызбын, жарлымын» деп қорғаламай,
Сал құлаш, бір өзіңді жүзге балап...
Бұлайша кетіп кейін тұрғанына
Дос күліп, дұшпандарың жүр табалап.
Көз салып осыларға, ойланатын
Біздерде жігер, намыс бар ма, казак?

С.Дөнентаевтың осы тақырыпқа арналған шығармаларының ішінде оның «Замандастар» атты өлеңі ерекше орын алады. Бұл өлеңінде ақын сол кездегі талапты жастарды, өзімен тұрғылас замандастарды өнер үйренуге, білім іздеуге шақырады:

Жабысайық өнерге
Келешек мырза келер де.
Ынтықпай карап өлерге,
Жұмулы болып көзіміз,
Өзіміз керек демесек,
Ізденбесек өзіміз,
Керек қып бізді келер ме?!
Білімінен білгендер
Сақтанбасақ, бір қақтар
Бөліп бізге берер ме?

Замандастарына осылайша жар салып, ой тастаған, әр нәрсеге терең барлап қарауға үндеген ақын өзі ұсынатын жолды да ашықтан-ашық айтады:

Қызмет көрсет халқына,
Ұлт керегі дегеннен –
Игі ат қалсын артыңа!..
Жан қиналып, жолында
Пайдалы басқа өнерден,
Бас кетсе де, тартынба!

Бұдан Сәбит өлеңдерінің халықтық сипаты да жақсы аңғарылады. Өйткені ол жастарды білім алуға, өнер үйренуге үндеу тақырыбын халықтық сарындармен тығыз байланыстырып, терең ұластырып отырды.

Әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікке қарсылық. Бұл тақырып С.Дөненгаевтың революцияға дейінгі шығармаларының ең бір өзекті желісін құрайды. Заман сырына, сол кездегі өмір шындығына жете үңілген ақын көп нәрселерді жете байқай алды. Ол қалың бұқара қанауда екенін, зорлық-зомбылық көріп, зар илейтіндігін дұрыс түсінді, қарапайым халықты үстем тап иелеріне, жырткыштар дүниесіне қарама-қарсы қоя отырып суреттеді. Мұны ақынның «Заман кімдікі?» деген өлеңінен өте-мөте анық көреміз. Ақын өлеңнің атын «Заман кімдікі?» деген тура да өткір сұрақ түрінде қояды да, кейін оған өзі ашық жауап қайтарады:

Бұл заман байқағанға күштінікі,
Азулы, тырнақты мен тістінікі.
Дүниенің патшалығы, батырлығы –
Тыпырлап тыныш жатпаған істінікі.
Жуас қой ен жайлаған қасқырдікі,
Құл еркі қожайыны – тақсырдікі...
Даулы мал ебін тапқан шешендікі,
Пыш-пышқа бағы ашылған «көсемдікі»,
Еті мол, қымызы мол, қалтасы тоқ,
«Мінеки мен-ақ кісі» десеңдікі...

Ақын әлеуметтік теңсіздікке, біреуді біреу езіп қанауға, өктемдікке негізделген қоғамды бейне бір жырткыш аңдардың дүниесі ретінде көрсетеді. Ол қарапайым халықты қан қақсатқан үстем тап өкілдерін күштілер мен азулылар, тырнақтылар мен тістілер бейнесінде ашықтан-ашық суреттейді. Ақын атқамінер пысықтар мен дәулеттілер

жарлы-жақыбайларға зорлық-зомбылық етумен бірге көлгірсіп, аярлық мінез жасайтындығын, олардың қоркау құлқының, мал құмарлығын да қоса анғарткан.

С.Дөнентаевтың «У жеген қасқырға» деген өлеңі де осы сарындас. Бұл өлең паракорлығымен халықты жегідей жеп, кейін қылмысы ашылып, сазайын тартқан Құсайын деген болыска арналған. Ақын оның озбырлығын, қоркаулығын тура бетіне басып, тіліп айтады:

Түстің бе мұндай күйге, көкжал арлан?
Жолдаска қалай екен мынау жалған?
Кешегі дер күніңде бүйтемін деп
Жоқ едің түсте көріп, ойға да алған.

Жерің кем шарламаған, бармай қалған,
Ісің кем ойға алмаған, болмай қалған.
Жалғызды, жарлыны да, қимасты да
«Ер» едің көмекейге бүктеп салған...

Әлсіреп, аяғыңды санап басып,
Иеңді кезің осы шын ойға алған.
Жүз күрсін, мың тәубе қыл, жұмыс өтті,
Ку құлқын мұндай халге сені салған.

Ақынның бұл өлеңі шыншылдығына қоса сатиралық өткірлігімен, әшкерелеушілік қасиетімен құнды. Мұнда қоркау құлқыны түбіне жетіп, сазайын тартқан жемқорды аяусыз түйреу, табалау ғана емес, сонымен бірге сес айту сарыны да бар.

С.Дөнентаевтың әлеуметтік теңсіздікті жеріне жеткізіп әшкерелеген, оның түп-тамырын терең ашып көрсеткен өлеңдерінің бірі – «Боз торғай». Егер жоғарыда айтылған «У жеген қасқырға» атты өлең ешқандай бүкпесіз, реалистік қалыпта шығарылса, ал «Боз торғай» мысал түрінде, аллегориялық тәсілмен жазылған. Өлең белгілі сюжетке құрылған. Ол былайша басталады:

Боз торғай зорлық көріп тұрымтайдан,
Таяныш таба алмапты қырдан-ойдан.
Болыпты мұңын шақпақ, зарын айтпақ –
Қырғиды жолықтырып көрсін қайдан...

Томарда келсе, қырғи бұғып отыр,
Жемсауы ыңқ-ыңқ етіп шығып отыр.
Түрі бар бір нәрсені аңдығандай,
Орнында қозғалмастан неғып отыр.

Боз торғай қырғиға зарын айтып, мұңын шаға алмайды. Бөденені жеп қойған қырғидан үмітін үзген боз торғай бұдан әрі қаршығаға, лашынға барып шағынбақ болады. Бірақ олардан да түңіліп шығады. Ақыры ол «құс патшасы – бүркітке» жолықпақ болып, жер-жиһанды кезіп кетеді. Өлең көп жайды аңғартатын мынадай тұспалмен аяқталады:

Тапқанын бүркітті іздеп, таппағанын,
Шаққанын ішкі мұңын, шақпағанын –
Білмеймін, әлі күнге естігем жоқ,
Жатқанын, жаны тыныш жатпағанын.

Бұл мысалда ақын қарапайым еңбек адамын жазықсыз жапа шегіп, зәбір көрген боз торғай бейнесінде алған да, ал үстем тап өкілдерін тұрымтай, қырғи, қаршыға, лашын, бүркіт сияқты жыртқыш құстар ретінде суреттеген. Мұнда сол кездегі патшалық тәртіпке, бүкіл ел билеу жүйесіне тура қадап айтылған өткір сын, ащы ажуа бар. Бұл мысал өленнен С.Дөнентаевтың қоғамдық өмірді жайлаған әділетсіздіктің түп төркіні бүкіл әлеуметтік құрылыста, патшалық тәртіпте жатқандығын бұлтартпай дұрыс түсінгенін көреміз. Ақын сол ойын, негізгі нысанасын мысал түрінде халық ұғымына соншалықты жақын, өтімді етіп бейнелей алған. Шап-шағын өлеңде бүкіл дәуір шындығы, соған айтылған сын, өзара қарама-қарсы таптар өкілдерінің бейнелері бар. Ақынның «Көк төбетке», «Ескі болыстың тәубесі» тәрізді шығармалары да осындай әшкерелеушілік уытқа, сатиралық өткірлікке толы.

Сөйтіп, С.Дөнентаев көптеген өлеңдерінде қазақ еңбекшілерінің екіжақты қанауға түсіп езілгенін аяушылық сезімімен жаны ашып, іш тарта отырып суреттеді, қиянат пен өктемдік иелерін атап әшкереледі, әлеуметтік теңсіздіктің небір кеселді көріністерін ақтарып ашып, соған қарсы ызалы, кекті дауыс көтерді.

Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің демократтық, прогрессшіл бағыттағы өкілдерінің қай-қайсысы да әйел

теңсіздігі тақырыбына арнап қалам тартпай қалған жоқ. С.Торайғыров, С.Көбеев, М.Сералин сияқты ақын-жазушылар бұл тақырыпқа оқиғалы, көлемді шығармалар арнады. Бұл тақырыпқа С.Дөнентаев та бірталай өлең жазды. Солардың ішіндегі ең әсерлісі әрі көркемі – «Жәмила қыз».

Ақын қырық шамалы жолдан ғана тұратын осы шағын ғана өленге өмірдің шынайы көріністерін, тіпті тұтас бір поэманың мазмұнын құрарлық оқиға жайын сыйғызып бере алған. Өленде жас Жәмиланың аянышты тағдыры да, оның катыгез әкесі Төкіштің мал құмар, дүниекоңыздығы да, алпыстан асса да, ар-ұят дегенді білмейтін Берден байдың пасықтығы да мейлінше шебер ашылған.

Өленде анық белгі берген адам характерлері, тайталас-тартыс бар. Төкіш қызы Жәмиланы Бекіш деген жігітке бермейді. Өйткені оны кедей деп місе тұтпайды. Ол отыз жастан ғана аскан Бекішті кемсітіп, маңына жолатпайды.

«Қыз бермеймін кәрі» деп,
«Қатыны өлген әрі» деп,
Беттетпеді Төкіш бай.

Бұл тұста Төкіштің мінез-құлкы әлі де ашылған жоқ. Өйткені мына қылығына карап, оны баласының көз жасына калмауды көздеген жанашыр әке екен деп қаласың. Бірақ ақын оның бұл сырын оп-оңай ашып береді:

Жүзге малы толмаған,
Жексұрын ғой оңбаған.

Төкіштің Бекіш туралы түйген ойы осы ғана. Ол адамның жасын, қасиетін оның малымен ғана өлшейді. Мұны өленгегі оқиға желісінің бұдан әрі өрбуінен анық көреміз. Ақын оны былайша баяндайды:

Сақалының ағы бар,
Маңдайының бағы бар,
Берден дейтін шал келді.
Оның аты Берден ғой,
Құдай оған берген ғой,
Жәмилаға дәл келді.

Осы Берденнің «алпыстағы жасына, боз қыраулы басына» қарамастан, Төкіш оған:

Болса алыңыз қыз керек,
Маған жалғыз сіз керек, –

деп жалпылдап аяғына жығылып, қошемет көрсетеді, уағда беріп, қол соғады. Мұны естіген Жәмила көзінен жасы парлап, жылап-сықтап зар илейді. Анасы да жақтырмайды, қызына жаны ашиды. Төкіш бұған тебіренбейді. Оның өз мақсаты бар. Ақын оны мынадай кекесінмен береді:

Шайтан алсын, шал алсын...
Төкең байғұс мал алсын.

Бұл жолдардан Төкіштің мал құмарлығы, онда әкелік сезім де, адамгершілік қасиет те жоқтығы анық көрінеді. Өлең бастан-аяқ осындай юморға, кекесінге толы. Ол өленнің көркемдік қасиетін арттырумен бірге ақынның өзіндік бағытын, сыншылдығын да танытады. Жалпы алғанда осы бір шап-шағын өленін де ақын оқиғалар тізбегі арқылы әрі бірнеше адамның тағдыры мен мінез-құлқын шебер көрсету арқылы революциядан бұрынғы ескі ауыл өмірінің шындығын, феодалдық әдет-ғұрыптардың кертартпалығын шынайы суреттеген.

Көңіл күйі лирикасы. С.Дөнентаев өзінің көңіл күйлеріне, заман туралы түйген топшылаулары мен ойларына байланысты да бірталай лирикалық өлеңдер жазған. Бұл сарын оның «Қайда кеткен», «Ой», «Балалықты сағыну», «Қиялым», «Жүрекке», «Жан мен тән», «Өз-өзіме», «Сыр», «Балалық» атты өлеңдерінен айқын байқалады. Аталған өлеңдердің кейбіреулерінде сол заманның сипатынан әрі ақынның көзқарасындағы ішінара шектелушіліктен туған торығушылық, жабырқаушылық сарындары да бар. Мысалы:

Кез келіп арыстанның арбауына,
Тап болдым ку түлкінің алдауына.
Бірі ойнап, бірі шындап итермелеп,
Тықсырды жердің биік жарлауына.

Бірі айдап, бірі тартып түсіргенде,
Болар ма менің сынып қалмауыма?
Кетуге су түбіне тұрмын таяу,
Қолымның қай тал жақын қармауына?

(«Менің жайым»)

Бірақ ақын мұнымен шектеліп, тынып қалмайды. Оның бойын меңдеген екіталай үмітсіздік оны шарқ ұрып, ізденуге, сұрақ қойып, қарсылық білдіру сарынына әкеледі:

Ашу көп бойды керген, ақыл қайда?
Тентекпен дүние толған, мақұл қайда?
Досыңнан біреу де жоқ, дұшпан сансыз,
Бәрі жат жан біткеннің, жақын қайда?

Ақынның көңіл күйі лирикасы оның тек өз басының ғана жайын қамтумен бітіп қалмайды. С.Дөнентаевтың лирикалық қаһарманы өзінің ой-толғанысын танытумен бірге, халықтың тілегін, мақсатын қоса білдіруге де бейім. Ақын лирикасының біз үшін бағалы қасиеті осында.

С.Дөнентаевтың творчестволық жолы біркелкі емес. Оның революция алдында жаза басқан, қателескен кездері де болды. Ол бірде февраль революциясынан үміт етіп емексісе, енді бірде буржуазияшыл-ұлтшылдардың жалған ұранына еріп, өзінің халықтық-демократтық бағытынан ауытқып кетті. Бірақ ол өзінің қателігін, алашордашыл-ұлтшылдардың кертартпалығын, зияндылығын түсініп, олардың шын сиқын аяусыз әшкереледі. Ақын тіпті ертеректе жазған «Қайтіп қарғыс алмайсың», «Ұлтшылға» сияқты өлеңдерінде де олардың жер-жебіріне жетіп, халықтық бағыт байқатқан болатын. «Ұлтшылға» атты өлеңінде ол жалған ұран астында өзінің шын сиқын бүркеп, халық мүддесін сатып кететін алдамшылар мен аярларды былайша түйрейді:

Қарның тоқ, жұмысыңның жоқ кезінде
Мілләттің қызметіне ерінбейсің.
Басына қайғы келіп, сасса жұртың,

Неліктен маңайында көрінбейсің?..
Дегенде: «Ал істейік ұлттың ісін» –
Атыңның басын тартып кежімдейсің.
Әр істі аузың айтып, қолың қылмай,
Қай түрмен: «Елді бастап едім», – дейсің.
Өзіңнің қайда жүрсең қарныңды ойлап,
Ұялмай: «Жұрттың қамын жедім», – дейсің.

Бұл өлеңдегі сатиралық уыттылық пен әшкерелеушілік сарын ақынның осы тақырыпқа арнап кейініректе жазған «Қаулы» атты өлеңінде әсіресе өрістеп, тереңдей түсті.

С.Дөнентаев көркем аудармамен де аздап шұғылданған. Оның «Ауырған арыстан», «Екі теке», «Көзі тоймайтын ит» тәрізді өлеңдері орыс әдебистінен алынған сюжетке құрылса, ал «Бір көлдегі үш балық», «Бит пен бүрге» сиякты мысалдары үнді халқының Шығыста және Европада көп таралған «Калила және Димна» атты шығармасынан алынған.

Сәбит Дөнентаевтың революцияға дейінгі творчествосы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде елеулі орын алады. Ол өзінің лирикалық өлеңдерінде қазақ аулындағы таптық қайшылықты, әлеуметтік теңсіздіктерді әшкерелеп, ескілік атаулыға қарсы шықты, сол дәуірдің сипатын, өмір шындығын реалистік қалыпта суреттеді. Оның творчествосы негізінен халықтық-демократтық бағытта өрістеді.

Сәбит Дөнентаевтың совет дәуіріндегі творчествосы

С.Дөнентаевтың совет дәуіріндегі шығармалары идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік қасиеті жағынан да құнды, бағалы болып табылады. Бұл кезде оның творчествосы жаңа белеске көтерілді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі мен жемісі, ел өміріне ене бастаған іргелі өзгерістер, халықтың жаңа дүние орнату жолындағы қажырлы күресі нәтижесінде ақын социалистік шындықты жырлауға қалтқысыз бет бұрды. Сәбиттің совет дәуіріндегі творчестволық қызметі белсенді әрі жемісті

болды. Баспасөз органдарында, әр алуан газет-журнал редакцияларында қызмет істеуі, күнбе-күнгі өмірге қоян-қолтық араласуы оның өлеңдерінің үгіттік мәні күшті, әсерлі әрі шынайы, өткір болып шығуына ықпал жасады.

Сонымен бірге оның поэзиясы тақырыптық қамтуы жағынан да қатты есейді, көркемдік қырлары да тереңдеп ашылып, молыға түсті. Ол ұлы Ленинді, Октябрьдің жемістерін, колхозды ауыл өмірін, елдің советтендірілуін шабыттана жырлап отырды. Сөйтіп, ақын жас қазақ совет әдебиетінің туып қалыптасуына өз үлесін қосты.

Революция тақырыбы, Октябрь жемістері. Сәбит Дөнентаев революция тақырыбына бірнеше өлең арнады. Ол 1924 жылы «Тарих таңы» атты өленін жазды. Мұнда ақын жаңа дүние орнаткан Октябрьді тарих таңына балайды, ескі өмір мен жаңа өмірді салыстыру әдісімен қарама-қарсы қоя отырып суреттейді:

Ашынған ащы дауыс аспанға асты,
Айғайға шерлі біткен араласты.
Ойран қып қор өмірдің қорын төгіп,
Октябрь – тарих таңы сәуле шашты.
Бұл тарих кімге арнаулы, таң кімдікі?
Әрине, бейнеткор мен жарлынікі!

Революциядан бұрын заман азулы мен тырнақтынікі, күшті мен тістінікі екенін ызалана, ашына суреттеген ақын енді тарих таңы еңбек адамынікі екендігін зор шабытпен қуана жырлады. «Париж коммунасына», «1905 жылғы төңкерістің 20 жылдығына», «Атылғандарға» сияқты өлеңдерінде ақын азаттық жолындағы айқастардың өткен жолдарына үңіледі, күресте қаза тауып, құрбан болғандарды қасиеттеп еске ала отырып жырлайды. Ақын революция туралы тақырыпты тарихи тұрғыдан қарап шешеді.

Ал енді бірсыпыра өлеңдерінде Сәбит Дөнентаев революция тақырыбын оның жемістері туралы тақырыппен ұштастыра, дамыта отырып жырлайды. Сондай өлеңдерінің бірі – «Он жылдың жемісі».

Өленнің бас жағында ақын қазақ елінің тарихи өткеніне, хан мен би, болыс пен бай, патшалық ұлықтар билеп-төстеген заманға шолу жасап жырлай келіп, соның бәрін Октябрь

тас-талқан еткенін, дүние өзгергенін айтады. Бұдан әрі ақын Ұлы Октябрьдің он жыл ішіндегі жемістерін шабыттана, мақтаныш сезіміне бөлене отырып жырлайды:

Жаңаланған қаламыз бар,
Шарасы артқан кеніміз бар.
Жаңғырыққан даламыз бар.
Өскен бақты өркендетер
Тегісшілдік мектебінде
Ленин жолы – біліміз бар.
Миллиондаған баламыз бар.
...Дүние жарған данқымыз бар,
Шаруасы өскен еліміз бар,
Еңбек бағы халқымыз бар.

Өлең шумақтарының ұйқасып тұрған тармақтарының осылайша «бар» деген сөзді қайталап отыруы да тегін емес. Бұл арқылы ақын халықтың қолы жеткен барлық пен байлықты, дарқандықты аңдатады және өзінің де қуаныш сезімін білдіріп жар салады.

Қазақстанның төрт жылдығы мен тоғыз жылдығына арналған «Төртінші Октябрь», «Тоғыз жылғы олжамыз» деген өлеңдерінде де ақын осы тақырыпқа қайталап оралады. Ол жасампаз еңбектің ғажайып күшін бар дауыспен жырға қосады, мадақтайды:

Біз де бүгін еңбек туын көтердік,
Ұранды ұстап бар ғаламға жетерлік...
Еңбек өлмес, еңбекшілер гүлденер,
Еңбек ортақ, «бақ ортаққа» жұрт көнер.

(«Төртінші Октябрь»)

Осы өленнің жалғасы тәрізді «Тоғыз жылғы олжамыз» деген өлеңінде С.Дөнентаев Совет өкіметінің қазақ халқына берген азат, қуанышты өмірін, оның аршындаған адыммен алға басып жаңаруын, түлеп өсуін баяндай келіп, былайша түйеді:

Бізде өнер айшылықты аттап келед,
Бізде де завод, фабрик каптап келед.

Теміржол күншығысты белден басып,
Құла дүз, тауды, тасты қаптап келед.
Біздегі «ылғи қара домалақ» та
Әскер боп міне биыл тұрды сапқа!

Іргелі ел болған, қоғамдық дамудың социалистік жаңа арнасына түскен Қазақстанның гүлденіп өсуі ақынды да шексіз қуанышқа, патриоттық сезімдерге бөлейді.

Сөйтіп, ақын көптеген өлеңдерін революция мен оның жеңісі, жемістері туралы тақырыпқа арнады. Ол бұл тақырыптарды жеке-дара күйінде алмай, дамытып тереңдете, өзара ұластыра отырып жырлады.

Ленин туралы өлеңдері. Қазақ ақындарының ішінде кеменгер көсем Ленинге арнап тұңғыш өлең жазғандардың бірі – Сәбит Дөнентаев. Ол өз халқының бұғаудан азат болып, азаттыққа қолы жетуі, іргелі ел болуы, жаңа дүние жасауы Ленин есімімен, оның өлмес-өшпес идеяларымен байланысты екенін дұрыс түсінді және соны шабыттана жырға қосты. Ақын «Көсемге» деген өлеңінде Ленин халықтың сарғая күткен таңын өз қолымен атырғанын, ол дүниеге бақыт әкелген адам екенін айтса, ал «Ұмытылмас» атты өлеңінде Ленинның ұлылығын, асқан мейірбандылығын тебірене отырып, сыршылдықпен жырлайды:

Ақылсыз ем анамды айқын көрмеген,
Аузым жарып, ақ көкірегін кермеген.
Арманда едім, әлсіз едім, жас едім
Етек тартып әке артынан ермеген...
Ақ күнімде, пәк күнімде жақсылық
Адам түгіл, құдайдан да көрмеп ем.
Қайғы-касірет жүрегімді кернеген,
Мезгілінде өмірден қол сермеген,
Дауыс шықты, білмеуші едім иесін:
«Құткарамын, сорлы қолың бер!» – деген.

Мұнда ақын тек өз басынан кешкен хәлді айтпайды, қорлық көрген, қараңғыда қарманған халықты да сол жетім бала бейнесінде суреттейді. Ленин есімі, Ленин ісі ақынға да, оның халқына да соншалықты аяулы, соншалықты қадірлі. Сондықтан да ол дүниедегі ең қасиетті ту – Ленин туы, естен кетпес үн – Ленин үні екендігін айта келіп, былайша түйеді:

Енді сорлы ол дауыска ермеген
Енді сокыр оның туын көрмеген.

Сөйтіп, акын көсем көтерген революция туын көрмеген, оның даусына құлак түріп, ұранына ермеген адам нағыз сорлы, көрсокыр деген қорытынды жасайды.

Лениннің кайтыс болғанына бір жыл толғанда жазған «Бір жыл өтті» деген өлеңінде акын Ленин ісі, оның жаркын идеялары өлмей-өшпей, мәнгі-баки жасайтындығын, еңбекші халық оның сөздерінен бағыт алып, күш-куат табатындығын былайша жыр етеді:

Өлді деп ер,
Қайғы мен шер
Қаптады деп көкіректі –
Еңбекші ел,
Көз жасы сел
Болғанына жыл өтті.
Аз ойламас,
Аз төкпес жас
Сорлы болған жұмыр жер.
Талай топтар
Өксіп жоктар
Биыл да сол жетімдер...
Ленин, Ленин,
Қайран ерім –
Деп еңбекшіл сағынар.
Сағынса өзін,
Сактап сөзін
Тұмар қылып тағынар.

Акын Ленин туралы такырыпка бұдан кейін де өлеңдер арнайды. Солардың бірі – «Ленин өлімінің бес жылдығына». Бұл өлеңінде Сәбит Дөнентаев кеменгер көсемнің болжағаны келіп, айтканы орындалғанын айта келіп, оның өсиетін жүзеге асырған, даналық ой-пікірлерін басшылыкка алған совет халкы ғажайып істер тындырғанын шабыттана жырлайды:

Ол берген сабакты біліп,
Ол айткан жолменен жүріп.

Өркендеп өрледі совет
Күннен күн жаналық құрып.

Бұрын құлазып жатқан ку медиен далада совет халқы тауды бұзып, тасты қашап теміржол салғанын, заводтар мен фабрикалар орнатқанын, техника үдеп өсіп, электр жарығы жалпақ өлкеге нұр төккенін, колхоздар мен совхоздар құрылғанын ақын Ленин есімімен, оның тамаша идеяларымен тығыз байланыста, ажырамас тұтастықта алып жырлайды. Бұл өлеңнің құндылығы да осында.

С.Дөнентаев ақын Полетаевтың «Лениннің суретіне» атты өленін қазақ тіліне аударды. Ақынның Ленин туралы өлеңдері сол жылдардағы қазақ поэзиясында ерекше орын алады.

Жаңа өмір тақырыбы. С.Дөнентаевтың совет тақырыбына арнап жазған өлеңдерінің қай-қайсысы да өмір шындығынан алынып, белгілі бір оқиғаларға байланысты туған. Ауыл өміріне енген жаңалықтар, елдің советтендірілуі, тап жауларының әшкереленуі, жер бөліс, колхоздасу тәрізді іргелі оқиғалардың барлығына да ақын дер кезінде үн қосып отырды. Сондықтан да ол өзінің творчествосымен жаңа өмір орнату жолындағы күрестің алдыңғы сапында болды. Мысалы, «Қазақстанның алты жылдығына» деген өленінде ол еңбеккер қазақ адамының өмірінде, тағдырында болған өзгерістерді Әбен деген кейіпкерінің бейнесі арқылы танытады. Ақын кейіпкерлерінің қойшы, жылқышы, жұмысшы, ақыр аяғында советтің басқару жұмысына араласып, төрағасы болғанын әсерлі баяндайды. Бір кезде жалшы атанып, мазақ болған Әбен совет заманында арманына жеткендігін айтады:

Талай болған Әбен мазақ:
«Әбен жалшы», «Әбен қазақ».
Болғанына толды алты жыл
Әбен қазақ арманы аз-ақ.

Әбеннің сауатын ашып, дүниеге көзін жеткізген – жаңа өмір. Оның жолы – бұрын қағажу көріп, енді өз тағдырына өзі ие болғандардың, жаңа дүние жасаушылардың жолы.

С.Дөнентаев шығармаларында жас ұрпақ жайы жарқын бейнеленіп отырады. Оның кейіпкерлері білуге, жарыққа

ұмтылуға, халыққа қызмет етуге құштар. «Кім не ойлайды» деген өлеңін ол былайша аяқтайды:

Таскара үйде тамақ ойлайды,
Жас мектепте сабақ ойлайды.
Білген сайын білсем-ау деп,
Күннен-күнге талап ойланды.
Оқып болса, анықты ойлайды,
Бұрын-соңғы қалыпты ойлайды.
Адам болып адамшылық,
Жарықты ойлайды, халықты ойлайды.

Ал «Азат жетті» деген өлеңде әкесі 1916 жылы майданның қара жұмысына барып қаза тапқан жетім бала Азаттың тағдыры баяндалады. Әкесі мен шешесі бастан кешірген қорлық өмір Азаттың өңі түгіл, түсіне де енбек емес. Ол Совет өкіметінің қамқорлығына алынған балалар үйінде тәрбиеленеді. Оның болашағы жарқын, өмірі шат. Азаттың тағдыры арқылы ақын Совет өкіметі жарлылар мен жетімдерді өмірге ие еткенін, оларға қол ұшын беріп, қамқорлық жасағанын бейнелеген.

С.Дөнентаевтың әйел теңдігі тақырыбына арнаған өлеңдері жайында да осыны айтуға болады. Революциядан бұрын қазақ қызының аянышты тағдырын «Жәмила қыз» атты өлеңінде шебер бейнелеген ақын енді совет дәуірінде азат болған қазақ қызының жарқын өмірін суреттейді. Бұл тақырыпқа ол «Әйелдер мейрамына», «Әйелдердің он жылдық тойына», «Ерікті Айша» тәрізді өлеңдерін арнады.

Ақын «Әйелдер мейрамына» атты өлеңінде алдымен қазақ әйелінің күндікте жылап-сықтаумен өткен бұрынғы тұл өмірін суреттеп келеді де, оған оның бүгінгі тағдырын карама-қарсы қояды:

Шерлі көкірек уһ деп демін алғаны,
Қара көздің жанарының жанғаны.
Коммунизм «теңсің?» деген даусын
Тұнған құлақ тұман жерден шалғаны.
Қара күннің қайрылмаска кеткені,
Қалың құрсау сатыр-сұтыр еткені.

Осылайша екі өмірді карама-қарсы қойып, салыстыра жырлау тәсілін ақын «Ерікті Айша» атты өлеңінде де

колданады. Ол Айшаның азат болған өмірін әсіресе шабыттана жырлады, оның тағдырын, жігерлі күресін басқаларға да үлгі етеді:

Ерікті Айша,
Толған Айша,
Жаркылда да, жарық бол.
Басқа Айшалар,
Сендер де бар –
Күндіктен шық, қарық бол.

Ақынның жаңа өмір жайындағы өлеңдерінің бірсыпырасы баспасөз тақырыбына арналған. Солардың қатарына «Бақ құсына», «Тілші» газетіне», «Қазақ тіліне», «Ауылдың» жылдығына», «Пролетариат жыршыларына», «Жаңа ауылдың он жылдығына» атты өлеңдері жатады. Соңғы өлең шағын-шағын төрт бөлімнен тұрады. Бұл өлеңдерінде ақын совет баспасөзін халықтың ой-санасын ағартып, көкірек көзін ашудың құралы, Коммунистік партияның жеңімпаз идеяларын насихаттаушы ретінде бағалап жырлайды.

С.Дөненгаев ауылдағы тап тартысы тақырыбына, елдің советтендірілуі жайына да көптеген өлеңдер арнады. Ол «Кеңес сайлауының біту қарсаңына» деген өлеңінде сайлаудан бұрынғы ауыл басшыларының жұмысындағы олқылықтарды ажуалай келіп, жаңа сайлау совет жұмысын өрістетіп, жаңа арнаға салатынын айтады. Ақынның ойынша жаңа сайлау:

Көп жерде солай қысылдыратын болды,
Олақтық қылғанын ысылдыратын болды.
Салақтық қылғанын, төрелік құрғанын
Енді кеңестен ұшындыратын болды.

Сәбиттің басқа шығармалары сияқты, бұл өлеңінен де сол кездегі өмір шындығының елестері көрінеді.

Ақын ауылдағы тап тартысын суреттеуде де шеберлік көрсетіп, ұтымды тәсілдер қолданады. Бұған оның «Бай мен комсомол» атты өлеңі анық мысал бола алады. Өлең бай мен комсомолдың өзара сөйлескен диалогы түрінде құрылған. Тап күресінің өршуінен қорыққан, күні санаулы қалғанын сезген бай комсомол мүшесін майда тілмен алдамақ, алдаркатпақ болады. Бірақ жас талап оның монтаны түрде

мүләйімсуін селт еткізбей сезеді. Ол байға былай дейді:

– Бай, сірә, бұл келмейтін жыр.
Білемін ғой сіздікі сыр.
Қоқиланып қорқытпайын,
Заманды айтып күшпенен құр.
Алайда, тек істің жайын,
Сіздің болған мүп-мүләйім
Көзіңізді өзіңізге
Аз ескертіп ұқтырайын.

Ол байдың шын сырын ашып береді, бар шындықты тіліп бетке айтады. Бұл – оның бойына жаңа заман, Ленин комсомолы еккен қасиет. Ол – құр айқайға еліккен, даурықпа емес, сабырлы, ақылды, көзі ашық адам. Ауылда орнап жатқан жаңа өмірдің жаршысы да, ұйтқысы да – сондай жастар. Ақынның соларды жырлауы, жаңа адамның бейнесін жасауға ұмтылуы орынды да, қажет те еді.

Ақынның колхоз тақырыбына арнаған өлеңдерінің ішіндегі ең тәуірі –«Біздің колхоз бәйге алды». Бұл өлеңде екі адамның өзара сөйлескен диалогы түрінде құрылған. Өленнің кейіпкері – Мұстафа өз колхозының табыстарын, дәулетін әңгіме етіп баяндайды, колхоз құрылысына кастандық жасаған тап жауларының зиянкестік әрекеттерінің әшкереленгенін айтады. Мұстафа колхоз құрылысының артықшылығына сенген, көзі жеткен, еңбек сүйгіш адам ретінде көрінеді. Ақын оның мінез-құлкын, патриоттық сезімдерін қызғылықты, әсерлі түрде ашып берген.

Жалпы алғанда, С.Дөнентаевтың совет дәуіріндегі творчествосында сол кездегі өмір шындығы, халықтың жаңа дүние жасауға ұмтылған қайраты мен қажыры, оның арманы мен мақсаты жан-жақты, шынайы түрде бейнеленген, қызғылықты суреттелген.

Ескіліктің қалдықтарын сынау. С.Дөнентаевтың творчествосында сатиралық әшкерелеушілік сарындар мол екендігі жоғарыда айтылған болатын. Осы қасиет оның совет дәуіріндегі шығармаларынан да анық байқалады. Бұл тұста ол өзінің ашы мыскылы мен ажуасын, ызалы күлкісін тап жауларына, байларға, саудагерлер мен дін иелеріне, феодалдық-патриархалдық әдет-ғұрыптарға, ескіліктің шырмауынан шыға алмай жүрген тоғышарлар мен

тон мойындарға қарсы жұмсайды. Еңсені басып, етектен тарткан ескілік, кертартпалық атаулының бәріне де ақын өзінің өткір мысқылының уытын дарытпай қалған жоқ.

Ақынның «Ой, жалған-ай», «Дәуітбек», «Құсайыннын арманы» атты өлеңдерінде революциядан кейін өздерінің бұрынғы кейпін жасырып, жамылғы астында күнелтпек болған байлардың кулық-сұмдығы жария етіледі. Дәуітбектің бұрынғы күйін:

Бір күнде Дәуітбек те болып еді,
Қарны да, дәулеті де толып еді,
Өшіксе, жерін тартып алушы еді,
Өштессе, жоқтан пәле салушы еді, –

деп суреттеп келеді де, ақын оның революциядан кейінгі сипатын былайша береді:

Бақ кетті, дәулет кетті, қарын қалды,
Кешегі толық көңіл жарымдалды.

Бірақ Дәуітбек – айлалы, тақыс адам. Ол ілгері басып келе жаткан жаңа өмірге іштей қарсы. Әйткенмен, қолынан келері де шамалы. Оның осындай халін ақын былай ажуалайды:

Дейді де, атқа мінед: – мен де кедей,
Малым аз, мен немене, кеден емей.
Сайлауға кейде кіріп, кейде шығып,
Бұғып жүр, жорғалап жүр бөденедей.

Ақынның юмористік таланты оның «Бөшкенің зары», «Елшіге», «Жалдама сандуғаш», «Мұқан мен Серік» тәрізді өлеңдерінен де анық байқалады. Соңғы өлеңде Мұқан мен Серік сиякты әкім болуды, мансапкорлықты арман еткен, атаққұмар адамдардың даракылығы, даңғойлығы ажуа етіледі.

С.Дөненгаевтың бірсыпыра өлеңдері халық арасынан шыккан, бірақ әлі де болса ескіліктің шырмауынан құтыла алмай жүрген адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі әр алуан мін-мұлтіктерді сынауға арналған. Солардың катарына «Қаржаубайдың ашуы», «Нағиманың өкпесі», «Ақ жорға» шығыпты» тәрізді өлеңдері жатады.

Алғашқы өленде заман жанғырып, жаңарса да, ескі салттан, әйел жөніндегі ескі көзқарастан шыға алмай жүрген Қаржаубайдың қылығы шебер түрде келеке етілген. Осындай ирония «Нағиманың өкпесі» атты өленге де тән. Онда жолдасының тапқанын жөнді-жөнсіз жұмсап, орынсыз сән қуған Нағиманың мещандық мінезі мысқылданады. Ақын өленді өз атынан баяндаса да, Нағиманың ой-өрісін, мінез-құлқын, шама-шарқын соншалықты шебер жеткізіп бере алған.

С.Дөнентаевтың ескінің қалдықтарын, адам мінезіндегі ақауларды сынауға арналған өленderінің ішіндегі ең шебер жазылғандарының бірі – «Ақ жорға» шығыпты». Өленнің кейіпкері Жұманның портреті, қимыл-қозғалысы айқын көрінеді.

Мұнда ақын совет мекемесіндегі еңбек тәртібін бұзып, ішкілікке салынған және сол мінезіне өзі онша көп қысылып ұялмайтын адамды келекелейді. «Бір адвокаттың мінезінен» деген өлең де осы сарындас. Бірақ мұнда ақын зілсіз ирониямен шектелмей, уытты мысқылға, сарказмға ауысады.

С.Дөнентаев сатиралық және юморлық бағыттағы шығармаларымен де жаңа өмірдің нығаюына, белең алып өсуіне жәрдемдесті. Өйткені оның мұндай шығармалары кертартпа атаулыға, ескіліктің қалдықтарына қарсы бағытталған, соларды әшкерелеп, ажуа етеді. Бұл өленderдің құндылығы да осында. Кезінде олардың әсер күші мол болған.

С.Дөнентаев өленderінің тілі және кейбір көркемдік ерекшеліктері. Сәбит Дөнентаевтың поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді. Ең алдымен ақынның көптеген өленderінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым және сонымен бірге бейнелі де көркем. Сәбит поэзиясында сырттай жарқылдақтық, асқақ лептілік жоқ. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді. Ақын ойға жомарт, сөзге сараң болуға көп көңіл бөледі. Сәбиттің «Ой» деген өлені небары сегіз жолдан ғана тұрады:

Қаза берсе, түбі жоқ,
Талапсызды өткізбей,
Қазбағанда, суы жоқ,

Жынды қылған құрғыр-ау.
Ой деген – бір шыңырау.
Сені куған кісі әуре,
Талаптыға жеткізбей,
Қумағанның ісі әуре.

Шап-шағын ғана өлең. Бірақ сонда да ақын соған тапқырлықпен көп ой, мол пікір сыйғызып бере алған. Онда мұндай өлеңдер көп. Рас, ақынның бірсыпыра өлеңдерінің жалаң баяндау, құр тізбектеу сарынында ғана жазылған болып келетіні де бар. Мұндай кезде оның өлеңдері бейнелілік сипатын, көркемдік қуатын жоғалтып, поэзиялық қасиетін әлсіретіп алады.

С.Дөнентаев – мысал өлең жазуға шебер ақын. Мысалдың қазақ әдебиетінде жанр ретінде қалыптасуы Абай мен Ыбырайдан басталатыны мәлім. Кейін оны дамытуға С.Көбеев көп еңбек сіңірді. Бірақ бұл ақындар мысал жанрын көбінесе көркем аударма арқылы дамытып еді. Аударма мысалдар С.Дөнентаевта да бар. Әйтсе де, ол қазақ өмірінен, сол кездің шындығынан алынған қолтума, төл мысалды көп шығарды. Оның «Боз торғай», «Сұңқар мен қарғалар», «Жарық ағаш» сияқты өлеңдері революцияға дейінгі қазақ поэзиясындағы мысал жанрының тәуір үлгілері болып табылады.

Ақын мысал жанрынан совет дәуіріндегі творчествосында да кол үзген жоқ. Бұл ретте «Жалдама сандуғаш», «Шошқа мен саудагер», «Бөшкенің зары» тәрізді мысал өлеңдерін атауға болады. Соңғы өленнің көркемдік қасиеті әсіресе күшті. Өлең далада қансып, қаңырап қалған бөшкенің желмен сөйлесуі, соған мұңын шағуы ретінде шығарылған. Өленнің құрылысы, жазылу тәсілі жайында ақын көп толғанып ізденген. Бұл жайында ақынның өзі былай деген: «Партияшыл, жікшіл, оның үстіне қалың мал төлеп, совет заңына қайшы қылмыс істеп отырған бай, кулакты мысқылдап келеке-сықақ ету үшін өленнің өзгеше түрін іздедік. Далада, есік алдында бос тұрған бөшкені жел күні сөйлеттім... Менің өз атымнан айтқаннан гөрі, жансыз бөшкеге сөйлетуім оқушы үшін әсерлі, қызықты әңгіме болар деп ұйғардым. Бостанбайдың партия жасап, елді өзіне тартып алу әрекетінде жүргенін, қылмысын, залымдығын бөшкеге сөйлету арқылы әшкереледім».

Расында да, өленде әшкерелеушілік сарын күшті және сол сарын соншалықты әсерлі, қызғылықты берілген:

...Бұл – екі айдан
Бос тұратын бөшке еді.
Мұның заты
Демесе ағаш, есті еді.
Шақты желге
Бостанбайдың зорлығын
(Кім біледі – не себептен кешпеді).
Төрт жыл болды
Бостанбайға келгелі,
Іркіт еді
Содан бері бергені.
Екі ай болды
Оның өзін токтатты –
Әкесін мен
Өлтіргендей көрдегі...

Мұның шағып, Бостанбайдың кулык-сұмдығын жария етіп болғаннан кейін, бөшке желден соның бәрін сотка айтып баруды өтінеді. Өленнің сырткы құрылысы өзгеше, ырғағы да ойнақы, тартымды. Сонымен бірге өленде әлеуметтік зор шындық бар. Жиырмасыншы жылдарда, тап ретінде жойылар алдында қазақ байларының зиянкестік жасағанын, небір арамзалыққа, кулык-сұмдыққа барғанын акын мейлінше шебер әрі өткір түрде ажуа етеді. Сонымен бірге бөшке ұзақ уақыт бойы байдың есігінде жүріп қаналған, енді көзі ашылып соған қарсылық жасауға талпынған, қол ұшын беруін күткен жалшы адамның бейнесін де елестетеді. Өленде жинактаушылық қасиет мол.

Сәбит Дөнентаев – кеменгер Абайдан көп үйренген акындардың бірі. «Абайға» деген өленінде ол былай деп жазады:

Сонда ішінен жарк етіп,
Акыл-ойын сарп етіп,
Бәрі ұйкыда мас еді –
Жөн бастаған данасы!
Барлық қазақ баласы.
Қидық басты соңына,
Бәрі бала жас еді,
Сол бастаған жолына.

Бұл өленнің Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын бағдарлағанын көреміз. Сонымен бірге ол – Сәбиттің Абайдан үйренгендігінің де айғағы. Яғни бұл өлең Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісінде, соның олшемін, ұйқас түрін сақтап жазылғандығы даусыз. Тек бұл емес, «Атылғандарға», «Жүрекке», «Ескі болыстың тәубасы», «Темірге», «Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл өтті» тәрізді және басқа да көптеген өлеңдерін Сәбит Абай поэзиясындағы әр алуан формаларды пайдалана отырып жазған. Мысалы, «Жүрекке» атты өлеңде ақынның лирикалық қаһарманы өз «жүрегінің түбіне терең бойлап», онымен тілдесе келіп былай дейді:

Шын жыласаң,
Көтерме иық,
Мың сұрасаң,
Болма биік,
Жетерсің бір мақсатқа.
Салып қабақ, ұртыңды,
Харекет қыл,
Қайда барсаң,
Шаманды біл,
Ойыңа алсаң,
Тым кергіме, аптықпа.
Қор болмассың, жұртыңды.

Осы өленнің жалпы рухы мен сарынынан, құрылысы мен көркемдік ерекшеліктерінен Абай әсерінің із-бедері анық байқалады. Тек бұл ғана емес, көңіл күйін білдіретін, заман жайын топшылайтын басқа да бірталай лирикалық өлеңдерінде Сәбит Дөнентаев Абай поэзиясының философиялық топшылауларынан, ой тереңдігі мен сыршылдығынан, көркемдік кестесінен көп үйренді. Ал жоғарыда аталған «Абайға» атты өленінен оның қазақ мәдениеті тарихындағы Абайдың рөлін дұрыс бағдарлағаны көрінеді.

Жалпы алғанда, Сәбит Дөнентаев – Абай дәстүрлері мұрагерлерінің бірі.

Сондай-ақ ақынның өлең ырғағын, ұйқасын қиыстырып қарауда жаңалық табуға ұмтылған талаптары да болды. Мұны оның «Ой», «Күздің сыры» тәрізді өленderінен байқаймыз.

С.Дөнентаев поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі юморлық бағытына, сатиралық өткірлігіне байланысты. Ол – революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі ірі сатирик ақын. Ал совет дәуірінде Сәбит өзінің сатирашылық талантын тап жауларын, феодалдық әдет-ғұрыптарды, ескінің қалдықтарын аяусыз әшкерелеуге, сынап-мінеуге арнады. Бұл ретте де ол әрдайым тапқырлығын танытып, шеберлігін көрсетіп отырды. Жоғарыда аталған «Бөшкенің зары», «Сүлейменнің нануы» сияқты өлеңдер – бұған анық айғақ.

Ақын өлеңдерін көбінесе белгілі бір оқиғаға, сюжетке құрып жазды. Сондықтан да ол өмір шындығын нақтылы, дәл бейнеледі әрі оқушыға әсер етерлік, оның жүрегіне жол табарлық тәсілдерді іздеді. Оның бірталай өлеңін екі адамның сөйлесіп әңгімелесуі, айтысуы ретінде, диалогқа құрып жазуы да осы мақсаттан туған еді.

Сәбит ақындық өнерге зор талап қоя, жауапкершілікпен қараған. Өлеңді өнер демсй, ермек деп санағандарға ол мейлінше қарсы болған. Сондықтан да ол «Драмашыға» деген өлеңінде ізденбей, құрдан-құр, үйіп-төгіп жаза беретін авторды мінеп, былай деген:

Драма ма, құрама ма,
Сөз осылай құрала ма?
Сен жазушы болса екен деп,
Өмір бетін бұра ала ма?!

Бұл өлеңнен Сәбиттің жазушы бетін өмірге қарай бұруға, уақыт ұранына құлақ асуға, жаңаның жаршысы болуға тиіс екендігін дұрыс ұғынғанын көреміз. Оның өзі де әрдайым осы талаптың деңгейінде болуға ұмтылып отырды.

Творчестволық жолын революциядан бұрын бастап, демократтық бағыттағы әдебиетке көп үлес қосқан, сыншыл реализм негізінде алуан түрлі шығармалар жазған және сол кездегі әдебиеттің таңдаулы дәстүрлерін қазақ совет әдебиетіне әкеліп ұластырған, тоғыстырған, жаңа дәуірді шын көңілден жырлаған Сәбит Дөнентаевтың қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Ол – лириканың, мазмұнды қысқа өлеңнің шебері.

1965 жыл

Аударма

Шыңғыс Айтматов

Шынарым менің, шырайлым менің

повесть



Шыңғыс Айтматов

Шынарым менің, шырайлым менің

Повесть

Пролог орнына

Журналист атым болған соң Тянь-Шаньға жиі-жиі барып тұратын едім. Бұдан жыл жарым бұрын көктемнің бір күні мені редакцияға суыт шақырып қалды. Тянь-Шаньның облыс орталығы Нарында жүргем. Автостанцияға жетіп келсем, менің алдымда ғана автобустың кетіп қалмасы бар ма. Келесі рейсті табандатқан бес сағат бойы күту керек. Жолшыбай бір машинаға мініп кетуге қам жеуден басқа лаж қалмады. Жүгіріп қаланың сыртындағы тас жолға шықтым.

Жолдың бұрылысындағы бензоколонканың жанында бір жүк машинасы тұр. Шофердің машинаға май құйып болған беті екен. Қуанып кеттім. Кабинаның әйнегінде Совет Одағы «34» деген халықаралық рейстің белгісі бар. Машина Қытайдан келеді. Сыртқы елмен байланыс жолының автобазасына, Рыбачьеге бара жатыр. Ал со жақтан Фрунзеге қарай жүру оңай.

– Сіз қазір жүресіз бе? Рыбачьеге дейін ала кетіңізші! – деп өтіндім шофердан.

Ол мойын бұрып, сұстия қарады да, теріс айнала беріп:

– Жоқ, ағай, әкете алмаймын, – деп байсалды үнмен тіл қатты.

– Қайтсем екен! Тығыл-таяң жұмысым бар еді. Фрунзеге шақырып жатқаны.

Шофер маған тағы да түксие қарады.

– Түсініп тұрмын. Бірақ өкпелей көрмеңіз, ағай. Жан баласын алмаймын.

Қайран қалдым. Кабина болса бос. Ала салса несі кетеді? Екі өкпемді қолыма алып жеткенімді, асығыс екенімді көріп тұр.

– Журналист едім. Өте асығыспын. Қанша керек болса да төлейін...

– Әңгіме акшада тұрған жоқ, ағай! – Шофер сөзімді шорт болып жіберіп, баллонды ашулана бір тепті. – Келесі жолы ақысыз-пұлсыз-ақ апарайын. Ал қазір болмайды. Ренжи көрмеңіз. Талай машина келеді әлі де. Қай-қайсысы да ала кетер. Ал мен ала алмаймын...

Жолшыбай кабинаға мінгізіп алатын адамы болар деп ойлап:

– Ал, кузовына ше? – дедім.

– Бәрібір... Кешире көріңіз, ағай.

Шофер сағатына қарады да, асыға бастады.

Әбден амалым құрып, иығымды қикаң еткіздім де, бензин құюшы москал орыс әйеліне таңыркай қарадым. Ол будканың терезесінен бізді қалт етпей бағып тұр екен. Басын шайқады. «Қайтесіз, тынышын алмай-ақ қойыңыз», – деп тұрғандай. Ғажап.

Шофер кабинаға кіріп, тұтанбаған папиросын тістей-містей моторына от алдырды.

Өзі әлі жас, отыздар шамасында, еңкіштеу, ұзын бойлы. Рульдің дөңгелегін қысып ұстаған әлуетті қолдары, шаршап сығырайған мұңлы көздері әлі күнге дейін есімде. Аттанардың алдында алақанымен бетін сипап, біртүрлі ауыр күрсініп, ілгеріде, тау ішіне шұбалып жатқан жолға үрейлене көз тікті. Машина зымырап ала жөнелді.

Тянь-Шань шоферлары сұсты көрінгенімен, орын болса, меселінді қайтармайды, апарып тастайды. Ал бұл жолы бір тұйық, қыңыр шофер тап болғаны.

Бензин құюшы әйел будкадан шықты. Сірә, мені жұбатқысы келген болу керек.

– Ренжімеңіз, қазір сіз де кетесіз.

– Асығып тұрғаным ғой, әйтпесе! – деп мінгірледім мұңайып.

– Солай болған соң енді...

– Не болып еді?

– Жай, әншейін! – Ол әлдекімді аяғандай қолын енжар сермеді де, шлангіні колонкаға іліп жатып, күрсініп қойды. – Ол бір ұзақ хикая...

Үндеген жоқпын.

– Құса боп жүр ғой жігіт... Бір кезде осында, базада тұрған еді.

Бензин құюшының әңгімесін аяғына дейін тыңдай

алмадым. Ілгері қарай бара жатқан бір «Победа» келе қалды.

Біз жүк машинасын бірталай уақыттан соң, Долан асуына тақай бергенде ғана қуып жеттік. Жүк машинасы тым қатты жүріп келеді екен. Тянь-Шаньның көпті көрген кәнігі шоферларының өздеріне де бұлай жүру ләзім емес. Тіпті бұлтарыс-бұрылыстарда да жүрісін бәсеңдетпей, құз-жартастардың арасымен ышқына гүрілдеп ағып өтеді машина. Қайқаң етіп өрге шығады да, жер жұтып қойғандай, еңіске қарай құлдилай жөнеледі. Содан соң үстіне жапқан брезентінің етегі кузовтың жиегін соғып далпылдап тағы да шыға келеді алдыңнан.

Әйтсе де, «Победа» қоймады. Біз басып оза бастадық. Өлер-тірілеріне қарамай, қайда құйғытып барады бұл, не қылған жүрек жұтқан жан дегендей бұрылып қарап өттім. Сөйткенше болмады бұршақ аралас жаңбыр құйып кетті. Біздің асуда бұл аяқ астынан бола салады. Жаңбыр мен бұршақ айқыш-ұйқыш айғыздаған әйнектен шофердің сұрланған сұсты жүзін көріп қалдым. Папиросын құшырлана тістеп алған. Қолы тыным таппай, рульдің дөңгелегін шыр көбелек айналдырады. Кабинада да, кузовта да жан баласы жоқ.

Осы бір ойда жоқта кездесуден соң көп уақыт өтпей-ақ мені Қырғызстанның түстігіне, Ош облысына командировкаға жіберді. Журналистердің асығып-үсікпей жүретін күні бар ма. Кешкісін, дәл поезд жүргелі жатқанда ғана жан ұшырып жеттім вокзалға. Қарғып мініп, купеге кірдім. Терезеге қарап отырған жолаушыны біраздан соң барып қана байқадым. Сірә, бұл купеге енді екеуімізден басқа ешкім келмейтін болса керек. Жолаушы басын әйнекке сүйеген калпында отыр. Бұрылып қарар емес. Әйнектен сыртқа көз салғандай немесе калың ойға батқандай.

Поезд жүрісін үдете түсті. Радиодан музыка естілді. Қомыздың таныс сазы. Қырғыздың осынау классикалық күйі кешқұрым сар далада келе жатқан жалғыз атты жолаушының жырындай боп елестейді маған. Жол алыс, мидай дала. Ат үстінде келе жатып ой ойлауға да, қоңырлатып ән салуға да болады. Өзге емес, жаныңды жырға қосасың. Айдалада келе жатып, ат тұяғының дүбіріне қоса жапа-жалғыз ән салған адамда ой аз болушы ма еді, тәйір. Тастақ, құмдауыт арықты жылап аққан су сылдырындай ішек баяу ғана ызыңдайды.

Көп кешікпей таудан асып күн батарын, жер бетіне қоңыр салқын леп тарарын, қошқыл тартқан жол бойындағы сарғыш селеу мен көкшіл жусан үстіндегі шаңын сілкіп, баяу ғана тербелерін жыр ғып шертеді комыз. Жолаушының әнін тыңдап сар дала да ойға шомады, жолаушыға қосылып о да әндете бастайды...

Бәлкім, қазір біз поезбен жүйткітіп келе жатқан жермен бір кезде жалғыз атты жолаушы жүріп өткен болар... Сол шақта да дәл қазіргідей өртеніп, бірте-бірте күлгін сарғыш тартып көкжиектен асып күн де батқан шығар, қарлы шыңдар да күннің соңғы нұрына бөленіп, содан соң күңгірт тартып мұнарткан болар.

Бау-бақша, жүзімдіктер, қошқыл жасыл тарткан жүгері алқабы терезеден көріне түсіп, кейін қалып жатыр. Жас жоңышқа тиелген, пар атты бірешке көлденең жолмен жырлап келеді. Міне, шлагбаумның қасына кеп тоқтады. Үстінде оңып кеткен, жырым-жырым майқасы бар, балағын тізесінен жоғары түрініп алған, күнқақты болған бала бірешкеде тізерлеп түрегеп отыр. Поезға қызыға қарап, күлімсіреп қояды, әлдекімге қол бұлғайды.

Комыз сазы поезд жүрісінің ырғағына қосылады. Ат тұяғының орнына рельс жігіне тиіп доңғалақ сарт-сұрт етеді. Менің көршім кішкене столға сүйеніп әлі отыр. Терезеден көз алар емес. Жалғыз атты жолаушының әнін іштей, үнсіз ол да айтып отырған тәрізді маған. Көңілсіз бе, әлде ойға батып отыр ма, әйтеуір жүзінде бір қаяу, басылмаған қайғы табы бар. Өзімен-өзі болып отырып, қасындағы мені байқаған да жоқ. Түр-түсін жақсылап қарап алуға тырыстым. Япыр-ау, осы адамды қайда көріп едім? Тіпті саусақтары салалы да әлуетті, тотыққан қолына дейін көзге таныс.

Сонда барып есіме түсті: сонау жолы мені машинаға мінгізбеген шофердің дәл өзі ғой. «Е, жұмысы боп бір жаққа бара жатқан болар», – деп ойлап, тыныштalып, жайыма отырдым. Кітап алдым қолыма. Есіне түсіріп қайтем? Әлдеқашан ұмытып кеткен болар. Жол жүргенде шоферге кім жолықпайды.

Осылайша, әркайсымыз өзімізбен-өзіміз болып тағы да бірталай уақыт отырдық. Дала қараңғылана бастады. Менің жолдасым темекі тартпақ болды.

Папиросын алып, ауыр күрсінді. Содан соң барып қана

сіреңке жақты. Басын көтеріп, маған таңыркай қарап, қып-қызыл боп кетті. Таныды.

– Сәлематсыз ба, ағай? – деді кінәлы адамдай күлімсіреп. Қол бердім.

– Бара жатқан жеріңіз алыс па?

– Ия, алыс! – Темекі түтінін ақырын үрледі де, сәлден кейін тағы да тіл қатты. – Памирге барам.

– Памирге ме? Онда екеуміздің жолымыз бір екен. Ал мен Ошқа барам.

– Мен де со жаққа барам.

– Тіпті жақсы. Көңілдірек болады.

– Ия, солай болса болар, – деп сенімсіздеу үнмен мінгірледі.

– Демалысқа барасыз ба? Әлде басқа жұмысқа ауыстыңыз ба?

– Ия, соған жақын... Темекі тартпайсыз ба? – деді.

Екеуміз де түтінді будақтатып отырмыз. Үн жоқ. Алғашқыда әңгімелесе қоятын ештеңе жоқ тәрізді көрінді. Менің көршім тағы да ойға шомды. Басын салбыратып жіберіп отыр. Поезд жүрісінің ырғағымен теңселіп қояды. Анадағыдан әлдекайда өзгеріп кеткен тәрізді көрінді. Жағы суалып, жүдеген, маңдайына қатарласа үш сызық түсіпті. Жиырылған қабағы жүзіне күңгірт көленке жайып тұрғандай. Ол кенет қара көзін қиғаштап маған қадала қарап, енжар ғана күлімсіреп қойды:

– Сіз ана жолы маған қатты ренжіген боларсыз, ағай, ә?

– Қашан? Есіме түсіре алмай тұрмын? – Менің алдымда қысылмай-ақ қойсын дедім оны. Расын айтқанда, бүлініп қалған ештеңе де жоқ еді. Бірақ ол маған қалтқысыз қадала қарап қалыпты. Мойындауға тура келді. – Е, ана жолы ма... Тұқ те емес. Мен ұмытып та кетіппін. Онда тұрған не бар. Жол үстінде не болмайды. Соны әлі ұмытпай жүрсіз бе?

– Басқа уақытта болса, бәлкім, ұмытар да едім. Ал ол күнгіні жоқ...

– Не болып еді? Авария емес қой, әйтеуір? – деп сұрадым оның машинаны құтыртып айдағаны есіме түсіп.

– Қалай десем екен, авария болмауын болған жоқ! – деді ол аузына сөз түспей. Содан соң қаркылдап күлді, өзін-өзі зорлап күлді: – Ал қазір бар ғой, машинамен қайда апар десеңіз де апарар едім. Бірақ енді өзім де жолаушымын...

– Оқасы жоқ, ат баспайым деген жерін үш басады. Кім біледі, жол үстінде тағы да кез болармыз...

– Әрине, енді кездесе қалсақ, кабинаға өзім сүйреп кіргізем!

– Сөйтіп, келістік қой? – деп қалжыңдадым.

– Уәде берем, ағай! – деді ол көңілденіп.

– Ал сол жолы мені машинаға неге мінгізбедіңіз?

– Неге дейсіз бе? – деді ол жұлып алғандай. Бірден түнеріп кетті.

Папиростың түтінін құшырлана будақтатып, төмен қарап үнсіз отыр. Мұны сұрау ағат болғанын сездім де, әңгіменің бетін басқа жаққа бұруға тырыстым. Асыққанда ауызға сөз түсуші ме еді. Ол темекісінің қалдығын сөндірді де, зорға деп барып тіл қатты:

– Мінгізе алмадым... Ұлымды қыдыртып едім...

– Ұлымды? – Мен таңғалдым. – Үлкен бе ол өзі?

– Жоқ! – Ол күлімсіреп, көзі жайнап, жылы ұшырай бастады. – Тентек әлі, беске жаңа ғана шықты.

– Немене. Ол жол бойында ма еді?

– Ия, асуда.

– Ал содан соң? – Мен түк те ұқпадым. Ұлы онда қайдан жүр және онда қандай қатысы бар?

– Былай еді... Түсініп отырсыз ба... Қалай десем екен сізге... – Ол маңдайына шып-шып шыққан терді сүртіп, тағы да темекі тартты. Қобалжыған көңілін басып, менің бетіме тура, қадала қарады.

Өз тағдыры жайындағы шофердің әңгімесін мен осылай естідім. Ол өз өмірін ешкімге де, әсіресе мен сияқты журналистке әңгіме етіп айтпаған болар еді деп ойлаймын. Оның көлденең көк аттыға сыр ақтара бермейтін мінезін мен кейін барып білдім. Бірақ бастан кешкен оқиғаны оның сол күйінде айтпай жасырып қалуы мүмкін емес еді. Әйтпесе, Тянь-Шань жолында екеуміздің арамызда болған оқиғаның сырын ұға да алмаған болар ем.

Алда уақыт әлі көп. Поезд Ошқа дейін екі тәулік бойы жүреді. Оны асықтырмадым, әрнені сұрап сөзін де бөлгем жоқ. Адамның өткен оқиғаны тағы да бастан кешіргендей болып, кейде сөзін аяқтамай қалып, ойға шомып отырып әңгіме шерткеніне не жетсін. Бірақ өзіме-өзім зорға деп қана ие болып, оның әңгімесіне әрең құлақпей отырдым. Өйткені оның өз басын білмесем де, онымен дәмдес болған, бірақ

ол сырына жете қанық емес жандар жайында білетін болып шықтым. Бұл не кездейсоқ шығар немесе газетші ретінде жер бетін шарлап жүруіме байланысты болар. Мен оның әңгімесін жалғастырып, толықтырып, өзіне беймағлұм көп жайды ұғындыра (бұл повестің екінші әңгімесінде айтылады) алатын едім. Бірақ мен шофердің әңгімесін бастан-аяқ тыңдап алған соң барып сөйтуге бекіндім. Ал ақыры бұл ойымнан да қайттым, ештеңе айтпадым. Осымның өзі жөн деп білем. Неге дейсіз ғой? Мұның сырын кейінірек, ақыр аяғында ашсам деймін.

Негізгі желіден шығыңқырап кеткен соң, тағы да бір жәйтті қоса айтайын.

Бәлкім, оқушы «Қос әңгімеден құралған повесть» деген окшау жайға көңіл аударған болар. Ия, дәл осылай. Бұл автордың еріккен ермегі де емес. Қажет болса, әдеби шығарманы бөлімге, тарау-тарауға жіктеп жатпай ма? Ал әңгіме болса өз алдына дербес шығарма. Бірақ гәп формада емес. Оны айтайын деп отырғам жоқ.

«Ол бір ұзақ хикая!» – дегені бар емес пе еді бензин құюшы әйелдің. Расында да, мен айтқалы отырған хикая едәуір ұзақ және бәлкім, тіпті өзгеше де болар. Бұл жайында автор атынан баяндап, шағын повесть жазып қойып ем. Яғни адамдардың мінез-құлқын, оқиғаларды көлденең көзбен бақылап отырғандай суреттедім, сөйтіп бейнеленген өмір шындығына автор ретінде өзім де араластым. Оқып шық деп повесті жолдастарыма беріп ем, өкпе-наз бен дау-дамайдың астында қалдым. Әркім әртүрлі пікір айтты. Біреулер автордың өз кейіпкерлеріне деген қатынасы осылай болуға тиіс, сенікі жөн деді. Ал енді біреулер сенікі дұрыс емес деп, авторды жерден алып, жерден салды, басқаша жазу керек еді деп санады. Повестің аяғы олардың жынын әсіресе келтірді. Сөйтіп, олар бар жайда дауласты, адамгершілік жайын, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқыға салды. Бірі қостаса, бірі аза бойы тік тұрып қарсы шықты. Ал бірақ жұрт өздерінің өмірге деген жеке көзқарасынан туған талаптарын, бейне бір бәрі де автордың ықтиярымен болып жаткандай, авторға, яғни маған таңды. Жолдастарымның қайсысы қаншалықты дұрыс екендігін анықтап жатар жайым жоқ. Бірақ ұзақ толғанып келіп, өмірде қалай көрсем, повесті солай жазам деп түйдім. Мен оны екі адамның аузынан естідім.

Сондықтан да повесть қос әңгімеден бас құрады. Бұл – екі бірдей адамның сыры. Мен тек естігенімді ғана жеткіздім. Ал енді қаһармандардың өздері баян етсін.

І.Шофердің әңгімесі

...Бәрі де күтпеген жерден басталды. Армияда моторлы бөлімде болған жерімнен жаңа ғана қайтып оралған бетім. Оған дейін де он жылдықты бітіріп, шофер боп істегем. Өзім болсам балалар үйінде өскем. Досым Әлібек Жантурин әскер қатарынан менен бір жыл бұрын қайтқан. Рыбачьедегі автобазада істейтін. Салып ұрып соған келдім. Тянь-Шаньға немесе Памирге бару Әлібек екеуміздің қашанғы арманымыз болатын. Мені автобазада жақсы қарсы алды. Жатақханаға жайғастырды. Жап-жаңа машина берді. Майысқан бір жері жоқ. Шынымды айтайын, адамнан кем көргем жоқ оны. Моторы да күшті. Машинам-ақ. Рас, жүкті онша көп ала бермейміз. Жолдың қандай екенін өзіңіз де білесіз. Тянь-Шань – дүниедегі ең биік автотрассалардың бірі. Шаткалдар мен төбелер, асқар асулар аттаған сайын алдыңнан шығады. Тауда не көп, су көп. Бірақ сонда да сол суды өзіңмен бірге ала жүресің. Кузовтың алдыңғы жақтағы бұрышына шегеленген айшық ағашты, бәлкім, байқаған да боларсыз. Соған ілулі бұлғаңдаған камерада су бар. Өйткені ұзақ жолда мотор катты қызады. Байқамасаң, радиатор да ағып кетеді. Таситын жүгің онша көп емес. Қайтсе жүкті көп тиеуге болар екен деп алғашқыда мен де әрнені ойлап, басымды әбден қатырғам. Бірақ ештене өнбеді. Таудың аты – тау.

Әйтсе де, жұмысыма ризамын. Жері де ұнады. Автобаза болса Ыстықкөлдің нақ жағасында. Шетелдік туристер келсе-ақ болды, естері шығып көл жағасында тапжылмай сілейіп қалады. «Міне, осындай біздің Ыстықкөл. Мықты болсаң тауып көр мұндай сұлу көлді», – деп іштей мәз-мейрам боп мен тұрам.

Алғашқы кезде тек бір нәрсеге ғана аздап көңілім қалып жүрді. Сентябрь пленумы өтісімен әр колхоз құрылыс жұмысына құлшына кіріскен көктемнің бір қарбалас кезі еді. Бірақ қанша жанын салса да, техника мүлдем аз. Біздің автобазадағы машиналардың біразын кол ұшын беруге колхоздарға жіберіп тұрады. Жаңадан алынған шоферларды

тіпті тыным бермей айдайды. Солардың ішінде мен де бармын. Жол бойындағы рейске шығып, өзіме-өзім келе бастасам-ақ болды, жұлып алады да, айдап ауылға жібереді. Бұл маңызды, қажет жұмыс екенін білем, бірақ шофер атым бар емес пе, машинаны аяймын. Қара жолда балшыққа батып немесе оқапқа соғылып келе жатқанда сол азапты өзім шеккендей қиналам. Жолды атай көрме. Өңің түгіл, түсіңде де көрмессің.

Бір күні колхозға бара жаттым. Жаңа сиыр қораға деп шифер апара жатқанмын. Ауыл таудың сыртында. Жол тауды бөктерлеп өтеді. Жол тобарсып қалған. Жақсы жүріп келем. Бірақ ауылға жете бергенде бір арыққа түсіп кетпесім бар ма. Көктемнен бері жолдың быт-шытын шығарып, опырып-опырып тастаған. Тіпті түйе батса, таппассың. Әрлі-берлі мыкшыңдап көріп едім – тұк шыкпады. Машина лайға әбден батқан, тас кенеше жабысып жіберер емес. Оның үстіне ыза боп жүргенде рульді катты бұрап жіберсем керек, доңғалақ айналмай қалды. Тағы да кірдім машинаның астына. Батпакка батып, терлеп-тепшіп жатырмын, жолды да сыбап коям. Біреудің келе жаткан дыбысын естідім. Төменде жатқан маған резина етігі ғана көрінеді. Етік жақындап кеп карсы алдыма тоқтады. Тұр. Жыным келіп кетті. Неменеге таңырқап тұр. Цирк дей ме екен.

– Тұрма, өт шапшаң, тынысымды тарылтпай! – деп айғайладым машинаның астында жатып. Сары ала боп былғанған көнетоз көйлегінің етегін көзім шалып қалды. Сірә, машинаға ілесіп ауылға жетіп қалғысы келген кемпір болар.

– Жүре бер, әжетай! – дедім. – Мен әлі біраз жатам. Шыдамың жетпес... – Ол іле жауап катты:

– Мен әже емеспін.

Мазак қылғандай, міңгірлеп айтты. Ашулана бастадым:

– Енді кімсің?

– Қызбын.

– Қызбысың? – Сасып кап етігіне карадым. Айғайлағанымды ерсі көріп, ойынға айналдырдым:

– Сұлусың ба?

Етік тыпыр-тыпыр етіп, бүйірге қарай аттады. Кетуге ынғайланды. Машинаның астынан шыға келдім. Қарасам, карсы алдымда нәп-нәзік бір қыз тұр. Басында қызыл

желек, қабағын қатулана түйген. Иығына үп-үлкен пенжак жамылыпты. Тегі, әкесінің пенжагі болар. Маған үнсіз қарап тұр. Сазға белуарыма дейін батқанымды ұмытып та кетіппін.

– Оқасы жоқ. Сұлу десе, сұлу екенсің! – деп басынан аяғына дейін қарап шығып, жымиып қойдым. Ол расында да сұлу еді. – Тек енді туфли болса! – деп қалжыңдадым түрегеп жатып.

Қыз жалт беріп бұрылды да, алды-артына қарамай, жолды орлеп тез-тез басып жөнелді.

Мұнысы несі оның? Өкпелеп қалғаны ма? Күлкі жайына қалды. Есімді жиып, тұра ұмтылып қуып жетейін дедім де, машинаға қайтып келдім. Аспаптарды жинай сап, қарғып кабинаға міндім.

Машина жұлқынып, әрлі-берлі орғи бастады. Сол қызды қуып жетсем дегеннен басқа ой болған жоқ менде. Өкіріп мотор тұр. Машина қалш-қалш етеді. Бірақ алға қарай бір адым жылжыр емес, қайта кейін қарай шегініп барады. Кімге айғайлағанымды өзім де білмеймін, батып қалған доңғалақтың зуылына қоса:

– Жібер! Жібер дейім! Естимісің? – деп айғай салдым.

Акселераторды аямай-ақ бастым. Машина ыңыранып сәл жылжып барды да, бір ғаламат күшпен шұңқырдан шыға келді. Қуанғаннан ес қалған жоқ. Машинаны жолға салып қоя бердім де, орамалмен бетімнің кірін сүртіп, шашымды сипадым. Қызбен қатарласа беріп, машинаны кілт тоқтаттым.

Мұндай өжеттік маған қайдан біткенін жын білсін – орындықта қисая беріп, есікті ашып қалдым да:

– Отырыңыз! – деп, қолымды да маңғаздана создым.

Қыз тоқтамады. «Мәссаған безгелдек!» – желкемді қасып қалыппын. Лепірген көңіл су сепкендей басылды. Тағы да қуып жеттім. Бұл жолы ғафу отініп, бәйек болдым да қалдым:

– Ашулана көрмеңіз! Мен жай әншейін... Отырыңыз! -

Жоқ, қыз жауап қатпады. Мен басып озып, машинаны жолға кесе-көлденең тартып кабинадан қарғып шығып, жүгіріп оң бүйірге бардым да, есікті ашқан күйімде қолымды алмастан тұра қалдым. Ол жақындап келіп, маған сезіктене қарады. Мынау әпенді қайдан жабысты деп тұрғандай. Ләм деп ауыз ашпадым. Басқа амалым да жоқ. Қиыла күттім. Мені аяп кетті ме, әлде жай әншейін бе – ол басын шайқады да, үн-түнсіз кабинаға келіп кірді.

Жүріп кеттік.

Әңгімені қалай бастасам екен деп үнсіз келем. Қыздармен талай рет тіл қатысып көргем-ді. Ал бұл жолы, неге екенін білмеймін, тая соғып, жаскана бердім. Неден бастасам екен, ә? Рульдің дөңгелегін зыр айналдырып, көз қиығын тастап коям. Әдемі қара бұрымы толқынданып мойнына оралған. Пенжегі иығынан сусып түсіп кетті, шынтағына ғана ілігіп тұр. Маған соқтығып қалмайын дегендей, әрірек ығысып отырды. Көзқарасы байсалды болғанымен, өзі бір жайдары жан сиякты. Жүзі жылы, ашық. Қабағын түюге қанша оқталса да, түйілер емес. Ол да маған көз қиығын тастады. Көзіне көзім түсіп кетті. Жымиып езу тартты. Сонда барып қана тіл қаттым.

– Машинаның жанына кеп неге токтап тұрдыңыз? – деймін аузыма сөз түспей.

– Сізге жәрдем берейін деп ем.

– Жәрдем дейсіз бе? – Күліп жібердім. – Расында да жәрдем бердіңіз. Егер сіз болмағанда – қас қарайғанша омалып отыратын ем... Ылғи осы жолмен жүресіз бе?

– Ия, фермада жұмыс істеймін.

– Жақсы екен! – дейім мәз-мейрам боп. Содан соң әңгіменің бетін бұрып, іліп алғандай: – Жол жақсы-ақ екен! – дедім.

Сол сәтте окап машинаны лақтырып жіберді де, иығына иығым тиіп кетті. Не істерімді білмей сасып қалдым, қып-қызыл боп кеттім. Ол болса күліп жатыр. Шыдай алмай мен де қаркылдап күліп жібердім.

– Колхозға келгім келмеді-ау менің! – деп күлкі арасында шынымды айтам. – Жол бойында осындай жәрдемші барын білсемші! Ұрсыспайтын ем ғой диспетчермен... Әй, Ілияс-ай, Ілияс. – Өзімді айтам, – деп түсіндірем оған.

– Ә, менің атым Әсел...

Ауылға жақындап қалдық. Жол жақсарып жүре берді. Газды басып-басып қойдым. Жел ұйтқып әйнекке соғып, Әселдің желегін желпіп, шашын желбіретеді. Үн-түнсіз келеміз. Жанымыз жай тапқандай. Бұдан бір сағат бұрын өңің түгіл, түсіңде көрмеген, ал енді бір сол ғана ойынды бөлген адам иық сүйесіп, дәл қасыңда отырса, көңілің көтеріліп, машинаны да құтыртып кеп айдайды екенсің. Әселдің ойында не барын білмедім, бірақ көзі жайнап, жүзін желге тосып, күлім қағады. Осылайша айырылмастан, токтамастан

шетсіз-шексіз жүре беруден, бәлкім, ол да бас тартпаған болар ма еді? Өзімнің ойым ғой бұл әшейін. Машина ауылға еніп, көше бойлап келеді. Әсел кенет абыржып қалды:

– Тоқтатыңыз, түсем мен!

Машинаны тоқтаттым.

– Келіп қалдыңыз ба? Осында тұратын ба едіңіз?

– Жоқ, – ол әлденеге абыржып, шыдамсыздана түсті.

– Бірақ мен осы жерде-ақ түсіп қалайын.

– Неге? Үйіңіздің дәл жанына алып барам! – Оған бой бермей ілгері тарттым.

– Міне, келдік, – деді Әсел ақыры. – Рақмет.

– Оқасы жоқ! – деп әзіл-қалжыңы жоқ, шынымен-ақ мінгірледім. Содан соң жай ғана: – Ертең со жерде тағы да батып қалсам, жәрдем бересіз бе? – деп қойдым.

Ол жауап қатып үлгіргенше, ауланың кішкентай есігі ашылды да, әлденеге үрейленген москал бір әйел жүгіріп шықты.

– Әсел! – деп айқайлап қап, үндеме дегендей аузын басты. – Қайда ғана жүрсің, құдай аткыр! Бар да киін. Құда-құдағилар кеп қалды!

Әсел сасып, иығындағы пенжегін түсіріп алды. Іле пенжекті қағып алды да, карсыласпастан шешесінің соңынан аяңдады. Есікке жете бере бұрылып, жалт карады. Сөйткенше болмады сарт етіп есік те жабылды.

Сыртта, белдеуде ерттеулі аттар тұрған, алыс жолдан ақ көбік боп келген аттарды мен енді байқадым. Рульден ұстап көтеріліп, мойнымды созып дуалдан аса көз тастадым. Аула ішінде, ошақ басында карбаласып әйелдер жүр. Түтіні будақтап, үлкен жез самауыр тұр. Жаппаның астында екі бірдей кісі сойылған қойдың терісін түсіріп, мүшелеп жатыр. Құдаларға деген жол-жоралғының бәрі жасалған. Енді мен не істей коярмын. Барып жүкті түсіру керек.

Кешкұрым автобазаға қайтып оралдым. Машинаны жудым да, гаражға кіргізіп қойдым. Машинаның о жер-бұ жерін жөндеп, көпке дейін кете алмадым. Бүгінгі окиға жүрегіме неге жай таптырмайтынын түсіне алмай қойдым. Жол бойы өзімді біресе жұбатып, біресе сөгумен болдым: «Не керек саған? Неткен ақымақ едің? Кімің ед ол сенің? Қалыңдығың ба? Қарындасың ба? Қарай гөр, жолшыбай тап болып, үйіне шейін алып барғанға, бейне бір махаббат

сырын шертіскендей боп тұрғанын. Сені тіпті ойына алғысы да келмейтін шығар оның. Айың өтіп тұрған-ақ болар! Оның жігіті бар айттырған, ал сен кімсің! Көлденең көк аттысың. Сендей шофер толып жатыр. Қайсыбірімен таныс бола берсін... Оның үстіне сенің қандай хақың бар: құда түсіп жаткан біреу, той жасайтын да сол. Ал сенің нең бар! Қолды бір-ақ сілтеп, жайыңа жүр! Қыстырылма! Руліңді айналдыра бер, жайыңа жүр!..»

Бірақ бір бәле болды. Өзімді қанша қыстап көндірмек болсам да, ұмыта алар емеспін сол қызды.

Енді машинаның жанында күйбеңдеп жүріп қайтем. Жатақханаға барсам ба екен? Біздің жатақхана көңілді-ақ. Қызыл бұрышы бар. Әй, барғым келер емес. Оңаша қалғым келді. Машинаның шетіне жантайып, қолымды басымның астына салып қисайдым. Бір жақ бүйірде, машинаның астында күйбеңдеп Жантай жатыр. Бізде сондай бір шофер бар-ды. Ол шұңқырдан мойнын созып қарап, мазақтап мырс етті.

– Не болды саған, сұлу жігіт? Ой ойлап жатсың ба?

– Ақшаны ойлап жатырмын, – дедім. Өзін жек көруші ем. Кесіп алса, қан шықпайтын сараң болатын. Оның үстіне күншіл, барып тұрған қу. Басқалар сияқты жатақханада да тұрмайды. Бір әйелдің үйінде, жалдамалы пәтерде тұрады. Сол әйелге үйленем деп уәде беріпті-міс, өзінікі деген үйі болады ғой десетін.

Теріс айналып кеттім. Ауланың ішінде науаның жанында әуреге түсіп біздің жігіттер жүр. Біреуі кабинаның үстіне шығып алыпты, кезек күтіп тұрған шоферға брандспойттан су себелейді. Қыран-топан күлкі. Атқылаған судың екпіні күшті-ақ, тәлтіректетіп жібереді. Жігітті кабинаның үстінен сүйреп түсірмек болысады. Ал ол болса билеп жүр. Автоматтан атқандай арқадан соғып өтеді, кепка атаулыны ұшырып түсіреді. Бір сәт су бұлқынып аспанға атылды да, күн нұрына шағылып кемпірқосақтай төмен иілді. Қарасам, біздің диспетчер Хадиша тұр. Атқылаған су оның басынан әрі асып түсіп құйылып жатыр. Бірақ тайсалып, қынар ол жоқ. Хадиша көз тартарын білуші еді, жігіттердің шетінен қырындайтынын да сезетін. Ол қашан да өр мінез, маңынан байқап қана өтесің. Дәл қазір де айылын жимастан, мықты тұр. Әуселеңді көрейін, тиісіп қара дегендей! Қолын

созыңқырап жіберген, аузына түйреуішін тістеген калпы, шашын түйреп жатыр. Күліп кояды. Күмістей жарқылдаған, үсақ су тамшылары басына шашырап кетеді. Жігіттер қарқылдап күліп, кабинаның үстінде тұрған баланы ұйтқытып кояды:

– Жосылтшы бір жонынан!

– Тоғытып алшы!

– Нәзік неме ғой!

– Сақтан, Хадиша!

Жігіттің батылы бармады, суды аткылатып ойнап, жайына тұра берді. Оның орнында мен болсам, Хадишаны малмандай кып алар ем. Ал Хадиша болса маған ештеме демес еді. Күлер еді де кояр еді. Мұны мактанып айтып отырғам жок. Маған оның өзгелерден гөрі басқарақ қарайтынын әрдайым байкап жүр ем. Менімен сөйлескенде ол мүлде басқа әйелдей өзгеріп, назданып, жұмсап сала береді. Қалжыңдап тынышын алып, шашын сипап өткенімді жаны жаратады. Менімен ұрысып, қуласып қалса, сонысының өзі де жаныма жағады. Менің айтқаным бұрыс болса да, ол тез райынан қайтады. Арада тұра киноға апарып, қайтарда шығарып саламын. Өйткені үйі жатақханаға бара жатқан жолда. Диспетчер бөлмесінде отырса, баса-көктеп кіріп барам. Басқалар болса, терезеден карап телміріп тұрғаны.

Бірақ дәл қазір оған қарар шамам жок. Мейлі, ойнай берсін.

Хадиша ең соңғы түйреуішін қадап:

– Ал, ойының қанған шығар! – Қой енді! – деп бұйыра сөйледі.

– Қойдым, диспетчер жолдас! – Кабинаның үстінде тұрған жігіт колын шекесіне апарып, тағзым етті. Ойлап тапқаны сол ғана. Жігіттер күлісіп жүріп оны кабинадан сүйреп түсірді.

Хадиша гараждағы бізге карай беттеді. Жантайдың машинасының жанына кеп, әлдекімді іздегендей болды. Мені бірден байқаған жок. Арамызда гараждың ішін бөлген тор бар еді. Жантай шұңқырдан мойнын созып:

– Сәлематсың ба, сұлуым! – деп куақыланып жатыр.

– Ә, Жантаймысың...

Жантай оның балтырына сұктана, сүйсіне карады. Хадиша ренжіп, иығын қиқаң еткізді:

– Неменеге сұқтанып тұрсың? – деп ол етігінің тұмсығымен Жантайдың иегіне ақырын ғана түртіп қалды.

Басқа біреу болса Хадишаны ұрсып сөгер ме еді, әлде ашуланып ренжір ме еді. Ал мынау болса, атай көрмеңіз. Хадиша өзін сүйіп алғандай жайраңдап, шұңқырға сүңгіді де кетті.

Қоршауға таяп келгенде Хадиша мені байқап қалды.

– Дем алып жатсың ба, Ілияс?

– Ия, мамық төсекте жатқандаймын!

Хадиша бетін торға төсеп, қадала қарап, ақырын ғана күбірледі:

– Диспетчер бөлмесіне келіп кетші.

– Жарайды.

Хадиша кетіп қалды. Түрегеп, мен де кеткен болдым. Жантай шұңқырдан тағы да басын шығарып қарады:

– Әдемі-ақ қатын емес пе! – Қолын сүртіп жатып, көзін қысып қойды.

– Бірақ сенің теңің бе екен! – дедім мен.

Ол ашуланар, төбелесе кетер деп ойлап ем. Төбелескенді ұнатпаушы ем. Бірақ зығырданым қайнап кеткені сонша, өзімді қоярға жер таппадым.

Ал Жантайымның ойында түк жоқ.

– Оқасы жоқ! – деп міңгірледі. – Тірі болсақ, көрерміз...

Диспетчер бөлмесінде жан адам жоқ. Бұл не бәле! Хадиша зым-зия қайда кеткен? Ту сыртымнан есік жабылды. Жалт бұрылғанда Хадиша екеуміз бетпе-бет кеп, кеуде түйістіріп қалдық. Ол арқасын есікке сүйеп, шалқайып тұр. Көзі кірпік астынан жалт-жұлт етеді. Ыстық демі бетімді шарпып өтті. Құшақтаса екен, сүйіп алса екен деп тұр. Өзіме-өзім ие бола алмай қалдым. Ұмтыла беріп, сол сәт кейін шегініп кеттім. Қанша әбес болса да, сол сәт өзімнің Әселіме, соның нақ өзіне опасыздық жасайтын тәрізденіп кеттім. Мұның кісі күлерлік хал екендігі ойыма кіріп те шыққан жоқ.

– Неге шақырдың? – дедім ренжіп.

Хадиша әлі де үнсіз қадала қарап тұр.

– Ия, немене? – дедім шыдамым таусылып.

– Білмей тұрсың ба? – деді. Дауысы дірілдеп кетті. – Тіпті көзіңе де ілмейсің. Әлде басқа біреуді тауып алдың ба?..

Сасып қалдым. Неге кінәлайды ол мені? Қайдан ғана біліп қалды екен?

Сол сәтте терезенің тартпасы ашылды да, Жантайдың басы көрінді. Көздері сығырайып, табалап тұрғандай. Әдейі ашып келген! Менің не ойлап тұрғанымды білсе етті ол!

– Диспетчер жолдас, өтінемін! – деп Хадишаға әлдекандай бір қағазды ұсынып жатып, табалаған әуенмен даусын соза түсті.

Хадиша ашумен жалт қарап, ұсынған қағазын алмады. Менің бетіме төніп:

– Сен үшін жолдаманы кім алмақ? Арнап шақырсын деп түрсың ба? – деп ренжіді.

Мені итеріп жіберіп, жұлқына басып столдың жанына барды.

– Мә! – деді жолдама қағазды ұсынып жатып.

Қағазды қолыма алып қарасам, ертеңгі жолдама баяғы колхозға екен.

Жүрегім мұздап сала берді: қалай барам, не деп барам. Әсел болса анау... Айтпақшы, осы мені неге ылғи колхозға қуады.

Шыдай алмай, шарт сындым:

– Тағы да колхозға ма? Тағы да кірпіш пен көң тасимын ба? Бармаймын! – Жолдаманы столға алып ұрдым. – Саз кешіп келгенім жетер! Баскаларды жіберсін, керек болса!

– Айкайлама! Нарядың бір аптаға жазылған. Керек болса, тағы да жібереді! – Хадиша маған басу айта бастады.

– Бармаймын! – дедім қатқыл үнмен.

Әдеттегідей, Хадиша күрт өзгеріп, кайтып қалды:

– Жарайды, ал! Бастықтармен өзім-ақ сөйлесермін.

Ол стол үстіндегі жолдаманы колына алды.

«Ия, бармаймын ғой, – деп ойладым, – Әселді де енді кайтып көрмеймін ғой». Бұрынғыдан бетер қысылдым. Неге екенін білмеймін, кенет сонда бару керек деп түйдім. Егер осылай етпесем, өмір бойы өкініп өтетінім сап ете түсті ойыма. «Мейлі, не болса – о босын, барайын!..»

– Жарайды, әпкел бермен! – Жолдаманы жұлып алдым. Жантай терезеден:

– Ауылдағы менің әжеме сәлем айта бар, – деп қалды.

Ештеңе демедім. Бет-ауыздан былшитып кеп берер ме еді өзін! Есікті сарт еткізіп жаптым да, жатакханаға тарттым.

Келесі күні жолшыбай екі көзім төрт болды. Қайда екен ол? Тал бойын көріп қалмас па екем? Қызыл желек жамылған шынарым менің, шырайлым менің! Қырға біткен шынарым! Аяғында резина етік, үстінде әкесінің пенжегі дерсіз! Түк те емес! Қандай екенін көрдім ғой өзім!..

Қалайша ойран етті ол ойымды, қайтіп астан-кестен етті жанымды?

Келе жатырмын, алақтап жан-жағыма қарай берем. Жоқ, көрінер емес төбесі. Жол жүріп келе жатқам жоқ, азап шегіп келем. Қайда екен, қайтіп қана табармын? Ауылға да жеттім. Көшеге кірдім. Ауласының тұсына жеткенде жүрісімді баяулатып, машинаны тоқтаттым. Бәлкім, үйінде шығар? Қалай шақырып алам оны, не демекпін сонда? Сірә, онымен дидарласуға тағдыр жазбаған болар. Газды басып қалып, жүк түсіретін жаққа тарттым. Жүкті түсіріп жатқанда да жүрегімде үміт оты сөнген жоқ. Қайтарда кездестіретін сияқтымын. Бірақ кездестіре алмадым. Бұрылып ап фермаға қарай тарттым. Олардың ескі фермасы ауылдан алыс бір қиянда екен. Келе сала бір қыздан жөн сұрадым. Әсел жоқ, жұмыска келген жоқ деді. «Е, жол бойында маған кездесіп қалмайын деп әдейі жұмыска шықпаған ғой» деп ойлап, әбден мазам кетті. Салым суға кетіп, автобазаға оралдым.

Екінші күні тағы жолға шықтым. Келе жатырмын. Бірақ оны көрем-ау деген үміт жоқ. Расында да, кімімін мен оның, айттырып қойған болса, несіне мазалаймын ол қызды? Бірақ солай болар дегенге сенер емеспін. Ауылда әлі күнге дейін сыртынан айттыра береді ғой. Газеттен талай рет оқығаным бар. Бірақ, одан не пайда? Той өткен соң даңғыра! Ұзатады да жібереді. Қайтып келу оңай емес, қор боп кеткені... Осындай ойлар-ақ кетпей қойды көңілімнен...

Көктемнің толықсып тұрған кезі. Тау етегіндегі өңір қызғалдаққа оранған. Осы бір нарт қызыл гүлдерді бала күнімнен ұнатам. Жалаң аяқ жүгіріп жүріп, бір құшақ гүлді теріп ап, Әселге апарып берсе ше шіркін! Бар, таба алар ма екенсің...

Кенеттен қарап жіберіп, өз көзіме өзім сенбедім. Әсел! Өткен жолы машинам батып қалған жерде шеткі бір қойтастың үстінде отыр. Әлдекімді күткендей түрі бар. Жалма-жан ұшып тұрды. Сасып қап, басындағы желегін жұлып алып, умаштай берді. Бұл жолы Әселдің үстінде әдемі көйлек,

аяғында туфли. Осынша алыс жерге биік өкше туфлимен келген. Дереу машинаны тоқтаттым, жүрегім алып-ұшып, аузыма тығылады.

– Сәлематсыз ба, Әсел?

– Сәлематсыз ба? – деді ол солғын.

Кабинаға отыруына жәрдемдеспек болып ем, ол бұрылып ап, жолды жиектеп жай басып жүре берді. Отырғысы келмеген ғой. Машинаны қозғап, есікті аштым да, оған еріп ақырын ғана жүріп кеттім. Солай қыбырлап келеміз. Ол болса жолдың жиегінде келеді. Рульді ұстап мен келем. Екеумізде де үн жоқ. Не деп айтарымды да білмейім. Содан кейін:

– Кеше фермаға бардыңыз ба? – деп сұрады.

– Ия, оның несі бар?

– Жай, әншейін. Онда барудың керегі жоқ.

– Сізді көргім келді.

Ол ештеме демеді.

Ал менің есімнен құдай қарғаған құдалықтың жайы кетер емес. Не болғанын білгім келеді. Сұрайын десем – тілім байланып қалғандай. Қорқа берем. Айтар жауабынан қоркам.

Әсел бұрылып маған қарады.

– Рас па?

Әсел басын изеді. Руль қолымнан шығып кетті.

– Той қашан? – деп сұрадым.

– Жуырда, – деді ол ақырын ғана.

Машинаны құйғытып, басым ауған жаққа кетіп те қала жаздадым. Жылдамдатудың орнына баяулатып жіберіппін. Мотор бостан-боска зырлап өкіре жөнелді. Әсел ыршып кетті. Ғафу өтіне де алмадым. Оған мұрша да жоқ еді.

– Сөйтіп, енді көріспейді екенбіз ғой.

– Қайдан білейін. Көріспегеніміз абзал болар.

– Ал мен бар ғой, мен бәрібір... Не десең о де, жанымды шүберекке түйіп іздеймін сені!

Тағы үн-түнсіз қалдық. Бәлкім, екеуміздің ойымыз бір шығар, бірақ бөлек-бөлек жүріп келеміз. Арамызда тосқауыл бар сияқты. Менің оған қарай жақындап баруыма, оның кабинаға келіп отыруына сол бөгесін жасайтындай.

– Әсел! – деп қоям. – Қашпа менен. Оралғы болмаспын. Алыстан караймын да отырам. Уәде етесіз бе?

– Білмейім, бәлкім...

– Отырыңыз, Әсел.

– Жоқ, жүре беріңіз. Ауыл болса жақын қалды.

Бұдан соң да жол бойында кездесіп қалып жүрдік. Ылғи сол күтпеген жерден кездескендей боламыз. Жүрісіміз де бір қалыптан аумайды. Ол жолдың жиегімен жүреді, мен болсам кабинадамын. Ашу қысып кетеді, бірақ амалым не. Қол жұмсап көндірерсің бе?

Айттырған күйеудің жайын сұрағам жоқ. Бір түрлі ыңғайсыз, сұрауға зауқым да болмады. Бірақ сөзіне қарағанда оны жөнді білмейтінін байқадым. Ол жігіт Әселдің шешесінің ілік-шатысы болса керек. Тау арасында, қияндағы бір орман шаруашылығында тұратын көрінеді. Бұларда қарсы құда болысу салты баяғыдан бері бар екен. «Құда мың жылдық» дегендей, қарға тамырлы бола берген. Біздің жақта бұл салтты керемет көреді ғой. Әселді бөтен біреуге береміз деген әкешешесінің ойына да кіріп шықпаған. Ал менің тіпті атымды атай көрмеңіз. Кім едім мен? Қайдағы бір кезбе, қаңғыбас шофермын. Өзгені қойып, өзім ауыз аша алармын ба!

Со бір күндері Әсел томаға-тұйық болып кетті. Уайымдап, ойға батты да жүрді. Күдерім үзілді. Оның кетер күні таяп қалды. Кездескеннен не пайда? Бірақ біз балалар құсап, сөйлескенде ол жайында тіс жарып ештеңе демейміз. Кездеспеуге шамамыз жоқ, сондықтан кездесеміз. Өйтпеуге дәтіміз шыдамайды. Ал алда не күтіп тұрғанында шаруамыз жоқ.

Сөйтіп жүргенде аттай бес күн өтті. Ертеңгісін автобазада рейске шығуға әзірленіп жаткам. Бір жолдасым кеп диспетчер бөлмесіне шақырды. Жүгіре жөнелдім.

– Құдайың берді! – деп Хадиша мені көңілді қарсы алды. – Сені Синьцзянға баратын трассаға ауыстырды!

Шошынғаннан сілейіп тұрып қаппын. Синьцзянға талай барып қайткам. Таңсық емес. Бірақ соңғы күндері өмір бақи колхозға сапар шегетін тәрізді боп кетіп ем.

Қытай сапары – бірнеше күндік жол. Әселге барып қайтуға уақыт қашан табыларын кім білген. Айтпастан, көзіне түсіп жоқ болып кетпекпін бе?

– Сен өзі ренжіп тұрсың ба? – деді Хадиша.

– Ал колхозға кім барады? – деп шыдамсыздана бастадым. Ондағы жұмыс әлі біткен жоқ.

Хадиша иығын қиқаң еткізіп:

– Анада өзің бармайым деген жоқ па ең, – деді. «Достығына болайын!» – деп ойладым. Ашуым да келіп кетті.

– Онда тұрған не бар екен! – деп орындыққа сылқ ете түстім. Не істерімді білмей отырмын.

Жүгіре басып Жантай келді. Менің орныма колхозға соны жібермек екен. Елең ете қалдым. Бәлкім, Жантай бара қоймас. Ондай жолдың түсімі аз. Бұл колға тиетін ақша да аз деген сөз. Бірақ, неге екенін білмейім, ол жолдамаға басса алды. Өзі дән разы:

Жер шетіне жіберсең де мейлің, Хадиша! Ауылда бағлан да пісіп қалды. Әлде ала келейін бе? – Менің отырғанымды көріп қалды:

– Ғафу өтінем, бөгет жасадым-ау дейім.

– Тайып тұр! – деп ызбарландым мен. Басымды да көтергем жоқ.

– Неғып отырсың, Ілияс? – Хадиша ығымнан ұстап сілкіп қалды.

– Колхозға баруым керек. Сонда жібер мені, Хадиша! – дедім.

– Есің дұрыс па өзіңнің. Наряд жоқ, жібере алмайым, – деді де, бетіме дегбірсіздене қарады.

– Неменеге сонша өзгеріп қалдың?

Ештеңе дегем жоқ. Үндемеген бойы шығып кеттім. Гаражға келдім. Жантай мазақтап жанымнан өте шықты, соғып кете жаздады.

Машинаның жанында күйбеңдеп жүрдім де алдым. Асықпадым. Бірақ ештеңе ойлап таппадым. Жүк тиейтін станцияға тарттым. Шірет аз екен.

Жолдастарым темекі тартуға шақырса да, кабинадан шыққам жоқ. Көзімді жұмам да, ойға шомам. Әселдің жол бойында боска күтіп жүргенін көз алдыма елестетем. Бір күн күтер, екі күн күтер, үш күн... Не деп ойлар екен мені? Қорқып, қашып кетті дер ме екен?

Шірет жақындап қалды. Алдымдағы машинаға жүк тией бастады. Әлдекандай бір үп-үлкен жәшіктерді кран кузовтың ішіне түсіріп жатыр. Бір сәттен соң мен кранның астында тұрам. «Кешіре гөр мені, Әсел! – деп ойлаймын. – Кешір, кияға біткен шынарым. Айта да алмай кетіп барам!» Сол сәтте бір ой сап ете түсті: манадан бері сонда барып,

бәрін айтып, сонсоң неге кайтып келмедім. Рейске бірнеше сағат кеш шыксам, бірдене бүлініп кетер ме? Автобазаның бастығына кейін айтпас па ем. Бәлкім, түсінер. Түсінбесе, ұрсар да кояр. Сөгіс берер. Тіпті болмаса жұмыстан шығарар. Манадан бері неге сөйтпегем! Ал кеттім!

Кейін шегінбек боп моторды от алдырдым. Бірақ артым толған машина. Сөйткенше алдымдағы жүк тиелген машина ілгері жылжып кетті. Ендігі шірет менікі. Абдырап қалдым.

– Мында кеп тұр! Әй, сен! – деп айғайлады маған краншы.

Машинам жылжып, жүк тиейтін жерге келді. Кран жебесін созып, үстіме төне түсті. Бітті, құрыдым! Шетелге арналған жүкпен кия баса алмайсын. Неғып ертерек қимылдай алмай калдым? Жөнелтуші кісі кеп, документтеріме таңба соға бастады. Бұрылып артқы әйнектен қарасам, кузовтың үстіне бұлғандап контейнер түсіп келеді екен. Тіпті төніп кеп калды.

Сол сәтте жан даусым шықты:

– Сақтан! – Машина контейнердің астынан ырғып шықты. Моторы сөндірілмеген еді. Артымнан айғай-ұйғай, ызы-шу, ащы сөздер естіліп жатты. Пысқырып та қарағам жоқ! Ағаш пен көмір үйінділерінің, коймалардың қасынан құйғытып өттім. Қаға берістегі жолдармен жүйткітіп отырып қаланың шетіне шықтым. Таудың етегіндегі сар жолға түскен соң рульдің дөңгелегіне жабысып жатып алдым. Ол әрлі-берлі жұлқынып келеді. Астында дөнбекшіп жер жатыр. Көрген көкайымыз осы ғана болып па, тәйір.

Көп кешікпей Жантайды куып жеттім. Басып озбак боп белгі бердім! Ол кабинадан басын жай сұғып карап, танып калды. Көзі ежірейіп шығып барады. Неткен хайуан десеңші! Асығып келе жаткан адамға жол беру керек кой. Онын ойында тұк жок. Мені кес-кестей түспек. Жол берер емес. Жалт беріп жолдын жиегіне шықтым да, төпеп құла түзбен тарттым. Жантай да үдетті шабысты. Енді мені жолға түсірмек емес. Айналада ешкім жок екенін, жүріп-тұрудың ережесін бұзғаны үшін жауап бермейтінін біліп келеді. Дәл қазір менің колыма түспейтінін де біледі. Осылайша ол жолмен, мен жолсызбен ызғытып келеміз. Екеуміз де рульге жабысып алғанбыз, бір-бірімізге жырткыш аңдай алара карайміз, ұрысып та коямыз.

– Қайда бара жатсын? Не боп калды? – деп айғайлайды маған.

Мен оған жұдырығымды түйем. Қайткенмен, менің машинам бос қой. Басып озып, алыстап кеттім. Бұрылып қарасам, ол сабасына түсіп, асықпай жүріп келеді екен. Мейлі, қала бер солай жайыңа, сайтанның сапалағы.

Әселді ешқайдан ұшырата алмадым. Ауылға кіріп, ауласының жанына кеп токтадым. Жаяу жүгіріп келгендей ентігіп тұрмын. Демімді зорға деп алам. Аула ішінде де, сыртта да ешкім көрінбейді. Тек қана белдеуде ерттеулі ат тұр. Қайтсем екен. Күтуге бекіндім. Машинаны көрсе, сыртқа шығар деп ойладым. Моторға жабысып, бірденені ондап жаткан сияқтанам. Бірақ екі көзім қақпа жақта. Көп күткен жоқпын: қақпа ашылды. Әселдің шешесі шығып келеді. Қасында толық денелі, қара сақалды бір шал бар. Үстіне екі бірдей шапан киген. Бүліс шапан. Оның сыртында мақпал шапан. Қолында ырғай сапты қамшы. Бусанып, қызара бөрткен. Шайға қанып шыкса керек. Белдеудің қасына келді. Әселдің шешесі құрмет көрсетіп, үзеңгіден ұстап, шалды демеп атка отырғызды. Құдасын аттандырып тұр екен:

– Құда, дән ризамыз өзіңізге, – деді.

– Ал біз үшін де қам жемеңіз. Қызымыздан аяп қалар ештеңеміз жок. Құдайға шүкір, құр қол емеспіз ғой.

– Е-е, бәйбіше-ай, бір-бірімізден көніліміз қалмас-ау, деді шал ерге жайғасып отырып жатып. Құдай балалардың денікарын сау қылсын де. Ілік-шатыс болғанымыз жаңа ма. Ал қайыр-кош, бәйбіше. Сөйтіп, жұма күні деп уәделестік қой!

– Ия, жұма күні күтеміз. Сәтті күн ғой. Жолың болсын. Құдағиға сәлем де.

«Жұмасы несі?» – деп ойлайым. «Осы бүгін қай күн? Сәрсенбі ғой... Шынымен жұма күні алып кетпек пе? Қап, осы бір ғұрпы құрғыр жастарды қашанғы қор қыла бермек?»

Шал тауға карай жортып барады. Ұзап кеткенше Әселдің шешесі соңынан карап тұрды. Сосын маған қарай бұрылып, жақтырмай окты көзімен бір атты:

– Неменеге үйір боп алдың осы, жігітім? – деді. – Саған деген керуен сарай жок мұнда! Тұрма боска! Жөнел, естіп тұрмысың? Саған айтып тұрмын.

Байқап қалған болды.

– Машинамның сынып қалғаны! – дедім сазарып. Машинаның ішіне белуарыма дейін кіріп кеттім. Әселді көрмей тұрып, ешкайда кетпеспін деп ойлап коям.

Шешесі сөйлеп-сөйлеп кетіп қалды.

Түрегеп, табалдырыққа отырдым да, темекі тарттым. Әлдекайдан жүгіріп бір кішкентай қыз келе қалды. Бір аяқтап секіріп, ақсаңдап машинаны айналды да жүрді. Аздап Әселге ұқсайды. Сіңлісі емес пе екен?

– Әсел кетіп қалды, – дейді секеңдеп жүріп.

– Қайда? – деймін бассалып. – Қайда кетті?

– Мен қайдан білем! Қоя бер! – Жұлқынып шығып кетті де, тілін көрсетіп тартып тұрды. Машинаның алдыңғы жағындағы қақпақты сарт еткізіп жаптым да, рульге кеп отырдым. Қайда барам, қайдан іздейім? Қайтатын да уақыт болып қалды. Бұрылып ап кейін тарттым, ілбіп қана келем. Бозға шықтым. Арықтан өте беріп тоқтадым. Не істесем екен? Ойым онға бөлінді. Кабинадан сүйретіліп шықтым да, сұлай кеттім жерге. Мең-зеңмін. Әселді де таба алмадым, рейстен де қалдым. Қайтып баруға кеш. Әйтеуір, бір жауап бересің. Болары болар. Ойға баттым тағы да. Ештенені көріп те, естіп те жаткам жок. Сол қалпымда қанша жатқанымды білмеймін. Тегі, ұзақ жатсам керек. Басымды көтердім. Неге екенін әлі күнге дейін өзім де білмеймін. Машинаның ар жағына туфли киген бір қыз кеп тоқтады. Аяғы көрініп тұр. Әсел ғой? Тани кеттім. Қуанғаннан есім шығып кетті. Жүрелеп отырдым да қалдым. Тұруға шама жок.

– Өт, өте бер, әжетай! – деймін «туфлиге» машинаның астына үңіліп жатып.

– Мен әже емеспін! – деп Әсел де ойынға айналдырды. Бұл – біздің ең алғаш рет кездескен жеріміз болатын.

– Енді кімсің?

– Қызбын.

– Қызбысың? Сұлусың ба?

– Қара алдымен.

Екеуміз де күліп жібердік. Ұшып тұрып, тұра ұмтылдым. О да карсы жүгірді. Бетпе-бет кеп тұрып қалдық. Баладай мәз боп күлеміз.

– Нағыз сұлусың! – деймін мен. Ал ол болса самал тербеген жас шынардай толықсиды, жайдары, нәп-нәзік. Қыска жең көйлек киген. Қолтығында екі кітабы бар.

– Менің мұнда екенімді қайдан білдің?

– Кітапханадан келе жаткам. Қарасам, жол үстінде сайрап машинаның ізі жатыр.

– Қойшы? – Бұл маған «сүйем» деген сөзден де артық еді. Тіпті менің машинамның ізіне дейін білсе, онда Әселдің мені ойлағаны ғой, мені жақсы көргені ғой. Сол жақтағы артқы доңғалақтың баллоны құрау-құрау еді.

– Сосын жүгіріп ала жөнелдім. Неге екенін білмейім, сен күтіп отырған шығар дедім!..

Қолынан алдым да:

– Отыр, Әсел, қыдырайық, – дедім.

Ол кетәрі емес. Мүлдем өзгеріп кеткен. Тіпті өзімді-өзім танымай қалғандаймын. Уайым, түйткіл атаулы зым-зия жоқ болды. Тек бір өзіміз, өзіміздің бақытымыз, көгілдір аспан, сайрап жатқан жол ғана бар бұ дүниеде. Кабинаны ашып, Әселді отырғыздым да, рульді алдым қолға.

Тарта жөнелдік. Жол бойын өрлеп келеміз. Қайда, неге бара жатқанымыз да белгісіз. Оған мән берген де біз жоқ. Тек бірімізге-біріміз қарап, қол ұстасып, осылай қатар түзеп отырсақ болғаны. Әсел менің әскери фуражкамды жөндеп қойды. (Екі жыл бойы киген едім).

– Осылай тұрғаны жарасады! – деп, назданып иығыма сүйенді.

Машина қырда құстай ұшып келеді. Дүние әлем-тапырық. Тау мен тас та, дала мен орман да зымырап, қарсы ұмтылады. Жүйткіп келеміз – тентек жел өбіп өтеді бетімізден. Көкте күн де біз күлгесін нұрын төгіп күлгендей, қызғалдақ пен жусанның иісі аңқиды ауада – кеуде кере жұтамыз.

Айдаладағы жалғыз моланың күмбезінде отырған күшіген қанаты далбаңдап ұша жөнелді. Жарыскандай жолды өрлеп төмен ұшып келеді. Қос салт атты қорқып кетіп, жалт берді. Содан соң жан дауыстары шығып айқай салды:

– Ә-әй, тоқта! Тоқтай тұр! – деп көсіле шапқан аттарын қамшылап қояды. Кім болды екен – білмейім. Бәлкім, Әсел аулының адамдары шығар. Шаңға көміліп қала берді.

Алдымыздан бір бірешке бұрылып, жол берді. Қыз бен жігіт екен. Бізді көріп, иық сүйесіп ұшып түрегеп, қол бұлғап жатты.

– Рақмет! – деп айғайлап жібердім кабинадан басымды шығарып.

Қырдан өтіп, тас жолға шықтық. Доңғалақ астында асфальт зу-зу етеді.

Машина көлге қарай беттеп келеді. Жолдан шұғыл бұр-

дым да, шоқ-шоқ бұталар мен көдені көктей өтіп, жағаға қарай тарттым. Суға төніп кеп, нақ жаркабақтың үстіне тоқтадық.

Қайран, қырғыз жерінің мәңгі баки жыры боп өткен Ыстыккөл. Осынау теңіз ғашықтардың ән-жыры мен аңызына толы дегенге кім сенбес. Мөлдіреп, құлпырып, шалқып жатты көк теңіз. Көк ала бас толқындар бірін-бірі қуып кеп сарғыш тарткан жағаға ұрады. Таудан асып күн батып барады, көл беті әрменіректе қызғылт тартып көрінеді. Екінші жақта, алыста қар жамылған көкшіл асулар мұнартады. Басына қошқыл қара бұлт үйіріліп келеді.

– Қарашы, Әсел! Аққуларды қара! – деп айғайлап жібердім. Аққулар Ыстыккөлде күзде ғана болады, қыстап шығады. Ал көктемде өте сирек ұшырасады. Терістікке ұшып бара жатқан түстік жақтың аққулары деседі, жақсыға жорып жатады...

Кешкі көлдің үстінде бір топ акку қалықтап жүр. Біресе жоғары көтеріліп, біресе қанаттарын жайып жіберіп, төмен құлайды. Әне, суға қонып, қанаттарымен су сабалайды, жанжағына көпіршіген дөңгелектер серпеді. Тағы да ұша жөнелді. Содан соң қатар түзеп, қанаттарын жаза самғап алыстап бара жатты, құмқайыр түбекке, қоналқаға беттеп барады.

Кабина ішінде көлге үңіліп үнсіз отырмыз. Бір бәтуаға келген адамдай-ақ сөйлеп кеттім:

– Сонау жағадағы шатырларды көріп тұрсың ба? Біздің автобаза сол. Ал мынау болса, – кабинаның ішін шыр айналдыра нұскайым, – біздің үй!

Өзім де күліп жібердім. Әселді алып барар жерім қайсы.

Әсел жалт карады да, кеудеме басын салды. Аймалап құшақтайды. Күледі де жылайды. Жылайды да күледі:

– Жаным менің, сүйіктім менің! Үй-жайдың да, сән-салтанаттың да керегі жоқ маған. Тек бір тілеуім – әке-шешем ең болмаса кейін барып ұғынса екен, кешсе екен. Өмір бойы өкпелеп кетеді олар, білем ғой... Бірақ кінәлы ме ем мен...

Қас қарайып кетті. Аспанды торлап алған бұлт су бетіне төніп келеді. Көл қарауытып, тына қалған. Тау ішін электр балқытушылары жайлап алғандай. Әр тұстан жарк етіп, сөнеді. Нажағай ойнағалы келеді. Аққулар жолшыбай осында тегін сокпаған екен. Тау үстінен өткенде жауын-шашынға тап боларын сезген.

Күн күркіреп, нажағай жарқ етті. Жаңбыр алай-түлей құйды да кетті. Көл де әупілдеп, бұрқ-сарқ етеді. Тенселіп жағаға соғады. Көктемде алғаш рет күн күркіреп, нажағай ойнағаны осы еді.

Біздің де алғашқы түніміз. Кабинаны, әйнекті жуып кетті аққан су. Қап-қара боп үнірейген көл бетін аппақ нажағай оттары оскылайды. Бір-бірімізге тығылып біз отырмыз. Сыбырлап қана сөйлесеміз. Байқаймын: Әсел сәл үрейленгендей немесе жаурап калғандай. Үстіне пенжегімді жауып, қысыңқырап құшактай түстім. Бұрынғыдан күшейіп, есейіп кеткен тәріздімін. Өзімде осынша жылылық, мейір барын, жақын адамың боп, оны қызғыштай қорып, құрақ ұшу дегенің бір тамаша екенін білген де емес ем. «Ешқашан да, ешкімге де ренжітіп қоймаспын сені, шынарым!» – деймін құлағына сыбырлап. Күн тез айықты. Бірақ дөңбекшіп тулап алған көл тыншыр емес, толқын атып жатыр. Сіркіреп жаңбыр жауып тұр. Кабинаның куысындағы жолға арналған радиокабылдағышты алдым. Ол кездегі менің бар дүние-мүлкім сол еді. Музыка тыңдағанды жаным жақсы көреді. Сосын да кабылдағышты қалдырмай, бірге ала жүрем. Күйіне келтіріп, бір толқынды ұстадым. Әлі есімде: сол күні кеште театрдан «Шолпан» балетінің трансляциясын беріп жатыр екен. Сол балетте жыр боп шертілген махаббаттың өзіндей нәзік те құдіретті музыка жоталардан, аскар таулардан асып кеп кабина ішіне құйылып жатыр. Зал гу-гу, сартылдатып қол соғады, орындаушылардың аттарын атап айқайласады, бәлкім, балериналардың аяғының астына гүл шоқтарын лақтырып жатқан болар. Бірақ театрда отырғандардың ешқайсысы нөсерлеп құйған жауынның астында, буырқанған гентек таскын жағасында, кабина ішінде отырып біз бастан кешкен қуанышты, жан толқындарын дәл сол халде бастан кешкен жоқ шығар деп ойлаймын. Бұл – біздің балет еді, оны біз өзіміздің алғашқы түнімізде тыңдадық. Бақытын іздеп дүние кезіп кеткен Шолпан қыздың тағдыры біздің де жүрегімізді тербеді. Ал менің өз Шолпаным – таң алдында толықсып туған жұлдызым өзіммен бірге, қасымда. Ол менің иығыма сүйенген күйі, түн ортасы кезінде ұйықтап кетті. Мен болсам көпке дейін тыншы алмадым. Әселдің бетін ақырын сипап қоям, тұңғиық түпсіз Ыстық көлдей долының дөңбекшіп, күңіренген үніне құлақ тігем.

Таңертең автобазаға келдік. Қолға біраз алды мені. Бірақ мынадай қуанышты оқиғаның үстінде кешірім де жасады. Сосын жүк тиейтін кранның астынан тұра қашқанымды еске алып, жігіттер көпке дейін күліп жүрді.

Қытайға сапар шегуім керек еді. Әселді өзіммен бірге ала кеттім. Жолшыбай досым Әлібек Жантуриннің үйінде қалдырармын деп ойладым. Ол Нарынның қасындағы базада семьясымен тұратын. Шекарадан онша алыс емес. Талай рет соққаным бар. Әлібектің әйелі де бір жақсы адам. Өзін қатты қадірлейтін едім.

Жолға шықтық. Ең алдымен жол бойындағы магазиннен Әселге аздап киім-кешек сатып алдық. Үстінде көйлегі, қолтығында кітапхананың қос кітабы ғана болғанын айтып ем ғой. Анау-мынаудан басқа ашық гүлі бар үлкен шәлі сатып алдық. Тіпті орнына келді-ақ. Шыға бере ең москал шоферымыз, ақсақалымыз Ормат әкенің кездесе кеткені бар емес пе. Анадайдан маған тоқта дегендей белгі берді. Тоқтадым. Кабинадан шығып сәлем берістік:

– Ассалау-мағалейкүм, Ормат әке!

– Әлейкүм-ассалам, Ілияс! Құс қондырыпсың, бақыт құсы болсын! – деп кәдімгідей қайырлы болсын айтып жатыр. – Бақытты, үбірлі-шүбірлі болыңдар!

– Рақмет! Қайдан білдіңіз, Ормат әке? – деймін таңданып.

– Е-е, балам-ай, жақсы лепес жатқан ба. Осы бүкіл жолдың бойында ауыздан-ауызға тарап жатыр...

– Қарай гөр! – Бұрынғыдан бетер таңдандым.

Жол үстінде әңгімені соғып тұрмыз. Ормат әкенің машинаға жақын келер түрі жоқ. Әселге де көз қырын салар емес. Дес бергенде, Әселдің өзінің ойына сап ете түспесі бар ма: орамалын бүркеніп алды, бетін де көлегейлеп қойды. Сонда барып Ормат әке мәз болып, езу тартты.

– Енді бәрі де орнына келді! – деді ол. Машинаға жақын кеп, Әселге қарады: – Сыйлағаныңа рақмет, қызым. Сен енді бізге келінсің ғой, автобазадағы ақсақал атаулыға келінсің. Бәрі де осы жолдың бойында. Мә, Ілияс, көрімдік.

– Жай көрмей, көрімдік беретін әдет бар емес пе – ол маған ақша ұсынды. Алмасыма болмады. Өкпелеп қалар дедім.

Қош айтыстық! Әсел орамалын түсірген жоқ. Ежелгі қырғыз аулының салтын сақтап, біреу кездессе болды, бетін бүркей қояды. Оңаша қалғанда мәз-мейрам боп күлеміз.

Орамал тартқанда бұрынғыдан да сұлу боп көрінеді Әсел маған.

– Автобазаға келін боп түскен сәулем, аш көзіңді, сүйші!– деймін.

– Қой, ақсақалдар көріп қалар! – дейді де, күліп кеп, байқатпаған кісі боп сүйіп алады бетімнен.

Кейін тіпті қызық болды. Автобазаның жолда кездескен шоферларының бәрі де бізді тоқтатып қойып құттықтайды, бақытты болуымызға тілектестік білдіреді, көпшілігі жолшыбай гүл шоқтарын теріп алыпты, сый-сияпаттары да бар. Мұны қайсы ойлап тапқанын білмейім. Тегі, со жердегі орыс жігіттері ойлап тапқан болар. Селода той болғанда машинаны қызылды-жасылды ғып безеп тастайды ғой. Олар енді біздің машинамызға да қызылды-жасылды, алқара көк шашпау тағып, жібек орамал байлап, гүл шоқтарына бөлеп тастады. Алуан түрлі түске еніп құлпырып кеткен машина, тіпті, күндік жерден көз тарткан болар. Әсел екеуміз мәз-мейрамбыз. Іштей достарыма разымын. Досыңды басыңа іс түскенде сына дейді. Мен басына бақыт күні туғанда да сына дер ем, досыңды.

Жолшыбай ең жақын, жан досым Әлібек Жантурин кездесе кетті. Ол өзі менен екі жас үлкен. Төртпақ, қауға бас. Салмақты, ақылды, оның үстіне тамаша шофер. Базадағы жұрттың бәрі қадір тұтады. Профком ғып сайлап қойған. Маған не айтар екен деп тұрмын.

Әлібек біздің машинаға үнсіз қарады да, басын шайқады. Әселдің жанына кеп, қолын алып амандасты. Құттықтап жатыр.

– Ал, әпкел бермен жолдама қағазды! – деп бұйырды маған. Бұлай қарсы алады деген ойымда жоқ. Түк түсінсем бұйырмасын. Ештене деместен бере салдым. Ол автокаламын алды да, жолдаманың ұзына бойына қиғаштап жаза бастады: «Үйлену тойының рейсі, №167!» деп жолдаманың да номерін қойып қойды.

– Не істеп жатсың сен? – дедім саскалактап. – Документ емес пе бұл!

– Тарих үшін сақталады! – деп күлді. – Немене бухгалтерияда отырғандар адам емес деп ойлайсың ба? Ал енді әпкел қолыңды! – Мені катты қысып құшактап сүйіп алды. Қаркылдап күліп жатырмыз. Әркайсымыз өз машинамызға

карай бет алдық. Қайырыла беріп Әлібек мені тоқтатып алды:

– Ал сонда қайда тұрмаксыңдар?

Не істерімді білмейміз дегендей үндемедім.

– Біздің үй мынау! – деп машинаны көрсеттім.

– Кабинада тұрмаксыңдар ма? Бәлкім, бала-шағаны да сонда өсіретін шығарсыңдар?.. Бар ғой, базадағы біздің кіш-кентай пәтерсымаққа жайғасыңдар, базаның бастығына өзім айтармын. Ал біз өзіміздің үйге көшіп кірерміз.

– Үйің әлі салынып біткен жоқ қой? – Әлібек үйін Рыбачьеге жақын жерде, автобазада салып жатқан. Қолым боста мен де барып қолғабыс тигізіп жүретінмін.

– Оқасы жоқ, ұсақ-түйек жұмыстары ғана қалды. Бұдан артық дәмс етпс, өзің білесің ғой, үйдің жайы әзірге қиындау емес пе.

– Рақмет онда! Бізге бұдан артық ештеңенің керегі жоқ.

– Әйтеуір, біздікіне түсіңдер. Қайта оралған жолыңда құт мені. Мен де келіп қалармын. Сонда әйелдерімізбен ақылдасып отырып шешерміз! – деп Әселді нұскап, көзін қысып қойды.

Ия, солай, енді әйелдерімізбен ақылдасып барып...

– Үйлену сапарың құтты болсын! – деп айқайлады Әлібек артымыздан. Қызық-ай! Осының өзі үйлену сапары екенін байқамаппыз-ау. Несін айтасың тіпті! Бәрінің ынғайы келе қалып жатқанына біз де қуаныштымыз. Тек бір нәрсе көңіліме аздап қаяу салды. Жолшыбай, бір бұрылыста бүйірден Жантайдың машинасы шыға келді. Басқа бір жақтан келе жатыр екен. Жалғыз емес. Кабинада Хадиша отыр. Жантай маған қолын бұлғады. Кілт тоқтадым. Қос машина иін тіресе кеп тоқтады. Жантай терезеден мойнын созып:

– Сен немене, үйленіп келе жатқандай әлем-жәлем болып?– деді.

– Өзі де солай, – дедім мен.

– Қойшы-әй? – Ол сенбегендей даусын соза сөйлеп, Хадишаға қарап қойды. Онымен де қоймай: – Ал біз болсақ сені іздеп сабылып жүрміз, – деп салмасы бар ма!

Хадиша отырған бойы қатып қалыпты. Сасып, боп-боз боп кеткен.

– Сәламатсың ба, Хадиша! – дедім жайраңдап. Ол үнсіз басын изеді.

– Сөйтіп, касыңдағы қалыңдығың екен ғой? – деді Жантай байыбына енді ғана барып.

– Жоқ, әйелім, – деп қарсы дау айттым да, Әселді мойнынан құшақтап алдым.

– Солай ма? – Жантайдың көзі әтештей боп кетті. Қуанарын да, куанбасын да біле алмай тұр. – Ал құттықтаймын, шын жүректен құттықтаймын...

– Рақмет.

Жантай арамза күлкіге салды:

–Ептісің-ау өзің! Қалыңсыз алып қаштың ба?

– Ақымақ! – деп жібердім, машинаны қозғай беріп.

Оңбаған неме! Осындай жандар да болады-ау. Өзінің ит терісін басына қаптайын деп ем. Сөйтсем, алдымда сол жаққа бұрыла бере өр бар екен. Қарасам, Жантай машинаның жанында тұр, бетін сүртіп жатып, әлдене деп айқайлайды, Хадишаға жұдырығын түйеді. Ал Хадиша болса жолдан шыға сала бозға қарай жүгіріп барады. Сол жүгірген бойы барды да, жерге етпетінен құлай кетті. Басын қос қолдап ұстап алған. Олардың арасында не боп қалғанын білмеймін. Бірақ қарадай тынышсызданып, аяп кеттім Хадишаны. Өзіменеге өзімді кінәлы сезінгендей болдым. Бірақ Әселге ештеңе айтпадым. Қуанған көңілін бұзбайын дедім.

Бір апта өткен соң аралық базадағы бұрын семьясымен Әлібек тұрған үйге кірдік.

Үйіміз аядай ғана: сенегі мен екі бөлме. Сондай бірнеше үй бар. Бәрінде де үйлі-баранды шоферлар, бензин құюшы пункттің жұмысшылары тұрады. Үйдің тұрған жері жақсы-ақ, жолдың дәл жиегінде. Нарыннан да алыс емес. Қайткенмен, облыс орталығы ғой. Киноға, магазинге барып тұруға болады, емханасы да бар... Оның үстіне аралық база нағыз жерорта. Біз көбінесе Рыбачье мен Синьцзяннің арасында жүріп тұрамыз. Әрлі-берлі жүргенде үйге түсіп дамылдауға, коналқаға қалуға болады. Мен күн сайын дерлік үйде болып жүрдім. Тіпті жолда бөгеліп қалсам да, түнделетіп үйге жетем. Әселдің әрдайым тынышы кетіп, күтіп отырғаны, мен келгенше көз ілмейді.

Үй ішіне керек оны-мұнының басын құрап алдық. Тұрмыс оңдалып келе жатты. Әсел жұмыс істейді деп ұйғардық. Ауылда өскем, жұмысқа үйренгем деп өзі қоймады. Сөйтіп жүргенде, бағымызға қарай, ол жүкті болды. Кейін барып

білдік. Әсел босанатын күні Қытайдан қайтып келе жаткам. Тағат таппай асығып келем. Әсел Нарындағы әйелдер босанатын үйде еді. Жетіп келсем – ұл туыпты! Қанша айтсам да, жібермей қойды Әселге. Сонда да мәзбін. Машинаға міндім де, тау-таудың арасымен құйғыта жөнелдім. Өзімеөзім ие бола алмай, зулатып келем машинаны. Қыстың күні болатын. Айналам құз-жартас, қалың қар. Көзім бұлдырап, алдым біресе қараңдап, біресе ағараңдап кетеді. Долан асуының қиясына шыға келдім құйғытып: биік-ақ, төменде калқып бұлттар жүр. Аяқ астындағы таулар ергежейлілер тәрізді. Жайшылықта біп-биік көрінетін. Кабинадан секіріп түсіп, құлама жардың жиегіне жетіп бардым. Кеуде кере дем алып, салдым кеп айқайға:

– Ә-әй, асқар таулар! Ұлым бар менің, ұлым бар!

Тау сілкініп кеткендей боп көрінді. О да маған үн қосады, шаткалдарды шарлап көпке дейін басылмады жаңғырық.

Балақанның атын Самат қойдық. Өзім қойдым атын. Ертелі-кеш әңгіземіз, ермегіміз сол: Самат, Саматжан деп қоямыз. Ол болса күледі. Тісі шықты. Тұңғышын көрген жас жұбайлардың халін біз де кештік басымыздан.

Тату-тәтті тұрдық, бір-бірімізді сондай сүйдік. Ал сонсоң, сонсоң барып қайнады менің сорым... Бақытсыздыққа қалай тап болғанымды біле алар да емеспін. Бәрі де асты-үстіне кеп, астан-кестен болды. Дегенмен өзім ептеп сезем де, бірақ одан келіп-кетері не, тәйір...

Ол адаммен өмір бойы кездескен емеспіз. Ол титтей де кінәлы емес. Бір-бірімізді білген де емеспіз. Бір күні жол бойында ойда жоқта кездестік. Кейін тағы да талай рет кездестіргенімізді ол да, мен де білгеміз жоқ. Бар болғаны сол ғана...

Қоңыр күз. Жол жүріп келем. Күн бұлыңғыр. Жаңбыр ма, қар ма, әйтеуір дымқыл, ұсақ бірдеңе қылаулап тұр. Тау капталдары ұйлыққан тұман. Жол бойы әйнек тазалағышта тыным жоқ. Әйнек терши береді. Тау ішіне сұғына кіріп, Долан асуына таяп қалғам. Әй, Долан, Долан-ай, Тянь-Шаньның асу бермес алыбы ғой ол. Ненің куәсі болмады ол мен үшін! Жолдың ең бір қиын, ұрымтал тұсы. Жол жыланша иреленде жатыр. Барған сайын биіктей береді. Екі жағы құлама жар. Шырқап көкке шығасың, бұлт дегенің тапталып доңғалақ астында жатады.

Біресе орындыққа жабысып, мықшиып қаласың, біресе күлдіпап төмен құлайсың, рульді ұстаған күйінде катасың да қаласың. Ауа райы шабынған бура сияқты. Доланға қысы-жазың бәрібір. Кенеттен бұршақ төгіп, жаңбыр төпеп жүре береді немесе қар жауып, ақ түтек боран соғады, қарға адым жер көрмейсің. Осындай біздің Долан карт!.. Бірақ Тянь-Шаньда тұрған біздер оған әбден үйреніп алғанбыз. Талай рет жеті қараңғы түнде де өткеніміз бар... Тек қазір айтуға оңай. Онда күні-түні жұмыстасың. Ойланып-толғанып жатуға мұршаң жоқ.

Доланға жақындай бере бір шатқалдың бойында жүк машинасын қуып жеттім. Әлі есімде – ГАЗ-51 еді. Қуып жеткем жоқ-ау, ол бір орнында тапжылмай тұр екен. Екі бірдей адам мотормен әуре боп жүр. Біреуі самарқау басып жолға шықты да, қол көтерді. Мен жолда тұрмайын деп өтіп барып тоқтадым. Үстінде суға малшынған жалбағай брезент плащы бар кісі менің қасыма келді. Жасы қырықты алқымдап қалған, буырыл мұртын солдаттарша тікірейте қырған. Өңі түнжыраңқы, суық. Көзқарасы байсалды.

– Жол участогына жеткізіп тасташы, жігітім, – дейді маған. – Трактор әкелейік десек, мотор от алмады.

– Қай участокке? – деп сұраймын. Өйткені жол жөндейтін участок көп-ақ. Он бес-жиырма шақырым сайын кездесіп отырады.

– Метеостанцияның бер жағындағы, Долан участогына.

Метеостанция асудың нақ биігінде, ал жол участогы жеті шақырымдай берірек, жолдан қағаберіс құлама қабақта.

– Мініңдер, апарып тастайын, – басқа бір ой сап етті, – өзіміз ештеңе жасай алмаймыз ба? – дедім де, кабинадан жерге түстім. Қас қарайғанша трактормен әуре боп жүре ме, көмектесейін деп ойладым. Тіпті жолшыларды да қадірлеу керек қой: олар бізге бола тыным көрмейді.

– Не істей қоярмын деп ең, ештеңе де шықпайды, – деді шофер ұнжырғасы түсіп. Қақпақты жаба салды. Бишара бала әбден тоңып, көгеріп кеткен. Біздің жақтыкі емес, астанадан келгені көрініп тұр. Алақтап қарай береді. Фрунзеден участокке бірдеңе әкеле жатса керек. Не істесем екен деп тұрмын. Бір аусар ой сап ете түсті. Асуға бір қарап алдым. Аспан түнеріп, қарауытып тұр екен, бұлт та жер бауырлап төмен шөккен. Әйтсе де, тәуекел дедім. Керемет бірдене

ойлап таппасам да, соның өзі маған дәл сол шақта ғаламат боп көрінді.

– Тормозыңның жөні түзу ме? – деп сұраймын шофердан.

– Сөз болғаныңа... тормозсыз жүр деп пе ең! Бәле моторда деп тұрғам жоқ па саған...

– Трос бар ма?

– Қайтейін деп ең, ал – бар!

– Әпкел мұнда, тірке тез. Олар сенімсіздене қарады маған. Орындарынан қозғалар емес.

– Немене, жынданғанбысың өзің? – деді шофер естілер-естілмес.

Менің мінезім белгілі. Жақсы ма, жаман ба – білмейім: басыма бір ой келсе болды, тыным көрмейім. Өліп кетуге бармын, бірақ дегеніме жетпей қоймаймын. Шоферға жатып кеп жалындым.

– Тыңда сөзді, достым, тіркей қойсайшы! Міне, антым, міне, иманым, қайтсем де сүйреп жеткізем!

– Жайыңа тұр! – деді қолын сермеп. – Немене, бұл жерде тіркеуге алуға болмайтынын білмеуші ме ең сен. Тіпті ойыма да кіріп шықпайды. Тайып тұр жөніңе!..

– Өй, есек, қоркақ неме! – Бұрылып жүре бердім. Кеттік!– деп жол жөндеушіні шақырып алдым. Ол расында да жол жөндеуші боп шықты. Оны мен кейін барып білдім.

– Тоқтай тұр! – деп маған бір қарады да, шоферға:

– Тросты әкелші, – деді. Шофердың есі шығып кетті:

– Сіз жауап беретін. Машина сіздің қарауыңызда, Бәйтемір-әке! – деді.

Жол жөндеуші бір-ақ қайырды:

– Бәріміз де жауап береміз.

Маған мұнысы ұнады. Мұндай адамды салғаннан-ақ сыйлап жүре бересің.

Екі машинаны тіркестіріп ап жүріп кеттік. Алғашқыда бәрі де жап-жақсы-ақ еді. Ал Доланға барған соң құлайды жол. Мотор ышқына өкіреді, құлақты шуылдатып мең-зең қылады. «Жоқ, жоқ, соңғы тамшы күшіне дейін сығып алам» деп қоям. Доланда жол қанша ауыр болса да, моторда аздаған артық күш қалатынын бұрын да сезуші ем. Өйткені жүк тиегенде сақтанып, тая соғып, норманың жетпіс процентін ғана тиейтін. Бұйрық солай. Ол шақта мұның бәрін ойлап жатуға мұрша жоқ. Жарысқа түскен жүйріктей,

бойымды бір долы күш билеп кетті. Қайтсем де дегеніме жетіп тынбақпын. Аналарға қол ұшын беріп, машинасын жеткізіп тастасам дегеннен басқа ой жоқ. Бірақ бұл оңайға соқпады. Астымдағы машина ышқынып, қалш-қалш етеді. Ойнекке лайсаң қар жабысып алған, тазалағыш зорға деп қана ысырып түсіреді. Әлдекайдан бұлт қаптап, доңғалаққа оралады, будақтап алдыңды орайды. Жолдың құлама, шұғыл бұрылыстары тап болды. Іштей өзімді сыбап келем: осыны қайдан басыма тілеп алдым, қасымдағыларды жазым қылмасам жарар еді деп ойлап қоям. Машинадан бетер өзім баттым азапқа. Киім біткенді сыпырып тастадым. Малақай да, фуфайка да, пенжек те, свитер де қалды жайына. Көйлекшең ғанамын, моншаға түскендей бусанып келем. Оңай ма: іркеп алған машинаның салмағы қанша, оның үстіндегі жүк қанша. Дес бергенде Бәйтемір табалдырықта тұрып ап, бізге жөн сілтеп отырды. Маған дауыстап қояды да, анаған қолымен белгі береді. Жолдың ірімдеріне кеп мықшыңдағанда қолды бір-ақ сілтер ме екен деп ойлаймын. Бірақ ол қас қағар, міз бағар емес. Ұшар бүркіттей комданып алған. Кабинаға шеңгелін қадап, айырылар емес. Қарасам, өңі байсалды, тастан қашап жасағандай. Бетін, мұртын жуып сорғалап су ағады. Сонда да көңілді. Алдымызда енді бір ғана өр бар. Содан ассаң болды. Сол сәт Бәйтемір терезеден басын сұғып:

– Байқа, алдымызда машина! Оңға қарай бас, – деді.

Оңға қарай бұрылыңқырай жүрдім. Таудан жүк машинасы түсіп келеді. Жантайдың машинасы! Жантай болса айтып қояды. Содан соң жол жүрісінің қауіпсіздігін қадағалайтын инженер сыбағамды беретін болар деген ой сап ете түсті. Ол жақындап келіп қалды. Рульге жабысып алған, төмен сырғып келеді, сүзе қарайды. Арамыз қол ұсының жер ғана. Қатарласа бергенде Жантай терезеден жалт етіп, ыршып түсті, қызыл түлкі малақай киген басын қазымырлана шайқады. «Мейлі, – дедім ішімнен, – жаныңа жақса, айта бер аузыңа келгенді».

Өрге шықтық, төменде құлама сай, онан әрі жол жазық. Содан асудың ең беліне жақындай бере жол участоктың усадьбасына қарай бұрылады. Мен де соған түстім. Әрең дегенде сүйреп жеттім-ау, әйтеуір! Моторды сөндірдім, құлағым ештеңе естімейді. Керең боп қалыппын. Өзім емес,

табиғат мылқау боп қалғандай. Құлаққа ұрған танадай, меңіреу үнсіздік. Бәйтемір секіріп жерге түскенде барып қана естідім. Кабинадан сүйретіліп шығып, табалдырыққа отыра кеттім. Әлім құрып, тұншығып барам. Оның үстіне асуда ауа сирек қой. Бәйтемір жүгіріп кеп үстіме фуфайка жауып, басыма малақай кигізіп жатыр. Ана машинадан сүріне басып шоферымыз келеді. Өңі қашып кеткен, үндемейді. Алдыма кеп жүрелеп отыра кетті де, сигарет ұсынды. Сигарет алдым. Қолым дір-дір етеді. Бәріміз де темекі тартып, ес жидық. Тағы да бір асау күш кернеп шыға келді бойымды.

– E-he, көрген шығарсың? – деп шоферді иықтан салып жібердім. Ол отыра кетті. Үшеуміз де ұшып түрегеп, бір-бірімізді аркадан, жауырыннан салып жатырмыз. Өзіміз қуанып, есіре айқайлап, қарқылдап күліп жүрміз...

Ақыры сабамызға түсіп, тағы да темекі тарттық. Киініп сағатыма қарап, асыға бастадым:

– Ал мен жүрейін!

Бәйтемір қабағын шытты.

– Жоқ, үйге кір, қонақ бол!

Менің зәредей де уақытым жоқ.

– Рақмет! – дедім. – Бірақ мұршам жоқ. Үйге жетіп алайын, әйелім күтіп отырған шығар.

– Қалсаң қайтеді? Бір шыныны тастап алармыз! – деп жаңа танысқан шофер досым да жік-жапар болып жатыр.

– Қой! – деп Бәйтемір оның сөзін бөліп жіберді. – Әйелі болса күтіп отыр. Атың кім?

– Ілияс.

– Тарта бер, Ілияс. Жеткізіп тастадың, рақмет.

Бәйтемір табалдырықта тұрып мені жолға дейін ұзатып салды. Сонсоң үнсіз қолымды қысты да, секіріп түсті.

Тауға шыға беріп, кабинадан басымды шығарып қарасам, Бәйтемір жол үстінде әлі тұр екен. Малақайын қысып ұстап алған, ойға батып, басын салбыратып жіберген.

Бар болғаны осы. Сонымен қош айтыстық.

Бірақ бұл мен үшін тегіннен-тегін кетпеді. Суық тиіп қалған екен. Үйге келген бетте байқай қоймап ем. Апыл-құпыл тамақтандым. Әселге бар жайды тәптіштеп айтқаным да жоқ. Тек жол бойында біреулерге көл ұшын берем деп кешігіп қалдым дедім. Одан ештеңе жасырмаймын. Бірақ сол күнгіні несіне айтып жатам дедім. Онсыз да әрдайым мені ойлап

мазасы кетіп, зәре-құты қалмай отырғаны. Оның үстіне ондай азапқа енді қайтып жолай көрмеспін деп ойладым. Бір рет бастан кештім, асумен де алысып көрдім. Осы да жетер. Бұл ойды ертеңіне-ақ ұмытып кетер ме едім – бірақ қайтып келе жатқанда қалпақтай ұшпасым бар ма. Үйге жан дәрмен күй жеттім де, жатып қалдым. Есімді білмейім. Көз алдым бұлдырай береді. Долан асуын өрлеп тіркеулі машинаны сүйреп келе жатқан тәрізді болам. Боранның өзі ып-ыстық, аптап бірдене. Бет шарпиды. Әлім құрып, тынысым тарылып барады. Рульдің дөңгелегі мақтадан жасалғандай. Бұрасам болды, колыма жабысады да қалады. Алдымдағы асудың шеті де, шегі де жоқ. Радиаторы шошайып, жоғары қарай мықшындап келеді машина. Өкіре беріп құзға қарай құлап түседі... Сірә, бұл сырқаттың асуы болса керек. Сол асудан үшінші күн дегенде ғана барып астым. Оңала бастадым. Екі күп жаттым. Көңілім сергіп қапты. Тұрайын десем, Әселдің жіберер түрі жоқ. Тұрғызбай тағы да екі күн жаттықзып қойды. Жүзіне қараймын да қайран болам: ауырған осы мен бе әлде ол ма деймін? Соншама азап шегіп, танымастай боп өзгерген. Көзінің алдына көк теңбіл түсіп, жүдеген. Үп деп жел сокса болды – құлайын деп тұр. Қой бүйтіп болмас едім. Ақымақ болуым жетер. Дем алсын да Әсел. Төсектен түрып, киіне бастадым.

– Әсел! – деп шақырдым ақырын ғана. Балақанымыз ұйықтап жатқан. – Көршілермен сөйлес. Саматты қалдырып кетейік. Киноға барамыз!

Ол кірауаттың жанына жүгіріп кеп, мені жастыққа жығып сап, алғаш рет көріп тұрғандай сүзіле кеп қарайды. Жыламайын десе де, кірпігі жасаурап, ерні кемсендей береді. Кеудеме бетін баскан бойы солқылдап жылап жіберді.

– Не болды саған, Әсел? Не боп қалды? – деймін сасқалақтап.

– Қайтушы ед, аздап ауырып тұрдым. Қайта үйде сенің қасыңда болдым, Саматпен ойнап маукымды бастым. Баламыз еңбектейді, жүрейін деп жүр. Нағыз қызық кезі. Тіпті, маған салсаң тағы да ептеп ауырып тұрғанды теріс көрмес ем! – деймін қалжыңдап.

– Қойшы! Айта көрме! – дейді Әсел жан даусы шығып. Кішкентай кірауатында жатқан баламыз оянып кетті. Әсел көтеріп алып келді. Үшеуміз кірауат үстінде алысып ойнап,

мәз-мейрам боп жатырмыз. Бала боп кеткендейміз. Самат аюдың баласы құсап қорбиып әрлі-берлі домалайды, бізді аймалап қояды.

– Қарашы, рахат емес пе! – деймін.

– Ал сен? Тоқтай тұр, көп кешікпей ауылдағы сенің карттарыңа да барамыз. Кешпей көрсін. Саматымыздың қандай болғанын көрген соң айналып-толғанып, бәрін де ұмытып кетеді...

Расында да, айыбымызды тартып, ауылға барып қайтсақ деген ойымыз да бар еді. Бірақ алдымен демалыс алу керек, жолға қамдану керек. Туысқан-туған атаулының бас-басына бірдеңе алған жөн. Құркол барғым келмейді.

Сөйтіп жүргенде қыс түсіп кетті. Тянь-Шаньда қыс қатты, қар жауып, боран борап тұрады. Тауда көшкін де жиі-жиі болады. Шоферлар тыным көрмейді. Жолшылардың көрген күні одан да қиын. Олар көшкінмен алысып қара тер болады. Қар көшкіні құлайды-ау деген қауіпті тұстардың қарын алдын ала құлатып, артынан тазалап жатқаны. Рас, сол жылы қыс онша қатты болған жоқ. Әлде мен байқамадым ба, шофердың асықпай, алаң болмай жүретін күні бар ма. Оның үстіне күтпеген жерден автобазаға қосымша тапсырма жүктелді. Шынын айтқанда, соны шығарып жүрген шоферлардың өздері, ең алдымен мен өзім. Сол қадамым қате болды-ау деп қазір де өкінбеймін. Дұрыс жасадым. Ал менің талайсыз, бақсыз халім де сол кезде басталды. Бұл былай болған еді. Бір күні кешқұрым автобазадан қайтып келе жатыр ем. Әсел маған бір түйіншек беріп, Әлібек Жантуриннің әйеліне апарып таста деген. Жолшыбай сонда соқтым. Әлібектің әйелі шықты. Түйіншекті беріп жатып:

– Әлібек үйде ме? – деп сұрадым.

– Жоқ, әлі келген жоқ.

– Ол қайда өзі, жолда ма еді?

– Жоқ. Бүгін шыққан жоқ. Кейінге қалдырыпты. Жүгірумен жүр. Қытай жұмысшыларынан автобазаға телеграмма келген дей ме.

– Онда не боп қапты?

– Заводтың керек-жарағын тезірек жеткізіп беруді өтінсе керек.

– Қандай керек-жарақ? Әлгі салынып жатқан Синьцзян ауылшаруашылық машиналарының заводына ма?

– Қайдам, Ілияс. Естірсің өзің.

– Ал Әлібектің өзі қайда қазір?

– Қайдасы несі? Жүк түсіретін станцияда. Жұрттың бәрі сонда. Эшелондар келіп қалған дей ме.

Сонда тарттым. Жай-жапсарын әбден біліп алайын дедім. Жетіп келдім. Жүк түсіретін станция көлдің жиегіне таман, шатқалда болатын. Бұл теміржолдың ең шеткі станциясы. Үсті ылғи шаңға бөгіп, мұнартады да тұрады. Шатқалдан қуалай соққан жел діңгекке ілінген фонарьларды шайқап, шпалдардың үстін шаңдатып кетеді. Вагондарды іріктеп әрлі-берлі паровоздар жүр. Жолдың ең шетінде жебесін созып кран тұр. Қаңылтырмен, сыммен орап шандыған жәшіктерді платформадан алып тиеп жатыр. Қателеспеген екем. Бұл – Синьцзянға баратын, ауылшаруашылығы машиналарын жасайтын заводқа арналған жүк. Онда үлкен құрылыс салынып жатыр. Кейбір керек-жарақтарды біз бұрын да апарғанбыз.

Біздің автобазаның машиналары қаптап кетіпті. Бірақ жүк тиеп жатқан ешкім жоқ. Бәрі де әлденені күткендей. Қайсыбіреу кабинада, табалдырық үстінде отыр, ал енді біреулер желден ықтап, жәшіктерге сүйеніп тұр. Сәлем бердім. Ешкім де жөндеп жауап қатпады. Темекілерін будақтатып үнсіз отыр. Шет жақта тұрған Әлібекті көріп, жағалап соған келдім.

– Сәлем, Әлібек!

– Сәлем.

– Не боп жатыр мұнда? Телеграмма алды дей ме?

– Ия. Заводты ертерек жүргізгілері келетін көрінеді.

– Оны неғыл дейді?

– Бізге тіреліп тұрған жоқ па.

– Я, ол белгілі ғой.

– Жол бойына қанша жүкті үйіп тастағанын көрмей тұрмысың, тағы да әкеледі. Қашан тауысамыз? Байқаймысың? Ал ана жақта бізді күтіп отыр, үміт артып отыр!.. Әр күнің қымбат оларға.

– Оны маған неғыл дейсің! Менің қанша қатысым бар?

– Со да сөз бе екен! Немене, басқа бір елден кеп тұрсың ба сен? Әлде бізге тапсырылған іс қандай екенін түсінбейсің бе?

– Құдай ақына, жынданған шығарсың! – деп таңданып, ығысып шетке шықтым.

Осы тұста үйілген жәшіктердің арасынан әркилы дауыстар естіле бастады. Біздің автобазаның бастығы Аманжолов келді. Етегін көлегейлеп темекісін тұтатып, бәрімізді бір шолып өтті.

– Хал осылай, жолдастар, – деді ол, – министрлікпен телефон аркылы сөйлесіп көрермін. Бәлкім, олар жәрдем де берер. Бірақ оны малдану қиын. Қайтерімізді әзірге өзім де білмей тұрмын...

– Бірдеңе ойлап таба қою қиын! – деді бір дауыс. – Жүк болса шомбал-шомбал кесек. Кузовка екеу-үшеуден артық сыймайды. Ал күні-түні тасығанда да, құдай ақына, көктемге дейін жетеді.

– Әңгіме сонда боп тұр ғой, – деді Аманжолов. – Бірақ тасып бітіруіміз керек. Ал қазір үйді-үйлеріне тарап, қабырғаларыңмен ақылдасып көріңдер!

Ол газикке мінді де, кетіп қалды. Біздің жігіттердің ешқайсысы да орындарынан қозғалмады. Омалып қалғандай. Бұрыш жақта қара көлеңкеде отырған біреу өз-өзінен күжілдеді:

– Түк те шықпайды! Ала қойдың терісі алты тонға жетер ме! Ертерек қам жеу керек еді! – деп түрегеп, темекісінің қалдығын сөндірді де, машинасына қарай аяңдады.

Оны тағы біреу қостады. Бізде әман осылай. Жан алқымға таянғанда-ай, айналып кетейін шоферлар, құткара көріңдер деп бізге жабысады! Оған тарпа бассалғандар да бар:

– Бұл – халықаралық іс. Ал сен болсаң, Ысмайыл, базардағы қатындарша бажылдайсың!

Мен дауға араласпадым. Бірақ сол сәт ана жолы асуда машинаны тіркеп алып шыққаным ойыма сап ете түспесі бар ма. Шыдамадым. Қашанғы әдетіме бағып қызараңдап шыға келдім.

– Бас қатыратын не бар! – деймін, ортаға жұлқынып шығып.

– Машиналарға тіркеу салу керек!

Ешкім қыбыр етпеді. Кейбіреулер тіпті маған көз қиығын да салар емес. Ақымақ адам не айтпайды деп тұрғандай.

Жантай ғана шіңкілдеп қоя берді.

– Қарай гөр! – Мен оны даусынан танидым.

Алақтап жан-жағыма қараймын. Бәрін бастан-аяқ айтқым келеді. Еңгезердей біреу жәшіктен түсті де, қолғабын қасын-

дағы жігітке бере сап, маған жетіп келді. Желкемнен ұстап өзіне қарай тартып, тұмсық түйістіріп:

– Ал, үрлеші! – деді.

– Һа-а! – деп үрлеп жібердім бетіне.

– Мас емес, сап-сау! – Өңкиген неме таңданды да, жағамды босатып қоя берді.

– Онда ақымақ екен! – деді жолдасы. Екеуі машиналарына барып мінді де, тартып отырды. Басқалар да кетпек боп түрегелісіп жатты. Өмірімде бүйтіп қор боп, мазаққа батып көрмеген шығармын! Ұяттан өртеніп барам.

– Қайда кетіп барасыңдар, тоқтаңдар! – деймін шоферлардың арасына килігіп. – Мен рас айтам. Тіркеу салуға болады...

Москал жасты, байырғы шоферлардың біреуі ызаланып жаныма жетіп келді:

– Мен осы жерде машина жүргізе бастағанда сен жалаң бұт жүргенсің, балақан. Ерігіп, сауық құрар жерің – Тянь-Шань емес. Аяймын. Мазақ боп қайтесің...

Жұрт күлісіп тарай бастады. Сол-ақ екен, станцияны басыма көтеріп айқайға бастым кеп:

– Шофер емессіңдер, қатынсыңдар түге! – Басыма сор тілеп алдым сөйтіп. Жұрт сәл аялдады да, тарпа бассалды маған.

– Немене, сен, оңбаған неме! Қырайын деп пе ең!

– Жаңашыл неме! Бәйгі алайын деген ғой! – деп шінкілдеді Жантай. Жұрт у-шу боп жамырап, мені тықсыра-тықсыра жәшікке әкеп тіреді.

– Мазағың ба!

– Берші құлақ шекеден!

– Бокмұрын!

Жүндей түтер деп ойлап, жерде жатқан тақтайға бас салдым.

– Былай тұрыңдар! – деп ақырып жіберді біреу. Жұрттың бәрін кейін ығыстырды. Әлібек екен.

– Тыныштарыңдар! – тағы да айқайлады. – Ал сен, Ілияс, айтшы дұрыстап! Шапшаң айт!

– Айтатын несі бар, – дейім ентігіп. Ауыз ашқанша жұлынбай қалған түймем жоқ.

– Асуда бір машинаны жол участогына дейін сүйреп апарғам. Тіркеуге алдым. Жүгі де бар еді. Сол.

Жігіттер сеніңкіремей үнсіз қалды.

– Сөйтіп, сүйреп жеткіздің бе? – деді біреу күдіктеніп.

– Ия, Доланнан өтіп, усадьбаға дейін апардым.

– Бәлесін қарай гөр! – деп таңданды бір дауыс.

– Соғып тұр өтірікті! – деді екінші біреу.

– Өтірік айтып, ит боп кетті деп пе еңдер! Жантай өз көзімен көрген. Әй, Жантай, қайдасың? Айтшы! Қалай кездескеніміз есіңде ме...

Бірақ Жантайда үн жоқ. Жер жұтып қойғандай. Ол оңбағанды мен бостан-боска жек көріп жүр деймісің. Оны ешкім де елеп іздеген жоқ. Жұрт дауласа бастады. Мені жақтаушылар да табылды. Бірақ пәтуасыз біреу жұрттың бәрін сабындай айнытты:

– Боска әуре боп қайтесіңдер! – деп мінгірледі ол. – Біреу баяғыда сөйтіпті деп. Не болмайды. Бала емеспіз, шаға емеспіз. Біздің жолда тіркеумен жүруге тыйым салынған. Ешкім де рұқсат ете алмайды. Жол жүрісі қауіпсіздігінің инженеріне айтып көр. Көкеңе көрістірсін. Саған бола ешкім де басын сотқа байламайды... Соза беретін не бар...

– Қойшы, осы сен! – деп біреу сөзге араласты. – Рұқсат етпейді дегені несі! Мынау Иван Степанович отызыншы жылы бір жарым тонналық машинамен асудан бірінші боп өткен. Оған ешкім де рұқсат еткен жоқ болатын. Әлі күнге дейін тірі жүр ғой, міне...

– Солай болғаны бар-ды, – Иван Степанович қостады оның сөзін. – Бірақ күмәным да бар. Бұл жерде тіркеумен ешкім жазды күні де жүріп көрген емес, ал қазір болса қылшылдаған қыс...

Манадан бері үнсіз тұрған Әлібек сөйлеп ала жөнелді:

– Дауласып-дауласып болдық. Рас, тосын жағдай. Бірақ ойланып көру керек. Бірақ, Ілияс, сен айтқандай, әкел де тірке, тартып жүре берем деудің жөні бола қоймас. Аттың жалы, атанның қомында ештеме де бітпейді. Байыбына барып ойланып, әзірленіп ап, сынға сосын түсу керек. Құр сөзің дәлел емес...

– Дәлелдеп шығам, – дедім. – Сендер бастарыңды қатырып, бал ашып болғанша дәлелдеп шығам мен! Сонда барып жетер көздерің! – Жалт бұрылып, машинама жетіп кеп, автобазаға тартып тұрдым.

Әркімнің бір мінезі бар. Сыр бермеген жақсы ғой. Бірақ қолдан келе бере ме сол. Екі қолым рульде. Астымдағы машинаны да, алда жатқан жолды да сезіп келе жатқам жоқ. Реніш пен өкініш, ашу-ыза билеп алған бойымды. Ұзап шыққан сайын зығырданым қайнай түсті. Жоқ-жоқ, көрсетермін көресісін. Кісі сөзіне сенбеудің, сайқымазақ етудің, жай басып, жалтақтаудың не екенін әлі-ақ көрсетермін мен! Әлібектің де жігіттігіне болайын: әзірлену, сынау, ойланып-толғану керек деді-ау! Қашанда сол ақылдымсып, абай болып жүргені! Пысқырмаймын да онысына. Дегеніме жетіп, жер қыламын бәрін де!

Машинаны гаражға әкеп қойсам да, айналсоқтап кете алмадым. Сырт көзге ашуым таркаған сияқты көрінсе де, ішім астан-кестен. Айтқанымның ақиқат екенін қайтсем дәлелдеймін деген бір-ақ ой. Бастыкка барып канша айтсаң да, дәлелдеп бақсаң да – сөзің өтпейтіні хақ. Мұны өзім де қаламадым. Шығар жол біреу ғана: тіркеу салып ап, асу қайдасың деп тартып тұру. Қайткен күнде де осылай етуім керек. Бірақ маған тіркеуді кім берер, оны сүйретіп автобазадан Тянь-Шаньға қарай шығуға рұқсатты кімнен аларсың?

Осы оймен гараждан шығып, ауланың ішін кезіп біраз жүрдім. Түннің бір уағы. Тек диспетчер бөлмесінің терезесінен ғана жарық көрінеді. Бөгеле түсіп ойланып қалдым: диспетчер ше! Оның қолынан бәрі де келмей ме! Бәрі де соның қолында. Асыға басып келем. Айтпақшы, бүгін онда Хадиша болуға тиіс. Тіпті жақсы. Ол меселімді қайтармас, қайтармауға тиіс. Қылмыс жасайын деп жүрген мен жоқ. Ол менің жалпыға бірдей қажет, пайдалы іс тындырып шығуым үшін ғана жәрдем береді.

Диспетчер бөлмесіне жақындап келем. Талайдан бері мұнда бас сұқпағаным, тек терезеден қарап қана кетіп жүргенім түсті есіме.

Бата алмай тұрып қалдым. Есік ашылды. Табалдырықтан Хадиша көрінді.

– Мен саған кеп ем, Хадиша! Орныңнан тапқаным жақсы болды-ау.

– Кеткелі жатыр ем.

– Жүр ендеше, үйіңе шейін ұзатып салайын.

Хадиша таңыркап қасын керіп, күмәндана қарады. Сонсоң барып күлімсіреді:

– Кеттік!

Сыртқа шығып, көшеге қарай жүрдік. Дала қап-қараңғы. Көл жақтан толқынның шуылы естіледі, суық жел еседі. Хадиша қолтықтасып келеді, желден ықтап жабыса түседі.

– Суық па? – деймін.

– Қасымда сен барда тоңушы ма ем! – дейді ол.

Тағы да бірдеңе айтқысы кеп октала берді де, үндемей қалды, бұрынғыдан гөрі жабыса түсті. Алғашқыда алып ұшқан жүрегім басылып, көңілім сабасына түскендей:

– Ертең сенің кезегің қай уақытта, Хадиша?

– Екінші сменада.

– Бір іс боп тұрғаны. Өте маңызды. Бәрі саған байланысты...

Жүріп келеміз, мен оған айтып келем. Алғашқыда оның тіпті құлақ асқысы да келмеді. Мен де қайтпадым. Бұрыштағы фонарьдың жанына кеп токтадық. Хадиша әрі-сәрі.

– Әй, Ілияс-ай! – Ол менің көзіме үрейлене тура қарады. – Осыған боска әуре боп жүрсің ғой!

Айтқанымды қалт еткізбейтінін сезе қойдым. Қолынан ұстап тұрып:

– Боска емес! Сен маған! Бәрі де болады. Ал, келістік қой?– дедім.

Ол күрсінді:

– Жарайды, саған не амал бар! – Басын изеді. Иығынан қапсыра құшақтап алдым:

– Жігіт боп тусаң нетті, Хадиша! Ал, ертеңге дейін! – Қолын қаттырақ қыстым: – Кешке таман қағаздың бәрін даярлап қой, түсіндің бе?

– Асықпа! – деді ол. Қолымды жіберер емес. Сөйтті де жалт бұрылып, теріс қарап кетті. – Кете бер ал... Жатақханаға барасың ғой?

– Иә, Хадиша!

– Жақсы жатып, жайлы тұр!

Келесі күні техникалық байқау болды. Жұрттың бәрі әуресарсаң, әбігер: осы бір инспекторлары құрғырлардың ойда жоқта салып ұрып жетіп кеп, бәле іздеп, акт жасап жатқаны қашанда. Қаншама әлекке салып, әуре қылады кісіні. Бірақ өздерінің қаперінде ештеңе жоқ. Жоспар бойынша автобазаны техникалық тексеруден өткізуі керек екен. Сол жұмыспен жүргендері.

Машинамнан мін табар деп қорыққам жоқ. Бірақ жөндеу жасап жүрген адамдай ойқастап жоламадым. Хадиша келгенше уақыт өткізіп, сылтауратқым келді. Менімен тіл қатысқан ешкім жоқ, кешегі оқиғаны еске түсірген де ешкім болған жоқ. Ия, жұрттың маған қарауға мұршасы да келмей жатыр. Бәрі де қарбалас, техникалық байқаудан тезірек өтіп, жолға шығуға асығады. Әйтсе де көңілі құрғыр қаяулы.

Мен техникалық байқаудан түс ауа барып өттім. Инспекторлар кетіп қалды. Жан жоқ, тым-тырыс. Ауланың төбесі ашық түкпірінде тіркеулер тұр. Оларды ара-тұра жазық жолмен жүк тасуға пайдаланатын. Тіркеулер тұрған жерге қалай өтуді де ойлап қойдым. Ең шеткі тұрғанын алсам дейім. Төрт доңғалағы, кузовы бар кәдімгі арба. Бар болғаны сол ғана. Ал менің соған бола әлекке түсіп жүргенім мынау... Алда не күтіп тұрғанын о кезде біліппін бе. Көңілім орнына түсіп, жатақханаға қайттым. Жақсылап тамақтанып әрі бірер сағат көз шырымын алып алу керек. Сапар өте қиын. Бірақ көзім ілінер емес, дөңбекшіп жатырмын. Күн кешкірген соң, автобазаға қарай тарттым.

Хадиша сонда екен. Бәрі дап-даяр. Үрейін алмайын деп ештеңе демедім. Жолдаманы ала сап гаражға тарттым. Жүгіріп келе жатып: «Ал! Мықты бол енді!» – деп ойлап қоям. Машинаны бұрып, тіркеудің жанына әкелдім. Моторды сәл баяулатып, сыртқа шығып жан-жағыма көз салдым. Жан жоқ. Жөндеу шеберханасындағы станоктың дүрсілі, келе жатқан толқынның шуылы ғана естіледі. Көк әлемі де дамыл тапқандай. Бірақ жұлдыздар көрінбейді. Қасымда бір қалыппен мотор ғана дүрсіл қақса, менің де жүрегім қоса дүрсілдейді. Темекі тартқым келді, бірақ папиросты жұлып ап лақтырып жібердім. Сонсоң...

Қақпа алдында күзетші тоқтатты:

– Тоқта, қайда барасың?

– Жүк тиеуге, ақсақал, – деймін сыр білдірмей. – Пропуск мінекей.

Шал қағазға үңіліп жатыр. Фонарьдың жарығында ештенені ажыратар емес.

– Бөгеменіз, ақсақал! – деймін шыдамсызданып. – Жұмыс күте ме!

Жүкті тез тиеп алдым. Кузовта екі бөлек жүк, тіркеуде екі бөлек жүк. Сонымен жолға шықтым. Сонда барып қана

тарттым темекіні. Жайласып отырып ап, фарды жағып, газды да басып-басып жібердім. Жолды баскан қараңғылық қалтырап, үркіп сала берді. Жол бос, бөгет жоқ, ең ұшқыр жылдамдықпен салып келем. Машина жеп-жеңіл жүйткиді, арттағы тіркеудің тарсылы да жөнді байқалмайды. Рас, бұрылыста бүйірге қарай тартады, рульге зорға деп қана ие болам. Әлі жаттықпағандікі ғой, етім үйреніп кетер деп ойлаймын. «Қайдасың, Долан! Қайдасың, Синьцзян!» – деп айғайға басып-басып ап, атқа шапқандай, рульге жабыса түсем. Жолдың жақсы тұстарында сілтеп-сілтеп алған жөн. Түн ортасына дейін Доланға ілінсем деймін.

Біраз жерге барып қалдым. Бірақ тау арасына енген соң, байқап жүруге тура келді. Мотор іркілер емес. Өрге де оп-оңай, ойнақтап шыға келем. Бірақ төмен түсу қиын. Ойға қарай жүргенде тіркеу бұлғандап, тарсылдап, машинаны жолдан тайдыра береді. Сәт сайын жылдамдықты өзгертіп, баяулай түсіп, рульмен алысып келем. Алғаш ойымда тұқ жоқ, маңғаз-ақ отыр ем. Кейін шыдамым таусылып, мазам кете бастады. Жолда не көп – өр көп, еңіс көп. Кім санап көрген! Әйтсе де мойымадым. Аздап шаршағаным болмаса, қауіп қылар ештеңе жоқ. «Жә, ештеңе етпес! – деп өзімді-өзім жұбатып коям. Асудың алдында дем алып алармын. Бір жөні болар!» Анада күзде машинаны сүйреп әкелу бұл жолғыдан неге жеңіл болғаны ойыма да келген жоқ.

Долан жақын қалды. Фардың сәулесі құздың қараңғы шаткалдарын тіміскілеп келеді. Жол үстіне төнген жартастар кардан айдар тағынған. Фардың жарығында ұлпа қар қыламықтайды. «Жоғарғы жақтан жел тұрған шығар» деп ойладым. Ұлпа қар әйнекке жабысып, төмен сырғиды. Қар жауып тұр екен. Қалың жаумаса да жабысқақ жылмық қар. «Енді керегі осы ма еді!..» – деймін тістеніп. Тазалағыш әйнекті ысқылай бастады.

Асудың шаншыла біткен киясы. Мотор үйреншікті әніне басты. Көзге түртсе, көргісіз қараңғыда жол бойында құртша қыбырлап, ызыңдап келеді. Акыры кияға да шықтым. Енді төмен қарай ойыстаған ұзақ жол. Мотор даусы да өзгеріп, бәсеңси бастады, машина төмен беттеді. Әрлі-берлі соғып келеді. Сезіп келем: артымдағы тіркеу де бір бәле болды, баса-көктеп кеп машинаға соғылады, жалғаған жердегі

металл шақыр-шұқыр етеді. Өзімнің де ту сыртымнан кеп соққандай боп, қарымды қалш-қалш еткізеді. Доңғалақ тормозға бой берер емес, жылмық қармен төмен сырғиды. Машина екпінімен құлдилап келеді, тұла бойы дір-дір етіп біркілдейді. Руль де икемге көнер емес. Машина жолдан шығып, көлденең тартты. Сол сәт рульді қатты бұрып жіберіп, зорға деп тоқтаттым. Одан әріге дәрменім жоқ. Фарды өшіріп, моторды сөндірдім. Қолым қатып қалған. Жаны жоқ тәрізді, сылқ ете түсті. Орындықта шалқайған бойы қатып қалыппын. Қырылдап дем алып жатқанымды сеземін. Бірнеше минут бойы тыпыр етпестен отырдым да қойдым. «Уһ» деп дем алып, темекі тарттым. Айналам – түн-түнек, меңіреу тыныштық. Кабинаның саңылауынан ызыңдап жел ысқырады. Енді не боларын ойлауға жүрегім дауалар емес. Бұдан әрі тағы да жоғары-төмен ирелеңдеп жол кетеді. Мотордың да, қолдың да – соры. Тау бөктеріне жеткенше тыным жоқ. Біресе жоғары өрлеп, біресе төмен сырғып, әрлі-берлі мықшыңдап жатқаның. Қайта-қайта сөйтесің...

Бірақ ойланып жатуға мұрша жоқ, қардың төпеп жатқаны мынау.

Моторды оталдырдым. Машина ышқына өкіріп жоғары өрледі. Тістеніп ап, бір иірімнен бір иірімге асып келемін. Ақыры иірім де бітті-ау. Алдымда құлама ой, одан әрі участокке дейін жазық жол. Содан соң барып асудың соңғы киясы. Зорға деп төмен түстім. Төрт шақырымдай тура, жазық жолмен қатты жүріп барып, екпініммен қияға қойып кеттім. Өрлеп келем, өрлеп келем... Бірақ екпінім ұзаққа бармады. Құдай ұрып, машина митыңдай бастады. Екінші, одан соң үшінші жылдамдыққа салдым. Имиіп, рульге жабысып каппын. Сейілген бұлт арасынан жұлдыздар шыға келді. Бірақ одан әрі жылжи алатын емеспін. Доңғалақтар бір орнында шыр айналып, бүйірге қарай алып кетті. Акселераторды аямай-ақ басып жатырмын.

– Тағы да! Тағы да аздап! Шыда! – деп айғайлаймын жан даусым шығып.

Ыңырана ұлыған мотор дірілдеп, калшылдап барып үзілді де, сөніп калды. Машина төмен қарай сырғи жөнелді. Тормозды басып жатырмын. Ие бола алмадым. Тіркеудің салмағымен машина әлі де сырғып келеді, сырғып келеді.

Акыры жартаска соғып, кілт токтады. Жым-жырт. Есікті жұлкып ашып, кабинадан айналама көз салдым. Құдай ұрған екен! Тіркеу жыраға түсіп кеткен. Енді оны сүйреп шығара алмайсың. Есім шығып кетсе керек, моторды оталдырып машинаны ілгері ырғыттым. Доңғалақтар шыр көбелек айналып, машина бүктетіліп бүкіл денесімен калш-калш етеді. Бірақ козғалар емес. Жолға секіріп түстім де, жүгіріп тіркеуге келдім. Тіркеудің доңғалақтары батып қалған. Не істеу керек? Ойымда түк жоқ, ыза буып, тіркеуге бассалдым. Қос колдап, бар денеммен кеп итерем доңғалакты. Содан соң ыңғымды кузовтың астына төсеп, құтырған аңдай ышқына кеп көтерем тағы да. Басым айналып, көзім карауытып кетті. Тіркеуді сүйреп жолға түсірмекпін. Қайдан! Әлім құрып, жер бауырлап құлай кеттім. Қар аралас балшықты умаждап жатырмын. Ызаға булығып жылап жібердім. Акыры түрегеп, тенселе басып, машинаға барып, табалдырыққа отыра кеттім.

Алыстан мотор гүрілі естілді. Жылтылдаған қос от киядан жазық жолға қарай түсіп келеді. Ол шофердің кім екенін, жеті қараңғы түнде қайдан жүргенін кім білген. Бірақ менде зәре-құт калмады. Сол от қуып жетіп, мені ұстап алатындай. Ұрыша сасқалақтап, тіркеудің жалғаған жеріне бассалдым. Машина мен тіркеуді қосқан сакинаны жерге атып ұрдым да, секіріп кабинаға мініп, жолды өрлеп жоғары тарттым. Тіркеуді тастап кеттім.

Әлдекандай, бір түсініксіз үрей билеп алды бойымды. Арттағы машина өкшелеп келіп калғандай көрініп, құтырта айдаймын. Жол көкірегімде сайрап жаткан соң ғана мерт болмадым-ау деймін. Тіпті екі көзім байлаулы болса да, дәл солай жүріп өтер ем.

Таң сібірлей аралық базаға келіп жеттім. Жынданған адамдай, келе сала есікті сабалап жатырмын. Есік ашылды. Үсті-басым балшыққа батқан калпында, Әселге де қарамастан, үйге кіріп бардым. Ыңқылдап кеп, жұмсақ, дымқыл бірденеге отыра кеттім. Орындықтың үстіндегі үйілген жуылған кір екен. Папирос іздеп калтама қол салдым. Қолыма машинаны оталдыратын кілт түсе кетті. Бар пәрменіммен лактырып кеп жібердім. Қалжырап шаршаған, лас-лас калпымда, басымды салбыратып жіберіп катып калыпын. Отырған бойым, еденнен көз алмаймын. Әсел жалаң аяқ.

Үйіріліп, столдың қасынан шықпайды. Не дейін? Әсел сеңде жатқан кілтті алып, столдың үстіне қойды.

– Жуынасың ба? Кеше кештен бері су жылытып қойып отырмын, – деді ақырын ғана.

Ептеп қана басымды көтердім. Әсел жаураған қалпында қарсы алдымда тұр. Үстінде ішкөйлегі, нәп-нәзік қолдарын төсіне басқан. Үрейлі көздері маған бір түрлі аяп, үздіге қарайды.

– Тіркеуді асуға тастап кеттім! – дедім біртүрлі суық, жат үнмен.

– Тіркеуі несі? – деді ол түсінбей қап.

– Кәдімгі жап-жасыл, темір тіркеу, 02-38! Бәрібір емес пе қандай болса да, – дедім еліріп, – ұрлап әкеткем оны, түсінемісің? Ұрлап әкеткем!

Әсел «уһ» деп, кірауатқа отыра кетті:

– Неге?

– Негесі несі? – Түсінбегеніне ызам кеп кетті. – Тіркеумен асудан өтейін деп ем! Түсіндің бе? Дегеніме жетіп, айтқанымды дәлелдеп шығайын деп ем... Масқара болдым ақыры!..

Бетімді алақанымен жауып алдым. Біраз уақыт бойы екеуміз де үндемедік. Әсел кенет ұшып түрегеп, киіне бастады.

– Неғып отырсың? – деді ширақ үнмен.

– Енді қайтем? – деп міңгірлеймін мен.

– Автобазаға қайтып бар!

– Не дейсің! Тіркеусіз бе?

– Барған соң бәрін де айтасың!

– Саған не болған! – Ашу қысып орнымнан тұрып кеттім. – Қай бетіммен бармақпын тіркеуді сүйретіп? Ғафу етіңдер, кешіре көріңдер, қателесіппін демекпін бе! Аяғына жығылып, жалынбақпын ба! Жоқ-жоқ. Ойына не келсе, соны істесін! Мейлі!

Кірауатта жатқан ұлым бақырған даусымнан оянып кетті. Жылап жатыр. Әсел қолына алып еді, бұрынғыдан бетер жылады.

– Қорқақ екенсің! – деді Әсел кенеттен. Ақырын айтса да, зілмен айтты.

– Не-ме-не! – Есім шығып, жұдырығымды түйіп тұра ұмтылдым. Қол көтерсем де, салып жіберуге батылым

бармады. Әселдің бақырайған үрейлі көздеріне көзім түсіп кетіп, сілейіп тұрып қалдым. Оның қарашығынан өң-түс жоқ, үрейлі кейпімді көрдім өзімнің. Әселді жұлқа итеріп, есікті сарт еткізіп жаба сап, сыртқа шықтым.

Аула жап-жарық екен. Күндізгі жарық көзге шағылып, басқа ұрды: кешегі оқиға бұрынғыдан да бетер маскара, орны толмас өкініш боп елестеп кетті көз алдымда. Шығар жол біреу ғана сияқты: ең болмаса машинадағы жүкті апарып тастау керек. Одан әрі не істерімді өзім де білмеймін...

Қайтар жолда үйге де соқпадым. Әселмен ұрысқандықтан емес, әрине. Онсыз да ызалы едім мен. Ешкімнің көзіне түскім де, ешкімді көргім де келмеді. Басқаларды қайдам, мұндайда өзім оңаша қалғанды, қайғы-мұңымды жұрт көзіне көрсетпеуді ұнатам. Жұрт қайтсін менің қайғымды? Қолынан келсе, ашуың тарқап, өксігің басылғанша сыр берме...

Жолда жүргіншілердің үйіне қонып шықтым. Ұйқы емес, жаткан бір киямет. Түсімде тіркеуді іздеп асуға барған екем деймін. Ізі жатыр, бірақ тіркеу жоқ. Аласұрып жүрмін. Қайда ғана жоғалды, кім әкетті тіркеуді деймін? Қайтып келсем, құдай аткан сол жерде тіркеу расында да болмай шықты. Ізі ғана жатыр. Алып кетіпті. Кейін барып білдім: тіркеуді автобазаға Әлібек сүйреп апарған екен.

Тіркеудің артынан ертеңгісін өзім де жеттім автобазаға. Өңім қашып, қарайып кетіппін. Кабинаның жоғарғы жағындағы айнаға көзім түсіп кетіп еді, өзімді-өзім танымай қалдым.

Автобаза кәдімгі қалпында, шоферларға тән тіршілік. Тек мен ғана басқа жақтан келген жат біреудеймін. Қақпаға орағытып әрең келдім де, аула ішіне елеусіз ғана өттім. Гараждан аулағырақ, түкпірдегі бұрышқа барып тоқтадым. Кабинадан да бірден шыға қойғам жоқ. Алақтап айналаға қараймын. Жұрт жұмысын тастап, маған қарап қалыпты. Шіркін, қазір шыға сап, басың ауған жаққа тартып тұрсаң ғой. Бірақ қайда кетем. Кабинадан шығуға тура келді. Бар күшімді жиып ауланы көктей өтіп, диспетчер бөлмесіне қарай аяңдадым. Аяқты алшаң басып, байсалды көрінгім келеді. Бірақ кінәлы болған адамдай тәлтіректей берем. Бәрі де ту сыртымнан ала көздерімен атып тұрғанын сезіп келем. Атымды атап дауыстаған да, амандаскан да ешкім болған жоқ. Кім біледі, олардың орнында болсам, мен де сөйтер ме ем.

Табалдырыққа жете бере сүрініп кеттім. Жүрегім үзіліп кеткендей болды: Хадиша тіпті ойымда жоқ екен-ау. Ұятқа батырдым-ау әбден! Не демекпін!

Коридорда ентігімді басып, маңдайымның терін сүрттім. Басымды көтерсем, қарсы алдымда «Нажағай» атты қабырға газетіміздің плакаты тұр. «Масқара» деп үлкен әріптермен жазыпты да, төменгі жағына тауда қалып қойған тіркеудің суретін салыпты...

Бұрылып кеттім. Екі бетім дуылдап барады. Диспетчер бөлмесіне кірдім. Хадиша телефонмен әлдекімге жауап беріп жатыр екен. Мені көре сап, әңгімесін доғарды да, трубканы іліп қойды.

– Мә! – деп қырсық боп тиген жолдаманы столға лақтырып жібердім.

Хадиша мүсіркей қарады. Айқай сап, еңіреп жібермесе екен деп тұрмын. «Басқа жерде болса бір сәрі, дәл қазір жыламашы!» – дегендей мөлие түсем. Менің ойымды ұқты да, ештеңе демеді.

– Бақырып-шақырғандар болды ма? – деп жайлап қана сұраймын.

Хадиша басын изеді.

– Оқасы жоқ! – дедім тістеніп. Хадишаны қайраттандырған түрім.

– Сені трассадан алып тастады, – дейді ол.

– Алып тастады? Біржола ма? – Ызалы мыскыл қысып кетті.

– Біржола алып, жөндеу жұмысына жіберейін деп еді... Жігіттер ара түсті... Әзірге ішкі рейстерге ауыстырды. Бастыққа кіріп шық. Шақырып жатқан.

– Бармаймын! Менсіз-ақ шеше берсін! Өкінерім жоқ.

Шығып кеттім. Салым суға кетіп, коридорды бойлап сүйретіліп келем. Біреу қарсы жүрді. Жол беріп, бұрышқа қарай аттадым. Әлібек екен. Қолы май-май. Гараждан келе жатқан беті. Сыртымды беріп өтіп кетейін деп ем, кес-кестеп тұрып алды.

– Жоқ, тоқтай тұр! – деп мені бұрышқа қарай тықсыра түсті. Екі көзі ішіп-жеп барады, ызалы үні де ысылдап шығады:

– Қалай екен, батырым? Дәлелдеп шықтың ба? Дәлелдедің, – иттің баласы!

– Бөтен ой болған жоқ қой, – деп мыңқылдаймын.

– Өтірік айтып тұрсың!

– Өтірік деймісің?

– Дара шығып, көзге түскің келді ғой. Шығардың атағынды! Жап-жақсы істі бүлдірдің. Тіркеумен жүруге болады деп дәлелдеп көр енді! Ақымақ! Даңғой неме!

Бәлкім, бұл сөздер басқа біреуді ойландырар ма еді, бірақ мен үшін енді бәрібір. Дегеніңе жетіп, айтқаныңды орындап шығу қайда енді. Бұрын өзім ғана қайғырып азап шексем, жұрт көзіне жаманатты, жиіркеніштілу қаншалықты ауыр екенін сол сәт қана сездім. Олар болса мені мақтан сөйлегіш, атаққұмар, даңғой біреу деп ойлайды. Тіпті де олай емес еді ғой. Бірақ амал не – болары болып қалды.

– Былай тұр! – деп Әлібекті ысырып тастадым. – Сенсіз де жүрегім айнып, жиным кеп тұр!

Дәлізге шықтым. Өткір, ызғырық жел аула ішіндегі қарды шапшаңдатып қояды. Жұрт маған жақтырмай қарап, бұрылып кетеді. Не істесем екен? Тоңып қатып қалған жұдырығымды қалтама сұға сап, сыртқа қарай аяңдадым. Ойдым-ойдым су бетіне қатқан мұз күтір-күтір сынып, төмен басылады. Аяғыма кеп бір бос қалбыр ілікті. Қақпадан асыра теуіп жіберіп, өзім де солай қарай беттедім.

Күн ұзаққа көше-көшені кезіп жүрдім де қойдым, құлазып қалған пристаньға бардым. Ыстықкөл алай-түлей долданып жатыр, жағадағы баржалар шайқалып-шайқалып кетеді.

Содан соң кемешілердің шайханасынан бір-ақ шығыппын. Терезенің түбінде жалғыз отыр екем. Алдымдағы столдың үстінде арағы орталап ішілген жарты литрлік шыны, ішіне басытқы салынған тарелка. Алғашқы стаканды тартып жіберіп есеңгіреп кетіп, ойсыз күйде төмен қарап қалыппын. Мас адамдардың мағынасыз сөздеріне, көгілдір ашы түтінге толы осынау шайхананың іші қандай болса, менің көңілім де сондай бұлыңғыр, буалдыр. Зәредей саңылау жоқ.

– Неменеге томсарып отырсың, жігітім! – дейді ойнақты, жағымды бір дауыс үстіме төніп кеп. Зорға деп басымды көтердім. Қасымда Хадиша тұр.

– Жалғыз болғасын іше алмай отырсың ба? – деп күлімсірей түсіп, жаныма отыра кетті. – Қосылып ішейік ендеше!

Хадиша арақты екі стаканға бөліп құйып, маған қарай ысырып қойды.

– Ұста! – деді. Осында екеуміз бір қыдырып, арақ ішуге келгендей-ақ жайнай түсіп, қылмыңдап қояды.

– Неменеге жетісіп отырсың? – дедім ренжіп.

– Қайғырып қайтем? Қасымда сен отырғанда төрт құбылам сай, Ілияс. Бұдан гөрі мықтырақ шығарсың, деп ем. Е, не көрмедік біз жазған!

Сықылықтап жақындай түсті. Стаканын соғыстырып қойды. Назды қара көздерін алар емес менен.

Ішіп салдық. Мен темекі тарттым. Үстімді басқан зіл сәл жеңілдегендей болды: сол күні күн ұзаққа бірінші рет езу тарттым.

– Жарайсың, Хадиша! – деп қолын қысып қоям.

Сол күні кеште Хадиша расында да тым ажарлы көрінді.

Сыртқа шықтық. Қараңғы түсіп кетіпті. Көл жақтан ескен кентек жел ағаштар мен фонарьларды тербеп қояды. Жер теңселіп бара жатқандай. Хадиша қолымнан ұстап, демеп келеді. Біртүрлі жанашырлықпен жағамды көтеріп қойды.

– Сенің алдыңда кіпәлымын мен, Хадиша! – Оның алдыңғы айыбымды да сезгендей, оған разы да болғандаймын. – Бірақ есіңде болсын – сені ешкім де сөкпейді... Өзім берем жауапты...

– Әлі-ақ ұмытып кетесің оны, жаным! – дейді ол. – Қандай мазасыз едің... Аласұрасың да жүресің, аяймын өзіңді. Бір кезде мен де сондай едім. Өмір шіркін бір қалыпта тұра ма. Қызығы болса, көріп қал... Тағдырмен ойнап қайтесің...

– Әңгіме мұны қалай түсінуде! Қарсылассам да, ойланып қалдым. – Бәлкім, сенің айтқаның дұрыс та болар...

Біз Хадиша тұратын үйдің ығына кеп тоқтадық.

– Міне, мен келіп те қалдым! – деді ол.

Кетейін десем де, бөгеле бердім. Айырылыса алмай тұрған сияқтымыз. Шын жанашырлық білдіріп, іші-бауырына кіріп тұрған адамды бірден жалғыз қалдырып кету оңай ма. Жалғыз қалып, жатақханаға барудан өзім де қорқатын сияқтымын. Шындық қанша жақсы болғанымен, кейде тіпті шамадан артық ащы болса, тая соға береді екенсің.

– Не ойлап тұрсың, жаным? – деп киылады Хадиша. – Шаршадың ба, алыссынып тұрсың ба?

– Оқасы жоқ, бірдеңе ғып жетермін. Көріскенше.

Хадиша қолымнан ұстады:

– Ішшай, тоңып қапсың ғой! Тоқтай тұр, жылытайын!

– Қолымды пальтосының ішіне тығып, төсіне құшырлана басты. Қолын қаға алмадым. Оттай күйдірген ыстық, ойнақы назына төтеп бере алар емеспін. Алақанымның астында жүрегі лүп-лүп соғады. Аңсап күткен сағынышын паш етіп тұрғандай. Мас болсам да, есімнен айырыларлық халде емес ем. Хадишаның қолын жайлап қана ысырдым.

– Кеткенің бе? – деді Хадиша.

– Ия.

– Хош бол онда! – Хадиша күрсініп жалт бұрылды да, қақпаға қарай тез-тез басып жүріп кетті. Қараңғыда қақпа сарт етіп жабылды. Мен де бұрылып, көшеге қарай аяңдай түсіп, тұрып қалдым. Қалай болғанын өзім де білмейім, жан ұшырып қақпаның жанына кеп қаппын. Қақпаны итеріп жіберіп кіріп барсам, Хадиша күтіп тұр екен. Бас салып мойныма асылып, құшырлана құшақтап, ернімнен қайта-қайта сүйіп жатыр.

– Келдің ғой! – деп сыбырлайды. Қолымнан алып, үйіне қарай беттеді.

Түнде оянып кеттім. Қайда жатқанымды біразға дейін білмедім. Басым мең-зең. Екеуміз бір кірауатта қатар түсіп жатыр екенбіз. Жаланаш денесі жып-жылы боп Хадиша бауырыма еніп кеткен. Бір қалыпты дем алған лебі иығымды шарпиды. Ақырын тұрып кетпек болдым. Сәл ғана қозғалып ем! Көзі жұмулы Хадиша бассалып құшақтап алды. Жұп-жұмыр тізесі қолыма тиіп кетті.

– Кетпеші! – деп сыбырлайды құлағыма. Содан соң басын көтеріп ап, қараңғыда қадала қарап, ауық-ауық үздіге сыбырлайды. – Сенсіз күнім күн емес! Мендіксің сен! Қашаннан менің Ілиясым болатынсың! Аңсағаным өзіңсің. Бір сен ғана сүйсең болды, Ілияс! Басқа тілеуім жоқ менің!.. Сүйгенімнен тартына да алар емеспін, қашанғы азаптай бермекпін өзімді!.. – Хадиша жылап жіберді, ыстық жасы бетімді жуып кетті.

Кете алмадым. Таң ата ғана көзіміз ілінді. Біраз ұйықтап қаппыз. Таңертең бір-ақ ояндық. Тез киініп алдым. Бір түрлі жат, үрейлі ызғар жүрегімді шаншып барады. Шолақ тонымды іле сала, асығып-үсігіп аулаға шықтым. Тонымның түймелерін сала жүріп қақпадан да өттім. Алақтап жан-жағыма қарасам, басында қызыл түлкі тымағы бар біреу дуалдың бұрышынан бері шығып келеді. Атарға оғым болмады.

Жұмыска баруға шыққан Жантай екен. Сол маңда тұратын. Екеуміз де сілейіп тұрып қалдық. Сонсоң байқамаған боп жалт бұрылып, автобазаға қарай тез-тез басып жөнелдім. Жантай оспақтап жөтеліп қойды. Қарды сықырлатып жүріп келеді. Жақындап та кетпейді, қалып та қоймайды. Соның өзінде мені табалап, мұқатып, айызы қанып келеді. Автобазаға жеткенше солай жүрдік те отырдық.

Кіреберісте де көп аялдамадым. Гаражға сокпай, тіке кеңсеге тарттым. Коридорда сәл дамылдап, өзіме-өзім келіп алуым керек екен. Ойыма келсеші. Ертеңгісін бес минутка бәріміз жиналатын бас инженердің кабинеті. Ішіндегілердің түжілдеген дауыстары еміс-еміс естіледі. Кіріп барғым-ақ келеді. Бірақ тая соға берем. Шіркін, қазір терезенің алдында аяғыңды айқастырып отырып ап, темекіні құшырлана сорғанға, ара-тұра көршіңе бірдеңе деп қойып, ертеңгі тапсырманы тыңдағанға, шоферлардың болмашы кикілжіңге бола зілсіз дауласып керіскенін естіп рахаттанғанға не жетсін. Кісі осыны да қимай, аңсайды деп ойлаған жоқ ем. Шоферлар түгел жиналып отырғанда үстеріне батып кіре алмадым. Қорыққан жоқпын. Шыным. Тап болған сәтсіздікке ашынудан туған дәрменсіз қарсылық, ашу-ыза кернеп кетті бойымды. Оның үстіне ойда жокта Хадишамен бірге өткізген түн де көңілімді қобалжыта берді. Жұрттың мені ұмыта қояр түрі жоқ екен. Іштегілер менің жайымды әңгімелеп жатыр. Еміс-еміс дауысқа алғашқыда онша мән бермеп ем. Әлдекімнің ызалы үні тым ашы естілді:

– Бұл не деген бейбастақтық! Сотка беру керек. Сендер болсаңдар әспеттей бересіңдер оны! Осында біреу оның шеті дұрыс еді деді-ау шімірікпей! Ал сонда тіркеуді асуда тастап кеткенін қайтпексің!..

Баска бір дауыс киіп кетті:

– Дұрыс айтады! Көргеміз ондайдың талайын. Ақылының кобін. Автобазаны адам қылдым деп даурығып атын шығармақ, бәйгі алмақ болған ғой! Дегеніне жете алмады бірақ! Жұрт айтысып жатыр. Жарыса сөйлеп, керілдеген дауыстар. Кетіп қалдым. Есіктің сыртында тың тыңдап тұрам ба сол! Жолдама алайын деп диспетчер бөлмесіне бардым.

– Қайда барам? – деп сұрадым отырған қыздан.

Әзірге бұрынғы рейсте екем. Сірә, әлі бір токтамға келмеген болу керек.

Коридорды бойлап кейін кайттым. Шоферлардың топырлап шығып жатканын сезіп, жүрісімді жылдамдата түстім. Әлі керілдесіп келеді. Әлібек те жүріп келе жатып әлдекімге өршелене сөйлейді:

– Ал тіркеуге керек тормозды өзіміздің автобазада-ақ жасап аламыз. Қиын түгі де жоқ. Компрессорға шланг жалғап, қалыпқа салуда тұрған не бар! Ілияс па мынау! Тоқтай тұр, Ілияс! – деп дауыстады.

Токтамай, гаражға қарай жүре бердім. Әлібек куып жетіп, иығымнан жұлқып қалды.

– Түу, құрысын! Зорға деп көндірдім-ау! Даярлана бер, Ілияс! Менімен бірге барасың ғой? Байқап көреміз. Тіркеумен.

Жыным кеп кетті: жолы болмаған досына қол ұшын беріп, құткарайын деген екенсің ғой! Қасына қосып алмақ! Иығыма салған қолын қағып жібердім:

– Тіркеуіңмен қоса жоғал!

– Неменеге шала бүлініп тұрсың! Өзің ғой кінәлы! Әншейін айтып тұрғам жоқ саған: бірдене ойлап тапқан тәріздіміз. Жұрт ақыл қосты, сенің тіркеуіңді асудан сүйреп әкелгенім және бар... Бірдеңе шығуға тиіс...

– Өзің-ақ бара бер. Тиіспе маған. Жайыңа жүр.

– Қой, шырағым. Ақымақ болғаның жетер. Бастаған істі орта жолда аяқсыз қалдырмақпыз ба. Ұмытып барады екем. Володька Ширяев ештеңе демеді ме саған?

– Жоқ, көргем жоқ оны. Не боп қапты?

– Не боп қалғаны несі! Қайда жүрсің? Екі көзі төрт болып Әсел отыр. Жігіттердің бәрінен сұрайтын көрінеді сені, онай ма! Ал сен болсаң!..

Есеңгіреп кеттім. Ұяттан өртеніп, тынысым тарылып барады. Өлсемші одан да. Әлібек болса жеңімнен тартып, тіркеудің жайын ба әлде басқа бірденені ме – айтып жатыр. Анадай жерде Жантай тұр. Екі құлағы бізде.

– Кет! – деп жұлып алдым қолымды. – Неғыл дейсің осы маған! Бере бер сотыңа! Жетті енді! Тіркеуіңнің керегі жоқ, толайым! Біреудің қанжығасына байланар мен емес! Білдің бе?!

Әлібек қабағын түйіп түксиіп кетті:

– Бастаған өзің. Енді ат-тоныңды ала қашпаксың ғой?

Солай ма?

– Не десең, о де! – Бұрылып ап гаражға қарай жүре бердім.

Машинаның қасына келдім. Қолым дірілдей береді. Не істерімді білмеймін. Секіріп машинаның астындағы шұңқырға түстім. Шұңқырдың қабырғасына қаланған сұпсуық кірпішке маңдайымды бастым.

– Тыңдашы, Ілияс! – деп біреу құлағыма сыбыр етті.

Басымды көтеріп алсам, кім дейсің ғой, тоба! Жантай.

Басында малақай.

Шұңқырдың жиегіне саңырау құлакша жабысып отырып алған. Маған карап жымың-жымың етеді.

– Сыбағасын бергенің дұрыс болды, Ілияс!

– Кімнің?

– Әлібектің деймін. Белсенді неме ғой! Тіліне тас байлангандай болды! Жағы бірден қарысты. Әйтпесе, жаңашылмын деп.

– Сенің жұмысың қанша?

– Оның іші сезіп тұр ғой. Шоферларға тіркеудің керегі не, тәйір. Білеміз ғой: біреу норманы ұлғайтып, жүрісті азайтса, соған теңел деп бәрімізге дінкілдейді. Қашықтық пен жүкке төлейтін ақыны да азайтады. Өз қалтамызға өзіміз түсіп не бопты. Даңк деген бір-ақ күндік. Ал содан соң ше? Саған ренжіп жүрген біз жок. Осыңнан танба...

– Біз дегенің кім? – деймін ашуымды әзер басып. Бойды кернеген ыза тынысымды тарылтып барады: – Ана жолы менің машинаны сүйреп апарғанымды көргенде неге үндемегенің белгілі болды енді! Алыстан аңдаймын дейсің ғой. Бірақ көз алдыңдағыдан басқаны көретін сен бе. Басқалар тұк білмейді дейсің ғой. Кімді ақымақ көресің!

– Біз дегенің – өзіңсің бе? – деп қайталап сұрадым.

– Жалғыз мен ғана емес, – Жантайдың көзі жыпылықтап кетті.

– Өтірік айтасың! Шірік неме! Саған ерегіскенде әдейі жүрем тіркеумен! Жаным шығып кетсе де сөйтем. Тайып тұр қазір! Қолыма тағы да бір түсерсің!

– Қой, әй, сен тіпті! – Жантай шап ете түсті. – Сенің де періште екеніңді білеміз ғой... Ойлан бірақ... Ал анадағы бар ғой. Көре бер кызығын дүниенің реті кеп тұрғанда...

– Бәлем, сен бе! – Жан даусым шығып айғайлап жіберіп,

бар пәрменіммен құлақ шекеден қойып кеп қалдым.

Шұнқырдың жиегінде отырған бойы шалқалап бұрып қалпақтай ұшты. Малакайы бір жақта қалды. Шұнқырдан мысықша ырғып шығып, бассалдым. Жантай жан дәрмен ұшып түрегеп жалт берді де, бүкіл ауланы басына көтеріп бақырып жіберді:

– Бұзық неме! Бандит! Жұдырығыңнан қорқар деп пе ең сенің! Саған да бір тосу бар шығар! Құтырып алған әбден. Ашуыңды менен алмақсың ғой!..

Жұрт опыр-топыр жиналып қалды. Жүгіріп Әлібек те келді.

– Не боп қалды? Неге ұрасың оны?

– Шындықты айттың деп! – Жантай сытылып шыға берді. – Көзіне айтқанға! Тіркеуді ұрлап ап, асуға тастап кетеді де, адал көңілмен қол ұшын берген адамның мұрнын бұзады! Атақтан құр қалды, қайтсін енді!

Әлібек енді маған төнді. Сұп-сұр боп кеткен. Ашу қысып, түтігіп тұр.

– Оңбаған! – Кеудемнен итеріп жіберді. – Аскан екенсің. Асудың өшін алмақсың ғой! Сенсіз де күн көрерміз! Батырсыз-ақ!.. – Үндемедім. Айтып ұғындырарлық дәрменім де жоқ. Жантайдың екіжүзді аярлығына жыным келгені сонша, тіпті тілім байланып қалғандай. Жолдастарым маған ажырая қарайды. Ернінің қанын малакайымен сүртіп бақырып Жантай жүр.

Секіріп машинаға міндім де, автобазадан шығып тұра тарттым.

Жолда аракка сілейіп алдым. Мазам кетіп барады. Жаным жай табар емес. Соңғы күндері бастан кешкен оқиғаларға, өзіме деген ашу-ызаны немен таркатсам екен! Әсел есіме түссе болды, жанымды қоярға жер таппаймын.

Жол бойындағы кішкентай бір дүкенге кіріп шықтым. Септігі болмады. Тағы да тоқтап, стаканды толтыра тастап алдым. Сол сол-ақ екен – қарсы кездескен машиналар мен жол жиегіндегі ағаштар, көпір атаулы бұлдырап қала берді артымда. Көңілденген сияқтымын. «Уһ, құрып қалсын бәрі де, – деп қоям. – Осы маған не жетпейді. Ұстаған рульді біл де, жүре бер. Хадишаны несіне кінәлайсың: не істепті ол саған. Елдің қоры сол ма еді. Несі кем? Жайраңдап

тұрған жап-жас, сұлу әйел. Сүйеді сені, тек шығарда жаны басқа. Сен үшін неге болса да көнуге бар. Жаманатқа қалай қимақсың. Онымен бірге болған түнің жаман өтіп пе еді. Жақсылықты білмейтін ақымақ!»

Кештетіп үйге келдім. Теңселіп табалдырықта тұрып қалдым. Бір жеңі ғана киілген шолақ тоным салбырап кеткен: кейде рульді ұстауға ыңғайлы болсын деп оң қолымды босатып қоюшы ем. Осы әдетім тас лақтырып, құлаш жарыстырған бала күнімнен бар болатын...

Әсел маған тұра ұмтылды да, аң-таң боп, үрейлене тұрып қалды.

– Не болды саған, Ілияс? – Мән-жайға содан кейін барып түсінді. – Неғып тұрсың ал? Шаршадың ба, тоңған шығарсың? Шешінсейші!

Ол шешіндірейін деп ұмтыла беріп еді, ләм-мим демей итеріп жібердім. Ұялғаннан дөкірлікке басып жатырмын. Сүрініп-қабынып жүріп, бірденені салдыр еткіздім де, орындыққа сылқ етіп отыра кеттім.

– Не болды саған, Ілияс! – Әсел жаныма кеп, мастықтан кілгіріп кеткен көзіме үрейлене үңіледі.

– Немене сен, білем ғой деймісің? – Басымды салбыратып жібердім: тіктеп қарай алар емеспін. Әсел қашан жасағанға шағынып, қарғап-сілер екен деп отырмын. Не айтса да көнбекпін. Ақталар жайым жоқ. Бірақ Әсел тіпті үн қатпады. Үй ішінде жоқ адам сияқты. Көз қиығын салып ем, терезе алдында теріс қарап тұр екен. Жүзін көрмесем де, оның қайғырып тұрғанын, көзінде жас барын анық сездім. Аяп кеттім. Жүрегім қысып барады.

– Әсел, білесің бе, саған айтайын деп ем. – Кібіртіктеп әрең бастадым. – Саған айтқым келгені... – Үнім өшті. Тынысым тарылып барады. Шынымды айтуға батылым жетпеді. Өңі түгіл, түсіне де кірмеген нәрсені қайтіп қана айтармын. Аяп кеттім. Бірақ бекер сөйттім. Өзімді-өзім көндіре алмадым сол бір сәт, – сіздің ауылға жуырда бара алмайтын шығармыз. – Әңгіменің бетін басқа жаққа бұрдым.

– Кейін, бір қалт еткенде. Қазір оған мұрша жоқ...

– Жарайды. Солай-ақ болсын! Кейінірек барармыз. Асығатын түгі жоқ! – деді Әсел. Көзін сүртіп, қасыма келді.

– Қазір оны ойлап, басыңды қатырмай-ақ қой, Ілияс.

Өз жайыңды ойла одан да. Біртүрлі қызық боп кеттің өзің. Танымай қалам өзіңді, Ілияс...

– Қой енді, жарар! – деп сөзін бөліп жібердім. Батылым жетпегеніне ызам кеп кетті. – Шаршадым. Ұйқым келді.

Тағы да бір жағымнан бірдене деп қойып, өтірікке белшемнен батпай тұрғанда ұйықтаған боп жатып қалу керек болды. Әсел ананы-мынаны сұрап мазалаған жоқ. Ағынан жарылып, бәрін айтып салуға қанша оқталсам да, дәтім барар емес. Әр нәрсенің уақыты бар екен ғой. Болған жайды Әселге ешқашан да айтпайтынымды мастығым айыққан соң барып қана білдім. Неге екенін өзім де түсіне алмадым.

Арада бір күн өтті. Қайтар жолда асудың сыртында Әлібек кездесті. Ол тіркеумен келе жатыр екен. Доланды тізгіндеп алғаны ғой.

Мені көре сала, кабинаның оң жақ есігін ашып, қолын бұлғады. Мен де жылдамдықты азайттым. Әлібек жолдың үстіне шықты. Көнілді. Мәз-мейрам.

– Сәлем, Ілияс! Шық, темекі тартайық! – деп айғайлайды.

Өтіп барып тоқтамақ болдым. Әлібектің кабинасында рульді баска бір жап-жас бала ұстап отыр. Машинаның доңғалақтарына шынжыр орап тастаған. Тіркеуге пневматикалық тормоз орнатқан. Бірден байқадым. Қой, тоқтар жайым жоқ. Шамыма тиіп кетті. Сенің қолыңнан келген екен, құбақұп, маған тиісуші болма бірақ.

– Тоқта, тоқтай тұр! – Әлібек соңымнан тұра жүгірді.

– Шаруа бар бір. Тоқташы, Ілияс! Түу, шайтан-ай, не болды саған?.. Жарайды ал! Өзің біл...

Машинаны қаттырақ айдадым. Бақырып қайтесің. Не шаруаң болушы еді менде! Менің шаруам алдақашан біткен. Әлібек жан досым еді. Босқа айырылдым. Оның айтқанының бәрі рас. Қазір біліп отырмын ғой. Бірақ ол кезде өкпемді кешуге шамам да жоқ еді. Мен қаншама азап шегіп, жүйкемді құртып, қолымды жеткізе алмай жүргенде бәрін оп-оңай-ақ тындырды.

Әлібек байсалды, ойлы жігіт еді. Ол асуға мен құсап тентек боп жалғыз бармас еді. Әлібекте ондай мінез жоқ. Күштілігі де сол. Қасына жәрдемші қосып ап дұрыс жасады. Шаршағанда ауысып отырады. Тың күш қойсын ба. Мотормен, жүректілікпен, күшпен ғана аласың асуды. Қасына серік қосып алғасын Әлібек жүріс уақытын да

екі есе азайтты. Ол соның бәрін ескерді, машинаның компрессорымен жалғастырып тіркеуге тормоз жасады. Кәдімгі шынжырды да бос қалдырмай, арткы доңғалақтарға орап тастады. Асуға ер қаруы – бес қаруды сайлап ап тиісті ол. Даурығып құркол барған жоқ. Сөйтіп Доланды басып, тіркеумен де жүре беретін болды жұрт.

Әлібектен соң басқалар да тіркеу қосып алды. Оңай болған жоқ. Бірақ нені болсын ең алдымен бастау қиын ғой. Машина көбейді, көрші автобаза қол ұшын берді. Бір жарым апта бойы Тянь-Шань жолында мотор гүрілі күні-түні бір тынған жоқ. Қаншама қиын болса да, қытай жұмысшыларының тілегі дер уақытында орындалды. Ұятты болған жоқпыз. Солардың ішінде мен де бармын. Арада талай жыл өтіп, ыстық-суығы басылғасын айтып отырғаным ғой. Әйтпесе о кездегі менің халімді айтпа. Аяқты шалыс баскан соң...

Асудың сыртында Әлібекке кездескен күні автобазаға кеш қайттым. Жатақханаға беттеп бара жатып, орталық көшеге бұрылып кетпесім бар ма. Салып ұрып тағы да шайханаға бардым. Сол бір күндері есімнен танып мас болғанша ішкім келе берді. Сөйтіп, аз уақытқа болса да бәрін ұмытып, сілейіп тұрып ұйықтасам дейім де тұрам. Көп іштім, зорлап іштім. Бірақ арақтың түк қызуы болмады. Шайханадан бұрынғыдан бетер ренжіп, ашу қысып шықтым. Түннің бір уағында қала кезіп келемін. Тіпті ештенені ойлап жатпай-ақ, жағадағы көшеге бұрылып, Хадиша қайдасың деп тартып кеттім. Ол да мені күтіп отыр екен.

Сол сол-ақ екен. Салып ұрып жетіп барам. Сөйтіп, екі бірдей оттың ортасына түстім. Күндіз жұмыстамын. Ал автобазада қалған күні кешкісін бірден Хадишаның үйіне тартам. Өзімді сол жакка тартады да тұрады. Хадишамен бірге болу жайлырақ, тынышырақ сияқты. Жұрт көзінен, ащы шындықтан, өзімнен-өзім қашқанда сонда барып қана паналайтын тәріздімін. Хадиша мені сүйетін де, ұғынатын да сияқты көрінеді. Үйге келсем болды, тезірек кетіп қалуға асығам. Әселім, Әселжаным менің! Өзінің сенгіштігі, рухани тазалығы жанымды қоярға жер таптырмайтынын сезсе етті ол. Сол мінезін көрген соң, тезірек кетіп қалуға сылтау іздеймін. Оның қамқорлығына, өз басыңа лайық емес

екеніңді біле тұра қайтіп қана қаларсың қасында. Үйге талай рет мас боп келдім. Ал Әсел ренжігенін де білдірген жоқ. Бұл оның әлсіздігі, жасықтығы ма, әлде адамға сенгендігі, қайраттылығы ма екен? Әлі күнге дейін түсінбеймін. Әрине, ол маған сенді, өзін-өзі тыяр, баяғы қалпына түсіп, адам болар деп күтті. Одан да ол ұрсып-сөгіп, шынымды ақтарғызса етті. Бәлкім, мені қинап жүрген тек жұмыстың ғана жайы емес екенін білсе, Әсел жауап бер дер ме еді – кім білсін. Сол күндері менің қандай боп жүргенімді ол білген жоқ. Мен болсам оны аяп, әңгімені күнде ертеңмен кейінге қалдыра бердім. Сөйтіп, үй ішіміздің, махаббатымыздың, Әселімнің алдындағы күнәмды айта алмай-ақ кеттім ақыры.

Соңғы рет Әсел мені қуанып, көңілді қарсы алды. Жүзі бал-бұл жанып, көзі жайнап, жайраңдап жүр. Тонымды, етігімді шешуге мұрша бермей, сүйрелеп бөлмеге енгізді.

– Қарашы, Ілияс! Самат тәй тұрып жүр!

– Қойшы, әй! Қайда өзі?

– Әне, столдың астында.

– Еңбектеп жүр ғой.

– Қазір көресің! Ал, балам, тәй-тәй тұратыныңды көрсетші папаңа! Келе ғой, Самат! Келе ғой!

Не айтып тұрғанын Самат кәдімгідей түсінген сияқты. Ол столдың астынан мәрә-сәра боп еңбектеп шықты да, кірауаттың жанына кеп тоқтады. Сосын кірауаттан ұстап зорға деп түрегелді. Жымиып қояды. Кішкентай аяқтары майысып біраз тұрды да, сол күлімсіреген бойда етпетінен еденге құлай кетті. Жүгіріп барып, бассалып құшақтап, қысып жатырмын кеудеме. Емшектегі баланың жас иісі келеді мұрныма. Қандай дейсіз сол иіс. Әселжанымның өзінің иісі аумаған..

– Тұншықтырып аларсың, байқа, Ілияс! – Әсел баланы қолына алды. – Ал енді не дер екенсің? Шешін. Әлі-ақ үлкен жігіт болады. Мамасы да жұмыска тұрады. Бәрі де болады, бәрі де орнына келеді... Солай емес пе, балам, ә? Ал сен болсаң!.. – Сәл мұңды жүзбен маған күлімсірей қарады Әсел. Орындыққа отыра кеттім. Со бір күндері жанын жеп, көңілінде жүрген ойдың бәрін осы бір екі-ақ ауыз сөзбен айтып тастады. Тілек те, кінәлау да, үміт те бар еді сол сөзде. Бәрін айтып-айтып, кетіп қалсам ба деп бір тұрдым. Бірақ

айтпай, жай кеткеннің өзі жақсы. Әсел сол сәт соншалықты бақытты еді. Ойында дәнеме жоқ. Орындықтан түрегелдім.

– Жүрем мен.

– Қайда барасың? – Әсел шошып кетті. – Бүгін де қалмайсың? Шай ішіп кетсең, болмаса.

– Жоқ. Жүруім керек, – деп міңгірледім. – Өзің білесің ғой жұмыстың жайын...

Әрине, жұмыска бола кеткем жоқ үйден. Жолға ертеңгісін шығуым керек еді.

Қараңғыда машинаны әзер тауып, бойымды билей алмай сылқ етіп отыра кеттім. Қасірет оты өртеп барады. Кілтті сұға алмай біраз әуре болдым. Жолға шығып, терезенің оттары көрінбей қалғанша жүре бердім. Көпірден өтіп, сайға жеткен соң жолдан бұрылып, машинаны бір топ бұтаның арасына жасырып, фарды өшірдім. Сонда түнеп шығайын дедім. Папирос алдым қалтамнан. Қорапта бір тал ғана сіреңке қалған екен. Шырт етіп жанды да, сөніп қалды. Қорап-морабымен папиросына қоса лақтырып кеп жібердім. Тонымның жағасын көтеріп, аяғымды бауырыма ап, бүктетіліп құлай кеттім орындыққа.

Қарауыткан ызғарлы тау шыңдарына ай күңгірт сәуле төгеді. Шаткалды қуалай соққан ызғырық кабинаның ашық тұрған есігін сықыр-сықыр еткізіп қозғап қояды. Үй ішімнен, жолдастарымнан, барша жұрттан айырылып, құлазып жалғыз қалғаным кабинада жатқанда есімнен бір шықсайшы. Сөзбұйдаға сала беріп болмас. Рейстен автобазаға қайтып келісімен Хадишаға мән-жайды бүкпей айтып, енді бәрін ұмыт деп кешірім сұрауға бекіндім. Сөйтіп, адалына көшкен жөн.

Бірақ өмір өз дегенін істеді. Бұлай болар деп ойлаппын ба. Арада бір күн өтті. Қайтып келсем, үйімде жан жоқ. Есік ашық, қаңырап тұр. Алғашында Әсел отын-суға шығып кеткен шығар деп ойладым. Алақтап айналама қараймын. Бөлменің іші ыбырсып шашылып жатыр. Иесіз үй сияқты азынап тұр – жағылмаған қара пештен бір ызғар келеді. Саматтың кірауатына жетіп барсам, о да бос.

– Әсел! – деп үрейлене сыбырлаймын. Қаңырап тұрған үй де «Әсел!» – деп күбірлегендей болады.

Жан ұшырып сыртқа шықтым.

– Әсел! – деп бүкіл ауланы басыма көтере айғайлаймын. Ешкім үн қатпады. Жүгіріп көршілерге бардым, бензоколонкаға бардым. Ешкім жөнді ештеңе білмейді. Кеше баласын таныс біреулерге тастап, күнұзаққа бір жаққа кетіп еді, түнделетіп қайтып келген, үйде болатын десті. «Кетіп қалған ғой, кетіп қалды!» – деген сұмдық ойдан тұла бойым тітіреп кетті.

Бақытсыздыққа ұшыраған дәл со бір күнгідей машинаны тау-таудың арасымен өмірімде мұнша қатты айдамаған шығармын. Сонау бір бұрылыста, сонау бір шаткалда, әйтеуір жолшыбай Әселді куып жететін сияқты болдым да тұрдым. Қыранша самғап машиналардың бірінен соң бірін куып жетіп, сәл аялдай беріп кузовын, кабинаның ішін қарап өтем де, ілгері тартам тағы да. Ауыздарына келгенін айтып шоферлар қалады. Сол бетіммен тоқтамастан үш сағат бойы төпедім. Радиатордағы су қайнап кетті. Кабинадан қарғып шығып, радиаторға қар шашып жатырмын. Ойға түсіп, су әкеп құйып жібердім. Радиатордан будақ-будақ бу шығады, екі бүйірін соғып болдырған аттай машина тұр. Рульге қолым тигенше болмады тіркеуімен карсы келе жатқан Әлібектің машинасын көзім шалып қалды. Қуанып кеттім. Сөйлеспей, амандаспай жүргеніміз рас. Бірақ Әсел сол үйде болса, айтуы керек қой маған. Жүгіріп жолдың үстіне шығып, қолымды көтердім:

– Тоқта, тоқташы, Әлібек! Тоқтай тұр!

Руль ұстап отырған серігі қайтем дегендей Әлібекке қарады. Әлібек түсін суытып, теріс айналып кетті. Машина тоқтамай өте шықты. Үсті-басым қар-қар боп, қолымды көтерген бойы жол үстінде сілейіп тұрып қаппын. Сосын барып бетімді сүрттім. «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген осы! Өкпелеп жатуға мұрша жоқ. Әсел Әлібектердікіне бармаған болды. Мұнысы тіпті қиын. Ауылына кеткен болды ғой. Әйтпесе басқа барар жері жоқ. Өз үйінің табалдырығын қайтіп аттады екен, не деді екен Әсел?

Аялдамай ауылға тарту керек.

Жүкті түсірдім. Бірақ автобазаның ауласына кіргем жоқ. Машинаны сыртқа тастап, документтерімді тапсырайын деп жүгіріп диспетчер бөлмесіне бардым. Кіреберісте Жантайға соқтығып қалдым. Ештеңе демеді, жақтырмай тыржиған бойы өте шықты.

Ентіге басып диспетчер бөлмесінің терезесінен басымды сұғып жіберіп жолдаманы Хадишаның алдына тастай салдым. Маған біртүрлі таңыркай қарады ол. Көзінде әлдекандай өкініштің, үрейдің белгісі бар.

– Алшы шапшаң! – деймін.

– Не боп қалды?

– Әсел үйде жоқ. Кетіп қапты!

– Не деп тұрсың өзің? – Өңі қашып, ұшып түрегелді Хадиша. Еріндерін тістеп әзер-әзер сөйлейді. – Кешір, кешіре гөр, Ілияс! Мен едім, мен...

– Менің не? Айтшы жөндеп, бәрін айт! – Ішке кірейін деп есікке қарай тура ұмтылдым.

– Қалай болғанын өзім де білмеймін. Шынымды айтам, Ілияс. Кеше вахтер терезені қағады, бір қыз кеп тұр, сені көргісі келеді дейді. Қызды мұнда кел деп шақырды да, өзі кетіп қалды. Әсел екенін бірден тани кеттім. Үнсіз қадала қарап: «Рас па?» – деп сұрайды менен. Есім шығып кетті. «Ия, рас. Бәрі де рас. Менімен бірге ол!» – деппін. Терезені сарт еткізіп жаба салды. Стол үстіне сылқ ете түсіп еңіреп жатырмын. «Ілиясым менің, Ілиясым!» – деп қоям ақымақ басым. Коридорды бойлап жүгіре жөнелді Әсел. Сосын қайтып көргем жоқ оны... Кешіре гөр.

– Тоқташы. Қайдан білген ол?

– Жантайшы. Мені де қорқытып кетті келіп. Ол оңбағанның жайын білмеуші ме ең!

– Білем. Осы жолы бір шынын айтқан екен.

– Сен бар, Ілияс. Әселге бар. Тауып ал. Араларына тікенек болмаспын енді. Кетермін қарамды өшіріп...

Қысқы дала. Машина зырлап келеді. Қара қошқылданып сіресіп қалған бозға түскен жол да тастай, қап-қатты. Күртіктердің үстімен сырғып ескен жел арықтардың ішінде жатқан қаңбақтарды әлдекайда қуалап барады. Алыста – тау баурайында ауылдың жапырағы түсіп жалаңаш қалған бақтары, дуалдары қарауытады.

Колхозға кешқұрым жеттім. Өзіме таныс ауланың жанына тоқтап, буынымды бекітейін деп темекі тарттым. Темекінің қалдығын өшіріп, машинаны пепілдеттім. Әселдің орнына шешесі шықты. Иығына тон жамылып алған. Есікті ашып, табалдырыққа түстім де, ақырын ғана:

– Сәлематсыз ба, апа! – дедім.

– Ә-ә, сен бе едің келген! – деді ашуға мініп. – Апа дсуге аузың калай барады? Жоғал, көрінбе көзіме. Оңбаған, сыған, қаңғыбас неме! Балапанымның басын айналдырып ап, кеп тұрғанын карашы енді! Бақырайған көзің құрысын ұяттан жұрдай болған! Қартайған шағымызда...

Кемпір аузымды ашырар емес. Аузына келгенді айтып ұрсып жатыр, ұрсып жатыр. Айғай-ұйғай дауыска көршіколаң, бала-шаға жиыла бастады.

– Жоғал, жұртты жинамай тұрғанда! Кет солай маскара боп. Көрмегенім сен босын! – Ашулы ана төне түседі маған. Иығындағы тонын да жерге алып ұрды.

– Әй, сен бар ғой, тайып тұр аман күніңде! – деп катулана гүжілдеді біреу шығар жолды нұскап.

Амалым құрып, рульге кеп жабыстым. Әселдің тіпті көргісі де келмесе, кетпей қайтем. Таяқ пен тас машинаға сарт-сұрт тиеді. Балалардың мені ауылдан шығарып салған түрі. Неге өйтеді, олар? Әлде кәрі кемпірді ренжітті, тіл тигізді дей ме екен мені? Әлде бір бандит деп ойлай ма...

Сол түні көл жағасын ұзақ кездім. Ай нұрына елегізген көл тынши алмай дөңбекшіп жатыр. Уа, Ыстыккөл, суынбас, салқын тартпас көлім менің! Сол түні сен де суық ең, сұсты едің. Аударылып қалған қайықтың үстінде отырмын. Қайраңға соккан толқын етігімнің конышын жалап кейін қайтады. Ішін тартып, күрсініп қояды.

Біреу касыма кеп, колын иығыма акырын ғана салды. Хадиша екен.

* * *

Бірнеше күн өткен соң Фрунзеге кетіп қалдық, Анархай даласынан жайылым іздейтін экспедицияға жұмыска тұрдық. Мен шофермін. Хадиша жай жұмыс істейді. Жаңа өмірім осылай басталды менің.

Экспедицияға еріп Анархайдың түкпіріне карай, тіпті Балқаштың жиегіне таман барып каппыз. Одан да әрі кетсек, қайтып келмес те ем. Бәрінен кол үзген соң біржола кеткеннің өзі тыныш қой.

Құлазыған көнілімді алғашқыда жұмыспен басып жүрдім. Жұмыстан көп нәрсе жоқ. Үш жарым жылдан астам

уақыттың ішінде Анархайдың о жағына бір шықтық, бұ жағына бір шықтық. Қанша құдық қаздық, қаншама жол, қаншама база салдық. Тапа-тал түсте адастырып, айлар бойы қанғыртатын, жусанды даласы мен сансыз төбелерінен басқа түгі жоқ бұрынғы Анархайың емес қазір. Малшылар жайлап алған. Мәдени орталықтары, үй-күйлері бар. Мал тұратын қоралары да көп. Астық егіп, пішен орады. Рас, Анархайда әлі де болса не көп – жұмыс көп. Әсіресе біздің шофер ағайындарға жұмыс табылмаушы ма еді. Бірақ мен кетіп қалдым. Үйренбеген жерді қинысынған жоқпын. Жолсыз даласынан, бораны түтеген қысынан да қорыққам жоқ. Оның бәрі уақытша ғана ғой. Адам бір жерге тұрақтап, үйреніп алса, шөл даланы игеру деген не, тәйірі. Қиындықтан қорқатын Хадиша екеуміз бе. Шынымды айтсам, жаман да тұрғамыз жоқ. Бір-бірімізді сыйлаушы ек. Бірақ сыйластықтың жөні бір бөлек, махаббаттың жөні бір бөлек қой. Тіпті ерлі-зайыпты екі адамның бірі сүйіп, екіншісі сүймесе, оның несі өмір. Жұрттың бәрі мен сияқты ма әлде мен солаймын ба, көңілім алаң болып алабұрта берем. Істеп жүрген жұмысың, дос-жарандарыңмен татулығың, өзіңді сүйген әйелге деген ықыласың мен мейірімің де көншітпейді екен көңіліңді. Әселге қайтып бара алмастай боп ат құйрығын бекер үзіп кеттім-ау деп өзімді-өзім іштей сөккелі қашан. Ал Анархайда өткен соңғы жарты жылда Әселді де, баламды да тіпті қатты сағындым. Кейде түн баласына көз ілмей шығам. Саматтың нәзік аяқтары бұралып, жымпып тұрған кейпі көз алдымнан кетпей-ақ қойды. Оның жұп-жұмсақ, сәби иісін өмір бойы ұмытар емеспін. Туып-өскен Тянь-Шань тауын, көгілдір Ыстыккөлімді, алғашқы әрі ең соңғы махаббатымды тапқан даламды да сағындым. Хадишаның іші сезіп жүрді. Бірақ бір-бірімізді кінәлаған емеспіз. Ақыры барып бірге тұра алмайтынымызға көзіміз жетті.

Анархайда көктем ерте шықты. Қар күрт жұқарып, төбелер қалтиып, күншуақта көк шыға бастады. Бойына жылу мен ылғал тартқан жер жан бітіп, бусанып жатыр. Түнде ауа тазарып, жұлдыздар жиілей түседі.

Мұнараның қасындағы шатырда жатыр ек. Әдеттегідей ұйқы қашып кеткен. Кенеттен әлдекайда алыстан дала тыныштығын бұзып талып паровоз даусы естілді. Бізге қалай

жеткенін қайдам. Даланы кесіп өтетін қазақ теміржолы жарты күншілік жер болатын. Әлде маған солай көрінді ме, білмеймін. Жүрегім алып ұшып, әлдекайда асығамын.

– Кетемін мен, Хадиша, – дедім.

– Ия, Ілияс. Жөнімізді табайық, – деді ол да.

Біз қош айтыстық. Хадиша Солтүстік Қазақстанға, тыңға тартты. Бақытты қыла гөр, жасаған, деп тілеймін жолына қарап тұрып. Білмесе де, өзін іздеп жүрген адамын табар Хадиша. Соған сенгім келеді. Алғаш рет күйеуге шыққанда жолы болмады. Күйеуі нашар біреу боп шығыпты. Менімен де дәм-тұзы жарасып кетпеді. Шын махаббаттың не екенін, өзің жарыңды сүйіп, жарың өзіңді сүйгені не екенін білмесем, бәлкім, мен онымен бірге тұра да берер ме ем, кім білсін.

Басқаша емес, неліктен дәл солай екенін түсіндіруден қиын не бар.

Хадишаны полустанокқа апарып, поезға мінгізіп салдым. Вагонмен жарысып, бірталайға дейін жүгіріп барып қалдым. «Жолың болсын, Хадиша, сөге жамандама!» – деп күбірлеймін соңғы рет.

Анархай үстінде оңтүстікке бет түзеп тырналар ұшып барады. Мен болсам терістікке, Тянь-Шаньға кетіп барам.

* * *

Келген бетте ешқайда аялдамастан ауылға тарттым. Чемоданым аудандағы қонақ үйде қалды. Машина оп-оңай кездесе кетті. Тау ішіндегі геологиялық-барлау партиясына бара жатыр екен. Кузовтың ішінде отырмын. Ештеңені ойлағым келмейді. Бойымда үрей де, қуаныш та бар. Тауды бөктерлеп жүріп келеміз. Баяғы Әселге кез болатын жолым. Бірақ баяғы қара жол емес, тас төсеген даңғыл жол. Бетондаған көпірлері бар. Жол бойына белгілер қойған. Бұрынғы қара жол есіме түскенде аяп кеттім. Баяғыда машинам батып қалған арықты да танымай қалдым. Үстінде Әсел отыратын қойтас та жоқ.

Ауылға жақындай бере кабинаны қағып-қағып жібердім.

– Не болды? – дейді шофер мойнын созып.

– Тоқта, түсем.

– Далада қалмақпысың? Қазір-ақ бармаймыз ба?

– Рақмет. Алыс қалған жоқ қой. – Секіріп түстім. – Жаяу-ақ барам. – Менің мұнда неге келгенімді, неғып келгенімді кайдан білсін ол. Акша ұсындым.

– Қой! – дейді. – Шофердан алмайтын әдетіміз бар.

– Ұста. Маңдайыма жазып қойып па.

– Қимылыңнан танып тұрмын.

– Олай болса жүре бер. Сау бол!

Машина көшеге еніп, үй-үйдің тасасына түсіп кетті. Жол үстінде әлі тұрмын қалшиып. Өзіме-өзім келе алмай тұрмын. Желден ықтап темекі тарттым. Қолым дір-дір етіп, темекінің калдығын жолға тастап табаныммен ездім де, жүріп кеттім. «Міне, келіп те қалдым!» – деп күбірлеп қоям. Аузыма баска сөз түспеді. Ойымды бөліп, жүрегім лүп-лүп соғады. Балғамен ұрып жатқандай құлағым шың-шың етеді.

Ауыл кәдімгідей өзгеріп, өсіп қалыпты. Шатырлары шифермен жабылған жаңа үйлер де көбейген. Көшелерді бойлап телеграф сымдары тартылған. Колхоз басқармасының жанындағы бағанада радио сөйлеп тұр. Балалар жүгіріп мектепке кетіп барады. Ересек балалар университетті бітірген жас мұғалімді (кеудесінде значогы бар екен) ортаға алып, әлденені айтып барады. Бәлкім, іштерінде маған ана жолы таяқ атып, тас лақтырғандар да бар шығар. Кішкентай еді ғой ол кезде...

Жолды жиектеп, тез-тез басып келем. Ешкім мені білмесе де, байқамай өтіп кетпекшімін.

Міне, балшық дуалмен қоршалған, алдына теректер өскен таныс аула. Демімді ішіме тартып, тұра қалдым. Қоркыныш, үрей билеп, бойым мұздап сала берді. Акырын басып қақпаға келдім. Қағып-қағып жібердім. Қолына портфель ұстаған кішкентай қыз жүгіре шықты. Ана жолы тілін шығаратын құрттай қыз. Енді мектепке барып жүргені. Асыға басып келеді. Таңыркап қарайды маған.

– Үйде ешкім жоқ! – дейді.

– Ешкім де жоқ па?

– Ия. Апам лесхозға конакка кетті... Әкем трактарға су тасиды.

– Әсел қайда ал? – деп әрең-әрең ғана сұраймын. Тамағым кеуіп, тынысым тарылып барады.

– Әсел ме? – Кішкентай қыз аң-таң. – Әсел әлдекашан кетіп калған...

– Сосын қайтып келмеді ме?

– Жылда келеді жездеммен бірге. Жезден жаксы кісі дейді апам!..

Одан әрі ештене сұрамадым. Кішкентай қыз жүгіріп мектепке кетті, мен кейін қайттым.

Мына хабар катты батты жаныма. Кімге шыкса да, күйеуге қашан шыкса да бәрібір енді. Білгенде қайтпекпін? Әсел баска біреуге тұрмыска шығар деген ой осы уакытка дейін басыма келсейші. Солай болмағанда қайтпек. Қарамды көрсетпей, жылдар бойы жоғалып кеткен мені күтіп отыра бермек пе...

Ауылдан шыққан соң, машина келер деп күтпей-ак жүре бердім. Тіпті машина кез келе кетсе де, тоқтатар жайым жоқ. Бас ауған жакка жүре бермекпін. Мейлі жер шетіне болса да.

Баяғыда Әселді алып кеткен жолмен келе жатырмын. Бірақ баяғы жол емес. Үстін таптап, киыршык тас төгіп тастаған. Тек дала ғана өзгермеген. Жыртылған жерлер қарайып, аңыздар куарып сарғая түскен. Бір шеті далиып тауға асылып, бір шеті ту-ту Ыстыккөлдің жиегіне шейін созылып барып, шорт үзіледі. Қары кеткен жер жаланаш, бусанып жатыр. Әлдекайдан жер жыртуға шыққан тракторлардың гүрілі естіледі.

Ауданға кешқұрым жетіп, түнді қонак үйде өткіздім де, ертенгісін автобазаға бармақ болдым.

Басқа жакка кетіп қалғанда не бітірмекпін. Бәрі де бітті, бәрі де жоғалды. Жұмыс істеп, тіршілік етем де әйтеуір. Одан әрі не боларын кім білген...

Тянь-Шань жолы баяғыдай гу-гу етеді. Машиналар тынымсыз ағылып жатыр. Мен өзіміздің автобазаның машинасын іздеп келем. Міне, біреуі келе жатыр. Қолымды көтердім.

Кабинада отырған шоферды бірден байқай алмай қалдым. Машина екпінімен өтіп кетіп, анадай жерге барып кілт токтады. Чемоданымды қолыма алдым. Шофер кабинадан түсті. Қарасам, бір полкта бірге болған жолдасым Ермек. Әскерде жүргенде шоферлықты менен үйренген. Ол кезде жап-жас болатын. Ермек үнсіз карап, жымияды.

– Танымай тұрмысың?

– Сержант... Ілияс! Ілияс Әлібаев! – деп әрең таныды.

– Дәл өзі! – деп жымиып қоям. Жұрт танымай қап жатса, мүлдем өзгеріп кеткенім ғой деп ренжимін іштей.

Жүріп кеттік. Әрнені бір әңгімелеп келеміз. Әскерде бірге болған кезімізді де еске алдық. Өзімнің жай-күйімді сұрамаса екен деп түйткілденіп келем. Сірә, Ермек ештеңе естімесе керек. Жүрегім орнына түсті.

– Үйге қашан қайттың? – деймін.

– Қайтып кеп жұмыс істегеніме міне екі жыл.

– Әлібек Жантурин қайда?

– Білмеймін. Мен келсем, жоқ екен. Памирдегі бір автобазада бас механик деседі.

«Жарайсың, Әлібек! Жігітсің, достым! Жігіт болса сендей болсын!» – деп қуанам іштей. Дегеніне жеткен екен ғой ақыры. Әскерде жүрген кезде-ақ автомобиль жолы техникумында сырттан оқитын. Институтты да сырттан оқып бітірмек боп жүруші еді.

– Бастық Аманжолов па?

– Жоқ, жаңа. Аманжолов жоғарылап, министрлікке ауысқан.

– Қалай ойлайсың, мені жұмыска алар ма екен?

– Неге алмасын. Әрине, алады. Айтулы шофердің бірі емессің бе. Әскерде жүргенде де жақсы атың шығып еді ғой.

– Ия, бір кезде, – деп міңгірлеймін, – ал Жантайды білемісің?

– Ондай жоқ бізде. Естіген емеспін.

«Ия, автобазада талай-талай өзгеріс болған екен...» – деп ойлаймын. Содан соң:

– Ал асудан тіркеумен өтіп жүрсіңдер ме? – деп сұрадым.

– Кәдімгідей, – дейді. Ойында ештеңе жоқ. – Таситын жүкке қарай. Қажет болса, тіркейді. Өтіп жүре бересің. Қазіргі машиналар сондай қуатты ғой... – Осы тіркеуге бола менің көрмегенім жоқ екенін қайдан білсін ол. Тіркеумен барғанда асуда жолым неге болмады осы деп Анархайда жүргенде де талай-талай ойлаушы ем. Өзім ғана кінәлымын ба, әлде басқа да бір себептері болды ма екен. Былай қарағанда бас қатыратын түгі жоқ, оп-оңай-ақ нәрсе. Қанша ауыр болғанымен, тіркеу салып ап Доланнан асып жүре беретін болды енді. Қажет деп тапса болды, екіойлы боп, тая соғып жатпайды. Бірақ жаңалық өзі кеп кірмесіне қоймағанша, мән

бермейтін бір әдетіміз де бар ғой. Менің ұсынысыма жұрт неге күдіктене карады осы? Тау жағдайында мұның қиын кадам болғанын айтпағанда біздің трассадан асудан тіркеу сап өтуге тыйым салған ереже тағы бар болатын. Ондай ереженің қашан шығарылғанын бір құдай білсін. Жарты тонналық машиналармен жүрген кезде, соғыстан бұрын шығарылған болар. Ол жарықтық тіркеуді қойып, жазық жолда өзін зорға алып жүретін еді ғой. Оған қандай ереженің керегі бар. Кейін куатты да жаңа жүк машиналары шықты, ал қағаз бетіндегі ереже өзгермей қала берді. Кейін өмірдің өзі быт-шыт қылды. Бұл бір ұсақ, болмашы ғана факт шығар. Бірақ бұдан гөрі маңыздырақ, үлкенірек істе де солай болуы ықтимал еді ғой. Анада жүк тиейтін станцияда аусарлығыма бола жігіттердің мені сабай жаздағанына өкінер жайым жоқ енді. Бірақ ойланып-толғанып алмай, ет қызуымен тіркеу сап ап, асуға тартып кетуіме себеп болған сол емес пе еді...

Сөйтіп, өзіміздің автобазаға қайтып оралдым. Алғашқы күні Ермек үйіне шақырды. Жақсылап күтті. Аман-сау кездескеніміз үшін ішіп жіберейік деп еді, ішпедім. Аузыма арақ алмағаныма көп болған, іше қояйын деп те жүрген жоқ ем.

Автобазада да жақсы қарсы алды. Жұмысқа кіріп, жатақханада тұра бастадым. Жай-күйімді бұрыннан білетін жолдастардың әрнені бір сұрап мазамды алмағанына мың рақмет.

Шет жақта болып кеп, қайта оралғанда жұмысты ақ пейілмен, адал көңілмен атқарып жүргенімді көздерімен көріп жүр. Өткенді қозғап қайтсін сосын? Өзім де бәр-бәрін біржолата ұмытуға бекіндім. Бұрын бір кезде семьяммен бірге тұрған базадан құйғытып өте шығам. Жан-жағыма көз қиығын да салмаймын. Тіпті бензоколонкаға да сокпаймын. Бір сәт те аялдағым келмейді. Бірақ өзімді қашанғы алдарката бермекпін. Ақыры кеп тұтылдым.

Жұмыска тұрғаныма біраз болып қалған. Жолға әбден бойым үйренді. Әрлі-берлі жүйткітіп машина мен моторды да байқап көрдім. Жұмысымды бес саусағымдай білем. Бас алмай-ақ жүрмін.

Со күні Қытайдан қайтып келе жатыр ем. Ойымда түк жоқ, темекімді тартып, рульді қозғап қойып жайлап қана келе жатқам. Айналама көз тастаймын. Көктем. Жер-дүние

жайнап тұр. Көктемгі жайылымға шыққан малшылар әрегіректе киіз үйлерін көтеріп жатыр. Қайсыбір киіз үйлердің төбесінде көкшіл түтін қалқиды. Жел жақтан тынымсыз маңыраған дауыстар естіледі. Қоралы қой жолға жақын еді. Балалық шағым есіме түсіп, көңілім босап қоя берді... Көлге қарай айналып шыға беріп, ойда жоқта селк ете түстім – аққуларды қара!

Көктемгі Ыстыққөлдегі аққуларды өмірімде осымен екінші рет көріп тұрмын. Аппақ құстар көп-көгілдір Ыстыққөлдің үстінде қалқып жүр. Неге екенін өзім де білмейім, жолдан шұғыл бұрылып ап, тап анадағыдай, көлге қарай тұп-тура тартып кеттім.

Уа, Ыстыққөл, Ыстыққөлім, таусылмайтын жырым менің! Қасымда Әсел, дәл осы жарқабақтың бойында суға төніп кеп тоқтаған со бір күнді несіне алдым есіме! Ия, бәрі де тап со жолғыдай: көк ала бас толқындар қол ұстасып алғандай жарыса кеп жағаға ұрады. Таудан асып күн батып барады. Әрменірсктс су бсті қызғылт тартып көрінеді. Масайрап әрі үрейлене қаңқ-қаңқ етеді аққулар. Біресе жоғары шапшып, біресе сусыл қаққан қанаттарын жайып жіберіп, төмен құлайды. Су сабалап, айналаға теңбіл-теңбіл көпіршік шашады. Ия, бәрі де сол баяғыдай. Тек Әселім жоқ жанымда. Қайдасың қазір, жел тербеткен шынарым?

Көл жағасында көп тұрып қалыппын. Сосын автобазаға кеп, қайтып бара жатқанда өзіме-өзім ие бола алсамшы. Тағы да кеп тұтылдым... Жанымды жеген қасірет өртін сөндірейін деп шайханаға бардым. Кеш қайттым. Бұлт басқан аспан түнеріп тұр. Шатқал жақтан ышқына соққан ұлан жел[1] ағаштарды майыстырып, сымдарды гуілдетіп, қиыршық тастарды бетке ұрады. Өкіріп, дөңбекши түсіп көл жатыр. Жатақханаға зорға деп жеттім де, шешінбестен кірауатыма құлай кеттім.

Ертенгісін басымды көтере алсамшы, сынып барады. Терезеден сыртта қар аралас жаңбыры құрғыр жауып тұрғаны көрінеді. Сол жатқаннан үш сағат бойы жаттым. Жұмыска барғым жоқ. Жұмыстан безер болғаным өмірімде бірінші рет шығар. Бірақ ұят қысқасын рейске шықтым-ау ақыры.

Машина ілбіп қана келеді. Машина емес, өзім солбырай-

[1] Ұлан – Боом шатқалынан Рыбачьеге қарай соғатын жел.

ып келе жаткам. Оның үстіне күн де бұлынғыр, лайсаң. Қарсы жолыққан машиналардың кузовы мен кабинасын қар баскан. Асуда қар жауып тұрғаны ғой. Мейлі, қар жаумақтүгіл боран соқса да. Пыскырмаймын да. Несіне қоркам. Онсыз да бір өлім...

Көңілім бей-жай. Жоғарғы жақтағы айнаға көзім түсіп еді, шошып кеттім. Сақал-мұртым өскен, бетім мылжа-мылжа, ісік. Аурудан тұрғандаймын. Жолшыбай аздап тамактанып алсам ба екен. Таңертеңнен нәр сызғам жоқ. Бірақ тамакка заукым соғар емес. Ал ішуді теріс көрмейтін сияктымын. Бір бастасан болды, сосын қайтіп шыдарсың. Алғашқы стаканнан кейін тыңайып, өзіме-өзім кеп қалдым. Машинаның жүрісі де ширап сала берді. Жолшыбай жүз грамм тағы іштім. Одан соң тағы тастап алдым. Жер танабы қусырылып барады. Әйнек тазалағыш бұлдырап-бұлдырап кетеді. Жапалакша жарбиып жабысып алдым рульге. Аузымда темекі. Қарсы келген машиналар шылпылдатып су шашып өте шығады. Күн кешкіріп қалды. Үдете түстім жүрісті. Тау ішіне кіргенде қап-қараңғы түн еді. Сонда барып тиді арактың қырсығы. Шаршайын дедім. Көзім қарауытып, жолды жөнді көрмейді. Кабинаның ішінде пысынап, әбден дегбірім қашты. Өмірімде дәл ондай мас боп көрмеген шығармын. Бетімді тер жауып кетті. Машинада емес, фардан түскен қос сәулеге мініп ап ұшып келе жаткан тәрізденем. Сол сәулемен бірге біресе құздан құлдырап төмен құлаймын, біресе дірдір еткен сәулеге мініп ап жоғары шапшимын, әйтеуір қыр соңынан қалмайым. Әлім құрып барады. Бірақ тоқтағым жоқ. Рульден қолым босап кетсе болды, машинаны одан әрі жүргізе алмайтынымды сезіп келем. Дәл қай жерде екенім есімде жоқ. Әйтеуір асудың бір жері. Долан, уа, Долан. Тянь-Шаньның асу бермес алыбысың ғой! Қаһарлысың-ау! Өзі түн болса, өзі масаңдау шофер болса, қайдан жол беруші ең сен!

Машина бір өрге мыкшыңдап шыға келді де, етекке карай төмен сырғыды. Түн бұрынғыдан да бетер түнеріп, дүние асты-үстіне келгендей. Қолым рульге де, жылдамдық рычагына да бармай, суси береді. Машина барған сайын зымырай түсіп, құлдырап ұшып келеді. Содан соң әлденеге сарт етіп соғылып, шақыр-шұқыр етті, фар жалт етіп барып

сөніп қалды. Көзімнің алды қап-қара түнек. Талықсып бара жатып «авария деген осы екен ғой!» – деп қалдым.

Қанша жатқаным есімде жоқ. Бір сәт алыстан талып жеткендей, еміс-еміс бір үн есіттім. Құлағыма мақта тығып алған тәріздімін. «Жарық қып жіберші!» – дейді. Әлдекім алақанымен басымды, иығымды, кеудемді сипап қояды. «Тірісі тірі, бірақ мас екен», – деді бір дауыс. «Жолды босатайық», – дейді екіншісі.

– Ал, достым, козғалып көрші, рульді маған бер. Машинаны жолдан шығарып қояйық! – Иығымнан ұстап, ауыртпай ғана сырғытты.

Ыңырсып, ынк-ынк етем. Рульден басымды зорға деп кана көтердім. Маңдайымнан қан ағып тұр. Кеудем езіліп калған. Еңсемді көтере алар емеспін. Жанағы адам сіренке шақты. Үңіле кеп қарайды маған. Тағы сіреңке жақты, тағы үңілді. Буырыл мұртын тікірейте таңырқап, жымиып қояды.

– Не болды саған, достым-ау! Неғып бұлай, ә? – деп ренжиді қараңғыда.

– Машина... быт-шыт боп па? – Қан түкіріп жатып, тіліме алғаш оралған сөз осы.

– Жоқ, онша катты сынбаған. Тек қырындап кеп соққан.

– Ендеше кетем қазір. Тұрам ба осылай! – Ырыкка көнбей, калш-калш еткен колыммен оталдырып, стартерді баспақ болам.

– Қой! – капсыра құшақтап алды мені. – Бала болма. Шық. Түні бойы ұйықта. Ал таңертең көрерсің.

Ол мені кабинадан сүйреп шығарды.

– Машинаны жолдың жиегіне шығаршы, Кемел. Қатып калмай тұрғанда қарайық, – деді жолдасына. Өзі колымды иығына салып ап, қараңғыда мені әлдекайда сүйретіп барады. Ұзақ жүрдік. Үн-түн жоқ сүйреп келеді мені. Аратұра өзім жүрмек болам. Бірақ тез шаршап қалам. Ол тағы да иығын тосады. Сөйтіп жүріп бір аулаға жеттік. Қолымнан ұстап демеп үйге кіргізді жаңағы адам. Кіреберістегі бөлмеде керосин шам жанып тұр. Мені орындыкка отырғызып, шолақ тонымды шеше бастады. Сонда ғана карадым жүзіне. Есіме түсе кетті. Баяғыда өзіммен бірге асудан өтіп, машина сүйреп әкелісетін жол жөндеуші Бәйтемір екен. Аздап ұят кысса да, куанып кеттім. Ғафу өтініп, ракмет айтуға октала беріп

ем, еденге құлаған отынның дүрсілі бөліп кетті ойымды. Жалт қарап, әрең дегенде ғана орнымнан түрегелдім. Адам айтқысыз бір ауырлық иығымнан басып, еңсемді езіп бара жаткандай. Есік алдында, шашылған отынның жанында Әсел тұр. Біртүрлі сілейіп қатып қапты, жаны жоқ адамша қарайды маған.

– Бұ не? – деп күбірлейді. «Әсел!» – деп айғайлап жіберре жаздадым. Бірақ оның жатсырап кеткен, суық жүзін көргенде тілім байланып қалды. Маскара боп өртеніп барам ұяттан. Төмен қарап кеттім. Бөлме ішін меніреу тыныштық басты. Егер Бәйтемір болмағанда қайтерімізді, мұның немен тынарын кім білсін. Қаперінде ештеңе жоқ адамдай келіп орныма отырғызды мені Бәйтемір.

– Қорыкпа, Әсел, – дейді жайлап қана, – аздап жараланып қапты бұ шофер. Жатып тыныксын... Сен бізге йод берші одан да...

– Йод па? – Бұ жолы Әселдің даусы баяғысынша шықты. Өзі әрі жұмсарып, әрі үрейлене түскендей. – Көршілер алып кетіп ед йодты... Мен қазір! – Асығып-аптығып тұра жүгірді.

Тістеніп ап, міз бақпай отырмын. Көзді ашып-жұмғанша мастығым айығып жүре берді. Тамырым тулай соғып, шекем зырқ-зырқ етеді.

– Алдымен жуыну керек шығар, – маңдайымның сыдырылған жерлерін көрді де, шелек ап, сыртқа шығып кетті Бәйтемір. Үстінде көйлегі ғана бар, жалаң аяқ бала көрші бөлмеден басын сұғып қарады. Төсектен тұрса керек. Жүгіріп кеп шаралы көздерімен таңыркай қарайды маған. Салған жерден танылым. Қалай танығанымды білмеймін. Жүрегім сезді-ау дейім.

– Самат! – Сасып қалғаннан болар, даусым қырылдай шықты. Ұмтыла бердім балама қарай. Сол сәт Бәйтемір кіріп келді. Әлденеге шошып кетті. Сірә, баламның атын атағанымды естісе керек ол. Ұрлығымның үстінен шығып қалғандай ыңғайсыз бір халге түстім. Ұялған тек тұрмас дегендей, көзімнің үстіндегі жараны қолыммен көлегейлеп жатып:

– Сіздің балаңыз ба? – демесім бар ма. Несіне сұрадым? Әлі күнге дейін кешпеймін өзімді.

– Менің балам! – Өзімсініп, жайдары жауап берді Бәйтемір. Шелекті еденге қоя сап, Саматты қолына алды.

– Менің балам, әрине. Өз балам. Солай ғой, Самат, ә!– деп қойып кеп сүйеді баламды. Желкесінен иіскелеп, мұртымен қытығын келтіреді. Бәйтемірдің даусынан да, қимылынан да бір түйір жалғаншылық сезілмейді. Тіпті оның орнында, соның бәрін өзім жасап жатқандаймын. – Неге ұйықтамайсың? Бәрін білгің келеді де тұрады-ау, құлыншағым. Ал, жүгіріп барып, төсегіне жата ғой!

– Мамам қайда? – деп сұрады Самат.

– Қазір келеді. Өзі де келе жатыр, әне. Бара ғой, балам.

Әсел үн-түн жоқ жүгіре басып кіріп келді. Бізге жалт етіп барлай қарап ап, йод құйған кішкентай сауытты Бәйтемірге ұстата салды да, баланы алып кетті.

Бәйтемір сулы орамалмен бетімдегі қанды сүртті.

– Шыда! – Сыдырылған жерлерді йодпен күйдіріп жатып калжыңдап қояды. Содан соң: «Бұ қылығың үшін қаттырақ күйдіру керек еді. Жарайды, конаксың ғой... – деп саликалы сөзге ауысты... – Міне, болды, әлі-ақ жазылып кетеді. Әсел, самауыр қойып, бізге бір шай берсең, ә?»

– Қазір! – деді Әсел, баланы әлдилеп жатып. Бәйтемір еденгегі киіздің үстіне кос кабаттап сырмақ төсеп, жастық салды.

– Мында кеп отыр! – деді маған. –Қисайып, дем алып ал...

– Ештеңе етпес, рақмет! – деймін міңгірлеп.

– Отыр, отыр! Өз үйіңдей көр! – деп киылып коймады.

Түс көрген адам сияқтымын. Біліп қойса қайтеді деп үрейім ұшып, жүрегім қысылып барады. Кірерге жер жоқ. Үсті-басым қан-қан, лас-лас, өзім мас боп, кісі аяғандай болып келіп отырғаным мынау. Анам байғұс несіне тапты екен мені!

Бізге карамауға тырысып, Әсел самауыр ап сыртқа шығып кетті.

– Мен де барып жәрдем берейін, Әсел! – деп дауыстады Бәйтемір шығып бара жатқан Әселге. Ол оқтала беріп еді, Самат кірауатынан тағы да ұшып тұрды. Ұйықтайтын түрі жоқ.

– Не болды саған, Самат? – Бәйтемір емірене түсіп басын шайқады.

Балам жаныма жүгіріп кеп, шын көңілімен:

– Аға, сен тура кинодан шығып келдің бе? – деп сұрады.

Не айтып тұрғанын бірден түсіндім. Бәйтемір қаркылдап жатыр.

– Әй, аңғал балам-ай! – деп күледі Бәйтемір, баланың қасына жүрелеп отырып жатып. – Құрттың ғой діңкемізді. Рудникке барып кино көріп тұрамыз, – деді маған қарап, – ол да қалмай бірге барады.

– Ия, кинодан шығып келдім! – деймін көңілін қалдырмай.

Самат қабағын түйіп:

– Өтірік! – дейді.

– Неге өтірік?

– Қылышың қайда соғыскан?

– Үйге тастап кеттім...

– Маған көрсетесің бе, аға? Ертең көрсетемісің?

– Көрсетем. Ал, бері кел. Атың кім, Самат па?

– Самат. Сенің атың кім, аға?

– Менің... – Үндей алмай қалдым. – Мен Ілияс ағамын, – дедім зордың күшімен.

Бәйтемір асыға бастады:

– Сендер әңгімелесе беріңдер, ал біз шай әкелейік. – Есікке жете беріп тоқтады да: – Сен бар да жат, Самат. Алдақашан ұйықтауың керек еді! – деді.

– Папа, тағы да кішкене отыра тұрайын ба! – деп жалынды Самат.

– Жарайды ал! – Бәйтемір көне кетті.

Самат дәл жаныма кеп отырды. Қолынан сипап қойдым. Маған ұқсайды. Аузымнан түсіп қалғандай. Тіпті қолдарына, күлкісіне дейін айнымайды.

– Өскенде кім боласың? – деймін баламды әңгімеге тартқым кеп.

– Шофер болам.

– Машинамен жүргенді жақсы көремісің?

– Сондай жақсы көрем... Бірақ қолымды көтерсем де, ешкім машинаға мінгізбейді...

– Ертең қыдыртайын сені. Жарай ма?

– Жарайды. Мен саған асықтарымды берейін. – Ол көрші бөлмеге тұра жүгірді.

Самауырдың мұржасынан жалақтап шыққан жалын тіл терезеден де көрінеді. Әсел мен Бәйтемір әлденені әңгімелеп тұр. «Біздің Саматтың не дегенін естісең сен. Күлкіден қырып салды!» – деп көтеріліп қояды Бәйтемір отын жарып

жатып. Ғажап-ау. Әселдің де каперінде түк жоқ тәрізді. Дауысы да риясыз шығады: «Қойшы соны. Не көрсе соны айтатын әдеті емес пе!»

Самат аркар терісі дорбаға салынған асықтарын ентіге басып алып кеп, алдыма шашып тастады.

– Ал, аға, таңда! – деп алуан түске боялған байлығын көрсетіп жатыр.

Көзіндей көріп жүру үшін бір асығын алайын деп ем, батылым бармады. Есік ашылып, бұрк-сарк кайнаған самауырды көтеріп Бәйтемір кірді. Іле-шала Әсел де келді. Ол аққұманға шай салғанша, Бәйтемір алдымызға дөңгелек стол қойып, дастарқан жайды. Самат екеуміз асықтарды жинап, дорбаға қайтадан салып қойдық.

– Байлығыңды көрсетіп жатырмысың, мактаншақсың-ау! – Бәйтемір Саматтың құлағынан жұлған боп еркелетіп қойды.

Самауырды алдымызға ап, шай ішіп отырмыз. Бұрын бір-бірімізді көрмеген де, білмеген де жандарға құсап отырмыз. Сондықтан болар, салмақты болуға тырысып, көп сөйлемейміз. Самат қана мәз. Бәйтемірдің тізесіне отырып ап, бауырына кіріп, басын шайқап қояды:

– Ә-әй, папа-ай, мұртың ылғи кіріп кетеді! – деп бауырына тағы да тығыла түсіп, мұртына бетін қайта-қайта тигізеді.

– Байқа, шайға күйіп каларсың! – деді Бәйтемір. Қасындағы ересек жандар әркайсысы өз ойымен әлек боп отырғанын қайдан білсін балақан. Не көп – ой көп. Тағдырымыз осылайша ойда жоқта тоғысар деп кім ойлаған. Осының бәрі немен тынар екен?

Өз баламның жанында отырып, оның бөтен біреуді әке деп еркелегенін көру маған оңай тиді ғой деймісің? Аңсай сағынып, қасіретін көп тартқан Әселім, сүйікті Әселжаным қасымда отыр. Бірақ көзіне тіктеп қарауға батылым жетер емес. Бұ да онай болып па? Әсел мұнда қайдан жүр? Сүйіп тиді ме екен? Мен бір бейтаныс, жат адамдай, көз қырын да салмаса, қайдан білмекпін бәрін? Шынымен-ақ осынша жек көріп кеткені ме мені? Ал Бәйтемір ше? Менің кім екенімді білмейді ғой деймісің? Саматтың маған айнымай тартқанын байқамаушы ма еді ол? Ана жолы асуда кездесіп, машина сүйреп барғанымызды еске алмас па ең болмаса. Әлде ұмытып кетті ме екен?

Азаптың кереметін ұйықтауға жаткасын көрдім. Маған төсекті киіздің үстіне сап берді. Теріс қарап жатырмын. Шамды сықситып қана қойып, Әсел ыдыс-аяқ жинап жүр.

Бәйтемір көрші бөлменің ашық тұрған есігінен қарап:

– Әсел! – деп ақырын ғана шақырды. Әсел қасына барды.

– Жуып қойсаң қайтеді, – дейді Бәйтемір.

Әсел орындықтың үстінде жатқан қан-қан, ала көйлегімді алып жуа бастады. Кенеттен коя қойды. Бәйтемірге барғанын естіп жатырмын.

– Радиатордың суын ағызып жіберіп пе едіңдер? – деп сыбырлап сұрады Әсел. – Аяз болса ше...

– Ағызғамыз, Кемел ағызған! – деді Бәйтемір де жайлап қана.

– Машина жөнді бүлінбеген... Таңертең көмектесеміз ғой...

Ол тіпті есімнен де шығып кетіпті. Радиаторды, моторды ойлап жатуға мұрша бар ма менде.

Әсел көйлекті жуып боп, плитаның үстіне жайды. Терең күрсініп қояды. Шамды сөндіріп кетіп қалды.

Үй іші қап-қараңғы. Байқаймын, бәріміз де ұйықтай алмай жатырмыз. Әркім өз ойымен әуре. Бәйтемір баламен бірге бір кірауатта жатыр. Шырт ұйқыда жатып тебініп ашылып қалған Саматты қымтап қойып, жақсы көріп күбір-күбір етеді. Әсел ауық-ауық ақырын ғана күрсінеді. Су тиген тастай жалт-жұлт еткен көздерін қараңғыда-ақ көріп жатырмын... Жас төгіп жатқан болар көздері. Нені ойлап, кімді ойлап жатыр екен Әсел? Бір емес, үш бірдей адам ойын бөледі ғой оның... Бәлкім, мен құсап ол да өткен-кеткенді, арамызда болған қызықты күндерді, қасірет-наланы түсірді ме екен ойына. Бірақ Әсел енді қол жетер жерде емес, ойында не барын да қайдан білерсің. Әсел өзгерген екен, көздері де өзгеріпті... Мейірім төге нұрланып, қалтқысыз сене қарайтын көздері жоқ бұрынғы. Салқын тартып, сұстана түскендей. Бірақ мен үшін Әсел со баяғы қалпы, қырда өскен шынардай. Әр сипаты, әр қимылына дейін көзіме оттай басылып, елжіреп барам. Өкініш, азап соғұрлым қинай түседі жанымды. Амалым құрып, жастықтың бұрышын тістеп ап, үн-түн жоқ жаттым да қойдым. Таң атқанша көз ілгем жоқ.

Терезеден көріп жатырмын. Аспанда бұлт көшіп өтеді. Сұлу ай ауық-ауық сүңгіп шығып, жүзіп барады.

Таңертең Бәйтемір мен Әсел шаруа жайымен аулаға шығып кеткенде мен де тұрдым. Жүру керек. Ақырын басып Саматтың жанына келдім. Сүйіп алдым да, тез-тез басып шыға жөнелдім бөлмеден.

Әсел ауланың ішінде тастың үстіне қойылған үлкен казанда су жылытып тұр. Бәйтемір отын жарып жатыр. Бәйтемір екеуміз машинаға қарай аяңдадық. Темекі тартып, үн-түнсіз келе жатырмыз.

Машина кеше жол бойындағы діңгектерге соғылған екен. Бетон қондырғыларымен қоса екі діңгек жұлынып қапты. Машинаның фары быт-шыт боп, қанаты мен алды майысқан, доңғалағы қисайып кеткен. Сүйменмен, балғамен ұрғылап жүріп ептеп жөндеген болдық. Содан соң оталдыратын тұтқаны бұрағанда түстік азапқа. Асуда мотор қатып сіресіп калған. Картерді майлы құрым жағып қыздырдық. Қос қолдап кеп тұрып бұраймыз тұтқаны. Екеуміздің қолымыз бір тұткада, иығымызға иығымыз тиіп кетеді, біріміздің деміміз бірімізді шарпиды. Істеп жаткан ісіміз ғана емес, ойымыз да бір сияқты.

Мотор қызар емес. Шаршап ентіге бастадық. Сөйтіп тұрғанда Әсел екі шелек ыстық су әкелді. Үн-түн жоқ менің алдыма қойды да, шегініп кетті. Суды радиаторға құйдым. Бәйтемір екеулеп бұрап-бұрап калып ек, мотор оталып жүре берді. Келіп кабинаға отырдым. Мотор бірқалыпты сокпай тұр. Бәйтемір машинаның алдыңғы қақпағын ашып, жанармай жүретін жолды карап жатыр. Сол сәт Самат кеп калды жүгіріп. Әбден ентіккен. Пальтосының түймелері ағытылып кеткен. Машинаны айналып шықпайды. Қыдырғысы келіп тұр. Әсел шап беріп ұстап алды да, кабинаның бүйіріне таман кеп тұрды. Біртүрлі аянышпен мүсіркей, кінәлай карайды маған. Кінәмды жуып, оларды өзіме қайтару үшін сол сәт неге болса да бас тігуге әзір ем. Ашық тұрған есіктен еңкейе беріп, мотор гүріліне қосыла:

– Әсел! Баланды ал да отыршы. Алып кетейін ана жолғыдай, біржолата әкстейін! Отыршы! – деп жалынам.

Әсел ештеңе демеді. Көзіне жас кеп қап бұрылып кетті. Басын шайқап кояды.

– Кетейік, мама! – Самат оны қолынан тартады. – Қыдырайықшы!

Әсел баланы қолынан шығармай жұлқып қалды да, алып кетті. Артына қарамай, басын төмен сап кетіп барады Әсел. Кеткісі келмей Самат шегіншектей береді.

– Болды! – деп айғайлап жіберді Бәйтемір. Қақпақты жауып, аспаптарды кабинада отырған маған әкеп берді.

Кете бардым. Тағы да руль, тағы да жол, тағы да тау. Машина зырлап келеді. Қайдан білсін ол жазған...

Әсел мен баламды асуда солай таптым. Солай кездесіп, солай айырылыстық. Шекараға бара жатып та, қайтар жолда да ойдан бір сергісемші. Бірақ ойлап тапқан түгім жоқ. Ойлай-ойлай қалжырадым әбден... Енді қайда болса да, әйтеуір бас ауған жаққа қарамды батырып кетуім керек. Қалғанда не бітірем.

Осы ойға әбден бекіндім. Қайтып келе жатып та соны ойлаймын. Асудан түсіп, жол участогін жанай өтіп бара жатып, Саматты көріп қалдым. Жолдан аулағырақта ойнап жүр екен. Қасында бір ер бала және өзінен сәл қалқыңқырақ кішкентай қыз. Тастан мал қора жасап, «тас қорған» ойнап жатыр. Жолдың бойында оларды бұрын да талай көрген шығармын. Бірақ білмеймін ғой онда.

Күн сайын өз баламның қасынан өтіп жүргенімді білсемші мен бейбақ. Машинаны тоқтатып:

– Самат! – деп айғайладым. Көргім кеп барады. Балалар жетіп келді жүгіріп.

– Аға, бізді қыдыртайын деп келдің бе? – дейді Самат қасыма кеп.

– Ия, аздап қыдыртайын! – дедім. Балалар жапырлап кабинаға мініп алды.

– Бұл аға біздікіне келген! – деп достарына мақтанып қояды Самат.

Анадай жерге дейін ғана апардым балаларды. Бірақ соның өзіне мәз-мейрам боп қуанып қалдық. Өзім балалардан бетер қуансам керек. Сосын түсірдім балаларды.

– Енді үйлеріңе қайтыңдар! – Балалар жүгіріп ала жөнелді. Баламды тоқтатып алдым.

– Тоқташы, Самат, бірдеңе айтайын! – Қолыма ап, басымнан асыра көтеріп, тесіле кеп караймын бетіне. Сосын кеудеме басып, сүйіп алдым да, жерге түсірдім.

– Қылыш қайда, әкелдің бе, аға? – дейді Самат.

– Түу, ұмытып кетіппін ғой, балам. Келесі жолы әкеп берейін! – деп уәде бердім.

– Енді ұмытпайсың ғой, аға? Біз манағы жерде ойнап жүреміз.

– Жақсы. Ал зыт енді!

Автобазадағы ағаш ұстасының дүкеніне барып, үш ойыншық қылыш жасап алдым.

Балалар мені расында да күтіп жүр екен. Тағы да қыдыртым өздерін. Балама, оның достарына үйір боп алдым солай. Олар да маған тез үйреніп кетті. Анадайдан көре сала жарыса шапқылайды:

– Машина, біздің машина келе жатыр, алақай!

Жан бітіп, адам боп қалдым. Жол жүргенде де көңілім көтеріңкі. Мәз боп келе жатам. Жол бойында балам күтіп жүргені есімнен бір шықпайды. Тым болмаса кабинаға ап, екі минут қасында отырам ғой. Бар есі-дертім балама кешікпей жету. Уақытымды асудан күндіз өтуге шақтаймын. Көктемнің жайма-шуақ күндері. Балалардың ылғи аулада ойнап жүргені. Көбіне кездесіп қап жүрдім. Өмірімнің бар мағынасы сонда ғана тұрғандай: бақытымда шек жоқ. Кейде үрей билеп, жүрегім алып ұшады. Балаларды қыдыртып жүргенімді жол участогында тұратындар білді ме әлде білмеді ме – қайдам. Бірақ баламның менімен кездесуіне тыйым салуы, жол бойына жібермей қоюы әбден ықтимал ғой. Соны ойласам, зәре-құтым қалмайды.

Әсел мен Бәйтемірге өйте көрмеңдер, ең болмаса осыны қиыңдар деп жалбарынам кеп іштей. Бірақ бір күні солай боп шықты ақыры...

Бірінші май жақындап қалған. Мейрамның құрметіне балама бірдеңе сыйлағым келді. Бұрандалы машина сатып алдым бір. Кішкентай жүк машинасы. Аумаған өз машинам сияқты.

Со күні автобазада шырғаланып қап, кешігіңкіреп шықтым. Асығып, жан ұшырып келем. Сондықтан ба – реніш пен үрей билеп, елегізіп, қобалжи берем жайдан-жай. Жол участогына жақындағасын бұрандалы машина оралған қағазды алып жаныма қойдым. Самат қандай қуанар екен деп келем. Оның ойыншығы көп, мынадан тәуір де. Бірақ

мынаның жолы бөлек қой. Жол бойында танысқан шоферы кейін өскенде шофер болатын балақанға әдейі арнап әкеле жатыр. Бірақ Самат жоқ боп шықты. Басқа балалар жүгіріп жетіп келді. Кабинадан шықтым.

– Самат қайда?

– Үйінде. Ауырып қалды, – деді кішкентай бала.

– Ауырып қалды? Немене, басы ауыра ма?

– Жоқ. Ауырған жоқ ол! – дейді кішкене қыз білгішсініп. Мамасы жібермейді мұнда.

– Неге?

– Білмейім. Баруға болмайды дейді.

Өңім қашып, түнеріп кеттім: бәрі де құрығаны ма осылай!

– Мә, апарып бере салшы! – Ораулы машинаны балаға ұсына бердім де, жалма-жан қайтып алдым. – Жоқ, керегі жоқ. – Салбырап машинаның жанына келдім.

– Аға неге қыдыртпайды бізді? – деп сұрайды бала кішкентай тәтесінен.

– Ол ауру, – деп ренжи жауап берді қыз.

Ия, кішкентай қыз тауып айтты. Ауырғаным жақсы ед одан да. Жол бойы ойымнан бір шықпайды. Әселдің маған соншама катыгез боп кеткені ме. Тіпті қанша жаман болсам да, маған деген бір тамшы мейірімі қалмағаны ма. Жоқ, тіпті сенер түрім жоқ... Әсел өйтпесе керек еді, басқа бірдене... Ал сонда? Қайдан білейін мен... Сосын барып кішкене досы айтқандай балам аздап ауырып-сырқап қалған шығар дегенге ұйыткым келді өзімді. Сенбейтін нем бар? Расында да, солай болуы мүмкін ғой. Өзімді әбден ұйытқаным сондай – үрейлене бастадым енді. Баламның денесі күйіп-жанып, сандырақтап жатқаны елестеп кетеді көз алдыма... Ал кенеттен жәрдем қат болса, дәрі-дәрмек әкелу немесе ауруханаға апару қажет болса ше. Қаладағы кең көшенің бойында емес, асуда ғой олар! Азапқа түсіп, дінкем құрыды әбден. Асығып кейін қайттым. Не істеп, не қоярымды өзім де білмеймін. Тезірек жетейін, дені сау болса, көрейін баламды– деген бір-ақ ой. Көрем ғой деп келем. Жүрегім сезетін сияқты. Қас қылғандай бактағы майдың бітіп қалмасы бар ма. Аралық базадағы бензоколонкаға соғуға тура келді...

* * *

Осы тұска келгенде серігім Ілияс үндемей токтап калды. Бал-бұл жанған бетін алаканымен сипап жатып, терең күрсініп қойды. Вагонның терезесін шалкайта ашты, темекі тартты тағы да. Санынан өзі де жаңылған болар, сірә.

Түн ортасы ауғалы қашан. Поездағы ояу екеуміз ғана шығармыз. Доңғалақ рельске соғып, өзінің таусылмайтын әніне басып келеді. Жаздың қыска түні қымқырылып, бозара бастады, кішкене қыстақтардың сығырайған оттары жылт етіп көрініп қалады терезеден. Қатты жүріп келе жаткан паровоз айғайға басып-басып алады.

– Сол жерде сіз келе қалдыңыз, ағай. Меселіңізді қайтардым ғой. Енді түсінген шығарсыз, – көршім ойлана жымиып қойып, әңгімесін соза түсті. – Сіз бензоколонканың жанында қалып қойдыңыз, сосын «Победамен» басып оздыңыз. Мен бәрін де байқадым. Со кезде асуға жете бере жанбыр жауып кетті...

Ия, дегбірім қалмай келеді. Көңілім алдамапты. Жол бойында күтіп жүр екен Самат. Машинаны көре сап, қарсы жүгірді:

– Аға! Шофер аға!..

Балам сап-сау! Қандай куанды дейсің шіркін, құшағыма сыймас еді бақытым!

Токтап, машинадан секіріп түстім де, балама карай тұра жүгірдім.

– Немене, ауырып қалдың ба?

– Жоқ, мамам жібермеді. Ол айтады, сенің машинана мініп қыдырма дейді. Мен жыладым, – деп мұңын шағады Самат.

– Енді қалай кеп тұрсың?

– Папам айтады, несі бар, қыдырткысы келген екен балаларды – қыдырта берсін дейді.

– Солай ма?

– Мен айттым, шофер болам дедім...

– Ия, шофер боласың және шофер болғанда қандай! Не әкелгенімді білемісің саған? – Ойыншық машинаны алып бердім. – Көрдің бе, бұрандалы кішкентай машина. Нағыз кішкентай шоферлардың колы!

Бала күлім қағып, жайнап сала берді.

– Мен ылғи-ылғи сенімен бірге жүрем бе, аға? – Көзі жаутаңдап қарай береді маған. Көңілім босап кетті.

– Әрине, ылғи! – деп сендіріп қоям. – Ал бірінші майда менімен бірге қалаға барғың келе ме? Машинаға жалау қадап қоямыз. Сосын сені әкеп тастаймын. – Неге солай дедім, хақым бар ма еді солай деп айтуға? Қазір түсіндіру қиын оны. Тіпті өз сөзіме өзім ұйып иланып қаппын. Ол – ол ма. Онымен де қоймай: – Ал егер ұнаса, менің қасымда біржола қалып қоясың! – деймін балама ағынан жарылып. – Екеуміз ылғи кабинаның ішінде отырамыз. Өзіңді қасымнан қалдырмай, ертіп жүрем. Ешқайда жібермеймін. Жарай ма?

– Жарайды! – дейді Самат бірден көніп. – Ылғи машинада отырамыз ғой. Кетейікші, аға, қазір кетіп қалайықшы осы!..

Ересек адамның да балаға ұқсайтын кездері болады. Кабинаға отырдық. Екіойлылау боп оталдырдым да, стартерді бастым. Самат мәз. Еркелеп етегімнен тартқылап қояды. Бір орында отырмайды секіріп. Машина жүріп кетті. Бұрынғыдан бетер қуанды Самат. Прибор салынған жәшіктің кнопкасын, рульді көрсетіп, күліп бірдеңе-бірдеңе деп қояды. Оған қосылып мен де мәз-мейраммын. Есімді тез жиып алдым бірақ. Не істерімді білмей, әбден сасқаным бар емес пе. Мұным не?! Машинаның жүрісін саябырлатып ем, бірақ Саматтың қояр түрі жоқ:

– Жылдамырақ, аға! Жылдамырақ жүрейікші! – деп жалынады кеп. Қуанғаннан көзі жайнап барады. Айтқанын қалай қалт етерсің енді. Газды басыңқырап жібердім. Машинаның жүрісі үдеп сала бергенше болмады, алдымыздан грейдер шыға келді. Тас жолдың үстін тегістеп жүр екен. Жол бойына төгілген қарамай-қарамай тас қиыршықтарды тапай-мапай, грейдер бұрылып ап бізге қарай қарсы жүрді. Сөйтсем, оның ар жағында анадай жерде Бәйтемір тұр екен. Жолдың бұрыла берісіндегі тұсына төгілген қарамай-қарамай үгіндіні аударыстырып жатыр. Сасып қалдым. Тоқтайын десем, біраз жерге өтіп кетіппін баланы ап. Еңкейіңкіреп, басып-басып қалдым газды. Бәйтемір ештеңе байқаған жоқ. Басын да көтермеді. Әрлі-берлі өтіп жатқан машина аз ба, тәйірі. Бірақ Самат көріп қапты оны.

– Әне, папам менің! Аға, папамды да ала кетейікші, ә? Тоқташы, папамды шақырайын!

Үндеген жоқпын. Енді тоқтаудың ынғайы жоқ, не бетімді айтпақпын? Самат жалт бұрылып кейін қарады да, үрейі ұшып кетіп, бақырып жылап жіберді:

– Папама барам! Тоқташы, папама барам мен! Токта, керегі жоқ! Мама!..

Жартастың тасасына түсіп барып тоқтадым. Жұбатып жатырмын баламды:

– Жылама, Самат, керегі жоқ жылап! Қазір қайта алып барайын. Жыламашы тек!

Әбден зәресі ұшып кеткен бала қояр емес тіпті.

– Жоқ, керегі жоқ! Папама барам! Аш! – деп есікті сабалайды. – Аш. Папама барам жүгіріп! Аш!

Сөйтіп, ойда жоқта солай болды.

– Жыламашы! – деп жалынам кеп. – Қазір ашайын. Қойшы тек! Өзім апарайын папаңа. Ал барайық, шық енді!

Самат секіріп түсіп, жылаған бойы кейін қарай тұра жүгірді. Ұстап алдым:

– Токта! Сүрт көзіңнің жасын. Керегі жоқ жылап. Жаным балам, жыламашы! Машинаңды неге алмайсың, ә? Қарашы!– Қолы-басым дірілдеп, зорға деп бұрадым машинаны. – Ал қара, зымырай жөнеледі қазір, ұстап алшы! – Ойыншық машина зырлай барып тасқа соғылды да, аударылып қап, домалап-домалап ұшып кетті.

– Керегі жоқ! – деп бұрынғыдан да бетер бақырады Самат. Алды-артына қарамай қашып барады.

Сілейіп тұрып қаппын. Тамағымда ыстық бір түйіншек тұрып қалғандай тынысым тарылып барады. Қуа жөнелдім баламды:

– Тоқташы, жыламашы, Самат! Тоқташы, мен сенің... мен сенің... Сен білемісің!.. – Бірақ тілім келмеді айтуға...

Самат болса қашып барады. Қарар емес артына. Бұрылыстан асып, көрінбей кетті. Жартаска дейін жүгіріп бардым да, зырлап бара жатқан баланың артынан қарадым да тұрдым.

Жол бойында жұмыс істеп жатқан Бәйтемірге жүгіріп барып, құшақтай жығылды Самат. Бәрін көріп тұрмын. Бәйтемір жүрелеп отырып ап, құшақтап, бауырына тартып, қысады кеп. Бала да оның мойнына асылып, құшақтап жатыр. Мен жаққа үрейлене қарап қояды.

Сосын тырнауышты иығына сап, баланы қолынан жетек-

теп, жолға түсіп кете берді Бәйтемір. Бірі үлкен, бірі бала – кол ұстасып кетіп барады екеуі.

Жартаска сүйеніп ұзак тұрып каппын. Кейін қайттым. Ойыншык машинаның жанына кеп токтадым. Жолдың жиегінде донғалактары көктен кеп жатыр екен. Ыстық жас ыршып кетті көзімнен. «Ия, бәрі де құрыды!» – деймін, машинаның қақпағынан сипап қойып. Мотордың ыстық лебі шарпиды мені... Баламмен соңғы рет көріскеніме куә болған машина екеш машина да жылы ұшырап барады көзіме...

* * *

Ілияс түрегеп, есікке қарай аяңдады.

– Таза ауамен тыныстап келейін, – дейді.

Мен купеде қалып қойдым. Таң қылаң беріп, шығыс жақ бозамыктанып капты. Телеграф бағаналары бұлдырап өте шығады. Жарықты сөндірсе де болар енді.

Шалкамнан түсіп ойға шомып жатырмын. Өзім білетін, бірақ Ілияс білмейтін жәйттерді оған айтсам ба екен әлде айтпасам ба екен? Ол купеге тез орала коймады. «Тыныгып алсын, ертең-ақ айтармын», – деп түйдім. Мұным жақсы болар ма – ертеңіне бұл ойымнан қайтып қалдым. Айтпай-ақ кояйын дедім.

Жол жөндеуші Бәйтемірмен танысканыма онша көп болған жок еді. Бұл баласы мен Әселдің асуда тұратынын Ілиястың білетін кезі болатын. Жарыстың нәтижесін тексеру үшін әрі тәжірибе алмасу үшін Қырғызстан жол қызметкерлерінің делегациясы Памирге барады деп жүрген. Соған орай Тәжікстанның республикалық газеті маған таудағы қырғыз жолшылары жайында очерк жазуға тапсырма берді.

Белгіленген делегацияның ішінде ең тәуір жол жөндеушілердің бірі Құлов Бәйтемір де бар екен.

Сол Бәйтемірмен танысқалы Доланға келдім.

Алғашқыда жолым болып, ойда жокта оп-оңай кездестік. Дәл асуға жете бере біздің автобусымызды қолында қызыл жалауы бар бір жұмысшы кеп токтатты. Сөйтсек, біздің алдымызда кар құлап, көшкін боп, жөндеушілер жолды аршып жатыр екен. Автобустан түсіп, көшкін болған жерге аяңдадым. Биіктен құлаған топырақ аралас дәу тас жолдың жиегін ойып, коршаған діңгектерді кирата-мирата, шыңырау

құзға түсіп кетіпті. Жолдың бұл тұсы жөнделіп те жатыр екен. Бульдозер топырақты ойға қарай сыпырып жатыр. Ал бульдозер бұрыла алмайды-ау деген жерде қолдарына тырнауыш, күрек ұстап қарбаласып жатқан жұмысшылар. Үстіне брезент плащ, аяғына кірзі етік киген бір адам бульдозердің қасынан шықпай, трактористке айғайлап кояды:

– Солға қарай жүр! Тағы бір жүріп өт! Тағы да тапта! Солай! Тоқта! Кейін шегін!..

Жол қалпына келіп, өтетін жер аршылып та қалды. Екі жақтан да андап келіп қалған шоферлар машиналарын дамылсыз пепілдетіп, жолды ашпайсыңдар деп жұмысшылармен ұрсысып жатыр. Бірақ плащ киген адам асығар емес. Сол байсалды қалпы. Бульдозерді жібермей, жолды әрлі-берлі таптатып, нығарлатып жүр. «Өз ісіне мығым-ақ екен! Осы Бәйтемір болар», – деп ойладым. Қателеспеген екем. Дәл өзі боп шықты. Ақыры жол ашылып, тұс-тұстан келген машиналар өтіп те кетті.

– Сіздің автобусыңыз кетіп қалған жоқ па? – деді Бәйтемір маған қарап.

– Мен сізге келіп ем!

Таңырқаған Бәйтемір жоқ. Кәдімгідей келіп қолымды қысты:

– Қонақ десе «бар мәзір, жоқ жай».

– Сізде бір шаруам бар еді, Бәке, – деп кішілік көрсеттім. Өзімнің де аты-жөнімді айттым. – Біздің жолшылардың Тәжікстанға баратынын білетін шығарсыз?

– Естігем.

– Ендеше сол Памирге жүрердің алдында сізбен бір әңгімелесейін деп ем. Өзімнің қандай мақсатпен келгенімді түсіндіріп айтқан сайын, буырыл мұртын ширатып, ойға батқан адамдай, қабағын түйе түсті Бәйтемір.

– Келгеніңіз әбден жақсы, орынды, – дейді маған. – Бірақ Памирге бара алмаймын мен. Және жазатын да ештеңе жоқ.

– Неге екенін білуге болар ма? Жұмыс көп пе? Әлде үй ішінде бірдене...

– Жұмыс деген – жол ғой мынау. Өзіңіз де көріп тұрсыз. Ал үйде? – Сөзін кілт үзіп, қалтасынан папирос алды. – Үйде деймісіз?.. Әрине, семья болғасын үйде неге шаруа болмасын... Памирге бармайым бірақ.

Сіз сияқты жол жөндеушінің делегация ішінде болуы сондай қажет деп өзімше түсіндірмек, иландырмақ болғам. Сылағандықтан ғана тыңдап отыр Бәйтемір. Ақыры көндіре алмай-ақ қойдым.

Мұндай ренжімеспін. Өзіме-өзім ренжимін. Журналистігім қайда қалды бұ жолы. Сірә, ыңғайын таппаған болармын бұ кісінің. Редакцияның тапсырмасын да, көршілес республика газетінің айтқанын да орындай алмай құркол қайтатын болдым асудан.

– Қайтам енді, Бәке. Сөге жамандамаңыз, кетемдағы осылай. Жолшыбай бір машина да келіп қалар.

Байыпты, ойлы көздерімен маған қадала қарады Бәйтемір. Мұртынан күледі:

– Қаладағы қырғыздар әдетті ұмытқан-ау осы. Үйім бар, семьям бар. Қоналқаның жайы мен дастаркан да бар. Мен деп келген екенсіз. Ертең үйден аттанасыз. Жолдан қайтарар жайым жоқ. Жүріңіз, әйелім мен балама алып барайын. Ренжи көрмеңіз. Жарық барда участокты аралап шығуым керек әлі. Тез оралам мен. Біздің жұмыс осы...

– Тоқтаңызшы, Бәке! – дедім. – Сізбен бірге мен де аралап қайтайын.

Қалаша киінген түріме қарап, күлана жымияды Бәйтемір:

– Менімен бірге жол кезгенің ыңғайсыз болып жүрмесе. Әрі алыс, әрі қиын ғой.

– Оқасы жоқ! – деп мен де болмадым. Әр көпірдің, әр бұрылыстың, әрбір құлама жар мен жоғарыдан төнген жартастардың тұсына кеп тоқтаймыз. Жол жөндеуші бәрін де қалт жібермей қарайды. Әрине, әңгімелесіп келеміз. Бәрінің неден, қалай басталып кеткені, Бәйтемірдің көңілі қалай түскені маған әлі күнге дейін бір жұмбақ. Сөйтіп, оның өз тағдырын, өз семьясының жайын әңгіме етіп шертпесі бар ма. Енді Ілиястың хикаясын бастан-аяқ тыңдап алғасын барып қана жолым болған журналист екем деп қоям өзіме-өзім. Сырт көзге салмақты көрінгенмен, со бір күндері ауыр мұңға батып, ұйқы бөліп, қайғыланып жүр еді Бәйтемір. Көңілін демейін деп бірер ауыз сөзді байқамай айтып қалған да болар, бәлкім. Бірақ ие болу қайда сосын. Сыр дегенің ағыл-тегіл ақтарылмасын ба кеп...

Жол жондеушінің әңгімесі

– Памирге барғыңыз неге келмейді деп сұрадыңыз ғой. Мен өзім – Памирдің қырғызымын. Туып-өскен жерім де сол Памир. Ал қазір болса Тянь-Шаньда жүрмін осы.

Памир жолының құрылысына қаршадай кезімде келдім. Комсомол ұран тастағанда барған болатынмын. Құрылысты бүкіл халық боп салды. Механизм дегенің жетпейді. Жұмыс сондай ауыр. Бірақ ықыласпен, жан аямай істедік жұмысты. Жастардың қимылы әсіресе күшті. Мәңгі баки адам баласы аяқ баспаған Памирді көктей өтіп жол салынып жатса, сөйтпей, қайтушы еді! Еңбек озаты боп, талай рет бәйгі, награда да алдым. Әншейін, сөздің ыңғайы келгесін айтып жатқаным ғой.

Сол құрылыста жүріп бір қыз кездестірдім. Ұнатып қап, сондай бір құлай сүймесім бар ма. Әп-әдемі, ақылсыз да емес. Ауылдан құрылысқа келсе осал деп пе ең. Ол кезде қырғыз қыздарына онай ма еді бұл. Тіпті қазіргі күнде де қыздың өндіріске барар жолы жіңішке, қылдай емес пе. Өзіңіз білесіз, ғұрып, әдет деген онай босатсын ба. Гүлбарамен танысқаныма бір жылдай уақыт өтті. Жол құрылысы аяқталып келеді. Сол жолды пайдалану үшін кадр керек. Жолды көптеп-көлемдеп саласың. Бұл бір басқа. Ал содан кейін оны күтіп, қарай білу керек қой. Ішімізде Хұсаинов деген жас инженер бар. Қазір де сол жолдың төңірегінде, министр. Дос боп алдық екеуміз. Қоярда-қоймай мені жол жайын оқытатын курсқа жіберді. Гүлбара күтіп жүре алмас, ауылға кетіп қалар деп ойлап ем. Жоқ, күтіп жүр екен. Үйлендік те, сонда, жол участогында қалып қойдық. Тату-тәтті тұрып жаттық. Тауда, асуда тұратын жолшылар үшін тату-тәтті семья, жақсы әйел дегеннің жолы бөлек, керемет таяныш бір. Кейін оны өз басымнан да кештім. Осы жұмысты өмір бойы ұнатып кетсем, осыған әйелімнің сіңірген еңбегі аз емес. Кішкентай қызымыз бар. Одан соң екінші қызымыз болды. Со кезде соғыс басталып кетті.

Нөсер жауыннан кейінгі тау өзеніндей Памир жолы бұрқсарқ етеді. Жұрттың бәрі қаптап әскерге кетіп жатыр.

Менің де кезегім келді. Ертеңгісін үйден шығып, жолға

қарай бет алдық. Кішкентай қызымды көтеріп келем. Үлкен қызым етегімнен ұстап қасымда келеді. Гүлбарам менің. Менің Гүлбарамды айтсайшы! Жолға деп салған капшығымды көтеріп келеді. Өзіне-өзі қайрат беріп, менің де көңілімді басып кояды. Білем ғой. Оңай деймісің оған. Елсіз тауда, жол участогында шиеттей баламен қалып барады. Бар көрші дегенде – өзі сияқты шүйкедей екі әйел. Ауылға, туған-туыскандарына жіберейін деп ем, Гүлбараның барғысы келмеді. Бірдене ғып шығармыз, сені күтіп отыра береміз ғой. Оның үстіне жолды қайтіп иесіз тастап кетеміз дейді. Тас жолдың жиегінде соңғы рет бас қосып тұрмыз. Әйеліме, балаларыма қарай берем. Қоштастық ақыры. Гүлбара екеуміз де жап-жас болатынбыз. Өмір табалдырығын жаңа ғана аттап едік...

Саперлардың батальонына жіберді мені. Москва түбінде қағылған талай-талай діңгекте менің де қолымның табы қалды. Содан соң Дон мен Висладан асып, Дунайдан да өттік. Соғыс өртін кешіп жүріп қанша жол, қанша өткел, қанша көпір салмадық біз. Сан жетпес тіпті! Кейде мұздай суға батып немесе түтінге тұншығып, лаулаған оттың ішінде қаласың. Айналаңда күрс-күрс снаряд жарылып, өткелдер кирап, адамдар өліп жатады. Күшің таусылып, діңкең құриды әбден. Тезірек өлтірсе екен деп те қаласың! Сол сәт тауда қалған үйімді еске алам. Мені келеді деп күтіп отыр ғой олар. Ту-ту Памирден осынау көпірдің астында қап, өлім құшу үшін келіп пе екем! Күштің қайдан келетінін білмеймін. Сергіп жүре берем. Арасы ашылып, босап кеткен сымдарды тісіммен шайнап бұраймын кеп. Өлгім, жеңілгім келмейді. Өлмей-жітпей Берлинге дейін жеттім.

Әйелім хатты жиі-жиі жазып тұрды. Дес бергенде почта үйдің дәл қасындағы жолды басып өтеді. Тәптіштеп тұрып жазады. Жолдың жайын да айтып кояды. Ол менің орнымда жол жөндеуші болып қалған-ды. Оңай емес екенін алыста жатып-ақ білем: анау-мынау жол емес, Памирдегі жол ғой. Оның үстіне көрші тұратын әйелдер де кетіп қапты әр жаққа.

Тек қырық бесінші жылдың көктемінде хат-хабар үзіліп қалды. Қой, майдан даласындағы почтада не болмаушы еді деп жұбатам өзімді. Бір күні полктың штабына шақырды мені. Солай да солай, старшина, біраз соғыстың, рақмет саған,

мынау наградаларың дейді. Енді үйіңе кайт, о жакта казір сен керегірексің. Тек барған бетте соғыс комиссариатына сок, документтеріңді тапсырып, кім екеніңді айт. Сосын барып тарт үйіңе. Күтпеген жерден сөйдеді. Мұндай куанбаспын. Телеграмма да соккыздым тіпті.

Елге кайтып келдім, соғыс комиссариатына бірден соккам жок. Қайда кетіп жатырмын, келермін дедім! Үйіме кайтып келемін! Тезірек жетейін де үйіме! Жолшыбай бір жарым тонналық машина кездесе кетті. Памирдің жолына түсіп ап, жоғары өрлеп тартып барам.

Қанат бітер ме еді, шіркін. Майданда «Студебекердің» жүрісіне үйреніп алғам ғой, кабинадағы шоферге тыным бермей келем:

– Айданқырасаңшы, інім-ау! Аяп кайтесің салдаманды! Үйіме асығып келем ғой!

Жакындап та калдык. Бұрылыстан өткен соң – менің участогым. Шыдамадым. Жүріп бара жаткан машинадан секіріп түстім. Иығымда нәрсе салынған капшык. Жүгіре жөнелдім. Жүгірсем, тез жетермін деп ойладым. Жүгіріп келем, жүгіріп келем. Бұрылыстан айналып шыға келдім... Ештеңе біліп болар емес. Бәрі де орнында сияқты: тау да баяғыдай, жол да со калпы. Тек үй-жай жок, аула да жок, тірі жан жок. Үйіліп калған тас кана. Біздің аула таудың дәл етегінде еді. Тап-тар жер болатын. Тауға көзім түсуі мұң екен есім шығып кетті. Қарлы көшкін мұздан жөңкіле құлапты да, жолдағының бәрін тып-типыл ғып кетіпті. Ештеңе де калмаған. Таудың етегін шеңгелдеп ойып алған тәрізді. Ал төменгі ой жакты үңірейтіп жырып кеткен. Әйелім соңғы хатында қар өте қалың, оның үстіне жаңбыр жауып тұрғаны деп жазып еді. Көшкінді алдын ала құлатып, төмен түсіру керек еді. Әйел адамның колынан қайдан келсін.

Сөйтіп, семьяммен солай табыстым. Ажалмен мың рет бетпе-бет кездесіп, тозактан тірі кайтып келсем, шаңырағым ойран боп, ортасына түсіп жатыр. Жанымнан артық көрген жандар тіпті өмірімде болмаған сияқты. Сілейіп тұрып каппын. Қимылдауға шама жок. Тау сілкініп кетердей ғып айғайлап жібергім келеді. Даусым шыкпайды бірак. Өне бойым тас боп мелшиіп калғандай. Бейне бір жаны жок адаммын. Иығымдағы капшык сырғып, аяғымның

астына түскенін ғана білем. Тастап кеттім сонда. Ішінде кыздарыма, әйеліме деген базарлығым бар еді. Жолшыбай гимнастеркамды конфетке айырбастап алғам да. Керемет бірдеңені күткендей ұзак тұрдым. Сосын бұрылып ап, жолды өрлеп кейін кайттым. Бір рет токтап, тағы карадым: таулар әрлі-берлі теңселіп, үстіме құлап келеді. Жаншып кетеді-ау енді. Жан даусым шыкканша айғайлап жіберіп, тұра жүгірдім. Аулак! Аулак кетейін карғыс аткан бұл жерден! Ағыл-тегіл еңіреп, өкіріп тұрып жыладым со жолы.

Қалай қарай жүргенім, кайтіп жүргенім есімде жок. Үшінші күн дегенде станцияға кеппін. Сапырылысқан жұрттың ішінде жынданған адамдай сандалып жүрмін. Бір офицер атымды атап шақырады. Қарасам – инженер Хұсаинов. Әскерден үйіне кайтып келе жаткан беті екен. Бакытсыздыкка тап болған жайымды екі ауыз сөзбен айтып бердім. Енді кайда бармақсың дейді? «Өзім де білмейім!» – деймін. Жок, бұл болмас, шыда. Бұлай тентіретіп коймаспын сені. Тянь-Шаньға барып, жол құрылысын аяктап шығайык. Сосын көрерміз тағы дейді...

Сөйтіп осы жакка келдім. Алғашкы жылдары жол бойында көпір салдык. Уакыт болса зымырап өтіп жатыр. Бір жерде тұрактамай бола ма. Инженер Хұсаинов ол кезде министрлікке ауысқан-ды. Маған жиі-жиі келіп-кетіп жүрді. Бұрынғыша участокка жол жөндеуші болып бар деп акыл косып қояды. Батылым бармай жүрді. Құрылыста жалғыз емеспін. Көппен бірге жүру женілдеу ғой. Ал анда, кім біледі, қарадай сарсылып, құсадан өлермін. Жылдар өтті. Бірак өзіме-өзім келе алмай-ак қойдым. Ұмыта алар емеспін. Өмірім осымен кеп біткендей. Алдымда ештеңе жок сияқты. Үйлену жайын тіпті ойыма да алған емеспін. Өзімнің Гүлбарамды, балаларымды жанымнан артык көруші ем ғой. Ешкім ешкашан да солардың орнын толтыра алмайтын тәрізді. Әйтеуір үйлену керек деп үйлене салуда не тұр. Жалғыз жүргенің артык одан.

Акыры жол жөндеуші боп баруға бекіндім. Байқайым, орайы келмесе, басқа бір жакка кетіп қалатын сияқтымын. Маған нак асудағы осы участокты берді. Жок, бірте-бірте бауыр басып, үйреніп кеттім. Бір карбаласы көп участок. Асу ғой. Жұмыс аз болсын ба. Бәлкім, осының өзі де менің

қалып қоюыма себеп болған шығар. Оны ауырсынатын мен емес. Қайта іздегенім сол. Біраз уақыт өткен соң, жаныма түскен жараның да аузы бітіп, қақсауы саябырлағандай болды. Анда-санда ғана түс көрем: қаңырап қалған ауланың алдында мелшиіп кеп тұрам. Иығымдағы қапшығым сусып аяғымның астына түседі. Бұрылып ап, жолға түсіп кетіп бара жатам. Ояна келсем, қойным жаска толып қалады. Ондай күндері таң ата тұрып кетем де, үйге кешкісін бірақ қайтам. Сөйтіп, жалғыз өзім тұрып жаттым. Рас, ара-тұра қам көңілім елегізіп: «Бәлкім, әлі де болса алдымнан шығар бақытым. Шығар ма екен?» – деп қоям.

Қиямет азапқа сап, қинап барып жетті-ау со бақытым ақыры. Осылай болар деп тіпті ойлаған да, күткен де жоқ едім.

Бұдан төрт жыл бұрын, қыстың аяқ кезі болатын. Бір күні көршімнің сырқат шешесін облыстық ауруханаға апардым. Өзі үйінен қия басып шыға алмайды: жұмыс басты боп жүреді. Оның үстіне семьясы, бала-шағасы бар... Кемпір байғұс болса, күн санап әлсіреп барады. Дәрігерге алып бармақ болдым. Біздің участокқа жол басқармасының бір машинасы келе қалмасы бар ма. Бірдеңе алып келсе керек. Сол машинамен облыска тартып тұрдық. Кемпірді дәрігерлерге көрсетіп ем, ауруханаға жатқызу керек, өйтпесе өледі деді. Кемпірдің ауруханаға бірінші рет кеп тұрғаны екен. Ойда жоқта қасарысты да қалды. Мұнда қалғым келмейді, үйге барып өлем, алып кет, әйтпесе қарғысыма қаласың дейді. Көндіре алмай қойдым. Кейін алып қайтуға тура келді. Дәрінің түр-түрінен алып ап, кейін қайттық. Әбден кеш болып қалған кез. Автобазаның аралық базасының тұсынан өтіп бара жатыр ек, шофер машинаны кілт тоқтатып:

– Қайда баратын едіңіз? – деп сұрады. Бір әйел даусы естілер-естілмес қып, түсініксіздеу жауап катты да, жолды бойлап ілгері жүре берді.

– Отырыңыз! – деді шофер оған. – Неге өйттіңіз? – Машинаны тақап алып барды.

Бір жап-жас әйел көрінді машинаның кузовының жиегінен. Құшақтап алған баласы, қолында бір түйіншегі бар. Жәрдемдесіп кузовка шығардым. Кабинаның ығындағы орнымды соған беріп, өзім бұрышқа барып отырдым.

Жүріп кеттік. Күн суық. Біртүрлі дымқыл жел соғып тұр.

Өңменіннен өтеді. Бала жылап қоя берді. Шешесі әлдилеп қанша уатса да, уанбай жылай берді. Мына сорды қарашы!

Кабинаға отырғызса да болар еді. Онда өлім алдында жатқан кемпір бар. Шешесінің иығынан тартып:

– Маған беріңізші өзін. Бәлкім, уанар. Ал өзіңіз еңкейіңкіреп отырыңыз. Сонда жел онша катты соға қоймас.

Балақанды шолақ тонымның ішіне тығып, бауырыма қысып ем, қоя қойды. Танауы шуылдап, ұйықтап кетті. Өзі сүпсүйкімді. Он ай шамасы болар. Әлде одан сәл артық па екен. Бала сол жақ қойнымда еді. Неге екенін өзім де білмейім, кенеттен жүрегім алып ұшып, ақ тиген құстай ыршып-ыршып кетті. Біресе мұңаям, біресе куанам. «Япырмау, шынымен-ақ енді әке болмай өтер ме екем?» – деп ойлаймын. Ал балақан бұйығып, жып-жылы боп жатыр. Басқа не керек оған.

– Ұл ма? – деп сұрадым.

Шешесі басын изеді. Байқаймын, шешесі байғұс тоңып қалған сияқты. Үстінде жұп-жұқа ғана пальто. Қысты күні шолақ тонымның сыртынан плащ киіп жүруші ем. Біздің жұмыста онсыз бола ма. Баланы бір қолыммен бауырыма қысқан бойы бос жеңімді создым да:

– Үстімдегі плащты тартып шешіңіз. Әйтпесе суық тиіп кап жүрер, – дедім.

– Жоқ-жоқ, тыншыңыз кетпей-ақ қойсын, – деп көнбеді.

– Тартыңыз, тартыңыз! – Бұйырыңқырап айттым. – Жамылып алыңыз.

Плащқа оранып алды. Жел соқпасын деп плащтың етегімен аяқ жағын қымтап қойдым.

– Аздап жылындыңыз ба? – деп сұраймын.

– Ия, жылынып қалдым.

– Осынша неге кештетіп жүрсіз?

– Осылай боп қалды, – деді ақырын ғана.

Шатқалдан өтіп, рудник тұрған поселкеге келдік. Жұрттың бәрі ұйықтап қалған, терезелерде жарық жоқ, қараңғы. Иттер шәуілдеп машинаның соңынан тұра-тұра ұмтылады. «Япырау, осы әйел қайда бара жатыр?» – деген ой сап ете түсті. Рудникке келе жатқан болар деп ойлап ем. Өйткені одан әрі баратын жер жоқ: асу, біздің участок қана.

– Сіз келіп те қалдыңыз-ау деймін? – деп сұрадым да, кабинаны ұрғылай бастадым. – Бізге де алыс қалған жоқ.

Мына тұрған асу ғой. Машина одан әрі бармайды.

– Бұ қандай жер? – деп сұрады әйел.

– Рудник. Сіз осында келе жатқан жоқ па едіңіз?

– Ия, осында келе жатырмын, – оның даусы екі ұштылау шықты. Бірақ бөгелген жоқ. Ұшып түрегеп маған плащты бере салды да, баланы өз қолына алды. Бала тағы да қыңқылдай бастады. Секіріп түсейін деп машинаның жиегіне келдім. Әйелге көмектесейін деп жүрмін. Әйтеуір бір сыр бар. Бір бақытсыздыққа тап болғандай. Жеті түнде, сақылдаған аязда жалғыз өзін қайда тастап кетпекпіз?

– Баратын жеріңіз жоқ қой? – деп турасына көштім. – Бөтен ойыңыз боп жүрмесін! – Баланы қолынан күштеп тартып алғандай болдым. – Бармаймын деуді қойыңыз. Біздің участокта қонып шығыңыз, ар жағы өзіңіздің жұмысыңыз. Келістік қой. Тарт! – деп айғайладым шоферға.

Машина жылжып жүре берді. Әйел бетін алаканымен басып, үнсіз отыр. Сірә, жылап отырған болар.

– Қорықпаңыз! – деп жұбатып коям. – Мен сіздерге ешқандай жаманшылық жасамаймын. Бәйтемір Құлов деген жол жөндеушімін. Маған сенуіңізге болады.

Өз үйіме түсірдім оларды. Ауланың ішінде бос тұратын бір кішкентай бөлме бар еді. Өзім сонда барып, тосағашка кисая кеттім.

Көпке дейін көзім ілінбеді. Ойға батып жатырмын. Тыныштар емеспін. Әрнені мұқшап сұрай беру ынғайсыз. Өзім де жақтырмаймын ондайды. Бірақ оның әлденені бүгіп қалғанын сезіп отырмын. Қайғыға душар болған адам бір ауыз сөз айтса, он ауыз сөзін жасырып қалмай ма. Күйеуін тастап, үйінен кетіп қапты. Тәкаппар болар, тегі. Амалы құрып, қасірет шегіп отырғаны байқалады. Бірақ жаситын түрі жоқ. Әрине, не істесе де әркімнің оз ықтияры ғой. Өз жайын оның өзінен артық кім білер. Сонда да аяп кеттім: өзі әлі жап-жас-ау тіпті. Қыз сияқты тап-талдырмаш, тұлғасы да әп-әсем. Жайшылықта жайдары, назды болар. Япырым-ау, осындай жанның қадірін білмей, айырылып қап жүрген кім екен? Тіпті түсінсем бұйырмасын. Бірақ өздерінің ісі ғой. Менің нем бар. Ертең ертіп барып, жолшыбай бір машинаға мінгізем де жіберем.

Со күні катты шаршап ем. Ұйықтап бара жатсам болды–

машинада келе жатқандай, қойнымда балақан жатқандай болады да тұрады. Міне, үп-үлкен жігіттің өзі жылынып, бауырыма қарай кіре түседі.

Таң ата тұрып, жолды аралап қайтуға шықтым. Бірақ әлгіндей болмай тез оралдым. Қонақтарымның халі қалай екен деп келем. Оянып кетпесін деп аяғымның ұшымен ғана жүрем. Ауызғы бөлмедегі пешке от жақтым, самауыр қойып қойдым. Сөйтсем, әйел алдақашан тұрып, кетпек боп жатыр екен. Рақмет айтып қояды маған. Шай ішпей жібермеймін деп, сәл күткізіп қойдым. Түнде серік боп келген кішкентай сүйкімді балақан екен бір. Әй-түй жоқ, кісіге бассалады. Ұстамайтын, ойнамайтын нәрсесі жоқ. Сонымен ойнайым деп өзім де рахатқа баттым бір. Бірден бауыр басып кеттім өзіне. Шай ішіп отырғанда:

– Қай жаққа барасыздар? Жолға шығып, машина тоқтатайын ба? – дедім.

Әйел сәл ойланып барып жауап қатты:

– Рыбачьеге.

– Туған-туыскандарыңыз сонда ма еді?

– Жоқ. Әке-шешем ауылда. Тосордың ар жағында.

– Е, барып-барып басқа бір машинаға мінеді екенсіздер ғой. Ыңғайсыздау екен.

– Жоқ. Мен ауылға бәрібір бармаймын. Болмайды онда баруға, – мұңайып баласына қарады. – Біз өзіміз кінәлымыз. Ата-анасы берген жерге бармай, өзі қалаған адамға шыққан екен ғой деп ойладым. Расында да, солай боп шықты.

Әйел жолға шығуға қамдана бастады. Бірақ баламен желдің өтінде тұрғанша үйде отыра тұрыңыз, сабыр ойлаңыз деп зорға көндірдім. Машинаны мен де тоқтатпаймын ба.

Жолға қарай әзер басып келемін. Неге екенін қайдам, олар қазір кетеді, мен болсам тағы да жалғыз қалам-ау дегенді ойласам-ақ, көңілім бұзылып, біртүрлі құлази берем.

Алғашқыда машинасы түскір келе қоймады. Ал сосын біреуін тоқтатпай, өткізіп жібердім, көтергем жоқ қолымды. Өзімнен-өзім шошып кеттім. Неге бүйттім осы? Азапқа түспесім бар ма сөйтіп. Машиналар бірінен соң бірі өтіп жатыр. Тоқтаткым келсе де, тоқтата алмаймын. Қазір, келесі машинаны тоқтатармын деймін. Бірақ қолы құрғыр тағы да көтерілмейді. Күйіп-жанып барам. Мұным не: кісіні

тапа-тал түсте алдап, жолынан бөгеп отырғам жоқ па. Қандай хақым бар бүйтуге? Ол болса ана жақта күтіп отыр, үмітті боп отыр. Жол үстінде әрлі-берлі жүріп-жүріп алам. Өзімнен-өзім қоркайын дедім. Өзім де түсінбейтін бір жай. Әйтеуір бір сылтау, желеу тапқандай болам. Біресе әйнегі сынған машина тап болады – суық қой. Біресе машинаның өзі ұнамайды. Біресе шоферды жаратпайтын сияқтымын. Есерлеу немесе масаңдау боп шыкса қайтем. Ал кабинасы бос емес машина келе жатса, балаша мәз боп қуанам. Әйтеуір казір кетпесе екен, әлі де аздап, ең болмаса бес минут үйде отыра тұрса екен күтіп. «Ал сонда қайда бармақ ол? – деп ойлаймын. – Ауылға баруға болмайды. Өзі айтып отыр. Басқа жерде ешкімі жоқ. Рыбачье болса тоғыз жолдың торабы. Кім жоқ дейсің онда. Алуан түрлі жан бар ғой. Жап-жас баламен қайда бармақ? Қыстың күні қырауда қор қылмаса неғылсын! Қой, одан да осында қала тұрсын. Біраз тұрсын, ақылға сап, ойлансын әбден. Күйеуіне қайтып барар, бәлкім. Әлде күйеуінің өзі іздеп тауып алар оны...»

Беу, сорлы басым-ай. Өздерін ерте кеп, бірден неге аттандырып жібермедім осы. Сөйтіп бір орында бақандай үш сағат бойы сендсліп жүрдім де қойдым. Өзімді атарға оғым жоқ. Мұным не, неге бүйтем осы? Қой, өзін ертіп келейін де, өзінің көзінше тоқтатайын машинаны. Әйтпесе ештеңе шығар емес менен. Үйге қайттым. Ол да есіктен шығып келе жатыр екен. Күте-күте сарғайса керек. Ұялғаным-ай. Тентектік жасап қойған балаша жаутаң-жаутаң етем.

– Күтіп қалдыңыз ба? – деп мінгірлеймін. – Машина жоқ о жакка баратын. Машина жоқ емес-ау, жайлы біреуі кездеспейді тіпті. Кешіріңіз, бөтен ойға жори көрмеңіз. Құдай ақына, бір минутке болса да, кіре тұрыңызшы үйге. Өтінемін!

Әрі көңілсіз, әрі таңыркай карады маған. Сосын үндеместен үйге кірді.

– Сіз мені аяйсыз ғой деймін? – Үйге кіргесін айтқан сөзі осы.

– Жоқ, ондықтан емес. Байқаймысыз... Сіздің жайыңызды ойлап қоркам. Қиын болады ғой. Қайтіп күн көрмексіз?

– Жұмыс істейім. Көндікпейтін мен бе?

– Қайда тұрмақсыз жұмыска?

– Бір жерге тұрармын, әйтеуір. Бірақ кейін де қайтпаймын, ауылға да бармаймын.

Ештеңе дегем жоқ. Бәрі де белгілі болды. Қазір оның бірдеңе ойлауға мұршасы да жоқ.

Өкпе-наз, қорлық тынымын алып барады. Қайда барарын өзі де білмейді. Жұмыс істейім, күн көріп кетем деу – айтуға ғана оңай. Айтқаны дұрыс та болар. Бірақ бірден сол айтқаны бола қалар ма. Адамды зорлап ойынан қайтару да қиын. Бала маған қарай талпынды. Қолыма ап, сүйіп алдым. Ішімнен: «Бүлдіршіндей балақаным-ай, қазір кетесің-ау мені тастап. Кетпеші. Туған баламдай боп кетіп ең. Қимаймын...» – деп қоям.

– Ал, шығамыз ба, – дедім ақырын ғана. Түрегелдік. Баланы көтеріп келем. Табалдырыққа жете бере тұрып қалдым:

– Жұмыс бізден де табылады. Осында да тұруыңызға, жұмыс істеуіңізге болады. Кішкентай болса да пәтер бар. Рас айтам, қалыңыздар. Асықпаңыздар. Кетудің аулы қашпас. Ойланыңыз... – дедім.

Алғашқыда көнбеді ол. Мен де айтып жатырмын. Әзірге осында жұмыс істей тұрыңыз. Кейін өмір көрсетер. Кетем десеңіз, қалаған күні кетіп жүре бермейсіз бе деп болмайым.

Өзінің аты Әсел, баласының аты Самат екен. Сөйтіп екеуі біздің участокта қалды да қойды.

Ауланың ішіндегі бөлме суық еді. Қоярда-қоймай Әселді баласымен өз үйімде қалдырдым да, өзім аула ішіндегі бөлмеге кірдім. Маған сол жарап жатыр.

Содан бастап өмірім өзгеріп жүре берді. Былай қарағанда ештеңе өзгермеген сияқты. Бұрынғыша әлі де сока қара басым сол. Бірақ жан бітіп, адам болған тәріздімін. Ұзақ уақыт бойғы жалғыздықтан жапа шеккен көңілім де жылына бастағандай. Жалғыздық дегенді не деп ойласам екен? Әрине, жалғыз тұрғам жоқ, айналамда басқа адамдар да болады ғой. Ия, көппен бірге өмір сүріп, жұмыс істеуге, достасуға да, ортақ істі бірге тындырып, қол ұшын беруге де, басқаның жәрдемін алуға да болады. Сағатың жетіп, өле қалсаң, ақ жуып, арулап көмер де. Баскалардан кем тәрбиелемес. Бірақ өмірдің басқа жағы да бар ғой. Ол – сүйген адамыңа деген махаббатың. Оның орнын немен

толтырарсың. Балаға әбден үйір боп алдым. Жол карауға шыққанда жылы орап ап, өзіммен бірге ала кетем. Көтерем де жүрем. Бос уақытымның бәрін соның қасында өткізем. Бұрын қайтіп жүргенімді білмейім. Көршілерім де бір есті, жақсы адамдар еді. Әселді де, Саматты да жақсы көріп кетті. Баланы кім жақсы көрмесін. Ал Әсел болса ашық, аққөніл. Со қылығымен жақпаушы ма еді, әбден сінісіп кетті участокка. Баланы соншама құлай жақсы көруімнің бір ұшы Әселге де байланысты болар. Тіпті, бірінен-бірін айырып бола ма. Несіне жасырайын, канша тырысып бақканмен, өзімнен-өзім жасыра алсамшы. Сүйіп қаппын Әселді. Жан-тәніммен, құлай сүйдім, жалғыздықпен жабырқап өткен жылдарым үшін, бастан кешкен барлық қасіретім мен сағынышым үшін сүйдім. Баяғыдан бері көрген көресім, жоғалтқаным да осы махаббаттың ішіне сыйып кеткен сиякты. Бірақ солай деп қалай айтармын. Әсел болса күтіп жүрді күйеуін. Сыр бермесе де, көп күтті. Жол бойында жұмыс істеп жүргенде оның әрлі-берлі өтіп жаткан әр машинаны қалт жібермей, зарыға карап тұрғанын жиі-жиі байқаушы ем. Ал кейде баласын бауырына қысып ап, жолдың жиегіне барып, талай сағат бойына тапжылмай көп отыратын. Ал күйеуі келе қоймады. Оның кім екенін, қандай адам екенін білмейім. Сұраған емеспін. Әсел де тіс жарып, ешкімге ештеңе деген емес.

Аз-аздап өтіп жатты уақыт. Самат өсіп келеді. Пысық-ақ. Қолды-аякка тұрмайды. Өзі доп-домалақ. Біреу үйретті ме, әлде өзі шығарды ма білмейім, әйтеуір мені «ата» дейтін болды. Көрсе болды, «аталап» мойныма оралады. Саматка карап мұңая күлімсіреп қояды Әсел. Әрі қуанып, әрі қысылып мен жүрем. Ата болар едім-ау оған және болғанда қандай. Әттең...

Сол жазда болатын, бір күні жол жөндеп жаткамыз. Машиналар тоқтамай ағылып өтіп жатыр. Кенеттен бір шоферға айғай салды Әсел:

– Әй, Жантай, тоқташы!

Машина екпінімен өтіп барып тоқтады. Әсел жүгіріп жетіп барды. Не деп сөйлескенін білмейім олардың. Әйтеуір кенеттен Әселдің кабинадағы шоферға жан даусы шығып айғайлап жібергенін естідім:

– Өтірік айтып тұрсың сен! Өтірік! Сенбейім! Жоғал! Жоғал казір!

Машина кетіп қалды. Әсел жолдан өтіп, үйге карай тұра жүгірді. Жылап бара жатты-ау деймін.

Жұмыс істей алсамшы сосын. Кім болды екен ол? Не деп кетті Әселге? Күдіктеніп, әрнеге бір жоримын. Шыдамай, ауланың ішіне бардым. Әсел баласымен үйде отыр. Шыққан жок. Дегенмен, кешкісін өзім бардым.

– Самат қайда? Сағынып қаппын! – деймін.

– Міне, мында отыр ғой, – деп көңілсіз жауап берді Әсел.

– Ата! – деп маған қарай тұра ұмтылды Самат. Қолыма алып, ойнатып жатырмын. Әсел мұңайып, үн-түн жок отыр.

– Не болды, Әсел? – деп сұрадым. Әсел ауыр күрсінді.

– Кетемін, Бәке, – деді. – Бұ жерде жаман болғасын емес, әрине. Мың да бір ракмет сізге. Әйтсе де... Басым ауған жакка кете берем. Өзім де білмейім қайда барарымды.

Ол мұны тегіннен-тегін айткан жок. Байқаймын, қайғыға шыдамай кетіп қалуы да ыктимал. Амалым құрып, шынымды айтпасыма болмады:

– Қайтейін, сені ұстап тұра алам ба, Әсел. Бірақ бұ жерде қалып мен де адам болмаспын. Кетермін, сірә. Құлазыған мекенді тастап кеткенім бар бір рет. Содан енді-енді ғана ес жиып келе жатканда... Кездейсок болды ма, әлде тағдыр осылай ма. Бірақ сенімен, баламен бірге кетем, Әсел. Айтатын не бар. Өзің де біліп жүрсің ғой бәрін, Әсел-ау. Егер сен кетсең, Памирде қалған мекендей, бұ жер де құлазып қалады мен үшін. Ойлан, Әсел... Ал егер ол қайтып келсе, жүрегің қалап тұрса, оралғы бола коймаспын. Қашан да басың бос, Әсел...

Осыны айттым да, Саматты көтеріп ап, жолға қарай кетіп қалдым. Баланы көтеріп ұзак жүрдім со жакта. Кішкентайымның ойында түк жок, қайдан білсін.

Әсел кете койған жок. Бірақ не ойлап жүргені, не деп түйгені белгісіз. Со күндері әбден жүдеп, карайып кеттім.

Бір күні талма түстің кезінде қайтып кеп, аулаға кірдім. Қарасам, Самат кәдімгідей жүргісі кеп жүр. Құлап қап, жазым болар ма деп Әсел қолынан ұстап апты. Токтап карап тұрмын.

– Бәке, балаң жүріп жүр, карашы! – деп куана жымиды

Әсел. Қалай деді? Балаң деді-ау! Ығымдағы күректі тастай сап, жүрелеп отыра қап, баланы өзіме шақырдым:

– Тәй, тәй, ботам, тәй-тәй-әй! Келе ғой маған, келе ғой. Жүрші кәне, корыкпай бас аяғынды!

Самат құшағын жайды.

– Ата! – деп тәлтіректеп, жүгіріп келеді. Со бойда қағып ап, жоғары көтеріп біраз тұрдым да, қысып жатырмын кеудеме.

– Әсел! – деп коям. – Ертең баланың тұсауын кесейік. Сен ала жүннен тұсау есіп даярла.

– Жарайды, Бәке! – деп күледі Әсел.

– Ия, ия, ала жүннен ес...

Атқа мініп ап, дос-жар малшыларыма бір-ақ тарттым. Жас ет пен қымыз әкелдім. Ертеңіне көршілерді баламыздың тұсауын кескен тойға шақырдық.

Саматты тұрғызып қойып, аяғын ала жіппен тұсадым да, қасына қайшы қойдым. Екінші жақта тұрған балаларға түсіндіріп жатырмын:

– Кім бұрын барып тұсауды кессе, тартуды ең алдымен сол алады. Қалғандарың содан кейін. Ал жүгіріңдер! – деп қолымды сермеп қалдым.

У-шу боп жатырмыз. Бәйгіге қосылғандай балалар да айғайға басып тұра жүгірді. Тұсауы кесілгесін Саматқа:

– Ал, балам, жүгір енді! – деймін.

– Әй, балақандар, оны да ертіп, өздеріңмен бірге ала кетіңдер!

Балалар Саматты қолынан ұстап алды. Ол да жүгіріп барады бірге. Артынан қарап тұрып, өз-өзімнен сөйлеп кетіппін.

– Жұртым-ау! Менің құлыным жүгіріп жүр! Жел жетпейтін тұлпар болсын, ылайым!

Балалардан қалмай жүгіріп бара жатып, бұрылып: «Ата!» дей бергенде құлап қалды Самат. Әсел екеуміз де тұра ұмтылдық. Баланы жерден көтеріп алдым. Сонда барып Әсел маған қарап бірінші рет:

– Жаным! – деді.

Содан бастап ерлі-зайыпты болдық.

Қыста кішкентайымызды алып, ауылдағы қарттарға барып қайттық. Өкпелі боп жүр екен. Артынан бәрін кешіп, оң баталарын берді.

Уақыт байқатпай өтіп жатты. Самат қазір беске шықты. Әсел екеуміздің арамыздан қыл өтпейді. Тек бір нәрсені ғана қозғамаймыз, еске түсірмейміз. Оңашада Әсел оны талай рет ойлаған да, есіне түсірген де болар. Бірақ ашып айтпасақ та, екеуміз бірдей ден қойған бір жай бар: білмейміз оны, біз үшін ондай адам болған емес жер бетінде, қазір де жоқ...

Бірақ кісі ойлағандай бола бере ме ылғи. Оның үстіне шыңдықтан қайда қашып құтыларсың. Таяуда ғана тап бола кетті ол.

Жолда бір авария болғаны. Түн. Көрші тұратын жәрдемшім екеуміз білейік деп жүгіре жөнелдік. Кім біледі, апатқа ұшырап жатқан болар біреу. Жетіп келсек, жүк машинасы діңгекке кеп соғылған екен. Шофер да қатты соғылса керек, есін білмейді. Оның үстіне мас. Таныдым, бірақ аты есімде жоқ. Бір жолы бізді қиындықтан құтқарып, машинамызды асуға дейін сүйреп барғаны бар еді. Доланнан өйтіп өту оңай болып па. Бұрын ешкім де өйтіп көрген жоқ. Тіпті ешкімнің ойына да келмеген шығар. Өзі бір алған бетінен қайтпайтын, өткір жігіт екен. Усадьбаға дейін сүйреп апарды. Жақсы көріп, ұнатып қалдым. Содан кейін көп уақыт өтпей әлдекім бірінші рет тіркеу сап, асуға дейін барыпты да, азғантай ғана жерге жете алмай қалыпты. Сірә, болмаса керек тіпті. Сосын тіркеуді тастапты да, кетіп қапты. Жүрек жұтқан кім екен бұл, анадағы жігіт емес пе екен деп ойладым. Кім болса да дегеніне жете алмағаны өкініште-ақ. Ал содан кейін асудан тіркеумен өте беретін болды. Ыңғайын тауыпты жігіттер. Солары әбден жөн болған.

Шынымды айтайын, Әселдің кетіп қалған адамы сол екенін білгем жоқ. Тіпті білгенде де сөйтетін ем ғой. Далаға тастамақпын ба. Иығыма сап сүйретіп отырып үйге апардым. Көзімнің сонда барып жеткені ғой. Әсел үйге отын ап кіріп келе жатыр еді. Көрді де, сілейіп тұрып қалды. Құшағындағы отыны еденге түсіп кетті. Бірақ ешқайсымыз сыр берген жоқпыз: бірінші рет кездесіп тұрғандаймыз.

Аңдаусызда бірдеңе деп қойып немесе жай ишарамен болса да жандарын жараламау үшін, бір-бірін қайтадан ұғып табысуына оралғы болмау үшін әсіресе мен өзіме-өзім ие болуға тиіспін ғой. Менде тұрған ештеңе жоқ енді. Не деп шешсе де, өздері шешеді: бұрын дәмдес боп бірге тұрды,

қазір кірауатта қасыма ап, бауырыма басып, еркелетіп жаткан бала да солардікі.

Сол түнде ешқайсымыз да көз ілгеміз жоқ. Әркім өз ойымен өзі әуре. Мен де ойға шомып жатырмын.

Баласын алып кетіп қалуына болады Әселдің. Бұл – өздерінің ісі олардың. Парасаты, жүректері нені әмір етсе, соны жасасын, мейілдері. Ал мен ше, мен қайтем. Со да сөз боп па. Менің қолымда тұрған не бар. Әйтеуір, тоскауыл болмауым керек...

Ол жігіт қазір де осында, біздің жолмен жүріп тұрады. Сонша жылдар бойы қайда болды екен, не істеді екен? Айтса да, гәп онда емес қой... Өздері білсін...

Бәйтемір екеуміз жол қарап қайтып келеміз. Асуда күн кешкіріп те қалған. Көктемгі батар күннің алқызыл шапағы Тянь-Шаньның мұз баскан шыңдарына шатырдай төнген аспанды нұрға малып жіберіпті. Жол үстінде өкіріп әрлі-берлі ағылып жаткан машина.

– Солай боп шықты ақыры, – дейді сәл ойланып, үндемей қалған Бәйтемір. – Қазір үйден кетпеуім керек менің. Егер кетем деп жатса, ары азаптап қиналмасын Әсел. Маған айтып, баласына деген ақ батамды алып кетсін дейім. Туған баламнан артық көрем ғой оны. Бірақ біреудің баласын қалай тартып алармын. Сондықтан да ешқайда кетпей жүрмін. Әсіресе, Памирге бара алармын ба... Газет үшін айтып жаткам жоқ, әрине. Адаммен адам сырласпай ма жай...

Эпилог орнына

Ілияспен Ошта қош айтыстым. Ол Памирге тартты, мен өз жайыма кеттім.

– Барып, Әлібекті тауып алам. Жаңа өмір бастаймын!– деп арман етеді жол бойы. – Мені бір құрыған адам екен деп ойлай көрменіз. Бәрі де алдымда ғой әлі. Уақыт өтер, үйленермін. Жұрт сияқты менің де семьям, өз шаңырағым, бала-шағам болар. Тек бір ғана нәрсе болмас. Қайтып колға түспестей біржолата айырылып қалдым ғой... Әселді, онымен бірге өткізген аяулы, қимас күндерімді өле-өлгенше, ақтық тынысым біткенше ұмытпаспын бірақ...

Кететін күні көлдің жағасына, сол баяғы құлама жар-

қабаққа тағы бардым. Тянь-Шань тауымен, өзімнің Ыстыккөліммен қоштастым. Қош бол, менің Ыстықкөлім, таусылмас ән-жырым! Сені, сенің көгілдір айдыныңды, жап-жасыл жазық жағаңды өзіммен бірге ала кетер ме ем, шіркін! Қолдан келер ме бірақ. Сүйіктімнің махаббатын әкете алмай кетіп барам, сені де әкете алмайым ғой... Қош бол, Әсел! Қош бол, қызыл желек жамылған, жел тербеткен шынарым! Қош бол, адал махаббатым! Бақытты бол!..

Бәйтемірден естігенімді Ілиясқа айтпадым. Бірін-бірі білмей тұрып, біріне-бірі зор адамгершілік, кісілік жасапты. Олардың қадір-қасиетінің өзі осы емес пе. Айтып нем бар менің...

Орысшадан аударған Айқын Нұрқатов

МАЗМҰНЫ

Әдеби зерттеулер мен мақалалар

Жексен 5
Жоржи Амаду 10
«Менің достарым» 14
Сапарғали Бегалин (60 жасқа толуына) 16
Балаларға арналған шығармалар туралы 18
Орыстың ұлы жазушысы
(А.П.Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына) 26
Жастардың ақылшысы 36
«Болашакка жол» 39
Әдебиет сыны жайында 52
«Сенің өзенің» 64
Жолдас ойы 69
Әдебиет сынының кейбір мәселелері 83
Әдебиет тарихын зерттеу жайында 108
«Сағат» 123
Орыстың ұлы жазушысы 127
Жастар творчествосы жайлы бірер сөз 139
Шындық үшін, шеберлік үшін 146
Бейімбет Майлин *(1894-1938)*
Өмірі мен жазушылық қызметі 165
Ілияс Жансүгіров *(1894-1938)*
Өмірі мен жазушылық қызметі 208
Сәбит Дөнентаев *(1894-1933)*
Өмірі мен жазушылық қызметі 251

Аударма

Шыңғыс Айтматов
Шынарым менің, шырайлым менің (повесть) 278

Айкын НҰРҚАТОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

4 - том

Редакторы Ш.Рақымбекова
Суретшісі Е.Қожабаев
Корректоры Ш.Жамыкаева
Компьютерде беттеген Ж. Дәуренбекова

ИБ № 994

Басуға 14.08.2013 ж. кол койылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,0.
Көлемі 24,0 б.т. Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс
есебінен 2000 дана + баспа есебінен 150 дана.
Тапсырыс № 1010.

"Ана тілі" баспасы ЖШС, 050009
Алматы қаласы, Абай данғылы, 143-үй.

ISBN 978-601-251-097-3

9 786012 510973

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru